

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
С. ТОРАЙҒЫРОВ АТЫНДАҒЫ
ПАВЛОДАР МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
ПАВЛОДАРСКИЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ УНИВЕРСИТЕТ
ИМЕНИ С. ТОРАЙГЫРОВА

АКАДЕМИК Қ. И. СӘТБАЕВТЫҢ
120 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН
ЖАС ҒАЛЫМДАР, МАГИСТРАНТТАР,
СТУДЕНТТЕР МЕН МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ
«ХІХ СӘТБАЕВ ОҚУЛАРЫ» АТТЫ
ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ КОНФЕРЕНЦИЯСЫНЫҢ
МАТЕРИАЛДАРЫ

МАТЕРИАЛЫ
МЕЖДУНАРОДНОЙ НАУЧНОЙ КОНФЕРЕНЦИИ
МОЛОДЫХ УЧЕНЫХ, МАГИСТРАНТОВ,
СТУДЕНТОВ И ШКОЛЬНИКОВ
«ХІХ САТПАЕВСКИЕ ЧТЕНИЯ»,
ПОСВЯЩЕННОЙ 120-ЛЕТИЮ
АКАДЕМИКА К. И. САТПАЕВА

ТОМ 16

ПАВЛОДАР
2019

ӘОЖ 378
КБЖ 74.58
Ж66

Редакция алқасының бас редакторы:

Ахметова Г.Г., филос.ғ.к., С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің ректоры

Жауапты редактор:

Ержанов Н.Т., б.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің Ғылыми жұмыс және инновациялар жөніндегі проректоры

Редакция алқасының мүшелері:

Абишев К.К., Ахметов Қ.Қ., Бегімтаев Ә.И., Бексейітов Т.К., Испулов Н.А., Кислов А.П., Кудерин М.Қ., Эрнazarов Т.Я., Бергузинов А.К., Муқанов Р.Б., Каюмова М.С., Мажитова А.Ә.

Жауапты хатшылар:

Агибаева А.Ж., Азербайев А.Д., Акимбекова Н.Ж., Аманбаева С.Б., Аманжолов С.К., Аубакиров А.М., Әмірғалы М.А., Биль Т.Ю., Еликпай С.Т., Жаябаева Р.Г., Жуманбаева Р.О., Зарипов Р.Ю., Звонцов А.С., Кабжанова Г.А., Камашев С.А., Коспаков А.М., Кривец О.А., Куанышева Р.С., Мапитов Н.Б., Молдабаева С.К., Мошна Н.И., Мусабекова Н.М., Мусаханова С.Т., Мусина А.Ж., Мустафаева Н.Б., Огузбаев А.Е., Ордабаева Ж.Е., Рахимжанова Г.Х., Самсенова Г.С., Султанова Г.Ш., Талипов О.М., Титков А.А., Ткачук А.А., Тулкина Р.Ж., Туртубаева М.О., Чидунчи И.Ю., Ысқақ Б.Ә.

Ж66 «XIX Сәтбаев оқулары» жас ғалымдар, магистранттар, студенттер мен мектеп оқушыларының : халықар. ғыл. конф. мат-дары Академик Қ. И. Сәтбаевтың 120 жылдығына арналған. – Павлодар : С. Торайғыров атындағы ПМУ, 2019.

ISBN 978-601-238-907-4
Т. 16 «Жас ғалымдар». – 2019. – 413 б.
ISBN 978-601-238-923-4

Жинақ көпшілік оқырманға арналады.
Мақала мазмұнына автор жауапты.

ӘОЖ 378
КБЖ 74.58

ISBN 978-601-238-923-4 (Т. 16)
ISBN 978-601-238-907-4 (жалпы) © С. Торайғыров атындағы ПМУ, 2019

**С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінің ректоры,
филос.ғ.к., Г. Ахметованың алғы сөзі**

Құрметті «Сәтбаев оқуларына» қатысушылар!

Сіздерді игі дәстүрге айналған «XIX Сәтбаев оқулары» халықаралық ғылыми конференциясының ашылуымен құттықтаймын!

Бүгін қазақтың бағына біткен біртуар ғалым Қаныш Сәтбаевтың ізін басқан жастарға қош келдіңіздер дейміз! Ғылыми шараны халықаралық деңгейде ұйымдастыру біз үшін зор мәртебе, үлкен мақтаныш!

2001 жылдан бері өткізіліп келе жатқан «Сәтбаев оқуларының» мақсаты – асыл азамат, ірі тарихи тұлға, академик, ғалым Қаныш Сәтбаевтың еңбегін жастарға таныту, сол арқылы үлгі, өнеге көрсету.

Қ. И. Сәтбаев – туған халқының нұрлы болашағы үшін білімнің күдіреті арқылы күресе білген бірегей тұлға. Қазақ ғылымының қарашанырағы Ұлттық академиясында қыруар ғылыми зерттеулер жүргізді. Ол кісі соғыстан кейінгі қиын-қыстау кезеңде қазақ Академиясын өзі бас болып құрып, ғылымның бастауында тұрды.

Қазақстан ғылымы үшін Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың есімі қастерлі де қымбат. Жасынан зеректік танытқан Қаныш аға өзінің бар ғұмырын ғылымға арнау туралы шешім қабылдағанда ол тек биік мақсаттарды көздеген еді. Қазақстанда геология мектебін қалыптастырып, жер асты қазба байлықтарын ел игілігіне жаратуы, осы салада көптеген ізбасар шәкірттерді тәрбиелеп шығуы өз алдына бір төбе. Жалғыз геология ғана емес, басқа ғылым салалары бойынша да талай азаматтардың ізденіс жолына түсіп, ғалым болуына өзінің ағалық және әкелік қамқорлығын көрсетті. Оның бүкіл өмір жолы, еліне сіңірген еңбегі, жасаған қызметі кейінгі жастарға үлгі-өнеге болды.

Жастарды ғылымға баулып, білімін шыңдау – біздің парыз. Оқу ордамызда он тоғызыншы мәрте өткізіліп отырған халықаралық ғылыми конференция Қаныш Сәтбаевтай асыл ағамыздың ізбасарларына даңғыл салып, ғылымдағы игі дәстүрлерді жаңғырта түседі деген сенімдеміз. Өңіріміздегі білімнің қарашанырағы – С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университеті қашан да дарынды, білгір, зияткер де қабілетті жастарды қолдауға дайын.

Әрине, мен конференция қатысушыларына нәтижелі диалог құруларына, оның нәтижесі Қазақстандағы зерделенетін мәселелердің жай-күйі мен келешекте жақсы түсінуге мүмкіндік беретін нақты ғылыми қорытындылар шығаратынына жүректен тілектеспін.

**С. Торайғыров атындағы
ПМУ ректоры**

Г. Ахметова

1 Секция. Интеллектуалды және мәдени-рухани даму
1 Секция. Интеллектуальное и культурно-духовное развитие

1.5 Қазақ филологиясы
1.5 Казахская филология

ШЫҒАРМАЛАРДАҒЫ АНТРОНИМДЕР ПОЭТИКАСЫ

ӘБИШЕВА Г. К.

докторант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Қазіргі уақытта поэтикалық ономастика филологияда біртіндеп берік ұстанымға ие болып келеді. Көркем шығармадағы жалқы есімдер – поэтонимдер – зерттеушілер үшін ерекше маңызды және олардың қызығушылығын тудырады. Ресей ономастикасында поэтонимдерді терең, жүйелі түрде зерттеген ғалымдар Ю. А. Карпенко, Э. Б. Магазаник, В. А. Никонов, В. Н. Михайлов, В. А. Кухаренко, М. В. Карпенко, Г. А. Силаева, О. Г. Ревзина, О. И. Фoniaкова, В. П. Григорьев және т.б. Қазақ ономастикасында поэтонимдер бойынша жеке мәселелерді қарастырған Ә. Қайдар, І. Кеңесбаев, Т. Жанұзақов, Е. Жұбанов, К. Жаппар, С. Еспаева.

Поэтикалық ономастика ұзақ уақыт бойы зерттеушілерді көркем мәтіндерге атау немесе түсініктеме беру кезінде, көркем шығармалардағы жалқы есімдер сөздігін құрастыру кезінде талап етілетін құрамдас ғылым ретінде қызықтырды [2, 83–89 б.].

Уақыт өте келе көркем әдебиеттегі жалқы есімдерді зерттеу мәселелері өзекті, яғни қолданбалы міндеттер кезінде күрделі және күрделі зерттеу саласы болды. Академик В. В. Виноградов көркем ономастиканы көркем әдебиет стилистикасымен байланыстырады, өйткені есімдер, лақап аттар, тектер көркем бейненің негізгі құралдарының бірі болып табылады. Осыған байланысты ол: «Көркем әдебиеттегі атауларды, тектерді, лақап аттарды іріктеу, олардың әр түрлі жанрлар мен стильдердегі құрылымдық ерекшеліктері, олардың үлгілері, сипаттамалық функциялары туралы мәселе аз-маз мысалмен дәйектелуі мүмкін емес. Бұл көркем әдебиет стилистикасының өте үлкен және күрделі мәселесі» [3], – деген болатын.

Поэтикалық ономастика ғылыми салаға лексикология, семиотика, стилистика, поэтика сияқты басқа ғылыми пәндермен өзара байланысты жеке сала ретінде кірді.

Поэтикалық ономастика жеке ғылым саласы ретінде көркем мәтіндегі жалқы есімдердің өзіндік ерекшеліктерінің қажетті жүйесін қамтиды. Көркем әдебиетте жалқы есімдерді талдау кезеңінде «жалқы есім» және «ат» (кісінің аты) терминдері қолданылды. Көркем мәтінге сәйкес терминдер: басты кейіпкерлердің аттары, неғұрлым пассив жалқы есімдер және топонимикалық объектілердің аттары деп нақтыланды.

В. А. Никоновтың кейіпкер есімі туралы анықтамасы осы терминнің маңыздылығын тағы да атап көрсетеді: «Кейіпкердің есімі – көркемдік бейнені жасайтын құралдардың бірі, ол кейіпкердің әлеуметтік тиесілігін сипаттай алады, ұлттық және жергілікті бояуларды бере алады, ал егер іс-әрекет өткенде болса, тарихи шындықты қалпына келтіре алады (немесе егер аты шындыққа қарамастан таңдалса, оны бұзады)» [4, 234 б.]. Бұл анықтаманы талдау кезінде көркем ескерткіштердегі жалқы есімдер қоғам мен қоғамдық жағдайлармен тығыз байланысты болатындығы назар аудартады, яғни осы жағдайлардың негізінде көркем шығарманың ерекшелігі анықталады.

Поэтикалық ономастиканың мақсаты көркем мәтінде поэтонимдердің, әдеби жалқы есімдердің қолданыс ерекшелігі мен заңдылықтарын, оларды жасау және шығарма жанрына қарай таңдау принциптерін, мәтінді лингвистикалық интерпретация жасауда поэтонимдердің мүмкіндіктерін, поэтонимдердің қызметін (мәтін жасаушы, ерекшелігін көрсетуші, стилистикалық, идеологиялық, экспрессивтік т.б.) анықтау [5, 4 б.].

Біршама уақыт көркем мәтіндегі жалқы есімдерді анықтау үшін үстем термин ретінде әдеби антропоним термині қолданылды. Ономатолог ғалым М. В. Карпенко бұл термин тек автор ойлап тапқан (ойдан шығарылған) аттар екенін атап көрсетті. «Әдеби емес антропонимияда тек қана тарихи және шынайы кейіпкерлер аттары болады», – деді [6, 24 б.].

Демек, әдеби антропонимияға көркем бейнелер ретінде пайдаланылған барлық жалқы есімдер жатады.

Көркем ономастиканың тағы бір бөлімі – топонимиканы қарау барысында топонимикалық объектілердің атауын теңестіретін атау термині қолданылды. Көркем топонимиканың бөлімдеріне қойылатын лингвистикалық талаптарға сәйкес тағы да басқа: көркем ойконимия, гидронимия, орронимия, космонимия, зоонимия, этнонимия және т.б. терминдер бөлініп шығады.

Көркем шығармадағы жалқы есімдердің барлық түрлерін қарастыру барысында «поэтоним» деген әмбебап терминді анықтау қажеттілігі туындайды.

А. В. Суперанская өзінің ғылыми зерттеулерінде мифтік немесе экзотикалық аттардың ерекше мағыналық сипаттарын алатын жалқы есімдерді поэтонимдер деп атап көрсетеді [7, 30 б.].

Терминнің кең тұрғыдағы мазмұны «Орыс ономастикалық терминология сөздігінде» берілген: «Поэтическое имя (поэтоним) – имя в художественной литературе, имеющее в языке произведения, кроме номинативной, характеризующую, стилистическую и идеологическую функции. Это правило, относится к категории вымышленных имён, но часто писателем используются реально существующие имена или комбинация тех и других» [8, 108 б.].

Көркем мәнмәтінде жалқы есімдердің нақты түрлерін анықтау үшін поэтикалық антропоним, поэтикалық топоним, поэтикалық гидроним және т.б. сияқты бірқатар терминдер бар.

Жалқы есімдерінің мағыналық мазмұнының жоқтығы көптеген ғылыми жұмыстарда, оның ішінде А. В. Суперанскаяның «Общая теория имени собственного» монографиясында атап көрсетілген [9].

А. В. Суперанскаяның пікірінше, поэтонимдер жалқы есімдердің бір түрі болып табылады және жалқы есімдер ретінде олар төмендегідей ерекшеліктерге ие болады:

- 1) жалқы есімдердің лексикалық мағынасы болмайды, олар тек денотат болып саналады;
- 2) жалқы есімдердің мағынасы тек сөйлеу барысында білінеді, онда да тілдік деңгейде олар семантикалық тұрғыдан бос белгілер болып саналады;
- 3) егер жалқы есімдер мағына беретін болса, ол онда жалпы есімдердің мағынасынан ерекше болады [9].

Көркем шығармалардағы поэтонимдер де барлық жалқы есімдерге қатысты қабылданған қасиеттерге ие. Бірақ осы ұқсастықпен қатар, поэтонимдер көркем мәтінде авторлардың көркемдік ой-пікірлерімен үндесіп, идеологиялық міндеттерді жүзеге асыру сияқты ерекше мақсаттарды орындайды. Көп жағдайда көркем мәтінде поэтонимдер өзінің сипаттары бойынша жалпы есімдермен жақындастырылады, сондықтан поэтонимдердің мазмұнды жағы лингвистикалық сипаттамалардың күрделі кешенін білдіреді.

Поэтонимдердің мазмұндық жағын қабылдау поэтикалық мәнмәтіндегі көркемдік бейненің көмегімен жүзеге асырылуы тиіс. Көркем мәтіндегі жалқы есімдерді пайдаланған кезде денотаттарға

қарағанда, жалқы есімдер, соның ішінде поэтонимдер туралы жалпы мәліметтерге назар аудару қажет. Тиісті деректерді, атап айтқанда атау себептерін, атының тарихын және оның шығу тегінің негіздерін қарастыру қажет.

Поэтонимдердің стилистикалық функцияларын ескере отырып, сөйлеу деңгейінде оларды жалқы есімдерге өте жақын деп айтуға болады. Олардың көмегімен сөйлеу деңгейінде жалқы есімдер денотатының мәліметтері туралы әртүрлі ақпарат алуға болады. Сөйлеу ақпараты өз кезегінде есімнің оның тасымалдаушысымен байланысын күшейтуге мүмкіндік береді, яғни осыған байланысты денотат пен есім иесі қарым-қатынастардың толық көрінісі ашылады. Поэтонимдер денотаты ретінде автор ойдан шығарған, қиялымен ойластырылған бейнелер алынады, оларды қолдану барысында қаламгер өзіндік жеке жалқы есімдерді ойлап шығарады. Бұл атаулар тобының мәні көркем ескерткішті нақты зерттеу кезінде ғана түсінікті болады. Осыған орай, ойдан шығарылған есімдер авторлық ой мен оны оқырманның қабылдауы кезінде жасанды білім болып саналады.

Көркем әдебиеттегі жалқы есімдердің ерекшелігі әртүрлі лингвист-ғалымдар тұрғысынан түрліше қаралды. Жалқы есімдердің ерекшелігін қарастыра отырып, Ю. А. Карпенко әдеби ономастика бірнеше белгілерін ажыратты [10, 34–40 б.].

Әдеби ономастика – екіншілік шығарылым. Ол жалпы халықтық ономастика аясында пайда болады және соған ғана негізделеді. Нақты жалқы есімді таңдау – автордың ісі. Және де, әрине, субъективті фактор да өте ауқымды. Әдебиеттің алтын қорына енген классикалық шығармаларда барлық есімдер оңтайлы деп қабылданады.

Әдеби ономастика – бұл сөйлеу фактісі. Әдеби жалқы есім тәуелсіз пайдалануға ие болғанда және символға айналған жағдайда ғана тілге ауысады.

Демек, тіпті көркем бейнелерді жасау барысында автордың шығармашылық әлеуеті күшті фактор болып жатса да, поэтиномия ақиқаттағы және тарихи ономастикадан ажыратылып шыға алмайды. Әдеби ономастика әрқашанда ортақ ономастикалық нормаларға сүйенеді.

Қаламгер шығармашылық табиғатына байланысты ономастикалық ресурстарды өзінше түсіндіруі мүмкін, бірақ мұның бәрі ономастикалық норманың аясында ғана жүргізіледі.

Туындылар ғасырлар жауһары болған жағдайларда, оларда пайдаланылған есімдер де есімдердің алтын қорына кіреді, яғни

бұлар танымал онималар болып кетеді, оларды атаған кезде бүкіл шығарманың көркем бейнесі көз алдыға келіп тұра қалады. Осыған байланысты «сөйлейтін есімдер» термині қалыптасқан. Әдеби ономастика анықтап берген «сөйлейтін есімдер» сипаттамасы кейіпкердің тарихи, әлеуметтік-мәдени өмірінің жинақталған рөлін көрсетеді. Көркем мәтінде тарихи қайраткерлердің аттары, нақты топонимдер әдеби ономастика компоненттеріне айналады және «сөйлей» алады.

Сондай – ақ, көркем шығармаларда аттардың ерекше түрі байқалады, олар жеке объектілер деп аталады және оларды хрематонимдер тобына (материалдық мәдениеттің жекелеген заттарының атаулары) сәйкестендіруге болады – бұл ерекшелік ономастиканың ерекше қасиеттерінің бірі болып табылады.

Әр түрлі гуманитарлық ғылымдар тоғысындағы поэтикалық ономастиканың даму үрдісі лингвистикалық, әдебиеттану, әлеуметтік, тарихи, психоллингвистикалық және басқа да көптеген пәндерге қатысты әртүрлі әдістерді қолдану кезінде қалыптасты. Пәндер тоғысындағы ономастикалық кеңістік аясында қалыптасқан байланыстар поэтикалық ономастиканың өзіндік ерекшелігін көрсетеді. Ономастикалық бірліктердің кешенді сипаттамасы олардың жүйелі қалыптасуына әсер ететін түрлі факторларды зерттеуге негізделеді.

Көптеген зерттеушілер өздерінің ғылыми жұмыстарын поэтонимдерді сипаттауға арнады, кейбіреулері тіпті оларды поэтикалық ономастика теориясына сілтеме жасай отырып жіктеді. Поэтонимдерді жіктеу кезінде бастапқыда «поэтикалық антропонимдердің семантикалық тобы» назарға алынады.

Сондай-ақ ғалымдар поэтонимдердің жалпы және бірден-бір қағидасы ретінде – поэтонимдердің сипаттамасы және сюжеттік қызмет етуі қағидасын қарастырады. Осы ерекшеліктерге сәйкес поэтонимдер көркем мәтіндегі тікелей іске қосылған онимдерге бөлінеді, олар көркем шығарманың мазмұнын одан әрі ашу үшін қызмет етеді (көркемдік бейнелер мен объектілер атауларының тікелей және жанама аттары) және көркем шығарманың мазмұнын жанама түрде ашатын (тарихи атаулар салыстыру кезінде, өзіндік мәдени фонды жасайтын аттары).

Поэтонимдерді жіктеудің екінші принципі бейнелі сипаттаманы ескере отырып, онимдерді бөлу болып табылады. М. В. Карпенконың пікіріне сәйкес, бұл онимдер тобы: а) тікелей сипаттайтын; ә) жанама сипаттайтын сияқты екі топқа бөлінуі мүмкін.

Лингвист ғалымдар тікелей сипаттайтын топқа келесі атауларды жатқызды: семантикалық сипаттамасына ие есімдер; әдебиетте экспрессивті рөлге ие есімдер; көркем шығарманың авторы ойдан шығармайтын нақты тарихи атаулар.

Л. М. Щетининнің поэтонимикалық кеңістігінің талдауына сәйкес, поэтонимдерді одан әрі жіктеу көркемдік шығармадағы стилистикалық рөлді есепке ала отырып жүзеге асырылады. Осы ономастикалық бірліктерге олардың жүйелі қалыптасуына әсер ететін түрлі факторларды зерттеу көзделеді. Поэтонимдердің бұл тобына төмендегілер жатады:

- а) кейіпкердің мінез-құлқын көрсетпейтін бейтарап атаулар;
- ә) ат иегерлерінің тікелей және жанама сипаттамасын беретін сипаттамалық атаулар;
- б) эмоциялық және экспрессивті бояуы бар пародиялық атаулар (әдетте теріс сипаттағы);
- в) оқырманда түрлі ассоциациялар тудыратын ассоциативті атаулар [11, 32 с.].

Айта кету керек, Л. М. Щетининнің жіктеуінде автордың поэтонимдерді құрудағы рөлі қарастырылмайды, бұл біздің ойымызша, көркем мәтінді құруда мүмкін емес, өйткені поэтонимдерді жіктеу негізіне «нақты ономастика – автор – поэтикалық ономастика» үдерісінің бірлігі алынады.

Автордың поэтонимдерді құрудағы басым рөлін ескере отырып, оларды жіктеу кезінде тарихи және ұлттық ономастиканың автордың ой-пікірімен және көркем бейненің рөлін анықтауы арасындағы байланысқа назар аудару қажет.

Жоғарыда айтылғандарды негізге ала отырып, поэтикалық ономастика саласында поэтонимдердің мынадай кіші топтарға бөлуге болады:

- тарихи тұлғалар мен географиялық объектілерді анықтап көрсету үшін автор жасаған тарихи жалқы есімдер;
- автор ойдан шығарған көркем бейнелерді анықтау үшін тарихи жалқы есімдер мен ұлттық ономастика атаулары;
- автор ойдан шығарған көркем бейнелер үшін ұлттық ономастиканың жалпы қолданылатын аттары мен атаулары;
- ұлттық есімдер негізінде құрылған ойдан шығарылған аттар;
- авторлық экспрессияны көрсететін авторлық поэтонимдер;
- ақиқатты емес көркем бейнелерді бейнелеу үшін ойдан шығарылған поэтонимдер;
- басқа көркем шығармалардан алынған поэтонимдер.

Көркем ономастиканың осы санаттарын неғұрлым толық қарау үшін әр топ поэтонимдерін нақты тұжырымдау керек. Адамдар мен географиялық объектілердің тарихи жалқы есімдері ұлттық ономастикада оним тобын пайдалану кезінде көрсетілген онимдердің тән белгілерін байытады.

Көркем ескерткіштерде тарихи поэтонимдердің қосымша сипаттамасын алу құрылған материалдың әсерін күшейтеді. Бұл бөлімді қолданғанда автордың өзі жасаған материалда келтірілген шындыққа қатынасы бейнеленеді, ал нақты тұлғалар мен оқиғалар басқа мағыналық реңктерді алады. Тарихи поэтонимдер ескерткіштің көркемдік құндылығына тарихи нақтылық ретінде ықпал етеді.

Көркем бейнелердің тарихи есімдері автордың есімдерді ойдан шығару үшін бай қоры болып табылады. Поэтонимді таңдау, әрине, автордың шығармашылық әлеуетіне және оның шеберлігіне сәйкес болады. Бұл жағдайда автордан шығармашылық талап етіледі, себебі атты сәтті таңдаған кезде туындының әсер ету дәрежесі неғұрлым маңызды болады.

Автор ойдан шығарған көркем бейнелерге арналған жалпы қолданыстағы есімдер мен ұлттық ономастикадағы атаулар поэтикалық ономастикада біршама көп. Осы санаттағы поэтонимдердің көмегімен көркем шығарманың әлеуметтік-тарихи болмысының бейнесі айқындалады.

Ұлттық есімдер негізінде жасалған ойдан шығарылған поэтонимдер поэтонимдердің тағы бір қабаты болып саналады, олар өз қатарына ұлттық ономастиканың негізіндегі ойдан шығарылған аттарды қосады және әр ұлттың этномәдени кеңістігін анықтайды. Десек те, кейде автор толықтай ойдан шығарған аттар да кездеседі.

Авторлық поэтонимдер автордың өзіндік экспрессиясын көрсете отырып, көркем шығармаларда қолданыс табады және автордың сатиралық және әзіл-сықақтық қатынасын байқатады. «Сөйлейтін есімдер» термині мазмұны жағынан лақап аттарға жақын поэтонимдер қатарына жатады.

Бейәқиқат көркем бейнелерді көрсетуге арналған ойдан шығарылған поэтонимдер өз мәнісі жағынан нақты ұлттық ономастикаға жатқызылмайды, әдетте олар фантастикалық шығармаларда немесе романтикалық жанрларда кездеседі.

Басқа да көркем шығармалардан алынған поэтонимдер көркем әдебиетте шамалы байқалады, өйткені оларды пайдалануда автордың көркем шығарманы жасаудағы бірегейлігі жоғалады. Бірақ бұл поэтонимдер әдеби шығармаларда кездеседі және оларды «қыдырма» поэтонимдер деп те атайды.

Байқағанымыздай, көркем ономастика мәтін бірлігі ретінде шығарма мазмұнының тереңіне бойлауға ықпал етеді және түрлі ақпараттық, стилистикалық, көркемдік қызметтерді атқарады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Зинин С. И. Изучение поэтической ономастики в Вузах (опыт программы специального курса) / С.И.Зинин // Труды Самаркандского ун-та. – Самарканд, 1974.– С. 72-76.
- 2 Виноградов В.В. Стилистика. Теория поэтической речи. Поэтика. – М.,1963. – 315 с.
- 3 Никонов В. А. Имя и общество / В.А Никонов.– М., 1974.– с.278.
- 4 Мәдиева Г.Б., Иманбердиева С.Қ. Ономастиканың теориясы мен практикасы. –2015. 270 бет. ISBN 9965-640-03-3
- 5 Суперанская А. В. Языковые и внеязыковые ассоциации имён собственных /А. В. Суперанская // Антропонимика. –М.,1970. –с.7-17.
- 5 Подольская Н.В. Словарь русской ономастической терминологии / Н.В. Подольская. – М.: Наука, 1978 – 198 с.
- 6 Суперанская А. В. Общая теория имени собственного. - Москва : Наука, 1973. – 218 с.
- 7 Карпенко Ю.А. Специфика имени собственного в литературе / Ю.А. Карпенко // Onomastica, 1986, t.XXXI. – С.6-22.
- 8 Щетинин Л. М. Переход собственных имён в нарицательные как способ расширения словарного состава языка (на материале английских фамильных имён): Автореф. дис... канд. филол.наук / Л. М. Щетинин. - М., 1962.
- 9 Карпенко Ю.А. Имя собственное в художественной литературе / Ю.А. Карпенко // Филологические науки. –1986. - № 4. – С.34-40.
- 10 Ономастикалық хабаршы № 1 (33) 2017.

БЕЙІМБЕТ ДҮНИЕТАНЫМДЫЛЫҒЫ – СУРЕТШІЛДІГІНДЕ

АБИШЕВА Р. А.

мұғалім, Бірлік негізгі ЖОББМ, Павлодар облысы, Ертіс ауданы

*«Білімдіден шыққан сөз,
Білімдіге болсын кез.»
Абай*

Бейімбет Майлиннің азан шақырып қойылған аты – Бімұхамбет еді. Бұл түркі тектес халықтардың қыпшақ тобына жататын ұлттары

арасында кеңінен таралған есім. Ана тіліміздегі – Аймұхамбеттің-Айымбетке, Жолмұхамбеттің – Жолымбетке, Бекмұхамбеттің-Бегімбетке айналып кеткені сияқты құбылыс. Бимұхамбет те бара-бара Бимұхамбетке ауысты, одан қысқара келе Бейімбет болып қалды. Бейімбет деген осы қысқартылған есімімен ол әдебиет тарихына енді.

Ол 1894 жылғы қараша ішінде Қостанай уезінің Дамбар болысында (қазіргі Қостанай облысындағы Таран ауданының Бейімбет ауылында) туған. Бұл-Әйет өзенінің жағасындағы Шаңқан төбе қасындағы бұрынғы Ақтөбе деген жер. Екі жасында әкеден жетім қалған Бейімбет бір байдың сауыншысы боп жүрген анасының қолында тәрбиеленеді. Жетіге жеткен соң өзі де байдың қозысын бағып, кейін атының делбесін ұстайды. Бейнет пен жоқшылықтың ащы дәмін ерте татқан жас бала көрі әжесінің жылы құшағында бұйыға тербеліп отырып, оның:

Өмірімде көргенім күндік, құлдық,

Бұл жалғанда бар ма екен біздей мұндық?

- деген гөй-гөйінің зар сырын жанымен ұғады. Әжесі көне жырларды көп білетін, өзі де аздап өлең шығаратын ақынжанды адам екен. Соның әсері болса керек, Бейімбет қаршадайынан өнерге құмартып, өлеңге әуестенеді [1, с. 8].

Ел іші ақын-жыршысыз болмайды. Екі ауыз сөздің өзін өрнектеп жеткізетін талай адамдар өз ортасында «ақын» атанып жүрген. Бұлардың аузынан шыққан әр сөзі былайғы жұртқа, соның ішінде өлеңге әуес жас ұланға айрықша әсер ететін болған. Жазушы тілімен айтқанда, «баларақ кезінде өзі де көрген» Көмек ақын сол тұстағы молдадан тіл сындырып, хат тани бастаған Бейімбетті бөлекше бесікке бөлепті.

Көмек айтыскер, суырып салма, әзіл өлеңдер шығаруға шебер жан екен. Кейбір деректерге қарағанда, аталық жағынан Бейімбетке алыс та болмағанға ұқсайды. Бейімбет ең алғаш осы Көмектің өлеңдерін жинап, жаттайтын болған. Соған еліктеп, Көмектің сарынымен өлең де шығара бастаған [1, 60 б.]. Бейімбеттің сол кезде шығарып, ел аузында қалған кейбір өлеңдері мынадай болып келеді:

Бозбала, тіршілікте өткіз сауық,

Алдында ажал деген бар-ды қауіп,

Сөнді деп шамшырағым өкінерсің,

Бір күні өліп кетсең қаза тауып.

Мінеки ,қатар-құрбы тындағайсың,

Иесіз бұл сөзімді қылмағайсың.

Ғұмырдың қызғылықты уақытында,

Хабарсыз әр нәрседен тұрмағайсың...

Өзіне салсаңыз, Бейімбет: «шынында онымның өлеңдікке сәні жоқ еді, әйткенмен бірінші бастауым осы еді»деп ағынан жарылады.

Әрине, бұл өлеңдердің толық мәтіні сақталмаған, жазушы да бұларды еске түсіре қоймаған. Оның есесіне өзі ұстаз санайтын Көмектің ұтымды айтқан сөздерін ұмытпай қағазға түсіріп кетіпті:

Көмек ақынның нағашысы Жаппас деген рудан екен.

Осы елді аралап жүргенде нағашылары ақынға; бізге жұмбақ айтып кетіңіз, келесі келгеніңізше шешіп қойайық дейді.

Сонда Көмек:

Атадан туған екен алты бала,

Ат қойған «қымтамас»деп оған жаңа...

- деп өздерін тәлкектеп өлең шығарыпты. Бұл арада «Жаппас» деген сөзді нағашылы-жиендігіне салып «қымтамас»деп құбылтқан Көмек ақынның сөзге тапқырлығы көрініп-ақ тұр. Менің ойымша: Бейімбеттің ұғымынша, Көмек-жарлы-жақыбайдың жыршысы, езілген елдің қамын ойлаушы, олардың ауыр тұрмысын жеңілдетсем деп үн қосқан ақын.

Бейімбет Майлин –ақын: әдебиеттегі алғашқы адымын өлеңнен бастады және қазақ поэзиясының дамуына өзіне лайық үлес қосты.

Майлин -реалист. Оның поэзия, проза, драматургия салаларының қай-қайсысында жазған шығармаларын алып қарасақ та, тұнып тұрған шындық: ақиқаттан ауып басқан бірде-бір адымы болған емес.

Қазақ поэзиясының дамуына өзіндік үлес қосты дегенде, біз қазақ өлеңін көркемдік жағынан еуропалық биікке көтеріп, оның мазмұнды пішінін тотының түгіндей құбылта құлпытқан Абайдан әрі өрлетіп жетті демейміз. Әділіне келсек, Бейімбет өлеңдерінің өрімі ең жеңілі, ырғағы, ұйқасы... – Абай реформаларынан көш кейін жатады [2, 42 б.].

Демек, кейбір зерттеулерде айтылып жүрген «Бейімбет-қазақ өлеңінің асқан шебері» деген пікір ұшқары, ағат. Мазмұн мен пішін жағынан қатар салмақтап байқасақ, оның суреткерлік шеберлігі әңгімелеріне қарағанда өлеңдерінде бәсең, әлсіз [2, 55 б.].

Олай болса, Майлин поэзиясының қадір-қасиеті неде?

Екі нәрседе – жырлаған тақырыбында және бейнелеген образында;

- біріншіден, Бейімбет қазақ кедейінің тұрмысы мен тіршілігін қазақ поэзиясында өзіне дейін болмаған аумақта, кең, терең және жан-жақты суреттеді.

- екіншіден, Бейімбет қазақ кедейінің мінезі мен мүсінін қазақ поэзиясында өзіне дейін болмаған деңгейде дәл, тіпті типтік һәм

символдық дәрежеде (Мырқымбай) тарихи жағынан нақты және өрбу, өсу үстінде сомдап соқты.

Осы екеуінің үстіне енді Бейімбет өлеңдері мен поэмаларының тұла бойына күн шуағындай тарап, ұшқын атып, сәуле шашып жатқан әрі жылы, әрі шымыр юморды (өзіл-ажуаны) қоссақ, жалпы Майлин ақындығының өзгелерден оқшау, тек өзіне ғана тән ерекшелігі белгіленеді де, оның жоғарыда айтылғандай қазіргі казак поэзиясының дамуына қосқан үлесі анықталады.

Суреткердің өнері өмірімен, яки өз басынан кешкен ғұмыр-тіршілігімен тығыз байланысты. Ол өмірде нені жете таныса, өнері арқылы жұртқа да соны танытады, осы ақиқат тұрғысынан қарасақ, Бейімбеттің дүниеге көзін ашқаннан көрген – баққаны көбіне ауыл өмірі.

Төңкерістен бұрынғы, төңкеріс қарсаңындағы және одан кейінгі қыр тіршілігі, дала тұрмысы. Сондықтан оның ширек ғасыр бойы, сөз өнерінің қай жанрында болсын, тазасыз шығармалары түгел ауыл өміріне арналуы тегін емес.

Осыны өзі де білген; «Жаңа әдебиет» журналының 1931 жылғы 6–7 сандарында ол өзі туралы: «Менің бұл күнге дейін жазған тақырыбым ауыл туралы ғана болып келеді, – деп шын айтты. – Өндіріс өмірін суреттеуге мен әлі күнге дейін кірісе алғаным жоқ. Өйткені әлі күнге өндіріс өмірімен таныстығым жоқ» [2, 68 б.].

Жә, бірақ мұнда тұрған не бар? Қазақта ауылды, даланы жырламаған ақын бар ма? Өйткені «қоғалы көлдер, құм сулар кімдерге қоныс болмаған?» (Махамбет).

Бейімбеттің дала жырындағы – ауыл әуеніндегі өзіне дейінгілерден оқшау ерекшелік те дәл осы арадан келіп шығады.

Сенің зарың-зарлайтыным өмірге,

Сенің арың – арлайтыным өмірде.

Сен не көрсең, Мен де соны көрмекпін,

Белді буған-ауырға да, жеңілге.

Бейімбет Майлиннің «Кедейге» деген өлеңіндегі осы жолдар – оның ақындық кредосы – қаламгерлік бағдарламасы. Ол өзінің онша ұзақ емес өнер жолында осы мақсатынан бір сәт тойып, табан аударып көрген жоқ. Өйткені оның өмірде де, өнерде де серті тұрақты, берік және мәңгілік ант еді:

Кедей деп туғам, кедей деп өлем,

Не көрсем де кедеймен көрем.

Кедей қуанса, кедей жұбанса,

Бір елі көкке тимейді төбем.

Жырлағаным – кедейдің жыры,

Сырлағаным – кедейдің сыры.

Сырым да бір, жырым да бір,

Мен дағы сол кедейдің бірі.

«Ұлы күні – ұлы тілек».

Жоғарыда аталған жорық ақыны Махамбеттің дала тақырыбындағы толғау жырында аң ұрған арман, өкініш аралас өршіл романтизм сарыны желі тартып жатса, Абайдан төгілген шалқыма сырда ауыл көшіп кеп қонып жатқан сәнді де салтанатты жазғы жайлаудың мөре-сәре көңілді, көркем көрінісі таза реалистік сипатта суреттелсе, Бейімбеттегі дала кейпі – ауыл кескіні мүлде басқа: ол дала тіршілігіне, даладағы ауыл тұрмысына кезінде өр шиеленістің – бірден-бір себебі саналған таптық тұрғыдан, дәлірек айтқанда, өзінің шыққан тегі кедейдің көзімен қарайды. Мұның өзі заңды да. «Әдебиеттің таптығы» деген қатал да қасан қағида әдеби шығармашылықтың шешуші шартына айналған жағдайда, Бейімбеттің бұған басқа көзқараста болуы мүлде мүмкін емес еді.

Ал кедей деген кім, кедейлік деген не? Мұны Майлиннен артық білген ешкім тағы да жоқ. Мұны 1913 жылы медреседе оқып жүрген кезде жазған алғашқы өлеңінен-ақ («Мұқтаждық») анық аңғаруға болады:

Ай, мұқтаждық, кесел болып тұрдың ғой!

Талапкерге қарсы тұзақ күрдың ғой!

Қолды созып, бойды жазып жүргізбей,

Ауруы жоқ бір мүгедек қылдың ғой,

Ақынның түсінігінше, мұқтаждықтың ең кесірлі жері – талапты жастың қалтасын қағып, түбінен «жел гулететіні» ғана емес, ілгері бассам деген аяғын кері тартып, «жалындаған жүрегін сөндіретіні». Бейімбет Майлин әдеби жанрлардың барлық саласында өнімді еңбек еткен дарынды тұлға. Алғашқы өлеңдерінің өзінде-ақ сатиралық бағыт байқалады. «Қазақ әңгімесі» дегенде алдымен Бейімбет Майлиннің есімі тілге оралады. Бұл қаламгер әңгімені сан жағынан да, сапа жағынан да жазушыларымыздың бәрінен көп жазды, келістіріп жазды», – деп Т. Нұртазин жазушы шығармашылығына жоғары баға берді. Бейімбет Майлин аз жыл өмір сүрсе де, оның елу бес кітабы жарық көрді. Б. Майлин 1938 жылы «Тағдырдың тәлкегіне» ұшырап, қыршынынан қиылды.

Серікқали Байменше – филология ғылымдарының кандидаты, қазақ әдебиетінің көрнекті өкілі Бейімбет Майлин шығармашылығын жан-жақты зерттеп жүрген, республикаға белгілі бейімбеттанушы

– ғалым. Қаламгер мұраларын жаңа көзқарспен қарастыра отырып, «Майлының Бейімбеті», «Бейімбеттің сөзстаны» атты еңбектерін жазды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Көп томдық шығармалар жинағы Майлин, Бейімбет ; құраст. С. Байменше, Т. Бейісқұлов; ред. алқасы: Т. Кәкішев, Т. Көпбаев, 3. Қабдолов -Алматы: Қазығұрт, 2004.- 400 б.

2 Байменше С. Бейтаньыс Бейімбет.-Алматы: Елорда, 2001.-315 б.

ҚАЗАҚ ТІЛІНЕН ПӘНДІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРДІ ДАМУДАҒЫ СЫН ТҰРҒЫСЫНАН ОЙЛАУ

АДИЛЬШЕНОВА А. К.

мұғалім, Алексеевка ЖОББМ, Павлодар облысы, Шарбақты ауданы

Қазіргі кезде еліміздің мектептерінде жаңартылған білім мазмұны бойынша жұмыс жүргізіліп жатыр. Орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында мектеп педагогтары біліктілік арттыру мақсатында әртүрлі бағдарламалар бойынша курстардан өтуде.

Жаңартылған білім мазмұны бойынша оқу мен оқытудың нәтижелілігін арттыру үшін педагогиканы жақсарту қажет екендігін тәжірибеден байқауға болады.

Осы бағыттағы жұмыс қарқынды түрде жүргізіліп жатыр, мектеп педагогтары кеңейтілген кәсіби қоғамдастық аясында өздерінің озық тәжірибелерімен бөлісуде. Олардың оқу-әдістемелік еңбектері білім алушылардың бұрынғы білімдеріне негізделген конструктивизм теориясына сәйкес құрастырылған. Методикалық өзіндіктері белсенді оқыту арқылы оқушылардың жаңа мән-мағынаны құру дағдыларын дамытуға, оқу және оқыту үшін критериялды бағалаудың түрлері мен құралдарын пайдалану дағдыларын дамытуға, оқытудың жаңа тәсілдері мен әдістерін (аналитикалық оқу, дәйекті пайымдау, тұжырымдалған жазу, іс-әрекеттегі зерттеу, тілдік коммуникативтік дағдыларды дамыту стратегиялары және т.б.) қолдану арқылы оқушыларды бірлесіп жұмыс істеуге, яғни оқушының жалпы және нақты (=пәндік) құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағытталған.

Оқушылардың ойлау қабілетін дамыту үшін өздігінен білім алуға баулу, өз ойын ортадағы пікірлермен салыстыра отырып, жекелей немесе ортақ қорытынды шығаруға, тұжырым жасауға дағдыландыру керек. Әрине, осы мақсатқа жету үшін оқушының білім қабылдау белсенділігін арттыру қажет. Сол үшін қазақ тілі сабақтарындағы іс-әрекеттерді жоспарлауда тапсырмалар жиынтығын Блум таксономиясымен ұштастыра отырып, нәтижелі оқу үрдісін ұйымдастыруға болады. Блумның сұрақ қою өлшемі бойынша, есте сақтау/жаттау арқылы ақпараттық білім қорын қалыптастыру және сол білім мазмұнын дер кезінде еске түсіріп, ортаға салу әрекеттері қарапайым деңгейге жатады.

Мысалы, 4-сыныпта «Жүсіпбек Аймауытов. Қараторғай» тақырыбы бойынша тапсырмада келесідей сұрақтарға жауап беру ұсынылған: 1) Қамбар ата не жасады? 2) Балалар қандай сөзге түсінбей қалды? 3) «Қараторғай» әңгімесі мен тақырыбы ұқсас тағы қандай шығарма оқыдың? Есіңе түсір. 4) Қамбар атаның қараторғайға қатысты айтқан сөзін дәптеріңе жазып ал.

Таксономиядағы келесі деңгей – мәселені шешуде ақпаратты, идеяларды таныс жүйеде сәйкестендіріп, түсіну болып табылады. Жоғарыда аталған тақырып бойынша мынадай тапсырма берілген: Қамбар атаның балаларға айтқан «қонағым қол басындай, мінезі қорғасындай» сөзін қалай түсінесің?

Белгілі бір идеяны өз сөзімен немесе басқаша жолмен қайтадан жаңартып көрсете алу – аударма (тапсырма: мәтін мазмұны бойынша сурет салу).

Қолданыста үйренуші белгілі идеяның басқа бір мәселеге сәйкес/қайшы келуін тани отыра, өзінің үйренгенін ұқсата біліп, проблеманы шешеді.

Талдау: қарастырылып жатқан объектінің құрамдас бөліктерін сипаттау нәтижесінде аталмыш бөліктерді біріктіретін факторлар, кірігу жолдары, құрылымдық көрсеткіштері анықталмақ. Сондай-ақ, маңызды, күрделі мәселенің (объектінің) ішінара байланыстарының, құрамдас бөліктерінің, идеялардың аражігі анықталады.

Синтездеуде түпнұсқасы бірдей нысандарды қалыптастыру/қайта құру/реттеу немесе тұтас мазмұнды жаңа нұсқаларды модельдеу негізінде нәтиже шығарылады.

Бағалауда үйренуші мәселені зерттей келе, қарама-қайшы/кері пікірлерге өз дәлелдерін келтіріп, бір шешімге келеді, көзқарасын білдіреді, тұжырым жасайды.

Сонымен, оқулықтардағы білім мазмұнын менгертуді жетілдіру үшін, алған білім сапасын арттырып, оны ұзақ мерзімге жарату (ұқсату) үшін, ақпаратты сыни тұрғыдан қабылдауға көмектесу үшін мұғалім Блум таксономиясын қолдана алады.

Таксономия (грек. «тәртіп» және «заң» сөздерінен құрылған) – топтастыру (классификациялау), жүйелеу қағидалары мен тәжірибесі жөніндегі ілім.

«Білім беру мақсаттарының таксономиясы» атты кітабында Блум өз теориясында адамның дамуына әсер ететін білім мазмұны мен білім беру мақсаттарының өзара байланысын жүйелеген. Оқу мақсаттарының негізгі категорияларын төмендегіше бөліп топтастырған (білу, түсіну, қолдану, талдау, синтездеу (жүйелеу, жинақтау), бағалау).

Блум бойынша ойлау деңгейінің иерархиясы төмендегіше жүйеленген.

1 «Білу» категориясындағы таным мен ойлау деңгейі – төменгі деңгей. Осы категорияға жататын сұрақтарға жауап беру үшін және тапсырмаларды орындау үшін оқушы/студент тек қана қажетті мәліметтерді қайталайды немесе таниды. Яғни мұнда студенттің мағлұмат пен деректерді еске түсіруін (оқу материалын есте сақтау) тексеруге бағытталады.

Кесте 1

Б і л у		
Студенттің іс-әрекеттері	Сұрақ түрлері	Етістіктер
негізгі ұғымдарды біледі; қолданыстағы терминдерді біледі, есте сақтайды, қайталайды; нақты фактілерді біледі; ереже, қағидаларды біледі.	не қашан қандай қайда	атау, атауларды қайталау, көрсету, жатқа айтып беру, анықтама немесе ережені айту, оның қолдану тәртібін қайталау, формуласын жазу, жабық тест шешу, жазылмаған сөз немесе әріптерді қою, белгілерді қою.
Тапсырма түрлері: Атаңыз..... Қайда болды... Қашан болды... Қайталаңыз Формуласын жазыңыз...		

2. «Түсіну» категориясындағы таным мен ойлау деңгейі – орта деңгей. Осы категорияға жататын сұрақтарға жауап беру үшін және тапсырмаларды орындау үшін студент оқу материалын бір нұсқадан екінші нұсқаға айналдырады, бір «тілден» екінші «тілге» айналдырады: математикалық формуланың мәнін сөз

арқылы жеткізеді, видеоматериал форматындағы ақпаратты сөзбен айтып береді және керісінше вербальды нұсқадағы ақпаратты, мәліметтерді кесте, схема, графикалық сызба, диаграмма арқылы көрсетеді. Осы категорияға жататын әрекеттер төмендегідей:

- трансляция (бір «тілден» екінші «тілге» ауыстыру);
- интерпретация («өз сөзімен» түсіндіру, қысқаша баяндау);
- жорамалдау (мәтін жалғасын шығару, әңгіменің әрі қарай не болатынын болжау және өз болжамының негіздемесін, салдары мен нәтижелерін дәлелдеу).

Кесте 2

Т ү с і н у		
Студенттің іс-әрекеттері	Сұрақ түрлері	Етістіктер
фактіні, ереже, қағидаларды түсінеді; кесте, схема, графикалық сызба, диаграммаларды басқа форматта жеткізеді (сөзбен айтып береді); сөзбен келтірілген ақпаратты кесте, схема, графикалық сызба, диаграмма арқылы жеткізеді; берілген ақпарат бойынша өз болжамын жасайды, дәлелдейді.	қалай неліктен неге не үшін	сөйлемді өзгерту, сөйлемді аяқтау, жалғасын табу, жалғасын шығару, фактілердің өзара байланысын түсіндіру, айырмашылығын табу және көрсету, ақпаратты өз сөзімен айту, схема, диаграмма, графикті, сызбаны түсіндіріп беру.
Сұрақ және тапсырма үлгілері: Қарастырылып жатқан мәселені қалай түсінесіз? Мәселенің даму динамикасының сызбасын түсіндіріңіз. Зерттеу мәліметтері кестесін көрсетіп, қысқаша сипаттап беріңіз. Екі объектінің арасындағы айырмашылық қандай? Тақырыпты айтып беріңіз. Әңгіме мазмұнын қысқаша айтып беріңіз. Шығарманың сюжетін әңгімелеп беріңіз. Оқулық параграфын және кескін картаны пайдаланып, тақырыпты айтып беріңіз.		

3 «Қолдану» категориясындағы таным мен ойлау деңгейі – орта деңгей. Осы категорияға жататын сұрақтарға жауап беру үшін және тапсырмаларды орындау үшін студент оқу материалын нақты әрі жаңа жағдайда қолданады. Мұндағы негізгі әрекет: ереже, ұғым, заң, қағида, әдіс пен теорияны практикалық тұрғыдан қолдану. Яғни студент алған білімін өз тәжірибесінде қолданады.

Кесте 3

Қ о л д а н у	
Студенттің іс -әрекеттері	Етістіктер
ереже, ұғым мен қағидаларды жаңа жағдайларда қолданады; заң, заңдылықтар мен теорияны практикалық тұрғыдан нақты ситуацияларда қолданады; әдіс пен жұмыс жасау тәртібін, ретін дұрыс қолдана алатынын көрсетеді; мәселе бойынша алған білімі мен дағдыларын тәжірибеде қолдана алатынын көрсете біледі.	жасау, кесте немесе графикті құрастыру, есепті арнайы тәсілмен шешу, болжамды (гипотезаны) тексеру, болжамды (гипотезаны) дәлелдеу, бірнеше амалды қолдана отырып, теңеуді шешу.
Тапсырма үлгісі: Оқушылар Курс шайқасына қатысқан әскери құрылымдарды, шайқастың өтуін, датасын біліп, қарсыластардың іс-әрекеттерін сипаттап, «Курс шайқасы» атты рекогносцировка картасын құрастырады.	

«Талдау» категориясындағы таным мен ойлау деңгейі – жоғары деңгей. Осы категорияға жататын сұрақтарға жауап беруде және тапсырмаларды орындау барысында студент оқу материалының құрылымын анық көрсету үшін тұтас объектінің құрамдас бөліктерін ажыратады, олардың арасындағы өзара байланыстарын анықтайды, тұтас объектінің қалай қалыптастырылғанын, ұйымдастырылғанын біледі. Студент оқу материалының мазмұны мен құрылымы қалайша жасалғанын, құрастырылғанын анықтайды.

Кесте 4

Т а л д а у		
Студенттің іс -әрекеттері	Сұрақ түрлері	Тапсырма түрлері
жасырын ой, идея, байланыстарды ашады; фактілер арасындағы байланыстарды, олардың себеп-салдарын анықтайды, дәлелдейді; тұтас объектінің құрамдас бөліктерінің ара-жігін ажыратады; ой желісіндегі қателер мен олқылықтарды таба алады; қарастырылып отырған фактілердің мәнін, маңыздылығын нақтылайды.	Құрылымы қандай? Салдары неде?	топтастыру, салыстыру, себебін анықтау, себебін талдау.

Сұрақ және тапсырма үлгілері: Теореманың екі бөлігін салыстырыңыз, өзара байланысын қалай дәлелдеуге болады? Қазақстандағы білім мазмұнын жанарту қажеттілігі неге байланысты? Қазіргі кезде экологиялық мәселелер қызу талқылануда, неліктен?

5 «Синтездеу» (жүйелеу, жинақтау) категориясындағы таным мен ойлау деңгейі – жоғары деңгей. Осы категорияға жататын сұрақтарға жауап беруде және тапсырмаларды орындау барысында студент оқу материалының элементтерінен тұратын тұтас құрылымды сипаттайды, нәтижені құрастырады. Оқу материалдарынан жаңа мазмұн, жаңа құрылым, жаңа нәтиже шығару үшін шығармашылық іс-әрекеттер жасалынады.

Кесте 5

Студенттің іс -әрекеттері	Етістіктер
шағын шығарма (эссе) жазады; тәжірибеге негізделген, бағытталған өзіндік жұмыс жоспарын ұсынады; проблеманы шешу үшін өз білімін, шығармашылығын қолданады; тақырып бойынша барлық білімін тиянақтап, оны бір жүйеге келтіреді; тақырып бойынша жоспар немесе кесте құрастырады; тәжірибені зерттеп, нәтижелерді бақылайды; ғылыми болжам жасайды, ұсынады.	алгоритм құрастыру, шешім табу; проблеманы шешудегі баламаларды табу; бөліктерді біріктіру; бөліктерді жүйеге келтіру; тұтас жүйені зерттеу.
Сұрақ және тапсырма үлгілері: Эссе (шығарма, сценарий, өлең, компьютерлік бағдарлама) жазу. Жоспар құру; болжам негіздемесін келтіру, дәлелдеу; тәжірибе жоспарын құрастыру; ақпаратты жүйелеп, қорытынды кестеге салу.	

6 «Бағалау» категориясындағы таным мен ойлау деңгейі – жоғары деңгей. Осы категорияға жататын сұрақтарға жауап беруде және тапсырмаларды орындау барысында оқушы/студент оқу материалының маңызын анықтайды, ол туралы өзіндік пікірін келтіреді, өз ойын негіздейді.

Кесте 6

Студенттің іс -әрекеттері	Тілдік бірліктер
проблеманы шешу жолдарын көрсетеді, ең тиімдісін тандайды, артықшылдығын дәлелдейді; тақырып бойынша мәліметтерді бір жүйеге келтіреді, түйін шығарады, қорытынды пікірін дәлелдеп береді; тақырып бойынша жасалған жоспарының немесе кестесінің артықшылдығын дәлелдейді; тәжірибені зерттеп, нәтижелерді бағалайды; ғылыми болжамның нәтижелеріне сараптама жасап, өміршеңдігін таразылайды.	Менің ойымша,... Себебі, мен оны былай түсіндіремін ... Оны мен мына фактілермен, мысалдармен дәлелдей аламын ... Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім».
Тапсырма үлгілері: Эссе (қорытынды пікір, рецензия, сараптама, бағалау парағы) жазу, пікір айту, баяндама/ зерттеу жұмысының нәтижесін бағалау және т.б.	

Қазақстандағы білім беру жүйесіндегі жаңалықтарға әлемдік білім кеңістігіне ену үрдісін, орта білім беру мазмұнын жаңарту, құзыреттілік бағытындағы білім беру, қолданыстағы инновациялық технологияларды және заманауи оқу құралдарын қолдануды жатқызуға болады. Сыни ойлауды дамыту арқылы оқушы/студенттің кең спектрлі дағдылары қалыптасады: білімді функционалдық тұрғыдан және шығармашылықпен қолдану, сыни тұрғыдан ойлау және проблемаларды шешу, жеке және бірлесе отырып жұмыс істеу, командалық жұмыс және көшбасшылық дағдылары, жаңа шарттарға сәйкес бейімделу, жағдаяттық икемділік дағдылары және т.б.

Аталмыш дағдыларды қалыптастыру және дамыту үшін «табысқа бағытталған білім алудың» қолайлы оқу ортасы мен «бәріне бірдей инклюзия» ұстанымы іске асырылмақ.

Фактілерді іріктеп, олардың ең негізгісін анықтап алу, әртүрлі пікірлерді салыстыра отырып, қисынды идеяны негіздеу, сұрақ қою, мәселені егжей-тегжейіне дейін зерттеу, қайтадан сұрақ қою, болжам жасау, мәселені шешу шарттары мен негіздемелерін анықтауда, сондай-ақ маңызды, сенімді және нақты дәлелдемелер негізінде логикалық тұжырымдамаларды шығаруда Блум таксономиясының рөлі ерекше.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 ҚР-ның білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы. «Әділет» Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің ақпараттық-құқықтық жүйесі
- 2 Bloom B.S. et al. (1956) Taxonomy of Educational goals: Handbook 1: Cognitive Domain, New York: David McKay
- 3 Бизяева А.А. Психология думающего учителя: педагогическая рефлексия - Псков: ПГПИ им.С.М.Кирова, 2004. - 216 стр.
- 4 Волков Е.Н. Критическое мышление. – Нижний Новгород, 2010. – 280 с.
- 5 Выготский Л.С. Избранные труды. – СПб: Питер, 2001. – 280 с.
- 6 Дьюи Д. (1997). Психология и педагогика мышления. Пер. с англ. Н.М.Никольской. –Изд-во «Совершенство» - М, 2010.
- 7 Мередит К., Темпл Ч., Уолтер С. Чтение и письмо для критического мышления. - Спб: Изд-во «Альянс «Дельта», 2003.- 284с.
- 8 Стил Дж. Л., Мередит К. С., Темпл Ч. Обучение сообща. Пос. У.//Подготовлено в рамках проекта «Чтение и письмо для критического мышления». - М.: Изд-во «ИОО». - 1997. - с. 357.
- 9 Тұрғынбаева Б. А. Білім беру жүйесіндегі инновациялық жағдайларды жүзеге асыру. - Алматы, 2012. – 115 б.
- 10 Тұрғынбаева Б.А. Мұғалімнің шығармашылық әлеуетін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту: теория және тәжірибе. – Алматы, 2008. – 229 б.
- 11 Журналы Центра педагогического мастерства (г.Астана) «Педагогический диалог» 2012-2017 г.г.
- 12 КиберЛенинка: <https://cyberleninka.ru/article/n/tehnologiya-kriticheskogo-myshleniya-kak-faktor-aktualizatsii-subektnosti-studentov-meditsinskogo-vuza>
- 13 <http://naric-kazakhstan.kz/ru/realizatsiya-bolonskogo-protsesta/obespechenie-kachestva-obrazovaniya>
- 14 http://www.mozliceum.na.by/mr_proekt_critic.php
- 15 <http://www.openclass.ru/node/181687>
- 16 http://www.mozliceum.na.by/mr_proekt_critic.php
- 17 <http://www.openclass.ru/node/181687>
- 18 <http://naric-kazakhstan.kz/ru/realizatsiya-bolonskogo-protsesta/obespechenie-kachestva-obrazovaniya>

**БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫН JAҒAPТУ AЯCЫНДА ҚАЗАҚ
ТІЛІ САБАҒЫНДА ОҚУШЫЛАРДЫҢ
ОҚУ САУАТТЫЛЫҒЫН АРТТЫРУ ЖОЛДАРЫ**

АДУОВА С. С.
мұғалім, № 14 ЖОББМ, Екібастұз қ.

Қазақстан халқына Жолдауында мемлекет Басшысы Н. А. Назарбаев: Бәсекеге қабілетті дамыған мемлекет болу үшін біз сауаттылығы жоғары елге айналуымыз керек. Қазіргі әлемде жай ғана жаппай сауаттылық жеткіліксіз болып қалғалы қашан. Біздің азаматтарымыз үнемі ең озық жабдықтармен және ең заманауи өндірістерде жұмыс жасау машығын меңгеруге дайын болуға тиіс. Сондай-ақ білім алушылардың, жалпы барлық жеткіншек ұрпақтың функционалдық сауаттылығына да зор көңіл бөлу қажет. Балаларымыз қазіргі заманға бейімделген болуы үшін бұл аса маңызды. Бүкіл әлемдегі сияқты, Қазақстан білім берудің жаңа әдістеріне көшу керек, - деп атап айтты. Тәуелсіздік алған еліміздің ертеңі болашақ жастардың қолында болғандықтан, білім саласын жаңғырту - ілгерілеу кепілі деп айтуға болады. Қазақстанның әлеммен терезе теңестіруі үшін аса маңызды қажеттілік білім, ғылым саласын жандандыру. Жас ұрпаққа тәлімді тәрбиемен қатар, заманауи білікті білім беру мәселесі жас мемлекет үшін ауадай қажет. Осыны басты бағыт негізінде білім беру жүйесі күрделі өзгерістер енгізуде [1].

Функционалдық сауаттылық дегеніміз білім, білік, дағды (ББД), мектепте алған үшін кең ауқымды өмірлік есептерді шешу адамзат қызметінің әртүрлі саласында, сонымен бірге тұлғааралық қарым-қатынас пен әлеуметтік қатынастар пайдалану қабілеті [2].

1957 жылы алғаш рет «функционалдық сауаттылық» термині Дүниежүзілік министрлер конгресіне ағарту сауатсыздықты жою Тегеран қаласында енгізілді. С. А. Тангян, Б. С. Гершунский, В. Мацкевич, С. А. Крупник педагогикалық еңбектерде функционалдық сауаттылық түрлі аспектілері зерттелмеген. Сонымен қатар, қазіргі заманғы педагогика-функционалдық сауаттылық құзыреттілік тәсіл шеңберінде қарастырылады. Бұл тәсіл әдіснамалық бағдар ретінде қазіргі заманғы білім беруді жаңғыртуда анықтайды, жаңа әдістер мен технологиялар, дамытуға ықпал ететін дербестік, бастамашылық, шығармашылық

қабілеттерін, сыни ойлауын, білім алушылардың және бағдар беруші нақты тиімді нәтижесі.

Оқу жетістіктерін сырттай бағалау оқушылардың 2016–2017 оқу жылы оқу сауаттылығы (қазақ тілі, орыс тілі), математикалық сауаттылық, жаратылыстану ғылыми сауаттылық (физика, химия, биология, география) жоғары оқу орнына түсу үшін – міндетті пәндер болып табылады.

Оқу сауаттылығы – бұл оқушылардың жазбаша мәтіндерді түсіну және рефлексия, олардың мазмұнын өз мақсаттарына қол жеткізу үшін, білімдері мен мүмкіндіктерін дамыту қоғам өміріне белсенді қатысу қабілеті. Оқу техникасы және сөзбе-сөз мәтінді түсіну бағаланбайды, мәтінге рефлексия жасау және түсіну, қолдану, оқылған өмірлік мақсаттарын іске асыруы бағаланады [2].

Сауаттылық сөзі оқушылардың оқу құралы ретінде өз жоспарларын жүзеге асыру, өзінің одан арғы оны жалғастыру, еңбек ету, еңбек және өмір қоғам табысты меңгеруді білдіреді Мәні ұғымдар құрайды белгілері: түсіну, рефлексия және пайдалану. Олар бір-бірімен тығыз байланысты және бір-бірін байыту үстінде. Рефлексия (лат. reflexio – кейінге қаралу, назар аудару) – бұл дегеніміз субъектінің өзіне және өзінің санасына назар аударуды, атап айтқанда, өзінің жеке белсенді өнімдеріне, және соның барлығына кішкене де болса қайта қарастыруды білдіреді. Атап айтқанда, - дәстүрлі мағынада, - өз сана мазмұны мен ерекшеліктеріне, соның ішіне тұлғалық құрылымдар кіреді (құндылықтар, мүдде, себепшілік), ойлау қабылеті, қабылдау/сіндіру механизмдері, шешім қабылдау, эмоциялық жауап, мінез-құлық шаблондары және т.б

Ю. Ж. Романенко рефлексияны маңызды және болжау принципті қолданысқа ақыл қайтару бойынша өзіне өзіне арқасында көрсетілуге шекарасынан немесе араларында дүниесін таным процесі деп анықтайды, Рефлексия шарттары мен нәтижелері сыртқы әлемнің, ішкі ақыл-ой өзін-өзі тану болым табылады. [3]. Тек осы жағдайда ғана адамның мәтінді пайдалану, түсіну мүмкіндігі, оның мазмұнын әртүрлі жағдайлардағы қызметі мен қарым-қатынасы туралы айтуға болады.

Оқу сауаттылығын арттыру үшін және оны бағалау үшін тиімді оқыту әдіс-тәсілдерін қолдану қажет. Оқыту әдісі мақсатқа жетудің тәсілі, тәсілдердің жиынтығы мен операцияларын педагогика арқылы әсер етуі. Оқыту әдісі үш белгілері анықталып сипатталуда: оқытудың мақсаты, меңгеру тәсілі, субъектілерінің өзара іс-қимылы. «Оқыту әдісі» ұғымы туралы ғалымдар және мұғалімдердің

пікірлері әр түрлі. Біреулерді білім беру тәсілі деп түсінеді, (Д. Н. Тихомиров) немесе мұғалімнің «жалпы тәсілдері, әдістері және іс-әрекеттері» дейді (К. В. Ельницкий), оқытудағы «тәсілдердің үйлесімділігі» деген анықтама береді (С. А. Ананьев) [4].

"Қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында функционалды сауаттылығын дамыту үшін Ю. К. Бабанский бойынша келесі әдістерді қолданамыз: ұйымдастыру әдісі және танымдық қызметін өзін-өзі ұйымдастыру әдісі, ынталандыру және мотивация оқыту, сондай-ақ әр түрлі бақылау әдістері [5].

Зерттеу әдісі, пікірталас, миға шабуыл технологиясы, «сын тұрғысынан ойлау» технологиясы, жобалау қызметін, технология-нәтижелі оқу, пирамида Блум тәсілдері, мәтінмен жұмыс, дамыта оқыту оқушылардың функционалды сауаттылығын, интерактивті, топтық формалары мен әдістері, ұжымдық оқыту әдісі – инновациялық педагогикалық технологиялар. Аталған технологияны білім алушылардың шығармашылық белсенділігін және ойлау іс-әрекетінің терең дамыту, жан-жақты дамытуында маңызды рөл атқарады.

Сын тұрғысынан ойлау мен функционалды сауаттылықтарын дамыту үшін қазақ тілі сабақтарында келесі тапсырмалар: лингвистикалық жаттығулар, жұмбақтар, Венн диаграммасы және т. б. қолданамыз.

Өзектендіру үшін тірек білімді оқушыларға келесі тапсырмаларды ұсынуға болады – сын есім қазақ тіліндегі мәні бойынша (мағынасына қарай) сапалық және қатыстық; шырай түрлеріне қарай :жай, салыстырмалы, күшейтпелі сын есімдерді мәтіннен тауып, белгілеу немесе астын сызу. Бұдан әрі, осы белгіленген сөздермен сөйлемдер құрастыру. Осындай тапсырма орындау кезінде қажетті ақпаратты анықтау, оларды салыстыру дағдылары қалыптасады,

Оқушылардың білуге құштарлығын ынталандыру үшін, креативтіліктерін мотивациялау барысында қолдануға болатын жаттығулар: «Мен көріп тұрмын – Мен ойлаймын - Білгім келеді», "Көремін – Санаймын – білгім келеді". Берілген сөздер мен сөз тіркестерін: күз, ағаштар, адамдар, трамвай, сағат, жол, дүкендер, бағдаршам, көлік, емен, мынау күз, бұл күз жыл мезгілі, бұл қала, бұл көлік, ақ көлік, жеті адам, трамвай жолда, дөңгелек сағат, күз келбеті.

Бұл жаттығу оқушылар өз бетінше, жұппен, сондай-ақ топтарда орындай алады. Оқушылар алдымен өз жауаптарын жазып, одан кейін өз идеяларымен мұғаліммен және сыныптастарымен бөлісе алады.

Қазақ тілі сабақтарында оқушылардың сөйлеу әрекетін дамыту, оқу сауаттылығын арту үшін танымдық тақырып аясында мәтіндер жаттығу ретінде қолдану мақсат етіледі. Оқушыларға тапсырмадан бағандарға жазылған үзінділер ұсынылады. Олар ақпараттың дұрыс, не бұрыс екенін анықтау қажет. Бұл тапсырма арқылы оқушының мәтін мазмұнын меңгергенін, түсінгенін, яғни оқу сауаттылығының деңгейін анықтайды. Оқу сауаттылығын дамытып жетілдіру барысында «ПОПС» формуласын пайдалану өте тиімді. Тапсырманы орындау үшін оқушылар тірек сөйлеу фразалар пайдалана алады

- Бірінші сөйлем «Менің ойымша, ...»
- Екінші сөйлем «Себебі, мен оны былай түсіндіремін...»
- Үшінші сөйлем «Оны мен мына фактілермен, мысалдармен дәлелдеймін...»
- Соңғы сөйлем «Осыған байланысты мен мынадай қорытынды шешімге келдім...»

Осылайша, оқушылардың функционалды сауаттылығын арттыру жолдары қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарында жаңашыл оқытудағы сипаттағы тапсырмаларды пайдалану қажет. Мұғалім мен оқушы арасындағы кері байланыс қамтамасыз ету тиіс. Функционалды сауаттылық – білім берудің жаңарту шеңберінде басым мақсаттарының бірі және оның дамуы үшін инновациялық педагогикалық технологияларды іс-тәжірибеге енгізу қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың 2011-2020 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына бекіту туралы <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1000001118>

2 2017-2018 оқу жылында Қазақстан республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы нұсқаулық-әдістемелік хат. <http://nao.kz/loader/fromorg/2/24>

3 Романенко Ю.М. Түсінігі рефлексия" және "алыпсатарлық" антикалық философия // Адам. Табиғат. Қоғам. Өзекті мәселелері. - СПб: Изд-во СПбМУ, 2000. - с. 3-12.

4 Кайкенова А. К. Интерактивті нысандары мен әдістері мемлекеттік қызметшілерді оқыту / Оқу-әдістемелік құрал Астана 2008г.23 - 24.

5 Смирнов С. Д. Психология салауатты: проблема белсенді психикалық көрсету. - М.: Изд-во ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік Университеті, 1985. – с. 231.3. Романенко Ю. М.

Понятие рефлексии» и «спекуляции» в античной философии // Человек. Природа. Общество. Актуальные проблемы. - СПб: Изд-во СПбГУ, 2000. - с. 3-12.

6 Кайкенова Ж.К. Интерактивные формы и методы обучения государственных служащих / Учебно-методическое пособие Астана 2008г.с 23- 24.

7 Смирнов С.Д. Психология образа: проблема активного психического отражения. - М.: Изд-во Московского Университета, 1985. – с. 231.

ЖАЗБА ЖҰМЫСТАРЫН ЖАЗҒЫЗУ МЕН КӨРКЕМ ШЫҒАРМАНЫ ТАЛДАУДЫҢ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРІ

АМИРХАНОВА Г. Н.

мұғалім, Үштерек ауылының орта мектебі, Ақсу қ.

Бүгінгі күні ақпараттық технологияның дамуы, оқушылардың шығармашылығын дамытуға зор мүмкіндік беруде. Жаңартылған білім мазмұнында оқушы алған білімін шынайы өмірде қолдана білуі маңызды. Кез келген мәселеге өзі шешім қабылдай алатын тұлға мектеп қабырғасынан қалыптасып шығуы тиіс. Оқу мен оқытудағы жаңа әдіс-тәсілдердің дәні осы мақсатқа бағытталған. Сабақ беру үдерісінде шәкірттерді шығармашылық жұмысқа баулу, көркем шығарманы талдай білу – оқушының шынайы өміріндегі қиындықтардан шыға алуға жол ашады. Ал жазба жұмыстары олардың танымдық белсенділіктерін, ойлау жүйесін арттыруға көмектеседі. Жазба жұмыстарынан әр баланың өзіндік көзқарасын, пікірін еркін жеткізуге, эстетикалық және рухани-адамгершілігін, кез келген ақпаратты талдауға, қорытындылауға, салыстыра білу қабілеттерін көре аламыз. Қазіргі таңда ақпараттық технологияның дамуы, жалпы мәселені шешуге, кедергілерді тез анықтауға тиімді болса, оның тиімсіз жағы – оқушылардың көркем шығарманы оқуына кері ықпалын тигізуде. Керек мәліметті әлеуметтік желін арқылы тез табады. Көркем шығарманы оқып, кітап бетін парақтап отырып, ізденбейді. Бұл оқушылардың жазба жұмыстарының сапасына әсер етуде.

Баланың шығармашылығын дамытуда жазушы Жүсіпбек Аймауытов «Бала мейлі жақсы, мейлі жаман іс болсын, әйтеуір бірдеме істеуі керек. Ештеңемен айналыспаған адамның жан

дүниесі жөнді жетілмейді» – дейді Автордың 1918 жылы «Абай» журналына жарияланған «Тәрбие» атты мақаласынан бастап, баланың тәрбиесіне үлкен мән береді. Адам баласының өзге жан иелерінен басты айырмасы оның рухани саналы тәрбие алуынан деген ойды киелі етіп ұстай отырып, мақалада баланың кей ұнамсыз қылықтарының болуы тәрбиенің кемшілігінен деген түйін жасайды. Жүсіпбек Аймауытов адам табиғатқа ғана тәуелді емес, тәрбиеге тәуелді деген ой айтады [1].

Қазақ ғалымдарының арасынан психология мен педагогика ғылымдарына орай еңбек жазған М. Жұмабаев тіл табиғатына зор баға береді. «Бала тілінің дұрыс өркендеуінің бірінші шарты балаға ұқпайтын сөз үйретпеу керек. Екінші баланы өз тең балалармен бірге ойнату керек. Ал енді баланың тілін шын дұрыс жолға салатын, дұрыстайтын, байытатын-мектеп», – дейді. Оқушының шығармашылығына бағыт- бағдар беруді ең алғаш білім мазмұнына енгізген Мағжан Жұмабаев болатын. «Ойлау жанның өте бір қиын терең ісі-деп атап көрсете келіп, тәрбиеші баланың ойлап, үйренуіне көп күш жұмсау керектігін ескертеді. Шығармашылыққа баулудың, өзіндік іс-әрекетін ұйымдастырудың төмендегідей түрлері бар

- Тақырыпты мазмұнына сай жинақтау.
- Арнайы бір тақырыпта пікірталас тудыру.
- Шығарма, шағын әңгіме құру.
- Сөзжұмбақ құру, шешу
- Қиялдау арқылы сурет салу, рөлдерге бөлу.
- Мазмұндама түрлерін жазу.

Сондай жұмыстарды үнемі жүргізу шығармашылыққа баулуға, шәкірт бойындағы талант көзін ашып, тілін байыту, қиялын ұштаумен өз бетінше ізденуге зор әсерін тигізеді [2].

Ахмет Байтұрсынов Әдіскер оқушыларға ереже жаттатудық тиімсіз екенін дәлелдеп, түсіндіру, талдау, қорыту тәсілдерін қолдануды ұсынды. Оқушыларға әдебиет сабағын оқытқанда әсерлендіру, талдау, бейнелеу, тұжырымдау тәсілдерін қолдану қажет екенін «Қай әдіс жақсы» (1928 ж.) деген мақаласында баяндайды. Тілдік материалдарды жеңілден ауырға, оңайдан қиынға, жайдан күрделіге қарай оқыту.

- тілді оқытуда халық ауыз әдебиетінің материалдары мақал-мәтелдер, нақыл сөздер, мысалдар, өлең-жыр, қызық әңгімелердің маңызды орын алуы.

- оқушыларға арналған материалдар аса түсінікті болуы.

- мәтіндер, көрнекілік, иллюстративтік материалдар казак баласының халықтың ұғымына таныс, жақсы болуы. тілді оқытуда тул ұстартуға, көркемдеуге ден қою. Оқушылардың жазба тілін, сөйлесу тілін дамытуға баса назар аудару [3].

Оқушылардың шығарма, эссе жаза білу үшін көркем шығарманы жай ғана оқу жеткіліксіз. Оқыған көркем шығарманы мазмұндап, жан-жақты талдай білуі тиіс. Шығарма жазудың өзіндік біліктері: шығарманың ойын тану мен тақырыбын түсіну. Шығарма жазу үшін материал жинау, жиналған материалды жүйелеу, әр жанрда шығарма жазу, шығарманың жоспарын құру, әдеби-сыни материалмен жұмыс; тілдік категориялар ережесін білу (сауаттылық) шығармада өзіндік көзқарас, ұстаным көрінуі. Жазба жұмысы сапалы жазылу үшін тапсырмалар мен жаттығуларды орындай алуы қажет. Кейде оқушыларға қызықты деп ұсынған тақырып нәтижелі бола қоймайды. Ол адамның көңіл-күйі, ой-толғам, болмысына, сыртқы дүниені танып білу, әрекет ету мүмкіндігіне байланысты. Бұл жерде оқушының қызығушылығын ескерген жөн. Тақырып берілгенде, оқушыға міндетті бағыт-бағдар беруі керек. Шығармашылық жазба жұмыстарының мақсаты – логикалық ойлауды дамыту, шығармашылық қиялды, нақты нәрсені еркін, мағынасын ұластыру, іштей түсініп, мәнін өз қиялымен көркемдеп жазу. Шығарма міндеті – тақырыпты түсіну, жоспар құрып, негізгі ойды ұғыну қажет. Көркем шығарманы шеберлікпен үйлесімді түрде оқушыға жеткізу, таныстыру шығармаға жан-жақты талдауға мүмкіндік береді. Көркем шығармада сол дәуірдегі адамдардың басынан кешкен оқиғалар, кешегі мен бүгінгі өмір бейнелейді. Тарихтан сыр шертеді, біз өткеніміз туралы білеміз. Көркем шығарма – ақиқат өмірдің айнасы. Онда нақтытылы өмірдің ізі, сәулесі, шындығы барынша көрсетіліп суреттеледі. Мұнда қайталанбас бейнесімен сомдалған кейіпкерлер әрекет етеді. Шығарманың мамұны сол шығарманың бүкіл құрамында қалыптасып шындалады. Шығарманың құрылысы, сюжеті, тіл мәнері соған қызмет істейді. Көркем шығармадан үзінді оқи отырып, мазмұндау, түсініксіз сөздерге қатарынан сөздік құру, мағынасын түсіндіру керек. Шығармаларды талдауда елеулі орын алатын әдістің бірі – шығарманың жоспарын құру. Жоспар құруда мазмұнына сай оқиға желісі бөлімдеріне қарай жоспар құруға болады. Шығарма талдауда образ бойынша, тақырыптық, проблемалы, тұстау талдау әдістерін қолдануға болады. Образ бойынша талдауда ұтымды жағы: оқушылар назары адам образына аударылады да, ұнамды, ұнамсыз кейіпкерлер деп оларды екіге

бөледі. Басты образ, қосалқы образ деп те бөліп шығармадағы адам орбазын кеңінен тануға мүмкіндік болмайды, олар бір-бірімен байланысып жатады. Проблемалы әдістің ұтымды жағы: шығармадағы шытырман алуан жәйттердің ақиқатына жету үшін жағдаят туғызу. Бұл әдіс оқушының ізденуіне, ойлануына өз пікірін толық жеткізуіне мүмкіндік жасайды. Жағдаяттың өзін шығарманың ішінен іздеп табу керек. Тұтас талдау әдәсі шығарманың сюжеттік желісіне орай құрылады, тарау-тарау бойынша, шығармадағы оқиғалардың өрбуі бойынша жүргізіледі. Тиімді жағы: шығармадағы кейіпкерлер тағдырына тереңдей барып үңілесін. Тақырыптық талдау тиімді әдістің бірі. Шығармалардағы басты кейіпкерлердің образын жеке-жеке алып талдау. Қанағаттанарлық нәтижеге жету үшін шығарманы бірнеше рет оқу керек, оқу барысында оқиға желісімен қызығу, ләззат алуы тиіс. Көркем шығарманы оқып талдау барысында, шығарманың тақырыбын, идеясын, кейіпкерінен мінездемесінен, портретінен, композиция мен сюжетінен және құрамдас жүйелі білім беріледі. Оқушы неғұрлым көп сұрақ білсе, сұрақ-тапсырмалар қызықтырар болса, соғұрлым оның көркем шығарманы қабылдауы арта түседі.

Мұғалімдер үшін тиімді жаңа тәсілдердің бірі – қалай оқу керектігін үйрену, сыныпта «оқуға үйрететін» білім ортасын құру. «Оқуды үйретудің» қозғаушы күші «метатану» болып табылады. «Метатану» индивид қалай ойлайтынын, оқитынын қадағалау, бағалау, бақылау, кейінгі оқу үдерісінде мұндай ойлаудың нәтижелерін саналы қолдану үдерісі ретінде сипаттауға болады. Бұл үдеріске мұғалім оқушыға:

- оқу міндеті қоятын талаптарды түсінуге;
- жеке зияткерлік үдерістерін және олардың қалай ықпал ететінін білуге;
- тапсырмаларды орындау стратегияларын әзірлеуге және ойластыруға;
- нақты тапсырма үшін барынша оңтайлы болып табылатын стратегияларды таңдауға көмектеседі.

Осы төрт тармақты іске асыру үшін оқушылардың оқуды үйрену талап етіледі. Мұғалімдер, өз кезегінде, өзінің сабақ беруніе емес, оқушылардың оқу ептілігін дамытуға назар аудары тиіс. Оқушылар ақпаратты енжар қабылдамай, оқу үдерісіне белсенді қатысатын болады. Әңгімеге арқау болған бөлімнің негізгі идеясы ақпарат беріледі. Білім мен түсінікті оқушы өзі қалыптасырады, ал мұғалім – бұл үдерісте көмек көрсетеді. Сыныпта оқу үдерісінің

тиімділігін айқындайтын негізгі факторлар мыналар: мұғалімнің: (1) балалардың қлай оқитынын түсінуі; (2) нені оқыту керектігін түсінуі; (3) тізбектелген сабақтар топтамасын қалай құрылымдау туралы ұғым қалыптасуы; (4) сонымен қатар оқу нәтижелілігін бағалау мүмкіндігін игеруі.

Көркем шығарманы оқып, мазмұндап талдауда сұрақ қою маңызды дағдылардың бірі болып табылады. Себебі сұрақ дұрыс қойылған жағдайда оқытудың тиімді құралына айналады, оқушылардың оқуына қолдау көрсетіп, оны жақсартып, кеңейте алады. Оқушының білім алуын қолдау үшін сұрақ қоюдың түрткі болу, сынақтан өткізу және басқаға бағыттау сияқты тәсілдерін пайдалануға болады.

Түрткі болу: бірінші жауап алу үшін және оқушының жауабын түзетуге көмектесу үшін қажет, сұрақты қарапайым етіп қою, өткен материалға оралу, ойға салу, дұрысын қабылдау және толықрақ жауап беруге итермелеу.

Сынақтан өткізу: сұрақтар оқушыларға анағұрлым толық жауап беруге, өз ойларын анық білдіруге, өз идеяларын дамытуға көмектесетіндей құрылуы қажет, мысалдар кетіру, дәлелдеу.

Басқаға бағыттау: сұрақты басқа оқушыға қайта бағыттау, жауапты толықтыру, көмектесу.

Оқуды дамытуда сұрақ қоюдың оқушыға маңызы:

- тақырып бойынша және сындарлы сөйлеуге ынталандырады;
- шынайы қызығушылығы мен сезімдерін анықтайды;
- білімге құштарлықты дамытады, зерттеуге ынталандырады;
- өз білімін басқа адамдарға сөзбен жеткізуге көмектеседі;
- сын тұрғысынан ойлауына ықпал етеді, көмектеседі;
- оқушыларың бір-бірінен үйренуіне, басқа оқушылардың идеяларын құрметтеуіне және бағалауына ықпал етеді;
- әңгіме және ой елегінен өткізу көмегімен ойын жинақтауға көмек береді, іс-әрекеттерін тереңдетеді және шоғырландырады;
- оқытуды қиындатып, кедергі келтіретін қиындықтар мен түсінбестіктерді анықтайды [4].

Халқымыздың ұлы перзенті, әлемге әйгілі ғалымы, көрнекті ағартушысы Шоқан Уәлиханов халық кемеліне келіп дамуы үшін екі-ақ нәрсе керек деп ерекшелеп көрсеткен: оның біріншісі – азаттық, екіншісі – білім деп айтқан екен. Бүгінгі күні осы қол жетпес байлықтың екеуі де біздің қолымызда бар. Кейде бір тақырыптың өзі шәкірттің өзіне беймәлім сырларын ашып береді. Өзі ісіне шебер ұстаз, кәсіби білімі жетік кез келген ұстаз алдындағы

әрбір баланың дарындыдылығын анықтап, білімнің биік шыңына шыға алады. Бұл мақсатқа жету үшін ұстаз өз маманының қас шебері болуға тиіс. Сонда ғана әрбір баланың жүрегіне бол таба алады. Белгілі бір қызмет саласында ерекше табысқа жетуге мүмкіндік туғызады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 З.Қабдолов «Сөз өнері»
- 2 Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – 1990. – 448 б
- 3 Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеу. – Алматы, 1990. – 365 б.
- 4 Ақшолақов Т. Көркем шығармаға талдау жасау. Алматы, 1982.
- 5 Мұғалімге арналған нұсқаулық Үшінші (базалық) деңгей, 2015 жыл [29-38 беттер]
- 6 Қазақ тілі мен әдебиеті журналы, 2006 ж. № 1
- 7 Қазақ тілі мен әдебиеті журналы, 2006 ж. № 6

Г. Н. ПОТАНИННИҢ ФОЛЬКЛОРДЫ ЗЕРТТЕУШІЛІК ЕРЕКШЕЛІГІ

АРЫНОВА А. М.
мұғалім, № 1 Успен ЖОББМ, Павлодар облысы

XIX ғасырдағы әр түрлі баспасөздердің негізгі мақсаттары: білімнің әлі де болса аз зерттелген саласы – фольклортану ғылымына материалдар жинап беру, әрі қазақтың төл мәдениетін сақтап қалуды және оның орыс мәдениетімен байланысын нығайтуды көздеді. Бұл туралы Ш. Ш. Уәлиханов, В. В. Радлов, Г. Н. Потанин сан рет жазған. И. Н. Березиннің «Түрік хрестоматиясы» (Спб. 1857–1876), Ы. Алтынсариннің «Қырғыз хрестоматиясы» (Оренбург. 1879), А. В. Васильевтің «Қырғыз халық поэзиясының үлгілері» (Оренбург. 1896) т.с.с. осы мақсатта жазылған. Е. А. Алекторовтың, Ә. Диваевтың, қазақтың халықтық поэзиясын жинаған және зерттеген басқа да көптеген түркітанушылардың мақалаларында бұл мақсат айқын аңғарылған. Солардың бірлескен күш-жігерінің нәтижесінде орасан көп әдеби мұралар жарияланды, бір жүйеге келтіріліп, оларға түсінік берілді. Н. Н. Ильминский, В. В. Радлов, И. Н. Березин, П. М. Мелиоранский, А. В. Васильев, Н. Н. Пантусов,

Ә. Диваев т.б. сол уақыттың өзінде-ақ тілмаштардың аудармаларына қанағаттанбай, халық поэзиясының үлгілерін қазақ тілінде жазып алып, қазақ тілінде жариялаған.

XIX ғасырдың соңындағы ерекшелік-жетістік: жеке бір жырдың жеке кітап болуы, әр жанрға жеке жинақ арналуы. Сөйтіп баспадан материалдың жиналу шамасына қарай жеке жинақтар және тек қана бір салаға- көбінесе мақал мен ертегіге арналған сериялық кітапшалар шығарылып тұрды. Бұл баспа орындар әр деңгейдегі ғылыми аппаратпен қамтамасыз етілген. Жинақтарда шығарманың қазақша мәтіні мен оның орысша аудармасына қоса мәтіннің орысша фонетикалық транскрипциясы да жиі беріліп отырды. XIX ғасырдың аяғында жинақталған материалдарды бір жүйеге келтіру және қорыту қажеттілігінің артуы қазақтың халық шығармашылығы бойынша алғашқы монографиялардың (Г. Н. Потаниннің «Ортағасырлық Европа эпостарындағы шығыстық сарындар») жариялануына және бірінші библиографиялық анықтамалардың (справочниктердің) шығуына себеп болды. Библиографтар бастамасының ішіндегі ең қомақтысы – А. Е. Алекторовтың «Қазақ туралы кітаптар және журнал, газет мақалалары мен ескерткіштер көрсеткіші» (1900).

1910-1917 жылдары шыққан кітаптардың ақпараттық деңгейі әр түрлі болды:

1) Құр мәтіннің өзін жариялаған кітаптар (тек араб әрпінде берілген).

2) Алғысөзі бар жинақтар, мәтіндер арабша-кириллица әріпте берілген (Г. Н. Потанин, Ә. Диваев т.б.).

3) Алғысөз бен түсініктемесі бар, түпнұсқасы, орысша аудармасы, транскрипциясы барлар (Ә. Диваев, Н. Пантусов, А. Васильев, П. М. Мелиоранский т.б.).

Мәселен, бірінші топтағылар тек қазақ оқырманына арналған. Онда қазақ қауымына таныс шығарманы жариялап, ел арасына тарату көзделген. Сол себепті ешбір алғысөз, түсініктер берілмеген. Мәтін сөздерінің тілдік ерекшеліктерін сақтау мақсат етілмеген. Кітаптар араб әрпінде ғана басылып, қазақ елінің сауатын аша түсуді мақсат еткен. Мәселен, «Қисса-и-Айман-Шолпан» (Қазан, 1900), «Қисса-и-Мәлік Хасан» (Қазан, 1900) т.б. Бұл еңбектерді кім бастырған, кім жинаған, кім дайындаған т.б. тәрізді деректер келтірілмеген.

Екінші топтағылар қазақ қана емес, басқа да, кириллицаны білетін адамдар үшін есептелген. Мұнда жоғарыдағы кітаптарда

кездесетін өзгешеліктермен қатар, кейбір кітаптарда мәтіннің екі тілде, яғни қазақ (араб графикасында) және орыс тілдерінде қатар берілуі де іске асқан.

Үшінші топтағылар зерттеушілерге арналған, негізінен, ғылыми-көпшілік, не ғылыми сипатта басылғандар. Мәселен, 1901 жылы Н. Н. Пантусовтың «Материалы к изучению казак-киргизского наречия» атты кітабы басылды. Жиналған мәтін жалпы қазақ тіліндегі диалектикалық ерекшеліктерді зерттеу үшін алынған. Мәтін негізіне қазақтың «Қара мерген» деген ертегісі алынған. Мәтін транскрипциясымен, аудармасымен бірге берілген [1]. Сондай-ақ белгілі түріктанушы Н. Катановтың алғысөзі бар. Мәтіннің лингвистикалық ерекшеліктерімен қатар этнографиялық сипаты да мәнді. Өсімдіктер мен аңдарға, биік таулар басында түрлі аруақтар мекендеуі туралы халықтың діни наным-сенімдері хақында деректер келтірілген. Сонымен бірге қазақ ертегілерінің парсы елінен келген деген пікір де бар. Қаф таулары, жалмауыз кемпір, жезтырнақ, перілер т.с.с. турасындағы бейнелер т.б. сөз болады. Екі беттен тұратын кітап кіріспесі орыс тілінде берілген. Ондағы мақсат: орыс тілді халықтарға мәтіннің оқиғасының қысқаша мазмұнын айта отырып, олардың кітапқа деген қызушылығын тудыру. Н. Н. Пантусовтың бұл хрестоматияға енгізген бір мәтінінің үш түрде (әрі араб әрпінде, әрі кириллица әрпінде, әрі орыс тілінде аудармасы) берілуі бұрынғы фольклорлық жарияланымдармен салыстырғанда жақсы қадам болды. Себебі: біріншіден, Н. Н. Пантусов қазақ мәтінін араб әрпінде беруі – сол кездегі ғылым талабымен (шығыстану тұрғысынан) түпнұсқаны беру үшін алынса, әрі шығыстық білім алған халықтың көпшілігінің мәдени мұраға деген рухани мұқтаждығын ескеруден туған. Екіншіден, қазақ мәтінін кириллица әрпінде беруі – сол тұстағы орыс шығыстанушы мен түріктанушылар, әрі орысша оқыған қазақтар үшін, әрі орыс тіліне, әдебиетіне, мәдениетіне деген сұраныстың көбеюін ескергендігі байқалады. Үшіншіден, мәтінді орысшаға аударуы – Ресей ғалымдарына арналғандығын да көрсетеді. Ондағы мақсат: фольклорды әрі қазақ тілін сараптаушыларға, әрі орыс пен қазақ фольклорының өзара байланысын дәйектеушілерге, әрі қазақ халқының әдет-ғұрпын, наным-сенімін, тұрмыс-тіршілігін зерттеушілерге, әрі бұларды батыс еліне таныстыру үшін т.б. қажетті дерек көзі ретінде пайдалану. Мұның бәрі осы жинақтың зерттеушілік мақсат үшін жарияланғанын дәлелдейді. XX ғасырдың Қазан төңкерісіне дейінгі кезеңде фольклорлық үлгілерді үш

түрде жариялау, яғни әрі араб әрпі, әрі кириллица, әрі орысша аудармасымен бірге беру т.с.с. – бәрі сол тұста қалыптасқан ғылыми жариялау талаптары екені анық.

XX ғасыр басында бұқаралық сипаттағы басылымдармен қатар, ғылыми сипаттағы фольклор үлгілері жарияланып тұрды. Мәселен, «Едіге мен Тоқтамыс» туралы үлгінің сыртқы мұқабасында: мәтін қолжазбасының иесі белгілі ғалым Ш. Ш. Уәлиханов екендігі ескертілген. Үлгіні шығарушы профессор П. М. Мелиоранский екендігі; мәтін 1905 жылы С.-Петербург қаласындағы И. Бораганскийдың баспаханасында басылғандығы ажыратылған [2]. Кітап мазмұнында алғысөз, сөздік пен қазақ мәтіні үшке бөлініп, беттері көрсетілген. Кітаптың алғысөзінде қолжазбаның өзіне сипаттама беріледі. Бұл мәтінді ғалым Ш. Уәлиханов 1841 жылы Аман Қарағай аймағының Күрлеуіт Қыпшақ ауылының ақыны Жұмағұлдың аузынан естіген. Ал, Ш. Ш. Уәлихановтың әкесі сұлтан Шыңғыс Уәлиханов өз тарапынан ол мәтінді сөзбе-сөз қағазға түсірген. П. М. Мелиоранский айтуына қарағанда, қолда бар үлгі үш бірдей нұсқадан алынған (3-нұсқаны Арслан байдың аузынан жазып алған да сұлтан Шыңғыс Уәлиханов). 1842 жылы Шыңғыс пен Шоқан бір ортақ үлгі жасаған. Кезінде бұл мәтінге Шоқан Уәлиханов көптеген толықтырулар мен өзгертулер енгізсе, кейін профессор П. М. Мелиоранский өз тарапынан бұл үлгіні сол өзгерістермен қайта шығаруды жөн көрген. Мәтін ішінде қазақ тарихына қатысты кездесетін көптеген тарихи есімдердің Алтын Орда дәуірінде, яғни 14 ғасырдың соңы мен 15 ғасырдың басында ерекше маңызды қызмет атқарғанына да назар аударылған. Едіге бейнесінің зерттелу тарихына тоқтала отырып, белгілі ғалымдар: Ибн-Арабшах, Ш. Ш. Уәлиханов, В. В. Радлов, И. Н. Березин, В. Д. Смирнов, В. В. Вельяминов-Зернов т.с.с. пікірлеріне шолу да жасалынған. Сөз соңында қазіргі таңда «Едіге мен Тоқтамышқа» қатысты үлгісінің 13 нұсқасы бар дей отырып, профессор П. М. Мелиоранский сол нұсқалардың рет - ретімен қайда басылғанын, кім басқанын т.б. көрсетіп кеткен. Сонымен XX ғасырдың басында шыққан ғылыми сипаттағы бұл кітаптың маңыздылығы: біріншіден, мәтіннің жазылынып алыну паспорты толық берілуі, яғни кімнен, қашан, қай тәсілі арқылы, кімнің жазып алғанына қатысты ақпарат көздерінің т.б. толық қамтылуы дер едік. Екіншіден, мәтіннің бірнеше нұсқалары өзара салыстырылып, зерттеу тарихы да бірге берілуі назар аудартады. Үшіншіден, қолжазбаның өзімен текстологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізіп,

ескертпелерін, түсініктемелерін, толықтыруларын, сөздіктерін т.б. бірге беруі т.с.с. – бәрі де бұл басылымның ғылыми сипатта басылғанын дәлелдейді.

XX ғасырдың бірінші жартысындағы Қазан төңкерісіне дейінгі қазақ фольклорын жариялауда мынадай ерекшеліктер көрініс тапты: біріншіден, фольклордың әр түрлі жанрларының жеке-жеке кітап болып басылуы жүзеге асты. Екіншіден, мәтін әрі қазақ (араб әрпінде), әрі орыс тіліндегі аудармасымен бірге берілді. Мәтіннің екі тілде жариялануында бірнеше мақсат көзделді: бірі, зерттеушілік істі жандандыру, яғни Ресей ориенталистері мен түркітанушылары үшін бұл өте ұтымды болды. Екіншісі, оларға, егер қазақ тілін білсе, мәтіннің түпнұсқасы берілді де, қажет болса, қазақша мәтін орысша аудармасы арқылы кең танысуға мүмкіндік жасалды.

Жарияланымдар екі түрде: бұқаралық және оқу-ағарту мақсатта, екіншісі – ғылыми көпшілік және ғылыми сипатта болды. Бұқаралық сипатта жарияланған фольклор, көбінесе жалпы халыққа арналды. Ондағы қойылатын негізгі мақсат: жұртты оқу-білімге шақыру, жалпы ағартушылық көзқараспен қатар, фольклорды үгіт-насихат, тәрбие құралы т.б. есебінде де қолдану болатын.

Кеңес өкіметі орнаған алғашқы жылдары елді сауаттандыру мәселесі бірінші кезекте болғандықтан фольклор, негізінен, оқу-ағарту мақсатында жарияланған. Бірте-бірте ғылыми-көпшілікті жарияланым етек ала бастады.

XX ғасырдың басында ғылыми-педагогикалық сипатта жарияланған фольклор үлгілері, көбінесе хрестоматия, оқу құралы т.б. үлгісінде жарық көріп, олардың алғысөзі, ғылыми түсініктемелері бірге берілетін болған.

XX ғасырдың басында халықтан жазылынып алынған шығармалар әр түрлі жинақтарда жарияланып, көпшілікке кеңінен тарала бастады. «Қозы Көрпештің» В. В. Радлов жариялаған нұсқасы қайтадан басылды. Ақын Георгий Тверитиннің әдеби өңдеуімен «Қозы Көрпеш» орыс тілінде шықты (Москва-Қызылорда, 1927). Көпшілікке арналған қазақ ертегілерінің жинақтары: «Газша» (Москва, 1926), «Өтірік өлең» (Қызылорда, 1927), «Аяз би» (Москва, 1928) жарияланды.

Сөйтіп, XIX ғасыр мен XX ғасырдың басында бұқаралық сипатта жарияланған фольклорлық басылымдар, көбінесе жалпы халыққа арналды. Онда жұртты оқу-білімге шақыру тәрізді жалпы ағартушылық көзқараспен қатар, фольклорды үгіт-насихат, тәрбие құралы т.б. есебінде қолдану мақсаты да көзделді. Ал,

педагогикалық сипатта жарияланған фольклор тәрбие, тәлім, ой дамыту, өмірді таныту, білу, тіл кестелігі т.б. тәрізді мақсатта қолданылды.

Ғылыми-көпшілік сипаттағы басылымдар, негізінен, фольклорды жалпы жұртшылыққа танымдық, информациялық, тәрбиелік, эстетикалық мақсатта қолдануды көздеді. Сондай-ақ қазақ фольклорын зерттеушілер үшін де маңызды ғылыми дерек көзі болды.

XIX ғасыр мен XX ғасырдың басында жарық көрген жинақтардың көбі Қазан төңкерісіне дейінгі тәжірибеге сүйенді. Олар белгілі дәрежеде қазақ фольклорын насихаттау, дәріптеу рөлін атқарды. Бұл басылымдар көптеген адамдардың фольклорды бағалауға, оны жинауға деген құлшынысын, ынта-жігерін арттырды. Кеңестік дәстүрде қазақ фольклорының бағдарламасы мен хрестоматиясын жасау, түрлі ғылыми жұмыстарды ұйымдастыру үшін де т.б. фольклорлық үлгілерді құрастырып, жариялау жұмыстары жүргізілді. Әсіресе оқулықтар, хрестоматиялар мен бағдарламаларды т.б. жариялауда белгілі ғалымдар: Г. Н. Потанин, Ә. Диваев, А. Байтұрсынов, Х. Досмұхамедұлы, М. Әуезов, С. Сейфуллин, С. Мұқанов т.б. еңбектерін ерекше атап өту керек. Бұлардың негізгі мақсаты: төл әдебиетке көпшіліктің назарын аудару мен фольклорды маманданған түрде зерттеу болатын.

XX ғасырдың Қазан төңкерісінен кейінгі кезеңде баспасөз беттерінде басылым көрген фольклорлық үлгілер: біріншіден, газет шығарушылар тарапынан фольклордың кімнен, қалай алынғаны турасында деректер мен фольклорлық мәтіндерді жинаушылар есімдерінің көрсетілуімен ерекшеленеді. Екіншіден, ел аузындағы үлгінің қай тәсілмен қағаз бетіне түскені, көбінесе ауызба-ауыз жинау тәсілі арқылы хатталғаны анықталды. Үшіншіден, тіпті ол мәтіндер кімдердің аузынан, қай елді-мекенде т.б. жазылып алынғанына қатысты паспорттық деректердің толықтығымен көзге түсті. Төртіншіден, баспасөз беттерінде жарияланған үлгілер әрі белгілі ғалымдар тарапынан жиналса, сондай-ақ әуесқойлар тарапынан да т.б. – бәрі фольклортану ғылымы тарихында баспасөз басылымдарының маңызды қызмет т.б. атқарғанын дйттейді.

Ғылыми жинақтар іші фольклордың сан жағынан көптігімен де және олардың көп нұсқалығымен де, сапалы сұрыпталуымен де т.б. ерекшеленді. Жинақтар кіріспесінде фольклордың жиналу тарихы мен қазіргі жағдайы, өзіндік ерекшелігі, әлеуметтік табиғаты, фольклор мен әдебиеттің өзара байланыстылығы, жинақтың мазмұндық тақырыпшалары т.б. сөз болды. Ал,

басылымдардағы фольклорлық мәтіндер жанрлық жағынан топтастырылып орналастырылып, соңынан ескертулері мен түсініктемелері бірге берілді. Сонымен бірге бұл фольклорлық мәтіндер сұрыпталу мен жариялану әдіс-тәсіліне келетін болсақ: белгілі бір үлгінің пайда болу мәселесі, шығармалардың идеялық-тақырыптық өзара байланыстылығы, халықтық үлгілердің дамуы мен таралу ерекшеліктері, әрі әлеуметтік топтарда олардың өзгеру мүмкіндіктері т.б. – бәрі ғылыми жинаққа кірген мәтіндердің, көбінесе толықтай паспорты толтырылуымен, орындаушылардың аты-жөні көрсетілуімен, мәтіннің қағазға түскен күні, уақыты, жері т.б. тіркелуімен де құнды болды. Жобада бұлар кең талданған.

Жазылып алынған әр текстіге толық паспорт беру – сол кездегі орыс фольклористикасының өзінде сирек құбылыс еді. Ал, қазақ ауыз әдебиетін жинаушылардан тек Ә. Диваев қана шартты ұсынғаны белгілі. Өкінішке қарай, бұл маңызды принципті XX ғасырдағы жинаушылар ылғи да сақтай бермеді. Шынында әрбір жазылып алынған фольклорлық шығармаға берілген толық паспорт қана ұлан-байтақ еліміздің қай жерінде қандай фольклор жанрлары, қандай шығармалар мен сюжеттер тарағанын көрсетіп, регионалды фольклорлық дәстүрді зерттеуге мол мүмкіндік береді. Сонымен бірге бұдан сюжеттердің миграциялық мүмкіндіктерін де байқауға болатыны белгілі болды.

Г. Н. Потаниннің жинаушылық методикасындағы ең басты ерекшелік алынған әр шығармаға өте құнды фольклорлық, тарихи, этнографиялық, лингвистикалық түсініктеме берілуі. Зерттеуші өзінің бұл түсініктемелерін «ескертулер» деп атайды. Оның ескертулері өзінің кеңдігі, күрделілігі, жан-жақтылығы мен тереңдігі жағынан түсініктеменің шеңберінен әлдеқайда ауқымды, кішігірім ғылыми мақала іспетті. Сол себепті Г. Н. Потанин түсініктемелерінде ғылыми болжамдар, топшылаулар, талас пікірлер, кейде проблемалы ойлар көп кездеседі. Соның бәрін автор фактірлермен барынша дәлелдеуге тырысып, өз ойына дәлелдеме етіп ондаған деректер келтіреді, соның нәтижесінде текте берілген ескерту өте көлемді болып кетеді.

Әрине, мұндай көлемді де жан-жақты түсініктеме жазу ғылымнан мол біліммен қатар үздіксіз еңбектенуді, тынымсыз ізденуді және өте көп уақытты талап етті. Соған қарамастан Г. Н. Потанин осындай «ескертулер» жазуды өзінің ғылыми борышы деп білді.

Потанин текстерге берген түсініктемелері өз кезіндегі ғылым үшін өте қажет болды, олардың кейбіреулері әлі күнге

дейін маңызын жойған жоқ. Зерттеуші фольклорлық шығарманы дүние жүзі мәдениетінің бір фактісі, бөлшегі деп есептеген, сол тұрғыдан бағалаған. Оның әрбір текстке, сюжетке әлем фольклорынан сәйкестік, қызғылықты мотивтер мен кейіпкерлер іздеп, салыстырып отыруы осы себептен. Потанин түсініктемелерінің осы салыстырмалық сипаты қазіргі фольклортану ғылымында, типологиялық әдісте пайдаланылып жүр. Әрине, сюжеттер мен мотивтердің ұқсас болу себебін түсіндіру бүгінгі таңдағы ғылымда жаңаша, көбінесе типологиястадиялық ретте қарастырылады. Сонымен бірге, кейбір ұқсастықты бір елден екінші елдің қабылдауының нәтижесі деген тұжырым совет фольклортану ғылымында дәлелденіп те келеді [3].

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Пантусов Н. Н. Материалы к изучению казак-киргизского наречия. (Киргизская сказка о Кара Мерген (текст, транскрипция и перевод). – Қазан : Университет, 1901. – 35 б.

2 Сказание об Едиге и Токтамыш (киргизский текст по рукописи принадлежавшей Ч. Ч. Валиханову, издал проф. – П. М. Мелиоранский). – С.-Петербург, 1905. – С. 67.

3 Потанин Г. Н. Очерки Северо-Западной Монголии (вып. 4). – С. 678.

ӘДЕБИЕТТІ ОҚИТУДЫҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

АРЫНОВА М. М.

магистр, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

XX ғасырдың басында ана тілімізді оқытуды жетілдіру, оның сапасын арттыру ең алдымен «жақсы методикаға, методикадан хабардар мұғалімге және сапалы оқулық пен оқу құралдарының һәм сайлы болуына байланысты» (А. Байтұрсынұлы,) деген қағиданы ұстанған А. Байтұрсынұлы, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, М. Дулатов, Х. Досмұхамедов, Қ. Кемеңгерұлы, Қ. Жұбанов, Т. Шонанұлы сияқты біртуар тәлімгер ғалымдарымыздың осы мәселе төңірегіндегі пайымдаулары мен тұжырымдары күні бүгінге дейін құндылығын жойған жоқ. Қазіргі уақытта аталған ғалымдардың іргелі еңбектері ана тіліміздің ұлтаралық қатысымдық қызметін көтеру бағытында оны сапалы оқытып үйретудің ұтымды

жолдарын іздеп, оқытудың жаңа технологиясымен айналысып жүрген ғалым-әдіскерлерге таптырмайтын «жол басшы» екені сөзсіз.

Қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің зерттелуінде құнды пікірлер айтып, ғылыми және әдістемелік тұрғыдан сапалы еңбектер жазған Ақшолоақов, Қ. Бітібаева сияқты ғалым-әдіскерлеріміздің де есімдерін ерекше атап өтуіміз қажет [1].

Соңғы жылдары ана тілімізді оқытып үйрету мәселесі жаңа бір белеске көтерілді: атап айтқанда ғылыми-зерттеу жұмыстары жүргізіліп, оқулық, оқу құралдары жазылуда.

Жоғарыда айтылғандарды ғылыми түрде қарастыруға мүмкіндік беретін, қазақ әдебиетін сапалы оқыту бағытын айқындайтын бірден-бір жаңа жол – қазақ тілін модуль арқылы оқыту (ҚӘМО) әдістемесі деп ойлаймыз.

«Модульмен оқыту» ұғымының этимологиялық мәні халықаралық «модуль» (латынша – *modulus*), яғни білімді қолданысқа, меңгеруге ыңғайлы етіп жүйелеу, шоғырландыру, жинақтау болып табылады.

Модульмен оқыту педагогикаға алғаш рет алпысыншы жылдардың аяғында Америкада (Н. Постлезвейт, және М. Л. Гольдшмид, Дж. Г. Григе, Дж. Д. Лэнзишр, Д. У. Аллен, Дж. Д. Рассель) енгізілді. Кейін бұрынғы кеңес одағы елдерінде жалпы педагогикада, сосын жеке әдістеме ілімінде пайда болды.

Модуль арқылы оқытуды экспериментті және практикалық түрде тәжірибеде қолдану АҚШ, Батыс Еуропа елдерінің колледждері мен жоғары оқу орындарында, ТМД елдеріндегі жоғары оқу орындарында кеңінен жүзеге асуда. Модуль арқылы оқыту мәселесінің Англия мен Швециядағы оқу орындарында қолданылу жайына ғалым В.П.Лапчинская жан-жақты талдау жасайды. Аталған оқыту жүйесінің АҚШ-тағы оқу орындарында қолданылуы жайын Ю. К.Балашов, В. А.Рыжов, Т. В. Васильева, С. Ф. Артюх жақсы жағынан бағалайды. Жекелеген авторлар, мысалы В. Б. Закорюкин, В. М. Панченко, Л. М. Твердин жоғары оқу орындарына арналған оқулықты модульдік қырынан құруды ұсынады. Ал ғалымдар И. Прокопенко, П. Юцявичене модуль арқылы мамандардың білімін жетілдіру саласына және химия пәнін оқытуда, диплом жобалау кезеңінде, В. М. Гареев, С. И. Куликов, Е. М. Дурко, М. Чошанов арнайы техникалық-инженерлік пәндерлі оқытуда қолдану тиімділігін атап көрсетеді.

Қазақстанда жоғары оқу орындарында (ЖОО) модуль арқылы оқыту мәселесін ғалымдар Г. Қ. Нұрғалиева, Р. Масырова, Г. Кудебаева – дидактикалық тұрғыдан, М. С. Мусин – салыстырмалы педагогика мәселесі қырынан, ғалымдар Н. Оралбаева, Л. Екшембеева – лингвистикалық тұрғыдан зерттеп қарастыруда. Модульмен оқытуды ғалымдар К. Сариева, З. Бейсенбаева, Р. М. Жампеисова - практикалық тұрғыда өз тәжірибелерінде қолдануда. Білім беруді информатизациялау жағдайында студенттердің елтанулық құзыретін модульге негізделген электроиды оқулық арқылы қалыптастыру мәселесіне жас ғалым Ж. Түселбаеваның еңбегі арналған [2].

Ғалымдар Павленко В. К., Қасымова Р. Т., Абеннова Т. К. авторлығымен жарық көрген орыс бастауыш мектептерінің бірінші сыныптарына арналған әліппе, ана тілі оқулықтарының сабақтары модульге негізделіп құрылған.

Аталған еңбектерде әр ғалым модуль арқылы оқыту мәселесін өздерінің зерттеу объектісі тұрғысынан әр түрлі қырынан қарастырады.

Десек те оқу орындарында қазақ әдебиетін модульмен оқыту мәселесі теориялық қырынан да, әдістемелік қырынан да әлі өз шешімін тапқан жоқ. Сондықтан оның әдістемелік жүйесін жасап, тәжірибеге түбегейлі енгізу үшін, алдымен эксперименттік тұрғыда жан-жақты негізделген теориялық және әдістемелік зерттеу жүргізу қажет.

Әдебиетті модульмен оқыту – уақыт талабынан туып отырған жаңа әдістемелік жүйе. Сондықтан модульмен оқыту теориясы өзіне ғана тән ұстанымдар жүйесіне негізделеді. Бұл ұстанымдар жалпы дидактикалық ұстанымдармен тығыз байланысты. Жалпы «ұстаным» сөзінің мағынасын (rgine – rgium – негіз, бастапқы, латынша, орысша-принцип) кез келген іс-әрекетке сүйенетін негізгі ереже деп түсінетініміз белгілі. Атап айтқанда, негізгі идея немесе адамның іс-әрекетіне қойылатын негізгі талаптар. Бұл талаптар ғылымның белгілі заңдылықтарынан туады. Оқыту ұстанымдары, оқыту әрекетінің құрылымын жасауға оны тиімді жүзеге асыруға ықпал етеді.

Әлемдік әдістеме іліміне сүйенетін болсақ: ұстаным дегеніміз үрдістің, оның нәтижелерінің үйлесімділігіне жетуге мүмкіндік жасайтын, қарама-қайшылықтарды шешу жолдары туралы кепілдеме. Әр ұстаным нақты педагогикалық қайшылықтарды шешуді реттейді. Жалпы ұстанымдар жиынтығы өзара әрекеттесе отырып, үрдістің барлық атаулы қайшылықтарын шешеді. қазақ

әдебиетін модульмен оқыту ұстанымдары лингводидактика және онымен туыстас: психология, философия, әлеуметтану, лингвистика тағы басқа ғылым салаларының жалпы қағидаларына сүйенбек. Яғни, қазақ әдебиетін модульмен оқыту ұстанымдары – тілдерді оқыту теориясының туындылары. Бұл заңды құбылыс. Сонымен қатар ол модульмен оқытудың тек өзіне ғана тән ерекше заңдылықтарын да бейнелеуі қажет.

Олай болса, оқыту ұстанымдары мен қандай да болсын жаңа идеяның арақатынасын белгілеуде біз мынадай шарттарды басшылыққа алғанымыз жөн:

- әмбебаптылық, яғни аталған ұстаным оқытып үйрету барысында басынан аяғына дейін қолданылады. Ол ұстанымсыз әдебиетті оқытып-үйрету мүмкін емес.

- қажеттілік, яғни бұл ұстанымсыз оқытып, үйретуді ұтымды, қазіргі талаптарға сай ұйымдастыру мүмкін емес.

- ұстанымдардың әрқайсысының дербестігі, тәуелсіздігі:

- қазіргі мақсат-мүдде, заңдылық және тұтас дидактикалық теория тұрғысынан, оқытудың толық және ұтымды үрдісін қамтамасыз ету үшін осы ұстанымдар жүйесінің жеткіліктілігі.

Әлемдік әдістеме ілімінде модульмен оқыту идеясының туу кезеңін С. Н. Постлезвейттің 1969 жылы оқыту мазмұны бірліктері концепциясын ұсынған уақытқа жатқызамыз деп жоғарыда айтқан болатынбыз. Бұл жағдай кейін қолданбалы сипаттағы әр түрлі еңбектердің пайда болуына түрткі болды.

Атап айтқанда, Я. Л. Клиндштат, В. Б. Закорюкин, В. И. Панченко, И. Прокопенко, П. Юцявичене, Т. И. Царегородцева, Б. Гольдшмидт және М. Л. Гольдшмидтер сияқты ғалымдар аталған мәселені әр түрлі бағытта қарастырып, оның ұстанымдарын ұсынған [2, с. 1–18].

Мәселен, ғалым П. Юцявичене модульмен оқытудың мынадай ұстанымдарын анықтап ұсынған: модульділік; оқыту мазмұнының құрылымдылығы; өзгермелілігі; өзара әрекеттілігі; икемділігі; мақсатты жете түсінушілігі; әдістемелік кеңестің жан-жақтылығы. Сөйтіп, өз еңбегінде жас мамандардың кәсіби деңгейін одан әрі жетілдіру жұмысын ұйымдастыруда аталған ұстанымдарды басшылыққа алу тиімділігін атап көрсетеді.

Ал, ғалым Т. И. Царегородцева өз еңбегінде модульмен оқытудың төменгі ұстанымдарын анықтаған: модульділік ұстанымы; оқушының субъектілік рөлінің ұстанымы; мақсатты

ұғынушылық ұстанымы; даралылық ұстанымы; кері байланыс ұстанымы; оқытудың аяқталғандығы ұстанымы.

Аталған ұстанымдарға сипаттама бере келе автор: «Оқыту ұстанымдарын дұрыс және табысты жүзеге асыру үшін, берілген ұстаным нақты нәтижеге қандай жолдар арқылы әкелетінін түсіну қажет. Ол үшін кез келген ұстанымнан шығатын ережелер мен талаптарды білу керек» – деп пайымдайды

Жоғарыда аталған еңбектерде модульмен оқытудың негізгі ұстанымы деп – модульділік ұстанымы аталған. Бұл жағдай біздің де аталған ұстанымды негізгі ұстаным ретінде алып, қазақ тілін оқытып үйретудің сапасын арттыру үшін басқа дидактикалық жүйелермен салыстырғанда модульмен оқытудың тиімділігін айқындауға мүмкіндік береді.

Осы мәселені зерттеген ғалымдардың еңбегіне жан-жақты жасалған талдау және модульмен оқытудың теориялық, практикалық тәжірибесін жинақтап қорыту негізінде біз оның келесі ұстанымдарын белгілемекпіз: модульділік ұстанымы; оқыту мазмұнының жекелеген бөліктерден құрылуы; қатысымдық бағыттылығы ұстанымы; саралай оқыту және кіріктіре оқыту ұстанымы; оңтайлылығы ұстанымы; екі жақты біртұтас белсенді әрекет ұстанымы; мақсаттың нақтылығы ұстанымы; әдістемелік кеңестің кешенділігі; оралымдылығы, икемділігі; әр жеке бөлік бойынша жұмыс әрекеті нәтижесін түйіндеу ұстанымы; оқытушы мен оқушының кері байланысы ұстанымы; оқытушы мен оқушы әрекетінің теңбе-теңдігі ұстанымы; оқу тілінің ерекшелігін ескеру ұстанымы.

Оқыту ұстанымдарын дұрыс және табысты жүзеге асыру үшін, берілген ұстаным нақты нәтижеге қандай жолдар арқылы әкелетінін түсіну қажет. Ол үшін кез келген ұстанымнан шығатын ережелер мен қағидаларды білу қажет.

Қазақ әдебиетін модульмен оқыту жүйесі компоненттерінің өзара байланысы, өзара әрекеттестігі және өзара тәуелділігі оның ұстанымдарының өзара байланысын анықтайды. Сондықтан да жеке ұстанымдардың жүйенің нақты компоненттерімен ара қатынасқа түсуі белгілі дәрежеде шартты. Кез келген ұстаным тура немесе жанама болсын, әр компонентте бейнеленеді де, сол арқылы оның толық жүзеге асуына ықпал етеді.

Модульмен оқыту білім беру, әдебиетті оқытып үйрету саласындағы жүйе. Сондықтан жоғарыда аталған модульмен оқыту ұстанымдары тізімін шектеулі, аяқталған деп айта алмаймыз. Ол әлі де дамып жетіледі. Соның негізінде жаңа идеялар, жаңа ұстанымдар

пайда болады. Ал әзірге қазіргі кезең талабына сай модульмен оқытудың жалпы бағытын, оның мақсаты мен мазмұнын, тілді оқытып үйрету әдістемесін айқындайтын, негіздейтін жоғарыда аталған ұстанымдарға жеке-жеке тоқталайық.

Модульмен оқыту ұстанымы. Бұл әдбиетті модульмен оқытудың негізгі және өзіне ғана тән ұстанымы. Осы ұстанымға негізделген әдебиетті модульмен оқыту нақтылы дидактикалық мақсатқа жеткізетін модульдерден, яғни жекелеген "функционалдық түйіндерден" құралады. Дегенмен, бұл ұстанымды оралым әр түрлі, әр қырынан қарастырады. Модульмен оқытудың алғашқы даму кезеңінде АҚШ, Англия ғалымдары оны тұлғаны жекелей оқытудың негізін құрайтын әртүрлі материалдар жиынтығы деп санады. Кейін модульмен оқыту идеясының одан әрі дамуына байланысты модульмен оқыту ұстанымының мәні де кеңейе түсті. Мәселен, Б. Гольдшмидт және М. Л. Гольдшмидтердің пайымдауынша, модульмен оқыту ұстанымы – оқушының нақтылы айқын мақсатқа жетуіне ықпал жасайтын дербес жоспарлы түрде қалыптасқан оқу әрекеті. Бұл пікірге В. М. Гараев, С. И. Куликов, Е. М. Дурко сияқты ғалымдар да қосылады. Ал У.Д.Рассель, В.Б.Закорюкин, В. М. Панченко, Л. М. Твердин сияқты ғалымдар модульмен оқу ұстанымын оқу материалының дербес бөліктерін (модульдерін) құру арқылы жүзеге асыруға көңіл бөледі. Г. Овенстің пікірінше модульмен оқыту ұстанымын жүзеге асыру - модульмен оқыту формасын ұйымдастыру. Ол 60-70 адамнан тұратын студенттердің дербес тобын құруды ұсынады. Бұл топтың ішіне тағы 5–6 тұрақты оқытушы немесе үлгерімі жақсы студенттерден бекітілген оқытушылардың көмекшілері кіруі қажет. Аталған ғалымның пайымдауынша, мұндай модульмен оқыту жүйесі болашақ мұғалімді дайындаудың барлық кезеңінде тұрақты болады. Ал оқушы мен оқытушы тығыз бірлікте өзара әрекет жасайды.

Модульмен оқыту ұстанымы жайындағы жоғарыдағы пікірлерді ескере отырып және модульмен оқыту саласы бойынша жүргізген теориялық және практикалық зерттеулерге сүйене отырып мынадай тұжырымға келеміз: модульмен оқыту ұстанымы белгілі әдістемелік ережелер арқылы жүзеге асады. Атап айтқанда:

- Оқыту мазмұны құрылымдық бөліктерге, яғни масқат, оқу материалы, әдістемелік нұсқау, бақылау-тексеру бөліктерінен тұратын аяқталған бірлікке, модульге бөлінеді.

- Модуль дидактикалық жүйе. Мұнда оқыту мақсаты, мазмұны, әдісі, құралдары, формалары және бақылау жүйесі біртұтас, динамикалық сипатқа ие.

- Оқыту мазмұны толығымен дидактикалық мақсатқа жетуді қамтамасыз етеді. Жалпы дидактикалық мақсаттың жемістілігі - модульмен оқыту бағдарламасының мазмұнына, жеке мақсат - модуль мазмұнына, төл мақсат - оқу элементінің мазмұнына сәйкес.

Модульмен оқыту ұстанымы оқыту мазмұны бөліктері аралығындағы байланыстардың өзара бағыну тәртібін шамалайды; оқу элементтері модульді құрайды, модульдер модульмен оқыту бағдарламасын құрайды. Олай болса, айтылғандарды түйіндей келе, модульге келесідей анықтама беруге болады: Модуль - модульмен оқытудың негізгі құралы, бірлігі. Ол мәліметтің аяқталған блогынан тұрады. Оның құрамына дидактикалық мақсатқа жетуді қамтамасыз ететін әдістемелік нұсқау мен әрекеттің мақсатты бағдарламасы кіреді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қ.Бітібаева Әдебиетті оқыту әдістемесі. А., Рауан 1997ж.

2 М.Жанпейісова Модульдік оқыту технологиясы оқушыны дамыту құралы ретінде, Алматы. 2002

БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ОҚУ МЕН ЖАЗУ ДАҒДЫЛАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

АУЛАБАЕВА Д. К.

мұғалім, Северный ЖОББМ, Павлодар облысы, Ертіс ауданы,
Северный ауылы

Мектептегі оқыту процесі сауат ашудан басталатыны белгілі. Сондықтан оның балаға ана тілін оқытып үйретуде алатын орны да ерекше. Сауат ашу жұмысының негізгі міндеті – балаға хат таныту, яғни оған оқу мен жазуды үйрету. Сонымен қатар, сауат ашу барысында оқушылардың тілі мен ой –өрісін жетілдіруге де баса назар аударылады. Соның нәтижесінде жас ұрпаққа тиісінше жалпы білім негіздерін меңгертіп, адамгершілік, патриоттық тәрбие беруге негіз қаланады

Демек, сауат ашу білім мен тәрбие алудың кілті іспеттес. Сауат ашудың негізгі мақсаты-болашақ ұрпаққа терең білім мен өнегелі тәрбие беру, сол арқылы оларды өмірге, өз Отанын, ел – жұртын шексіз сүйе білуге тәрбиелеу, білім берудің негізгі бағыттарына

қойылатын негізгі талаптардың ішіндегі аса күрделісі – алты жастағы балаларды сауаттандыру мәселесі. Өйткені мектеп есігін алғаш ашқан баланы оқытудың өзіндік қиындықтары бар. Ол қиындықтар балалардың физиологиялық – психологиялық өзгешеліктеріне байланысты. Себебі сауат ашу жұмысы оқушылардың оқуға, ой еңбегіне қажет белгілі бір қабілет бейімділікті талап етеді.

Жалпы сауат ашудың нәтижелі болуы даярлық кезеңінде жүргізілетін жұмыстардың мейілінше сапалы болуына байланысты. Демек, сауат ашуға даярлық жұмыстарын дұрыс ұйымдастырып, ұқыпты жүргізуге баса назар аударылады.

Сауатты жазуға үйрену жұмысы грамматикаға сүйенеді. Олай болса белгілі бір жазу ережесіне негіз болатын грамматикалық құбылыстар сапалы түрде ұғындырылып, содан кейін қорытынды шығарылуы қажет.

Дұрыс, сауатты жазуға үйрену үшін сөздерді дыбыс құрамына, буын жігіне ажырату жұмысы әріп қалдырып кетпеуге, әріп алмастырып алмауға бір сыпыра көмектеседі. Сөздердің ұқсастықтары мен ерекшеліктерін, теріс жазылуынан мағына бұзылатынын балаларға ережені түсіндіргенде де, жаттығулар жүргізгенде де, олардың жазуларынағы қателерді түзеткенде де көрсетіп, түсіндіріп отырудың пайдасы көп.

Сауат ашу кезінде оқу мен жазу жұмыстары өзара тығыз байланыста болады. Жақсы оқи алатын бала таза да сауатты жаза біледі, ал, жазуды жақсы меңгерген оқушы оқуды жеңіл меңгереді. Бір сабақтың өзінде оқу қызметі мен жазу жұмысы бірін-бірі алмастырып және бірін меңгеруге екіншісінің көмегі тиіп отырады.

Жазу, таза жазу, дұрыс жазу, сауатты жазу – қай тілдің болмасын басты ұстанымы. Сауатты жазудың алғышарты бастауышта қаланады. Мектеп табалдырығын аттаған балаға бірінші сыныптан бастап дұрыс сөйлету үшін сөздердің дыбыстық жағы, дұрыс айтылуы қадағаланады.

Оқушының орфографиялық нормаға сай дұрыс жазуы – бастауыш сынып мұғалімінің маңдай терінің жемісі. Бастауыш сыныпта бағдарламаға сәйкес жоғарыда көрсетілген білім-білік дағдылары қалыптасқан оқушылар сауатты жазуға дағдылану барысында графикалық түрде қарым-қатынас жасау мүмкіндігіне ие болады. Осы арқылы жазуын ғана емес, сөйлеуін және таным мүмкіндіктерін жетілдіре алады. Таза жазу дағдысының алғашқы бастамасы әріптің әрбір бөлігін дұрыс сызып көруі арқылы қалыптасады. Әдетте, мұғалім тарапынан оқушыға әдемі, сауатты

жаздыру ғана емес, оқушының бүкшимей, басын тым төмен салбыратпай, денесін тік ұстап, өзін дұрыс игеруіне қатты көңіл бөлінеді. Оқушылар жазу ережесін сақтап отырғанда ғана дұрыс жазуға үйрене алады. Сондай-ақ бастауыш сынып оқушыларына жазуға төмендегі талаптар қойылады, және бұл талаптар бастауыш мектептің барлық сыныптарында жазу жұмысының барысында орындалып отыруға тиіс:

- әріпті дұрыс жазу, дәптердің көлденең сызығынан ауытқымау;
- әріптердің элементтерін жазғанда ұзынды-қысқалы қылмай, тегіс, бірдей жазу;
- әріптердің бірін оңға, бірін солға қисайтпай, барлық әріпті бірдей, оңға қарай сәл көлбете жазу;
- әріптердің, сөздердің арасындағы қашықтықты бір қалыпты сақтап отыру, бірте-бірте жазу қарқынын тездету түсу.
- түрлі диктанттар жаздыру, әсіресе, сөздік диктантының маңызы зор.
- сөздікпен жұмыс істету.
- тақырыпқа байланысты орындау шарты әртүрлі болып келген жаттығуларды орындату;
- сөзді, сөйлемді тақтадан, кітаптан дұрыс көшіріп жазуға мән беру

Ғалымдар зерттеуі іскерлік ойындардың оқушылардың оқу үлгеріміне жақсы әсер ететін дәлелдеп отыр. Мен өз сабақтарымда іскерлік ойындарды оқытудың тиімді, үнемді, негізгі әдістерінің бірі ретінде қолданамын. Олар оқушыны қысым жасамай оқытуға мүмкіндік береді, оқушының оқиғаны терең толғаныстармен түсінуіне себепші болатынын байқадым.

Алуан түрлі ребустар, сөзжұмбақтар, құпияхаттар, сөзтуымдар, логикалық есептер білім береді және оқушыларды ынталандырады. Математикада «Кім жылдам», «Ең үздік есепші», «Хоккей» ойындары тез санауға үйретеді. «Бағдаршам», «Дым білмес» ойындары арқылы жол жүру ережелері қайталанатын. Ал «ғарышкерлер» ойыны ғылым жетістіктерімен, «Футбол», «Хоккей» ойындары еліміздің спорт шеберлерінің жетістіктерімен таныстырады. «Ағашты кім тез отырғызады» ойыны табиғатты күтіп ұстауға тәрбиелейді. Іскерлік ойындар ойнағанда бала нақты оқиғалардың куәгері болып еңбек етуге отбасылық өмірге, қоғамдық қатынастарға әзірленеді.

Идеялар банкі. Бұл әдіс ой майданы деп аталады. Топтық алдына бір міндет қойылады, осы міндетті шешу үшін топ мүмкіндігінше

жаңа, тың ұсыныстар айту керек. Барлық ұсыныстарды топ жинап алып, оларға баға береді. Бұл әдіс арқылы проблемалық жағдаят жасалып, оны шешу туралы ұсыныстар айтылып, ол ұсыныстар тексеріліп, бағаланады және ең жақсы ұсыныстар таңдалып алынады.

Мұғалімнің алдында тұрған ең басты міндеті – оқушыларды сабаққа ынталандыра білу, сол арқылы тақырыпты білу, жете меңгеру. Ана тілі, дүниетану сабақтарын қызықты, тартымды өткізу үшін сабақтың әртүрлі әдіс-тәсілдерін орынды қолдануға тырысамын. Жаңа технологияларды пайдалана отырып сабақта қолданылатын ойындарды мына төмендегі түрде қолданамын:

1 Оқыта үйрету ойындары. Бұл ойындарды сабақта да, сабақтың тыс шараларда да пайдалануға болады.

2 Тілдік ойындар: Ауызша сөйлеу және жазу машықтарын дамытуға арналған.

3 Драмалық, рөлдік ойындар. Қарым-қатынастарын жақсарту, ауызша сөйлеу, оқушы білімдерін әртүрлі жағдайларда қолдану машықтарын дамыту.

4 Психологиялық ойындар.

5 Грамматикалық ойындар т.б.

Сонымен бірге ұлттық ойын түрлерін де кезектестіре, сабақ тақырыбына байланысты пайдаланамын. Жаңа материалдарды түсіндіру кезінде «Бәйге», «Көкпар», «Асық» секілді ойындарды ойнатамын.

Қорыта келе айтарым баланың оқу және жазу дағдыларын қалыптастыру мақсатында жүргізілген жұмыстар осындай жұмыстар

§ Оқушылардың сауаттылығын қамтамасыз етуге, олардың сауаттылық деңгейін тексере отырып, білімдегі кемшіліктерді жоюға;

§ Оқушының тіл байлығын арттыра отырып, ойлау қабілетін, байқампаздығын дамытуға.

Тіл дамыту сабағында оқушының шығармашылық даму кезігіндегі қалыптасатын дағдылары

§ Өз ойын-пікірін жеткізе білуге;

§ Ізденгіштікке ұмтылуға;

§ Құбылыстарды шынайы бағалай білуге;

§ Толық фантазиялық еркіндікке;

§ Орфографиялық сауаттылықты нығайту оң әсерін тигізіп, жақсы нәтиже береді деп есптеймін.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 С.Рахметова «Бастауыш сыныпта ана тілін оқыту әдістемесі
- 2 Қазақ совет энциклопедиясы. 9 том. – А., 1976
- 3 Қ.Айтжанова. Әдебиет және өлкетану. – А., 1999
- 4 Қоянбаев Ж.Б., Қоянбаев Р.М. Педагогика. – А., 2000
- 5 Биология және салауаттану. – 2004. - №5
- 6 Қазақстан мектебі. – 1992. - №2
- 7 Ұлт тағылымы. – 2002. - №1
- 8 Қазақ тілі мен әдебиеті. – 1997. - №10-11

МӘШҮР-ЖҮСІП КӨПЕЙҰЛЫ ІЛІМІНІҢ РУХАНИ ЖАҢҒЫРУДАҒЫ ОРНЫ

БАЙМАҒАНБЕТОВА А. С.
мұғалім, № 26 мектеп-гимназиясы, Екібастұз қ.

Қазіргі әлем өзгеріп жатқан заманда қазақтың ұлттығын сақтап, ұрпағымыздың өзге елдің мәдениеті мен жат ағымдағы діндерден қорғап қалатын жол – ата тарихымыз, салт-дәстүріміз, әулие-ғұламаларымыздың рухани мұралары екендігі сөзсіз. Тамыры терең ұлт тарихындағы ерекше әулиенің бірегейі – Мәшүр-Жүсіп Көпейұлы.

Маржан сөздің марғасқасы, ғұлама, ғалым, тарихшы, философ, данагөй ақын М.Ж.Көпейұлы поэзиясында ұлттық болмысқа, ұлттық тәлім-тәрбиеге қатысты осы күнге дейін өзектілігін жоймай келе жатқан тағылымдық ой-пікірлердің молдығы баршамызға аян. Осы тұста, уақыт өткен сайын құндылығы арта түскен Мәшүр ата ілімінің идеясы мен Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласының негізгі рухани үндестігі байқалады. Мәселен, бағдарламалық мақаладағы «Туған жер», «Білімнің салтанат құруы», «Прагматизм», «Бәсекеге қабілеттілік», «Ұлттық бірегейлікті сақтау», «Сананың ашықтығы» және «Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы» [1]. басымдықтары Мәшүр ата шығармаларындағы өзекті мәселелер айналасында өзара жарасымдылық тапқан.

Әрбір адамның табан тірер туған жері болады. Туған елге, жерге деген сүйіспеншілік адамды алға жетелеп отырады. Мәшүр-Жүсіп Көпеев «Сарыарқаның кімдікі екендігі туралы» еңбегінде жер-су аттарының шығу тегіне тоқтала келе, қазақ жерінің бабаларымыздан аманат болып жеткенін ескертеді. Мұны ғұламаның туған жерге

деген перзенттік парызын өтеп, бізге рухани бағыт-бағдар көрсетіп кеткен еңбегі деуге болады.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев: «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласының XXI ҒАСЫРДАҒЫ ҰЛТТЫҚ САНА ТУРАЛЫ [1] деп аталатын I тарауында «Әжептәуір жаңғырған қоғамның өзінің тамыры тарихының тереңінен бас-тау алатын рухани коды болады. Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодыңды сақтай білу. Онсыз жаңғыру дегеніңіздің құр жаңғырыққа айналуы оп-оңай», – деп атап өткен болатын. Мемлекет басшысы айтып отырған ұлттық код – аса терең ұғым. Ұлттық код дегеніміз – ұлттық болмыс. Қазақ халқының жаратылысындағы айрықша құндылықтары тілі мен ділі (менталитеті), этностың ұлттың рухани мінез-құлқы, тарихы, ғасырлар бойы үзілмей келе жатқан салт-дәстүрі, өнері. Данагөй ақын Мәшүр-Жүсіп Көпейұлы әр заманда парасат биігінен үн қатып, халықты ұлттық құндылықтарымызды яғни, ана тілімізді, ділімізді сақтауға, тарихымызды білуге, адамшылыққа, ар мен намысқа, туған жердің қадір-қасиетін түсінуге шақырды. Міне, Елбасы атап көрсеткен ұлттық кодымыз – осы. Осы тұрғыдан қарағанда ақын поэзиясындағы рухани құндылықтар қазіргі жаңғыруымызбен сабақтасып жатқандай. Елбасымыздың аталған мақаласындағы ұлттық кодты тарихтан бастасақ, елдігімізді айқындайтын бірден бір белгі – тарихи шежіреміз. Қазақ елінің тарихы шежіреден бастау алады. Мәшүр-Жүсіп Көпеев шежіресі – қазақ тарихының қайнар көзі. «Қазақ шежіресі» туындысында жеке адамдар тарихын жер тарихымен, ел тарихымен байланыстыра баяндайды.

Екіншісі, рухани кодымыздың басты тұтқасы, ұлттың күллі қастерлі ұғымдарын, қасиеттерін бойына жиған өзегі тіл болып табылады. М. Ж. Көпейұлы: «Дүниедегі ең асыл тіл – араб тілі, одан кейін түрік тілі, түрік тілінің ішіндегі ғауһары – қазақ тілі. Қазақ тілінен асыл, қазақ тілінен бай тіл жоқ. Сол ата-бабаның тілі болған қазақ тілін осы күнгі қазақтың жалғызы білмейді. Егер қазақ тілін білсе, дін де осында, ғылым-білім де осында. Солай болғаны үшін бұрынғы өткен ата-бабаларымыз бәрі жақсы болып, әулие болып өтті», [2, с. 17] – деп қазақ тілі туралы тамаша нақыл қалдырған. Ғұлама сол заманның өзінде қазақ тілін білмейтіндер бар екенін айтып күйзеледі. Қазақ тілін білген адам дінді де, ғылым-білімді де үйренетінін насихаттайды. Ана тілінің қадір-қасиетін жоғары бағалаған ақын оны ұлттық құндылыққа, қазына байлығына балайды. Себебі, тіл – халықтың жаны, сәні тұтастай кескін-келбеті, ұлттық

болмысы. Тіл – тәуелсіздік тұғыры. Олай дейтін себебіміз, тәуелсіз елдің елдігін, ұлттың ұлт екенін, мемлекет екенін айқындайтын айрықша белгінің бірі – тіл. Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың «Жаңа тұрпатты жаңғырудың ең басты шарты – сол ұлттық кодынды сақтай білу» деп отырғаны да осы қазақ тілі мәселесі.

Мәшһүр-Жүсіп Көпеев қазақ халқы үшін білім мен ғылымды, өнер мен кәсіпті игеру алдыңғы қатарлы озық мәдениетті, өркениетті елдер қатарына жеткізеді деген ой түйеді. Осыған орайластырып, Елбасының «Рухани жаңғыру» бағдарламасындағы «халықтың өзі бәсекелік қабілетін арттырса ғана табысқа жетеді» дегенін салыстырып қарайық. Ғұлама ақынның «Нәпсіңді атқа мінгізбе» өлеңіне көз жіберейік:

Өнерге өзіңді-өзің ерте баулы,
Жастықтың бір күн көшіп кетер ауылы...
Нәпсінің кім құтылар хайласынан?
Залалы асып кетер пайдасынан.
«Білімді, зерек адам болам!»-десең,

Қара өзіңді басқаның айнасынан! [2, с. 21] – деп ерте жастан білімге құштар болуды, «Жастықтың бір күн көшіп кетер ауылы» уақыт өткен соң кеш болатынын ескертеді. Автор білімді, зерек адам өзінің білгенін өзгемен салыстыруды айтып отыр. «Қара өзіңді басқаның айнасынан!» - қандай керемет, астарлы, даналықпен айтылған ой. Бұл өлең жолдарынан өзіңді ақыл, білім жағынан басқамен салыстыр деген тұжырым екеніне тәнті боламыз. Мәшһүр атамыз:

Пайданды жақсы болсаң көпке тигіз,
Жатырқап еш адамды сыртқа теппей!
Кезінде кезең жерден қосылып қал,

Бәйгеге ұлы дүбір қалма ілікпей!, [2, с. 36]. – деп ұлы дүбір әлем өзгеріп жатқан заманда көштен қалмай, аламан бәйгеге қосылған арғымақтай дер кезінде қимылдап, біліміңмен еліңе пайда әкел дегенді ескертеді. Мәшһүр атамыздың «Сарыарқаның кімдікі екендігі» өлеңінде:

Жақсылар өнер болса, енді аянба,

Қалмаңыз басқа жұрттың табасына, [2, 95 б.]. – деп жастарды намысшыл, ұлтжанды болуға шақырады. «Дүниеге жарасады күн менен ай» өлеңінде:

Өнерсің, өнеге алсаң, үлгілі елден,

Адамшылық өнер мен берер білім!,- деп дамыған үлгілі елден өнеге алсаң өсіп-өнерсің, терезең теңеседі дегенді анық түсіндіреді.

М. Ж. Көпейұлы халықты рухани құндылығын дамытып, кемел келешекке қадам басуға үндейді. «Қолыма қағаз, қалам алайын да» өлеңінде де халықтың намыс-жігерін жанып, көштен қалмауға шақырады.

Біткен соң санаулы дем, тоқтасын ба?
Бұл тойға бұрын барып, орын алмай,
Отырып қаласың ба от басында?!...
Шабыт қыл қыран құстай шарыққа ұшып,
Шақырсын саятшылар жемін тосып.
– Біреуі көп қарақұс болып жүрме,
Көрінсе қайда жемтік, соған түсіп [3, 26 б.].

Мәшһүр атамыздың «Бұл тойға бұрын барып, орын алмай» деп отырғаны оқып, білім алып жатқан жұртқа ілеспей, ошақ басында отырып қалма дегенді меңзейді және қазақ халқына жемтікке түсетін қарақұс сияқты емес, қыран құстай биіктікті бағындыруды, жақсы ісіңе жұрт қызығатын болсын дегенді нұсқап тұрғанын көреміз. Ал биіктікке жету үшін терең білім, ұшқыр ой керек екені белгілі. Ғұламаның ойын Елбасымыз Н. Назарбаев та өз мақаласында өте тамаша жалғастырғанына тәнті боламыз.

Ұлт көшбасшысының мақаласында айтылатын тағы бір ұғым – «Прагматизм». Елбасы бұл тұжырымдамасы да ойшыл, ғұлама ақын Мәшһүр-Жүсіп Көпеевтен бастау алады. Ақынның «Дауасыз дерт» өлеңінде:

Майда бол, жігіт болсаң, тал жібектей,
Жақсы емес қатты болу тікенектей.
Ғылымың болса-дағы ұшан-теңіз,
Пайда жоқ: ез халқыңа қызмет етпей!...
Пайданды жақсы болсаң көпке тигіз,
Жатырқап еш адамды сыртқа теппей!

Кезінде кезең жерден қосылып қал,
Бәйгеге ұлы дүбір қалма ілікпей! [3, 35 б.], – деген ойы бүгін де маңызды. Мұны міне-құлық прагматизмі деп топшылауға болады. Бірлік қыл, басыңды қос, пайданды ойла,
Қазағым, қайран халқым, бауырларым! [3, 85 б.].

Өз дәуірінің көкейтесті мәселелерін қоғамдық әлеуметтік тұрғыдан терең түсінген ғұлама ақын шығармаларындағы аса маңызды мәселелердің бірі – адамдардың бірін-бірі құрметтеуі, ізет көрсетуі, сыйлауы болып табылады.

Адамзат өркениеті қарыштап дамыған сайын білім мен интеллект әлемдік дамудағы негізгі күш ретінде өзінің мәртебелі

орнын айқындап, адами капиталдың шешуші ұғымға айналып отырғаны сөзсіз. М. Ж. Көпейұлының «Өнерпаз» өлеңіне көз жіберейік:

Өнерпаз қара жерге салар қайық,

Жаһаннан алар тағылым, қанат жайып, - деп оқыған, терең білімді, өнерпаз, бәсекеге қабілетті адам жаһанмен байланыса алатынын, яғни әлемдік деңгейде жетістікке қол жеткізе алатынын өте көрегендікпен, даналықпен айтып кеткеніне тәнті боламыз. Бұл өлеңде де кемеңгер ақын ойларының бүгінгі күнгі біздің рухани жаңғыру талаптарымен үндес келетінін байқатады.

Білгеннің жүрген жері – бәрі жарық,

Жоламас кем-кетіктік оған айып...

Көзіңе көрінгеннен ғибрат алсаң,

Ғаламға болдың өзің Еділ-Жайық.

Дариядан көз жеткісіз өткізетін:

Боласың өзің кеме, өзің қайық, [3, 41 б.], – деп білімді адамның өмір жолында еш қиындық, кедергі болмайтынын айтып, шегі жоқ тоқтаусыз дарияға балайды. Ғұлама ақын өлеңдерінен «жаһан, ғалам» деген сөздерді молынан кездестіреміз. Яғни, ақынның бүгінгі күнді, әлемнің өзгеруін, жаһандану мәселесін сол заманның өзінде көтергеніне көз жеткіземіз.

Осы тұста Елбасы мақаласындағы «Білімнің салтанат құруы», «Сананың ашықтығы» бағыттарының Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы идеясымен үндес екені байқалады. Мақалада: «Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді» делінген.

Қорыта айтсақ, ғұлама, ойшыл Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы – қазақ халқының руханияты мен мәдениетінің бас ақыны. Оның ілімі халықтың рухани жаңғыруымен тығыз байланысты, ал даналығы қазіргі заманмен үндес. Мәшһүр-Жүсіп шығармалары сананы оятып, ойға ой қосады, жаңа көңіл-күй мен сезімге бөлейді, асыл армандарға жетелейді, өзіне өзі есеп беріп, рухани тазаруға жол ашады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» // Егемен Қазақстан 12 сәуір 2017 жыл (№80). – 2.б.

2. Көпейұлы М.Ж. Өлеңдер: - Алматы: Алаш, 2003. – 17,21,36,95 б.

3. Көпейұлы М.Ж. Өлеңдер, шығармашылығы: I кітап. – 26,35,41,81,88,93 б.

ЖАМБЫЛДЫҢ АҚЫНДЫҚ ШЕБЕРЛІГІ

БАХРИДЕНОВА А. Қ.

мұғалім, Абай ЖОББМ, Павлодар облысы, Ертіс ауданы

Ғасырлар бойы екшеліп, сұрыпталып, жетіле түскен халық өнерінің қайнар бұлағынан нәр алған Жамбыл өзінің совет дәуірі кезіндегі шығармаларында көркемдік биікке көткерілді. Ол ауызекі поэзиядан кәдімгі жазба әдебиетке жақын келді. Өлеңді жаңа түр, жаңа сапамен байытты деп айтуға болады. Ақындық шеберлігінің ұшталып, жетіле түсуіне жалпы совет мәдениетінің жоғары идеялық, көркемдік мақсаты әсер етті. Жамбылдың алғашқы өлеңдері негізінен адамдар жөнінде, олардың іс әрекеттері мен түрліше ауыл оқиғалары жайында болады. Байлар мен кедейлер арасындағы қайшылықтар да оның сана сезімінен сырт қалмайды.

Жас талаптың Жетісу өңірінің даңқты ақыны Сүйінбаймен кездесіп, батасын алуы оның ақындық бағын ашқан айтулы оқиға болады. Бірде 14-15 жастардағы Жамбыл жарапазан айтуды сылтауратып, Сүйінбай ауылына келеді. Үйінің сыртында ат үстінде тұрып, жарапазанға жалғастыра өз жанынан өлең шығарып, ұзақ жырлайды.

Ардақты үйдің иесі,

Бата бер менің жырыма.

Қуат бітіп үніме,

Көңілін тапсын елімнің.

Жар бол да, өзің жәрдем ет,

Жібер мені бір демеп,

– деп өтінеді жасөспірім ақын. Айтқандарына сүйінген Сүйінбай Жамбылды үйге шақырып, ұзақ отырып, өлеңін зор ықыласпен тыңдайды. Бала ақынның болашағынан үлкен үміт күткен көреген жырау: «Осы шабысыңнан тайма! Өлең-жырыңды дауылдата бер! Жолың болсын! Бақытың ашылсын, балам! Шындықты айт, әділдікті жырла! Кәне, тозығы жеткен жолға түспе, жаңа жол, даңғыл жолға түс! Өлеңің бүкіл халық сүйсініп, көңілімен иіліп тыңдайтын өлең болсын! Сенің көңіліңнің асылы патшаның қазынасынан да бай болсын!» – деп бата береді. Жамбыл да:

Менің пірім – Сүйінбай,
Сөз сөйлемен сиынбай.
Сырлы сұлу сөздері
Маған тартқан сыйындай.
Сүйінбай деп жырласам,
Сөз келеді бұрқырап,
Қара дауыл құйындай,
– деп, Сүйінбайдың өсиетін өмір бойы есінде сақтап, ұстазының есімін ардақтаумен өтеді.

Жамбыл ақындық айтысқа 17–18 жасында араласып, «Көрұғлы», «Өтеген» сияқты дастандарын да сол тұстарда жырлай бастаған.

Ақын «Менің өмірім» шығармасында:

Топ десе он жетімде тартынбадым,
Семсердей майдандағы жарқылдадым.

Ақынды ауылға ермек басып озып,
Жұлдыздай көзге түсіп, жалқындадым, – дейді.

Ел таныған ақын болу үшін, әрине, сол өңірдің ақындарымен түгел танысып, өнер сынасу керек. Жамбыл да бұл жолды өтіп, ақындық сайыстарда үлкен табыстарға жетеді.

Байдың қойын бағып жүргенде он үштегі кезінде ұйықтап қалып, түсінен ақын болып оянған Сүйінбай ұстазы сияқты, Жамбылға да ақындық түсінде аян беріп қоныпты. Ол туралы Жамбылдың өзі: «Бір күні Жетісай жайлауында жылқы бағып жүріп, түс көріппін. Түсімде ақсақалды қария келіп: «Өлең аласың ба, көген аласың ба?» – деген. Мен: «Өлең!» – деппін. Оянып кетсем, түсім екен, көкірегімді бір толқын кернеп, алқымыма тығылғандай, дереу үйге жетіп, домбыраны ала салдым да, оңды-солды төгіп-төгіп жіберіп едім, кеудем ашылып, орта түскендей болды», – деп еске алады.

Жамбыл жиырма жасында сол кездің атақты ақыны – Жаныспен айтысып, оны жеңеді. Өлгі «Менің пірім – Сүйінбай» деген өлеңін Жамбыл осы Жаныспен айтысқанда айтады. Жамбылдың «Жылқышы», «Пұшықтың ұрыға айтқаны» сияқты белгілі өлеңдері сол шамада шығарылады. Атақты «Айкүміспен айтысы» да осы тұста болады.

Жамбыл 35 жасында, яғни 1881 жылдың күзінде Іле бойында өткен бір үлкен жәрмеңкеде сол кезде орта жастардағы атақты ақын Құлмамбетпен айтысып, жеңіске жетеді. Сөйтіп, Жамбыл осыдан былай Жетісу өңірінің нөмірі бірінші ақынына айналады. Бірақ,

айтыстан кейін де екі ақын бірін-бірі құрметтеп, ардақтап өткен. Атақты Бактыбай ақынмен кездескенде де:

Қаздай қалқып, ерінбей,
Өлең тердім жасымнан.
Майкөт ақын, Құлмамбет
Орын берді қасынан,

– деп, Жамбыл аға ақынның есімін құрметтеп, ардақтай ауызға алады. Жамбыл өлеңдері мен айтыстары әуелден халықтық арнадан бастау алады. Сондықтан оның туындыларынан әлеуметтік сарын молынан байқалады. Оның өмір қайшылықтарын ерте танып, олардың сырына ой жүгіртіп өсуі шығармаларын мәнді, салмақты етеді. Жамбыл – ұстазы Сүйінбайдың үлгісімен кім болса да: мейлі болыс-би, мейлі бай, манап болсын, мінін бетіне айтып, кедей-кемтардың, әлсіздің жоқшысы болуды ақындық мұраты еткен ақын. Жамбыл ақындық өнер жайында:

Ақын деген ат болмас, Қытығын таппай сұратпай.
Қандырмай мейір суатпай, Досың болса, күлдіріп,
Жыры болмай бұлақтай. Сүйсіндіріп жұтатпай.
Тұнығы болмай сынаптай. Жауың болса, бүлдіріп:

Алатаудан арындап, Домбыраң – берен,
Асқан судай құлатпай. Жырың – оқ,

Қыбыршыған көңілден Дәл тигізіп, сұлатпай, – дейді. Жамбыл өзінің шығармашылық ұзақ ғұмырында осы ұстанымынан танған емес.

Ақынның көп жырлаған тақырыбы – "Туғалы сөзі өтпеген, қолы есеге жетпеген, құлшылықтан кетпеген" жарлы мен жалшының азапты өмірі, кедейдің күйі.

Жаман көйлек жыртылып,
От басында итініп,
Әрі дімкәс, тамақ аш,
Әрі тұттай жалаңаш,
Аш бұралып, күн суық
Жұрт соңынан жоқшылық
Көшке ілескен итше ұлып.

Аш, жалаңаш, ауру, суықта қалтыраған кедейдің аянышты тағдыры бар болғаны бір-ақ шумақ – жеті жол өлеңге сыйып кеткен. Жоқшылықтың көшке ерген итше ұлуы туралы образ әрі түсінікті, әрі өте әсерлі. Бұл жерде ұлыған ит емес, жоқшылық. Демек, сөз көшке ілесіп ұлыған ит сияқты, жұрттың соңынан қалмай ұлып

ілескен жоқшылық жайында. Ақын кедейдің күйін ұлыған аш иттің күйіне теңестіріп отыр.

«Кедей күйі» – деген өлеңінде жоқшылық тауқыметін тартқан кедей балаларының аянышты халі, кедей басындағы жоқшылық, шарасыздық шынайы бейнеленген.

Қайтіп жаның ашымас,

Неткен заман қатыбас.

Еткен еңбек, төккен тер

Қалай түкке татымас, – дейді ақын күйзеліп. Жамбыл қысы-жазы тыным көрмей, бай малының соңында жүрсе де, ауыр азап, жоқшылықта өмірі өгіп жатқан кедей туралы «Жылқышыға» деген өлеңінде де қабырғасы қайыса, ашына айтады.

Сары түнге сарылып, кірпік ілмей,

Салқын күзде бір жылы үйді білмей.

Сахарада салақтап күндіз-түні

Бұралқы ит пен малшының сиқы бірдей.

Әрідегі Дулат, Сүйінбай, берідегі ұлы Абай сияқты, Жамбыл да өз кезінің билік басындағыларының халық қамын ойламайтынын, әділетсіздігін, парақорлығын, екіжүзділігін әшкерелеп, көптің алдында беттеріне басады. Мұндай өлеңдерінің тілі уытты, мысқыл, сатираға толы болып келеді. Мұндайда ақын таланттының сыншылдық қыры ерекше күшті сипаттарымен көрінеді. Жамбылдың «Сәт сайланарда», «Шалтабайға», «Мәңке туралы», "Қалиға" сияқты өлеңдері – сондай шығармалар. Сәт болыстың елдің сорын қайнатқанын ел көзінше бетіне басса, старшина сайланып келген Көкімге:

Әлде бекіп келдің бе,

Арын сатып бетіңнің?

Бір тояйын дедің бе,

Ақысын жеп жетімнің? –

деп, жетім-жесір, жарлының ақысын жегіш, жемір етіп көрсетеді. Жамбыл дәлел, факт келтіріп жатпайды. Мұнысымен қиянатшылдық билік басына келгендерге ортақ сипат, даусыз шындық екенін білдіреді. Ал Қали байға:

Сойылыңды соғып тұр,

Болысың мен орысың,

– деуінде көп мағына, үлкен шындық бар. Отаршылдар мен атқа мінерлер ауыз жаласып, екі жағы пара үшін байдың сөзін сөйлеп, сойылын соғады дегенге меңзейді.

Ұлық пен төренің, бай-болыстың халыққа көрсетіп отырған зәбірін Жамбыл «Әділдік керек халыққа» деген өлеңінде кеңінен айтады. Өлеңнің шығу тарихы былай екен. Ақын Ұзынағаш базарында Қиысбай деген бай бастаған ұлық, төрелермен кездесіп қалады. Олар Жамбылды жақтырмаған сыңай танытады. Ұлық, төреге бұрыннан ызалы ақын олардың мына астамшылығына өлеңмен жауап береді. Бай мен ұлық, төрелердің әлсіздің ақысын жеп, халықты жоқшылыққа душар етіп отырғандарын, кедейлігі болмаса, олардың ешкімнен кем еместігін, олардың арасында неше алуан асыл азаматтар барын айта келіп, билік пен байлық иелеріне деген өзінің қатынасын былайша білдіреді.

Болыс төре жүрген жоқ, Болыс төре, билері,

Халықты қорлап, жылатпай. Кедейлерге теңдік бер

Шабарманы шаптығып, Қысы-жазы шулатпай!..

Барады елді шыдатпай.

Жырдың келесі бөлімінде билеуші әкімдерге халық мүддесін қорғап, сөзін сөйлейтін ақын тұлғасы қарсы қойылады.

Иттей көрем төрені

Тамаққа тойса үретін.

Халықтың ақын – перзенті

Ақтарып сырды беретін...

Айтқандары өтірік –

Ұлыққа кім бар сенетін.

Сыздауық жара секілді.

Денені сыздап керетін,

Жамбыл ақын сөйлесе,

Жарасы қалар жарылып,

Ел аңғарып көретін...

Үзіндіде халық сөзін сөйлейтін ақынға, оның өнеріне менсінбей қарайтын ұлықтың қылығы, оған деген өзінің жек көру сезімі ұтымды да әсерлі айтылған. Ұлықты денені сыздап керетін сыздауық жараға теңеп, ұлық қанша сызданғанмен, «Жамбыл ақын сөйлесе, жарылып», масқара болатынын ащы мысқылға айналдырады.

Араны байдың ашылған,

Барды жоқ деп жасырған.

Тебеген есек секілді

Тепкілеп орын бермеді,

Бос жатқан жер қасынан.

Көңілі қалды халықтың,

Хан, төре, ұлық, тақсырдан.

Қысым жасап халыққа,
 Ары болды қанішер
 Қойға тиген қасқырдан.
 Өмір бойы осылар
 Аяусыз елге қас қылған...
 Жуан білек қамшымен,
 Нашарларды қорқытып,
 Мазалаған, састырған.
 Мұнда хан, төре, ұлықтардың бейнесі, олардың халыққа көрсетіп отырған зәбірі, замана сыйқы көрініс тапқан.

Байлықтың түбі пайдадан,
 Өтірік-қулық айладан.
 Ұрлық-зорлық талаумен
 Жүздеп жылқы, мыңдап қой
 Байлар судай айдаған.
 Жарлының көз жасынан
 Жиналған малы зұлымның.
 Тұншығып босқа тұманда,
 Адасып талай халықтар
 Төте жол таппай жасыған,
 – деген жолдарда сол кездің өмір шындығын суреттей отырып, әлеуметтік қорытындылар шығарады.

Ақынның «Мәңке туралы» әйгілі өлеңінің шығуына мынадай жағдай себеп болыпты. Бір үлкен тойда Жамбылдың сәйгүлік аты күміс ер-тұрманымен жоғалады. Бұған Қаржау дегеннің қатысы бары анықталған соң, Жамбыл ол елдің болысы Мәңкеге шағынады. Болыс ұрыны жақтап, ақынға теңдік бермейді Сонда ыза болған ақын елдің алдында осы өлеңді айтады.

Жанғойлық болысы пысық келеді,
 Мұрындары пұшық келеді.
 Екі арадан ептеп жерінде
 Көздерін қысып келеді.
 Сөздерін ұзарта келеді,
 Өңешін қызарта келеді.
 Өнімі азырақ жерде
 Үстіне тұз арта келеді.
 Ыңыранып отырып алады,
 Әр алуан қырға салады.
 Ақыры, Құдай жарылқап,
 Қалталарын толтырып алады.

Мұнда болыстың әділетсіздігі, екіжүзділігі мысқыл, ажуамен психологиялық шебер талдау түрінде бейнеленген.

Айкүміспен айтысы

Жамбылдың жастық шағының мұңды да шуақты сырына толы ақындық өнерін танытатын сұлу жыры – Айкүміспен айтысы. Жамбыл Айкүміске «әуелден-ақ, болдың ойда», «құмары басылмаған албырт едім» – дей отырып, өзінің жүрек сырын, іңкәр көңілін астарлап жеткізеді. «Жасшылық ұрындырды талай жарға» – деп, өкінішінен де хабардар ете сөйлейді. Жігіттің арманға, сұлу сезімге бөлеп айтқан сөзіне қыз да:

Асылға арсыдағы қол жетпей ме,

Ақылмен қимылдасаң аспай-саспай,

– деп, Жамбылға жөн, жол сілтей сөйлейді әрі өзінің де ішкі, жүрек тереңінде жатқан асыл сырынан хабар бергендей қалып танытады. Айтыс үстінде Жамбыл бойжеткен қыз тағдырының ауырлығын, бағы ашылмаса, бір жаманға қор болып кете барарын айта келіп:

Сол үшін жатсам, тұрсам арманым көп,

Жем болып кете ме деп жамандарға, –

дегенде, Айкүміс, айтыс салтына орай, әріптесіне тиісе сөйлейді:

Жамбыл-ау, күпсінесің неге сонша,

Құтқарып қыз біткенді қалған жанша.

Қолдағы қаршығаңнан неге айырылдың,

Тұтқасы дүниенің сенде болса?!

Айкүмістің «қолдағы қаршығаң»

– деп отырғаны Жамбылдың сүйген, ғашық болған құрбысы – Бұрым сұлу. Бұрыммен Жамбыл бір тойда танысып, айтысады. Бұрым өте сұлулығының үстіне тамаша әнші де, ақын да екен. Екеуі бұдан кейін де талай кездесіп, айтыса жүріп, бірін-бірі шын сүйіп, ғашық болады. Бұрым өзін айттырып қойған жаққа ұзатылатын күн тақағанда, Жамбылға білдіреді, Жамбыл қызды алып қашып, ағайындарына барып паналайды. Бірақ, екі ел арасы бұзылатын болған соң, Жамбылды өзіне жақын ұстайтын елдің беделді басшысы – Сарыбай болыс ақынды зорлап көндіріп, Бұрымды әкесінің үйіне қайтарады. Айкүміс «қолдағы қаршығаңнан неге айырылдың?» дегенде, осы жағдайды меңзеп отыр. Бірақ, бұл үшін Айкүміс Жамбылды табаламайды, кінәламайды, «тұтқасы дүниенің» Жамбылдың қолында еместігін, жастардың теңіне, сүйгеніне қосыла алмайтын еріксіздігін айтады. Жамбылға: «Дітіңді білтелемей,

білдіре айтшы», – деп қалжындайды. Жамбылдың ойнақы әзіліне орай

«Жақсы сөз жан семіртер» – деген бар ғой, Әдепті мінездерің жүрсін ойда, – деп, өзі де сыпайы ұстамдылықпен құрбының жан семіртер сөзін айтады. Бұл жауап тебіrentкен Жамбыл толғанып:

Айкүміс, амалым жоқ, хош, ендеше,
Кетелік сыр білдірмей жат пендеше.
Атыңды, ақ жүзінді ұмытпаспын,
Кеудемнен қашан менің от сөнгенше,

– дейді. Жамбыл мен Айкүмістің бұл айтысын екі ақынның салғыласқан нағыз айтысы деуге болмайды. Сол себепті профессор М. Жолдасбеков: «Тіптен Жамбыл мен Айкүміс айтысқаннан гөрі, сырласқанға көбірек ұқсайды. Сондықтан да айтыста драмадан гөрі, лирикалық сыр басым», – дейді.

Жамбыл айтыстарынан оның қиыннан қиыстырып сөз табатын, үлкен қоғамдық мәселелер көтеретін, халық мүддесіне табан тіреген хас шеберлігі сезіледі. Ол айтыстардың әрқайсысы табанда сөз тапқыштық, халықтың көңіліндегі арман, мұратты тауып айтқыштық сияқты сипаттарымен ерекшеленеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ж. Жабаев. Екі томдық шығармалар жинағы., - Алматы: Жазушы., - 1982., - 240 б
2. Қазақстан ұлттық энциклопедиясы, - 3 том., 366 б
лпыі орта білім беру мектебі » КММ

БУДАН АНТРОПОНИМДЕР

БОЛАТ Г.
магистрант, ПМПУ, Павлодар қ.
ӘМІРЕНОВ Ә. Д.
ф.ғ.к., профессор, ПМПУ, Павлодар қ.

Қазіргі кезеңде антропонимика ономастиканың бір саласы ретінде лингвистикалық ғылымдардың қатарында ерекше орын алады. Ғылыми әдебиеттің көпшілігінде «антропоним», «антропонимия» және «антропонимика» терминдерінің мағынасын анықтау туралы көзқарас бірдей.

Жалқы есімдер тарихы қалыптасқан кезіндегі қоғамның идеологиясымен, мәдениетімен, даму тарихымен тығыз байланысты.

В. А. Никонов атап өткендей: «Антропонимиканың, сол сияқты бүкіл ономастиканың ең бірінші заңы – тарих» [1, 7 б.]. Сондықтан көп жағдайда жалқы есімдер қалыптасқан дәуірдің, сол уақыттың жемісі болып саналады. Сонымен қатар әр халықтың ономастикасы бірдей болмайды, ол әр түрлі хронологиялық кезең мен әр түрлі тарихи оқиғалардың ықпалымен қалыптасады [2, 16 б.].

Әр дәуірде қойылған кісі есімдерінің де өзіндік ерекшеліктері бар, себебі ол сол кезеңнің рухани мәдениетінің деңгейін ғана көрсетіп қоймай, сол дәуірде болған ұлы оқиғалар мен өзгерістердің, халықтың танымы мен түсініктерінің, әлеуметтік жағдайының көрсеткіші де бола алады. Халықтар өміріндегі болып жатқан әлеуметтік-саяси, ғылым, техника, экономика және мәдениет саласындағы әр түрлі көптеген күрделі өзгерістер тілдің сөздік қорындағы лексикалық қабаттарының, соның ішінде антропонимдердің де қалыптасып, дамып, тілді байытуына игі әсер етеді.

Антропонимдердің құрамы тек қана ана тіліндегі сөз байлығынан емес, басқа тілдерден қабылданған есімдермен де толығып, молайып отырады. Тіліміздегі кісі есімдерінің сан жағынан көбейіп, мағыналарының кеңеюі кездейсоқ құбылыс емес, ол қоғам өміріндегі тіл дамуы барысында онымен бірге болып отыратын процесс. Қазақ, моңғол және орыс халықтарының этникалық, этнографиялық, мәдени байланыстары мен тарихи сабақтастықтары тым ертеден бастау алатыны мәлім. Айсана, Айнұр, Айдана т.б. сияқты есімдердің қалыптасуы, жасалу ерекшелігін осылайша түсіндіруге болады. Бұл сөздердің құрамындағы бір сыңары парсы тілінен енген бірліктер, сондықтан мұндай кісі есімдерінің жасалуы Айсұлу, Күнсұлу, Айбарша т.б. сияқты есімдердің жасалудымен салыстырғанда кейіндеу екені дау туғызбайды.

Адам есімдерінің жасалуы, пайда болу тарихында ерекше орын алатын маңызды мәселенің бірі – тарихи, мәдени жағдайлар. Халық тарихындағы бұл елеулі жағдайлар, біріншіден, түрлі қоғамдық құрылыстағы әр түрлі наным-сенім мен діни ағымдардың (анимизм, шаманизм, тәңірлік және дәстүрлі діндердің ықпалы) байланыста болса, екіншіден, көрші елдермен жасаған алуан түрлі мәдени, сауда-саттық, әскери қарым-қатынастармен ұштасып жатады.

Қазіргі жаһандану кезеңінде де тіліміз бен мәдениетіміз елдер арасындағы өзара экономикалық байланыстар мен техникалық үдерістердің үзіліссіз дамуының нәтижесінде қайсыбір жеке тілдердің әсерін басынан кешіріп отыр.

Мәдени байланыстар нәтижесінде нақты этникалық қауымның ұжымдық психикасында да өзгерістер орын алатыны сөзсіз, олар өз кезегінде тілде көрініс табады. Әдетте, мұндай байланыстардың тіліміздегі есімдер құрамының молая түсуіне, мағыналық және функциялық мәнінің жетілуіне зор ықпал жасайды. Өйткені халқымыздың тарихында бұл байланыс ерекше терең сипатталады. Оның тарихи тамырларының өміріміздің барлық саласының орын алғаны, оның ішінде жалқы есім сөздердің және кісі аттарының жаңа форма, жаңа мазмұн алуына ықпал еткені баршамызға белгілі. Міне, осыған байланысты кісі есімдерінің тарихын, ондағы тілдік құбылыстардың орындалуын жіті байқап, оның көнелері мен жаңаларын салыстыра зерттеудің тарихи лексикология үшін де аса маңызды мәселе екенін аңғарамыз. Кісі есімдерін осылайша, лингвистикалық, этнографиялық және тарихи тұрғыдан зерттеу, тіл білімінде бұрын да, қазір де қолға алынып келе жатқан келелі мәселе.

Антропонимдер кез келген тілдегі сөздік құрамның бір бөлігі болып саналатындықтан, ол өз арнасын жалпы халықтық тіл қорынан алады да, тілдік заңдылықтарға сәйкес дамиды. Бұл ретте қазақ тіліндегі кісі есімдерінің лексиканың барлық салаларынан жасалатынын айта кеткен жөн. Сондықтан, қазақ тілінің көне де байырғы лексикалық байлығын және тіліміздің тарихын тәптіштей зерттеуде кісі есімдеріне терең талдау жасап, олардың мағыналық құрылымдары мен жасалуындағы уәжділікке мән беріп зерттеудің маңызы зор. Мұның тілімізде ғана емес, халқымыздың өткені мен бүгінін зерттеп біліп, болашағымызға нақтылы болжаулар жасауымызға да тигізер ықпалы мол. Яғни кісі есімдерінің қойылу үрдісінің ана тіліндегі атаулардан болуы, кірме сөздердің кемірек болуы – халықтық танымның сақталуының кепілі.

Жалқы есімдерді жинау, зерделеу және ғылыми талдаулар жасау тіл білімі саласы үшін ғана емес, тарих, этнография, мәдениет салаларында да қажет. Олар тарихты, этнография мен мәдениетті зерттеу үшін бай материалға ие, халықтың сан ғасырлық тарихы мен мәдениетін, саяси, әлеуметтік және мәдени ахуалдың өзгеруін, философиялық, діни, адамгершілік-этикалық, эстетикалық дүниетанымды, білім мен ой-өрісті, сенімділікті, махаббат пен сыйлауды, ескі дәуірдегі халықтың этникалық құрамы мен көші-қонын анықтау үшін құнды дерек ретінде қызмет етеді.

Тілімізде антропонимдердің ішінде бір бөлігі қазақ тіліне, ал екінші бөлігі араб-парсы, парсы-араб, араб және т. б. тілдеріне жататын антропонимдер маңызды орын алады. Мұндай

антропонимдерді будан (гибрид) антропонимдер деп атаған дұрыс деп ойлаймыз.

Будан – түрлі нысандардың, құбылыстардың, тілдердің белгілерін біріктіретін нәрсе. Негізінен, бұл термин биология мен зоологияда пайдаланылады – бұл өсімдіктің немесе жануардың генетикалық түрлерінің (түрлер, тұқымдар) қиылысуынан туындайтын организм [3, 129 б.].

Демек, будан сөздер дегеніміз – бірнеше тілдердің сөздері бірігіп, бір аталымды беруі. Осы қағида бойынша будан антропонимдерді де анықтап алуымызға болады.

Будан антропонимдерді төмендегідей топтастыруға болады:

- 1 қазақ және араб сөздерінен жасалған антропонимдер;
- 2 қазақ және парсы, иран сөздерінен жасалған антропонимдер;
- 3 қазақ және монғол сөздерінен жасалған антропонимдер;
- 4 қазақ және басқа тілдер сөздерінен жасалған антропонимдер.

Көп тараған қазақ есімдерін осы топтар бойынша ажыратып көрейік.

1 қазақ және араб сөздерінен жасалған антропонимдер:

Айәділ - қазақ тілінен - ай + араб тілінен - әділ. Әділ, адал, шыншыл.

Айғали – қазақ тілінен алынған – ай + араб тілінен – ғали – биік, жоғары. Бала әрдайым жоғары мұратқа ие болсын деген тілекпен қойылған болса керек.

Айжамал – қазақтың сөзі ай + араб тілінен алынған жамал – әдемі, сұлу, яғни айдай сұлу, әдемі болсын деген мәндегі есім.

Айзия – қазақтың сөзі ай және зия - араб тілінен алынған, зийна – жарық, сәуле, шұғыла, яғни ай сәулелі сұлу.

Аймағамбет – қазақ сөзі – ай + араб сөзі мохаммад – мақтаулы.

Айнұр – қазақ тілінен алынған ай және араб тілінен алынған нұр – жарық, шұғыла. Ай сипатты, ай келбетті.

Байахмет – қазақтың сөзі бай + араб сөзі – ахмет. Мақтауға лайық.

Байділда – қазақтың сөзі бай + араб сөзі – дилла, алтын, алтын ақша, яғни алтынға, алтын ақшаға бай болсын деп қойылған есім [4].

2 қазақ және парсы, иран сөздерінен жасалған антропонимдер:

Атанияз – қазақ тілінен алынған ата + иран тілінен алынған нияз - өтініш, тілек, үміт, сый, тарту. Бала ата тілегі, ата үмітін ақтасын деген тілекпен қойылған есім.

Айзада, Айзат – қазақтың сөзі ай + иран тілінен алынған зада – «бала» сөздерінен жасалған есім. Ай сияқты аса әдемі, көрікті бала деген мағына береді.

Айзере – қазақ тілінен алынған ай және зер парсы тілінен зер – алтын.

Айзиба – қазақтың сөзі ай және парсы тілінен алынған зиба - сұлу, көркем. Ай сияқты сұлу.

Баймағамбет – қазақ тілінен алынған бай + иран тілінен алынған мағамбет. Атақты, даңқты, атағы жайылған.

Бексейіт – бек – күшті, мықты + араб тілінен алынған сейдъ – мырза, бастық, әкім; құрметті, қадірлі.

Дәулеткелді – араб тілінен алынған дәулет – байлық, бақыт. Яғни бала ата-анаға байлық, ырыс боп туды, бақытты болды деген мағынаны береді.

Құдайберген – иран тілінен алынған хода, ходай + қазақ сөзі берген. Синонимдері – Тәнірберген, Алдаберген [4].

3 қазақ және монғол сөздерінен жасалған антропонимдер:

Ерсайын – қазақ тілінен алынған ер + монғол тілінен алынған сайын – жақсы. Яғни ең мықты, аса жақсы батыр.

Ғабитхан, Дархан, Кенжехан – монғол тіліндегі – хан сөзінің қатысуымен жасалған [4].

4 қазақ және басқа тілдер сөздерінен жасалған антропонимдер.

Айгүл – қазақтың сөзі ай – тәжіктің сөзі гул. Гүл сөзі тәжік тілінде роза деген мағынаны береді. Бұл есім қыз бала айдай сұлу, гүлдей жайнаған көрікті болсын деген тілекпен қойылған.

Байжан – қазақ тілінен алынған бай + тәжік тілінен алынған джон, үйде бала көп бөлсын, адам саны көбейсін, өсе берсін деген тілекпен қойылған есім. Түрі – Жанбай.

Будан антропонимдерде қазақ тілінің сөздік құрамы мен грамматикалық құрылысының сөз жасау, өзгерту тәсілінің ізі бар екені көрінеді. Сөз жасау, өзгерту тәсілдері тілдің грамматикалық құрылысының ерекшелігіне байланысты екендігі белгілі.

Будан антропонимдердің жасалуы негізінен тілдік заңдылыққа, оның нормасына сай бағынады. Будан антропонимдер бірнеше жолмен жасалады. Будан антропонимдердің жасалуындағы өнімді жолдың бірі – екі сөзден біріктіріп жасалған кісі аттары. Мұндай антропонимдік типке тән арқау сөздер, көбіне, ақ, сары, бай, бек, хан, болат, тас, жан сияқты компоненттер.

Будан антропонимдер дербес мағыналы сөздердің бірігуі арқылы жасалады. Мысалы: Бекайдар, Базарбай, Нұрсұлу, Айсұлу,

Күлімхан, Сағынғали, Қозыбай, Асанхан, Ақжолтай, Қаракөзайым, Ақжамал, Ахметқали, Мұхаметқали, Сейтқазы, Сұлтанәлі, Аббас, Жамалхан, Қожабек, Гүлзира, Қожабек, Әбдірахман, Әбдіқадыр, Әбдікерім, Абдолла, Хабиболла, Әзизолла, Рахметолла, Құдыретолла, Нығметолла т.б.

Бұл есімдердің әрбір компонентінің шығу тарихы, түпкі мағынасы бар. Абд (ар. құл- раб) сөзімен тіркес келеді де: Абд-олькерим, Абд-оль-рахман, Абдоль-рахим, Абд-оль-кадер, Абдолла формасында айтылады.

Ал иран тілінде хабиб – «сүйікті», «сүйкімді», олла – «кұдай», азиз – «сүйкімді», рахмет – «мейірімділік, рахымдылық», кодрет – «күш, қуат», лотф – «сүйкімділік» - нұр, «жарық, сәуле». Иран тіліндегі бұл зат есімдер алла (кұдай) сөзіне қосылғанда Рахметолла, Құдыретолла, Нығметолла сияқты кісі аттары жасалады. Бұлар қазақ тіліне енгенде, тіліміздің заңына бағынып, фонетикалық ерекшелікке ұшыраған. Олардың арасындағы шектес дыбыстар өзгеріп, яки қысқарып барып бірігіп, әрі кірігіп кеткен.

Араб тілінен енген есімдердің көпшілігі ислами ұғым-түсінік атауларынан болғаны байқалады, олар антропонимдік мағынасы жағынан өмірдің алуан түрлі саласын қамтиды. Мысалы, Адам, Азамат, Аман, Аян, Ғалым, Жазира, Жамал, Жан, Иба, Құмар, Мақпал, Нұр, т.б. сөздер әрі жалпы, әрі жалқы есім ретінде қызмет атқарады. Мағыналық аясы қазақ халқының ұлттық танымына сәйкес кеңейіп, ақпарат тасу мүмкіндігі де жоғары дәрежеге жетіп отыр.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Никонов В.А. Ищем имя / В. А. Никонов.- М.: Советская Россия, 1988. – 128 с. - ISBN 5-268-00401-8.

2 Иманбердиева С. Қ. Тарихи ономастикалық кеңістік. - Алматы : Сөздік-Словарь, 2010. - 378 б.

3 Қалиев Б. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі /Б. Қалиев. – Алматы: Мемлекеттік тілді дамыту институты, 2014. – 728 б.

4 Жанұзақов Т. Қазақ есімдерінің тарихы / Т. Жанұзақов; жауап. ред. І. К. Кеңесбаев ; Қазақ ССР Ғылым акад.; Тіл білімі ин-ты. - Алматы : Ғылым, 1971 . - 218 б.

МАҒЖАН ЖҰМАБАЕВ РОМАНТИЗМІ

ДАРГАНБЕКОВА Г. Х.
магистр, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

М. Жұмабаевтың әдебиетімізге әкелген ең басты, ең күрделі жаңалығы бұрыннан бар романтизмді орнықтырды. Өзіне дейін әртүрлі қырда, азды-көпті көріп келген әдеби бағыты бар бояуымен әдебиетімізге әкеліп, оны әрлендіре түсті, байыта түсті. М. Жұмабаев романтизмі туралы Қ. Мәшһүр-Жүсіп: «Сөйтіп М. Жұмабаевқа дейінгі қазақ әдебиетін қарастырсақ, онда романтизмнің бірер қырымен ғана қанат жайғанын, атап айтқанда, алып күш ерен батылдық, танытқан романтикалық бейне ғана түрінде көрінгенін байқаймыз. Осы орайда тек ерекше қарулы, батыл бейне жасаумен шектелмей, өмірді бейнелеудің көп қырлы жолы ретінде романтизм мүмкіндіктерін ізерлей, жан-жақты пайдалану, М. Жұмабаевта кең жүзеге аста десек қателеспейміз. Мағжан туындылары казак әдебиетінде романтизм әдісінің кемелдену шыңы болды. Мағжан орыс, батыс ақындарының романтикалық ізденістерін (сол тәрізді реализм жемістерін) өз бойына сіңіре отырып, оны казактың ұлттық бояуымен безендірді.» - дейді [1, 13 б.]. Реализмнен өзгені мойындай қоймай, оны керітартпа деп, ғылыми таным елегінен өткізгеннен гөрі жылы жауып қойып, үрке қарайтын әдетімізден арылып, өмірді бейнелеудің романтикалық әдісі әдебиеттің ішкі мазмұнына бірсыпыра ілгерінді ерекшеліктер әкелгенін саралауымыз қажет. Мағжан романтизмі әдебиетке адамның ішкі әлемінің алуан қырларытерең бейнелеуді әкелді. Әсіресе, ол эмоционалды, сезімі ұшқыр адамның жан дүниесін алғаш болып көркем кестеледі. Әрине, бұл арада Абай тәжірибесінен зерде көкжиегінен тысқары қалдырып отырғанымыз жоқ. Абайдың сыршылдығы оның ұлы мұрасының бір арнасы іспетті еді. Енді осындай сипат Жұмабаев шығармашылығының жалпы бет-бағдарына айналды. Реализм негізінен, өмірдің сараланған шынайы болмысын қамтыса, романтизм әдебиеті адамның ішкі жан-дүниесіне, сезім сырларына үңілді. Осы жағынан келгенде романтизм толыққанды реализмді әзірледі. Осыған орай толықтырсақ, ол адамның ішкі әлемін барша иірімдерімен, жүрегін аттай тулатқан қуанышымен, мұң жеңіп, шер басқан сәттерімен көрсетіп романтикалық кейіпкер бейнесін жасады. Мағжан романтизмінің алғашқы бетінде оның кейіпкері – мейлінше жігерлі, өр тұлғалы ұлттың тәуелсіздігі үшін күресті,

ерлікті аңсаушы және ол қасиетті парызды абыроймен орындауға сенімі мол күрескер кейінде болушы еді:

Жер жүзіне ер атағым жайылған,
Жан емеспін оттан, судан тайынған.
Қайраты мол қандыбалақ қыранмен,
Күн болған жоқ жаудан жүрек шайылған

немесе:

Тірілтейін алып атам аруағын,
Тазартайын Сарыарқаның топырағын.
Жан-жағына тегіс билік жүргізіп,
Кемеліне келсін кейінгі ұрпағым.

Мұндай күшті кейіпкер, отаршылдыққа қарсы ең екпінді оққа татитын пәрменді сөз бұрын-соңды әдебиетте айтылмап еді. Бірінші дүниежүзілік соғыс тұсында жазылған асқақ пафостағы өлеңдер мазмұны жағынан алғанда поэзиямыздың мазмұн ауқымын кеңейте түскен дүниелер. «От», «Пайғамбар»,

«Күншығыс», «Тез барам», «Жер жүзіне» өлеңдеріндегі романтикалық пафос, ерлікті аңсаушы лирикалық кейіпкер, зор сенім – XIX ғасырда отаршылдықты сынаған, ел мұңын жеткізген зар заман ақындарының да, одан кейінгі ағартушы реализм дәстүрі өкілдерінің де поэзиясында болмаған тың серпіліс. Оның романтизмінің алғашқы тарауларындағы оптимистік мазмұн-отаршылдыққа қарсы күрес дәуірі болған ояну жылдарының жалынды жыры. М. Жұмабаев сенімі – қиялшыл тұлғаның көктегі арманы емес, бас көтерер азаматтардың осы игі іс-әрекеттерден қуат алған, содан барып бостандық таңына асыққан ақындық сөзі. Жаңа заманның рухын жүрегімен қабылдаған Мағжан сияқты аса ірі табиғи дарын жаңа дәуір кескінін жаңа поэтикалық мазмұнға айналдырды.

Мағжан романтизмінің жаңашыл сипаты неде? Көркемөнер тап құралы, партия қаруына айналған кезеңде қандай құнды сипатымен әдебиет ауасына тың самал желпіді деген сауал төңірегіне жетейік. Біздіңше, ақын романтизмінің кеңес тұсындағы бағалығы, әрі өзгелерге ұқсамайтын сонылығы – қарумен, дүрліктірумен, аштықпен бүтін ұлттарды бір сатыға төңкеріс арқылы өткізіп «жасанды бақыт» жасамақ болған әміршіл өкіметке өз идеясын ғана дұрыс деп санайтын демократиядан жұрдай партияға іштарта қоймауы, ұлттық тамырды жүрегінде мықтап ұстанып, тілегіне, арманына, тіпті кейде шындық болмыспен санаспай қиялына айналдыруы.

Құрбының көбі тез түлеп,
Топырлап топқа шапқанда,
Жапанда жалғыз күңіреніп,
Мен ойыма ергемін,

– деуі жоғарыдағы пікірімізге дәлел бола алса керек. Міне, осындай ұлттық дүниетанымнан туған романтизм (бұл әдеби бағыт ұлт санасының өсуімен, бостандық идеясымен тікелей байланысты) ақын әкелген бірнеше үлкен жаңалыққа меңзейді. Біріншіден өмірімізде бұл әдеби бағытты аяқтандырады. Бұл ұғымға осы бағытты жан-жақты және өзіне дейін болған тәжірибелерді мейлінше толымды түрде орнықтырды деген мәселе сыйса қажетті. Өмір шындығын бейнелеудің осы тәсілін жетілдіру, жаңа суреттер салу, жаңа бейнелер сомдау көркемдік саладағы аз олжа болмасы хақ. Екіншіден, поэзиямыздың идеялық-тақырыптық көкжейегін кеңейтті. Бұрындары да бар (махаббат, көңіл-күй, саяси-әлеуметтік, тарихи т.б.) өмірлік жайттарды жаңа мазмұнмен байытты. Соның барысында қазақ поэзиясы Мағжан арқылы қазақ қоғамының бұрын айтылса да терең көріне бермеген тұстарына барлау жасады, кейбір жалпылама айтылғандарды көркем кестемен нақтылай түсті. Үшіншіден, ақын романтизмі өзіне етене жақын элегия, лиро-эпикалық поэма, мифтік-фольклорлық мазмұндағы поэма, интимдік лирика, баллада секілді жанрларды жаңаша қырынан танытты немесе тыңнан қосты, яғни жаңа мазмұн жаңа түрді қажет етті, әрі тапты да.

Әдебиетіміздегі романтизм тарихына көз жіберсек жазылған мекені мен есте қалмаған фольклор үлгілеріне барып тіреледі, ал әдебиетіміздің тарихыда оның көрінуі – XIX ғасырдың алғашқы жартысы. Махамбет, зар заман ақындары, одан бері де Ақылбай мен Мағауия шығармалары. Осы аталған ақындардың романтизмнің түрін (ағымын) ажыратар болсақ, онда Махамбеттің шаруалар көтерілісіне дейін оптимисттік – төңкерісшіл (және көтерілістен соңғы элегия романтизмі, Дулаттың, Шортанбайдың, Мұраттың, Әбубәкір Кердерінің өткенді идеяландыру сарындағы консервативті, отаршылдыққа қарсылыққа толы романтизмі, Абайдың элегиялық романтизмі, кемеңгер ақын ұлдарының адамның жеке басының мүмкіншіліктерін көрсету үшін әдеттегіден тыс оқиға алып жеке адамдар мінездерінің айрықша қасиеттерін бейнелейтін («Медғат-Қасым», «Дағыстан») индивидуалистік романтизмі деп жалпылай сипаттама жасауға болар еді. Оған XX ғасыр басындағы Шәңгерейде кездесетін элегиялық күйлерді,

Б. Күлеевтің интимдік әуендерін қосайық. Осы аталған мазмұндағы романтизм ағымдарын М. Жұмабаевтан молынан ұшыратамыз. Бұл Мағжан поэзиясындағы қазақ романтизміне тән барлық белгілер көрінді деген түсінікті қалыптастырады. Жоғарыда айтылған ішкі ағымдарға қоса ол романтизмге, мифтік-фольклорлық, демократық, субъективтік белгілерді дарытты.

Көркем өнердегі, оның ішіндегі әдебиеттегі жаңа мазмұн қаламгер өмір сүрген дәуірдің тарихы, қоғамдық-әлеуметтік шарттарынан барып туады десек жаңа сөз айтқан болмаймыз. Тек айтылған заңдылықты өз мақсатымызға орайластырған боламыз. Төңкеріс қарсаңындағы Жұмабаев поэзиясы отаршылдыққа қарсылық идеясына толы болды. Зерделі оқырман: «Мұның несі жаңалық, XIX ғ. поэзиясында бұл идея молынан көрініс береді» – дер. Мәселе, Мағжанның әдебиетімізге әлгіндей идеяны әкелуінде емес, оны өз дәуірінің сұранысына орай жаңаша мазмұнда жырлауында. Оның жыры Шортанбайдың:

Алашты тауға үй салып,
Алды кәпір ақылдап.
Елді еркіне қоймады,
Буыршындай тақымдап.

немесе Дулаттың:

Еркінше өскен қайран ел,
Дәулетің бейне шалқар көл,
Айдының бейне асқар бел.
Ботадай бұла өскен тел,
Енді келіп камалдың,
Орыс салған қу тамға... [3].

Дегендеріндей өз еркіндігінен айырылған бодан елдің шарасыз хәлі емес, Алаш жерінің жылдан-жылға Ресей уысына кіріп баражатқанын, ел басқарып отырған «игі жақсылардың» оқалы түймелі орыстарға жалтақтап отырғанын, Кенесары сияқты азаттық ұранын салғандардың жеңілгенін көрген Шортанбай, Дулат заманында әлгіндей жолдардың жазылуы, әрине, заңды құбылыс. Орыс әбден жайлаған, оңды-солды қанқұйлы саясат жүргізе бастаған тұста, қазақтың болашағынан оқу-білім, мәдениет өрінен көріп, ағартушылық ойды дамытқан Ыбырай, Абай, Шәкәрім де өз дәуірлері үшін қисынды сөз. Мағжанның отаршылдыққа қарсылығы мейлінше жігерлі. Бұл XIX ғасырдан түрлі айырмасы бар, қоғамда

зиялы қауым қалыптасып, оның саяси, мәдени іс-әрекеттері елге отаршылдықтың езгісін көрсетіп берумен ғана, халықты оқу-білімге шақырумен шектелмейтін жаңа дәуірдің М. Жұмабаев сияқты жаңа ақыны қазақ өлеңіне жаңа саяси қоғамдық мазмұн әкелді. Ол алғашқы шығармаларында дәстүрлі ағартушылық-демократтық арнада болып келгенімен, аса зор ақындық табиғат оған XIX ғасырдан да, тіпті XX ғасырдың алғашқы жылдарынан да айырмашылығы бар қоғамның жырын айтқызды. Ендігі жерде зар замандық сарын, ағартушылық жолдағы үгіт-насихат емес, халықтың ойын саяси жайттарға аудару, еңсесі түскен елді еркіндікке үндеу ерлігі ересен, дәулеті шалқыған алаштын өткенін бейнелеу мейлінше тиімді еді. Қазақ қоғамында осындай мәселелерді көтеруге тиісті ақын керек болды. Бұл қоғамның заңды қажеттілігі еді Ұлы ұрыстарда дарынды қолбасшы, жаужүрек батыр туатыны секілді, тарихи қажеттілік Мағжа секілді ақынды берді. Батыр тудырған заман – ақынды да тудырды. Басылған елдің еңсесін көтеруде, мәдениет, оқу-білім қалай қажет болса, жігерлі жыр да соншалық қажет болды. Осы орайда, Мағжанның «Тез барам», «Жер жүзіне», «Күншығыс», «Пайғамбар», «От» жырлары өз замандастары арасында жаңа мазмұндағы поэзияның алғашқы, соңғы үлгілері болды. Төңкерісшіл, асқақ пафостағы жырлар Махамбет поэзиясында да болатын. Оның лирикалық кейіпкері шаруалар көтерілісін көрсететін де соның мақсат-мүддесінен туып жататын. Махамбет романтизмі Исатай Тайманов бастаған белгілі көтеріліс дүниеге әкелсе, Мағжан романтизмі жалпыұлттық азаттық идеясы тудырды. Міне, осы жоғарыда айтылған жайттарды сараптай келгенде, ақын романтизмінің жаңашылдығы турасында сөз етуге әбден болады. Ілгеріде келтірілген өлеңдер, оларға қоса жаңа мазмұндағы тағы да бірсыпыра туындылары қазақ саяси-әлеуметтік лирикасын идеялық жағынан да, көркемдік шарты жағынан да едәуір байытқан, оған тыңнан тыныс әкелген дүниелер.

Мағжан жаңашылдығының әрі бедерлі, әрі бейнелі тарауы – сыршылдығымен сабақтас. Оның әдеби мұрасында молынан кездесетін мұндай өлеңдерде өзіндік сырға толы, тез жараланғыш, тез жұбанғыш ақын жүрегі, көңілін де толқытса, соның қуанышы жан мұңына берілгіш ақын жаны поэзия тіліне кемел де, келісті көркемдікпен көшіріліп, қазақ поэзиясында сезім жырының жаңа бетін ашты. «Өмірді өлеңмен ғана емес, өзінің өмірімен суреттей білу ірі жанды адамның ғана қолынан келмек» – дейді ақын Ақан

Сері өміріне сүйсіне отырып. Осы ықыласты сөздерді автордың өзіне арнауға боларлық.

Мағжан тұсында қазақ өлеңінде субъективтілік тереңдей түсті. Ішкі сырдың молдығы, поэзияның сезім күйіне айналуы, өмірге жүрекмұнарасынан баға беру – романтизмнің белгілері. Бұл белгілер ең шыншыл көркемдік әдіс реализмге де қатты. Алайда, бұл оның романтиздегі сияқты басты қасиеті емес, сан алуан қырларының бір тарауы ғана Міне, Мағжан поэзиямызда осы қырды ұштап, дамытты. Ақынның көңіл-күй, махаббат лирикасы тіпті саяси-әлеуметтік бағдардағы лирикасының өзі оның елгезек сезімімен өріліп жатады. Көңілі құлаған нәрсеге барынша беріліп, оны сыршыл өлеңге түсірді. Өлеңге түсіргенде де шебер суреткер сезімнің өзіндей нәзік үніне, әуезді ырғағына түсірді. Ақын сыршылдығы өлеңге екі үлкен ілгерінді ықпал әкелді. Біріншіден, қазақ өлеңі ол арқылы адам жанының терең қатпарына барды, яғни өлеңнің адамтанудағы шекарасын кеңейтті. Адам сезімінің тереңдігі мен адам ойының шексіздігін көрсетудегі Мағжан еңбегінің бағалануға тиісті жақтары мол. Екіншіден, сол терең сырларды беруде ақынның шебер тілі тіліміздің бейнелеу – стилистикалық мүмкіндіктерін арттыруда табысты жетістіктерге жетті, яғни әдебиетіміздің мәдени деңгейінің өсуіне үлес қосты.

Жалпы, әдеби-тарихи дамуда ірі суреткерлер шығармаларында бедерлене байқалатын жаңашылдық қырларының түп-төркіні олардың заманынан да ілгері кезеңдерде жасаған ақын-жазушылардың туындыларынан аңғарыла бастайды. Бұл бір жағынан – тарихи-әлеуметтік қатынастардың орнығу эволюциясымен, соған сәйкес қоғамдық пікірдің қалыптаса бастауымен байланысты болса, екінші жағынан әдеби дәтүр жалғастығымен де түсіндірілсе керекті. Қоғамдық сананың бір түрі болып табылатын көркемдік сананың осындай заңдылығы сөз өнеріміздің сан ғасырлық тарихында бірнеше тұста мейлінше ерекшелене көзге түседі.

Ұлт-азаттық қозғалыстың идеялары Ахмет, Міржақып, Ғұмар т.б. шығармаларынан көрініс тапқанымен, оның көркемдігі кемел көрінісі Мағжан шығармаларына тән. А. Байтұрсынов пен М. Дулатов саналы ғұмырларын ағартушылық, қайраткерлік жолға арнады. Ғ. Қараштың ақындық бетінде жырауларды үлгі тұтқан консервативті бағыт басым болды. Оның кезінде М. Әуезов пен Ж. Аймауытов жазған еді. Олар: «Қазақ әдебиетінде романтизм дәуірі аяқтануына Мағжан көмек көрсетті» – деп дәлелдейді [2, 3 б.]. Содай-ақ, екі қаламгер Мағжан: «Мағжан – сыршылдығымен,

суретшілдігімен, сөзге еркіндігімен, тапқыштығымен, күшті, маржандай тізілген, торғындай үлбіреген, нәзік үнді күімен, шерлі, мұнды зарымен күшті. Мағжан алдымен сыршыл ақын. Мағжан өзіндей «тілге жұмсақ, жүрекке жылы тиетін» ген нәзік әуез қазақтың бұрынғы ақындарында болған емес.» – дейді, [2, 3]. Ал, Мағжан Жұмабаевтың ақындық келбеті ұлт-азаттық идеяны көркем кестелеуге бейім тұратын. Оның бірнеше себебі бар. Біріншіден, Мағжанның табиғи дарынында ағартушылық рационализмнен гөрі, сезімшілдік, ағымдағы оқиғаны жылдам қабылдайтын ұшқырлық басым жататын. Екіншіден, ақын өленді үгіт-насихат құралы деп түсінбеген, оған қаламгер шығармаларындағы әдеби-эстетикалық танымның тереңдігі дәлел. Үшіншіден, оның болмысында өмірді романтикалық тұрғыдан бейнелеу қабілеті өзгелерден де терең болатын. Жалпы, әлемдік әдебиет тарихының тәжірибесі дәлелдеп отырғанындай ұлт-азаттық қозғалыс, ұлттық сананың ояну дәуірінде, әдетте, романтизм өркен жаятыны белгілі. Төртіншіден, жаңа дәуір өзінің жаңа идеяларын ала келсе, көркем әдебиет оларды табиғатына сай соны формада бейнелеуі заңдылық. Осы орайдан келгенде Мағжан шығармашылығының жанрлық болсын, тілдік-стильдік болсын қырларындағы жаңалықты аңғармау мүмкін емес. Бесіншіден, Мағжанның ұлт-азаттық тақырыбындағы шығармалары уақыт жағынан, кеңістік жағынан алғанда қазақтың қай ақынының болса да шығармаларынан кең. Рухани бостандық, ұлт бостандығы сонау Қорқыт, одан берідегі Абылай, Кенесары замандарынан өз дәуіріне дейін желі тартып жатыр. Алтыншыдан, жалпы бостандық, ерік, азаттық мәселелері – Мағжан шығармаларының алтын арқауы. Осынша көлемде осындай ілгері тақырыптарды жырлаған ақын оған дейін де, оның заманында да болған емес.

Ілгеріде айтылған жайлардан шығатын түйін – әдебиеттегі тақырып пен идея бір кезеңнің ғана жемісі емес, үлкен әдеби процестің өнебойында байқалатын, ауқымды, бай дәстүрлі құбылыс. Алайда, өмір шындығының әдебиетке көшуі, автордың оған берген эстетикалық тұжырымы уақыт өте келе басқа авторлар тарапынан өзгере, өңделе, дамытыла береді. Мұндай процесс идеяның пікір жүзінде тууынан бастап көркемдікке қарай жетіле түседі. Кезінде тікелей айтылған ойлар бейнелі байламдарға айналады. Міне, осындай көркемдік сапаның артуы кезінде Бұқардан, Дулаттан бір байқалса, Абайда ірі көркемдік дейгейде көрінеді. Ал, XX ғасыр әдебиетінде Мағжан Жұмабаевтың шығармашылығы әлгіндей

көркемдік өсудің алғашқы толыққанды үлгісі болды. Бұл жалпы алғанда қазақ әдебиетінің соны көркемдік олжасы еді.

Мағжан «алтын хакім» ізіндегі гуманизмді арқау ете отырып, ағартушылық арнада «Қарағым», «Өнер-білім қайтсе табылар», «Мен сорлы», сыншылдық арнада «Сорлы қазақ», «Жатыр», «Қазағым» т.б. өлендер жазғанымен бұл бағытта көп аялдаған жоқ. «Шолпан жинағынан соң-ақ адам образын жасаудың мазмұн жағынан да, түр жағынан да жаңа өңірлерді барлады. Абайдан кейінгі әдеби дәуірде Ахмет, Міржақып, Спандияр, Сұлтанмахмұт, Мұхаметжан тараптарынан біраз шиырланған теңдіктен айырылған қазақ қызының бейнесін жасаған Мағжанның сентименталистік образдарын айтпағанда, ақын қазақ әдебиетіне жаңа идеялық-эстетикалық сападағы тың бейнелер әкелді. А.Байтұрсынов пен М. Дулатов шығармаларында ағартушылық, публицистикалық сарында көрінен азаттыққа асыққан қаһарман Мағжан поэзиясында мейлінше көрем бейнеге айналды. Тұтас кезеңнің рухани көсемі болған қайраткер, ақын ағаларының бастамасын Мағжан көркемдік кестемен әдіптеп асыл сөзге айналдырды. Оның ақындық «менінен» туындап халқы мен ақынның аңсарынан сомдалған бұл бейне көркемдік деңгейі жоғары болған себепті – ұлт-азаттық кезеңнің шынайы қаһарманы болды. Сөйтіп, Мағжан өз заманының ең ілгерінді идеясын бейнеледі.

Мағжан Жұмабаевтың қазақ сөз өнеріне орнықтырған тақырыптық-идеялық және көркемдік арнадағы жаңалықты ізденістері – суреткердің әдеби тарихындағы маңызын ғана айқындап қоймайды, сондай-ақ, ең бастысы ұлттық көркемдік ойлау жүйесінің үлкен сатыға көтерілгенін паш етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Базарбаев М. Замана тудырған әдебиет.- Алматы: Ғылым, 1997.
- 2 Бітібаева Қ. Әдебиетті тереңдетіп оқыту. – Алматы: Мектеп, 2003, екінші басылым.
- 3 Жұмабаев М. Таңдамалы: (Өлендер, поэмалар, зерттеулер, аудармалар). – Алматы: Ғылым, 1992. – 272 бет.
- 4 Жүсіпов Қ.П. Қазақ лирикасындағы стиль және бейнелік. - Павлодар.

ЭТНОЛИНГВИСТИКАНЫҢ БАЗАЛЫҚ ҰҒЫМДАРЫ

ЕРҒАЛИЕВ Қ. С.

ф.ғ.к., қауымд. профессор, ПМПУ, Павлодар қ.

АГИНБАЕВА К. М.

қазақ филологиясы магистранты, ПМПУ, Павлодар қ.

Этнографизмдер. Этнолингвистиканың құзырына жататын барлық тілдік объектілер, нысандар, элементтер тіл білімінде этнографизмдер деп аталады.

Этнографизмдер дегеніміз – өткен дәуірлерде тұрмыс-тіршілігімізде болған, әлі де күнделікті өмірімізде қолданылып келе жатқан тұрмыстық заттар мен бұйымдардың, белгілі бір шаруашылық-кәсіп түрлеріне, салт-дәстүрге, әдет-ғұрыпқа, ырым-нанымға, баспана мен мекен-жайға, киім-кешек пен ішер асқа, туыстық, ата тектік қатынастарға әдептілік ережелерге байланысты жұмсалатын жекелеген аталымдар мен сөз орамдары. Олар қоғамдық-әлеуметтік өмірде тек қана тілдік материалдар болып саналмайды, сонымен бірге халықтың көңіл-күйінің психологиялық айнасы, арман-мұратының, тілінің, эстетикалық түрлі талғамдарының, ақыл-парасатының көрінісі, бүкіл таным-түйсіктерін айқындайтын рухани байлығы. Сондықтан да этнографизмдерді ғылыми және практикалық тұрғыдан зерттеуге айрықша көңіл бөлінеді. Себебі, ұзақ жылдар бойы өзінің тарихы мен тілін, әдет-ғұрпын, ұлттық менталитетін жоғалтпай немесе жоғалтып ала жаздаған халықтың не этностың рухани жағынан қайта оянуы, өзін-өзі тануы, осы этнографизмдерді саралап, талдап, түсінуден басталады.

Этнографизмдерді топ-топқа бөліп, саралап көрсетуге болады:

1 Шаруашылық, тұрмыстық әдет-ғұрыпқа байланысты этнографизмдер: асар, жер ошақ қазу, саба пісу, соғым басы, бақылдасу, анда болу, қол үздік, ерулік, тоқым қағар, беташар, жар-жар, сыңсу, жоқтау, аманат, бата беру, нияз және т.б.

2 Той-томалаққа қатысты этнографизмдер: құрсақ той, жарыс қазан, қалжа, шілдехана, бесікке салу, қырқынан шығару, тұсау кесу, шаш алу, ашамайға мінгізу, қозы аласы, қой жасы, үйлену, есік көрсету, бастаңғы, сорпа т.б.

3 Діни сенімнен туындаған этнографизмдер: тасаттық беру, құрбандық шалу, нәзір, ораза ұстау, ораза айт, құрбан айт, өлікті жерлеу, ас беру, шүлен тарту.

4 Ырым-нанымға, халықтық салт-дәстүрге байланысты этнографизмдер: жерік болу, ант ішісу, дәметіп ауру, ақсарбас, жан ашу, құйрық бауыр жесу, кәделі ас.

5 Қонақжайлылыққа байланысты қолданылатын этнографизмдер: түстік, қонақасы, арнайы қонақасы, бас табак, сый табак, қонақтың атын байлау, бас қою, жілік ұстату т.б.

Этникалық процестер – этностың тұрақты динамикалық жүйе ретінде тек сабақтастық пен үздіксіз даму емес, сонымен бірге уақытқа сай өзгеріп отыратын процесі.

Этникаға тек адамның керек-жарағының этникалық өзгеруіне әкелетін процестер жатады деген пайымдаулар бар. Шынында да, этностың кез-келген не басқа бөлігі өзінде болып жатқан процестің болуын сипаттайды және этникалық процесс ретінде саралануы мүмкін. Осы процестердің кең мағынасымен бірге олардың қысқаша түсінігі де анықталуы тиіс. Тек қолданбалы мағынаның анықталуына байланысты емес, этникалық процесс тәжірибеде этникалық қатыстылықтың өзгеру артықшылығын бекітеді. Этникалық процестің кең түрде және қысқаша түсінігінің шектелуі өзінің теориялық негізін құрайды, оның біріншісі – этностың эволюциялық процесін бейнелейді, екіншісі – оның жаңа жағдайға ауысу процесін бейнелейді.

Бірінші жағдайда этникалық жүйенің бөлек компоненттерінің өзгеруі туралы айтылады, ол эволюциялық сипатта бейнеленеді, егер де жүйенің өзі «этноэволюциялық» деген атқа ие болса, этникалық процестер жиіліктің алшақтығымен байланысты, «этнодискретті» деп аталады. Этногенетикалық процесте бұл маңызды рөл атқарады, адамдардың жаңа этникалық жағдайына ауысуын сипаттайды. Бұл процестер бірінші этникалық қауымдастықтың пайда болуына жағдай жасайды.

Этностың орнығуы мен қалыптасуы үшін географиялық ортаның оның тікелей және жанама іздерінің болуы куә бола алады, мәдениеттен басталып, этнонимдерден аяқталады. Климаты көптеген жағдайларда киім, тұрғын үй, ауылшаруашылық, транспорт жылдың төрт мезгіліне сай анықталады және т.б. Топырақ, рельеф пен гидрография еңбек әрекетіне, әсіресе ауылшаруашылығында, ауылдық мекендердің типтеріне әсер етеді [1, 305 б.].

Менталитет жайында түсінік. Менталитет-әлем картинасын жасайтын және мәдени дәстүр немесе қауымдастықтың бірлігін нығайтатын жалпы рухани көңіл-күй, наным-иланым, рух дағдысы, ойдың біртұтас жиынтығы. Менталитет жеке және ұжымдық

сананың өзіндік ерекшелігі бар деңгейлерін сипаттайды. Бұл орайда менталитет-өзгеше ойлау типі. Менталитет – табиғат және әлеуметтік жағдайлар салдарынан туындайтын және адамның өмір әлемі туралы ұғым-танымын ашатын жалпылық түсінік.

Менталитет терминін жанның негізгі орталық метафизикалық мәнін құндылықтар мен ақиқаттың түпдерегі ретінде қарастыра отырып, американдық Р. Эмерсон (1856) енгізді. Менталитет қоғамның мәдениеті, рухани өмірі бейнеленгенде белгілі бір дәуірдің философиялық, діни, саяси, эстетикалық теорияларында көрінетін метаұғым болып табылады.

Қазақ менталитетінің табиғатын, даму ерекшеліктерін түсіну үшін, оны зерттеудің методологиялық тұғырнамасын, танымдық әдістер жүйесін анықтап алудың да маңызы зор. Осы тұрғыдан келгенде, қазақ менталитетін тану тұтастық қағидасына негізделген танымдық әдістер арқылы жүзеге асуы тиіс. Тұтастық методологиясына негізделген танымдық әдістерінің озық үлгілерін, біз Абай, Шәкәрім дүниетанымдарынан, жалпы қазақ философиясының қалыптасу және даму жолдарынан көре аламыз. Ондағы Ақыл, Қайрат, Жүректің бірлігі, Адам мен Әлемнің өзара байланысы, тұтастығы холистикалық дүниетанымның негізін құрайды. Шәкәрімнің «арлы ақыл» концепциясы да осы тұтастық қағидасынан туындайды. Білімнің барлық түрлерінің (дін, философия, тіл, ғылым, өнер) синкреттілігі ұлт менталитетін тану мен түсінудің логикасын қалыптастырады. Ол жөнінде А. Қасабек: «Біртұтас көзқарас, дүниені жан-жақты танып білу, оның заңдылықтарын, таным процесін, әлеуметтік мәселелерді түсіну, ойлау түрлерінің жүйесін анықтау негізінен алғанда кейінгі ғасырлардың үлесіне тиеді» дей келе, «халықтың ақындық мұраларында, фольклорында эпостық жырларында, лирикалық-тұрмыстық поэмаларында, мақал мен мәтелдерінде, халық даналығында дүниеге біртұтас көзқарастық үлгілер негізі бар»- деп ой түйеді. Қазақ этносы менталитетінің даму заңдылықтарын, оның ішкі мәндік құрылымының тілдік ерекшеліктері әлі де зерттеуді қажет ететін ауқымды дүние.

Өйткені, аталған негіздер айналып келгенде этнос менталитетінің табиғатын, даму ерекшеліктерін, құндылықтарды таңдауы мен қалауын айқындайтын негізгі факторлар болып табылады.

Қазақ этносы менталитетін зерттеудің ең өзекті мәселелерінің қатарына, оның этномәдени архетиптерін талдауды жатқызуға

болады. Этномәдени архетип дегеніміз – ұлттың бет-бейнесі, қадір-қасиеті, басқалардан өзіндік ерекшелігі, жалпы ұлттың рухани болмысының көріністері. Этномәдени архетиптер ғасырлар қойнауында шындалып, уақыт талабынан сүрінбей өтіп халықпен бірге жасап, ұрпақтан-ұрпаққа жеткізіліп отырады.

Қазақ менталитетінің базистік архетиптерін мыналарды жатқызуға болады: төзімділік, ақ жарқын, ашықтық, ешқашанда тарылмау, бөгдені жатсынбау, кеңдік, аруақты құрметтеу, тәубәшілдік, рақымшылдық, сөзге тоқтау, сөздің қадірін түсіну, ақынжандылық, қонақжайлылық, ар-намысты жоғары ұстау, т.б.

Бір сөзбен айтқанда, этнос менталитетіндегі этномәдени архетиптердің басты қызметі түсінік негізінде ұрпақтар санасындағы құндылықтар жүйесінің бейнесін, келешек ұрпаққа жеткізу, рухани сабақтатық пен біртұтастықты қамтамасыз ету болып табылады [2, 24 б.].

Таным әлемі. Таным, ес білгелі бір этностың адамына ашылатын әлемнің бейнесі сияқты. Таным адамның өзі, іс-әрекеттері мен жай-күйі енетін және сол адамның өзіне ашылатын әлемдік бейнемен сәйкестендіріледі. Өйткені, сана-сезімінің өзі тіл затында өзгертілген күйде болып, заттар әлемінің, оның ерекшеліктерінің, байланыстары мен арақатынастарының идеалды мүсінде өмір сүруін қамтамасыз етеді. Тілдің заттарды, іс-әрекеттерді, сапаны, арақатынасты білдіретін белгілер жүйесі ретінде пайда болуымен адам танымның жаңа шарықтауына қол жеткізеді. Ол таным адамға объективті дүниенің субъективті бейнесін басқара алатын мүмкіндік береді.

«Әр ұлттың өкілдері өз ұлтына тән танымдық қасиеттерді иемденеді»- дейді Тарасов.

Әртүрлі тілдердегі сөздік қордың белгілі бір пайызы осындай өзгеше пайымдаудың негізінде құрылған. Оған дәлел ретінде қазақ тіліндегі атауларды келтіруге болады. Мысалы, «жолжелкен» деген шөптің аты жолдың жиегінде өетін жапырақтары желкен тәрізді дегенді білдіреді, немесе «кемпірауыз» деген жұмыс құралы ауызында тістері жоқ кемпірге теңелген және кейін солай аталып кеткен. Бұл мағынада тіл тек пайымдау құралы және тарихи-қоғамдық өмір болмысының мүсіні ретінде қызмет етіп қана қоймай, пайымдау мен таным түйіндерін өз ішінде бекітеді [3, 88 б.].

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қайдар Ә. Қазақ тілінің өзекті мәселелері. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 305 б.

2 Смағұлова К. Этностық топтар: олар кімдер? – Ақиқат, 2002. – 24 б.

3 Нысанбаев Ә. «Қазақ энциклопедиясы», 1998, II том – 88 б.

ЖАРНАМА – АҚПАРАТ БЕРУ КӨЗІ

ЕРҒАЛИЕВ Қ. С.

ф.ғ.к., профессор, ПМПУ, Павлодар қ.

НУРҒАЛИЕВА З. К.

магистрант, ПМПУ, Павлодар қ.

Мақалада қазіргі уақытта кең қолданылатын медиа жарнамалардың қолданылу деңгейі, сонымен қатар соңғы уақытта сұранысқа ие тұрмыстық заттардың жарнамалану ерекшелігі қарастырылған.

БАҚ – күнделікті теледидар, радио, мерзімді баспасөз басылымы және интернет сайттар. Оған қоса жаңа медиа мен жаңа ақпараттық технологиялардың ақпарат таратып, ақпарат жинақтауын да қосуға болады. Наполеон: «Жауға қарсы жүздеген мың қол әскерден, төрт газеттің ойсырата соққы беру мүмкіндігі зор», – деген. Бұқаралық ақпарат құралдарының адам өмірінде ерекше орын алатынын француз жазушысы Оноре де Бальзактың баспасөзді «төртінші билік» [1] деп айтқанынан-ақ аңғаруға болады.

БАҚ – бұл мемлекеттік идеология құралы. Әрбір аймақтың, әрбір мемлекеттің өзіндік ерекшеліктері бар. Ірі мемлекеттер айналасындағы шағын елдердің мәдениетін басып, халқын өз аузына қаратып алуға талпынады. Сондықтан шағын елдердің өз мәдениетіне және өз ақпараттық саясатын жүргізу ісіне мығым болуы қажет. Бұл Қазақстан үшін, мемлекеттік тілдегі бұқаралық ақпарат құралдары үшін өзекті мәселе болып табылады [2].

Әлемдегі нарықтық қатынастардың дамуымен коммуникацияның маңызды түрлерінің бірі ретінде жарнаманың рөлі артты. Жарнама – белгілі бір мақсаттарға жетуге бағытталған және оны жүзеге асыруға ықпал ететін коммуникативтік үдеріс.

Жарнама беруде өнім туралы хабарлау жеткіліксіз, оның артықшылықтарын жариялау қажет. Қазіргі уақытта жарнама ұғымының көптеген анықтамалары бар.

Жарнама – тауарлардың, қызмет көрсетудің тұтынушылық қасиеті туралы ақпарат беру және оған деген сұранысты көбейту мақсатында таратылатын хабарлама; белгілі бір адамдар, ұйымдар,

әдебиет пен өнер шығармалары туралы хабар таратып, оларды әйгілеу.

Жарнаманың мәні оның қоғамдағы алатын экономикалық, маркетингтік және коммуникациялық рөліне байланысты. Жарнаманың қоғамдық рөлі оның адамдардың санасы, көзқарасы, пікірлері мен мінез-құлқының қалыптасуына әсерін тигізуінде.

Жарнама сұраныс пен ұсыныс жасауға, бәсекенің пайда болуына, инвестиция үйіруге, өткізу нарығының кеңеюі мен сайып келгенде, жалпы экономиканың және оның әртүрлі саласының дамуына әсерін тигізеді. Бұл жарнаманың экономикалық рөлін ерекшелейді. Жарнама тек өнім туралы ақпарат беріп қана қоймай, оның тұтынушы санасында әлдебір бейне ретінде қалыптасуына әсер етеді. Осыдан жарнаманың коммуникациялық рөлін байқауға болады. Жарнама тауар сұранысының, өткізу көлемінің өсуіне тікелей әсер етеді. Бұл оның маркетингтік рөлін көрсетеді.

Медиа (ағылш. media) жарнамада – бұл мақсатты аудиторияның назарын дәстүрлі тасымалдаушылардың көмегімен, сондай-ақ коммуникацияның жаңа құралдары – сандық және желілік технологиялар есебінен жарнама материалдарына аударуға арналған мәтіндік, дыбыстық және графикалық ақпарат. Осыған байланысты барлық медиалық жарнаманы шартты түрде классикалық және интернет-жарнамаға бөлуге болады. Бірақ онлайн-көздер теледидар, радио және баспа БАҚ-тарды ауыстыратындықтан, интернеттегі медиалық жарнама ең танымал жылжыту құралдарының бірі болып табылады. Медиа-жарнама – жарнама алаңы болып табылатын сайттарда мәтіндік және графикалық жарнама материалдарын орналастыру. Көптеген белгілері бойынша бұқаралық ақпарат құралдарындағы (БАҚ) жарнамаға ұқсас келеді.

Медиа жарнаманың бірнеше түрлері бар. Олар: тележарнама, интернет арқылы жарнама, компьютерленген жарнама, тікелей пошталық жарнама, сыртқы жарнама, көліктегі жарнама, аудиовизуалды жарнама, радиожарнама т.б.

Радиожарнама. Негізгі түрлері – радиохабарландырулар, радиожурналдар, радиорепортаждар, радиороликтер.

Тележарнама. Ең танымал түрлері: телеролик, телехабарландыру, жарнамалық бағдарламалар, бағдарлама арасындағы телезаставкалар.

Аудиовизуалды жарнама. Бұл – жарнамалық роликтер, жарнамалық-техникалық фильмдер, жарнамалық-беделді фильмдер, бейне фильмдер және слайдтар.

Жарнамалық мәтіннің эмоционалдылығы әртүрлі лексикалық топтармен, соның ішінде зат есім, сын есімдермен жасалады. Бүгінде қолданыс аясындағы медиа жарнамалардың барлық түрлері эмоционалдығымен ерекшеленуде. «Назар аудар!», «Тапсырыс қабылдаймыз», «Құр қалма» сияқты фразалар осындай эмоционалдықтың белгісі. Сондай-ақ қазіргі таңда жарнама беруде интернет желілерін қолдану деңгейі өте жоғары. Осы интернет желілеріне Instagram, facefook, VK, olx т.б. желілерді жатқызуға болады.

Instagram – фотосуреттер және видео бөлісуге арналған әлеуметтік желілік онлайн қызмет. Кейбір адамдар оны жарнама, табыс көзі ретінде қолданады. Instagram желісінде адам өзіне күнделікті қолдануға қажетті тұрмыстық заттардан бастап әртүрлі қызметтерге дейінгі жарнама түрлерін таба алады.

Сандық, текемет, бесік, қыз жасауына, баланың дүниеге келуіне орай қажетті бұйымдар, ыдыс-аяқтар т.б. медиа жарнамадағы, әсіресе әлеуметтік желілердегі көп сұранысқа ие болған заттардың бірегейі. Атап айтқанда, Instagram әлеуметтік желісіндегі oimак.kz, besik_sandyk_kyzylorda, adelfi_kz электордық мекенжайлары бойынша сандықтың 200, ал бесіктің 300-ден аса түрлері жарнамаланған. Қорыта келгенде, бүгінгі таңда Қазақстанның жаңғыруын іске асыру аясында ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрыпты жаңғырту саясаты іске асырылуда. Рухани саланы жаңғырту қоғамдық сананың деңгейіне тікелей байланысты. Осыған орай жаңғырып жатқан ұлттық нақыштағы тұрмыстық заттарды күнделікті тұрмысымызға енгізу тенденциясы етек жаюда. Салт-дәстүр, әдет-ғұрыппен қатар тұрмыстық заттардың да мәртебесі артуда.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазақстан энциклопедиясы. «Қазақ ұлттық энциклопедиясы» баспасы. Алматы, 2002. 621 б.

2 Саматқызы С. БАҚ дегеніміз – мемлекеттік идеология құралы. 03.12.2010 ж. <http://kazgazeta.kz/?p=4978>

ТҮРКІ ӘДЕБИЕТІНІҢ МӘСЕЛЕЛЕРІ

ЕШІМҚҰЛОВ Ж. М.

магистр, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Эпикалық баяндау стилі мен лирикалық-психологиялық сыршылдығы қатар өрілетін түркілік дәуір шежірелерінің бірі – Мұхаммед Хайдар Дулатидың «Тарих-и Рашиди» шығармасы.

«Тарих-и Рашиди» - қара сөз бен поэзия сабақтастығы стилінде жазылған көркем шежіре жанрының классикалық үлгісі [1]. Шежіре XV–XVI ғасырларда қазіргі Қазақстан, Орта Азия, Шығыс Түркістан жерлерінде болған тарихи оқиғалар туралы сыр шертеді. Сондай-ақ Ауғанстан, Тибет, Үнді елдерінде орын алған кейбір саяси, мәдени, әлеуметтік оқиғалар да орын алған. Автор сол жерлерде мекен еткен ру-тайпалардың, халықтардың тарихын, әдет-ғұрып, салт-дәстүрін кеңінен суреттейді. Зерттеуші Н. Келімбетов шежірені: «...қазіргі Қазақстан, Өзбекстан, Шығыс Түркістан, Ауғанстан, Үндістан, Тибет елдерінің XV–XVI ғасырлардағы тарихын, географиясын, әдебиеті мен мәдениетін зерттеуші ғалымдар үшін аса құнды, таптырмас деректер көзі болып табылады», - дей келе, еңбекті қазақ халқының «төл тарихы, шынайы шежіресі» деп бағалайды [2]. Шынымен де еңбекте Қазақ хандығының құрылу тарихы, қазақтың алғашқы хандары, олардың көрші елдермен қарым-қатынастары туралы кең көлемде баяндалады.

«Тарих-и Рашиди» сонымен қатар көркемдік қуаты зор әдеби туынды болып табылады. Шығармада тарихи деректер, тарихи тұлғалардың бейнелері, халықтың тұрмыс-тіршілігі поэтикалық, философиялық-дидактикалық ұлағатпен бейнеленеді.

Дулати, әсіресе, жекелеген оқиғаларды, этнографиялық көріністерді суреттеуге келгенде оқырманна эмоционалдық әсер беретін поэтикалық сөз саптауды шебер қолданады.

Мәселен, қазақ билеушісі Қасым ханның алыстан ат терлетіп жеткен мейманы Сұлтан Саид ханды қарсы алу сәтін өте әсерлі бейнелеген. Қасым ханның сөздерін беруі:

«Біз мына даланың адамдарымыз. Мұнда қымбат бұйымдар мен асқан шеберлікпен пісірілген сан алуан тағамдар болмайды. Біздің ең қымбат қазынамыз – жылқы, ең дәмді тағамымыз – жылқының еті, ең сүйсініп ішетін сусынымыз – қымыз. Елімізде бау-бақшалар, ғимараттар жоқ, сауық-сайран құратын жеріміз – жайлау, тамашалайтынымыз – жүйрік аттар» [1].

Еңбек екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде Моғолстан мен Қашқар елдерін билеген Шағатай ұрпақтары әулетінің тарихы баяндалады. Баяндау желісі поэтикалық түйін түріндегі лирикалық өлеңдерімен қоса өріліп отырады. Шағын шумақты өлеңдердің өзі өте көркем. Олар автордың гуманистік, философиялық, эстетикалық көзқарастарын танытады.

Мысалы: «Кашмир рауасының жаз айында өте қоңыр салқын, сондықтан ешқандай желпуіштің қажеті жоқ. Ұдайы қоңыр салқын самал есіп тұрады. Оның хош иісті лебі адам жанын жадыратып жібереді. Үнемі Исаның деміндей жандандырып жіберер қасиетке ие таңғы самалдан райхан жапырақтары төгіліп жатады. Сайраған бұлбұлдар мына халді баян еткендей: «Шіріп кеткен сүйектерді кім тірілте алады?»

Бәйіт:

Жаны жарқын адамның жылы ұшырар ауласы,
Соны сезген адамның қай кезде де сау басы.

Қыста ауаның қоңыр салқындығы сондай, қардың қалыңтүскеніне қарамастан, тон киюді қажет етпейді. Оның суықтығы сол табиғи жылуды толық күйде еске түсіріп тұрады. Әлемді сәулесімен нұрландырар күн шапағын шашпаған кезде, табиғат оттың жылуынан бас тартпайды. Мына өлеңде айтылғандай.

Бәйіт:

Мазасыздау көңілім, ұшқан тозаң – көк мұңы,
Бүгінгі күн, білгенге, шарап, шатыр от күні [1].

Бұл сынды лирикалық түйіндеулер біз бұған дейін сөз еткен «Бабыр-намада» жиі кездеседі. Ал Бабыр шежіресі «Тарих-и Рашидиге» дейін жазылғаны белгілі әрі Бабырдың өзі Дулатиге ұстаз болған [2]. Демек, Дулати де шежіресін жазарда көркемдік дәстүр жалғастығынан жаңылмаған.

Жоғарыда Дулати шығармасынан келтірілген мысалдар – көркем шежірелік туындыда эпикалық баяндау мен лирикалық-психологиялық сыршылдықтың өзара бірлікте болатындығының айғағы. Демек, Шәкәрім шежіресіндегі осы сынды сипат та өзіне дейінгі шежірелер қалыптастырған көркемдік дәстүрді ұстанудың бір дәлелі деуге болады.

Шежірелік шығармаларда эпикалық баяндаудың лирикалық-психологиялық сыршылдықпен берілуі туындыларға тән мемуар, естелік, эссе жанрларының белгілерінен айқын байқалады.

Алдымен осы жанрларға тоқталайық.

Әдебиеттану ғылымының анықтамасы бойынша: «Мемуар, естелік (француз тілінде *memoires* – еске алу) – автордың өз көзімен көрген, қатысып, араласқан оқиғалар жайындағы жазбалары өмірбаян түрінде, күнделік түрінде, жол жазбалар түрінде кездеседі... Естелік немесе өмірбаян, күнделік түрлерін пайдалану көркемдік тәсіл ретінде қолданылады, шығарманың өмірдегі болған уақиғаларға, нақтылы деректерге сүйеніп жазылғанын көрсетеді. Сонымен бірге мемуарлық көркем шығармаларда белгілі тарихи кезеңнің айтарлықтай мәні бар уақиғалары іріктеліп алынып, жинақталып бейнеленеді. Жазушы өзі көрген, білген уақиғаларды әр түрлі адамдардың мінезін, іс-әрекетін, сол кездегі алған әсерін сақтай отырып, сондағы көңіл-күй әуенімен суреттейді... Мемуарлық шығармада деректілік, нақтылық, көзімен көрген, басы-қасында болған адамның баяндауына тән айғақтық, анықтықпен қатар, болған жағдайды сол адамның өз түсінігі, өз пікірі тұрғысынан қарап, өзінше бағалауға да мүмкіндік туады [3].

Сонымен, мемуарлық шығармада автор белгілі бір кезеңдегі оқиғаларды, сол оқиғалардың басы-қасында, арасында жүрген адамдарды, олардың іс-әрекетін, мінез-құлқын нақты деректермен айғақтай отырып суреттейді әрі сол кезеңнің көңіл-күйін, оған өзінің көзқарасын, ой-түйінін жеткізеді. Мұндай белгілер біз сөз еткен шежірелердің қай-қайсында да бар. Мәселен, Шәкәрімнің шежіресінде:

«Шежіре түрікті» жазған Әбілғазы ханнан бізге қалған бір мирас, шежіре жазғанда өзімізді мақтап аз сөз жазбақ еді. Бірақ менің өзімді мақтарлық лайық ісім жоқ болған соң, ұлы атамыз Құнанбай қажы марқұм жайынан аз сөз жазамын.

Қажы марқұм бұл елдің бек надан кезінде туып шала хат танып қалса да, әкесі Өскенбай биге әр жақтан келген хаттарды оңашаға алып барып, бірін-біріне салыстырып өзінен-өзі оқып, түркі кітапты оқитұғын болыпты. Және ноғай молдаларды сақтап, елсізге үй салғызып, қазақтың балаларын жиып алып, молда мен балаларды сонда сақтап оқытып, бұл жақтағы қазаққа оқу оқытып хат танытқан сол қажы марқұм еді. Осы күнгі біздің күзеу қорамыз Ескі там деген жер сол бала оқытқан тамның орны еді.

Қажы марқұмның алдына келген қазақ бұрын намаз оқымай жүрген болса да, намаз оқушы еді. Насыбай харам деп бір молда айтқан соң, насыбай атқандардың мұрнына тотыяйын құямын деп насыбайшыларды тиып еді. Бұрын зекет бермейтұғын қазаққа зекет бергізген сол кісі еді. Осы күнгі Қарқаралыдағы мешіт сол

кісінің салғызып құдайы қылған мешіті еді... Қажы марқұм аға сұлтан помощник те болып еді, бірақ ондағы мақсаты, жалғыз ғана дүние мақтаны үшін емес, қазаққа қадірлі болсам, не қорқытып, не сыйлатып шарифат жолына түсіндірермін деген ойы еді» [4].

Естелік жанрының айқын белгілері байқалады.

Бұл Шәкәрімнің Құнанбай қажы туралы айтқандарынан мысал. Автор өз жайынан да азды-көпті хабар етеді:

«Мен пақыр өз әкем өлген соң ұлы атамыз қажы марқұмның тәрбиесінде қалсам да бұрыннан ауылымыз, қыстауымыз бөлек болғандықтан және қажы марқұм мені жетім деп аяп, қысып оқыта алмай, ғылымнан махрұм қалып, жетімдікті сылтау қылып, ойыма не келсе соны істеп, әдепсіз, ғылымсыз өстім. Әйтсе де түркі танып, орысша хат танып қалдым.

Мұнан кейір әкеміздің бір шешесінен туған – Ибраһим мырза, қазақ ішінде Абай деп атайды. Сол кісі мұсылманша һәм орысша ғылымға жүйрік, һәм Алланың берген ақылы да бұл қазақтан бөлек дана кісі еді. Ер жеткен соң сол кісіден тәлім алып, әр түрлі кітаптарын оқып, насихатын тындап, аз ғана ғылымның сәулесін сездім. Ибраһим мырзаның тұрағы қазақ іші болғандықтан, қадірі азырақ білінді. Олай болмағанда данышпан, хақим философ кісі еді. Қор елде туды да, қорлықпен өтті. 1904 жылы июнь айында 60 жасында өтті, Алла тағала баршасының рухына рахмет қылсын.

Онан соңғы ұстазым – «Таржыман» газетінің иесі Ис-мағұл Гаспринский десем бек дұрыс, оның үшін сол кісінің газетін оқып бек көп пайдаландым. Алла тағала екі дүниеде мақсатына жеткізсін, әмин [4].

Бұл тұсы – мемуар жанрына тән. Екі мысалда да автор жалаң баяндаудан ада. Автордың көңіл күйін, ішкі психологиялық сезімін білдіретін сыршыл сарын бірден байқалады.

Мұндай мысалды Шәкәрімнің өзі атап өткен Әбілғазыдан да келтіруге болады.

«Біз Үргеніш уәлаятында хижраның мың он төртінші қоян жылы рабиғалауыл айының он бесінде дүйсенбі күні күннің шығуымен қатарласып дүниеге келіппіз... Біз дүниеге келген жылдың жазғытрым уақытында он жеті кісі орысқа саудаға кетіп бара жатқанда Қошжайық деген жерде мың қазақ орысқа тап болады. Екеуін тірі қалдырып, басқаларын өлтіріпті. Сақтаған кісілерден Үргеніштің хабарын сұрайды. Олардың біреуі түркістандық еді, ол: «Үргеніш шаһарында әскерден бір де кісі жоқ, нөкердің жақын отырғаны бір күндік жолда. Шаһардың бір жағы – шөл, ол жақтан жүз мың әскер барса да, шаһарға кіргенше байқалмас», - деді.

Орыстар мұның сөзіне сеніп, түркістандықты басшы қылып, мың кісі келіп, Үргеніштің Мырза қақпасына кіріп... сол күні жақсылы-жаманды мың кісі өлтіріпті. Әкеміз келіп соғысып, орыстан бір кісі қалдырмай қырыпты. Бұл оқиғадан қырық күн өткенде біз дүниеге келіппіз. Атам: «Мұның жолы мен қадамы құтты болды, бізге жеңіс әкелді және мұның анасының жамағатын ғазылар дейді, оның да орны бар», – деп, атымды Әбілғазы қойыпты. Әкеміздің аты – Араб Мұхаммед хан, оның әкесі – Хажымұхаммед хан, оның әкесі – Әмің хан, оның әкесі – Йадғар хан, оның әкесі – Теміршейх, оның әкесі – Хажытолы, оның әкесі – Арабшах, оның әкесі – Полат, оның әкесі – Менкутемір хан, оның әкесі – Бадақұл, оның әкесі – Жошы, оның әкесі – Шыңғыс хан. Одан кейінгі аталарымыз жұртқа белгілі болар» [5].

Автордың көңіл әуенін, ата-тегін мақтан тұтқан тебіренісін сезінбеу мүмкін емес.

Бұл сияқты, деректі оқиғаларды эпикалық баяндау барысында автордың көңіл-күй әуенін жеткізетін, оның шығармашылық болмысын танытатын мемуар, естелік, эссе жанрларына тән сипат-белгілер «Бабыр-намада» да, «Тарих-и Рашиди» де бар. Демек, түркілік туындыларға тән бұл ерекшелік те шежіре жазудың өзіндік бір көркемдік дәстүріне айналса керек.

Көркем шежіре жазу дәстүрінің тағы бір ерешелігі, сипат-белгісі – бұл шежірелік шығармаларда суреттелетін тарихи тұлғалардың көркем жинақтау, даралау заңдылықтарына сай сомдалған көркем бейне түрінде берілуі.

Шежіреде сомдалған көркем бейненің жарқын үлгілерін «Бабыр-намадан» табамыз. Тарихи тұлғаларды суреттеуге келгенде, автор олардың сырт келбетін, бет-бейнесін, мінез-құлқы мен амал-әрекеттерін нағыз суреткерге тән шеберлікпен бейнелейді. Оқырман тарихи тұлға жайында хабар алумен шектелмейді, көз алдында сомдалған толыққанды бейнесін көреді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Дулати М.Х. Тарих-и Рашиди (Хақ жолындағылардың тарихы). Аударған – И.Жеменей. – Алматы: М:Х:Дулати қоры, 2003. – 616 бет.

2 Келімбетов Н. Ежелгі әдеби жәдігерліктер. – Астана: Фолиант, 2004. – 480 бет

3 Бекниязов Т. Мемуар, естелік. // Әдебиеттану. Терминдер сөздігі. (Құрастырған: З.Ахметов, Т.Шаңбай). – Семей-Новосибирск: «Талер-Пресс», 2006. – 398 бет.

4 Құдайбердіұлы Ш. Түрік, қырғыз-қазақ хәм хандар шежіресі. – Алматы: Сана, 1991. – 80 бет.

5 Әбілғазы. Түрік шежіресі. Көне түркі тілінен аударған – Б.Әбілқасымұлы. – Алматы: Ана тілі, 2006. – 200 бет.

БЕКМҰРАТ УАҚАТОВ ЖӘНЕ ТАРИХИ ӨЛЕҢ ТАБИҒАТЫ

ЖҮСІПОВ Н. Қ.

ф.ғ.д., профессор, С.Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

ИБРАЕВА А. Т.

докторант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Қазақ фольклортану ғылымының алдында зерттелуге тиісті көптеген мәселелер тұр. Олар қазақ әдебиетінің арғы шығу тегі, оның көне мифологиямен байланысы, фольклордың поэтикалық құрылысы мен жанрлар жүйесі. Солардың ішінде қазақ фольклоры мен өзге халықтар фольклорын салыстыра қарап, олардың арасындағы ортақ заңдылықтар мен ерекшеліктерді айырып зерттеудің де үлкен мәні, орны бар. Қазақтың тұрмыс-салт өлеңдеріне зерттеулер жүргізу мақсатымен оны туыстық тарихы тереңде жатқан қырғыз, қарақалпақ, ноғай, татар, башқұрт, қарашай, алтай халықтарының жырларымен салыстырған ғалымдардың бірегейі – филология ғылымдарының докторы, фольклортанушы - Бекмұрат Уахатов. Бекмұрат Уахатов 20 жылдан астам уақыт қазақтың көне асыл қазынасы – ауыз әдебиетін зерттеуге, жарыққа шығаруға аса мол еңбек сіңірді.

Б. Уахатовтың еңбегі үш үлкен салада көрінетіндігі анық. Оның біріншісі – халық мұрасын жинап жарыққа шығару ісі, екіншісі – фольклор мен қазіргі әдебиетті зерттеуші, үшіншісі – тәрбиелік мәні бар әңгімелері мен сол замандағы мәселелерді көркем тілмен суреттей білген жазушы деуге болады.

Уахатов Бекмұрат 1932 жылы 29 қараша күні Ертістің Баян өңіріндегі, Лебяжье ауданы, Қорт ауылында дүниеге келген. 1949 жылы С. М. Киров атындағы Қазақ мемлекеттік университетінің филология факультетіне қазақ тілі мен әдебиеті мамандығы бойынша оқуға түседі, университетті бітірген соң аспирантурада оқуын жалғастырады. Әдебиетші, қазақтың халық әндерін, халық

ауыз әдебиетін зерттеп, фольклортану ғылымына сүбелі еңбек сіңіреді. 1975 жылы докторлық диссертациясын қорғайды.

1957-1958 жылдары «Қазақ әдебиеті» газетінде, ал 1958–1984 жылдары ғылым академиясында ғылыми қызметкер болса, 1982–1984 жылдары Қазақ әдебиеті және өнер институтының текстология және қолжазба бөлімінде қызмет жасаған.

Бекмұрат Уахатовтың ғылыми мақалаларында қазіргі қазақ прозасының озық туындыларын теориялық тұрғыдан талдаушылық бар. Ол қазақ прозасын зерделей жүріп, 1967–1969 жылдары М. Әуезов шығармаларының 12 томдығын, 1976 жылы 20 томдығын 1, 2, 3-томдықтарын құрастырып шығарды.

1961–1964 жылы «Батырлар жыры», 1963 жылы «Қазақ эпосы» 3-томын, 1964 жылы «Қазақ ертегілері», 1965 жылы «Пернедегі термелер», 1978 жылы «Жар-жар» жинақтарын құрастырып, ғылыми-зерттеу айналымына қосқан.

Сан ғасыр отарлау боданында бұғауланған ұлттық мәдениетіміз бен әдебиетіміз тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін объективті де, субъективті де жағынан зерттеу нысанасына айналды. Мәселен, Кеңес Үкіметінің пәрменшіл саясаты рухани құндылықтарды танып білуге түрлі қаулы-қарарларымен тасқындай тосқауыл жасап келді. Халқымыздың өлең-жыр, дастандары мұрағаттарда көмкеріліп, жарыққа шыға алмай, тек қана халық аузында жалғасын тауып жатты. Сол мәдениетіміздің айқын айғағы, әдебиетіміздің қайнар бұлағының бірі болған тарихи өлеңдерімізді де келер ұрпаққа зерделеп жеткізу өзекті болып отыр.

Тарихи өлеңдер тамырын халықтың қалыптасу, даму тарихымен тығыз байланысты екенін аңғарамыз. Сондай-ақ, қазақ халқының басынан кешкен «Ақтабан шұбырынды...» заманы мен «азаттық жолындағы күрес» оқиғалары талай тақырыпқа арқау болғанымен, солақай саясат ауыз әдебиеті шығармаларын ұрпақ санасынан өшіруді мақсат етті.

Қазақ поэзиясының бір саласы болып танылатын тарихи өлеңдер туралы алғаш пайымдаулар өткен ғасырдың бас кездерінде айтыла бастаған болатын. Олардың арасында А. Байтұрсыновтың «Әдебиет танытқыш» (1926) еңбегінде, М. Әуезовтің «Әдебиет тарихы» (1927), Х. Досмұхамедұлының «Қазақ халық әдебиеті» (1928), С. Сейфуллиннің «Қазақ әдебиеті» (1932) еңбектері бар. Бұл еңбектерде ауыз әдебиетінің тектері мен түрлеріне қатысты пікірлер айтылады. Бұл тарихи өлеңдер жалпы тарихи кезеңдер шындығын берудегі халық поэзиясының рухани күш-қуаты тұрғысында

бағаланады. Осы еңбектердің көпшілігінде қазақ фольклорындағы тарихи өлеңдер мен тарихи жырлардың арасына шек қойылмай бірлікте алынып, ой-пікірлер айтылды.

Сондай-ақ, сол ғасырдың орта шектерінде тарихи өлеңдерге деген ерекше көзқарастар пайда болып, зерттеушілердің назарына ілінді. Мәселен, Ә. Х. Марғұланның эпосқа қатысты еңбегі (1946), Н. С. Смирнованың XVIII ғасырдағы қазақ әдебиетіндегі эпикалық және тарихилық мәселелеріне (1948; 1949; 1951) байланысты зерттеулері мен қазақ әдебиеті тарихына арналған көп томдықтың алғашқы томында (1948) сөз бола бастады. Бұл еңбектерде де тарихи өлеңдер мен тарихи жырлар арасы толық анықталмай, зерттеушілер «тарихи жырлардың ең кішігірім үлгілері» деген атау қалыптастырды. Бұл аталып отырған еңбектердегі талданғандар шын мәнінде тарихи өлеңдер болатын.

Тарихи өлеңдердің бертіндегі туғандарына байланысты Б. Кенжебаевтың еңбегі 1916 жылғы көтеріліс жырларына арналды (1956). Осы тақырыпта Х. Ишановтың «1916 жыл және халық поэзиясы» (1958) еңбегі жарық көрді. Сөйтіп, тарихи өлеңдер туралы тарихи жырлармен қоса ғылыми тексерулер ісі басталды. Тарихи өлеңдердің ерте дәуірлерде туғандары туралы бұл кезеңдерде жинақтау ісі болса да, ғылыми тұрғыдан талдаулар шолу түрінде айтылған ой-пікірлермен шектеледі. 1960 жылы жарық көрген «Қазақ әдебиетінің тарихы» кітабының бірінші томы ауыз әдебиетіне арналып, мұнда XVIII ғасырдан бастап, тарихи өлеңдер мен тарихи жырлардың өткендегі тарихи оқиғаларды шын мәнінде жеткізе алатындығы айтылды. Кітапта XIX ғасырдағы және 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске қатысты туған өлеңдер жөнінде түсініктер беріліп, біршама ғылыми салмақты пікірлер айтылды.

Ал енді, XX ғасырдың 60-80 жылдары арасында тарихи өлеңдерді зерттеу көзқарасы жаңаша бағытқа бет алды. Атап айтар болсақ, 1962 жылы М.Жармұхамедовтің «1916 жылғы көтеріліске қатысты қазақ халық поэзиясы» атты кандидаттық диссертациясы қорғалса, 1968 жылы орыс тілінде «Қазақ әдебиет тарихының» көп томдығының бірінші томы жарық көріп, онда қазақ фольклорының XVIII-XIX ғғ. тарихи шығармаларға арналған бөлімді С. Қасқабасов пен Е. Тұрсынов, XX ғасырға арналған бөлімді Е. Ысмайылов жазады. Қазақтың тарихи жырлары мен аталған ғасырларға қатысты мұнда да бағалы пікірлер айтылған еді. М. Мағауиннің «Қобыз сарыны» (1968) атты монографиясының жарық көруі, диссертациялық еңбегінің қорғалуы да көне мұраны жаңғыртып,

жаңаша көзқарас қалыптастыруға ықпал етті деуге болады. Себебі бұл еңбектерде тарихи өлеңдер туған дәуірлерге байланысты байыпты байлам, ғылыми жаңаша тұжырымдама қалыптасқаны аян.

Ал бұл ретте Бекмұрат Уахатов «Қазақ халық өлеңдері» (1974) атты монографиялық еңбегінің бір тарауын тарихи өлеңдерге арнады. Бұдан бұрынғы тарихи жыр мен тарихи өлеңдерді бірге қарап, арасына шек қойылмай келген мәселелерге автордың бұлайша концепция ұсынуы тарихи өлеңдерге байланысты жаңаша бір бағыт әкелді деуге болады [1, 15 б.].

Тарихи жырлардың қалыптасуына тарихи өлеңдердің циклденуі ықпал еткені аталып, екі жанрдың айырмашылықтарын ғылыми тұрғыдан жан-жақты түсіндіріп, ғалымның пікірінде тарихи жырлардың қалыптасу эволюциясы сөз болып, автор екі жанрды бірлікте қарайды. Сонымен қатар тарихи жырларға арнайы терең зерттеп, осы тарауда «тарихи өлеңдердің іздеушісі керектігі» түбегейлі зерттелуі туралы мәселе қозғалған еді. Бұл пікірлер дамытылып, әсіресе, «ақтабан шұбырынды» дәуіріне қатысты «Қаратаудың басынан көш келеді» өлеңі туралы пікір талас туындап, тәуелсіздік алғаннан кейін де осы мәселе турасында көптеген мақалалар дүниеге келді.

Тарихи өлеңдердің композициясына үңілгенде онда эпикалық кеңдік барын байқаймыз. Бірақ ондағы бастан өткен қым-қиғаш оқиғалар, ел мен жердің тағдыр-талайының бәрі – өлеңді айтушы ақын атынан баяндалады. Бұл тұрғыдан алғанда тарихи өлеңдердің ең көне түрлері бізге ел мен жерге қатысты қоштасу, жоқтау, түрінде айтылған. Эпикаға тән ерекшелік бар. Бұл – батырлықты дәріптеуге тән эпика емес. Эпоста кейіпкерді даралау, қаһармандар тұлғасын жасауға қатысты оқиға қалыңдай түседі. Тарихи өлеңдерге, сол көлемді сюжетті қалыптастырудағы сарындар көзге түседі. Тарихи өлеңдердің айтары оқиға қалай, қашан болды, оның себебі мен салдары халықтың қандай күйге түскендігін жеткізу дәстүрге айналған. Тарихи жырда теңеу, эпитеттер т.б. көбірек жыр желісін қалыңдата түссе, тарихи өлеңде айшықтауларға орын берілген. Жалпы оқиғаның себебі мен салдарын жеткізудегі тарихи өлеңнің өзіне тән формасы осылай тұрақтанған. Ондағы айшықтаулардың басты үлгісі – арнаулар. Елі мен жерінен айрылған халықтың азалы әні, атамекеннен алыстаған жұрттың жайы тарихи өлеңдерде көбіне зарлай арнаудың үлгісін танытады.

1993 жылы «Қазақтың XVIII ғасырындағы ұлт-азаттық көтерілісіне байланысты туған тарихи жырлар» жөнінде

кандидаттық диссертация қорғаған Б.С.Рахымов еңбегінде тарихи жырлардың өз бастауы тарихи өлеңдерден тамыр тартатыны, тарихи өлеңдердің тақырыптық топтасулары туралы мәселелер көтеріліп, фольклортанушы Б.Уақатовтың пікірін жалғастыра түседі.

Қазақ фольклорындағы тарихи өлеңдердің шығу тегі мен дамуын саралап, өзге халықтардың тарихи өлеңімен салыстыра сипаттау, олардың поэтикалық ерекшеліктерін анықтау фольклортанушы Б. Уақатовтың ғылымдағы жетістіктерінің бірі болып саналады.

Түбі бір түркі халықтарының бір тамырдан нәр алған құндылықтарын таныту мақсатында нысанаға алынған өзекті мәселердің бірі ретінде бүгінгі таңда тарихи өлеңдерді зерттеудің бірнеше мәселелері айқын көрінеді. Яғни, қазақ тарихи өлеңдерін түрік, қырғыз, карақалпақ, татар, өзбек сынды түркі халықтарының рухани мұраларымен салыстыра отырып зерттеу, тарихы тереңде жатқан қазақ тарихи өлеңдерінің рухани мұрасын жаңаша пайымдау және қазақ тарихи жырларының қазақ әдебиетінің басқа да жанрларымен байланысын толықтай ашу сияқты әлі де көп мәселелер біздің бүгінгі зерттеулерімізде өзекті болып отыр.

Бұл мақсатта зерттеушілер өз еңбектерінде түркі халық әдебиетінің тарихы туралы зерттеулерді, тарихи құжаттар мен тарихшы ғалымдар еңбектерін кеңінен пайдалануы тиіс.

Ал шынында тарихи өлеңдерді зерттеу нәтижелері қазақ ауыз әдебиетінің көп томдық еңбектерінің халық поэзиясына арналған бөлімін толықтыратыны сөзсіз. Тарихи өлеңдер жеке ел болып қалыптасқан дәуірлердегі ел басына туған түрлі қиыншылықтарды, оқиғаларды бейнелеуімен, ел мен жер тағдырын тақырып етумен, белгілі бір дәуір тұсындағы ел күйзелісін толық ашуымен, ел қамын жеген халықтың көсемдері мен батырларын мадақтауымен, сонымен қатар тәуелсіздік жолындағы күрестің бастауы болуымен ерекшелене отырып, ел мен жердің азаттығы, халықтың арманы мен мұраты болып саналады.

Халық поэзиясындағы жоқтау, қоштасу, лирикалық өлеңдермен тарихи өлеңдердің өзара қарым-қатынасы бар. Бірақ тарихи өлеңдерді отбасы әдет-ғұрып поэзиясына жататын азалау фольклорымен шатастыруға болмайды. Онда жеке адамның өмірден өтуі, тіршіліктегі тағдыр-талайы айтылса, тарихи өлеңде жалпы халықтың елі мен жеріне деген шынайы махаббаты, қимастық сезім сырлары сипатталады. Лирикалық өлеңдермен сабақтастығы да осы тұста көрініп, тарихи өлеңдердің әнге айналуынан байланыс-бірлігі танылады.

Б. Уақатов осы айтылған заңдылықтарды жіті жадында сақтап, зерттеу өрісінде тарихи өлеңдердің көркемдік табиғатын танытуда ерекше еңбек еткен фольклорист ғалым.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Таланттар, туындылар [Мәтін] : Сын мақалалар жинағы / Уақатов Б. - Алматы : Жазушы, 1969. - 172 б.

2 Уақатов Б. Қазақтың халық өлеңдері . Алматы : Ғылым, 1974. - 285 б.

3 Уақатов Б. Қазақтың тұрмыс-салт жырларының типологиясы - Алматы : Ғылым, 1983. - 160 б.

4 Қазақ тарихи жырларының мәселелері. –Алматы: Ғылым, 1979. -312 б.

Д. ИСАБЕКОВТЫҢ «ӘПКЕ» ДРАМАСЫН ОҚЫТУДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН ТИІМДІ ӘДІС ТӘСІЛДЕР

ЖҮСІПОВ Н. Қ.

ф.ғ.д., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
КАБЫШЕВ Б., КАНАПИНА Г.
магистранттар, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Уақыттың бір орында тұрмайтыны секілді қазіргі таңда кез келген дүние үнемі өзгеріс үстінде болып отырады. Соның бір дәлелі – ілім-білім екендігі белгілі-ақ.

Сөзімізді нақтылайтын дәлелдердің бірі ретінде айта кетсек, Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016–2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында «Сапалы орта білім беруге тең қол жеткізуді қамтамасыз ету, тез өзгеріп жатқан әлемнің жағдайында зияткер, дене бітімі және рухани жағынан дамыған, табысты азаматты қалыптастыру» деп атап көрсеткендей бүгінгі таңда білім беру парадигмасы «білікті адамға» бағытталған білімнен «мәдениет адамына» бағытталған білімге көшуді талап етеді [1, 82 б.]. Білім беруді жаңаша ұйымдастыру – оның философиялық, психологиялық, педагогикалық негіздерін, теориясы мен тәжірибесін тереңірек қайта қарауды қажет етеді.

Қазіргі жаңартылған білім беру саласында бірталай өзгешеліктер бары ақиқат. Ескіше ұзын-сонар шығарманы мазмұндап беріп тиісті бағасын алатындай жүйе болмағандықтан оқытудың тәсілдері мен әдістері тым бөлектеніп кеткені бар. Ескі

бағдарламадағы тақырыптардың көбі алынып, орнына жаңадан қосылып өзгергендерін салыстырып қарайтын болсақ, олардың дұрысы да бұрысы да кездеседі. Бірақ, әрине, ол мамандардың еншісінде. Ұлттық академияның бекіткен әдістемелік нұсқаулығына сәйкес оқытылатын Дулат Исабековтың «Әпке» драмасын оқыту кезінде қандай жаңартылған әдіс тәсілдерді қолдануға болатындығына талдау жасағымыз келіп отыр.

Жалпы, 1992 жылғы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының иегері, жазушы, драматург Дулат Исабековтың «Әпке» шығармасын оқымаған адам кемі кем шығар. Автордың өз өмірінен алынып жазылған пьесаның талай оқырман жүрегін жаулап алғандығы белгілі-ақ. Осы бөлімде біз олардың қандай идеяны көксегендігінен хабардар боламыз.

«Әпке» деген сөздің өзі белгілі бір жылулық сыйлайтындай болып тұрғандығы белгілі. Сондықтан да Дулат Исабековтың «Әпке» шығармасында ата-аналарынан ерте айырылған жетімдер туралы сөз болатындығы айтпаса да түсінікті деп ойлаймын. Дегенмен асқар таудай әке мен ақ жаулықты анадан айырылса да артта қалған бүлдіршіндерді жетім деп атауға келмейтіндігі ерекше оқырманға әсер қалдырады. Айтылған ойдың себебін өзіңіз де біліп отырған шығарсыз... Артынан ерген тумаларына ата-ана да, әпке де бола білген үйдің үлкені Қамажай барлық қиындыққа төтеп бере алатын ерекше тұлға ретінде суреттеледі. Өмірден ата-ананың кеткеннен кейінгі жағдайлары қандай болатыны жазбаса да түсінікті болады-ау деген ойдамын. Әке-шешенің жоқтығын көрсетпей, бауырларының аяқтан тік тұруына, басқа бөтен жолға түспеуіне әрекет еткен Қамажайдың образын әдемілеп суреттеу тек Дулат Исабековтей жазушының қолынан ғана келетін сынды. Кішілерін оқытып, тіпті кіші інісін де үйлендіріп бөлек шығарудың өзі тіпті кейбір ата-аналардың да қолынан келмей жататындығы белгілі-ақ. Қамажайдың іс-әрекеті оқып отырған оқырманға немесе театрдан көріп, сезініп отырған көрерменге үлкен бір сабақ болатындығы белгілі-ақ.

Біз сөз етіп отырған туынды драма болғандықтан кейіпкерлердің сөйлеген сөздері мен іс-қимылдары интонация мен сезімге толы болып табылады. Қамажайдың алдынан шыққан қиыншылықтарды көтере біліп, бауырларына қамқор жан болғандығы ерекше құбылысты сипаттап көрсеткендей болады. Кейде адамдар жақындары үшін, әке-шешесі үшін өзінің жеке өмірінен бас тартып, мүлдем тастай етіп жауып тастайтынын көріп те жүрміз.

Қамажай да алдына келген серінің кеудесінен итеріп, өзгеше жауап қайтарғанын – оның бауырларына деген сүйіспеншіліктен туған махаббатын көрсетеді. Өмірге құштар жан – Қамажайдың Қабен атты жігітке берген жауабынан-ақ байқауға болады. Мысалы, назар аударайық... «Қабен ол...ол қиын сияқты, бауырларымды қиып тастай алмаймын, олар әлі мен үшін бала, өздігінен өмір сүретініне күмәнім бар». Қараңызшы, бауырларына деген сезім, аяушылық, олардың болашағына алаңдау екінің бірінің қолынан келе бермейтін құбылыс.

Біз оқушыларға аталмыш шығарманы не үшін оқытамыз, сонда? Білім алушыларды бауырмалдылыққа тәрбиелеу, өзімен бірге туғандарды жақсы көру, сезіну, ұғыну сынды әрекеттерге жол көрсететініміз анық. Енді осы шығарманы оқыту барысында мынадай әдіс тәсілдерді қолдануға болады деп ойлаймын. Мысалы, шығарманы оқытып болғаннан кейін, білім алушылар өздеріне қажет дүниені түйгеннен кейін «551» әдісін пайдалануға болады [2, 26 б.]. Яғни білім алушы осы әпкесіне арнап жазған жазушының шығармасын қорытындылап, 5 сөйлем, 5 драмаға байланысты сөз тіркесімен қоса ең соңында қорытындылап 1 сөз айтулары тиіс болады. «Мұның маңызы не?» деп те ойлап отырған шығарсыз. Қарапайым... соңғы қорытындылайтын сөз, сөйлем, ой арқылы оқушының есінде аталмыш шығарма туралы мәлімет қалары сөзсіз. Байқап қарап отырсақ, сонау 5-сыныпта өткен дүниені оқушы 11-сыныпта ұмытып қалуы мүмкін. Ал бұл әдістер керісінше мазмұнын есте қалдыруға көмектесері анық. Тағы біреуін көрейік...

Келесі мына бір сандық әдіске назар аударыңыз. Ол әдіс «515» деп аталады. Білім алушы өткен тақырып бойынша, яғни өтілген, драма бойынша 5 минуттың ішінде 15 термин айтулары керек немесе терминнің орнын жай ғана тірек сөздермен алмастыруға болады. Драманы оқыған адам сол өлеңнің ішінен ең негізгі деген 15 сөзді таңдап айтуы қажет болады [2, 28 б.]. Бұл әдіс те драманы оқытуда, оны түсінуде ерекше қажет болып табылады. Мысалы, білім алушы «әпке», «сыйластық», «бауыр», «туыс» сөздерін қайталау арқылы шығарманы өмірлік есінде сақтары сөзсіз. Ғылыми түрде дәлелденген әдіс тәсілдердің тағы біріне назар аударайықшы.

Ол «3 Қ» деп аталады. (құнды, қиын, қызық)

Аталмыш әдіс арқылы оқушы шығарманы оқу барысында қандай құндылықпен танысты, оған қиын болған және қызық тұстарымен бөлісетін болады [2, 31 б.]. Қарапайым ғана мысал, сыныпта отыратын 25 оқушының барлығы дерлік шығарманы

100 пайызға түсінбейді, кейбір тұстарына салғырттық танытады. Ал дәл осы тәсіл арқылы түсінген оқушы түсінбеген оқушының қызығушылығын шығарманың қызық жерін айта отырып жеткізуіне болады.

Әр сабақта әдістерді түрлендіру арқылы оқушылардың қызығушылықтары арта түседі. Білім берушілер көбінесе өз сабақтарында «Өрмекшінің торы» ойынын, «Қапшықтағы фасоль», «Шынжыр», «Сыдырма», «Стикердегі 10 сұрақ», «Джигсо», «Ыстық орындық», «Бес саусақ» әдістерін қолдану барысында оқушылардың оқуға, өз білімдерін саралауға, талдауға қызығушылықтары артады. Ал оның ішінде драманы оқытуда тіпті ерекше рөл атқарады [2, 33 б.].

Мысалы, дебат – бұл ұйымдастырылған, жарыс түріндегі дау екендігі белгілі. Дебаттарда аралық судья төрелік етеді, ол қай тараптың жеңгені, ал қай тараптың жеңілгені туралы шешім қабылдайды. Тақырыпты меңгергеннен кейін оқушылар екі топқа бөлінеді, бірі жақтаушы тарап болса, екіншісі даттаушы болады. Яғни шығарма мазмұнына сәйкес олар бір титтей детальді алып, талдау жұмыстарын жүргізеді. Ол бас кейіпкердің өмірі туралы болмақ. Жақтаушы жақ әпкенің бауырларына қамқорлығын дұрыс деп санаса, екінші даттаушы керісінше ол адамның өзінің өмірінің барын қарсыластарға ескертіп, жеке өміріне қатысты детальдарды сипаттайтын болады. Бұл әдіс, біріншіден оқушының шешендік сөйлеу қабілетін дамытса, екіншіден өз ойын еркін жеткізуіне де септігін тигізеді.

Келесі «Серпілген сауал» әдісіне мән бере кетсек. Тақырыптың түсіну деңгейін арттыруға және талқылау дағдыларын дамытуға қол жеткізу үшін сыныптағы оқушылардың арасында бірінен-біріне сұрақтарды «лақтыру» [2, 34 б.].

Мысалы:

- Асан, Айнаның пікіріне қосыласың ба?
- Айна, Асанның жауабын тағы қалай толықтыруға болады?
- Асан, айтылған пікірлерді бір сөзбен қалай тұжырымдауға болады? т.б.

Сонымен қорытындылай келе, жаңа бағдарламаның мәні, баланың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру. Оқушы өзінің мектеп қабырғасында алған білімін өмірінде пайдалана білуі керек. Сол үшін де бұл бағдарламаның негізі «Өмірмен байланыс» ұғымына құрылған. Ұстаздарға үлкен жауапкершілік міндеттелді. Оқушылардың бойына ХХІ ғасырда өмірдің барлық салаларында табысты болу үшін, қажетті дағдыларды дарыту үшін, мұғалімдер

тынымсыз еңбектену керек. Жаңартылған оқу бағдарламасы аясында тек өз пәнін, өз мамандығын шексіз сүйетін, бала үшін ұстаз ғұмырын құдіретті деп санайтын білімді мұғалімдер ғана жұмыс істей алады.

Үйренгеніміз де, үйренеріміз де көп Үнді халқының тарихи тұлғасы Махатма Гандидің «Егер сен болашақтағы өзгерісті байқағың келсе, сол өзгерісті уақытында жаса» [3, 63 б.] деген ілімін негізге ала отырып, оқушы бойындағы қабілетті жетілдіріп, оқушыларды болашаққа жетелеп, жақсы істі бастап отырған жайымыз бар.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 «Тәжірибедегі рефлексия» жалпы білім беретін мектептердегі педагогика кадрларының кәсіби даму бағдарламасы Тренерге арналған нұсқаулық. 2017 жыл. «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, «Педагогикалық шеберлік орталығы» баспасы, 214 бет

2 Мұғалімдердің біліктілігін арттыру бағдарламасы, екінші басылым, «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ, Педагогикалық шеберлік орталығы, 2017 жыл, 302 бет

3 «Жаңашыл білім табысқа жетелейді». Мағауина С.К мақаласы, «Жаңашыл ұстаз» республикалық ғылыми-әдістемелік журнал, Алматы, №3 (17) 2017 жыл, 118 бет

ЖҮСІПБЕК АЙМАУЫТОВ ШЫҒАРМАЛАРЫ – ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ ҰЛТ ҚҰРАУДЫҢ ТІРЕК КӨЗІ

ЖҰМАТАЕВА Е.

п.ғ.д. профессор, директор, Ж. Аймауытов атындағы этнопедагогика және білімденудің инновациялық технологиялары ФПО,
С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

БЕИСОВА А.

ғылыми қызметкері, Ж. Аймауытов атындағы этнопедагогика және білімденудің инновациялық технологиялары ФПО,
С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Жаһандану заманында интеллектуалды ұлт қалыптастыру, мемлекет басшысы нұсқағандай, қатал бәсекеге қабілетті мамандарды даярлауға ғана қатысты емес, оларды ел экономикасын алға тартатын күш ретінде орнықтыруға байланысты. Отандық білім жүйесі өз қызметін «Білім беруге салынған бүгінгі инвестиция –

мемлекеттің ертеңіне жасалған қамқорлық» деген қағидаға сүйене отырып жүзеге асыруы көзделеді.

Жоғарыдағы айтылып өткен Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың интеллектуалды ұлт құрау бағдарламалық еңбектерінен ұғарымыз білім беру жүйесін инновациялық технологиялармен жабдықтайтын, білімнің халықаралық мүддесіне унификациялайтын, қоғам сұрамына жауап беретін, өз ұлтының рухани құндылығын менгерген және оны жалпыадамзат игілігіне үлес ретінде қосатын инклюзивті тұлға даярлау бүгінгі педагог қауымның макроміндеті. Бұл орайда, Жүсіпбек Аймауытовтың біздерге қалдырған Асыл Мұрасы тірек көз болмақ.

«Технология» ұғымы тұлғаның ойлау шеберлігі дегенді білдіретініне бүгінде әлі де болсын жете мән берілмеуде. Міне, шешімін таппай отырған осындай көкейкесті мәселелерді Ж. Аймауытов өз еңбектерінде жан-жақты ашып берген. Нақтылап айтсақ, 1926 «Психология» және «Жан жүйесі мен өнер таңдау» деген еңбектері Ташкентте жарық көрген. Алғашқы еңбегінің беташарында зерттеуші: «Психология – терең ойдың білімі» Құрғақ пәлсапа бос сөз екен деп. Бір нәрсені керекті жеріне кіргізіп, көбінесе өмірге керекті, пайдалы сөздерді тердік... Қарапайым кісіге нені білу пайдалы? - деген сұрауларды есімізден тастағымыз келмеді, әрине, кейде, лажсыз ол сұраудан шетірек кетуге тура келді... Өйткені үнемі оңай бола бермей, адамның бір қабат ойландырылдық миын дағдыландырылдық дерексіз нәрселер де керек». Үйрену мен оқу, білім алу сияқты әрекеттер адам баласының танымына тәуелді. Философиялық тұжырым кез келген адамға тән құбылыс емес. Бірақ, әр адам ондай тұжырымды меншіктей алады. Алдымен адамдар бір бірімен қарым-қатынас жасау арқылы білім арнасына түседі» – деп тұжырымдайды. Қорыта келгенде, «Психология» пәнін Ж. Аймауытов терең ойға қам жасайтын пән дегенді білдіретінін дәлелдеген. «Интеллектуалды ұлт» ұғымына қатысты Ж. Аймауытов психология пәніне берген анықтамасы «терең ойға жасайын» - дегені бүгінгі таңда да көкейкесті демекпіз.

Ж. Аймауытов «жанды зерттейтін ғылым» демей, «Психология» іліміне анықтама бермей, форматты одан жоғары алып отыр. Ойдың күн сайын ілгерілеген біліммен тезаурустық-ғылыми негізде тереңдеу қарқынына мән бергені байқалады.

Ойлау шеберлігінің шыңдалу кульминациясына жетуіне білім беретін педагогтардың әдіснамалық, методологиялық әзірліктері мол болуының үлгісін ұсынған. Оны мына бір екі түрлі зерттеушінің

тұжырымдарын саралау арқылы алғашқы еңбегін жазар алдындағы Ж. Руссоның 150 жыл бұрын айтқан идеясына басымдық беретінінен байқаймыз.

Руссо еш уақытта бір баланы басқа балалармен салыстырма. Егер оның ой тоқтатқаны байқала бастаса, оны тіпті балалармен жүгіртіп те жарыстырма. Қызғаншылық пен көреалмаушылыққа, мақтаншақтыққа үйренгеннен гөрі түк те үйретпеген жүз есе артық деген ой-түйеді. Нәтижесінде, баланы сыныптасымен бәсекеге түсірмей, өзін-өзімен бәсекеге бағдарла, «Кеше қалай едім?», «Бүгін қалаймын» деген сауалға үйрет дегенді аңғарамыз.

Өйткенше, мен оның жылдағы істегендерін жазып отырар (аналитика, сараптама) едім. Сөйтіп өткен жылдағы істегендерімен биылғысын салыстырып отырар едім. Мен оған «Сен енді былтырғыдан пәлен дүйім артылдың ... Бұрынғыдан қалай болдың екен? Енді байқайық дер едім... Сонда оған өзімнен-өзім артылам деген тілек пайда болар еді. Міне, осындай өзінің бұрынғы «Менімен» бақталас субъектіде ешбір жамандық болмайтынын дәйектеген.

Джеймс айтады: «Мен психологияны білсем, бәсекенің терең мағыналы, зор пайдасы бар деп айтуға міндеттімін. Сондықтан ол құралдан мүлде безеді деуге шегім бар» – деген тұжырымын Руссо пікіріне қайшылық ретінде келтіреді.

Біреудің істеген ерлігін естігенде намысымызды қоздырып, сол іске итеретін сезім – тентектік баланың қытығына тиіп, тентектік қоздыру дұрыс Мүриттей дүние жинамайтын, он екі мүшесінен басқа түгі болмауды шарт қылған сопылар қаумы риясыздыққа зорлап, адамның жүрегін бақытсыз қылмау керек деп, ережелерін имектеніп, жұмсартып отыр, соны еркектің өзіне тән қымбаты, соны әйелдің өзіне тән бақтасы, бөлмесінде болуға рұқсат беріп отыр. Бұдан біздер әр тұлғаның өз мүмкіндігі бар екеніне көңіл аудартып тұрғанын аңғарамыз. Бұл орайда, ұлттық психологияға Ж. Аймауытовтың қосқан үлесі мінез-құлыққа қатысты қызғаныш, іштарлық, көреалмаушылықтың өзі жөнсіз бәсекелесуге қатысты туады дегеніне мән береміз.

Әдіснама негізі ретінде Ж. Аймауытов, Ж. Руссо мен Джеймстің еңбектері ғана зерттемеген. Бүкіл әлемдік философия – педагогика іліміне математика пайымымен зерделенген Аристотельден бастап Локка, Лейбницке дейін қамтыған, аталған зерттеушілердің еңбектеріне талдау жасалған.

«Ойлау шеберлігін» әдіснамасын құрып берген Ж. Аймауытов алгоритммен екінші ойлау іс-әрекетін тұлғаның «ой сандығы» сапасында бүгінгі компьютер желісінде қарастырады.

«Ой сандығын» екі түрлі: бүгінгіше екі файлға, екі жүйеге бөліп береді: 1) Жұлма жад; 2) Философиялық жад. «Ой сандығы» интеллектуалды ұлт құрауға көмектесер компьютер дегенді байқаймыз. Сонау ХХ ғасырдың басында Ж. Аймауытов осындай проект ұсынған.

Егер бүкіләлемдік, Ресей, ТМД елдерінің психология нысанын бағамдаған зерттеушілердің еңбектерін сараптасақ, бұл пәнді ойлау тереңдігін қамтитыннан гөрі тұлғаның жанын зерттейді деген қортындыны аңғарамыз.

Ал Ж. Аймауытов психологияны ойлау тереңдігін қамтамасыз ететін пән деуі, жанды екінші орынға қоюы бүгінгіге де көкейкесті. Үшінші жаңалығы ретінде сезім түйсіктерін жүйелеп, «соқыр сезім», «саңылау сезім» ұғымдарын құрған.

Адамның танымына ықпалын тигізер сезімнің бір түрін Жүсіпбек Аймауытов саңылау сезімдер деп алған. Мұны автор зерделі қылық нысанасы тұрғысында да қарастырған. Оған Жүсіпбек Аймауытов мынандай анықтама береді: «Қылық дегеніміз күрделі қызметтерді бөлшектеп, ең әдемі құрандысын тапсақ, соны сезім саңылау деп айтады ... Адамға бір нәрсе сүрең бермесе, саңлау болмас еді». Саңылау сезімдерінің алғашқы бөліктеріне түсініктеме береді. Қуат – адам бойындағы әсердің ізі. Есіндегіні жаңғыртсаң, берне (представление), мұрат (идея) пайда болады. Жаңғыртушы қуатты жад дейміз. Мұның бәрі мидың қызметіне бағынышты. Мидың қасиеті әркімде әр түрлі. Кейбіреудің миындағы көру кіндігі көбірек қозады, көбірек қызмет істейді; кейбіреулерде есту кіндігі көбірек қозады; құйма құлақ дейміз; үшіншіде сөйлеу кіндігі көбірек қызмет етеді. Төртіншіде, қол кіндігі көбірек қызмет етеді. Амалға (упражнение) әсерді орнықтыру деп, тәжірибеде қайталама деп анықтама берген. Саңылау сезімдердің алгоритмі:

- саңылау сезімнің бір түрі – әдет, әдет – адамның екінші табиғаты;

- берне іліктестігі (ассоциациясы). «Икем» дейтініміз көбінесе іліктестікте болады.

- белгілі берне дәйім өзіндей не өзіне тете белгілі берне туғызады. Ол соңғы белгіні талдап, белгілі мақұлдау, терістеу, көну, я көнбеу сезімін туғызады;

- ынта, мүдде (интерес). Тума ынта мен жасанды ынтаның қатынасын көрсететін жабайы заң бар. Екі берне қосылса, біріне бірі сезімді ынта жұқтырады. Ынта - керектілік пен қажеттіліктен туатын қасиет. Жаңаны ескімен қабыстыратын оңтайыңыз сондай оңай болсын. Ынта бір орыннан екінші орынға ауып, аяқтап келгенде, ойдың бір аймағын шармап әкетсін;

- ілтипат (назар). Ең күшті ілтипаттың жүрісін бейнелеп айтсақ, екі жақты, ішті-тысты ықпалға ұшыраған ми шілтері деп ұқсастыруға соңғы екінші жақтың жад пен қиялдан келетін ағындармен күшейеді. Табанды ілтипатқа қабілеті барлық - игіліктің алды деп ұғу керек. Ондай ілтипаты бар адам жігерін аз жұмсап, жұмысты тез істейді;

- Жад (память). Жад - іліктестің ең жабайы, қолма-қол салдарының бірі. Жад - өткенді сақтайтын қуат. Жад – бір жағынан, неше түрлі еске алуларды жинап қойған қойма, екінші жақтан, белгілі нәрсені еске түсіретін қуат (қабілет). Жад ақылға бағынышты... Керекті болмыстарды (факті) реттеп, жіктеп шығады. Сонан соң, ол мағлұматтар ботқа болмайды. Қисынсыз, мысал ретінде еске сақтаған болмыстардың қосындысын жұлма жад, ал тәжірибенің қисындық ережелерінен құралатын тұжырымды философиялық жад деп, Ж. Аймауытов екі топқа бөлген. Бұл ойды айқындау үшін автордың өз сөзін келтіріп өтейік. «Бір кісінде әрі күшті жад, әрі пәлсепеге икемдік болса, ол адамның шығарғыштық күші жоғары дәрежеге жеткен көп қасиетті меңгерген деп санау керек. Вальтер Скот, Лейбниц, Гете сынды адамзаттың сырттаны сондай кейіпкерге кіреді. Анығында нағыз зор жаратқыштық күш жасалуы үшін ондай жад болу қажет.

Жад қабілеттері бір-біріне үнедістікпен келіп, өзара маталуы заңды құбылыс. Маталуы нәрселердің (білім нысаналарының ұсақ бөліктері) жүйесі қанша болса, жадымыз да сонша деп айтуға болады. Бір жаңа нәрсе өз жүйесіндегі басқа нәрселермен іліктесіп барып, жадқа сақталады. Мұның бәрі дерлік қадағалаумен, үйретумен, пысықтаумен жүзеге аспақ. «Интеллектуалды ұлт» құрау – әрбір тұлғаның парасатты болуын қамтамасыз ету. Бұл орайда, Ж. Аймауытов «саңылау сезім» арқылы біліми-ғылыми ақпаратты «құйма құлақ құйып алар» сыңайында ұсынып отыр.

Жүсіпбек Аймауытовтың бұл ілімінің бүгінгі ХХІ ғасырдың ақпараттық жүйесіне де ықпалы зор. Тура компьютерге білім көлемін сақтауға әзірлеп бергендей сипатта қабылдаймыз. Адамның білім жию қоймасын «ой сандығы»деуінің өзі компьютердің

шығатынын, кибернетика ілімінің орнығатынын сонау ХХ ғасырдың басында көрегендікпен айтып кеткен. Осындай педагогикалының, психологияның, этнопсихологиялық аспектісін жан-жақты ашып берген, оның әрбір салаларының заңдылықтарын прагматикалық, философиялық жұпта алып қарастырған.

Мұнымен бірге ой сандығының әрекетін толық талдап, оқырмандарының жұлма жад пен философиялық жадты қосақтап ұстауына, оны саналы дамыта алу іскерлігіне конструктивті ой түйеді.

Тағы да автордың өз сөзіне үңілейік. Жұлма жадтың ойлау (оқыту) әрекеті:

- бір нәрсені ақылға тоқып алудың ең жақсы жолы ақылды жүйе, басқаша айтқанда «білім» жүйесіне тізбелеуі; (Оны біздер Блум таксономия деп жүрміз);

- жиған «білім» жүйесін өз тобының ішінде тиісті орынға орналастыруы (компьютерлік жүйе, память);

- оның себебін ойға қаттап салып түсіндіруін табуы;

- одан керекті салдарын қорытып шығаруы;

- ол қорытынды - тұжырым табиғаттың қандай заңына келетінін білуі;

- білім қоймасы - еңбек жолының ең тиімдісі деген түсінікке келуі;

- толып жатқан ұсақ-түйек ойларды білім жүйесінің қууы - жабайы ұғымның орнына меңзес іліктестіктің пайда болуы;

- заңды білу арқылы жадты толып жатқан жеке мысалдардан құтқаруы; заң арқылы керекті нәрсені дәйім еске түсіруі.

Философиялық әрекет:

- барлық нәрселердің ақылға тірелуі;

- түсіндіріліп, себеп-салдар есебінде бірімен бірі байланысуы, жүйе жаттау шарттарының ең жақсы болуы;

- оның сілемімен көп нәтиже қаражатпен қолға түседі;

- кімде-кімнің жұлма жады кем болса, ол кемшілікті философиялық ойлауды күшейту арқылы толықтыруы;

- бір нәрсені үнемі бір түрмен жаттаудан сақтануы;

- сөз ойдың табылмайтын құралы екенін елеуі;

- егделенген сайын адамның көру арқылы білім жиюы кеміп, сөз арқылы көп ұғынуы;

- миындағы ығы-жығы бернелерді реттеуі;

- нобайлап айтудан арылып, дәл қып айта алуы (заңы, алаңы);

- өрнекті, философиялық ойды аудармай айтуы;

- мақсатқа жетудің жолын талдай, тексеру, ойлай білу екенін ұғуы;

- оны қайталауы, қорытуы, жинақтауы, пысықтауы, толықтыруы (Ж. Аймауытов сол кездің өзінде жаңа сабақ пен өткен материалды қайталаудың жүйесін шығарып берген);

- оны үнемі жаңа мағлұматтармен толықтырып отыруы;

- адам - текті, күрделі зат; оның бірілі - жарымды қабілетін өзіне сипаттарын бөліп алып, өлшеу арқылы нағыз рұқ (рух) - (эзотерика) қабілеттерін шамалауға ұмтылып, қабілеттілік рухын дамытуға бағыттауы;

- тәжірибе ретінде сынағанда, мағынасыз буындар, сөздер, әйтпесе шын өмірде жолықпайтын нәрселерді бермеуі;

- жадымыз бір мүддеге, мақсатқа қызмет қылып, бір өзімізге керегі болуы;

- алған білім өмірде басқа бернелермен жанастырылып, жадының дамып отыруы;

- ынталану мен әдістенуді білім аумағына өмірмен жанастыруы;

- рух қабілеттілігін өлшеудің мүмкін еместігінің басты себептері көңіл, адамгершілік жігері, табандылығының сипатын шығара алуы;

- бір қабілетті сынаумен білуге мүмкін еместігі, ұзақ амалдарының түпкі нәтижесіне қарап шамалануы, жадтың ұшқырлығы ақыл зеректігіне қатысының жоқтығы;

- бақылампаз оқытушының сыны, шәкірттің жадын, іліктестік қуатын, ілтипатын тәжірибе арқылы ғана өлшегеннен анағұрлым бағалы болуы;

- баланың қылығын байқап жүргенде, қосаметкей мағлұмат үшін істегені пайдалы, көретін көзі бар, сара ақылы бар, адамның табиғатын ұғарлық оқытушының сыны жай тәжірибеден артық екенін түсінуі;

- кімде-кімнің ақыл жүзіндегі жабайы қабілетінің, не жұлма жадының бірі шалағай болса, ол үшін қынжылудың жөнінің жоқтығы;

- көз бернесінің қабілеті болмай-ақ, кісі суретші бола алуы, жады жаман бола тұра, атақты ғалым бола алуы;

- қай уақытта болмасын нәрсеге елігуі, ынтық болу (қозғаушы күш) адамды алысқа сүйреуі;

- бір мақсатқа бағыттасаңыз, сөз жоқ, оған жетуі;

- бай болуға ынтықсаңыз, бай болуы; оқымысты адам болам десеңіз, оқымысты болуы; тек сол нәрсеге ғана ынтығу керек, одан басқаға көңіл бөліп, алаңдамауы. Көріп отырғанымыздай, «мүдде», «ынта», «берне», «бағам», «іліктес», «жұлма жад», «пәлсапалық

жад», «ілтипат», «түзілім» және т.б. өте сирек кездесетін ұлттық психология ұғымдарын орынды қолданған.

Ж. Аймауытов Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің «Үш рет сөз» шығармасымен үндестігін мына бір көріністен анық бағамдаймыз:

«Әр адамның көз бернесі айқын, толық, белгілі, кең, тарлығы мейлінше алуан-алуан. Кей адамның көз бернесі тамаша кәміл. Кейбіреулердікі бар деуге де күдікті. Құлақ бернесі, тағы басқа қабілеттер туралы да осыны айтпауға дәл келеді. Бұған қарағанда, оқытушылар шәкірттерін қиял кейіпкеріне қарай жіктеп, бөліп-бөліп оқыту тиіс деп мәслихат беруге жарайды (дифференциалды оқыту) ... Жалғыз ғана қолайлы ереже мынау: оқытушы шәкірттерінің барлық сезімдеріне әсер бергендей қылып оқыту керек: сөйле, жаз, тактаға сурет сал, балалардың өзіне сөйлет, жазғыз, сурет, кесте, сызық көрсет, салғыз, түрлі бояумен боя. Сондай толып жатқан әсерден әр бала өзінің оңтайлы жағымен ұғып қалады».

Бүгінгі оқытудың мазмұнындағы парадигманың мәні де осында. Әр процеске, жүйеге, қызметке, ғылым-білігіне жаңа философиялық көзқарасы (парадигма) «тақыр жерден» пайда болмай, ол бір кезде көрініс бергенін, айтылған, іске асқан ой-тұжырымдардың қайталануы екеніне ілтисат аударғанымыз дұрыс деп ой түйеді.

Сонда ХХ ғасырдың басында айтылған ой ХХІ ғасырда көкейкесті мәселе болып отыр. Бұл - классикалық ғылымның өшпейтіндігіне бір дәлел.

Көзіміздің бернесінің көмескілігімен, құлағымыздың мүкістігінен аталған Ж. Аймауытовтың еңбегі 1995 жылы жарық көрсе де, біздің республикамызда өзіміздің тамаша педагогикалық, білімденудің инновациялық технологияларымызды құндамай, басқа жұрттың ілімін жұлып алып келіп оқыту күн тәртібінен түспей келе жатқан тауқымет екені бәрімізге белгілі. Ж. Аймауытов әлемдік иерархия деңгейіне көтерілген, ағылшын тілін меңгерген, Америка Құрама Штаттарының, Англияның, Германияның, Шотландияның ең озық үлгісіндегі педагогтік іс-тәжірибелерінің тағылымдық дінгектерін ұлттық рухқа бейімдеп, қазақтың өз мүмкіндігіне лайықтап берген. «Оқытудың дидактикасының негізі философиялық тұжырымы – психология ілімінсіз тұл», – деген қорытынды жасауға да Ж. Аймауытовтың еңбегінің ықпалы зор.

Зердеге ынталандыру үрдерісінде менталитетті сақтау үшін ұлттық рухтың сипатын біле отырып, сырттан озықтық сипаттағыны санатына қосып, іліктетіп отырғанда ғана әлемдік деңгейге жол ашылады.

Төртінші жаңалағы ретінде бүкіләлемдік деңгейге өзінің болмысын бейімдей алған, ол ағылшынша, шатланд , орыс, түркі жұртының тілдерін меңгерген.

Бесінші жаңалығы ретінде, бүкіл әлемдік психология-философия іліміндегі ұғым – терминдерді қазақ халқының лексикалық қорына айналдыруға үлес қосқаны.

Нақтылап айтсақ, перцептив, силлогизм, феномен, индукция, дедукция, эмпирика, эвристика және т.б. (ұғымдарды төл нұсқасында келтірген) Жуырда Парламент мәжілісінде Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев шет тілінен енген терминдерді сол нұсқада алуға болатынын айтқан еді.

Міне, бұл ой тұжырымның бір көзі Ж. Аймауытов еңбектерінде екені байқалып отыр.

Қорыта келгенде, ойлау шеберлігін өркендетуде Ж. Аймауытов ілімінің атқарар рөлі зор. Интеллектуалды ұлт құрауға Ж. Аймауытов ең – бектері ғылыми-классикалық өшпес құндылық. Парасатты тұлғаны тәрбиелеуде қазақ елінің ойлау және сөйлеу шеберліктері би-шешендік деңгеймен межеленген. Ал бүгінгі таңда бұл шеберлік өз мәресінен төмендеп, ұшқыр, феноменді тұжырымды оқысынан үш биіміз сияқты, Сырым Дат секілді қарастыру жағынан айрылып қалдық. Міне, осындай интеллектіні тереңдетіп, ұлттық рухани құндылықты жаңғыртып, модернизация кеңістігіне лайықты қиындықтан құтқарар шұғылынан қажетті шешімді терең тұжырымнан шығаруға Ж. Аймауытовтың аталған 5 жаңалығы бүгінгіге де өте қажеттілік деп есептейміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Аймауытов Ж. Бес томдық шығармалар жинағы. 5-том. – Алматы: Ғылым, 1999. – 5 т. – 304 б.
- 2 Тұрысбек Р. Жүсіпбек Аймауытұлы (Өмірі мен қаламгерлігі хақында). – Алматы: Рауан, 1997. – 104 б.
- 3 Құндақбаев Б. Жүсіпбек Аймауытов және театр өнері. – Кітапта: Шернияз «пьесалар жинағы» – Алматы: Өнер, 1990. – 388 б.
- 4 Қирабаев С. Жүсіпбек Аймауытов. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 224 б.
- 5 Қирабаев С. Шындық және шығарма. – Алматы: Жалын, 1981. – 252 б.

ТІЛ – ТАРИХИ БАЙЛЫҚ

ИСАХАНОВА Б. С.

мұғалім, Бірлік негізгі ЖОББМ, Павлодар облысы, Ертіс ауданы

«Туған тілім – тірлігімнің айғағы,
Тілім барда айтылар сөз ойдағы.
Өссе тілім мен де бірге өсемін,
Өлсе тілім мен де бірге өшемін»
Әбділда Тәжібаев

Қазақ тілі – қазақ халқының ана тілі. Ана тілі – әр адамның аса керек және еш нәрсеге айырбастамайтын асыл қазынасы. Білім, тәлім-тәрбие барлығы да ана сүтімен тіліміз арқылы бізге дариды. Ана тіліміз шексіз бай, күшті, тегеуріні мықты тіл. Туған тілді қадірлеген оны келешектегі ұрпақтың санасына сіңіре білген ұлт қана өсіп өркендейді.

Қазақстан тәуелсіздік алған жылдардан бастап күрмеуі қиын істің бірі – тіл мәселесі еді. Орыс тілділер санының молдығы, өзге Республикалармен салыстырғанда, Қазақстанда жүргізілген орыс тілі саясатының іргелілігі, ұлттық тілдің бәсеңдігі т.б. жағдайлар қазақ тілінің бірден бел алып кетуіне, мемлекеттік деңгейдегі өзінің статусына сәйкес қызмет атқаруына жол бере қоймады.

Осы ретте Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың шебер де алғыр, білікті де парасатты жүргізген тіл саясатының арқасында көптеген мәселелердің айқай-шусыз, ың-шыңсыз жүріп жатқанына риза боласыз, елбасының тапқырлығына риясыз сенесіз.

Елбасымыз ұлттық тұлға ретінде ұлт тілінің дамуына, сөйлеу тілінің тазалығына терең мән беріп, қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесі бар қарым-қатынас құралы болуына ерекше жағдай туғызды. «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде», «Ана тілі – бәріміздің анамыз, өйткені ол – ұлтымыздың анасы», «Біз барша қазақстандықтарды біріктіруші басты факторларының бірі – еліміздің мемлекеттік тілін, барлық қазақтардың ана тілін одан әрі дамытуға бар күш-жігерімізді жұмсауымыз керек» деген ұлағатында қазақ тілінің Қазақстан халықтарының басын біріктіруші ұйытқы болуын көздейді [1, 78 б.]

Қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесі-өркениетті қоғам құруға ұмтылған ұлтымыздың ұлы мұраттарының бірі. Ұлттың өресі өскен сайын тілінің де қадір-қасиеті айқындала бермек. Мемлекеттік тіл-тәуелсіздікті нығайтудың, еліміздің елдік, халықтық сипатын

сақтап қалудың ең басты кепілі. Мемлекетіміздің алтын діңгегінің бастысы болып саналатын Ата заңда мемлекеттік мәртебеге ие болған қазақ тілінің қолданыс аясын кеңейту еді. Ол да күн санап өз шешімін тауып келеді.

Мемлекеттік деңгейде тіл саясатының шешілуі өте өзекті, әрі тым маңызды мәселе. Бұл – қазақ халқының рухани болмысының негізін сақтап дамыту, ұлттық идеологиялық саясаттың шешілуі деген сөз. Елбасымыз айтқандай, қазақ халқы бұрындары жүз жылдар бойы, тіпті мың жылдар бойы аңсап келген тәуелсіздігінің арқасында тұңғыш рет мемлекеттік деңгейде өзінің ана тілінің статусын конституция арқылы белгілеп, бірінші рет қазақ тілі мемлекеттік мәртебеге ие болды.

Тарихта қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде ресми танылып, ұлтаралық қарым-қатынас құралы болып қызмет еткен сәті қазір түскенін түйсінуде парыз. Арғы-бергі тарихқа жүйрік азамат Мәде ханның тұсынан кейінгі заманаларда алаш жұртында мұндай сәтті қадамның бірлі-жарым жасалғанымен, сәтсіз шығып, аса ғұмырлы бола қоймағанын, ана тіліміз араб тілі, шағатай тілі, орыс тілі т.б. тілдердің жетегінде қалғанын білсе керек. Алаш арасынан шыққан сан арыс түрік тілінің (қазақ тілінің) тазалығы үшін, игілікті қызметі үшін арпалысқан. Кешегі ХІ ғасырда араб тілі мемлекеттік деңгейде ресми тіл болған тұста Иүсіп Баласағуни түрік тілінің (қазақ) өзге парсы, араб тілдерінен кем еместігін таныту мақсатында өз тілінде «Құтты білікті» жазған еді. Кітаптың кіріспе бөлімінде «Машын оқымыстылары мен данышпандарының бәрі «Шығыс уәләяттарында, Түркістан елдерінде Бұғрахан тілінде (Қарахан әулеттері билеген түркі таайпалары деген мағынада. А.Б.С.) ешкім де еш уақытта бұл кітаптан жақсырақ жазған емес!» деген шешімге келген-ді» – деп жазылған. Демек, бұл уақыттарда түрік тілінде (көне қазақ тілінде) шығарма жазудың өзі үлкен абырой еді [2, 2 б.] Тілдің болашағын, сөз тазалығын сақтаудың негізгі құралы осындай кітап жазу деп танылған-ды.

Кешегі орыс заманында қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесі түгілі қазақ тілінде баспа да болмай, кітаптарымызды Қазан мен Уфада, Омбыда шығарғанымызды, бірлі-жарым болмаса, баспасөздің де шықпағанын, мектептерімізде қазақ баласы арабша хат танығанын, қолы жеткені ғана орысша оқуға барғанын қалай ұмытармыз.

Ахмет Байтұрсынұлы орыс тілінің ықпалынан шығару мақсатында терминдерін қазақша жасап, баланы қазақша оқыту

қажеттігін алға тартқаны, Сәкен Сейфуллин Кеңес заманының өзінде билікті пайдаланып, бірер жыл болса да мемлекеттік тіл мәртебесіне қол жеткізгені, бірақ осы бастамалардың сәтті болып, елге қызмет етуге жарап, уақыт тезінен өтуге келгенде желі оңынан тумай, замана ағымы көтермегендіктен, халыққа қызмет етуге келгенде өміршең бола алмағаны да жадымызда.

«Батпандай кірген аурудың мысқылдап шығатыны» сияқты елімізде тіл саясатының жолға қойылып, ісіміздің оңға басқаны, қазақ тілі – мемлекеттік тіл деп әлемге жар салып, оның орындалуын өзгелерден заңды түрде талап ету қолымыздан келіп, рухымыздың көтерілуі ең алдымен тәуелсіздікке, содан соң, Елбасымыздың шыдамды да, шырайлы, шебер саясатының арқасы екенін айту парыз.

Біз біреулердің «дәл қазір неге барлығы таза қазақша сөйлеп кете қоймайды» деген шыдамсыз айқайын түсінсек те, мақұлдай алмаймыз. Елбасымыздың ескертіп отырғанындай, біз жалғыз емеспіз, «аңғарып болмас факторлар өзгелермен санасуды қажет етеді».

«Бүгінгі адам, әрине, біздің ата-бабаларымызға қарағанда анағұрлым білімді, алайда сонымен бірге анағұрлым салғырт, әсершіл ұрандар аясында ойлауға бейім» – деп жазады Н. Назарбаев [3, 32 б.]. Ұран емес, ұлағатты іс керек екенін айтады, түсіндіреді, ақылмен мойындатады. Толғана айтылған Елбасы-көрегеннің толғамды ойларының астары терең.

Қазіргі таңда көп диаспоралы Қазақстанда қазақ тілінің мемлекеттік мәртебесінің заңды бекуінің тарихи маңызы зор. Бұл – Елбасының тіл саясатын жүргізудегі ең басты шешкен тарихи мәселесі, яғни қазақ тілі конституциялық өзінің заңды тұғырына тарихта бірінші рет қондырылып, мемлекеттің өзге де ресми рәміздерімен бірдей санатқа еніп, бірдей қорғалады.

Мемлекеттік деңгейде іс-қағаздарының қазақ тілінде жүргізілуі тарихта тұңғыш рет қолға алынып, бірте-бірте жүзеге асырылып келеді. Бұл тіл саясатының толық жүруі мен мемлекеттік тілдің орнығуының басты кепілі. Татулық пен тұрақтылықты, ұлт-аралық, дінаралық келісімді ту еткен, толеранттылық жалауын желбіреткен Қазақ елі үшін бұл тұрғыда атқарылар істің мол екені басқа әңгіме. Бастысы ғасырлар бойы мызғымай жатқан сең сөгілді, түзу тіл саясаты орнықты.

Тілдің дамуы немесе тұйықталуы мемлекетте жүргізілетін тілдік саясатпен тікелей байланысты. Жазу-сызу аса дами қоймаған, негізгі ақпараттық кеңістік жазба тілде емес, ауызекі сөйлеу тілінде

болып, халық әдеби тілінің қаймағы бұзыла қоймаған уақытта бұл соншалықты күрделі мәселе болмады. Хабарлар ұзынқұлақ арқылы жетіп, бала ана әлдімен оянып, әже айтқан батырлар жырымен тәрбиеленген уақыт алыста қалғалы қашан.

Қазіргі жағдай мүлде басқаша. Бесік жырынан бастап, қоғамдағы барлық ақпараттық кеңістік, эфир мен жазудың қолында. Эфир мен жазу арқылы сөйлеу тілінің орфоэпиясы мен орфографиясы анықталады, терминдік атаулар қалыптасады, балабақша мен мектептен бастап оқыту жүйесінде мемлекеттік саясат анықтайтын жүйе ұрпақ бойына өз мүддесін сіңіре алады. Мұндай жағдайда сөйлеу тілін де, жалпы тілдің өзін де саясатпен басқару әлдеқайда жеңіл, сондықтан қазіргі ұлт тілінің дамуын белгілеу, оны жоспарлау, тіл болашағын өркендету ету үшін тіл саясатының маңызы тым үлкен.

«Қазақ пен қазақ қазақша сөйлесіндер, балаларыңның тілін қазақ тілімен ашындар» дейді Н. Ә. Назарбаев [3, 38 б.]. Қарапайым тілмен ұлттық санаға әсер етудің сара жолы осындай-ақ болар, сірә. Елбасының осындай сөздері бізді білім сапасын дұрыстауға, дұрыс оқытуға, ана тілін жақсылап үйретуге шақырады. Баланың тілін қазақ тілінде ашу отбасынан, қалса мектептен басталатынын ұмытпай, елтүлға айтқанын орындау парыз.

Елбасы Н. Назарбаевтың «Қазақстанның болашағы – қазақ тілінде» деген тақырыппен сұхбаты Қазақстандағы тіл саясатының бүгінгі мен болашағын айқындай берді. Елбасымыздың 2006 жылдың 30 мамырындағы Жарлығы қалыптасқан көзқарасқа саяси жаңа серпін беріп, мемлекеттік тілдің мәртебесін биіктетті. Жарлықты оқып шығып танысқан әрбір азамат мылжың сөзден нақты іске көшуге, тілдің мемлекеттің деңгейде қолданыста болуына бағыт-бағдар берілгенін сезінер еді. Қазақстанда туып-өскен әрбір жанның, қай ұлт өкілі болса да, өзі өмір сүріп отырған Отанына деген ішкі ниеті адал болып, тіліне деген құрметі артса – Елбасының көксегені де, ел азаматына қажеті де осы.

Н. Ә. Назарбаевтың «Сөз бұзылса, ой да бұзылады. Тіліміз ішкі әуезінен айрылып, сынын жоғалтады» деуінің мәні терең. Болашақта 50 пайыздық мөлшерде қазақ тіліндегі ақпарат құралдары жұмыс істейтін болса, мұның өзі де қазіргі тіл саясатындағы жеңістің бірі боларында дау жоқ [4, 192 б.].

Тіл халықтың тарихи жадын, танымын, ойын, сезім дүниесін, ділін тәрбиелейтін басты көрсеткіш болғандықтан да Елбасымыз ерекше мән берді, маңызын бағалады. Тіл – табиғатынан ұлттық

кұбылыс, сондықтан да кез келген ұлттың ерекше болмысын, рухани байлығы мен мәдени дәстүрін тіл арқылы тануға болатыны туралы Елбасымыздың ...«Ғасырлар бойы қазақтың ұлт ретіндегі мәдени тұтастығында ең негізгі ұйытқы болған – оның ғажайып тілі» деген ұлағатты сөзінде терең мән бар. Ұлт тұтастығының тұғыры саналатын тілдің мемлекеттік мәртебесі мен тіл бағдарламасының орындалуы бүгінгі және болашақтағы тіл саясатының ұлттық болмысын анықтайтынына сеніміміз кәміл.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Мырзатай Жолдасбеков Тәуелсіздік тағылымы - Астана «Күлтегін»
- 2 Егемен Қазақстан, № 16 2014ж
- 3 Тарих толқынында Атамұра 1999ж
- 4 «Елбасы және қазақ мемлекетігі» Сұлтанов Қ. Алматы: «Баспагерлер, полиграфистер және кітап таратушылар Ассоциациясы» -2015ж

ЖАҒАНДЫҚ ӨЗГЕРІСТЕРДІҢ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ БЕЙНЕЛЕНУІ: КЕЙІПКЕР МЕН ҚОҒАМ ҚАТЫНАСТАРЫ

КАНАПИНА Г.

магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

ҚАПАСОВА Б. Қ.

ф.ғ.к., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

«Әдебиет – ұлттың жаны. Ұлттық сана, тағдыр, жан жүйесі – көркемөнердің басты тақырыбы. Таптық жік арқылы әдебиет жасалмайды», – дейді Жүсіпбек Аймауытов өзінің артынан қалдырған рухани сөздерінің бірінде [1, 29 б.]. Шынымен де, ұлы өнердің халықпен үнемі тығыз байланыста болып отыратындығы белгілі-ақ. Екеуі тұтасып келгеннен кейін ғана белгілі бір нәтиже шығып, қарапайым әдебиет сүйер қауымға болсын, қарапайым халыққа болсын талайға жететін азық болары сөзсіз.

Байқайсыздар ма? Ертеде белгілі бір ойды айтарда ұлыларымыздың сөзін басшылыққа алып, тілімізге тиек ететін ек. Ал қазір ше? Бүгінгі күні біз ғылыми мақалалар болсын, рухани азық ретінде әңгіме жазсақ та көшбасшымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың қанатты сөздерін сапырып ап, кез келген тұста

колданып, жарыққа шығатын мақалаларын алдыға тартамыз. Оның да жаны бар шығар?

Қазір заманның ағымына ілесудің өзі де біраз дүниені қажет ететіні ақиқат. Жан-жақты болумен қатар рухани сауатты, инновациялық технологияларды меңгерген, көптілділікті жіті ұстанған жан ғана болып жатқан жаңалықтардың легіне сөзсіз ілесе алатыны хақ. Енді қараңыз, бізде қандай жаһандық өзгерістер барын және оның әдебиетпен байланысын қарастырып талдап көрелік. Елбасының жылдан жылға жеткізбей жаңарып, отыратын жаңалықтарымен қоса негізге қоятын талаптары да жетерлік. Соның бірін талдау арқылы тақырыбымызға ойыссақ деп отырмын.

Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстан жаңа жаһандық нақты ахуалда: өсім, реформалар, даму» Жолдауында еліміздің стратегиялық саясаты мен ғылымның рөлі мен маңызы ашылғандығы туралы барлығымыз хабардармыз. Біздің Отандық тарих ғылымы мен «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының арасындағы байланыс сипатталған [2, 69 б.].

Аталмыш Жолдауда санғасырлық тарих тағылымын бойына жинаған «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясы әлденеше рет ауызға алынып, оның бүгінгі және ертеңгі міндеттер үдесінен шығарар әлеуеті жоғары бағаланды. Жолдау шыққан кейін еліміздің барлық жалпы орта білім мектептері мен кәсіптік білім беру мекемелерінде арнайы «Мәңгілік ел» кабинеттері ашылып, әдебиетке қатысты атаулы күндердің барлығына жоспарланған мерекелік іс-шаралар аталмыш орында өткізіліп отырғанын бұқаралық ақпарат құралдарынан да, басқа да дерек көздерінен хабардар болғанымыз шын.

Жалпы, әдебиет – ұлттық байлығы. Ұлтқа тиесілі мұнайдан, көмір-темірден айырмашылығы ол жекешелендіруге, билік пен байлыққа жығып беруге көнбейді. Ешкімге ештеңені міндетсінбейді, бірақ құрметтеуді талап етеді. Өйткені ұлттың рухын асқақтатып, ғұмырын ұзартатын күдіреттің өзі деп білуіміз қажет.

Ұлттық академияның бекіткен әдістемелік кешенінде ақындар мен жазушылардың, әдебиетті зерттеген зерттеушілер мен сыншылардың өмірлеріндегі атаулы күндеріне байланысты сыныптан тыс сабақты бекіту арқылы кейіпкер мен қоғам арасындағы байланысты жақындатты десек артық айтқанымыз емес-ті. Сол жаһандық өзгерістердің тағы біреуіне шолу жасап өтуді жөн санап отырмын.

Мысалы, туған жерге деген сезім мен махаббатың өлшемі шектеулі болмайтындығы белгілі. Ол шексіз. Осы бір ерекше шексіз

патриоттық сезімді әрбір азамат пен жастардың бойына етене сіңіріп, қандарына дарыту үшін, сөздің ұғымын кең мағынасында түсіну үшін, Елбасы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында орындалу керек міндеттердің ішіне «Туған жер» бағдарламасын ұсынған болатын-ды. Ал бағдарламаның мәні неде, қалай ойлайсыздар?

Әрине, біріншіден, бұл білім беру саласында ауқымды өлкетану жұмыстарын жүргізуді, экологияны жақсартуға және елді мекендерді абаттандыруға баса мән беруді, жергілікті деңгейдегі тарихи ескерткіштер мен мәдени нысандарды қалпына келтіруді көздесе, екіншіден, басқа аймақтарға көшіп кетсе де туған жерлерін ұмытпай, оған қамқорлық жасағысы келген кәсіпкерлерді, шенеуніктерді, зиялы қауым өкілдері мен жастарды ұйымдастырып, қолдау керек. Бұл – қалыпты және шынайы патриоттық сезім, ол әркімде болуы мүмкін. Оған тыйым салмай, керісінше, ынталандыру керетігін жөн көреді. Соңғы тағы бір негізгі себебі, жергілікті билік «Туған жер» бағдарламасын жинақылықпен және жүйелілікпен қолға алуға тиіс деп білуінде [3].

Аталмыш бағдарлама бойынша 2017–2018 оқу жылында жалпы орта білім беретін мектептерде «Туған жер» курсы қосылып, білім алушыларға қосымша факультативті сабақтар өткізілген болатын. Біз сөз етіп отырған сабақта негізінен мұғалімдер жоспар құрып, пән бірлестіктерінде бекіткен болатын-ды. Тарихи жерлер, ескерткіштер, ақындар мен жазушылардың өмірінен қосымша сөз ете отырып, тың мәліметтермен қанықтыратын-ды. Осыған орай, Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің кесенесіне барып, кітаптан оқығандарын көзбен көріп, рухани байып жатқан қала, аудан, ауыл мектептерінің оқушылары қаншама? Кейіпкер (Мәшһүр Жүсіп) мен қоғам осылайша бір-бірімен тығыз қарым-қатынас жасайды. Ненің арқасында? Әрине, Елбасының бізге ұсынып отырған жоспарының, салиқалы саясатының нәтижесі деп білеміз. Сонау Түркістан жерлеріне барып, тарихи, әдеби мәні бар жерлермен танысып, ұлт кешегісінен хабардар болу да осы бағдарламалардың арқасы деп білуге болады. Кейіпкер мен қоғам қатынасы осындай жаһандық өзгерістің нәтижесінде өсіп, өрбіп үнемі дамып отырады.

Мектеп бағдарламаларының ішінде Қазақстан тарихы пәнімен қоса «Өлкетану» қосымшасы да қатар жүретіні белгілі. Тарихпен байланысын былай қойғанда, оның әдебиетпен сабақтастығының дәрежесі жоғары ма деп ойлаймын. Себебі, аталмыш курстың күнтізбелік жоспарын қарап отырсақ, ұлылардың өмір сүрген

жерімен қоса олардың өмірбаяны мен шығармашылығы сияқты көп дүниелермен бөліседі. Пікір алмасады, шынайы саяхаттар жасайды. Сол курстардың білім беру жүйесіне енудің өзі біз сөз етіп отырған «Туған жер» бағдарламасының септігі екендігін кәміл айта аламыз.

Жоғарыда да атап өттік қой, дегенменен атаулы күндердің осы бағдарламалар шыққалы ерекше орындалуына мән беріліп келе жатыр. Әдістемелік нұсқаулықта да ерекше атап көрсетіліп, тіпті бірлестіктер отырысында аталмыш мерекелерді қандай форматта өту керектігі жайлы алдын-ала жасалып, бекітіліп қояды. Ол да біз көрген немесе көрмей кеткен кейіпкерлерді қоғам қатынасымен байланыстырудың негізгі амалының бірі деп білемін. Дәл осы ара қатынасты бұзып алмас үшін қарапайым халық театрға баруды жиілету керек деп ойлаймын. Мысалы, Сәбит Мұқановтың «Шоқан туралы» пьесасын көрген кезде кейіпкер мен қоғам қатынасы жақындай түсетіні анық. Сонда ғана біз келер ұрпаққа есті әнімізбен мәңгі естерінде қаларымыз сөзсіз.

Жалпы, қорыта айтатын болсақ, Елбасы өткен дәуір қатпарларынан қалған таптаурын қағидаларды өзгертіп, орындалмайтын «елес идеологиялардан» бойымызды арылтып, жаңа прагматикалық сипаттағы деңгейге қол жеткізуіміз қажеттігін дәл осы жаһандық өзгерістің негізі. Жаһандану өзгерісінің басты талабы – әлемдік тілдерді меңгеру, латын әліпбиіне көшу, қоғамдық, гуманитарлық ғылымдар бойынша «Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы рухани жаңғыруға тірек болғандығы сөзсіз. Ұлт көшбасшысы ұсынған «Туған жер» бағдарламасы бізді өркениетті әлемнің ажырамас бөлігіне айналдырып, кейіпкер мен қоғам арасындағы қатынасты кең түрде ашу керектігін барынша түсінідіріп-ақ берді

ӘДЕБИЕТТЕР

1 «Жаңартылған білімге – жаңаша көзқарас» мақаласы // «Педагог хабаршысы» ғылыми-әдістемелік кешен. А.Қ.Әліпбаева, 2018 жыл

2 Әдістемелік нұсқау хат. Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылды (2017 жылғы 21 сәуірдегі № 5 хаттама).

3 «Хабар» Агенттігінің ақпараттық порталының «Жаһандық өзгеріс – Қазақстан және әлемдегі соңғы жаңалықтар» бейнебаянынан алынған.

ӘДЕБИ ТІЛДЕГІ КОГНИЦИЯЛЫҚ ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТІЛДІК ҰҒЫМДАРДЫҢ ҚОЛДАНЫЛУЫ

КАРИПЖАНОВА А. О.
С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.
ТЛЕУКЕНОВА А. К.
магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Әдеби тілдің ауызша және жазбаша түрінің қатар дамып, қоғам өміріндегі қызметінің өрістей түсуі үшін оны түрлі ауытқулардан арылтып отыру, қоғамның, тілдік ұжым мүшелерінің сөз мәдениетін көтеру «сөз мәдениеті» деген ғылыми-теориялық пәннің алдында тұрған гуманистік, әлеуметтік жауапкершілік болып табылады. Осы тұрғыда ғалым Н. Уәлидің сөйлеу мәдениетінің типтері [1]. түсінігімен жасаған жұмыстарын атап көрсеткен жөн.

Қазіргі қазақ әдеби тілінің әр түрлі әлеуметтік топтарда қызмет ету ерекшеліктерін қарастырар болсақ, тілде болып жатқан өзгерістердің көрінісін байқауымызға болады.

Ғылымда тілде салыстырмалы және абсолютті прогресс байқалатыны туралы идея бұрыннан бар. Б. А. Серебренников: «Языковая техника чаще всего отражает так называемый относительный прогресс. Например, появление аналитического строя в различных языках мира некоторые ученые рассматривают как совершенствование (прогресс) языковой техники» [2].

Тілдік саладағы абсолюттік ілгерілеу тілдің қоғамдық өмірдің күрделенетін нысандарына және қарым-қатынастың жаңа қажеттіліктеріне бейімделуінен көрінеді. Қоғамның өндіргіш күштерінің өсуі, ғылымның, техниканың және жалпыадамзаттық мәдениеттің дамуы, қоршаған ортаның құпиясына үнемі кірісіп отыру және ол туралы мәліметтердің өсуі, адамдардың қоғамдық өмірінің нысандарының күрделенуі және олардың арасында жаңа қарым-қатынастардың орнауы – осының барлығы қатар жаңа ұғымдардың пайда болуына, тілдің қоғамдық функцияларының артуына және оның стильдік вариативтілігінің кеңеюіне әкеледі. Абсолюттік ілгерілеу ең алдымен тілдің сөздік құрамының өсуімен және сөздердің мәндерінің ұлғаюынан көрінеді.

Абсолюттік және салыстырмалы ілгерілеу ұғымдары тіл білімінде формальды-құрылымдық парадигма шеңберінде жасалды және әзірленді, бірақ бұл ұғымдарды когнитивті-дискурсивті парадигма шеңберінде пайдалану өте өнімді болып табылады – ол

тілдің абсолютті және салыстырмалы ілгерілеуін зерделеуде жаңа айшықтарды байқауға мүмкіндік береді.

Когнитивті лингвистика өзіндік ұғымдық аппараты және зерттеу мақсаттары бар сала. Е. С. Кубрякова: «Когнитивті лингвистика категориялау және концептуалдау саласында, яғни адамдарға әр түрлі арналар бойынша келіп түсетін ақпараттарды өңдеуге бағытталған танымдық үдерістерді зерттеу саласында табысқа жеткені барлығымызға мәлім», – деп атап көрсеткен болатын [3, 58 б.].

«Когнитивтік терминдердің қысқаша сөздігі» (КТҚС) категориялау ұғымы бойынша екі мағынаны бөліп көрсетеді: «тар мағынада – құбылысты, объектіні, процесті және т. б. жүргізу, тәжірибенің белгілі бір айдармен берілуі, оны осы категорияның мүшесі деп тануы және категориясы, кең мағынада – категориялардың пайда болу және оларды ажыратылу процесі, адамның сыртқы және ішкі әлемінің болмыстық сипаттамасына және өмір сүру ерекшеліктеріне қарай санатталуы, түрлі құбылыстарды олардың санаттары мен бірлестіктерінің аз санына және т.б. мәліметтер арқылы ретке келтіріп көрсету, сондай-ақ – жіктеу (таксономиялық) қызметінің нәтижесі» [4, 42 б.].

Тілдің жаңа ақиқаттылығының бірі Дж. Лакофф когнитивті лингвистикаға енгізген – идеалды когнитивті модель (ИКМ) немесе категориялауды жүргізу үшін құрылған когнитивті модель. Дж. Лакофф төрт типті идеалды когнитивті модельді атап өтті: пропозициялық модельдер, бейнелі-схемалық модельдер, метафорлық модельдер, метонимикалық модельдер.

Когнитивті терминдердің қысқаша сөздігінде когнитивті модель (КМ) ұғымының үш мағынасын ажыратып көрсетеді:

1 «Тіл – когнитивті процестің бір түрі» тұжырымдамасы. Онда тіл мен оның танымы когнитивті ғылымның құзыреттілігіне жатады және лингвистиканың монополиясы болып табылмайды [4, 56 б.].

2 «Мәтінді тілдік деректерді табиғи өңдеу нәтижесі ретінде түсіну моделі. Онда мәтіннің менталдық модельдерін құру туралы айтылады [4, 57 б.].

3 «Табиғи тілдегі категориялау процесінің сипаттамасы, когнитивтік модельдің төрт түрі ажыратылып беріледі: пропозиционал, схемалық (бейнелі), метафоралық және метонимиялық; бұл ретте адам санасының ойлау механизмдері мен концептуалдық жүйесінің қалыптасу тетіктері сипатталады [4, 42 б.].

Аталмыш когнитивтік модельдерге тоқталып өтейік. Пропозициялық модель – «қиял механизмдерін, яғни метафораны, метонимияны немесе ментальды бейнелерді пайдаланбайтын модель» [3, 62 б.].

Бейнелі-схемалық модель мысалы, траекториялар, ұзын, жұқа пішіндер немесе сыйымдылық сияқты схемалық бейнелерді қолданады.

Метафоралық модель – бір саланың пропозиционал немесе бейнелі-схемалық модельдерінің басқа саланың сәйкес құрылымын бейнелеуі [4, 102 б.].

Метонимиялық модель – бұл бір модельді басқасымен байланыстыратын бір немесе жоғарыда сипатталған қосымша қызметі бар одан да көп типтің моделі. Мысалы, құрылымның бір бөлігі – бүтін болып табылатын модельде бір бөлігін және бүтін бөлігін біріктіретін функция болуы мүмкін, бір бөлігі бүтін бөлігін алмастыра алады [4, 104 б.].

Когнитивті лингвистика тілімізде ғылыми бағыт ретінде өзінің ғылыми парадигмасын – когнитивті-дискурсивті парадигманы қалыптастырды. Дискурса қатысты өзекті мәселе – дискурс пен мәтін арақатынасы. Көп уақыт бойы мәтін тізбекті түрде орналасқан сөйлемдер арқылы жасалады және коммуникацияның жазбаша формасымен байланысты, ал дискурс тілдік актілерге немесе коммуникативтік актілерге бөлінеді және ауызша коммуникацияға сәйкес келеді деп есептелініп келді. Кейбір зерттеулерде дискурс ұғымы мен мәтін ұғымы синонимдес мәнде, бір-бірін ауыстыра алатын және тең терминдер ретінде қаралып келді. Біздің ойымызша, мәтін мен дискурс мәселелері олардың арақатынасын талдау барысында ашылмақ.

Когнитивті-дискурсивті парадигманың қағидалары Ж. Манкееваның ғылыми тұжырымдамаларында көрініс табады: «аталмыш парадигмада әрбір тілдік құбылысты сипаттау үшін екі қызмет қатар жүреді: олар – когнитивтік қызмет (таным процесіне қатысуы бойынша) және коммуникативтік (тілдесімге қатысуы бойынша). Сәйкесінше әрбір тілдік құбылыс когниция мен коммуникацияның тоғысында қарастырылған кезде ғана толық сипатталған болып саналады» [5, 98 б.].

Когнитивті-дискурсивті парадигма концептуалдауды және категориялауды, сонымен қатар дискурсивті талдауды, яғни тұжырымдамаларды бөлуді, олардың сипаттамасы мен дискурстағы қызметін қамтиды. Концептуалдау процесі – «адамның танымдық

қызметінің маңызды процестерінің бірі, оған келіп түсетін ақпаратты ұғынудан тұрады және тұжырымдамалардың, тұжырымдамалық құрылымдардың және адам миындағы (психикасындағы) барлық тұжырымдамалық жүйенің пайда болуын қамтамасыз етеді» [6, 12 б.].

Категоризация процесінде бірінші кезекке семантика шығады, ал дискурстық талдау тек прагматикалық сипаттамаларды талдауды ғана емес, сонымен қатар дискурстегі тілдік бірліктің қызметін бақылауды да болжайды. Прагматикалық және дискурсивтік сипаттамалардың синтезі – когнитивті-дискурсивтік парадигманың айрықша ерекшелігі екенін атап көрсеткен жөн.

Аспекттік категориясы тілдегі фреймдердің үш типімен: кеңістіктік синтаксистік, кеңістіктік семантикалық және тақырыптық типтермен берілетін және жағдаятты модификациялауға қызмет ететін тоғыз концепті жиынтығынан тұрады – ол үш когнитивтік модельдің: пропозициялық, бейнелі-схемалық, метафоралық модельдердің көмегімен жүзеге асады. Бұл концептілер бірлік, ұзақтық, басы, жалғасы, соңы, нәтижелілігі, қайталануы, көріну дәрежесі, нормамен арақатынасын көрсетеді.

Когнитивтік лингвистикада белсенді қолданылатын – фрейм ұғымы. Фрейм ұғымын тіл біліміне М. Минский енгізген. Фрейм – ол өзіне бір ғана эпизодты, немесе бірнеше эпизодты қоса алатын (стандартты) типтік жағдаятты көрсететін мәліметтер құрылымы іспетті, яғни ол моноситуативтік, сонымен қатар полиситуативтік бола алады.

Біздің түсінігімізде кеңістіктік синтаксистік фрейм қазіргі лингвистиканың дәстүрлі бірлігі – сөйлемге ұқсас, сөйлем неғұрлым аспектуалды модификацияланған пропозицияны беруге арналған типтік бірлік болып табылады.

Кеңістіктік семантикалық фрейммен берілетін жағдаят басы, жалғасы, соңы сияқты белгілері бар мағыналық бірлікті бере алмайды. Бұл фрейм бір лебіз жағдаятты түсіндіргенде құрылады, ал екіншісі оны модификациялайды. Аталмыш фреймнің ұйымдастырылуы төмендегідей: бірінші лебіз шынайы ақиқаттағы орны бар жағдаятты береді, ал екінші лебіз бірінші лебізде берілген белгінің қарқындылық дәрежесін көрсетеді.

Мысалы: Түн баласында Бұқтырманың сарыны әлдеқайда қатты естіледі. Маңайды момақан тыныштық басты. Тек Бұқтырманың сарыны... тек сол ғана асығыс ағыспен жөңкіле қашып барады. Тек сол ғана, Бұқтырма ғана мәңгі өлмейтіндей, мәңгі суалмайтындай долдана ағады... Тек сол ... Тек Бұқтырма

ғана... еркелей бұлаңдайды (О.Бөкеев). Мұнда Бұқтырма бірінші лебіз болса, оның қарқындылық дәрежесін мәңгі өлмейтіндей, мәңгі суалмайтындай долдана ағады, еркелей бұлаңдайды тіркестері береді.

Тақырыптық фрейм – бұл күрделі полиситуативті типтік жағдай, оның басы, жалғасы, соңы болады. Мысалы:

Мен көрдім ұзын қайың құлағанын,

Бас ұрып қара жерге сұлағанын.

Жапырағы сарғайып, өлімсіреп,

Байғұстың кім тындайды жылағанын? (Абай) – деген сөйлем толымды, ойға қатысты сөздердің барлығы қатыстырылған, оны басқаша өзгертіп не түсіріп айтуға болмайды.

Аспектуалдылық категориясының дискурсивтік сипаттамасында төмендегідей параметрлер ескеріледі: концептінің құрылымдық-семантикалық моделі, өнімділігі және функционалдығы.

Концептінің құрылымдық-семантикалық моделі параметрі ИКМ типтерін қамтиды (пропозициялық, бейнелі-схемалық, метафоралық және метонимиялық), олар зерттеліп отырған концептінің берілу амал-тәсілдерін көрсетеді. Өнімділік – бұл статистикалық зерттеулерден тыс пайдалану туралы жалпы түсінік. Функционалдылық – бұл қабылданған тәжірибе, тұжырымдаманы беру құралдары мен тәсілдерін қолданудағы жол. Бұл ұғым XIX ғ. дискурсы мен XX ғ. дискурсы арасындағы айырмашылықтарды анықтау үшін енгізілді. Ол жалпы қазіргі қазақ тілі ұғымын қарастырады.

Қазіргі тілдік зерттеулерді зерделейтін болсақ, XIX ғасырдың екінші жартысындағы дискурста қолданылған құралдар XX ғасырдағы дискурста ескірген болып саналуда. Дуаны бұл болыстардан бөлек болса да, жері көршілес керей де бар: жандарал, ояз, старшын, мыңбасы, жүзбасы, би, хан, сұлтан. (М. Әуезов). Шығыс Дешті қыпшақтың падишахы Тәуекелдің сауын айтып, шұғыл шақырумен киіз туырлықты қазақ ұлына хукім жүргізуші қасқа жайсаң атаулы Қаратаудың терістігіндегі Созақ қаласына құрылтайға жиналды. Бұл – Хақ-Назар хан шахид болғалы өткізілмек ең үлкен кеңес еді, ұлыстарды ұстап отырған ақсүйек атаулы – сұлтан мен оғлан түгел келді. Бұлардың ішінде өз ұлысына хан болғысы келген қырыс төрелер де бар еді (М. Мағауин).

Метафоралық ИКМ аспектуалдылық категориясын беру құралы ретінде (көрініс дәрежесі концепті) тек XX ғасырда пайда болады. Бұл жөнінде орыс тілі стилистикасын зерттеуші М. Н. Кожинаның

пікірі төмендегідей: «метафора ғылым тілінде ғылыми түсінік үшін, публицистикалық стильде эмоциялық-образдылықтың негізінде түсінікті үйлестіруші ретінде, көркем шығармада бейнелі (образды) сөз ретінде стильдік қызмет атқарады» [7, 106 б.]. – болып келеді.

Мысалы:

Ғашық жыры – тіршіліктің көкейкесті өлеңі.

Ешбір геометриямен Өлшенбейді көлемі.

немесе

Махаббат ол – қос жүректің әні ғой

Өзіне сай дауыс керек әр әнге.

...Ал махаббат – тауысылмайтын әңгіме! (М. Шаханов).

Сөз мағынасын кеңейтіп, оған жаңа поэтикалық мән-мағына үстеуде метонимия ерекше қызмет атқарады, әсіресе ойды жинақы, әсерлі жеткізуде қолданылады:

Қара түнде шамдай жанған

Қарсы алдымда отты көз.

Немесе

Арман боп со бір күн де өтер ме екен,

Жолыма көп қарадың кетерде сен.

Талпынды саған жүрек жылы ұдай,

Таба алмай бір өзіңнен бөтен мекен (С. Мәуленов). Бұл өлең жолдарындағы отты көз, жүрек метонимиясы адамның орнына жұмсалып, ерекше тақырыптық фрейм қызметін атқарған.

Аспектуалдылық мәселесіне қатысты зерттеулерді қарастыратын болсақ, біріншіден, аспектуалдылық санатын беру үшін неғұрлым күрделі мәтіндік құрылымдарды (семантикалық фрейм, тақырыптық фрейм) пайдалану үрдісі байқалады; екіншіден, аспектуалдылық санатын беру үшін ИКМ пайдалануды кеңейту үрдісі байқалады. Метафоралық, метонимиялық және бейнелі-схемалық ИКМ осы категорияны берудің анағұрлым тиімді тәсілдері болып табылады деп айтуға болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Уәли Н. Сөз мәдениеті. - Алматы: Мектеп, 1984. -117 б.

2 Серебренников Б.А. Законы развития языка // Лингвистический энциклопедический словарь. - М., 1990. - С. 159.

3 Кубрякова Е.С. О когнитивных процессах, происходящих в ходе описания языка // В поисках сущности языка: Когнитивные исследования. - М., 2012.

4 Краткий словарь когнитивных терминов. - М, 1997. - С. 42.

5 Манкеева Ж. Қазақ тіл білімінің мәселелері. - - Алматы: «Абзал-Ай», 2014. – 613 б.

6 Садирова Г.Қ. Қазақ тіліндегі көп пропозициялы дискурстың құрылымдық негіздері: филол. ғыл. д.автореф. – Алматы, 2008.

7 Кожина М.Н. Оязыковой экспрессии и ее экстралингвистическом обосновании // Проблемы экспрессивной стилистики. - Ростов-на-Дону, 1987. – 225 с.

М. Ж. КӨПЕЙҰЛЫНЫҢ «ЖАРТЫ НАН ХИКАЯСЫ» ӨЛЕҢІНДЕГІ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ИДЕЯСЫ

ҚУАНДЫҚ З. Е.

педагогикалық ғылымдарының магистрі, оқытушы,
С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлының «Жарты нан хикаясы» өлеңінде бір жолаушының сапар шегіп келе жатып, жол үстінен сандық тауып алып, қуанғаны, бірақ ішін ашқанда, алғашқыда алтын болып көрінгеннің кейін жыланға айналып, өзіне қауіп төндіргені баяндалады. Осы орайда сандықтың көп аңыздарда түрлі мақсатқа жұмсалып, қолданылатынына назар аударғымыз келеді. Мәселен, Құранға берілген түсініктемелер ішінде Таурат салынып, аспанға, көкке алып кетілген қасиетті сандықтың «Табут» деп аталатыны көрсетілген [1, 551 б.]. Сонымен бірге сол кітаптағы тағы бір анықтамада баласын Ферғауын патша өлтіруі қауіп төнген соң, анасының жаңа туған Мұсаны сандыққа салып, өзенге тастағаны берілген [1, 558 б.].

Алғашқы қазақ газеті «Дала уалаяты» беттеріндегі аңыздарда да сандық ұшырасып отырады. Газеттің 1896 жылы бір санында әкесі берген ақшаға алғашқыда-мысық, екіншіде-бүркіт, үшіншіде-ит, төртіншіде шыққан сиқырлы тас баланы мақсатына жеткізеді. [2, 300-306 б.]. Ал, газеттің 1888 жылғы санында әкеден қалған еншіні иеленген ұлдары сандықты ашқанда, онда күткендегідей алтын емес, бірақ содан артық нақыл сөз жазылғаны анықталады. [3, 52-53 б.]. Сандықты ашу жақсылық емес, зобалаң тудыруы да аз болмайды. Мәселен, газеттің 1897 жылғы санында «Жәмшид» орыс ертегісі аталатын әңгімеде бүркіт берген сандықты ерте ашам деп, патшазаданың көп кедергіге ұшырағаны сөз болады [3, 364–371 б.]. Сандықтың сыртқы ажарлығы оның ішінде жатқан затпен кереғар болуы да көңіл бөлерлік. Мәселен, 1895 жылы газетте «Көрінетұғын хәм көрінбейтұғын» деген әңгіме жарияланған. Онда ханның

мүсәпірлерге кішірейіп сәлем беруі оның інісіне және уәзірлеріне ыңғайсыз көрінеді. Содан кейін сырты әсем екі сандық ашылғанда, олардың ішінен сасық иісі бар шіріген кісі сүйегі шығады да, сырты ұсқынсыз екі сандықта асыл заттар болып шығады. Сол арқылы сырт әшекейге алданбау керектігі айтылады [3, 61–63 б.].

Ал, сол газеттің 1895 жылғы санында Мәшһүр-Жүсіптің біраз уақыт жолдас, сырлас болған адам Мейрам Жанайдарұлының «Мың бір түннің хикаясы» ретінде берілген қиссасында сандық болмаса да, бекітілуінде соған ұқсастық бар көзені ашып, одан шыққан дио өзін өлтірмек болғанда, балықшының алдап оны қайта кіргізіп, жабуы сөз болады [3, 260-264 б.].

Жалпы зұлымдық жасамау, озбырлыққа қарсыласпау идеясының бастау көзін іздесек, Інжілге тірелеміз. Онда адамдарға айтқан Иисус сөзі берілген: «Не делай зла, и тебя их постигнет зло» [4, 648 б.]. «А я говорю Вам: НЕ противься злему. Но кто ударит тебя в правую щеку твою, обрати к нему другую» [4, 101 б.].

Мәшһүр-Жүсіптің «Жарты нан» хикаясы өлеңінде сандықтан шыққан жылан айдаһарға айналып, жолаушыға қауіп төнгенде, айдаһар: «Кәнеки, болысатын кісінді тап», - деп шарт қояды. Сонда жолаушының отыз күнгі оразасы отыз кісі, бес уақыт намазы бес кісі түрінде келіп, түк көмек жасай алмайды. Ақырында жолаушының бір кездегі біреуге жарты нан беріп жасаған қайырымы жарты кісі түрінде келіп, жолаушыны құтқарады. Демек, ораза, намазбен қатар алдымен қайырым жасау керектігін Мәшһүр-Жүсіп осылай көрсетсе, қайырым идеясы өрісін де әріден іздеу керек. Інжілде: «Не отказывай в благоденствии нуждающемуся, когда рука твоя в силе сделать его» [4, 598 б.]. «Делай добро благочестивому, и получишь воздаяние, и если не от кого, то от Всевышнего» [4, 651 б.]. Құран-кәрімде қайырымдылыққа көп көңіл бөленген: «Сонда хайыр істегендер, бергендеріне міндетсу, ренжіту араластырмаса, оларға Раббыларының хұзырында сыйлық бар» [5, 42 б.]. «Туысы жақындарға, міскіндерге, жолда қалғандарға міндетті түрде қарайласыңдар» [5, 284 б.].

Адамдарға қайырым жасаудың бір түрі ретінде қайыршыға садақа беру керектігі де Інжілде ашық көрсетілген: «Не обижай наемника, бедного и нищего, из братьев твоих, из пришельцев твоих...» [4, 193 б.]. «Сын мой! НЕ отказывай в пропитании нищему и не утомляй ожиданием очень нуждающихся...» [4, 646 б.]. Құран-Кәрімде де садақа беруге мән беріледі: «Шұбасыз садақа беруші ерлер мен садақа беруші әйелдер, сондай-ақ Аллаға көркем борыш

бергендер, – оларға неше есе арттырады. Әрі олар үшін көркем сыйлық бар.» [5, 539 б.]. «Дала уалаяты» газетінің 1894 жылғы бір санындағы «Атымтай жомарт» деген әңгімеде Атымтай өзінің еңбек ету себебін айтады. Онда салтанатқа малданудың көңілге жел кіргізетіні, бар болып жұмыс істеудің ғибрат үшін екендігі, еңбекпен тапқанның тәтті, сіңімді екендігі және құдай дәулетін тек өзі ішіп-жемеуі керектігі, демек қайырма жасау идеясы айтылады [3, 499–500 б.].

Мәшһүр-Жүсіпте жолаушы қысылғанда, біреуге берген жарты нанан ғана құтқарушы бола алғаны көрсетілсе, сол іспетті идея «Дала уалаяты газетінің» 1889 жылғы бір санында «Өлгеннен соңғы достар» деген аңыз-әңгімеде берілген. Онда атасы балаларына үш дос бар екенін: әуелгісі-ақша, мүкәммал, екіншісі-туыстар екенін айтады. Газеттегі материалдың қазақша вариантында үшіншісі түсініксіздеу берілсе, соның орысшасында ол былай көрсетілген: «Третьи-его добрые дела, которые идут с ним в вечность до престола царя царей. Они-то суть ходотаи пред Господом, потому что человек по делам своим получает или наказание, или награду». Қазақшасында бұл қысқарақ алынған: «Үшінші пенденің еткен жұмыстары, ол мәңгі жолдас болып бірге кетеді...» [3, 95–96 б.]. Ал, газеттің 1891 жылғы бір санында «Үш дос» деген әңгімеде бір адамның басына іс түскенде, бірінші, екінші досы қалып қояды да, үшінші досы ғана көмектеседі. Сөйтсе, бірінші досы-ақша, екінші-ағайын, үшіншісі қылған жақсылығы болып шығады. Мұның бәрі шешуші кезеңде адамға жасаған қайырымдылығы көмекке келетінін айқындауға арналса, Мәшһүр-Жүсіп «Жарты нан» хикаясы өлеңінде құтқарушы жарты адамды сөйлетіп, осы идеяны былай өрістетеді:

Қысылып, мен болмасам, шыбын жаның,
Дәрменің қалмап еді, құрып елің.
Танып қой, танымасаң, мен боламын,
Дүниеде қылған қайыр-жарты наның!
Шықпаған сараңдықтан, бүтін қолдан,
Қалмас ең болса бүтін, мұңша жолдан.
Дүниеде қылған қайыр, ықсаныңыз,
«Тар жол, тайғақ кешуде» пана болған.
Бозбала, бір көрерсің өлім бетін,
Тіл алсаң, өлім бетін көрмей күттің.
Өлімнен күні бұрын күтінбесең,
Бұрқылдап әр тесіктен шығар түтін.

Жиылса бір араға тамам түтін,
Түтіннің не болатын көрдің бетін.
Қайыр, ықсан, сауапты жарты қылмай,
Қыла көр күні бұрын соны бүтін! [6, 167–168 б.]
Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы шығармашылығын зерттеген белгілі ғалым Уалихан Қалижанұлының мына бір пікіріне назар аударайық: «Алланың оңлауымен отыз кісі және бес адам құтқара аламаған айдаһардан селтендеген жарты адам көзді-ашып жұмғанша жұтайын деп тұрған жерінен байғұсты құтқарым алды. Отыз кісі кім, бес адам кім, енді соған тоқталсақ, автор:

Оразаң отыз күнгі – отыз кісің,
Бес кісі – бес намазың, білемісің.
Жоқ қылып жамандықты жойылтуға,
Бұлармен дәнемеге келмес күшің.

Қысылды мен болмасам шыбын жаның,
Дәрменің қалмап еді, құрып әлің.
Танып қой, танымасаң, мен болармын,
Дүниеде қылған қайыр –жарты наның.

Алла тағала қайырымды –мейірімдіні жақсылыққа бөлеген, өзінің шапағатынан құры тастамаған, елге берген садақа, кісі еткен жәрдем ешқашан да жаратқанның жадынан тыс қалып көрмепті. Мұхаммед (Ғ.С.) хадисінде: «Мұсылмандардың арасында ең хайырлы үй –оның ішінде жетім болып, оған жақсылық етілген үй және мұсылмандар арасында ең жаман үй –ішінде жетім болып, оған жамандық етілген үй», -делінсе, ислам дінінде қайыр-садақаның сауабы үлкен. Халқымызда «қайыр қылсаң бүтін қыл» деген қанатты сөздің шығуы да тегін емес. Бір Алланың жолына арнаған отыз күн ораза, бес уақыт намаздың да орны өзгеше, олардың да өзіндік сауабы, өзіндік артықшылығы бар. Бес уақыт намазды оқу арқылы әрбір мұсылман тәуба-тәуапқа келеді, қанағат, рахымды, кісілікті, кішілікті, ел үшін, көп үшін еңбек ету керектігін, бір Алланың жолында тек жақсылық қана жасаудың дұрыстығын шындап түсінеді» [4, 202 б.].

Бұл өлеңдерде бай-бакуат адамдар өз қамын ғана ойламай әлсіздер мен дәрменсіздерді кемсітпей оларға жақсылық жасап, қайырымдылық көрсетуін жазған. Ертең ол дүние ақыретте дүниенің пайдасы әкелмейтінін жазған. Ол туралы Құранда Алла Тағаланың өзі

айтқан: «Сондай Алладан қорыққандарға: «Раббыларың не түсірді?», - делінсе, олар: «Игілік» дейді. Сондай-ақ жақсылық істегендерге бұл дүниеде жақсылық бар. әрине ахирет жұрты тағы жақсы. әлбетте тақуалардың қонысы қандай жақсы» (Нахыл, 30) [5, 269 б.].

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Құран. I том. - Москва, 1990 ж.
- 2 Дала уалаяты газеті. 2- том.- Алматы: Ғылым, 1990 ж.
- 3 Дала уалаятының газеті (Құрастырған Ү. Сұбханбердина) 1 том.-Алматы: Ғылым, 1989 ж.
- 4 Библия. –Москва: Моск.патриархии, 1990 ж.
- 5 Құран Кәрім.- Медине, 1991 ж.
- 6 Мәшһүр-Жүсіп Көпеев. Таңдамалы. 1-том. Алматы: Ғылым, 1990 ж.

«НӘПСІ» ТАҚЫРЫБЫНА ҚАТЫСТЫ ХАДИСТЕРДІҢ АҚЫН-ЖЫРАУЛАР ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ИНТЕРПРЕТАЦИЯСЫ

ҚУАНДЫҚ З. Е.

педагогикалық ғылымдарының магистрі, оқытушы,
С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Хадис – ислам дінінің Құран Кәрімнен кейінгі екінші орындағы басты қайнар көзі. Аллаһ тағала «Расында сендер үшін Аллаһты да, ақырет күнін де үміт еткендер және Аллаһты көп еске алған кісілер үшін, Аллаһтың елшісінде көркем өнегелер бар» аятымен Өз елшісінің сөздері мен іс-амалдарын, өмір жолын бүкіл мұсылмандарға үлгі-өнеге етіп берді. Бұл – адамдарды пайғамбарымыздан (Ғ.С.) үлгі алуға шақырған Аллаһ Тағаланың тікелей бұйрығы. Сол секілді Құран Кәрімнен Пайғамбарға бойұсынуға шақырған бірқатар аяттарды оқуға болады.

Алла Тағала ислам дінін жібергеннен бастап, әсіресе ең жас дін ислам діні келгеннен бастап, нәпсіні тыю керектігі жөнінде Мұхаммед пайғамбарымыздан (Ғ.С.) қалған өсиеттер өте көп.

Әрине әуел бастан бізді Алла Тағала жаратқанда бізге нәпсі берді. Сол нәпсімізге ие болып тек дінмен ғана жүргенде адам өз мақсатына жетеді. Жалпы «нафси» сөзі араб тілінен енген сөз. Оны қазақша аударғанда «жан құмарлығы» деп аударылады. Адамның жастық шағында құмарлығын бой алдырып жүргенде оның өмірі

қалай тектен-текке кетіп, босқа кеткенін білмей қалады. Ал Алла Тағала Құранда «Жын мен адамзатты Өзіме құлшылық қылулары үшін жараттым» (аз-зариат, 56) [1, 522 б.].

Тағы да: «Расында нәпсіні тазартқан кісі құтылды да: Әлде кім оны кірлетсе қор болды» (амс, 9-10) [1, 595 б.] аяттары растай алады.

Нәпсіні тәрбиелеу мәселесі ақын Мәшһүр Жүсіп Көпейұлының негізгі шығармашылығындағы тақырыптарының бірі.

Бір іске өкінбейсің деп ойласаң,

Нәпсінің достық айтқан алма тілін.

Жаяу қыл, нәпсінді атқа мінгізбей бақ,

Міне қалса жортқызып, желгізбей бақ.

Өзін өзі бағуға көп әл керек,

Көз соңынан көңілді жүргізбей бақ [2, 93 б.].

– деп нәпсіні тыюға, құмарлық, ноқтасында кетпеуге шақырады.

Нәпсіні тыю үшін ерік, ақыл, ар, таза жүрек, сенім, ерлік керек.

Тіл алсаң, қол қысқартып, тіл ұзартпа,

Ауыр жүк асқар таудай мойныңа артпа!

Дұшпан біліп қоймасын сырды десең,

Жан күйер досыңа да сырыңды айтпа!

Үлкенді-үлкен, кішіні кіші біліп,

Жүргейсің мүсәпірді көзіңе іліп!

Өзіңмен дәрежесі үлкен жанмен,

Орынсыз тайталаспа, сөзге келіп.

Ғылым біл, жұмыс істе, -оған серік,

Жарлықа мал, бұл ғылым – байға көрік!

Ғылым, білім, өнерсіз, қадірсізді,

Өлік біл, оны жан деп білме тірік [3, 112 б.]!

Тату тұрса адамға дүние кең,

Еңбек ет, жер жеткілік береді кен.

Адамның адал ұлы болам десең,

Алдыменен өзіңнің нәпсінді жең [4, 182 б.].

Шәкәрім Құдайбердіұлы өз өлеңдерінде нәпсі ұғымына ерекше көңіл бөлген ақындардың бірі.

1)Өмірден мақсұт хақиқат,

Соны ізденіп алмақ.

Нәпсіге еріп болма мағ,

Ол сені отқа салмақ [5, 217 б.].

2) Нәпсі жеуден жалықпас жазы, қысы
Зорлықтың мақтанмен бар байланысы.

3) Адамның бәрі бір, болмайды аласы.
Оларды бұзатын нәпсінің таласы.
Ар билейтін заманда нәпсі өліп,
Бірігер еңбекте барша адам баласы.
Адалдың жері жоқ ақырда жеңбейтін,
Тарихта әрқашан адал жан өлмейтін.

«Ақ иіліп сынбақ жоқ» - деген рас,
Нәпсі өлсе өзімшіл, бұған кім сенбейтін [5, 213 б.]?

Ислам дініндегі мистикалық, тақуалық және эстикалық ұғымдар адамзатқа ортақ адамгершілік ұғымдарымен біте қабаттаса көрінеді. Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы діни ілімінде: сараңдық, екіжүзділік, өзімшілдік, мақтаншақтық, еріншектік, дүние қоңыздық, жалпы айтқанда нәпсіқұмарлық деген түсініктер таразының бір жағына қойылса, екінші жағында ішкі рухани тазалық, төзімділік, тәубашылдық, адалдық, білімділік, кісілік, әдептілік, сыпайылық, кішіпейілділік.

Бір теңге берсе біреу Құдай үшін,
Сөзін – тәтті, шырайлы қылып түсін
Құдайым періштеге айтады –міс!
– Пенденмнің көріңдер, и – деп, қылған ісін!

- Беріп тұр мені ойға алып, малың қиып,
Шайтанның тілін алмай, нәпсі тыйып
Берумен бір теңгені сатып алды,
Иманның жеті шартын түгел жиып [4, 178 б.] .

Адамға үлкен дұшпан –жұтқан тамақ,
Үлкен жау , ұйықтамасаң, болар қабақ,
Тығының бір тесіктің толтырам деп,
Күнәны үсті-үстіне жүрміз жамап [4, 154 б.] .

Адамға күнә қайдан?
Көз бен тілден!
Қаңғырып әуре болдық іздеп елден.
Көрген көз, сөйлеген сөз – бәрі күнә,
Іздеуге қажет емес бөтен жерден [4, 154 б.] .

Көріп отырғанымыздай дінді жетік білген Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы осылай әрбір жолында айтылған өзекті идеясы Құранның негізінен алып, халқын ізгілікке шақырады, ислам қағидаларын

ұстанып, Құран мен Мұхаммед (Ғ.С.) пайғамбардың хадистерін оқып тануға шақырады.

Адамзат баласының адами тұлғасы жақсы қасиеттерімен, қайырымды іс- әрекеттерімен, әділ ұстанымдарымен ардақталса, сөз өнерінің құндылығы адам және оның жан дүниесін, ішкі әлемін ашып көрсетуімен айқындалады. Тұрмағамбет Ізтілеуовтің жақсылық пен жамандықтың ара-жігін ашып көрсеткен дидактикалық сарындағы толғауларын оқи отырып, адами болмыстың жыр кестесіне түскендегі өрнегіне қаныққандай болалық (Мысалы, «Жақсы мен жаман»).

Діни- ағартушы ақындарға қызықтырып келген мәселенің бірі жан мен тән мәселесі. Жанның азығы – рухани ізденістер болса, тәннің азығы – нәпсіге қатысты жайттар. Адамдар ардың тазалығымен таразыланса, адамгершілік қасиеттер де осы жан мен тәннің, рух пен нәпсінің қатысы негізінде ажыратылып, бағаланып жатады. Тұрмағамбет Ізтілеуовтің осы мәселесі қамтыған өлеңдерімен қоса шығыстық үлгіде жазылған рубайлары да бар.

Негізінде, нәпсім- бөрім, айым- қойым,
Нәпсіге қойды «жемей», жоқ қой тойым.
Біле алмай қайсысына қарарымды,
Болып жүр осы уақытта дел- сал бойым [6, 54 б.] .

Нәпсі – тәннің азығы. Ол материялық тірі табиғаттың қозғаушы күші. Яғни жалған дүниенің ашкөз тойымсыздығынан туған тәннің қамы. Метафоралылық тәсіл арқылы нәпсіні бөріге, ойды оған жем болар қойға балап сөз құбылта отырып, Тұрмағамбет Ізтілеуов адам табиғатын сөз етеді.

Шал Құлекеұлының шығармашылығында «нәпсі» ұғымына сан рет тоқталып, оның маңыздылығын суреттеп, нәпсіні – «бөрі», иманды – «қой» ұғымдарына теліп, салыстырып, адамның ең басты жауы, дұшпаны ретінде нәпсіге бой алдыруды көсетеді:

1 Ашу – дұшпан болғанда, нәпсі – жауың,
Ақыл – тұрған алдында асқар тауың,
Жүрекке ашу келіп толған шақта,
Денеңнің біле алмассың ауру-сауың.
Ойласаң мың бір пәле тілден туған,
Шешендер топ ішінде тілді буған,
Бір адам қателікпен сөз сөйлесе,
Жабылып мың бір пәле соны куған [7,150 б.]

2 Иман – қой, ақыл – қойшы, нәпсі – бөрі,
Бөріге қой алдырмас ердің ері,

Таяқты қатты ұстап қойшы тұрса,
Жоламас ешбір пәле, шайтан-пері [7, 168 б.].

3 Нәпсің бір көкжал бөрідей,
Иманың бағлан қозыдай,
Егер тыю салмасаң
Иманыңды жеп кетер [7, 142 б.].

Тұрмағамбет Ізтілеуұлы мен Шал Құлекеұлы нәпсіні – «бөрі», иманды – «қой» деп суреттесе, Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы Адамдар қауымын «түлкіге», нәпсіні «аждаһаға», күнәні «мықтап тиген ол бір киімге», тілді «өткір қылышқа» теңеп, сөзді құбылта суреттейді:

Біз – түлкі, ажал бүркіт қоймай тұғын,
Нәпсіміз – бір аждаһа тоймай тұғын.
Күнәмыз – мықтап тиген ол - бір киім,
Нәрсеге одан басқа болмай тұғын!

Тіліміз – өткір қылыш қойған қайрап,
Жұтады отыз тісің, нәпсің шайнап.
Тамырың алпыс екі жіп секілді
Бекітіп дүниені қойған байлап [3, 24 б.]!

Адам өз өмірінде тілдің кесапатынан азап шегуі, оның иманына тілдің, сөздің тигізетін ықпалы үлкен. Ислам мәдениетінде тіл ілімі, сөз нарқына ерекше жауаптылықпен қарайды. Тіл өнерін бағалай білетін қазақ халқында «тау мен тасты жел бұзар, адамзатты сөз бұзар» деп сөздің маңызын тани білген. Құраннан нәр алып және оған амал еткен бабаларымыз қаншама. Алла Тағала Құранда «Әй мүміндер! Алладан қорқындар да дұрыс сөз сөйлеңдер. Алла істеріңді оналттып, күнәларыңды жарылқайды. Сондай-ақ кім Аллаға, Елшісіне бой ұсынса, әрине ол, ұлы табысқа ие болады» (ахзаб, 70-71) [1, 427 б.]. Яғни тілінді ұзартпай орынды сөйлеу ол да иманнан. Үлкенді үлкен, кішіні кіші деп білу, сыйлау пайғамбарымыздың айтқан хадистерінде көптеп айтылған. Ақынның мына шумағы: «Өзіңмен дәрежесі үлкен жанмен, орынсыз тайталаспа, сөзге келіп». Пайғамбарымыздың (Ғ.С) мына хадисіне сәйкес келеді. Жабир ибн Абдуллаһтан риуаят етіледі: Аллаһтың Елшісі (Ғ.С) айтты: «Ғұламалармен мақтану үшін, ақылсыздармен таласу үшін және онымен орын таңдау үшін білім үйренбеңдер. Кім бұларды істесе, тозақтан қорықсын! Тозақтан қорықсын!» [8, 47 б.] делінген екен. Және Айшадан риуаят етілген хадисінде Аллаһтың Елшісі:

«Адамдардың ішінен Аллаһтың ең жек көрушісі – қастасушы, жанжалдасушы» [8, 47 б.].

Егерде адамды нәпсісі жетелейтін болса, оның соңы әр түрлі жамандыққа ұрынады. Нәпсі жетегінде кеткен адамның соңы әрине тозақ оты болмақ. Осыған қатысты пайғамбарымыз (Ғ.С): «Жүрек әрдайым ауысып өзгеріп тұратындықтан қалб деп аталынды. Шын мәнінде жүректің мысалы талдың төбесіндегі ілініп тұрған қауырсын секілді. Жел оны ішкі бетінен сыртқы бетіне төңкеріп тұрады» [8, 15 б.]. Жүрек құбылып тұратындықтан адам кейде өз нәпсісін алға қойып жүрсе, кейде өз нәпсісін алға кеткенін біліп өз-өзіне тоқтау салып отырады. Сол себептен де ақынның айтып отырғаны «жаяу қыл, нәпсінді мінгізбей бақ» дейді. Өлеңдерінің мағыналары өте терең, бір ғана мәселені қамтымай жан-жақты қарастырып соны шеберлікпен жеткізуге тырысты.

Жалпы мұсылмандықта нәпсі ұғымына-кең назар аударылуының өзіндік себептері мол. Бұл да арнайы зерттеп, кеңірек аша түсуді қажет етеді. Осы орайда біздің түйгеніміз: исламда нәпсіні ауыздықтау басты мәселе болатын себебі – нәпсінің мұсылмандар үшін басты да өзекті мақсаттан, Алла жолын, әділдікті іздеуден аулақтататыны. Атап айтқанда, нәпсіге берілу, сол арқылы біреудің, ақысын жеу, зорлық, қиянат жасау, өсім-қорлыққа, пайдакүнемдікке беріліп зиянқорлыққа салыну, т.б. – бәрі де адалдықтан. Алла жолынан алыстауға бастайды. Міне, сондықтан да нәпсіні меңгеру, тыю да мұсылман ақындары үшін өзекті, басты міндет болып табылады.

Хадистанудан өткен мұсылман диалектикалық ойлауды үйренеді, өзінің дербес ақылын дамытуға алғышарт жасап алады. Кертартпа дінбасылар осыдан қауіптенген. Мәселе мынада: Құран –бұйрық ретінде келген қаситетті мәтін (жазба). Онда байқаған адамға айбындылық, жиһат рухы, жалпы авторитарлық тенденция өте күшті. Әдейі қайталана беретін қорқыныш туғызатын негізгі идеялары –Құдайдың барлығы мен бірлігі, күштілігі, қаһары, пайғамбарлардың миссиясы, оларды қаумдар қабылдамай, күлкі қылғаны, күнаға батып, сосын ауыр жазаға ұшыраулары, Қиямет, оның сипттары, жәннат пен тозақ, т.б. [9, 159 б.].

«Себепсіз ешбір нәрсе жаралмаған» деп Әріп Тәңірбергенұлы бабамыз айтпақшы, «Нәпсіні Алла Тағала не үшін жаратты?» деген сұрақ туары белгілі. Алла Тағала оны да бекерге жаратпағаны анық. Мәселен, адамдағы ашуды алайық. Оны дұрыс басқара білудің өзіндік жөн-жосығы бар. Ашу, ашу күйінде қалып кеткен жағдайда шикілік танытады, ол адамды ызақор, қанды көз, ұр да жық

мінезділікке салуы мүмкін. Алайда ашуды адам ар-намысты, ұятты, елді-жерді, дінді, құндылықтарды қорғау жолында қолданса, сол жолда өліп кеткен күннің өзінде шейіттік шәрбатын ішеді. Бұндай ашудың үлкен сауапқа батыратыны белгілі. Демек, осы секілді бір қарағанда жағымсыз көрінген адам қасиеттерін, нәпсі қалауларын дұрыс қолдана білсе, ол да адамның рухани биіктеуіне жол ашады. Нәпсінің өзі адамды биіктетсе, ар-ұжданы қолға алудың адамға қандайлық дәрежеге жеткізетінін сіз пайымдай беріңіз [10, 79 б.].

«Еш уақытта да Жаратушы иемізді естен шығармауға тырысуымыз ләзім. Пайғамбарымыздың (с.ғ.с.) Алла тағалаға: «Мені нәпсіммен қас-қағым сәтке де жеке қалдырма» деп дұға етуінің астарында да осы мән жатыр. Өйткені Алланы ұмытып, бір сәт нәпсінің жетегіне ерген адам бірден өзін бәрінен жоғары сезіне бастайды. Дүниеде уақытша ғана тұрақтап, көп кешікпей Алланың алдына барып бүкіл өмірі жайлы есеп беретін ұмытып, қалай тәкаппарланғанын байқамай да қалады [11, 180 б.].

Нәпсі – адам артынан еріп қалмайтын жан құмарлығы. Өз нәпсісін тыйған пенде Алла алдында үлкен жиһад жасап жүргенмен тең болады. Ақынның «жігіттікте нәпсі тыйсаң» деп отырғаны әдетке айналдырмай, дер кезінде өзіне тоқтау салып, шайтан азғыруына тойтарыс бергейсің дегені. Қазақты бір жағынан нәпсісі торласа, екінші жағынан билігі жетіп тұрған жуандар қоршайды. Сондықтан қажыға барып, Аллаға құлшылық етіп, сол жолда жанынды пида етсең арманын болмас дейді. Міне, ақынның «қазаққа газаттық жоқ осы күні» деп айтып отырғаны осы.

Қазақ ақындары Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы, Тұрмағанбет Ізтілеуұлы шығармаларындағы «нәпсі» ұғымы хадистермен үндесуін біз байқап отырмыз. Поэзия тілімен нәпсі тақырыбын қозғау арқылы қазақ шайырлары бұл ұғымға жаңаша келбет, бейне беріп отыр. Діни мағынасының төркінін өзгертпей, оған басқаша, яғни қарапайым дүниетанымы бар адамдардың түсінік-нанымына жақын, күнделікті өмір өлшемі аясына сыйдыруға тырысты.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Құран Кәрім. Ауд. Халифа Алтай. – Мәдине, 1991. – 604 б.
- 2 Көпейұлы М.Ж. 20 томдық шығармалар жинағы. III том. – Алматы: Алаш, 2004. – 376 б.
- 3 Көпейұлы М.Ж. 20 томдық шығармалар жинағы. II том. – Алматы: Алаш, 2003. – 432 б.

4 Көпейұлы М.Ж. 20 томдық шығармалар жинағы. I том. – Алматы: Алаш, 2003. – 504 б.

5 Құдайбердіұлы Ш. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1988. – 560 б.

6 Ізтілеуұлы Т. Шығармалары. I том. – Алматы: Жазушы, 2007. – 312 б.

7 Мағауин М. Алдаспан: көне қазақ поэзиясының антологиясы. – Алматы: Атамұра, 2006. – 312 б.

8 Алтынсарин Ы. Мұсылманшылықтың тұтқасы. – Алматы: Қазақстан, 1991. – 56 б.

9 Нұрғазина Н. Қазақ мәдениеті және ислам. – Алматы, 2002. – 208 б.

10 Бағашар Қ. Ислам және Өнеге. Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 2015. – 192 б.

11 Ноғаев А. Даналық ойдан дән ізде. Алматы: Көкжиек, 2014. – 192 б.

ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМ ИЕСІ – МӘШҲҮР ЖҮСІП

КУЗЕМБАЕВА Ш. К.

магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Мәшһүр Жүсіп еңбектері жинақталып, қалың жұртшылығымен қауышты. 20 томдық шығармалар жинағы әлі де болса көз тіккен барша жұрттың кәдесіне жарайтын болады. Оның үстіне қазақ мәдениетіндегі алатын орны мен атқаратын рөлі ұшан-теңіз екені тағы да даусыз. Қалай болғанда да, ғұламаның артында қалған мол мұрасы тағы бір тыныс алды. Біздің бұл мақаланы жазуға түрткі болған мәселе мынаған келіп саяды. Соңғы уақыт жеке ғылымдардың тоқайласып, бір мәселе төңірегінде ғылыми тұжырым айтудың жолын ашты. Гуманитарлық ғылым негізін құрайтын әдебиет пен тіл білімі салалары да осындай үрдіске ене бастады. Оның басты қағидатын 1980 жылдары Б. Уақатов ұсынған екен: «Тіл білімі мамандары мен фольклортанушылардың бірігіп істейтін негізгі ортақ проблемаларының бірі тарихи-салыстырмалы зерттеу болуға тиіс. Мұндай еңбектер ғылымның тарих, этнография сияқты салаларында көрініс бере бастады.

Қысқасы, түркі халықтарының, тіпті бір-бірімен ешбір байланысы жоқ елдердің тұрмысы мен салтын салыстыра зерттеу

ғылымның тарихи-элеуметтік перспективаларын бұрынғыдан да кеңейте түсетіні анық» [1, 20 б.]. Әрине, ғылыми тұжырымның салыстыра зерттеуге лайықталғандығы рас. Бірақ оның астарында салыстырудың жеке халыққа тән әдеби-мәдени ерекшеліктерді танытатыны тағы бар. Біздің ойымызша, фольклор мен тіл білімі аренасы тың дүние. Ал егер, мәселен, М. Жүсіптің әрі халық ауыз әдебиетінің ірі өкілі ретінде де, тіл білімі мәселесінде де өзіндік орны бар екенін байыптасак тақырыбымыз ашыла түсер деген ойдамыз.

Біздің бағамдауымызда, М. Жүсіп шығармаларының тілдік белгілерін жан-жақты сипаттау ғылыми талдауға түсті. Тіпті, барынша қомақты дүниелер тиянақталды [2]. Бұл қатарға Мәшһүр шығармашылығын синтаксистік тұрғыдан таразылаған еңбектерді де бір атап өткен жөн [3]. Ал ғұламаның тілдік заңдылықтарды өз тарапынан қотара көтерген еңбектері болды ма деген сауал мазалады. Біздің қолымызға жаңа өкімет (1917 жылды айтып отырмыз) келгенге дейінгі жарияланған мақалалар түсті. Бақсақ, М. Жүсіптің «Дала уалаяты» газетіне жазған бір мақаласында қазақ адамының тіл меңгеру қабілеті бағаланған екен. Ең алдымен, ғалым «Далалық қырғыз баспасына» тіл мәдениетіне қатысты ойын жеткізіпті: «Так как издание это предназначено для степного киргизского населения, то, поэтому, язык его должен быть чисто киргизский и отличаться простотою изложения. Родной национальной диалект вполне понятен и предпочителен пред чужими» [4, 190 б.]. Бұл мәселені ХХ ғасырдың басында көтерілгенін ескерсек, сол уақыттың өзінде қазақ оқығандарының тіл шұбарлауға қарсы уәж айта білгенін танимыз.

Шағын ғана мақала сол кездегі қазақ тіліне қатысты көкейтесті мәселелерді барынша көтере алған. Мәселен, тіл байлығын дамытудағы қазақ тілінің рөлі тіпті айырықша өрбіген: «Знание других языков не так обогащает ум, как тюркский, который считается самым разнообразнейшим из всех языков, в него как доказывают, входят слова из 92 языков, сделанные на разные национальные лады».

Екінші бір тұста ғалым қазақ халқының беймделгіш қалпын дөп басады: «Киргизский язык считается самым трудным из всех наречий восточных языков. Степняк киргиз, живя пять-шесть лет, например, в Бухаре, настолько изучает сартовский язык, что не уступает в знании самим сартам, а живя в странах Аравии, перещеголяет арабов. Сарты и татары, проживающие в степи даже 40–50 лет, не могут вполне усвоить киргизский диалект, не

в состоянии правильно произносить слова, что вызывает смех киргизов».

Бір мақаланың көлеміндегі ғұламалық ойлар бүгінгі күнгі тіл білімінің мәселелерімен сәйкестеніп отырғаны анық. Әрине, мұндай қағидаттарды жеткізу, бір жағынан, ғұламаның асыл мұраты болса, екінші жағынан өз шығармаларында тілдік заңдылықтарды барынша сақтауға итермелегеніне дау болмаса керек. Тілдік заңдылық қана емес, шығармасына арқау еткен кез келген ауыз әдебиеті үлгілеріне барынша ұқыппен қараған. Ғұламаға арналған тұлғалық энциклопедия оның шығармаларын барынша тарқатты. Мәселен, «Бопы төренің қарындасының күйеуі өлгенде жоқтауы» – 12 шумақтан құралған екен. «Мәшһүр Жүсіп бұл еңбегін В.Радлов жазған кітаппен салыстыра отырып, және ел арасынан жинаған деректерін қосып, көркемдеп, мазмұнын кеңейтіп, кей тұстарын өзгерткен» [2, 135 б.]. Осындағы «көркемдеу» тілдің көркемдегіш құрал түрлерін тізбектейтіні сөзсіз. Тұлғалық энциклопедия түзушілер М. Жүсіптің «Б. Қазанғапұлына» атты өленді талдауды ұсынғанда мынадай тілдік бірліктердің барын анық ашқан екен: «Аузы аңқып, шөп шықпас, ажал келсе» – тұрақты тіркес; «Ағаштың бәріне де бітпейді жеміс» – мақал; «Біз – түлкі, ажал – бүркіт, нәпсіміз – аждаһа, тіл өткір – қылыш, тамырың – алпыс екі жіп» – метафоралар; «Қатпа сиыр, қотыртайлық, сүлтікторы – эпитет» [2, 126 б.]. Біз мысал ретінде бір ғана өлең көлеміндегі тілдік бірліктердің спаттамасын бердік. Әйтпегенде, таныған және талдаған адамға Мәшһүр шығармасының әрқайсысынан әрі тілдік, әрі әдебиеттану ілімдік (біз фольклор мәселесін ғана айтып отырмыз) тоқайласқан ой-тұжырымдарды жинақтап беруге болады. Қараңыз:

«Қазақта бір мақал бар. «Ер туған жеріне, ит тойған жеріне». Қазақ соның айтуын білсе де, мағынасын білмейді. Бұл хадис шарифта Шіп Алути мен Алайманның мағынасынан алынған сөз, – деп мынадай түсіндіру жүргізіпті ғұлама: Жақын біл адам ұғлы болса – ойғам. Отынның асылы сый дүр бізге. Топырақ – Аламның асыл шыққан жері. Құдай тәбәрік тағаланың күдірет қасы денесінің шыққан жері – топырақ. Мұнан мағұлым болды. Шын жұрты, шыққан жұрты – ақырет ғаламы.

Ақырет жұмысын қоштап, соның жабдығын ойлап, есі-дерті – туған жері сонда болады. Ер болмаған, ерлік ісін қыла алмаған жұртта қалған жемтік өлексені қиып кете алмаған иттей болып, дүние шылығымен алданып қалады» [5, 115 б.]. Жалпы, қазақ мақалдарының шығу жолына қатысты соны пікірді тізген М. Жүсіп.

Бір көңіл бөлерлігі – оның келтіретін дерегі түп ақиқатына жету үшін діни мақсатты мысалдарды тартып отыруымен орнығуында.

М. Әуезов халық фольклоры деп тапқан өнердің бірі жұмбақты – «халық шығармаларының ішіндегі ең ескі түрінің бірі» деп таниды, әрі «Халықтың жұмбақ деген фольклор қорын жинап басып, тексеріп тану ғылымдық зор міндет» екенін ескертіпті 1938 жылы жазған бір мақаласында [6, 198 б.]. Жұмбақты халық ішінен тауып, өзіне қайтарып бекіткен М.Жүсіп. Неге екенін кім білсін, Мәшһүр қолданысындағы жұмбақтарда сұрау есімдігінің жорта берілуі басым. Төмендегідей мысалдарға кезіктік:

- 1 Бір жапырақ еті жоқ,
Бір ұрттам қаны жоқ.
Белгілі жаны жоқ, сөйлегені не нәрсе?
- 2 Бір жапырақ еті жоқ,
Бір ұрттам қаны жоқ,
Белгілі жаны жоқ,
Не керектің бәрі өзінен табылған не нәрсе?
- 3 Жансыз, денесіз, дем алып тұрған не нәрсе?
- 4 Бас, көз, ауыз, тілден дәнеме жоқ,
Айтқан сөзі артында қалған екеу не нәрсе?
- 5 Жын емес, адам емес, періште емес,
Адам баласына тағылым берген не нәрсе?
- 6 Жын емес, адам емес, періште емес,
«Охи!»-ға ие болған не нәрсе?
- 7 Өзі өлді де, өлгендік себебімен,
Екінші өлікті тірілтуге жарады – не нәрсе? [5, 118 б.].

Әрине, жұмбақ шешілуді күтеді. Әркім шама-шарқынша долбар жасайды. Тіпті, біреу жұмбақ жауабын тауып та жатады. Ал шын мәнінде жұмбақ жасырылуында «...табиғат жайы, адамның денесі, хайуанат пен өсімдік» т.т.б. шынында да, «Жұмбақтың сөз қылған жайларын алсақ, ол бірден нәрсені анықтай айтады; екінші – қайдан шыққан нәсілін айтады; үшінші – оның атқаратын міндетін айтады; болмысының диалектикасын баяндайды және жұмбақ нәрселерді қосып, парлап бір-біріне жасайтын қарым-қатысы арқылы суреттейді. Осы жайлардың барлығын жұмбақ және де ақындық сөзбен, теңеу, салыстырумен келтіреді [6, 202]. Ал «ақындық сөз, теңеу» Мәшһүр шығармашылығында толып та тұр, тұнып та тұр. Демек, мақалаға өзек болған тақырып М. Жүсіптің фольклортанушы, әрі лингвист ғалым екенін анықтай түседі деп білеміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Уақатов Б. Қазақтың тұрмыс-салт жырларының типологиясы. – Алматы: Ғылым, 1983. – 160 бет.
- 2 Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. Энциклопедия. – Павлодар: ЭКО, 2010. – 704 бет.
- 3 Сағындықұлы Б. Мәшһүр-Жүсіп өлеңіндегі сөйлемдік қолданыстар және Мәшһүр өлеңіндегі орын тәртібі амалының көрінісі // «Мәшһүр-Жүсіп оқулары». Республика-лық ғылыми конференция материалдары. – Павлодар: С.Торайғыров атындағы ПМУ, 2001. – 90-99 бб және – 275-289 бб.
- 4 Қазақ тілі жөніндегі революциядан бұрынғы зерттеулер / Дореволюционные исследования о казахском языке. – Алматы: Ғылым, 1993. – 323 бет.
- 5 Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы. 20 томдық шығармалар жинағы. 5 том. – Павлодар: ЭКО, 2013. – 484 б.
- 6 Әуезов М. Он екі томдық шығармалар. 11 том. – Алматы: Жазушы, 1969. – 480 б.

ЛИНГВОМӘДЕНИЕТТАНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

КУРБАНОВА А. Т.

мұғалім, № 34 инновациялық үлгідегі ЖОББМ, Павлодар қ.

Этнолингвистика – этнос болмысын оның тілі арқылы танып-білу масатынан туындаған лингвистиканың (тіл білімінің) жаңа да дербес бір саласы.

Бүгінгі таңда қазақ этнолингвистикасы ғылыми негізі қалыптаса бастаған, жан-жақты ізденіс нәтижесінде өзіндік ерекшелігі мен үрдісі айқындалып келе жатқан, дербес те перспективті ғылым саласы ретінде танылып отыр. Мұны белгілі ғалым проф. М. М. Копыленко өзінің «Этнолингвистиканың негіздері» деп аталатын еңбегінде айқын көрсетіп отыр [1, 9 б.].

Этносты танып-білуге тұс-тұсынан атсалысып өзіндік үлесін қосушы қоғамдық ғылым салаларының бірі – мәдениеттану (культурология) десек, ол этнос болмысының ауқымды да маңызды саласымен шұғылданады. «Мәдениет» жеке адамның басына тән қасиеттен басталып, бүкіл ұлттық менталитетті, ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық сана, дүниетаным, салт-дәстүр, рухани-материалдық байлықтың бәрін түгел қамтитын өте күрделі ұғым [1, 13 б.].

Этнолингвистика көрінісі халық ауыз әдебиеті саласында көрініс табады.

Бүгінгі таңда қазақ тіл білімінің зерттеуде дүниенің тілдік бейнесі жайлы зерттеулер көп айтылып, зерттеліп жүргені белгілі. Дүниенің тілдік бейнесін жасаудағы басты ұстанымдардың бірі – антропоэзектік ұстаным. Қайсыбір заманда болмасын ғылым, білім, өнер, мәдениет – барлығының алдына қойған мақсаты адамды тәжірибесі мен құндылықтары тұрғысынан тану болды. Бұл дүниедегі сан түрлі әрекеттердің бәрі де адаммен және оның болмыстық қасиеттерімен тығыз байланысты. Адамның бүкіл әлем туралы білімдер жиынтығын санамалап саралауда антропоэзектік зерттеудің маңызы орасан зор. «Антропология» терминін алғаш рет адамның дене мүшесі мен ішкі жан дүниесін сипаттауда ежелгі грек философы Аристотель қолданған. Содан бұл термин бірнеше ғасырдың жүзі өткен соң ғана ғылыми айналымға енеді. Бұл терминнің түбірі грек сөзінен шыққан, *anthrōpos* «адам» дегенді білдіреді. Яғни, антропология – адамтану, адамды формасы жағынан жануар ретінде, ал мазмұны жағынан ақыл иесі ретінде қарастыратын ілім. Қазіргі таңда адамтану ғылымына көптеген салалық ғылымдар жатады. Атап айтқанда, антропологияның құрамына археология, этнография, фольклор, лингвистика, физиология-биологиялық және әлеуметтік антропология т.б. пәндер жатқызылады. Тіл біліміндегі антропоэзектілік қазіргі ғылыми ортада көптен бері аян болып, оның қыры мен сыры жан-жақты талданып келеді. Соңғы жарты ғасырда қарқынды дамып келе жатқан бұл ғылыми бағыттың негізгі ұстанымы – тілді адам болмысымен бірлікте қарастыру. Бүгінгі таңда антропологиялық тіл білімінің негізінде жүзеге асатын, бір-бірімен өзара шарттас, әрі іштей тығыз байланысқан бірқатар ғылыми бағыттар қалыптасты. Атап айтсақ, олар: социоллингвистика, этнолингвистика, психоллингвистика, лингвомәдениеттаным, когнитивті лингвистика және палеоллингвистика. Бұл пәндер басқа ғылым салаларымен қоғамдасып, интеграциялануы нәтижесінде өмірге келіп, экстралингвистиканың (яғни сыртқы лингвистика) аясында қарастырылады. Ғылым дамып, таным тереңдеген сайын қазақ тіл білімі қол жеткен табыстармен шектеліп қалмай, жаңа ғылыми зерттеулерді біртіндеп меңгеруде. Қазақ тіл білімінде соңғы жылдары тілді жеке адам болмысымен немесе жеке этноспен олардың ойлау өрісімен және ақиқат туралы білімдер жүйесімен сабақтастықта қарауға ерекше көңіл бөлініп отыр. Қазақ тіл білімінің

жүйесін қалыптастырудағы когнитивтік модельдердің ролін көрсету арқылы тіл білімінің ғылыми бейнесі жасалуда.

Тіл біліміндегі антропоэзектік бағыт. Бүгінгі таңда лингвистика ғылымының даму тенденциясын айқындайтын бірден-бір принциптердің бірі – тілді антропоэзектік бағытта таныту. Ендеше тілді этноспен, оның ой-санасымен, дүниетанымымен, парасатылығымен, ұлттық мәдениетімен байланыстыра зерттеу арқылы дүниенің тілдік бейнесін жасайды. Антропоэзектік бағыттағы дүниенің тілдік бейнесі жөніндегі мәселе орыс тіл білімінде Б. А. Серебренников, Е. С. Кубрякова, В. И. Постовалова, В. Н. Телия, А. А. Уфимцева, А. Вежбицкая, В. Г. Колшанский, Ю. Д. Караулов, В. Масловалардың және қазақ тіл білімінде Ә. Қайдар, М. Копыленко, Е. Жанпейісов, К. Хұсайын, Н. Уәли, Б. Қалиұлы, Ж. Манкеева, Г. Смағұлова, Ғ. Сағидолда, А. Ислам, Б. Тілеубердиев, Э. Оразалиева, Б. Ақбердиева, Ғ. Снасапова, Қ. Жаманбаева, Ә. Алмауытова, К. Күркебаев, А. Әмірбекова т.б. ғалымдардың зерттеу нысанына айналған. Тіл арқылы этностың ұлттық рухани құндылықтары, дүниетанымы, ой жиегі анықталады. Ендеше этнос арқылы тіл күдіреттілігін, ал тілдің байлығын тек этнос арқылы ғана тани аламыз. «Сөзден әдемілеп әңгіме шығару өнері үй салу өнеріне ұқсайды», – деп әсерлі ой айтқан А. Байтұрсынұлы былай дейді: «Адамға дерексіз заттан гөрі деректі зат түсініктірек, жансыз заттың күйінен жанды заттың күйі танысырақ. Сондықтан адам сөйлегенде, сөзі толық түсінікті болу үшін, дерексіз заттарды деректі затша, пернесіз заттарды пернелі затша қалыптайды. Жансыз затты жанды заттай ғаламдайды» [2, 353 б.]. Ғалым А. Исламның пайымдауынша, «Дүниенің тілдік суреті адамның танымдық іс-әрекеті, ұлттық мәдениеті негізінде түзіледі және белгілі бір ұлт қауымдастығының өкілдеріне ортақ. Демек, дүние суреті дегеніміз – концептуалды (логикалық) және тілдік үлгілер формасымен берілетін санамен тікелей байланысты дүние туралы білімдер жиынтығы... Адам қоршаған ортаны ойлау арқылы танып-біледі және ол адам санасында көрініс табады. Адамның шындықты танып-білуі, ой арқылы жүзеге асса, тіл – ойдың бейнелеу қызметінің нәтижесін бекітудің құралы ретінде қызмет етеді» [3, 13 б.]. Қазіргі таңда лингвистикалық зерттеулер тіл қызметінің когнитивтік аспектілеріне қарай бағыт алуымен сипатталатыны белгілі. Бұл бағыттың мақсаты - адамдардың қоршаған ортадан ақпараттар мен мағлұматтар алу, оны бойына сіңіру, жүйелеу және қолдану процестеріне талдау жасау. Қоршаған ортаны тани отырып,

адам ол жайлы өзінің көзқарасын бақылау, әсер алу, сезіну, есте сақтау, қиялдау, түрлі ассоциациялар жасау және т.б. психикалық іс-әрекеттердің нәтижелері негізінде қалыптастырады.

Мақал мәтелдер-лингвомәдени бірліктер. Дүниенің тілдік бейнесін жасайтын адам дейтін болсақ, адамның танымы, қарым-қатынасы арқылы тілді танимыз. Ендеше, тіл мен ойлаудың, ұлттық дүниетанымның тоғысуынан туындайтын күрделі құбылыстың бірі – мақал-мәтелдер. Мақал-мәтелдер қазақ халқының өмір тәжірибесінен, тіршілік танымынан түйіп түзілген ерекше лингвомәдени бірліктер. Этностың таным үрдісі мен рухани құндылықтарды қабылдау, зерделеу, пайымдау, тұжырымдау өрісі мақал-мәтелдерде кең көрініс тапқан. Академик Ә. Қайдар «кез келген этностың (бүгінгі ұлыстың, халықтың не ұлттың) тілінде оның басынан өткен бүкіл өмірінің өрнегі жатыр. Халықтың, яғни этностың шын мәніндегі болмысы мен дүниетанымы оның тілінде ғана сақталады. Әрбір дәуірде өмірде қажет болған құрал-сайманның, қару-жарактың, киер киім мен ішер тамақтың, тұрмыстық заттар мен салт-санаға, әдет-ғұрып, наным-сенімге, ойын-күлкі, той-томалаққа байланысты ұғымдардың аты-жөні, сыр-сипаты т.б. тек тіл фактілері ретінде ғана, яғни тілдегі сөздер мен сөз тіркестері, фразеологизмдер мен мақал-мәтелдер, аңыз-ертегілер арқылы ғана бізге жетуі мүмкін» деп пайымдаған [4, 35 б.]. Демек, мақал-мәтелдер – қазақ тілі сөз қорының ғасырлар бойы қалыптасқан тұрақты да құрамды бөлігі ғана емес, сонымен қатар ұлттық дүниетанымымыз бен менталитетіміздің тілдегі ең бір жарқын көрінісі. Мақал-мәтелдердің тілімізде, өмір-тіршілігімізде, рухани-материалдық мәдениетімізде қолданылмайтын саласы жоқ. Сондықтан да олар этностану, қоғамтану, табиғаттану, т.б. танымдық құбылыстардың тілдік негіздері деп қарауға болады. Оның өзіндік себептері де жоқ емес. Олардың ең бастысы тілдің танымдық қызметіне байланысты. Ал, бұл тәсілдің түп-тамыры, сайып келгенде, тым әріден, көшпелі қауымның өмір-тіршілігіне сәйкес қалыптасқан тілдік дәстүрден бастау алғандығы сөзсіз. Екі мыңнан астам қазақ мақал-мәтелдерінің табиғатын зерттеп және олардың түсіндірме сөздігін жасаған академик Ә. Қайдар «Тілімізде қордаланған мыңдаған мақал-мәтелдердің мән-мағынасына зерделі көзбен қараған адам ең алдымен өз халқының басынан кешірген барша өмірін, салт-сана, қалыптасқан дәстүр, дүниетанымын елестете алады» – дейді. Қазақ тіл біліміндегі мақал-мәтелдер түрлі тақырыптарға топтастырылып, олардың қоғамдық өмірдегі түрлі

оқиғалар мен құбылыстарды, адамның тұрмыс жайын, шаруашылық кәсібін, басқа да түрлі іс-әрекетін түгел қамтып, адамгершілік, тәлім-тәрбие, мінез-құлық жайлы даналық ой қорыту арқылы ұлттық дүниенің тілдік бейнесін жасаушы негізгі индикаторлардың бірі екені сөзсіз. Тіл және ойлаудың өзара қатынасы қарастырылған кезде сөздер, олардың мағыналары адам тілінде бөлек түсінік, өзіндік танымдық әлем құрайды. Антропоэзектік бағытта адам кез-келген заттарды ойлау тұрғысынан қабылдауында объективті әлемді танытын оны өзінше өзгерте алатын белсенді субъектіге тән қасиеттері мен заттардың дерексізденіп, абстракциялануын сипаттай алатын мүмкіндіктер білдіреді. Антропоэзектік ұстаным негізінде мақал-мәтелдер ауыспалы мағынада қалыптасып, тілдік қолданыста қарым-қатынас құралы ретінде жұмсалады. Этностың этникалық сипатының, мәдениетінің тілдегі көрінісі адамның сыртқы келбетін, мінез-құлқын, іс-әрекетін образды түрде танытатын және сипаттайтын мақал-мәтелдер құрамында көбірек байқалады. Мақал-мәтелдер халықтың ғасырлар бойы көңілге түйіп, сұрыптап жеткізген образдар дүниесінің тілдік бірліктері деп қарайтын болсақ, әсіресе адамды сипаттауда, оның ішкі жан дүниесін танытатын, яғни мінез-құлқын бейнелейтін, іс-әрекет, қимылын суреттейтін мақал-мәтелдерді жиі ұшыратамыз. Қазіргі лингвистикада адамның сана болмысын, оның айналасын, рухани қарым-қатынасын антропоэзектік және тілдегі адамдық фактор ретінде зерттеу ең басты бағыттардың бірі болып отыр. Тіл иесі халықтың әлеуметтік-экономикалық өмірінің, оның рухани дүниесі мен материалдық мәдениетінің әдет-ғұрып, салт-дәстүр т.б. түсініктерінің қозғаушы күші, тірегі, діңгегі адам болып табылады. Сондықтан да болар кез келген халықтың фразеологизмдері, оның ішінде мақал-мәтелдер адам ұғымымен байланысып жатады. Мұның бәрі ғаламның тілдік бейнесін жасаудағы ой иесінің үлес салмағын танытады. Бүгінгі таңда тіл білімінде антропоэзектік бағыт үстемдік алып, адам факторына ерекше мән беріліп отыр. Зерттеу парадигмасының антропоэзектік ұстанымы тілдің диалектикалық бірліктегі ең маңызды екі қызметін, атап айтқанда, танымдық (когнитивтік) және коммуникативтік қызметін терең ашуға бағытталады. Антропоэзекті зерттеулерде ұлттық сананың тілдегі көрінісі бейнеленеді.

Тілден тыс болмыс сөйлеушілердің тілінде бейнеленумен қатар, бір тілде сөйлесушілердің ойлау жүйесі де ортақ болады. Ғаламның тілдік бейнесін түзуде грамматикалық категориялардың өзіндік орны бар. Қоғам дамуына байланысты грамматикада да

өзгерістер болып тұрады. Алайда ол лексикамен салыстырғанда, өте баяу жүреді.

Зерттеудің өзектілігі. Қазіргі тіл біліміндегі антропоөзектік бағытқа сәйкес тілдің адамның ойлау жүйесі мен іс-әрекетіне ықпалы, сонымен қатар адамның тілге әсері, тілдегі адам факторына ерекше мән берілуде. Осы тұрғыдан қарағанда, грамматикалық категориялардың қалыптасуында адам болмысы, мінезі, көзқарасы, коммуникативті актіге қатысушылардың т.б. антропоөзекті сипатының объективті жағдаятқа қатысы байқалады. Соның нәтижесі ретінде грамматикалық категориялар түрлі формада тілдік бірліктер арқылы тұрпатталады. Оған негіз болатын грамматикалық қатынастар санада мазмұнданып, осымен байланысты морфологиялық категорияларды таным әрекетімен, концептуалдау және категориялау үдерістерімен тығыз байланыста қарастыру қажеттігі туындайды. Соған сәйкес жүргізілетін талдау тілдік құбылыстарды антропоөзектік тұрғыдан айқындайды. Мұнда адам екі түрлі бағытта сипатталады: 1) адамның тілдегі көрінісі; 2) адамның тілді тұтынуы. Бірінші бағытқа сәйкес адамның дүниетанымы байқалады. Мысалы, адамның соматикалық бейнесінің концептуализациясы нәтижесінде адамның физикалық қабілеті, зияткерлік (интеллектуалдық) қабілеті, эмоциясы, әлеуметтік «мен»-і көрінеді, адам сөйлеу-ойлау әрекетіне қатысушы тұлға ретінде көрінеді. Адамның тілдегі көрінісі негізінен лексика мен фразеологияда айқын көрініс тапқан, сондай-ақ грамматикалық категориялардан да оның өзіндік ерекшеліктерін байқауға болады. Ол үшін грамматикалық категорияларды жеке-дара, оқшау қарастырмай, коммуникация мен когниция талаптарын ескере отырып, тілді когнитивті жүйе ретінде тұтас қарастыру қажеттігі байқалады. Зерттеу жұмысының өзектілігін осы тұрғыдан негіздеуге болады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Әбдуәли Қайдар «Қазақ тілінің өзекті мәселелері»: Актуальные вопросы казахского языка. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 304 б
- 2 Байтұрсынов А. Ақ жол. – Алматы: Жалын, 1991. – 464 б.
- 3 Ислам А. Ұлттық мәдениет контексіндегі дүниенің тілдік суреті (салыстырмалы-салғастырмалы лингвомәдени сараптама): филол. ғыл. док. ... дис.: 10.02.02. – Алматы, 2004. – 340 б.

4 Қайдаров Ә. Тарихи лексикология және этнолингвистика// Қазақ тілі тарихи лексикологиясының мәселелері. – Алматы, 1988, -33-38.

5 Қайдар Ә. Халық даналығы. Алматы: Толғанай Т, 2004. -560 б.

ӘБІШ КЕКІЛБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ДАНАЛЫҚ СӨЗДЕР

ҚАСЫМҚЫЗЫ Ж., МЫРЗАБЕКОВА Ж. Ж.
мұғалімдер, № 47 ЖОББМ, Семей қ.

Тарихтың сан ғасырлық сұрлеуінен өтіп, бүгінгі әлемдік деңгейде дербес мемлекеттік тұлғасымен танылып отырған қазақ елінің әдеби, мәдени құндылықтары–уақыт өткен сайын рухани әлемде із қалдырған айтулы мұралармен толыға түсетін баға жетпес қазына. Манаш Қозыбаев: «Әбіш Кекілбаев ХХ ғасырдағы қазақ қауымының, түркі әлемінің заңғар жазушысы, кешегі Мұхтар, Сәбит, Ғабит сияқты алдыңғы толқын ағаларымыздың мұрагерлерінің бірі, бұл күнгі қазақ әдебиетінің туын ұстаушылардың бірі, бірі болса бірегейі» демектей, Әбіш Кекілбаев шығармалары бүгінгі жас ұрпақ үшін асыл қазына. Әбіш Кекілбаев шығармаларындағы даналық ойлар заманның өшпес мұрасы. Бүгінгі күнде жас ұрпақтың санасында туған халқына деген құрмет пен мақтаныш сезімін ұялатып, ұлттық рухты сіңіру, сондай-ақ ана тілі мен әдебиетін, тарихы мен өнерін қастерлеп, әдеби мұрасын аялап, ардақтай білуге тәрбиелеу-басты міндеттердің бірі. Ұлтымыздың ең ұлық мұраты - тәуелсіздік тұғырына қонғалы бері халқымыз кешкен тарихи оқиғаларға және сол ел шежіресін жасауда ерен еңбек еткен, жұртын өрге тартқан тарихи тұлғаларға ұлттық мүдде тұрғысынан баға беріле бастады. Соның табысты нәтижесі боларлықтай тарихымыздың тынысын бағамдарлық татымды шаруалар атқарылуда. Мұндағы мақсат – бүгінгінің мұратын айқындау үшін, болашақтың баянды бейнесін жасау үшін кешегінің ақиқат баянын байыптау.

Әбіш Кекілбаев ХХ ғасырдағы қазақ қауымының, түркі әлемінің заңғар жазушысы, кешегі Мұхтар, Сәбит, Ғабит сияқты алдыңғы толқын ағаларымыздың мұрагерлерінің бірі, бұл күнгі қазақ әдебиетінің туын ұстаушылардың бірі, бірі болса бірегейі. Әбіш ағынан жарылды, адалынан сөйледі. Әлі де қоғам мен қауымды толғандырған келелі мәселелерде кең толғар пайым қажет

болғанда, қаламына қайраткер сөз ұштап, шынайы пікірін білдіріп, қазақ тілінде көсіле сөйлейтін өзгеше шешен адам болды. Кейінгі жас ұрпаққа шығармашылы үлгі-өнеге боларлықтай мұрасын қалдырды. Мұра – тек тарихи ескерткіштердің жиынтығы емес, өміршен өміріміздің жемісі. Рухани байлық жер көкірегінде емес, ел көкірегінде сақталуы тиіс. Тәуелсіздігіміздің белгісі рухани мәдениетіміз айқындайды. Осы орайда үнемі мәдени өркендеудің арқасында өркениетті елдер қатарына қосыла аламыз.

Зерттеу жұмысының мақсаты: Әбіш Кекілбаевтың сөз қолданысын үлгі ете отырып, күнделікті өмірлік үрдісте қолдану мүмкіндігін қарастыру.

Зерттеу жұмыстарының міндеттері:

1 Әлеуметтік сауалнама арқылы Әбіш нақыл сөздерін анықтау;

2 Әбіш Кекілбаевтың шығармаларындағы даналық сөздерді табу, насихаттау;

3 Көпшілікті таныстыру негізінде зерттеу нәтижелерін беру.

Зерттеу жұмысын іске асырудың негізгі әдістері:

Құжаттарды талдау; Көпшілік әлеуметтік сауалнама, әлеуметтік статистика әдісі; Баспа беттеріне мақалалар даярлау; Тарихи мұражай орындарына бару, Бейне түсірілім әрі сұхбат жүргізу;

Зерттеу жұмысының өзектілігі: Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев Алаш қайраткерлерінің тарихи қызметіне зор баға бере келіп: «Ғасыр басында мемлекет мүддесін ойлаған ұлы қазақтардың жеке басының тағдыры да қасіретті болды. Жүзжылдықтың алғашқы жартысындағы қазақ зиялыларының жеке басының қасіретімен қатар өрілген қызметі өзінің бірегей құбылыс ретіндегі тұжырымды деңгейімен ғана емес, азаттық хәм адамгершілік деңгейімен де осы заманмен үндес» – деп жазған еді. Бұл тарихи ақиқатты, ғибраты мол тағылымды әрқашан жадымызда ұстап, тәуелсіздігіміздің рухани іргетасын берік етуде әрқайсымыз мақсатты қызмет етуге тиіспіз.

Әбіш -даналық ойдың алтын кені. Әбіш Кекілбаев – адам жанының шындығын танудың алуан түрлі тәсілін шеберлікпен игерген жазушы. Әбіш Кекілбаев – заманымыздың бір заңғар тұлғасы, өзі бір жеке әлем. Қазір сол ғажайып әлемді зерттеп, оның ерекшеліктеріне үңіліп, шығармашылық өнері туралы жазылған мақалалар да бірнеше томға жетерлік. Әбіштің шығармашылық еңбегі туралы пікір білдіріп, еңбек жазғысы келген әрбір адам бұрынғы айтылған сөз, жазылған дүниелерді қайталағысы келмей, тың жол тапқысы келетіні де байқадық. Әбіш Кекілбаев кейіпкерлері

қарапайым адамдар болғанымен, олардың өзіне тән өмірі, тағдыры, мінез-құлқы бар. Жазушы олардың жан дүниесінің тереңіне барады. Кейіпкерінің жеке басындағы түрлі сезім иірімін сипаттай отырып, олардың іс-әрекетіне баға береді. Жазушы кейіпкерінің ішкі толғанысын, жан күйзелісін, жүрек тебіренісін қара сөз құдіреті арқылы толғап жеткізеді [1].

Әбіш Кекілбайұлының көптеген шығармалары ТМД халықтары мен шетел тілдеріне аударылған. Ол ҚазССР Мемлекеттік сыйлығының 1986 жылы, Қазақстан Республикасы Президентінің бейбітшілік және рухани келісім сыйлығының 1995 жылы, «Отан» орденімен 1999 жылы, Түркі елдері қауымдастығының шешімімен «Түркі дүниесіне сіңірген еңбегі үшін сыйлығын» алады. 2003 жылы «Қазақстанның Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев» орденімен марапатталды [3].

Әбіш Кекілбаев шығармаларындағы нақыл сөздер - әр халықтың көне рухани қазынасы. Ол өз бастауын адам баласының тым ертедегі саналық қоғам құрған балаң кезінен алып, ғасырлар бойы иеленіп, ерекшеленіп, сұрыпталып толассыз толығып келе жатқан жанды құбылыс. Әбіш Кекілбаевтың жоғарыдағы кейбір шығармаларындағы кездесетін нақыл сөздерге тоқтала кетейік:

«Аңыздың ақыры» романында кездесетін авторлық даналық сөздер:

Оның «Жаман айтпай жақсы жоқ» деп көзі жұмыла қалса, орнына кім болатынын әлдеқашан өз аузынан айтып қойған-ды [132 б.].

Жаман айтпай жақсы жоқ - болар іс болады, оның жағымды жағы да болуы мүмкін немесе керісінше жағымсыз жақтары да болады. Жақсы жағы басым болса игі.

Өзгеден тартып ал, өзіндікін сатып ал. [132 б.].

Өзгеден тартып ал, өзіндікін сатып ал- өзгенікін тартып алсаң да өзіндікін сатып ал. Ешкімге өзіңе тиесілі нәрсені берме.

Мыңдаған жанның басы бұнықы болғанымен ойы бұнықы емес, тілі бұнықы болғанымен көңілі бұнықы емес. [146 б.].

Мыңдаған жанның басы бұнықы болғанымен ойы бұнықы емес, тілі бұнықы болғанымен көңілі бұнықы емес- әміршінің әмірі мықты болғанымен байлығы көп болғанымен шынайы достарды, сыршыны ақшасы көп болса да сатып ала алмайды. Жаны, ойы, көңілі басқа жақта болады.

Бірақ ел құлағы елу, олардың ештеңе естімеуі мүмкін бе? [274 б.].

Басыңа қандай қиын іс түссе де, айла таптырмас тығырықтан қаш. /8 б.].

Басыңа қандай қиын іс түссе де, айла таптырмас тығырықтан қаш- әйтеуір түбі бір сытылып шығар амалды алдын ала қарастырып қою керек [5].

«Ханша-дария хикаясы» шығармасындағы кездескен даналық сөздерге тоқталып өтейін:

Қан жұкпаған қанжардан не пәтуа, қан жұтпаған еркектен не пәтуа, қаймықтырмаған қаһардан не пәтуа? [7 б.].

Қан жұкпаған қанжардан не пәтуа, қан жұтпаған еркектен не пәтуа, қаймықтырмаған қаһардан не пәтуа?- ешқандай нәтижесі жоқ, уақыттың барлығын текке өткізу, елі, Отаны үшін қызмет етпеу.

Дұшпанның харам қанына белшеден жүзсең де, ол мүсәпір болған жауыңның жауандаған көзінен ытқып шыққан бір тамшы ыстық жасты өз көзіңмен көргеніңдей болмайды. [7 б.].

Шабылған елге шабынған ер емес, мөлтендеген көз жасы ғана араша болмақ [7 б.].

Шабылған елге шабынған ер емес, мөлтендеген көз жасы ғана араша болмақ- елінің қиналғанын, көз жасын көрген ер еліне қамқор бола алады.

Ағын суға әйтеуір аққан мұрат болса, өмір шіркінге де әйтеуір өткен мұрат [14 б.].

Ағын суға әйтеуір аққан мұрат болса, өмір шіркінге де әйтеуір өткен мұрат- уақытпен ешкім таласа алмайды [6].

Үркер романындағы «Тығырық» бөлімінде кездескен нақыл сөздер:

1 Ынтымақтың жолы-баққұмарлықты құрту, Баққұмарлықты құртудың жолы- өнерлі мен өнерсіздің, білікті мен біліксіздің, парықты мен парықсыздың ара-жігін айыра білу [395 б.].

Ынтымақтың жолы-баққұмарлықты құрту, Баққұмарлықты құртудың жолы- өнерлі мен өнерсіздің, білікті мен біліксіздің, парықты мен парықсыздың ара-жігін айыра білу- атаққа әуестік, биікке сай болмай ұмтылу, халық арасындағы дарынды мен қабілетсіздерді жоғалтады. Егер ынтымақ болатын болса, онда алға қарай өрлеу болады.

2 Өшпенділік елдің де, ердің де өркенін өсірмейді [395 б.].

Өшпенділік елдің де, ердің де өркенін өсірмейді- кек сақтау, ренішті ұмытпай жүректе сақтап жүру, адамға деген ренішті санамыздан шығармай жүрсек, еліміз не болар еді? Әлемде тасжүректер көбейіп, дамымай артта қалушы едік қой.

3 Тәртіп пен әділдік жоқ жерде елдің де бағы ашылмайды, ердің де бағы ашылмайды [395 б.].

Тәртіп пен әділдік жоқ жерде елдің де бағы ашылмайды, ердің де бағы ашылмайды- мысалға қарапайым мектепті алайық, оқушылар тәртіпсіз, ойына түскенін сарт еткізіп айта қалса, әділ бағаланбаса, еңбегі бағаланбаса елімізде нағыз бағы жанбағандар саны артар еді ғой. Сондықтан тәртіп пен әділдік жоғары тұруы керек.

4Ынтымақ жоқ жерде өшпенділік өршиді [395 б.].

Малы жанына садаға, жаны малына садаға жұртты жауға алдыратын да, жауға аттандыратын да мал [314 б.].

Малы жанына садаға, жаны малына садаға жұртты жауға алдыратын да, жауға аттандыратын да мал – тарихта мал үшін жауға шығып, байлыққа қызығып, басқа елге жауға шыққан. Байлық үшін оққа ұшқан, қан кешкен адамдар қаншама. Бұның бәрі қанағатсыздықтан ұшырайды.

Жел тұрмаса шөптің басы қимылдамайды [329 б.].

Жел тұрмаса шөптің басы қимылдамайды- әр істің бастаушысы, байланыстырушысы болады.

Отыз тістен шыққан сөз отыз рулы елге жайылады. [329 б.].

Отыз тістен шыққан сөз отыз рулы елге жайылады-кейде бір сырымызды жанындағы адамға айтып жатсақ, ертеңгі күні бүкіл қоғам біліп жататын сәттер де болады. Бұл әр дәуірдің, әр ғасырдың дерті. Қалай жоямыз? Ең алдымен, әр тұлға өз-өзіне ие болса, сыр сақтай білсе, бұндай жағдайлар кездеспесі анық.

Тоқсан сөздің тобықтай түйіні бар [329 б.].

Жолаушының кешіккенінен дәмет [242 б.].

Жолаушының кешіккенінен дәмет – бұл жерде кешіккенді жақсылыққа ырымдап, жақсы хабар күтеді [7].

«Күй» хикаясының алынған нақыл сөздер:

Үлкені кішісін жоқ қылады; Күштісі әлсізін жоқ қылады [127 б.]. Үлкені кішісін жоқ қылады; Күштісі әлсізін жоқ қылады – қарап тұрсақ, билікке бір адам келсе, өзінің қарамағындағыларды біртіндеп азайта бастайды. Мықтылар озып, әлсіздер шаң болып қала береді.

Қалауын тапсаң қар жанар [360 б.].

Қалауын тапсаң қар жанар – кейде өміріміздің қалай өтіп жатқанына мән бермейміз. Тек өміріміз өтсе, 5 минуттық қиындықтан өтсек болды деп, көп істің мән жайына бара бермейміз. Ұлы тұлғалар қалай ел есінде қалды. Олар өмірлерін бос

әурешілікпен өткізбей, армандарына ұмтылып, қиналып еңбектенді. Нәтижесінде әр еңбектенген ісінің қалауы табылды.

Әр елдің заңы басқа, иті қара қасқа [371 б.].

Әр елдің заңы басқа, иті қара қасқа- кішкене ғана ұжымның жеке ерекшеліктері, ұстанымдары, тәртібі, ережесі болады. Талаптарға сай ұжымның тұлғалары да сәйкес өзін қалыптастырады. [8]

«Құс қанаты» хикаясында кездескен даналық сөздер:

Балықтың тілін бақа түсінеді [29 б.].

Балықтың тілін бақа түсінеді – мысалы басқа мемлекетке саяхаттап бардық делік. Барсақ, тілін түсінбей қиналатынымыз бар. Сол сияқты бір ортада, бірге еңбектеніп жүрген жандар айтқызыбай-ақ, көздерімен де түсініп жатады.

Өлгеннің артынан өлмек жоқ [42 б.].

Өлгеннің артынан өлмек жоқ – өмір қамшының сабындай қысқа. Әр адамның қамшысы әртүрлі болар... Ал, өмірден озды деп, өмірді тоқтатып, қиялға кіріп кету дұрыс емес. Адам бұл дүниенің қонағы, қонақ кетеді, өмір жалғасын таба береді.

«Бәсеке» хикаясында кездескен нақыл сөздер:

Ұл-ұрпақ, қыз-өріс [132 б.].

Ұл-ұрпақ, қыз-өріс – ұл бала ұрпақты жалғастырады, қыз бала – болашақ Ана.

2 Іштен шыққан баланы кісіге қимақ та оңай емес [132 б.].

Іштен шыққан баланы кісіге қимақ та оңай емес – бала – бауыр етің демекші, өзіңнің бауыр етің балаңды кімге болсын қию, әрқашан оңай емес.

«Аңыздың ақыры» романында кездескен афоризмдер :

Күштіліктің шын аты – Мәңгілік... [145 б.].

Бүгін деген – қорқыныш пен үміттің екі ұдай аралығы. /145 б.].

Бүгін деген – қорқыныш пен үміттің екі ұдай аралығы – кез-келген жоспарланған істің нәтижесіне жетуге деген құлшыныс.

Әлсіздік те – тығырық... Одан да қашып-құтылар айла-амалыңның көп болғаны дұрыс [145 б.].

Әлсіздік те – тығырық... Одан да қашып-құтылар айла-амалыңның көп болғаны дұрыс – тығырықтан шығу үшін сенімділік қажет.

Кішкентай көздерге жақсылық істе мейлің, жамандық істе мейлің, жанарының шарасына сыймайтындай алапат қып істе – қараңғылықтың көгіне шыға алмай жүргендер үшін қандай іс жасасаңда, ойында қалып, нәтиже беретіндей істеу керек.

Тек тірінде маңайыңдағылардың бәрін таңғалтумен өт [146 б.].

Тек тірінде маңайыңдағылардың бәрін таңғалтумен өт – айналанды тек біліммен ғана таңғалта аласың. Егер ізденімпаз болатын болсаң, әр ісің жаңалыққа толы болады.

Дөңбекшіген мазасыз түндер жан-жаққа елендеумен өтетін күннен де жаман [274 б.].

Құлазыған жалғыздыққа қарсы қылар қайраны-қайдағы-жайдағыны ойлауы [289 б.].

Құлазыған жалғыздыққа қарсы қылар қайраны-қайдағы-жайдағыны ойлауы – жалғыз отырып, ойымызға көз жүгіртсек, санамызға қай-қайдағы келіп, жанымызды жегідей жейді.

Барар жерің бәрібір жердің асты [295 б.].

Барар жерің бәрібір жердің асты – өмірде қандай биік, төмен, орташа болсаңда, бәрібір баратын есеп беретін жерің бір.

15 Пенденің білмегі шарт: Алла-жалғыз; онда жора да жоқ, жолдас та жоқ; өзі ешкімнің перзенті емес, өзі де перзентсіз; оған ешкім тең келе алмайды; қасына серік, артына әулет ертпеген ол өз патшалығында қолындағы билікті ешкіммен бөле-жармайтын дара падиша [314 б.].

«Үркер» романындағы «Елшілік» бөлімінде кездесетін даналық сөздер:

Жауда да бір үйің болсын [29 б.].

Тірі жүрсем ақыры бір жарып шығам... [97 б.].

Ендігі халқыңның жол бастаушысы – жолбарыс та, бәрі де емес, қызыл түлкі [97 б.].

Ендігі халқыңның жол бастаушысы – жолбарыс та, бәрі де емес, қызыл түлкі – қазіргі заманмен байланыстырсақ, жолбарыс – ақырады, қызыл түлкі – айламан ісін тындырады. Сол сияқты айла, амал арқылы елді игереді. Ал алдауға бәрі көнеді [9].

«Бәйгеторы» хикаясындағы нақыл сөз:

1 Жалаға ұшырасаң ұшыра, бірақ мазаққа ұшырай көрме [352 б.].

Жалаға ұшырасаң ұшыра, бірақ мазаққа ұшырай көрме – әрбір істі ойлап, мазаққа қалып, ұятқа қалатындай іс істеме [11].

«Әбіштің қоңыр даласы» мақаласындағы афоризмдер:

Қысқа жіп күрмеуге келмейді [387 б.].

Қысқа жіп күрмеуге келмейді – «жалғыздың үні шықпас» демекші, жалғыз ғана адамның ісі оңға баспайды.

2 Елдің жері, елдің шаңырағы [387 б.].

Елдің жері, елдің шаңырағы – менің тілім, тарихым, дінім, туған жерім, салт-дәстүрім бәрі-бәрі – менің шаңырағым! [12]

Ғылыми зерттеу жұмыстарымыздың нәтижесіне тоқтала келе, жас буындарымызды мектеп табалдырығынан бастап, ұлттық – тәлім тәрбие беруде даналық сөздердің маңызы өте зор екендігіне көз жеткізе отырып мынандай тұжырымдарды ұсынамыз:

- Асыл қазыналық рухани мұраларды жаңаша түрде жаңғырту;
- Бұрынғы өткен бабаларымыздың мәдени – рухани мұрасындағы мол мұраны тәрбие көзі ретінде пайдалану және жастарымыздың бойына сіңіру;
- Мектеп бағдарламасына даналық сөздерді тәрбие құралы ретінде енгізу.
- Ұлттық асыл мұраны отбасынан бастап бала бойында қалыптастыру;
- Ұлттық тәрбие көздерін баспасөз құралдары арқылы насихаттау және жүзеге асыру.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Әбіш Кекілбаев, Он екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Өлке» баспасы. Т.6 Алтын шуақ кітабы
- 2 Әбіш Кекілбаев, Он екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Өлке» баспасы. Т.1
- 3 Әбіш Кекілбаев, Он екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Өлке» баспасы. Т.2
- 4 Әбіш Кекілбаев, Он екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Өлке» баспасы. Т.3
- 5 Әбіш Кекілбаев, Он екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Өлке» баспасы. Т.5
- 6 Әбіш Кекілбаев, Он екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Өлке» баспасы. Т.4
- 7 Әбіш Кекілбаев, Ханша-Дария хикаясы. – Алматы: «Атамұра», 2003
- 8 Әбіш Кекілбаев шығармаларының 20 томдық толық жинағы. «Үркер» романы. I том, - Алматы: «Жазушы», 2013
- 9 Қазақ халқының салт-дәстүрлері. Алматы 2004ж.
- 10 Қабдыразақұлы Қ. Ғұрып, дәстүр және тәрбие, МХР, Баян Өлгий, 1979, 125 б.
- 11 Ұлттық тәлім-тәрбие. Алматы. 1997ж.

«АЙМАН-ШОЛПАН» ЖЫРЫНДАҒЫ МАТЕРИАЛДЫҚ МӘДЕНИЕТ ЛЕКСИКАСЫ

МАНСУРОВА А.

магистрант, «Тұран-Астана» университеті, Астана қ.

Ғасырлар бойы жер бетінде тіршілік етіп келе жатқан қай халықтың болмасын күнделікті тұрмыс-тіршілігін, салт-дәстүрін, кәсібін ұлттық сана мен талғам негізінде қалыптасқан мәдениетін бейнелейтін өзіне тән материалдық дүниесі болатыны белгілі. Қоғамдағы материалдық құндылықтар мәселен, киім-кешек, құрал-жабдық және тағы басқалар мәдениетке жатады. Ал олардың атауы тілге де, мәдениетке де ортақ. «Айман-Шолпан» жырында заттық мәдениет лексикасына қатысты ұлт өкілдерінің киіну үрдісін сипаттайтын киім-кешек атаулары, ыдыс-аяқ атаулары бір жағынан ұлттық болмысты көрсетсе, екінші жағынан, белгілі бір стильдік жүк арқалап тұрады. Қазақ лексикасындағы заттық мәдениет атауларын арнайы қарастырған профессор Ж. Манкеева бұл атаулардың өзіндік ерекшелігін: «Заттық мәдениет лексикасы ұлттық рух пен талғам негізінде, ұлттық тұрмыс пен шаруашылық ерекшелігіне сай технологиялық процесс нәтижесінде, өз мәні мен атқаратын қызметіне сай сөз тудырушы модельдер арқылы жасалатын лексика-семантикалық категория ретінде, куммулятивтік қызметі негізінде сақталған материалдық өндіріс пен мәдени туындылардың атаулары» [1, 13 б.], – деп тұжырымдаған. Біз жұмысымызда заттық мәдениет лексикасын ғалымның еңбектеріне сүйене отырып, төмендегідей топтарға жіктеп қарастырдық. Тұрмыстық заттарға байланысты этнографизмдер:

- Болыпты ұлдан кем-тар Маман бейбақ,
- Аулы малға топыр болған ойнақ
- Терісін бес айғырдың саба қылып,
- Сабасы атаныпты «түйе мойнақ»

Бабаларымыздың көшіп-қону жағдайына ыңғайлы етіп ыдыстарды да қолдан жасап қолданған. Мысалы, сұйық затты төгілмейтіндей, әрі бұзылымай сақтау үшін, әрі алып жүруге ыңғайлы, жеңіл болу үшін теріден илеп, иінін қандырып жасаған ыдысы саба болған. Бес айғырдың терісінен жасау Маман байдың байлығын да көрсетеді, әрі сабаның үлкендігін де байқатады.

«Түйе мойнақ» – үлкендігіне байланысты аталған. «Түйе мойнақ»-сабадан басқа ыдыс түрі, сабаның осылай аталуы көлеміне байланысты болып отыр. Бұл – Маман байдың шұбат құятын ыдысы.

Терісін бес айғырдың саба қылып,
Сабасы атаныпты «алтын піспек»

«Алтын піспек» – піспекті қайыңнан, ағаштан жасайтын болған. Ол қымыз дайындауда қолданылатын құрал. Бұл – Маман байдың қымыз құятын ыдысы.

Жадағай киіз үйге кірмей отыр
Сіздің үй бұл мейманға епті келді

Ертеден келе жатқан, көшіп-қонғанға ыңғайлы үйді киіз үй дейміз. Жадағай киіз үй – қарапайым киіз үй. Жырда алтынданған киіз үйде Маман бай отырады, ал жадағай киіз үйді Көгібар менсінбейді.

Астында қамыс үйдің жатқан кедей,
Үй таңдап біздің елден не қылады?!

Қамыс үй – қомсыну, менсінбеу мақсатында жұмсалған, қамыстан жасалған үй.

Бу қылып Шекті малын не қыласың,
Мінгізген ашамайға ұлың бар ма?

Ашамай – қазақ халқының ұлттық ерекшеліктерін көрсететін этнографизм, ертоқымның түрі. Ертоқымның түрлері көп. Ер адамға, әйелдерге арналған, жас балаларға арналған. Ашамай-жас балаға арналған кішкентай ғана ер ағаш. Ашамай ерге ашаның айыр бейнесі алынған сияқты. Аша сөзімен айыр мағыналары жағынан ұқсас келеді. Тоқым қағу тойы – 7, 8 жасар бала нағашы жұрты бәсіреге мінгізген құнанына ашамай ерін ерттеп мініп, бірінші рет үйінен алысқа жолаушылап шығып, нағашы жұртына барады. Сонда әке - шешесі бір малын сойып, ауыл-аймағын жинап, тоқым қағар тойын жасайды [2].

Мендей боп малы-басың бірдей өссе,
Ақ тимей керегеңе не ғып жүрсің?..

Үйіңе жалғыз бие байланбаған

Кедейдің көк торсығын керегеме іл

Торсық, кереге – ұлттық нақышты білдіретін этнографизмдер. Кереге үйдің бөлшегі болса, торсық ыдыс. Торсық – сабамен салыстырғанда кішірек ыдыс. Көшпелі елдердің тұрмысында өте көп тараған байырғы құралдардың бірі болып табылатын қамшы. Ол «Айман-Шолпан» жырында да қолданылады. Мысалы, жырда:

Тобылғы сапты қамшымен,

Тартып-тартып жіберді.

Ашуменен аямай

Тұлпарына қамшы ұрады.

Ер, тоқым, шылбыр, қамшы – ат әбзелдері; Бәйге, дөнен дегендер де атқа байланысты этнографизмдерде жырда кездеседі. Бүкіл өмірлері төрт түлік малға байланыстылығы қазақ халқының кәсібінен де көрінеді. Мысалы, сауын айту, бәйге, жүз жамбы бәйге басы және тағы басқалар жырда көрініс беріп отырады. Ертедегі ата-бабаларымыздың ата кәсіпті игерген шаруашылығы өмірінің негізінде қалыптасып, халық жадында сақталған осы атаулардың сырында тіл тарихы мен халық мәдениетін танудың ізі жатыр деп ойлаймыз.

Киім-кешек, мата атаулары

Академик Ә. Қайдардың «Этностың шын мәнісіндегі болмысы мен дүниетанымы оның тек тілінде ғана сақталады» [4] деген қағидасына сәйкес этнографизмдер қатарынан орын алатын адамзат өркениетіндегі ұлттық мәдениеттің бір саласы киім-кешек атауларына танымдық, этнолингвистикалық тұрғыда талдау жасауды жөн санадық.

Тілдік деректердің бір шоғыры адамзат тұрмысында материалдық қажеттілікті өтейтін, өзіндік талғаммен дараланатын киім атаулары «Айман-Шолпан» жыры лексикасында көрініс тапқан. Онда ішік, шапан, бешпент т.б. киім-кешек атаулары, бояқ, бөз, мақпал, барқыт, торғын, масаты, патсайы т.б. мата атаулары молынан кездеседі. Мысалы:

Етегін жанат ішік серпе тастап,

Сері едім сұр жорғамен той тойлаған...

...Ішінде үш жүз ішік санап салған

Жалғыз шыбық түбінде төрт тең бар-ды...

Ақ сандықтың қасында төрт жағыланда,

Бес жүз санап салып ем өң шапанды...

«Айман-Шолпан» жырында ұлттық киім атаулары қолданылған. Жалпы «Айман-Шолпан» жырында кездесетін себебі, ұлттың тұрмыс-тіршілігін шынайы суреттеуінде. Жанат ішікті байлар киген. Ішіктің түрі ұлтымызда көп. Мысалы батырлар жырын алсақ,

Бөрі ішігін жамылып,

Қабаттап киген камзолды

Сыдыра түйме тағынып(Қамбар батыр).

«Айман-Шолпан» жырында:
Сөзімді менің айтқан білгізгейсің,
Уәде алпыс күнге түйгізгейсің
Гауһар түйме жалғанда ақ бешпент бар,
Үстіне келісімен кигізгейсің

«Қобланды батыр» жырында:
Жалғызымның барында
Пешпент ойдым мақпалдан
Тақия, бөрік, үкі шоқ!

Берілген мысалдардағы тон, ішік- киім атаулары. Шығарма кейіпкерлерінің киген киімдерінен олардың шыққан тегі, әлеуметтік жағдайы да аңғарылып тұрады. Айталық, жанат ішік ауқаттылығын аңғартады.

Кигені Айман қыздың көкше кебіс
Маманға айуан малды берген тегіс
Ақ мамық, алтын тақта жатқан қызға
Келеді жаудың даусы еміс-еміс
Кебіс – ұлттық аяқ киім.
Алладан ажал келсе есті алады,
Біреуді ерте, біреуді кешке алады.
Баланың жасын бұрын сұрап алып,
Бір жарғақ, бір шалбарды кестеледі
Жарғақ тек қана сыртқы киім ғана болмаған: жарғақ шалбар, жарғақ жастық, жарғақ құлақ, құлын жарғақ та болған. Құлын жарғақ – құлын терісінен тігілген, қысқы сырт киім, жарғақ шалбар да, жарғақ жастық та теріден тігіледі. Жарғақ құлақ – тура мағынасында жұқа тері құлақ.

Тілімізде ұлттық мәдениеттің өзегін құрайтын киім атауларының этнолингвистикалық табиғатын тануда тілдік құралдармен айшықталған күрделі құрылымын қазіргі қоғамдық сана мен мәдениеттің бүгінгі деңгейіне сабақтастырудың негізі олардың «тілдік әлемінде» жатыр.

Әр халықтың ұлттық киімі өзінің шаруашылығын, тұрмыстық өмірін, ұлттық дәстүрін, мәдени ерекшелігін, ұлттық мінезін тағы басқаларын танытады. Киім-кешек адамдарға әлеуметтік және этикалық қызмет атқарады. Ата-бабаларымыздың өнегелі өсиетін,

дархан мінезін, дарынды даналығын танытқан көне жыр-аңыздар ұлттық мәдениетті паш ететін тілдік деректерге бай.

Қару-жарақ атаулары: ертедегі әскери қару-жарақтар туралы құнды мәлімет берген әрі қазақ қаруын этнографиялық тұрғыдан алғаш зерттеушілердің бірі – қазақтың тұңғыш ғалымы Ш. Уәлиханов. Қазақ халқының колөнерін зерттеген Ә. Марғұлан, Х. Арғынбаев және т.б. ғалымдар еңбектерінде қазақтың қару-жарағының да жекелеген түрлерінің жасалу технологиясы, көркемдеу тәсілдері зерттеліп, оларға қатысты халықтық терминдер айтылады. Қазақ батырларының қару-жарағын этнолингвистикалық тұрғыдан зерттеген академик Ә. Қайдар, кейбір эпостық шығармаларда, мақал-мәтелдерде кездесетін әскери мәнді сөздердің түп-төркінін, мағыналарын танытқан академик Р. Сыздық, қазақ тіліндегі әскери лексиканы зерттеуге арнаған Н. Уәлиұлының еңбектерінде қазақ тіліндегі қару-жарақ атауларының қалыптасуы, ерекшеліктері, семантикасы қарастырылған. Біз аталған ғалымдардың ғылыми тұжырымдарына сүйене отырып, жырда қолданыс тапқан қару-жарақ түрлерін талдадық. «Айман-Шолпан» жырында қару-жарақ атаулары кездеседі. Соған жырдан мысалдар келтірсек:

Қыз Айман тысқа шықты мұны біліп,
Қолына қылыш алып белін
Жау сарыны келеді құлағына
Үстіне бәйге күрең алды мініп...
Айман қыз күрең атқа алды мініп,
Алтын балдақ қылышын қарына іліп...
Әлібекке сәлем де,
Аты болса байласын
Азаматын сайласын
Өткір алмас қаруын
Өткір қылып қайрасын...

Сонымен бірге жырдағы қару-жарақ атауларының негізінде олардың «ер қаруы - бес қару» деген қалыптасқан қағидаға сәйкес қолданысынан тыс символдық мәні мен киелі қызметіне де назар аударылды. Атап айтқанда, «әдеттегідей, әскери адам үшін оның қаруы тек жауынгерлік қызметінің символы ғана емес, сонымен қатар ер-азаматтық намысының символы. Қару-жарақ - ерлердің жеке мүлкі. Қару-жарақты жай ғана ұстамады, оны құрметтеді, қасиет тұтты, онымен ант етіп, серт берді» [3, 109]. Мысалы, «Көтібар: – Әй, Айман обал қылдың ғой, елге жау араласпай

тұрғанда барар едім,-дейді. Сонда Айман: «ауылына жау тимей аман тұрғанда ат-жарағынды өзіңе беремін, бұғануәде болсын», – деп жүре береді».

Жолыққан түн ішінде Айман қызға,

Әлібек жат адам деп найза салды...

Найза туралы этнограф-ғалым Ө. Жәнібеков: «Бұрын қазақта «от басы – ошақ қасын» әр түрлі пәлекеттен сақтайды-мыс және мұнда оның жоқтаушысы – еркек кіндіктің бар екендігін білдіретін белгі болсын деп, үйге кіре беріс оң жақ босағаға сыртынан найза қадайтын әдет болған» [4, 24 б.], – дейді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Манкеева Ж. Қазақ тілінің заттық мәдениет лексикасы. Автореферат. Фил. ғыл. док. дисс.- Алматы, 1997.- 53б.

2 Қалиев С., Оразаев М., Смайылова М.. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. Алматы, 1994 .

3 Жалмаханов Ш.Ш. Қазіргі қазақ тіліндегі көп мағыналы нақты түбір зат есімдердің мағыналық құрамы. Автореферат. Фил. ғыл. канд. дисс.- Алматы: 1992.

4 Жәнібеков Ө. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде омонимдердің берілуі мен бір-бірінен ажыратылуы жайында. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігін жасау тәжірибелері.- Алматы, 1989. -74б.

ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІН ОҚИТУДА ҚАЗІРГІ ЗАМАҢҒЫ ОҚИТУ ӘДІСТЕРІН ЖӘНЕ ТӘСІЛДЕРІН ҰТЫМДЫ ПАЙДАЛАНУ

МАХМЕТОВА Д. К.

оқытушысы, Павлодар сервис және тамақтандыру колледжі, Павлодар қ.

Егеменді еліміздің президенті Н. Ә. Назарбаев өз Қазақстан-2030 жолдауында: «Ықылым заманнан бері қазақ атамыз «Білекті бірді, білімді мыңды жығады» деген сөз қалдырған. Қазақтың бұл мақалы өзі бүгінгі күні айрықша мәнге ие болып отыр. Бұл заман білекке емес, білімге сенетін заман. Заманауи әлемде елдің қуаты, ең алдымен, білім мен ғылымда болатын уақытқа келдік. Сол білімді қажетке, тұрмыс игілігіне жарата білуімізбен ғана бағаланады. Инемен құдық қазғандай, қиын күрделі, орасан қажыр қайрат пен ерік –жігерді талап ететін білімсіз өмір тұл» [1] атап өтіп, өзінің 2018

жылғы «Рухани жаңғыру: болашаққа бағдар» атты мақаласында «Ұлттық салт дәстүрлеріміз, тіліміз бен музыкамыз, әдебиетіміз, жоралғыларымыз, бір сөзбен айтқанда ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс» [2] деген сөздерінде елбасымыздың қойылған мақсаты - қазақ халқының әсіресе жастардың бойына азаматтық пен қазақстандық патриотизмді қалыптастыру, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін дәріптеуге, әлемдік және отандық мәдениет жетістіктерін оқып үйренуге, өз елінің, туған жердің тарихын, білу.

Жоғарыда аталған «Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша әдебиет пен мәдениетті дамыту жандандыру үшін жалпы білім беретін орта мектептерде, колледж, жоғары оқу орындарында оқушыны жеке тұлға ретінде және оның ұлттық сана-сезімін, өзіндік, дүниетанымын, азаматтық ұстанымын, рухани құндылықтарын қалыптастыруға негіз болатын әлемдегі аса бай, мазмұнды, көркемдік деңгейі жоғары әдебиеттердің қатарындағы қазақ әдебиеті пәнін жүргізудің өзіндік қыры сан қилы.

Қазақ әдебиеті – қазақ халқының ғасырлар қойнауынан ұрпақтан ұрпаққа жеткен рухани, мәдени мұрасы, сөз өнерінің асыл қазынасы. Қазақ әдебиетіндегі көркем туындыларды оқыған сайын өмір сырын, Отан, ерлік, елдік, жақсылық, жамандық, секілді ұғымдардың мәнін оқушы терең аңғарады [3, 150 б.]. Өнерді сүйетін, одан рухани ләззат ала білетін, көркемдік талғамы бар, адамгершілікті, нәзік сезімді болып өседі.

Қазіргі таңда білім беру кеңістігіне кіру мақсатында қазіргі кезде елімізде білімнің жаңа жүйесі құрылуда. Білім мазмұны мен мақсаты жыл сайын өзгеруде. Білім ұйымдарында білім беру – жауапты іс. Бүгінгі оқушы ертеңгі елдің болашағының үмітін артатын азамат. Бұрынғы өткен жылдары оқу үрдісінде мұғалім басты роль атқарса, қазіргі таңда оқушы белсенділікке ие болған тұлға. Сабақта маңызды роль тек қана мұғалімге емес, оқушының іс-әрекетіне де байланысты. Білім беруде туылатын сауал: нені оқыту емес, қалай оқыту? маңыздырақ. Бұл жөнінде Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсеткен [4]. Сабақ үстінде оқушының ізденуі мен зерттеушілікті қалыптастыра отырып, пәнге деген қызығушылықтарын ояту мақсатында қолданылатын технологиялар

көбейіп, тиімді болып жатыр. Солардың бірі «Сын тұрғысынан ойлау технологиясы».

Сын тұрғысынан ойлау әдісі оқушының еркін сөйлеуіне, өз пікірін айтуға, достарының ойын тыңдауға, жағдаяттарды шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты шешуге бағытталған бағдарлама.

Жалпы сын тұрғысынан ойлау бағдарламасының мақсаты үш кезеңнен тұрады. Олар:

- қызығушылықты ояту,
- мағынаны тану,
- ой толғаныс кезеңдері [5, 20 б].

Қызығушылықты ояту кезеңінде оқушылардың бұрынғы білімдері мен сезімдеріне әсер етіп, жаңа білімге мазмұн қалап, болашақта зерттеу жүргізуге күш алуларына және орындалуы керек тапсырмалар жөніндегі жеке және топтық түсініктерді қалыптастыруларына көмектеседі.

Мағынаны тану кезеңінде оқушылар жаңа мәлімет пен идеяны немесе жаңа мазмұнды игеріп, іске асырады. Жаңа ақпараттарды қабылдай отырып, белсенді түрде іс-әрекеті басқаруы қажет. Мағынаны тану кезеңінде оқушылар жаңа білімді бұрынғымен біріктіре отырып, жаңа ақпараттың қолданбалылығы мен қолайлылығын қарастырады, белгісізден белгіліге қарай жүретін ақпарат пен идеяның маңыздылығы жөнінде шешім қабылдайды.

Ойтолғаныс кезеңі үйрену процесінің соңғы фазасы болады да, бұл кезеңде оқушылар алған білімдерін сыртқа шығарып, түсінгендерін өз сөздерімен жеткізе бастайды. Бұл фазаның мақсаты – оқушылардың алған білімдері ұзағынан мазмұнды болып, шындыққа ұласуы үшін бұрынғы мәліметтері мен жаңа мәліметті өз деңгейінде қабылдай алуын қамтамасыз етуі [6, 53 б].

Қазақ әдебиеті сабағын I курс оқушыларына мен интербелсенді тақтаны және әр-түрлі әдіс-тәсілдерді, бірнеше стратегияларды қолданамын. Атап айтқанда: оқушыларды ойлауға үйретуде, тілдерін дамытуда INSERT, еркін жазу, «Миға шабуыл», бес жолды өлең, эссе, «Идеялар себеті», «Биопэма» әдісі, «Фишбоун» әдісі (постерде) Жапондық профессор Исикава бойынша, «Өрмекші» әдісі (постерде), «Бэкроним» әдісі, «Константинополь», «Зерттеушілік конференциясы» әдісі, «Дауыстап ойлау» әдісі, «Шабадан, еттартқыш, қоқыс жәшігі» әдісі, «Кір жайғыш жіп» әдісі, «Кинометафора» әдісі, «Моностерберг», «Кір жаяғыш жіп», «Ақылдың алты ойлау қалпағы» Эдвард де Боно бойынша

«Желпуш» әдісі (Веер) Саймон Браунхилл бойынша, «Галереяны шарлау» әдісі Саймон Браунхилл бойынша, «Куббизм» стратегиясы, және т.б., алынтымақтастық атмосферасын орнату үшін «Шаттық шеңбері», «Гүлмен тілек» сияқты сергіту сәттерін пайдаланамын. Аталған әдістер сабақ үстінде және рефлексия кезінде тиімді әрі пайдалы. Осы әдістер арқылы оқушылардың логикалық ойлау қабілеті, ой-өрісі дамытылады, сөздік қоры толықтырылады, оқушылар өз ойын еркін жеткізе біледі, сонымен қатар сабаққа деген құштарлығы оянады.

Әр әдіс менің әр сабағымда қолданыс табады. Әдебиет сабағында қолданып жүрген бірнеше стратегия және әдістердің мүмкіншіліктеріне тоқталайын:

«INSERT» әдісі- жаңа материалмен таныса отырып, түртіп алу жүйесімен мәлімет жинайды, саралайды, бағалайды. Тапсырманы оқып, түртіп алу жүйесі бойынша жұмыс жасалады: W- білемін; + жаңалық; - білмеймін; ?- білгім келеді; кесте жүйесі бойынша жұмыс жасайды.

«Эссе» немесе «Еркін әңгіме» әдісі – оқыған мәлімет бойынша өз ойларына талдау жасай алады.

«Шабадан, еттартқыш, қоқыс жәшігі» әдісі- тақырып бойынша алған керекті ақпараттарды чөмоданның тұсына жазса, ал әлі де оқуым керек, толықтыруым керек дегендері болса, еттартқыштың тұсына жазады. Сонымен қатар керек емес болған, артық дүниені қоқыс жәшігінің тұсына жазады. Осылайша сабақтан қандай білім алғанын білеміз.

«Шахмат» әдісі Саймон Браунхилл бойынша- маңызды ақпарат туралы ой бөлісіп, жазылым, оқылым, тыңдалым мен айтылым дағдылары қалыптасады.

«Кір жайғыш жіп» әдісі Саймон Браунхилл бойынша- сараптау, жинақтау, бағалау; ақпаратпен тиянақты жұмыс жасалады. Сыныптастарын ұсынылған мәселе, ақпарат туралы елестетуімен таныстырады; ұсынылған мәселе туралы өзгелердің пікірін біледі; өз жұмысын сыныптастарымен талқылайды, жұмысқа терең сараптама жасау арқылы өз білімін, түсінігін кеңейтеді.

«Миға шабуыл стратегиясы» – бұл ұжымдық талқылау, мәселенің шешімін іздеуде қолданылатын тиімді әдіс. Қандайда бір проблеманы әр мүшенің пікірін еркін тыңдау арқылы шешу. Миға шабуыл стратегиясының өзіндік ережесін сақтап, дұрыс пайдаланса оқушының стандартты емес шығармашыл ойлауын жақсы дамытады [7, 7 б.].

«Ақылдың алты ойлау қалпағы» Эдвард де Боно бойынша ұсынылған мәселе бойынша өз ойына талдау жасайды. Жасалған жұмыс бойынша өз көзқарасына рефлексия жасай біледі, толыққанды, жан-жақты түйіндеме жасайды, жасалған жұмыс бойынша өзінің шығармашылық қатынасын көрсетеді, таным әрекеті үрдісінде қарым-қатынас шеберлігі артады.

Фишбоун әдісі(постерде) Жапондық профессор Исикава бойынша – берілген мәлімет бойынша өздері сұрақ қойып, жауабын топтық жұмыста талқылауға, ой қорытуға белгілі бір қорытындыға келуге жетелейді.

«Жасырын сөздер» немесе «Моностерберг» – идеялар талқыланады, жинақталады, шығармашылық қабілеттері дамиды [8, 16 б.].

Қазақ әдебиеті сабағында мен өткізілген сабақтарымнан үзінді ұсынамын. Төмендегі сабақтарымды сын тұрғысынан ойлау технологиясына негіздедім.

Мысалы Міржақып Дулатов «Бақытсыз Жамал» тақырыбын өткен кезде мен ең алдымен оқушылармен жазушыға байланысты, бірге «Кластер» құраймыз, «Кинометафора» әдісі (бейнекөрсетілім), презентация арқылы ақпарат қосымша ақпарат беріледі. Жазушының шығармашылығымен танысып, «Бақытсыз Жамал» романының үзіндісінен қатысты сөздерді табуда «Моностерберг» әдісін қолдандым. Мақсаты-студенттердің зейінін анықтау. Бұл әдіс бойынша төменде бірнеше әріптер ұзыннан-ұзақ жазылған, солардың ішінен сөздерді тауып жазу керек. Мысалы: «Цпцпаурпккракшмоду латовиимщщнещнльміржақыпнейценвчпчмпнпфжамалппувпргнш шщцбақытсызрррррроманторплдридноянпкараррақазакннерирп тотакынрропопоөлеңіпкерррпортұңғышриароавроапплпллжас тарғакенкпорипеиклопитермеорнеолопакошеказаматопаиолипао поттпажесірлоекполеполепкщпиащщцдауларыпнпнпнпғалигтакгш гпекшгкешекшекщкскәрсенбайшреощррп. тарғакенкпорипеиклопи термеорнеолопакошеказаматопаиолипаопоттпажесірлоекполепо лепкщпиащщцдауларыпнпнпнпнғалигтакгшгпекс»

Жауабы: Дулатов, Міржақып, Жамал, бақытсыз, роман, қазақ, ақын, өлең, кейіпкер, тұңғыш, жастарға, терме, азамат, жесір даулары, Ғали. Сәрсенбай.

«Константинополь» әдісі арқылы оқушылардың сөздік қорының қаншалықты екенін көруге болады. Бақытсыз Жамал, Міржақып Дулатұлы, шәкірт, қазақ жерлері деген сөздерді тақтаға жазып, сөздер құрап оқушылар жазулары керек. Мысалы: қаз.

Жауабы: Бақыт, тық, бақ, ал, мал, амал, Жақып, Дулат, ат, уат, ұл, ұлы, ду, дат, әк, кір, қаз, ақ, қаза, аза, жер, ер, ерлер, ері. Шәкәрім Құдайбердіұлының «Еңлік-Кебек» дастанын оқытқан кезде бірнеше әдістермен «Фишбоун» әдісін қолдандым. Оқушылар балық қаңқасын постерге сала отырып, дастанды жан-жақты талдайды. Балық басына Еңлік-Кебек өліміне кім кінәлі?» негізгі сұрақты жазып, оқушылар балық қабырғаларына келесі себептерді жазды:

1 Найман мен Тобықты арасында бітіспес дау.

2 Еңлік пен Кебектің бір-біріне ғашық болды.

3 Екі ғашықтың ата-анасының батасын аламауы.

Балық құйрығына оқушылар шешімді көрсете білді. Олар

1 Егер кішілер үлкендердің айтқанын тындамаса, бақытты болмайды.

2 Өз махаббаты үшін күресу де керек сияқты оқушылар өз ойларын айта білді.

3 Екі ру бір-біріне қарсы болғандықтан, екі ғашық бір-бірімен болмайды.

Келесі қолданылған әдіс ол, «Кір жайғыш жіп әдісі» Бұл әдісті жаңа сабақтың тақырыбын ашуға және ойларын білу үшін қолдануға болады. Мысалы Мұхтар Әуезов тақырыбына байланысты тірек сөздер: «Абай жолы», «Көксерек», «Әуез», «Қорғансыздың күні», «Еңлік-Кебек» пьесасы сияқты сөздерді қағазға жазып, жіпке ілемін. Осы сөздерді оқыған кезде оқушылар сабақтың тақырыбы Мұхтар Әуезов туралы білді. Өз ойларын ортаға салып айтылым дағдыларын қалыптастыруда «Шеринг» әдісі тиімді. Оқушылардың барлығы шеңберге отырады, жүргізуші бастап, кезекпен барлығы тақырып бойынша түйінді ойды қорытындылайды. Идеялар қайталанбау керек. Аталған әдісті сабақтың рефлексия кезінде тиімді қолдануға болады. «Эйлер шеңбері» әдісі – А 4 параққа немесе тақтаға (тақтаны қолдандым) Эйлер шеңбері сызылып, оқушылар кезекпен идеялар талқылап, жазады. Не? Қалай? Неге? Нәтиже? деген сұрақтар бойынша идеялар сараланды. Бұл әдісті мен үлгі ретінде:

Не? – қазақ ақыны С. Сейфуллиннің «Ақсақ киік» өлеңі.

Қалай? – бұл жерде ойлар әртүрлі болды. Оқушылар өлеңде жазылған «Арқаның Бетпақ деген даласы», «Бетпақта қыс, жаздың болмауы, шөлде ел жоқтығын, күн жоқтығын, көл мен өзеннің болмауы, жалғыз киіктің сол жерде көнгеңі туралы, киікті

Қап-қара екі көзі мөлдіреген,

Әдемі екі танау желбіреген. деп ақынның Бетпақты қалай суреттегенін айта білді.

Неге? – «Бетпақ деген жерде неге жануарлар жоқ, деген саулдарға оқушылар бірден «Жалғыз-ақ ел жылында көшіп өтер, Асығып қар суымен "несіп етер". Қаптасып, көшкен елмен дамыл алмай, Мергендер аң ауласып кәсіп етер. Мергендер дамыл алмай киікті атқан, Ауылды қан сасытып топырлатқан. Киікті ойлай ма екен таусылар деп, Азайып бірте-бірте келе жатқан!..» деген жауап берді. Нәтиже: «Сандалып келе жатты ақсақ киік, Бір тоқтап, анда-санда әлін жиып... Ақбөкен сахаранын бота көзі,

Атты екен қандай мерген көзі қиып?» деп, мергендердің киікті атуы, табиғатқа қиянат жасауы, табиғатты қорғау керектігі туралы өз ойларын ортаға салды. Сонымен бірге «Синквейн» әдісі: зат есім- киік, сын есім - жүйрік сұлу, етістік – секірді, жайылды қашты, сөйлем – Киік – киелі жануардың бірі.

Жамбыл Жабаев, Қасым Аманжолов, Сырбай Мәуленов ақындардың шығармашылығын өткен кезде, өлең тақырыбына тоқталамын, тақырыптардың біреуі соғыс тақырыбына жазылған өлеңдер. Мен үлгі ретінде кестеге өлең атауларын жазып, тапсырма ретінде үй жұмысына ақындардың өлеңдерін жазып келуге беремін, талдауға, ізденіске баулимын.

Үлгі ретінде:

«Семантикалық карта» стратегиясы:

Кесте 1

Жамбыл Жабаев	Сырбай Мәуленов	Қасым Аманжолов
Өлең: «Ленинградтық өренім»	Өлең: «Партизан»	Өлең: Соғыстың, қыстың ызғары

Қорыта айтқанда осы және басқа да көптеген әдіс-тәсілдерді пайдалану арқылы оқушылар бойынан көптеген нәтижелерге жетеді. Сыни тұрғыдан оқу мен жазудың, айтылым дағдылардың көмегі зор. Жеке және жұптасып, топ болып жұмыстануға дағдыланады, өздеріне деген сенімі артады, салыстыра отырып, одан қорытынды шығара біледі. Шығармашылық жұмыс жасап, сөздік қорлары молаяды.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Н. Ә.Назарбаев «Қазақстан – 2030 " Жолдау. <http://www.akorda.kz/kz/prezidenti-n-a-nazarbaevtyn-khalykka-zholdauy-2010>

2 Н. Назарбаев «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы [https:// egemen.kz/article/nursultan-nazarbaev-bolashaqqabaghdarrukhanizhanhghyru](https://egemen.kz/article/nursultan-nazarbaev-bolashaqqabaghdarrukhanizhanhghyru).

3 Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Аруна», 2010 жыл.

4 Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы. <http://adilet.zan.kz/kaz/doc>.

5 Мұхамбетжанова С.Т., Мелдебекова М.Т. Педагогтердің ақпараттық–коммуникациялық технологияларды қолдану бойынша құзырлылықтарын қалыптастыру әдістемесі. Алматы: ЖШС «Дайыр Баспа», 2010 ж.

6 А. Ташенова Сын тұрғысынан ойлауды оқу мен жазу арқылы дамыту // Білім-Образование . –2006. – №2.15–18 б.

7 Н. А. Оразахынова «Сатылай кешенді талдау» технологиясының ғылыми-әдістемелік негіздері. Алматы. «Даир». 2007.289–6.32

8. Тәжіғалиева З. Әдебиет сабақтарында оқушыны шығармашылыққа баулудың тиімді технологиясы. //Ғалым-ұстаз С. Шарабасов және қазақ филологиясы мәселелері. Облыстық ғылыми-практикалық конференция материалдары. Орал, 2007-70.

С. МҰҚАНОВТЫҢ «ӨМІР МЕКТЕБІ» РОМАНЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ЗИЯЛЫЛАРЫ БЕЙНЕСІ

МУТАЛИЕВА Р. М.

ф.ғ.к., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

ЮН Ә. А.

магистр, оқытушы, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

ЖАМЕНКЕНОВА Г. Ш.

мұғалім, № 2 ЖОББМ, Павлодар қ.

С. Мұқановтың «Өмір мектебі» романы бүгінгі күнде қайта қарастыруды қажет етеді. Өйткені, Алаш қайраткерлері, басқа қазақтың оқығандары туралы мәліметтер қайта бағалануы тиіс. Бұл туралы Р. Нұрғали былай дейді: «Хронологиялық жағынан бұл туынды Қазақстанның жарты ғасырлық өмірін қамтиды. Қиялдан

гөрі шындықтың, сүлдеден гөрі деректің бәсі артқан заманда Сәбит романдары тәрбиелік мәні күшті шығармалар болып табылады. Тарихи тұлғаларды бағалауда автор тарапынан кеткен қателіктерді де көрсету керек» [1, 294 б.].

Кеңестік идеологиямен жазылған бұл туындыны қазіргі кезде қалай таразылау туралы Қ. Ерғөбек өз пікірін былай ұсынады: «Саясаттан әдебиет жасау тәжірибесі де бар, әдебиеттен саясат жасау тәжірибесі де бар бізде. Осы процесте кейде әдебиетте қамтылған саяси оқиғаларды уақыттың әр қилы екшейтіні, әр кезеңде әр түрлі бағалайтыны бар. Оның үстіне, кезінде саясат көзімен қарағанда дұрыс деп бағаланған кейбір оқиғалар бүгін қате де, немесе керісінше, кезінде саяси тұрғыдан қате деп бағаланған оқиғалар бүгінде дұрыстыққа шығатын жайы бар» [2, 37 б.].

Осы пікірді романдағы бір мысалмен дәлелдеп көрелік. «1925 жылы, Төреқұлов басқарған «Шығыс» баспасында қазақ тілінде, Н. К. Крупскаяның «Халық ағарту туралы Лениннің өсиеті» деген кітабы шықты, аударушы – Әлихан Бөкейханов. Сонда Лениннің сөзін Бөкейханов былайша қазақшылаған:

«Осы күні жарты миллион мұғалім жұмысшы мемлекетінің қызметкері, осыларды партия тіркеген түйедей жетелеп, партия иіне салып, біздің иіспен сасытып (?) біздің партияның отымен жандырып, іс жүргізу керек. Осы күнде көз алдымызда Алатаудың (?) аңғарындай, шығысты жарып шығып келе жатқан күндей ісіміз осы болады. «Біз енді партиямен матасқан (!), партия иіне иленген (!).. кәмунес малмасына (!) салынып, оның иісін шығаратын кәмунес ісіне еліктетіп (!!) – кәмунес ісіне бетін бұратын мұғалім әскерін даярлауымыз керек» (26 бет, 1925 ж).

Лениннің сөздерін қазақшаға бұдан жаман аудару болуға тиісті емес. Осындай сорақы қаскүнемдіктен кітапта аяқ алып жүре алмайсың. Сонда Бөкейханов қазақтың тілін де, орыстың тілін де білмей отырған жоқ. Бұл екі тілді де өте жақсы біледі. Сөйте тұра, Ленин сөздерін шатастырып аудару – ол сөздерді оқушыларына әдейі теріс түсіндіруге тырысу [3, 106 б.].

С. Мұқановтың сол кезде Ленин сөздерінің бұрмаланып аударылғанына шынымен қынжылғаны көрініп тұр. Әлихан Бөкейханов аударған саяси кітапқа «тіркеген түйедей, иіне салып, иіспен сасытып, партиямен матасқан, партия иіне иленген, кәмунес малмасына, иісін шығаратын, еліктетіп» деген сөздер стилистикалық тұрғыда үйлеспейтіні айқын аңғарылады. Алаш көсемінің саяси оқулықты сарказмға айналдырғаны таң қалдырады.

Кезінде жазушы осы аударманы қаскүнемдік деп атады, ал бүгінгі көзқараспен біз аса қинала қоймаймыз. Жоғарыдағы Қ. Ерғөбек айтқандай, сол кездегі қате аударма қазір дұрыс аударма секілді.

Құлбек Ерғөбек журналға берген сұхбатында Сәбит Мұқановтың «Өмір мектебі» романының құнды жақтары туралы былай дейді: «Үшінші кітап, түгелімен советтік саяси ұстанымда, коммунистік көзқараста жазылған. 1937 жылға дейін өмір сүрген саяси қайраткерлер, ақын-жазушылардың қай-қайсысын болсын совет үкіметінің көзқарасымен жасады. Ол кезде Міржақып Дулатов, Әлихан Бөкейханов, Ахмет Байтұрсынов сияқты Алашорда көсемдері, Алашорданы айтамыз Сұлтанбек Қожанов, Нәзір Төреқұлов секілді Алашордаға жан тартқан ұлтшыл коммунистер де ақталмаған. Кешегі 1980 жылдарға дейін бұлардың ешқайсысының атын ататқан жоқ. 1991 жылы ақталды. Соған дейін олардың атын ататпайтын. Сәбит Мұқановтың рухани ерлігі дейміз бе, осы қиын тақырыпқа барып, сынап отырып жазса да, осындай қайраткерлердің бар екенін, кейінгі ұрпақтың есіне салды. Жалпы «Өмір мектебінің» үш томдығы бүгін де керек кітап» [4]. Осылайша, «Өмір мектебінде» Алашорда көсемдері мен басқа да қазақ зиялылары бейнелерінің ұнамды, ұнамсыз түрде сомдалғаны әдебиет тарихы үшін де, қазақ ұлты үшін де құнды дүние болғанына көз жеткіземіз.

С. Мұқановтың «Өмір мектебі» романында Алашорда көсемдері Ә. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Жұмабаев, М. Дулатов туралы мәліметтер берілсе, С. Сейфуллин, Б. Майлиндерді жіті таныстырған. Мысалы, Б. Майлиннің басында Алаш құрамында болып, содан кейін кетіп қалғаны туралы былай әңгімелейді: «Революцияның алғашқы жылдарында осылайша қателескен Бейімбет теріс жолға түскенін тез аңғарады да, әйелі Күлжамалдың және біздің адамдардың айтуынша, «алаш әскерінен» ат-матымен қашып, ауыл арасында тығылып жүреді» [3, 206 б.]. Бейімбеттің Алаш құрамынан не себепті кеткені айтылмайды.

Б. Майлиннің мінезіндегі ерекшеліктері туралы былай дейді: «Бейімбет көрінген адаммен дос бола кететін жазушы да. Мысалы, «Еңбекші қазақ» газетінде Сәкен редактор боп жүрген шақта Сәкеннің сеніскен досы боп қызмет атқарды. Байтұрсынов, Дулатов сияқты алашордашылдармен де араласып жүру, оның баспасөзде коммунистік рухта қызмет атқаруына бөгет жасаған жоқ» [3, 108 б.]. Бейімбеттің көпшіл, жұмсақ мінезді, қай топтағы адаммен болсын тіл табысып кете беретін адам екендігін аңғарамыз.

Бейімбет шығармашылығын сөз еткенде С. Мұқанов «Күлпаш» әңгімесінің 1921 жылғы аштық туралы екенін ашық айтады. Ол кезде қазақ жерінде болған аштық туралы тақырып жария бола бермейтін.

Бейімбеттің жазушылығына қатысты мынадай ерекшелігін айта кетеді: «Жұмысының көптігі және өнімділігі жағынан Бейімбетке теңдесетін қазақ жазушысы, әсіресе – журналисі аз болатын. Бейімбет сұлу жазатын адам да және өте жылдам жазатын, жазғанын қайта көшіретін әдет онда жоқ та. Түзетуді де аз жасайтын. Қазақ грамматикасына ол жүйрік те. Орысшаны шалағай білетін» [3, 204 б.].

Бейімбеттің осындай қырын көрсетуі жағынан да бұл романның естелік жанры секілді тағы бір маңызын аңғарамыз. Роман мемуарлық болғанымен, тек жазушының өз өмірі ғана суреттеліп қоймаған, өзі араласқан ақын-жазушылардан байқаған нәрселерін де баяндап отырады.

Бейімбеттің қоғаммен қатынасы жайлы тағы бір қызықты мәлімет беріледі: «Шығармаларын осылайша өрбіткен Бейімбет, идеология майданының басқа тартыстарына араласқан адам емес. Бұл майданда, сол кезде жүріп жатқан айтыс-тартыстардың Бейімбет ешқайсысына қатынаспайды, ешбір жиналыста сөйлемейді, бұл тақырыпта ешбір мақала жазбайды, сондықтан да ол салғыласып жататын екі жаққа бірдей жағымды; қазақ совет әдебиетінің өзге кадрларының көбінде достары да, дұшпандары да бола жүре, Бейімбетке дұшпандық көрсеткен кісі кездеспейді, оны ұлтшылдар да, советшілдер де «Биеке» деп, үнемі құрметтейді.

КазАПП-шылардың басым көпшілігі Бейімбеттей емес. Олар жиналыстарда, баспасөз бетінде жиі ұшырасатын айтыс-тартыстардың қызу және қалың ортасында жүреді» [3, 208 б.].

Жиырмасыншы жылдары ақын-жазушылар арасында баспа бетінде бір-бірімен айтыспаған адам кемде-кем. Әрбір шығарма үшін, немесе шыққан тегі үшін зиялы қауым арасында майдан болып жататын. Сондай аласапыран заманда Бейімбеттің ешкіммен жүз шайыспай, жаға жыртыспай, қызыл кеңірдек боп өзеуреспей, көркем мінезді болғаны таң қалдырады.

Қорыта айтқанда, романдағы басқа да қазақ зиялыларына бүгінгі көзқараспен тоқталу алдағы зерттеу жұмысымыздың міндеті болмақ. Біз романдан бір ғана Бейімбеттің жазушылық, адамдық тұлғасын таныдық. «Өмір мектебі» романы кеңестік идеологиямен жазылса да, қазіргі кезге жарайтын мәліметтер көптеп табылады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Нұрғали Р. Шығармалары. Т. 5. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры: әдеби зерттеулер, эссе және сұхбаттар. I кітап / Р. Нұрғали – Астана: Фолиант, 2013. – 384 б.

2 Ергөбек Қ. Қарасөз. Қазақ прозасы туралы ойлар / Қ. Ергөбек – Алматы: Ел-шежіре, 2013. – 600 б.

3 Мұқанов С. Таңдамалы шығармалар. Он бірінші том. Өмір мектебі. Роман. Есею жылдары. Үшінші кітап / С. Мұқанов – Алматы: Жазушы, 1977. – 475 б.

4 Ергөбек Қ. Сәбит Мұқановты түсіну үшін бір түйеге жүк боларлық тұз жеу керек... // [Электрондық ресурс]. – <http://qasym.kz/sabit-mukanovty-tusinu-ushin-bir-tujege-zhuk-bolarlyk-tuz-zheu-kerek/> «Аңыз адам» журналы, 2016, қыркүйек

МӘШҮР ЖҮСІПТІҢ ӨМІРБАЯНЫ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

НҰҒЫМАН М. Т.

магистр, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басы қазақ халқының рухани-мәдени өмірінде өшпес із қалдырған ерекше бір кезең екені белгілі. Сол кезеңнің әрбір қалам иесінің шығармашылығын жан-жақты әрі түбегейлі зерттеу бүгінгі таңда маңызды.

Қазан төңкерісіне дейінгі әдеби процесте М. Ж. Көпеевтің қазақтың сөз өнеріне өшпес із қалдырып, кейінгі ұрпаққа бай мұра еншілеп кеткені аян. Ұзақ жылдар бойы халқын қол үзіп, қалған терең мағыналы туындыларының бірі – Мәшһүр Жүсіп Көпеевтің шығармалары. Міне, осындай мол шығармашылық мұрасының негізінде ақынның шығармашылық өмірбаянын түзу қазіргі мәшһүртану ғылымының кезек күттірмес күн тәртібіндегі мәселе болып табылады. Осы ретте оның қанша жазылып, қаншасы жарыққа шыққаны, қаншасы жойылып, жоғалып кеткені белгісіз шығармаларын анықтап, сол бойынша оның шығармашылық лаборотриясын, оқыған ақындық кітапханасын білу, анықтау сынды нәтижелерге қол жеткізбекпіз. Сондықтан да Мәшһүр Жүсіп мұрасының көркемдік деңгейін айқындау мен қатар шығармашылық өмірбаянын қалыптастыру өте өзекті.

Жалпыға аян, XIX ғасырдың соңы мен XX ғасырдың алғашқы 30 жылы М. Көпейұлының өнімді еңбек еткен шығармашылық алтын кезеңі болып, әрі ақынның қазақ романтизмін дамытуға өзіндік үлес қосқан шақтарынан хабар береді. Қазан төңкерісінен кейінгі он жылдықтардың әдебиетін тану, кей тұста Мәшһүрді танудан бастау алып отыратыны жасырын емес. Әлкей Хақанұлы Марғұлан – шоқантануды, Ақжан Машани – Фарабитануды өмірге қалай әкелсе, Мәшһүртануды М. Әуезов, С. Мұқанов, Ә. Қоңыратбаев, М. Қаратаев, М. Мағауин сияқты ұлт зиялылары үлкен күреспен бірте – бірте елге танытқанымен, ілім ретінде халыққа танытуда олардың ойға алған игілікті істерінің жүзеге асуына кеңестік темір нокта, дінсіздік (атеистік) идеологиясы мүмкіндік бермеді. Осылайша, әдебиеттану ғылымындағы әр түрлі сипаттағы Мәшһүр мұрасы жайындағы таным – түсінік Абайтану, Шәкәрімтану, Сұлтанмахмұттану ілімдерінің бірінен кеш, бірімен тұстас пайда болды. Мәшһүртану әуелі стихиялы түрде өрістеп, 1990 – шы жылдардан бастап, С. Дәуітұлы, Қ. Жүсіп, С. Сүтжан, У. Қалижанұлы т.б. іргелі зерттеулері негізінде қазақ әдебиеттану ғылымының даму тарихындағы ең негізгі, ең ірі де, өзекті саласына айнала бастады. Қазақ филологиясында С. Дәуітұлы ақынның екі томдығын жұрт назарына ұсынса, толық шығармалар жинағын бастыру және ендігі жердегі осы бағыттағы зерттеулердің қандай жолмен жүруін белгілеп берген Қ. П. Мәшһүр – Жүсіп болды. Аталған екі әдебиеттанушының қол жеткізген алғашқы ғылыми табыстары – Мәшһүртануды әдеби айналысқа енгізулері болса, екінші ірі табысы – библиографиялық көрсеткіштер арқылы Мәшһүртанудың қалай басталып, қалай дамығанын, қалай жеке әдеби ілім ретінде дараланып шығуын көрсетіп, Мәшһүртанудың тарихын жасады. Осыдан кейін әдебиетіміздің ең соңғы қол жеткізген табыстары негізінде жалпы ұлттық деңгейде М. Көпейұлы мұралары түрлі аспектіде зерделене бастады.

Мәшһүр-Жүсіп аталары кімдер екеніне көз салсақ, шежіре заңы бойынша алдымен әкесін, іле оның баласын келтіру ретімен берсек, мына көрініс шығады: Жанарыс-Қарақожа-Арғын-Құтан-Мейрам-Сүйіндік-Суғыншы-Шуманақ-Құлболды-Күлік-Тілеуімбет-Бесім-Ақжігіт-Сермұхаммед-Көпжасар (Көпей)- Мәшһүр-Жүсіп.

Бұл есеп бойынша, Мәшһүр-Жүсіп Жанарыстан кейінгі 16 ұрпақ болып шығады. Атап айтқанда Орта жүзге енетін Арғын ішінде Сүйіндік руынан тарайтыны анықталады.

Мәшһүр Жүсіптің 1907 жылы жарық көрген «Сарыарқаның кімдікі екендігі» [1] еңбегінде және «әлеуметтік архивте» сақталған сол кітаптың кеңейтілген варианты – өз қолжазбасына сүйенсек, ақынның сегізінші атасы – Құлболды Сырдарияның аржағында Павлодар өңірі көзімен қарасақ, оңтүстік батыс, яғни қазіргі Өзбекстан жағы тұрғанын [2, 3–4 б.] кейін одан тараған ұрпақтың, мәселен, ақынның бесінші атасы – Бесімнің Ұлытауды, ал төртінші атасы – Ақжігіттің Көкшетауды мекен еткенін анықтаймыз. Мәшһүр Жүсіп пен Жолмұрат жазбаларында Көпжасардың Орта Азия, Қазақстан арасында қатынаған сауда керуенінде қызмет еткені, кеш үйленгені, кейін еңбегімен тапқан біраз малын жұт жылы (1861) қырып алып, Мәшһүрдің 3 жасында (1861 жылы) «адамға мал да жолдас емес, ғылым жолдас» екен деп шешімге бой сұнып, баласын медреседе оқыту мақсатында Баянға (Баянды қала деп атаған) көшіп келгені көрсетілген. Мәшһүр Жүсіп бес жасында Баяндағы Байжан Смағұлұлының медресесінде Нәжімалдин хазіреттен оқиды. Ол баланың алғырлығын, зеректігін аңғарып оны «Шар» кітаптан бастап оқытады. Мәшһүр-Жүсіп 8 жасында Қамариддин хазіреттен оқи бастайды. Жас кезінде Бухарай-Шарифтен оқып, дін ғылымын бітірген, кейін Ақмола облысында дуанбасы Керей Тұрысбектің қасында бірнеше жыл тұрып, одан соң Омбы облыстық ахуны болып жүрген жерінде дуанбасы Мұса Шорманұлы шақыртуымен Баянға келген. Қамариддиннің шығыс мәдениетін, қазақ ауыз әдебиетін кең білуі және насихаттауы – бәрі болашақ ақынға шешуші ықпал еткені анық. Бұрын ауыз әдебиеті мен фольклор үлгілері тек ауызша айтылып, оны қағазға түсіру дәстүрі болмаса, Қамариддин хазірет ала келген «Қозы-Көрпеш-Баян сұлу», «Ер Тарғын», «Төрт жігіттің өлеңі» т.б. жырларды қағазға түсіріп, ауызша жырлап айтуы – Мәшһүр-Жүсіптің 8 жасынан бастап-ақ ауыз әдебиеті мен фольклор үлгілерін қағазға түсіріп, халыққа тарата бастағанын дәлелдейді. Осы уақыттарда Мұса Шорманұлының Баянауыл ауданына қараған халыққа аға сұлтан, дуанбасы болып тұрған күні екен, үйіне әдейілеп әкелі-балалы екеуін шақырып алып, бастан-аяқ тыңдайды. Әкесі Көпейге: «Мұнан былай бас киіміне үкі тақтырып қойыңыз. Көз-тілге шет болмасын. Бұл бала өз заманында халыққа Мәшһүр болатын бала екен»- деп лепес қылған екен. Сөйтіп бұрынғы Жүсіп деген атына Мәшһүр деген атының алғаш қосылу тарихы осы сөзден басталған көрінеді. Ал Мәшһүр Жүсіп тақиясына үкіні хазірет әйелі-бибі Мариям, қызының бөркіндегі үкісінен бір шок алып таққан екен. Содан Мәшһүр Жүсіп 3 жыл хазірет үйінде, кейін Мұса

Шорманұлы үйінде, кейін тағы да 2–3 жыл Баянда тәлім-тәрбие, дәріс алады. Яғни 8 жасынан 15-ке келгенше Қамар хазіреттен оқып, дін, ғылым, араб, парсы, түркі кітаптарын т.б. меңгереді. Ал 1874 жылы 16 жасында Мәшһүр Жүсіп Әкімбек дегеннің үйінде екі жыл тұрып, жалғыз баласы Қабылбекті оқытады. Оның жаз жайлауы – Ақмола облысы «Еркіншілік» ауданына қарасты Ақша көлдің басы.

Алғашқы Мәшһүр Жүсіптің өлеңі 15 жасында жазылған. 20 мен 25 аралығында Мәшһүр Жүсіп Сарыарқаның халқын, жерін-суын түгел аралайды, серілік құрады. Әр таптың, әр дуанның аты, атағы бар адамдармен жолығып, пікір алысады. Қарқаралы дуанында заманында халқына қария, үлгі болған, көпті көрген көне, қажыға бірнеше рет барған Жүсіп қажы Бердалы қожамен, Атбасар дуанында Әліке, Байдалы, Аққошқар Сайдалы тұқымдарымен және де Атбасарда Мейрам қажы Жанайдар батыр баласымен т.б. танысып, көптеген уақыттарын бірге өткізеді. Мейрам қажыға 23 жасында, яғни 1881 жылы кездесіп, үйір болып танысып, көп уақыттар, жазы-қысы қолында болады (көне жазбалар мен кітаптарды ақтарып, әдеби мұра сөздерін көп зерттеген).

Сондай-ақ Мәшһүр Жүсіп Ақмола дуанында Қоңырқұлжа төре тұқымдарымен, Жәңгір төремен т.б. танысады. Жәңгір төре де – сөзге шешен, ұғымды, ұқпа құлақ қария, сауатты адам болған. Ақмола дуанына қараған Қама, Жапар елінде атақты Бөгенбай батырдың немересі жүз жасаған Саққұлақ шешенмен, заманында Орта жүзге шежіре атанған қариямен ауыз жұлысып, тарих жағынан, қазақ әдеби мұра сөздерін жазып алып хатқа түсіреді. Ал, Көкшетауда Абылай тұқымы көп төрелермен танысады. Сыздық төре Кенесары ұлымен Ташкент қаласында т.б. жерлерде бірнеше рет кездеседі. Атақты Атығай Қарауылдан шыққан Ақан серімен жиі кездесіп жүреді. «Ақан сері Құлагер өлген соң бұрынғы серілік мінезді қалдырып, көп басқан ас, жиын-тойға жүрмейтін, бармайтын болып, дүние махаббатынан мүлде көңіл суытады. Ақан сері адамзаттың сұңқары, қызыл тілдің ділмәрі, жігіттің құлпы жібегі, сөздің ағытылған тиегі еді. Ақан серінің Ақтоқтыға жазған өлеңі» деп бірнеше өлеңдерін жазады. Ақан серінің 40 қызға 40 түрлі айтқан өлеңдерін, Құлагерді мақтап, жоқтап жазған өлеңдерін келтіре отырып, Мәшһүр Жүсіп Ақан серіні әйел мақтау өлеңіне жетік, көп ақындардан аузы епті деп мақтайды.

Он-он бес жасынан бастап-ақ өлең жазып, хат жазалық болғаннан-ақ Мәшһүр Жүсіп халық әдебиетін ел аузынан да, қағаз жүзінен де жинаумен айналысады. Арысында өзі айтысқа түсіп,

қаламмен де жазып айтысып жүреді. Өзі турасында Мәшһүр Жүсіп «Үш жүздің баласы, қазақтан шыққан қария, шешен сөзге ұста, тапқыр, ойшыл, кеудесінің есігі бар, көзі жіті, көңілі қырағы, бір тіл емес, әр тілде білетін оқыған, тоқыған, жүйрік, білгіш адамдармен ойда-қырда, талай жерде жолығып талайынша сөйлестім,-деп айтқан жерлері де жоқ емес. Жасынан ел аузынан, қағаз жүзінен жинаған үлгілі сөздерінің біразын 1880–1885 жылдары Омбы қаласынан шығатын «Дала уалаяты газетінде» бастырды.

1887 жылы 29 жасында Мәшһүр Жүсіп Бұхар, Ташкент, Түкістан т.б. шаһарларына сапарға шығады. Ол заманда негізгі көлік қатынасы түйе, ат малы болғанын ескерсек, бұл сапарлардың өздері 2–3 жыл уақытты қамтыса керек. Айтылған шаһарлар араб жұрты, Стамбулдан соңғы Орта Азиядағы мұсылман көпшіліктің мәдениетті жері. Бұрынғы өткен ғасырларда Азия жандарының тақ құрған жерлері болған себепті, Мәшһүр Жүсіп бір жыл бұхарада тұрып оқып, білімін толықтырады. Араб, парсы, шағатай, түркінің т.б. тілдерін жат сөзді жақсы түсінеді. Өзбек, тәжік, сарт, қызылбас т.б. бұлардың да тілін, әдет-ғұрпын түсінеді. Абуғали Сина, Абутарит, Сақырат хакім сияқты т.б. ғалымдардың жазған ғылыми кітаптарын оқып көреді, тәжірибе алады. Иран ғалымдары мен шайырларының күшті болған шах Сағдидің жазған кітаптарын да оқиды. Абулғазы Баһадур хан шежіресін, «Мың бір түн», «Шахнама», Науаи, Фероуси, Сайқалы т.б. кітаптарын жатқа білген. Тіпті Ташкент қаласынан шығатын газеттерге де өлең, мақала т.б. беріп тұрған.

Келесі жылы Бұхардан қайтып, Түкістандағы атақты Қожа Ахмет Яссауидің басындағы Әмір Темір салдырған көк күмбезі көреді. Онда да бірсыпыра уақыттар болып, бірнеше ғалымдармен танысады. Одан әрі Сыр өңірін аралайды. Майлықожамен жолығады, жеті атасынан тұқымынан ақындық үзілмеген дуана қожа Көшек, Күдер қожа тұқымдарымен танысады. Одан кейін Шу мен Сырдан өтіп, Ұлытаумен Кішітауды басып, Есіл мен Нұраны жайлап, мекен қылған Алтай, Найман, Қоңырат, Қыпшақ т.б. елдерін аралайды. Осындай екінші сапарына Мәшһүр Жүсіп 37 жасында, яғни 1895 жылдар шамасында шықса керек. Үшінші сапары 49 жасында (1907) сәйкес келеді. Мәшһүр Жүсіптің үш кітабы: «Сарыарқаның кімдікі екендігі», «Хал-ахуал», «Тіршілікте көпжасағандықтан көрген бір тамашамыз» атты туындылары 1907 жылы Қазан қаласындағы Құсайыновтар баспаханасынан жарық көреді. Кейіннен ол баспаханадан шыққан 14 қалам иесінің шығармаларын цензура

сотқа тартады. Ішінде Мәшһүр Жүсіптің жоғарыда аталған еңбектері де бар. Сондай-ақ Мәшһүр Жүсіптің кейбір еңбектері «Айқап» журналында басылған. Жоғарыда атап өткеніміздей, ақынның фольклорист, тарихшы, этнограф, философ ретінде өсуіне ықпал еткен ғалымдар, ұстаздар т.б. төңірегіне келетін болсақ, бір жағында Нажмалдин хазірет, Қамаридден хазірет т.б. тұрса, екінші жағында сол кездегі ел зиялылары, ауыз әдебиеті, тарих білгірлері әсері бар. Олар: Мұса Шорманұлы, Мейрам Жанайдарұлы, Бөгенбай ұрпағы Саққұлақшешен, Күдері қожа тұқымдары, Майлықожа, Ақан сері, Естай мен Майра ақындар, Сыздық төре Кенесарыұлы, Абылай хан тұқымдары, Абай Құнанбайұлы, Шәкәрім Құдайбердіұлы т.б.

Сондай-ақ Мәшһүр Жүсіптің «Дала уалаяты газетіне» көптеген материалдар ұсынып отырғаны белгілі, яғни ол газеттерді алып та тұрған. Ал ол газеттің 1894 жылғы 29.30. 1 санында басылған Г. Н. Потаниннің «Қазақтардың арасындағы әр түрлі ойлап шығарылған өлең, қисса, ертегілерінің, әдет заңдарының керекті болғаны турасында» деген мақаласын оқымауы, көрмеуі мүмкін емес. Өйткені мақалада сұрау түріндегі берілген ұзақ тізім ішіндегі 13 тақырып Мәшһүр Жүсіптің жазбасында да кездеседі. Мысал үшін, мақаладағы Ай мен Күннің тұтылуына, жер жаратылысына, жануарлар арасындағы ең мықты аң төңірегінде, өсімдіктер дүниесіне, жезтырнаққа, Едіге мен Тоқтамыс ханға, Алаша ханға, Жиренше шешенге, Ақсақ Темірге, Сүлеймен мен Байғыз құсқа т.б. қатысты сұраулары Мәшһүр-Жүсіптің «Тама Сарыбас мерген ертегісінде», «Сүлеймен пайғамбар мен Байғыз», «Қазақ билері», «Жиренше шешен», «Атасының аты білінбей өз аты шыққан ерлер», «Лала гүл және махаббат туралы», Ай мен Күндей: «Һәммаға бірдей демегінің мағынасы». «Аспан, жер және адам жаратылысы туралы» т.т. атты еңбектері, тек тақырыптық жағынан үндестік тапқан. Мұндағы Г. Н. Потанин мен Мәшһүр Жүсіп арасындағы үндестік туу себебі бір-бірінен көшірілгендіктен емес, қайта ел арасынан фольклор үлгілерін жинағанда әрі алға қойған мқсаттары, талаптарының әрі жасаған программаларының бір жерден туғандығында деп қарастыру қажет. Себебі Г. Н. Потанин жинаған бірде-бір фольклор үлгілері Мәшһүр Жүсіп қолжазбаларында жинақталған нұсқалардың ешбіреуіне ұқсас келмейді. Сондай-ақ халық ауыз әдебиетін жинаушылар үшін қойылатын талаптардың осы «Дала уалаяты газеті» ішіндегі Г. Н. Потанин мақаласы арқылы жариялануы ол кездегі 36 жастағы Мәшһүр Жүсіптің жинаушылық қызметіне әсер еткені сөзсіз:

[2, 5 б.] «... Сообщения предпочтительнее иметь на киргизском языке, при этом следует иметь в виду, что передавать их нужно именно в том виде, как они вышли из уст рассказчика, без произвольных сокращений и изменений, с точным воспроизведением собственных имен и всех выражений, как бы последние никазались устарелыми или некрасивыми».

Қазақ фольклорын кімдер жинады дегенде, оның XX ғасырдағы Қазан төңкерісіне дейінгі өкілдеріне арнайы көңіл бөлушілік тегін емес. Кітап бастыру енді-енді жолға қойыла бастаған шақта, көшпелі қазақ ауылдарында фольклор, негізінен алғанда, ертекшілер, жыршылар арқылы тарап жатқан кезде ол шығармалардың бастапқы бояуы неғұрлым толық сақталған уақытта жинаудың мәні ерекше. Ал, кейінірек кітап бастыру, сауат ашу кең етек алғанда, жазба мәдениет өрістегенде, сонымен бірге Қазан төңкерісінен кейін, әсіресе, 1920–1956 жылдар аралығында көне мәдениет нұсқаларына тұрпайы социология тұрғысынан біржақты қарау, бар шығарманы тап тартысы айнасы ретінде бағалау, оның еңбекші мүддесіне «қолайлы» дегендерінің өзін редакциялау, өзгерту әдетке айналған уақытта халық поэзиясы үлгілерін жинау да, жариялау да басқа арнаға түсті. Алғашқыда халықтың сөйлеу тілі, ұғымы, қазіргі ұрпақтың бірқатарына ұғыну қиын, тіпті қайшылықты болып көріну мүмкіндігі бар түрде болса да, сол арқылы бастапқы табиғи қалыпта сақталса, кейінгіде шынайылық орнына жасандылық көбейіп, соның нәтижесінде дәуір шындығының да, шығарма көркемдігінің де көп солғын тартқаны белгілі. Мұның бәрі кейінірек жарық көрген халық ауыз әдебиеті үлгілерін, атап айтқанда, сол тұста жарыққа шыққан «Ертегілер», «Шешендік сөздер» т.б. айдарымен шыққан кітаптарды қайта қарап, олардың бір кездегі айтылу, қағазға түсу қалпын іздестіру қажеттігін де алға қояды. Жалпы Мәшһүр Жүсіп жинаған материалдар, негізінен 3 қайнарда жазбада жинақталған:

Бірінші – Мәшһүр Жүсіптің өз жазбасы. Оның көбісі кезінде жоғалып кеткен. Бізге жеткен материалдардың біраз бөлігі Ғылым академиясының кітапханасында «Қара мес» деген топтама түрінде сақтаулы, ал, қалғаны Мәшһүр ұрпақтарында «әулеттік архив» күйінде сақтаулы.

Екінші – Мәшһүр Жүсіптің туған жиені Жолмұрат Жүсіпұлының жазбалары. Олардың ішінде Мәшһүр Жүсіптің өз қолжазбасынан көшіргендері де, әр кезде ел аузынан жинап алғандары да бар.

Үшінші – Мәшһүр Жүсіптің кенже ұлы Фазылдың жазбалары. Ол кісі де біраз ретте әкесінің жазбаларынан көшіріп, енді бірде ел аузынан жинаған.

«Әулеттік архивте» сақталған Мәшһүр Жүсіптің өз қолжазбасына сипаттама берейік. Қолжазбаның бір томы қалыпты орта беттерді құрайды да, жеке бір кітап есебінде сақталған, сыртқы мұқабасы қолдан жасалған, ішкі беттерінің біраз жерлері, әсіресе шеттері ескірген себепті (яғни материалдың қағазға түскеніне кемі бір ғасыр уақыт өткенін естен шығармау керек) үлбіреп, тіпті беттерінің кейбір бөліктері іс-түссіз жоғалған. Кітаптың алғашқы беттері осындай болса, кейінгі ішкі беттерінің шет-шеті аздап үлбірегені болмаса, негізінен алғанда, жақсы сақталған. Әйтсе де оқу, аудару т.б. кезінде небір қиындықтар туары сөзсіз. Қолжазба ескі хадим жазуы үлгісінде ақынның өз қолтаңбасымен жазылған, кейбір текстерде араб, парсы сөздері (көбіне діни тақырыптағы т.б. деректерде) көптеп кездеседі де, қазіргі әріпке аударуды қиындата түседі. Қолжазба 402 беттік мөлшерді құрайды, және де әрбір бетті ақын өз қолымен нөмірлеген. Жазылған әріптері әрі анық, әрі әдемі таңбаланған. Жазбадағы беттер бір-біріне кәдімгі жіп көмегімен ұстатылған.

Текстерге келсек, олар қолжазбада рет-ретімен беріліп отырылған. Мәселен, қолжазбаның алғашқы беттері аңыздарға арналған (Алаша хан, Асан қайғы, Жиренше шешен – 1-38 беттер арасы). Одан кейін ертегі жанрына орын берілген («Әз Жәнібек мен ұста» 38–40 беттер). Кейін Абылай ханға қатысты әңгімелер шоғыры алынады (40–86 беттер аралығы). Мұның өзі жайдан-жай себепсіз емес, жас ерекшелігіне, жасаған ерлігіне, игі-істеріне т.б. сәйкес-белгілі бір жүйе бойынша топтастырылған. Әңгіме шоғыры Абылайдың жиырмаға жетпеген жас шағынан басталса (орта тұсында Бұхар жырау өлеңдері де қамтылған), ал, соңы ханның қартайған шағында Бұхар қаласын шаппақ болғанымен түс көруі, райынан қайтуы, қайтар жолында қайтыс болмағандығымен т.б. аяқталады. Яғни әңгімелер өмірбаяндық жүйе ретімен берілген тәрізді. Мұндай ел аузынан жиналған фольклорлық үлгілерді белгілі бір реттілікке сәйкес жүйеге сала отырып қағаз бетіне түсіру – бәрі қолжазба авторы Мәшһүр Жүсіптің жинаушылық бағытының дұрыстылығын дәлелдеп, қолжазбаның құндылығы мен маңызын арттыра түседі.

Жазбада материалдардың тақырыптары әр беттің маңдайшасында жеке жазылып, содан кейін ғана толық мәтіннің

өзі беріледі. Ал, келесі қара сөзбен жазылған материалдарда да жаңағыдай алдымен тақырыптары арнайы көрсетіліп отырған.

Өлеңмен жазылған нұсқаға келетін болсақ, бетті үнемдеу мақсатында автор ұзыннан-ұзын бір қабарға өлеңнің екі жолын сыйғызып отырғаны белгілі. Сыйғызылған өлең жолдарындағы не сөз арасы, не әр әріптің кішіреюі т.б. тәрізді белгілер жоқтың-қасы (бәрі өзгеріссіз кең түрде беріліп отырылған).

Басқа шығармаларға келетін болсақ, олар да рет-ретімен орналастырылған. Мәселен, әңгіме-аңыздардан кейін, мақал-мәтелдер, жұмбақтар, материалдар тізімі т.б. хандар хақында айтылғандар, т.б. ақын-жазушылар туындылары, діни наным-сенімге байланысты топшылаулар, баталар, т.б. билер сөздері топтамасы, т.б. түрлі деректер қолжазба ішінде шоғырланған. Бұлай материалдарды жүйелеу, реттеу-фольклорлық нұсқаларды жинағанда ақынның жанр-жанрына сәйкес топтастыруға тырысқандығын танытады. Мәшһүр Жүсіп сонымен бірге жанрлардың әрқайсысының ара-жігін ашып отырған. Мұның бәрі ақынның жүйесіз жинаушылықтан бойын аулақ салғанын, керісінше, белгілі бір мақсат көздеп белгілі бір қалыпта ізденгенін дәлелдесе керек.

Тағы бір айта кететін нәрсе, кезінде «әулеттік архивтегі» Мәшһүр Жүсіптің кейбір туындыларының фотокопиясы алынылып, ақынның өз атындағы музейіне берілген-ді. Музей қазіргі Павлодар облысы Баянауыл ауданындағы «Мәшһүр Жүсіп Көпеев» атындағы шаруашылық ұжымына қарайды.

Жолмұрат Жүсіпұлы (1894–1977) Мәшһүр Жүсіптен тікелей дәріс тыңдап, ескіше оқыған, араб, парсы, түркі т.б. тілдерін жетік меңгерген. Жолмұрат өз жазбаларында көшірген уақытын көрсетіп отырған. Мәшһүр Жүсіп шығармаларын ҚР Ғылым академиясының Орталық қолжазбалар қорына өткізіп те отырған.

Мәшһүр Жүсіп туралы теріс көзқарас, тыйым салу белең алғанда атасының мұрасын қызғыштай қорғап, оны кейінгілерге сақтап жеткізуде Жолмұрат еңбегі ерекше. Мәшһүр Жүсіптің халық поэзиясы үлгілерін жинаудағы еңбегінің мәнін Жолмұрат өз жазбаларында үнемі дәлелдеп көрсетіп отырған.

Жолмұрат Жүсіпұлы жазбалары Ғылым академиясының Орталық қолжазбалар қорында да, «әулеттік архивте» де және Екібастұз қаласының тұрғыны Жұқаш Кәрібайұлы қолында да жинақталған. Негізінен, Жолмұраттың Мәшекең қолжазбаларынан көшірген нұсқалары «әулеттік архивте» толығымен сақталған. Ал, Орталық қолжазбалар қорында, негізінен, Мәшекеңнің өз

шығармалары, яғни өлеңдер, қиссалары, өмірбаяндық деректері т.б. көшірме күйінде сақталған. Әрбір тақырып бойынша жазылған көшірмелер жеке-жеке дәптер күйінде тұр, және де қай жылы көшірілгендігі бірге берілген (1944 пен 1946 жылдар аралығын қамтиды). Бұл дәптерлер 10, 20, 30 кейде 100 беттік көлемді де қамтиды. Әр дәптер жеке-жеке араб цифрімен нөмірленген. Бәрі қосылып бір қолжазбаны құрайды. Бірінші кезекте өлең туындылары, кейіннен барып қиссалары рет-ретімен берілген. Ал, Жомарттың екінші жазбасының мазмұны, жас ерекшелігіне сай құрылған, өмірбаяндық деректер жиынтығы деуімізге болады.

Мұнда ақынның жас кезінен қайтыс болғанға дейінгі қамтитын Жолмұрат жазған өмірбаяны бар.

Ал, «әулеттік архивтегі» Жолмұраттың материалдарына келетін болсақ, біріншіден, - көшірмелер әр түрлі жағдайға байланысты әр қалай сақталған. Арасында, жарты ғасырдан астам уақыт өтсе де жақсы сақталғандары да беттері үлбіреп, кей жерлері іс-түссіз жоғалған, сиялары өңген тұстары да жоқ емес.

Жалпы Жолмұрат жазуы да Мәшһүр Жүсіптің жазуы тәрізді әрі ашық, әрі анық. Кезінде Жолмұрат та, баласы Фазыл да «Мес», «Қара кітап» деп аталатын қолжазбаларының біразын Ғылым академиясына өткізбес бұрын, әр түрлі себептермен өзіне бір дана етіп көшіріп алып, содан соң ғана аты аталған орынға сақтауға өткізген болуы керек. Ал, Жолмұрат ағамыз ол көшірмелерді өмірден кетпес бұрын, тек Мәшһүр Жүсіп немересі Қуандық Фазылұлына беруге өсиет етіп, айналасындағы туғандарына, яғни өзінің туған қарындасы Кенжебикеден туған қыз Әлібаева Тұрсынға парыз етіп тапсырған екен. Содан бері Жолмұрат Жүсіпұлы жазбалары да, арасында Мәшһүр Жүсіптің қолжазбалары аралас – бәрі осы ақын немересі Қуандық Фазылұлы әулетінде сақтаулы жатыр.

Жолмұрат жазбаларының ең басты ерекшелігі біздер үшін: фольклористер, тарихшылар, философтар, т.б. – жалпы Мәшһүр Жүсіптің шығармашылығын зерттеумен айналысып жүргендер үшін құнды жері, оның айна-қатесіз дәлділігінде, сол қалпында өзгертілуісіз көшірілуінде болып отыр. Себебі Мәшекең қолжазбасында кездесетін кез келген нұсқаны жиені Жолмұраттың жазбасымен текстология жағынан салыстырғанда байқағанымыз: біріншіден, сөйлем түгіл сөз тіркесі де, тіпті сөздің жеке бір дыбыстары да, және де ақынның жазу стилін ерекшелейтін пунктуациялық белгілер де, яғни жаңа жолдан бастау, қай жерде нүкте қойылады, қайдан жаңа сөйлем басталады т.б. дегендердің – барлығы да сол өзгерусіз қалпында

беріліп отырылғандығы. Сондай-ақ әңгіме болсын, аңыз болсын, өлең туындылары болсын т.б. – бәрінің де бірінен соң бірінің жазылу реттілігі де сақталған. Ал, текстологиялық өзгерістерді қамтитын мына бір белгілер: сюжет, стиль, оқиға, кейіпкер, түсініктемелер т.б. – бәрі де еш өзгеріссіз берілген. Демек фольклористер үшін ұстанатын ең маңызды, негізгі міндеттердің бірі - өзгертпеу принципін Жолмұрат Жүсіпұлы жақсы түсінгендігін танимыз.

Мәшһүр Жүсіптің кенже баласы Фазыл (Мұхаммедфазыл) (1890-1969) көшірмелеріне келетін болсақ: біріншіден – оның Мәшһүр Жүсіптің баласы екенін, екіншіден – Фазылдың көп жылдар бойы ауылда мұғалімдік қызмет атқарғанын есте ұстаған жөн.

Жалпы Фазыл жазбалары бірнешеу: бірі – жүйелі түрде көшірілсе, яғни жазбаның басында бір топ әңгімелер аңыз аралас, кейін би-шешендер сөзі, шежірелер, қиссалар тағы басқа бірінен соң бірі топтық негізде ретімен берілген. Екіншілері – мәтіндері аралас күйде орналасқан. Қолжазба беттері аралас үлкен келеді, әр беті ортасынан нөмірленген, әр нұсқаның тақырыбы беттің оң жақ шетінен ортасына қарай ығысып, асты сызылып көрсетілген.

Әр беттің соның келесі бетте басталатын сөзбен нөмірлеу тәсілін М. Жүсіптің жиі қолданғаны белгілі. Бұл жалғастық баласы Фазыл жазбаларында да бар. Егер де Мәшһүр Жүсіптің жазбаларында өлең шумақтары нөмірленіп отырылса, Фазыл көшірмелеріндегі әр шумақ келесі шумақтан ажыратылу үшін, шумақ соңындағы соңғы сөздің асты сызылып отырылған.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Көпеев М.Ж. Сарыарканың кімдікі екендігі. Өлең, әңгімелер жинағы. Қазан. 1907. 26 б.

2 Бөжеев М. «М.Ж. мұралары хақында»//«Жалын», 1974, 127-133 б.

ЖОБАЛАП ОҚЫТУ НЕГІЗІ: М. ӘУЕЗОВ ШЫҒАРМАЛАРЫ БОЙЫНША

НҰРФАЛИЕВА Ә. Е.

магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Жобалап оқыту негізінде ғылыми-әдістемелік тұрғыда талдасақ, онда М.Әуезов кейіпкерлер портретін мүсіндеудің

ғана шебері емес, сонымен бірге шығармада әңгімелеп отырған тұлпар аттың, көкжал қасқырдың да түр-тұлғасын сомдаудың қас суреткері болып танылады. Жазушының «Көксерек» повесі қазақ әдебиеті үшін мүлде соны, ғажайып жаңашыл құбылыс болды. Әлемге әйгілі «Көксерек» повесінде жазушы Көксеректің күшік кезінен арлан болып өскенге дейінгі бой-тұлғасын оқырманға кезең-кезеңмен дәлдеп нақты табиғи түрде суреттеп береді. Мысалы «Көксерек үлкейді. Семіріп жонданғандай да болды. Бірақ үлкейісі даладағыдай емес, бәсеңдеу. ауылдағы өзі құрбы күшіктерден сонша үлкен емес» [1, 259 б.]. Бұл – алғаш күшікті ауылға әкеліп, үйге үйретіп асырай бастағаннан кейінгі кезіндегі түрі.

Жоба барысында. «Көксерек» сөзі – қазақ арасында – ұзын көк деген мағынаны берген екен. Кейіннен бұл сөз мағынасы – қою көк түсті деген сөзбен алмасқан.

Көксеректің күшік кезіндегі түрі мен көк шалақ қасқыр болып келе жатқандағы кескінін, одан кейінгі арлан болып өскендегі тұлғасын жазушы аңшыларға тән білгірлікпен таныстыра бастайды. «Қасына серік ергеннен бері Көксерек зорайып қатты өсті. аяқтары жуандап, жүндерінің бәрі де қыландап ұзарып, өзі жуан, өзі мықты көкжал болып алды. Қыс іші болса да жоны шығып, алқымы түсіп, семіріп кетті» [1, 264 б.]. Әр мезгіл Көксеректің әрекетін әңгімелер кезде, жазушы оның түр-тұлғасына сипаттама беріп, алдыда күтіп тұрған оқиғаға оқырманын іштей дайындайды.

Ешкімге бой алдырмай жүрген Көксеректің ізіне Қасен аңшы қасқыр алатын ит Аққасқаны салғанын білеміз. Әңгімеде барысында Аққасқаның жаратылыс бітімі, түр-тұлғасы, аяқтарының жуан сомдығы шеберлікпен мүсінделеді. Жазушы қасқыр алып жүрген итті Көксеректен де зор қуатты әрі әсерлі кескіндемелер арқылы суреткерлікпен оқырманға таныстырады. Мәселен: «Екі шекесі «торсықтай» деп аңыз ғыларлық. Бұның да жотасы күлдіреуіштей. Құйрықтан ауыз омыртқаға шейін дөң сияктанып, күдірленіп, дүңкиіп тұрады. оның үстіне, шеке мен мойын тұп-тұтас болып келіп, шенбер төске қосылған. алдыңғы жағы арыстан бейнесіне ұқсайды».

Осы үзіндіден Абайдың аттың сынын беретін «Шоқпардай кекілі бар қамыс құлақ» өлеңіндегі тіркестерді ұшыратамыз. М.Әуезов Абайдың аттың сынын алып иттің мүсінін сипаттауға қолданды деген ойдан аулақпыз. Жобалап оқыту барысында аталған хикаятта жазушы Аққасқаны бейнелегенде «құйрықтан ауыз омыртқаға шейін дөң сияктанып» деген Абайдың аттың сынына

арналған өлеңіндегі тіркестерді жоғарыда айтқанымыздай дағдылы тәсілмен қолданады. Ал Абай өлеңінде аттың сыны былай берілген:

Ауыз омыртқа шығыңқы, майда жалды,
...Қабырғалы, жоталы, болса күшті [2, 38 б.].

Көшпелі күйде тірлік еткен ақын аттың бағасын өзгеше түсінеді. Мұнда ақын қолмен қойғандай, барлық сыны сырт сымбатынан көрінетін аттың кекілі, құлағынан бастап түгел мүшесін толық баяндап шығады. Бәйге аттың мүсінін сынап санауда Абай үлкен білімділік, байқағыштық танытады. Ол әрі шебер ақын болудың үстіне, аса білгір саятшы, атбегі сыншы болып шығады. Абайдың саятшылық өнерін танытатын аса шебер тілмен жазылған «Қансонарда бүркітші шығады аңға» атты өлеңіндегі:

Томағасын тартқанда бір қырымнан,
Қыран құс көзі көріп самғағанда [2, 9 б.].

Деген жолдағы сөздер «Көксерек» повесінде кездеседі. Баулып әкелген иесі аққасқаны Көксеректі ұстауға әзірлеп, тау басында күтіп отыр. Осы сәтті жазушы былай бейнелейді: «Тыныштыққа бой ұрып, жатуды ойлап тұрған жоқ. Күтіп отыр. Биіктен томағасын тартқан қырандай ізденіп, бағып отыр» [1, 279 б.].

Үзіндідегі «биіктен томағасын тартқан қырандай» деген тіркес Абайдың саятшылық өнерге арнап жазған өлеңіндегі ақын сөзін қайталайды.

М. Әуезов әңгімелерін жобалап оқыту негізін ғылыми тұрғыда қарастырсақ, онда «Жыртқыштық - тура ұғым. Хас жыртқыштың жан сезімі (адамға айналып кетпей) дәл бейнелеуі үлкен сын жазушыға. Ғылымға тірелді. «Көксеректі» қазбалай түссең оның көркемдігінен өнер мен ғылым алдыңнан кеңістік ашатындай. Мұханды Абай арманы, Абай шамшырағы демей, не дейсін. Абайды өзі ілгерілеу арқылы тірілтті: Ендеше, Парасат – жеңіл сөз емес», - деген ғалым Б. Кәрібаеваның сөзінен М. Әуезов туындыларының көркемдік кеңістігінен Абай мұрасының іздері көрінетінін анықтай түсеміз [3, 8 б.].

Сонымен қорыта келгенде, жобалап оқыту барысында М. Әуезовтің алғашқы әңгімелерінен Абайдың сөз өрнектерін табуға болады. Демек, екі ғұламаның сөздік үйірінің ұқсас жақтарына көзіміз жетеді. М. Әуезовтің прозалық туындыларында Абайдың ақындық сөз кестелері кездеседі. Абай поэзиясындағы ақындық тіл Әуезов прозасында түрленіп, жаңарып қолданысқа түсіп, табиғи үйлесімдік табады.

Ғалым К. Жаксылықова: «Әуезов әңгімелерін жобалап оқыту әдісі негізінде тұлғалық-іскерлік контексте қарастыратын болсақ,

ол іскерліктің субъектісінің ролін атқарады. Ол іскерлік пен басқа адамдармен тілдесуінен құрылып, сол үдерістің ағымының ерекшеліктері мен сипатын өзі анықтайды. сөйтіп, білім берудің ортасында оқушының өзі, оның уәжі, мақсаттары, оның қайталанбас психологиялық құрылымы болады, яғни оқушы жеке тұлға ретінде қарастырылады. Тұлғалық-бағдарлық білім беру контекстінде қарастырылып жатқан жоба әдісінің мәні қызығушылықтар, дербес ерекшеліктер, қажеттіліктер, уәждер мен қабілеттер негізінде сабақ мақсаты мен оның жетістіктерінің әдістері оқушының өзінің тұрғысынан анықтау болып тұр.

Осының салдарынан жоба әдісінің негізінде жатқан тұлғалық-бағдарлық білім беру бірлескен әрекеттің негізгі сызбасының өзгерісін болжайды. S - педагогикалық бірлескен әрекет субъектісі, яғни мұғалім, ал o - объект, яғни оқушы $S \rightarrow O$ кең таралған субъектілі-объектілі бірлескен қызмет сызбасының орнына оқу бірлесіп қызмет істеуінің субъектілі-субъектілі тең дәрежелі серіктес сызбасы келеді. Яғни білім беру $S1$ -оқушы үшін ақпаратқа толы, қызықты әңгімелесуші, мазмұнды тұлға ролін атқаратын отыратын адам өзіне, пәніне деген шынайықызығушылық тудыратын адам, яғни мұғалім, ал SN -әріптестік қатынастағы жалғыз бірлесе әрекет жасаушы, ұжымдық, тұтас субъект, яғни оқушы болғанда $S1 \leftrightarrow SN$ сызбасы бойынша жүзеге асады», - дейді [4, 173б.].

Уәждеме кез келген әрекеттің табиғи ерекшелігі болып табылады. Тұлғалық-іскерлік әдіске сәйкес Әуезов әңгімелерін жобалап оқытудағы үйрету объектісінің ролін сөйлеу әрекеті атқарғандықтан, ал әдеби тіл жүйесі тек осы сөйлеу әрекетінің жүзеге асырушы құралы болғандықтан, онда сөйлеу әрекеті басқа әрекеттер секілді оқушылар өздерінің ойларын жеткізуінің коммуникативті – танымдық қажеттілігіне негізделеді. Осыған сәйкес қазақ әдебиеті мұғалімі Әуезов әңгімелерін жобалап оқытуда оқушының қатынас қажеттіліктерінің бастапқы пайда болуы мен құрастыруы немесе әлдеқашан пайда болған қатынас және тұлғалық-мазмұндық болмыстың көркемдік-тілдік құралын тану қажеттілігі секілді педагогикалық және психологиялық мәселелер туындайды.

Ғалым Ж. Әлімхан: «Жоба оқушылар оны орындау барысында өздігімен білім алып, танымдық және оқу әрекетінде тәжірибе алумен бағалы. Жобалық әдістеме жоғары коммуникативтілікпен сипатталады және оқушылармен өзінің сезімдерін, шынайы әрекетке белсенді қосылуын, оқуда алға басудың жауапкершілігін мойнына алуды болжайды. Ол оқу процесінің циклдік ұйымдастырулына

негізделген. Бір цикл белгілі бір міндеттің шешімін анықтауға неміс тілін жетік меңгеру мақсатына жетуге бағытталған өзіндік аяқталған оқу кезеңі ретінде қарастырылады», - дейді [5, 9 б.].

Олардың басты мақсаттары жобалар әдісінің мектептік тәжірибесіне енгізілген:

- жеке бір оқушының немесе топтың мектеп алған зерттеушілік тәжірибесін қолдану ептілігін көрсету;

- зерттелеу объектісіне деген қызығушылықты іске асыру, ол жайлы білімін кеңейту;

- оқушылармен Әуезов әңгімелерінің мазмұнын жетік игеруінің дәрежесін көпшілікке көрсету;

- білімділіктің, дамудың, әлеуметтік кемелденудің келесі, одан жоғары сатысына көтерілу;

Жобалық әдістеменің ерекшелігі – ұйымдастырудың ерекше формасында. Жобаны орындау барысында бірнеше ережелерді сақтауды қажет етеді:

- тематика оқылып жатқан қазақ дәстүрімен де, сонымен қатар, тұрғылықты жерімен де байланысты бола алады

- оқушылар ол жердегі адамдардың өмірін, тарихи деректерді, жағдайларды және құбылыстарды салыстыруға бағытталады;

- оқушымен ұсынылған мәселе оқушыларды ақпараттарды және деректерді түрлі байланысты ғылымдардан және түрлі дереккөздерден алуға бағталған;

- жұмысқа сыныптың барлық оқушыларын тарту және әрқайсының әңгіме төркінін, мән-мазмұнын игеру қабілетіне орай тапсырмаларды ұсыну қажет.

Ғалым И. Кубаева: «Жобалық әдістемедің әңгіме идеясын оқушыға жеткізе білудің, түсініктемелік негіз берудің дәстүрлі және заманауи әдістемемен ойлап табылған барлық ең жақсы идеялар қолданылады. Оларға, ең алдымен, алуантүрлілік, мәселелік, эгофактор және ынтызарлықпен оқу жатады», – деп көрсетеді [6, 7 б.].

Алуантүрлілік кез келген жақсы оқытудың қажетті белгісі ретінде оқуға деген қызығушылықты (бұл тақырыптардың, типтердің (диалогтар, монологтар, хаттар, үстел ойындары, оқу әрекетінің (жеке, жұптық, топтық жұмыс, топпен жұмыс) түрлі формалары мен нұсқаулары және сипаттамасы) түрлілігі, жаттығу түрлерінің сан алуандығы) оятады, әрі дамытады.

Әуезов әңгімелерін жобалап оқытудағы «Мәселелік» дегеніміз оқушылар әңгімені оқып талдаудағы күтілген нәтиженің жаңалығын сипаттайтын тапсырмалары үшін және оған (нәтижеге) жетудің жаңа

жолдары үшін де қолданады. «Мәселе» ойлауға мәжбүрлейді, яғни оқушы ойланып-толғанып оқиды. «Мәселені» шешуге бағытталған коммуникативті міндеттер мен жобалық жұмыстар саны жеткілікті дәреже кездеседі. «Мәселелік қарастыру» әдебиеттегі теорияны оқытудың оны (теорияны) сөйлеуде қолданып, оны жүйе ретінде таныса ғана бола алады.

Әрине, оқушы ынтызарлықпен, сүйіспеншілікпен оқығаны маңызды. Егер де жасөспірімдер қуана-қуана, ерікті түрде оқыса, оның оқуы өнімді болады және ол көбірек оқып тануға тырысады. «ойын-сауықтық» – бұл жобаның ерекшеліктерінің бірі. Көпшілік жағдайда, тапсырмалар қалжыңдық, жұмбақтар түрінде иллюстрацияларымен, музыкалық сүйемелденулерімен, шулық эффектілермен болады.

Әуезов әңгімелерін жобалап оқытуда «Эгофактор» ерекше мағынаға ие, яғни оқушыға өзінің ойларын, өзінің жоспарлары туралы айтуға мүмкіндік туады. Қарым-қатынасты ұйымдастыру кезеңінде оқышулардың өзіндік қызығушылықтарына қатысты, өзіндік тәжірибесімен байланысты жағдайларды мүмкіндігінше толықтай қарастырып, яғни жеке-бағытталған сипатта жүзеге асырып кеткен жөн. Қарастырудың өзектілігі – жоба бойынша бірінші сабақтан бастап оқушылардың өздеріне қарым-қатынастың мазмұнын қарастыру мүмкіндігін тудырады. Әуезов әңгімелерін жобалап оқытуда жобалар әдісін бағдарламалық материал шеңберінде кез-келген әңгіме тақырыбы бойынша қолдануға болады. Әрбір жоба белгілі бір Әуезов әңгімесіндегі негізгі тақырыпқа негізделеді де, бірнеше сабақ барсында жоспарланады. Осы жұмысты орындай отыра, оқушылар, мысалға, өз өмірлері жайлы жазып, айтып бере алады, өзіндік журнал шығарып, макеттер дайындай алады.

Жобалық әдістеде өнімділігі жоғары идеялар қолданылады. оқушылардың ауызша жеткізуі құралдарымен қатар, басқа да құралдар көптеп қолданылады: суреттер, коллаждар, жоспарлар, сызбалар, карталар, сауалнамалық кестелер, графиктер және диаграммалар. Курстық фонограммаларында дыбыстық ұқсату құралдары және шулық эффектілер қолданылады. Яғни, коммуникативті дағдылардың даму сенімді түрде белгілі бір ақпаратты жеткізуге арналған көпшілік құралдармен күшейтіледі. Берілген оқыту жүйесінде мәселелік тапсырмаларды шешу барысында әдебиеттегі көріктеу құралдарын, образды, кейіпкер бейнесін немесе әдеби портретін, метафоралық қолданыстың әдеби

құралдарын, Т.б. инстинктік түрде есте сақтау қолданылады және шығармашылық ойлау мен ойлап табу қабілеті дамуына түрткі болады. Өзінің ойларын ерікті түрде айтып және қабылданған ақпаратты мазмұндау үшін жағдайлар құрылады.

Жаңа технология бойынша жобалап оқытудың басты мақсаты – өздігімен білім алып дами алатын жеке тұлғаны қалыптастыру болғандықтан, теориялық материалдың мазмұны әңгімелесуші – оқулықтарда беріліп, оқушының өздігінен жаңа тақырыпты меңгеруіне қолайлы және қызықты мазмұндалу керек.

Қазіргі кезде қазақ әдебиетінде жобалап оқыту әдістемесіндегі жаңа педогогикалық технологияның бірнеше түрлері әр ғылым саласында тәжірибеге еніп, мектеп тәжірибесінде жаңа технология элементтері бойынша оқыту кең құлаш жайып келеді. Мысалы: қазақ әдебиетін жобалап оқыту әдістемесіндегі жаңа технология түрлері: «Жобалап оқыту процесінде моделдік жүйемен оқытуды пайдалану», «тірек-сызбалар арқылы оқытуды пайдалану», «деңгейлік тапсырмалар арқылы дамыта оқытуды енгізу», «Дифференция (сараландыру) арқылы оқытуды енгізу», «ізгілендіруді енгізу», «білім беруді ақпараттандыру және кәсіби бағдар беру бағыты» т.б. оқытудың басты мақсаты - өздігімен білім алып дами алатын жеке тұлғаны қалыптастыру болғандықтан, теориялық материалдардың мазмұны-- әңгімелесуші – оқулықтарда беріліп, оқушының өздігінен жаңа тақырыпты меңгеруіне қолайлы және қызықты мазмұндалуы керек.

Жобалап оқыту әдістемесіндегі жаңа технология әдістері әрбір оқушының шығармашылықпен жұмыс істей білуіне, өз бетімен жұмыс істеп, қорытынды жасай алуына, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруға, жүйелі білім алуға жетектейді. Яғни, жобалап оқыту әдістемесіндегі оқытудың дамытушы және тәрбиелеуші ықпалының пәрменділігін арттыру көзделеді. Қандай да бір жаңа технологияны алсаңыз да, ондағы қолданылатын әдіс- тәсілдер бір- бірімен байланысты немесе ұқсас деуге болады. Мысалы, қазақ әдебиетінде Мұхтар Әуезов шығармаларын жобалап оқыту әдістемесіндегі ұжымдық оқыту тәсілі сабақты ұйымдастыруда әр түрлі тәсілдерді пайдалануға ұсына алады. Жобалап оқыту әдісі негізінде орта буын сыныптарда Әуезов әңгімелерін оқытудың әр түрлі тәсілдерін жиі қолданудың пайдасы өте зор. Мәселен, орта сынып оқушылары тез жалыққыш келеді. Оларды зеріктірмей, қызықтырып отыру мақсатында диспут – талқылау–сабақтарын өткізу ұтымды болар еді. Дегенмен, тағы бір психологиялық ерекшелік; 12–15 жас шамасындағы балалар бір-бірінен озып кеткісі

келіп, немесе ерекшеленіп көзге түсуге тырысады, сондықтан мұндай жағдайды ескерген жөн. Демек, психологияның да алатын орыны бар. Егер, ұстаз тарапынан кемсітушілікті сезсе немесе құрбылары тарапынан мазаққа ұшыраса, баланың сабаққа деген ынтасы түсіп кетуі де мүмкін. Осындай ерекшеліктерді ұстаз үнемі жадында ұстап отыруы қажет. Себебі, жоғарыда аталған қателіктер кеткен жағдайда, қазақ әдебиетін оқыту әдістемесіндегі жаңа технология көмегі қажетсіз болып қалуы ғажап емес.

Шығарманы оқыту әдістемесіндегі «Жобалап оқыту» дегеніміз үлкен бір жүйе. Бұл қазақ әдебиетін оқыту әдістемесіндегі технологияның ерекшелігі – оқушы бір үлкен тарау немесе тақырып бойынша жүйелі білім алады. Өзін-өзі дамытады, бірін-бірі оқытады, білімді сапалы меңгереді, біреуден үйрену, біреуге үйрету арқылы логикалық ойлау, байланыстырып сөйлеу, салыстыру, дәлелдеу т.б. дағдыларды қалыптастырады.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Әуезов, М. Әңгімелер жинағы. /- М. Әуезов - Алматы: Атамұра, 2014ж. - 354 б. - 3000 дана. - ISBN 9965-05-657-9.

2 Құнанбайұлы, А. Өлеңдер жинағы. / А. Құнанбайұлы - Алматы: Қазақ университеті, 2016 ж. - 485 б. - 9200 дана. - ISBN 5-7090-0044-2.

3 Кәрібаева, Б. Әуезов әңгімелерін оқыту жолдары. / Б. Кәрібаева// -//Жаңа технология:Ғыл-әдіст. Жинақ/ -Алматы: Ғылым, 2008. - 6-8 б.б.

4 Жақсылықова, Қ. Әдебиетті оқыту әдістемелері. / Қ. Жақсылықова - //Жаңа технология:Ғыл-әдіст. Жинақ/ -Алматы, 2008. - 68 б.

5 Әлімхан, Ж. Әдебиетті оқыту жолдары. / Ж. Әлімхан//Жаңа технология:Ғыл-әдіст. Жинақ/ -Алматы, 2008. - 68 б.

6 Қубаева, Н. Әдістемелік құрал негіздері. /Н. Қубаева//Жаңа технология:Ғыл-әдіст. Жинақ/ -Алматы: Ғылым, 2008. - 44 б.

РЕМИНИСЦЕНЦИЯ ҚҰБЫЛЫСЫНЫҢ ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ КӨРІНІСІ

ОРЫНБАСАРОВА Д.

магистрант, Шәкәрім атындағы мемлекеттік университеті, Семей қ.

Әдебиет теориясында реминисценция құбылысы туралы зерттеулер бұл ерекшелікті әр қырынан қарастырады. Реминисценция латын тілінен алынған сөз. Беретін мағынасы бір сөздің, сөйлемнің, оқиғаның келесі бір шығармада қайталануы. Яғни, белгілі бір сөздердің образ жасауда қайталануы, жаңғырып көрінуі.

Теорияда мұны ақындардың поэтикалық байланыстарының бір көрінісі ретінде қарастырады. Өнердегі үлкен тарихи, әрі табиғи категория болып саналдады. Категория болғаннан кейін оның өз заңдылықтары мен дамуы, тоқырауы сияқты құбылыстар да болады.

Өмір заңы сияқты поэзияның да өз заңы бар. Әр дәуірде, әр кезеңде белгілі бір құбылысты бейнелеуде ұқсас, кейде дәл түсетіндей суреттер кездеседі. Міне, осыны реминисценция құбылысы дейміз. Қазақ поэзиясының алыбы Абай Құнанбайұлының шығармаларындағы реминисценциялық құбылыстарды Дулат Бабатайұлының жырларымен салыстырғанда байқауға болады. Өз заманының ұлықтарын Дулат ақын:

Аяз қысса мүйізді,
Мүйіз қысып тұқылды...
Қанталаса тұқылың,
Алпыс екі тамырың
Қаңсып қалған сықылды:
Ұлық қысса ұлықты,
Ұласып мидай былықты...
Атқамінер ауылда
Итше ілініп ылықты.
Орыстың көрсе ұлығың
Қыздан дағы қылықты.
Ұлық кетсе, қазаққа
Қорқау қасқыр құлықты, – деп көрсетіп, аяусыз әшкерелейді.
Сатираның ең өткір тілін колданады. Абай былай дейді:
Күштілерім сөз айтса,
Бас изеймін шыбындап.
Әлсіздің сөзін салғыртсып,
Шала ұғамын қырындап.

Сыяз бар десе жүрегім
Орнықпайды суылдап
Сыртқыларға сыр бермей,
Құр күлемін жымындап.

Байқасақ, екі ақындағы заман шындығын өткір сатиралық бейнелермен көрсетуінен де басқа шй үндестігі көрінеді екен. Немесе, жыраулар поэзиясындағы кейбір ұқсастықтарды да осы реминисценция заңдылығына салып талдап Ақындық өнер мектебі, ақындық үндесу, дәстүр жалғастығы тағы басқа ұғымдармен түсіндіріліп жүрген көптеген мәселелерді осы реминисценция арқылы шешуге болады. Кеде ақындардың бейне жасаудағы ұқсастықтарын плагиат, яғни ұрлық деп те қаралап жатады. Рас таза плагиаттық туындылар да кездеседі. Бірақ ақындық ой үндестігі туралы келгенде оның жоғарыда айтқандай өз заңдылықтары бар.

Реминисценция терминінің тағы бір мағынасын көркем мәтіндегі өзінің алдындағы әдеби деректерге иек артуы деуге де болады. Ол иек арту жеке шығармаларда, немесе бір топ шығармада қайталануымен байланысты. Реминисценция – басқаша айтқанда әдебиеттегі әдебиет бейнесі деуге де болады. Реминисценцияның ең жиі кездесіні белгілі бір шығармадан дәйексөз алу болып келеді. Дәйексөздер тура мағынасында, яғни сөзбе сөз алынуы немесе жартылай қайталануы, мәтінге сілтеме түрінде де болуы мүмкін. Реминисценция шығармада автор қалауы бойынша өзінен бұрынғы ақын шығармаларындағы образға сүйену немесе белгілі бір ойды беруде тура алдыңғы бір авторды қайталауы түрінде де болады. Қазақ поэзиясындағы реминисценция туралы А.Әлімұлы: «Шығармашылық психология, уақыттың тыныс-тіршілігі, алуан көріністер мен лептердің біртектілігі, тарихи-табиғи оқиғалар бірлігі ақындардың, бір-бірін қайталауына ерік-еркінен тыс әкеліп соқтырады. Мысалы, Мұқағали Макатаевтың мына бір жолдарына назар аударалықшы. Ақын «Отыз бесінші көктемім» өлеңінде:

Отыз бес күз,
Отыз бес қыс,
Отыз бес жаз,
Осал өмір емес-ау, отыз бес жас.
Отыз бес жыл өткердім,
Отыз бес жыл қуарып,
Отыз бес жыл көктедім, – десе, Өмірзақ Қожамұратов:
Жалаңтөс кіріп тасқынға,
Нәсердің бұлтын ойнаттым.

Осынау аспан астында
Отыз бес рет тойлаппын.
Отыз бес құздың басында,
Отыз бес гүл-гүл жайнаппын.
Отыз бес қыздың қасында,
Отыз бес бұлбұл сайраттым.
Отыз бес окты қабылдап,
Отыз бес оққа қарылдым.
Жүрегі жүрген жалындап,
Отыз бес,
Сенің арыңмын!

– дейді. Осындағы екеуінің басынан кешкен оқиғаларының бір көрінісі, қас-қағым сәттегі көңіл-күйлерінің үйлесуі, өлең ырғағын былай қойғанда сөз сөйлемдерінің қайталануы әрі сөз саптауы адамды таң қалдырады. Мұқағалидың «Автограф», «Аккулар ұйықтағанда», «Мен басымнан қорқамын» секілді өлеңдерін оқып отырып, оның Өмірзақ Қожамұратовтың сол тақілеттес өлеңдерін бағыт-бағдарға алғанын байқауға болады. Екі ақын өлеңдеріндегі образдық және ырғақтық, кей тұстағы мазмұндас үндестігі еш ерсі емес. Өйткені, заманы, уақыты бір қос таланттың бағыт-бағдарлас болуы заңдылық.» – деп қазақ поэзиясындағы реминисценция құбылысына жаңаша қырынан қарап мысалдар келтіреді.

Ойымызды қысқаша түйіндесек, қазақ поэзиясындағы реминисценция құбылысы әр түрлі деңгейде көрінеді. Бірақ екіншіке орай оның ерекше сипатын зерттеген ғылыми талдаулар жоқтың қасы.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Аскольдов С.А. Концепт и слово // Русская словестность. Антология. Под ред. проф. В.П.Нерознака. М., 1997.
- 2 Нұрдәулетова Б. Жыраулар поэтикасындағы дүниенің концептуалдық бейнесі. Монография. Астана: Нұра-Астана, 2008. – 432 б.
- 3 <http://adebiportal.kz>

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУДЫҢ АЛТЫН КІЛТІ – ҰРПАҚ ТӘРБИЕСІ

САГИТОВА Б. Б.

мұғалім, Ертіс № 4 ЖОББМ, Павлодар облысы, Ертіс ауданы

*«Халықтық реформалардан асқан
шексіз маңызы бар қоғамдық мәселе жоқ*

Шоқан Уәлиханов

Сана еркіндігі ұлттың өзін – өзі тану процесіне алып келеді. Өзін таныған ұлт өзгеге танылудың жолын іздейді. Ол жол әр кез тақтайдай тегіс болмайды: бірде даңғыл, бірде тайғақ... Бірақ қалай болғанда да, саясат туған халқының бүгін мен болашағы жолындағы сенің ар мен адалдыққа суарылған іс-әрекетің болса, онда ол – еліңнің бағы мен бақыты. Дегенмен, уақыт, әр кезең өз саяси тұлғасын өзі тудырады. Дәуірі таңдайды, заманы қолдайды. Мемлекеттің ішкі саяси бірлігінің тұрақты болуы, оның өркениет көшінің қатарында болуына жағдай жасайды. Елбасының Қазақстан халқын қалай да биік мұраттарға жеткіземін деп жасап жатқан қызметі «Қазақстан – 2050» Стратегиясында анық байқалды. Қазақстанның әлем аренасында экономикалық даму динамикасы үнемі өрлеу жолындағы ел болғаны да жеткіліксіз. Сонымен бірге, біз рухани – мәдени және дүниетанымдық тұрғысынан да өркендеуге тиіспіз. Ол үшін өркениеттіліктің ең бірінші сұранысы болып саналатын әліпбиіміз – латын қарпімен болғаны дұрыс. Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстан – 2050» Стратегиясы – қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына арнаған жолдауында латын әліпбиіне көшу мәселесіне ерекше тоқтала келіп: «Біз 2025 жылға дейін әліпбиімізді латын қарпіне, әліпбиіне көшіруге кірісуіміз керек. Бұл – ұлт болып шешуге тиіс принципті мәселе. Бір кезде тарих бедерінде біз мұндай қадамды жасағанбыз. Балаларымыздың болашағы үшін осындай шешім қабылдауға тиіспіз және бұл әлеммен бірлесе түсуімізге, балаларымыздың ағылшын тілі мен интернет тілін жетік игеруіне, ең бастысы – қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызады» деп уақытын белгілеп берді. Сөз жоқ, ұлттық кодтың түп-төркіні туған төлтума тілімізде жатыр. Тілді білмесек, ұлттық болмыс жоғалады. Тәуелсіз елдің елдігі, ең алдымен, ана тілімен көрінеді. Мемлекеттің тілдің мәртебесін қорғау бүгінгі күні өзекті мәселелердің біріне айналып отыр. ХІ ғасырдың құндылықтар парадигмасында біз үшін қазақ

тілі басты орын алуы қажет. Өйткені, тіліміз ұлттық мәдениет пен руханиятты үнемі, ұдайы жаңғыртып отырудың бірден бір көзі, бастау – бұлағы. Дүние жүзінде жойылып кеткен, жойылуын күткен тілдер қаншама, ал тіл жойылса, ұлт та жоғалатыны кәдік. Бұған Ахмет Байтұрсынұлының «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тіл» деген сөзі дәлел бола алады. Ұлт көсемінің сөзімен берсек «Бір сөзбен айтқанда, ұлттық рухымыз бойымызда мәңгі қалуға тиіс». Рух дегеніміз – тіл. Әр заманның ұрпаққа қояр өз талабы, өз міндеті бар. Біздің міндет қазақы қалыпты, ұлттық мәдениетті, салт-дәстүр және ұлттық болмысты ұрпақтың бойына сіңіру. Мемлекет басшысының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында болашақ ұрпақты туған жерін қадірлеуге, тарихымызды, ұлттық құндылықтарымызды бағалауға, кейінгі ұрпаққа жеткізе алардай саналы болуына баршамыздың ат салысуымыздың керектігі айтылған. Жас ұрпақтың бойына ұлттық құндылықтарды сіңіру-ата-ана мен ұстаздардың басты міндеті. Ұлттық құндылықтарымыздың қайнар бұлағы – халқында, отбасында, олардың өнерінде, әдет-ғұрып, дәстүрінде. Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы білім беру саласында халқымыздың руханилық дәстүрлерін кеңінен дамытып, өскелең ұрпақты рухани сезімдерінің биік, өз Отанын, халқын қастерлеп сүйетін, сонымен қатар жалпы адамзаттық құндылықтардың бүгінгі таңдағы маңыздылығын түсінетіндей етіп тәрбиелеудің қажеттігіне баса назар аударуда. Қазақ қоғамының өмір сүру салтында рухани құндылықтарды жоғары бағалау, өскелең ұрпақты соған баулу дәстүрге айналған. Н. Ә. Назарбаев өзінің «Тарих толқынында» атты еңбегінде: «Егер біз мемлекет болғымыз келсе, өзіміздің мемлекеттілігімізді ұзақ уақытқа меңзеп құрғымыз келсе, онда халық руханиятының бастауларын түсінгеніміз жөн. Оған барар жол халық даналығының негізінде жатыр», деген еді [1, 15]. Ал «Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында ежелгі ата-бабаларымыз – түркілердің Мәңгілік Ел идеясын Қазақ елінің ұлттық идеясы деп жариялаған болатын. Аталған идея «Нұрлы Жол – болашаққа бастар жол» жаңа Жолдауында да жаңа қырынан толықтырыла түсті. Бұл идеяны үлкен жауапкершілікпен дереу іске асырудың түпқазығы отандастарымыздың бойындағы адамгершілік, туған елге сүйіспеншілігі десек артық емес.

Қай заманда да әр адамның санасындағы аса мазмұнды және құрметті мәртебеге ие ұстаным – ол отансүйгіштік (патриоттық)

сезім (іс-әрекет) болып келгені ақиқат. Бұл туралы әлемдік және төл тарихымыздың әр бетінен негізді дерек табылады. Еліміздің тәуелсіздігінің алғашқы күнінен бастап Елбасы осы мәселені тұрақты көтеруде. Ал патриот болу деген ел азаматының адамгершілік және саяси қағидаты, туған жерге, елге сүйіспеншілігі, қажет болса, мемлекеттік міндеткерлікті жеке мүддеден жоғары коюды талап ететін әлеуметтік сезімі ретінде танылған. Туған елінің құндылықтарын, әсіресе, тілі мен мәдениетін әрдайым құрметпен жоғары ұстап, ол құндылықтарды басқа ұлттар мен ұлыстарға, мемлекеттерге тарату да отансүйгіштіктің белгісі екені айғақ. Ұлы ұстаз Ыбырай Алтынсарин күтім көрген ағаштың биікке самғап, түп-түзу болып өсетінін, ал күтімсіз ағаштың қисық-қыңыр, бей-берекет өскенін өз шығармасында атап көрсетеді. Ендеше дұрыс тәрбие алған бала адамгершілігі мол, білімді де білікті, қоғамда өз орнын таба алатын жеке тұлға болып қалыптасатыны баршамызға мәлім. Оқу мен тәрбие егіз. Бүгінгі таңда тиянақты білім беру жүйесінде оқушылармен тәрбие жұмысын дамыту басты мақсат болып отыр. Осыған байланысты мектептің алдына қоятын ең басты мәселесінің бірі – өркениетті, прогресші бағыттағы азаматтық – адамгершілік қасиеті мол, сондай-ақ ұлттық тілін жоғалтпаған, өзге елдегі замандастарымен тең дәрежеде бәсекелесе алатын биік, өрелі, терең білімді ұрпақ тәрбиелеу. Сондықтан президентіміз Н. Ә. Назарбаев өзінің жолдаулары мен сөздерінде егемен еліміздің азаматтарын қалыптастыруда тәрбие жұмыстарының ерекше рөлі барын баса айтып келеді. Елбасы, өзінің халыққа Жолдауында «Біз Қазақстанның барлық азаматтарын отаншылдық сезімі мен өз еліне деген сүйіспеншілігін дамытуға тиіспіз», - деп атап өткен болатын [2, 3 б.]. Олай болса, азаматтық- патриоттық, құқықтық және полимәдениеттік тәрбие гуманизмге, қазақ халқының тарихы мен салтын, тілін сүю мен құрметтеуге, оның таңдаулы дәстүрлерін сақтауға және оны дамытуға, азаматтық ұстанымды және патриоттық сананы, қалыптасқан ұлттық өзіндік сананы, ұлтаралық мәдени қарым-қатынасты қалыптастыруы тиіс. Бұл айтылғандармен келісе отырып, төмендегідей бағыттарда оқушылармен жұмыс жасаймыз:

- жеке тұлғаның шығармашылық, рухани және күш-қуаттың мүмкіншілігін дамыту, салауатты өмір салтының берік қағидаларын қалыптастыру, тұлғаны дамыту үшін жағдай жасау арқылы оның зерде саласын байыта түсу;

- өз Отанын сүюге, азаматтық пен патриотизмге тәрбиелеу, мемлекет рәміздері мен халық салт-дәстүрлерін құрметтеу, Ата Заң мен қоғамға қайшы келетін көріністерге төзбеу;

- Республиканың саяси-экономикалық өміріне белсене қатысуға және сондай-ақ өз құқықтары мен міндеттерін сезінуге баулу;

- әлемдік және отандық жетістіктерін игеру, қазақ және республикада басқа да халықтардың әдет-ғұрып пен салт-дәстүрлерінің тарихын жете білу;

Өткен ғасырларға көз жүгіртсек, шығыстың ғұламасы әл-Фараби: «Жас жеткіншектеріңізді көрсетіңіз, мен сіздердің болашақтарыңызды айтып берейін» деген екен. Адам өмірге бәрі бірдей болып келері хақ, бірақ-та өсе бара олардың тағдыры әртүрлі қалыптасады. Бұған ата-ана мен ұстаздың атқаратын рөлі зор. Адам тәрбиесі-үдемелі қозғалыспен жүріп отыратын мәңгілік үрдіс болып табылады. Адам бойына жақсы адамгершілік қасиеттердің сіңісуі, өнер-білімді игеруі тәрбиеге, салауатты өмірге, өскен ортаға, үлгі-өнеге берер ұстазға байланысты. Қазақстандық патриотизм мен ұлтаралық татулықтың өткен өмір жолы, көргенбілгенінен жинақталған жан-жақты таразыланған тәжірибесі Тәуелсіз Қазақстан Елбасының тарихи еңбектерінде объективті дәлелдермен тұжырымдалып келгені барша отандастарға және әлемнің көптеген шетелдеріне белгілі. Осы орайда, Елбасының «Қазақстанның болашағы – қоғамның идеялық бірлігінде», «Тарих толқынында» атты еңбектерінде, бұл міндетті абыроймен күнделікті өмірге дарытуда отбасы, білім беру орындары, еңбек ұжымы сияқты дәстүрлі институттардың маңызды рөл атқаратынын, олардың ықпалы аса тиімді болатынын баса айта келіп, «Біздің тағы бір аса маңызды идеологиялық міндеттеріміз – қазақстандық патриотизмге тәрбиелеу, әрбір азаматтың өзін өзі айқын билеуі» деген ойы қоғам мүшелеріне бағдарламалық бағыт берері анық [3, 2 б.].

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Назарбаев Н. Ә. Тарих толқынында. – Алматы, «Жібек жолы» баспа үйі, 2010. – 232 бет.

2 Қазақстанның үшінші жаңғыруы: ғаламдық бәсекеге қабілеттілік /Қазақстан Республикасы Президентінің 2017 жылғы 31 қаңтардағы Қазақстан халқына жолдауы/

3 «Егемен Қазақстан» қазан, 2017ж.

КЕРІ БАЙЛАНЫС – БІЛІМ САПАСЫН АРТТЫРУДЫҢ НЕГІЗІ

САПТАЕВА А. Б., ОМАРОВА Б. Б.
мұғалімдер, № 10 ЖОББМ, Екібастұз қ.

Еліміздің болашағы – білімді ұрпақ. Қазақстан Республикасының білім берудегі басты мақсаты: жан – жақты дамыған, білімді, өмір сүруге бейім, өзіндік ой – талғамы бар, адамгершілігі жоғары тұлға тәрбиелеу. Республикамызды әлемдік білім беру кеңістігіне шығуды қарастыратын мемлекеттің қазіргі саясатын іске асыру білімге қойылатын талаптарды түбегейлі өзгертті, ол талаптардың мақсаты білімнің, дағдының және машықтың жай ғана жинағы емес, осыларға негізделген тұлғалық, әлеуметтік, кәсіби біліктілік, яғни ақпаратты өз бетімен табу және оны тиімді пайдалана алу, құбылмалы дүниеде рационалды және пайдалы өмір сүру, сонымен қатар жұмыс істеу болып табылады.

Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың Қазақстан халқына « Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан» Жолдауының Халықаралық стандарттарға орай бастауыш және орта білім беру, сондай-ақ кадрларды қайта даярлау жүйесінде жақындай беру он жетінші бағытында-білім беру саласындағы міндеттерді айқындап берді.

Елбасы «Біз бүкіл еліміз бойынша әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы білім беру қызметін көрсетуге қол жеткізуіміз керек», -деген болатын [1, 54 б.].

Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша сапалы оқытудың негізі – кері байланысты тиімді ұйымдастыру. Кері байланыс дегеніміз не? Кері байланыс (ағылш. feedback) – адамның өзі куә болған оқиғаға немесе басқалардың әрекетіне айтылған пікірі, реакциясы.

Оқытуда кері байланыс оқушы мен мұғалім үшін де маңызды. Оқушылар оқудағы мәселелерін анықтайды және оны шешуге, жетістікке жетуге ұсыныс алады. Ал мұғалімдер өз жұмысындағы мәселелерді анықтайды, оны түзетуге, жақсартуға мүмкіндік алады. Оқытуда кері байланыс арқылы оқушыларға өз білімін түзетуге және өзгертуге мүмкіндік беріледі.

Кері байланыс арқылы мұғалім оқу үдерісінің қалай өтіп жатқандығы, оқушылардың оқудағы жетістіктері мен туындаған мәселелері туралы ақпарат алады. Кері байланыс оқу

тапсырмаларының мақсатқа сай шешімін табу деңгейін анықтауға мүмкіндік береді.

Тим Рассел кері байланыстың төмендегі он ережесін ұсынған:

1 Кері байланыс ойластырылған болу керек. Жағымды және жағымсыз пікір айтқанда, тепе –теңдікті сақтау қажет.

2 Кері байланыстың нақты болуы. Мұғалім нақты жұмысқа тоқталып, ұсыныс жасауы қажет.

3 Кері байланыстың объективті болуы. Кері байланыс шын мәнінде болып жатқан фактілерді, осы оқиғалардың жағымды және жағымсыз әсерлерін қамтуы тиіс.

4 Кері байланыстың орынды болуы. Оқушылар нақты қандай дағдыларын жетілдіріп жатқанын біледі, сондықтан осы дағдыларға қатысты кері байланыс алуы керек.

5 Кері байланыстың түсінікті болуы. Мұғалім оқушыларға кері байланысты түсінікті айтуы керек.

6 Оқушылардың көзқарасы мен мүмкіндіктеріне сай келуі. Кері байланыс сәтті болуы үшін оқушылардың ерекшелігі, мүмкіндіктері ескерілуі қажет.

7 Алдыңғы кері байланыспен салыстыру мүмкіндігінің ескерілуі. Ағымдағы жұмыс нәтижелерін алдыңғы әрекетпен қайта салыстыру мүмкіндігі болған жағдайда ғана нәтижені бақылауға болады.

8 Іс-әрекет жоспарын қамтуы тиіс. Кері байланыс мақсаты - адамға бір нәрсе үйренуге және зерделеуге көмектесу, сондықтан кері байланыс тек жетілдіру қажет мәселеге ғана назар аудару емес, сүйенетін әрі келісілген іс-шаралар жоспарын да қамтиды.

9 Жеткілікті болуы. Әр оқушыға жеткілікті уақыт бөлуі керек.

10 Кері байланыс барысында ұсыныстың иерархиялық тәртіппен берілуі. Пікірлердің иерархиялық тәртіппен берілуі дегеніміз, ең маңыздылары бірінші кезекте болып, содан кейін аз көңіл бөлінетініне ауысу [3, 30].

Кері байланыс үш бағытта жүргізіледі:

Мұғалімнен оқушыға – мұғалім оқушыларға оқудағы жетістіктерге және алдағы іс –әрекетке байланысты ақпарат береді

Оқушыдан –мұғалімге – мұғалім оқушылардан өздерінің оқуына қатысты түсініктемелер алады

Оқушыдан –оқушыға – өзара бағалау барысында

Осы бағыттардың барлығы бір – бірімен тығыз байланысты және маңызды.

Кері байланыстың екі түрі бар: ауызша және жазбаша.

Қазақ тілі мен әдебиетін оқытуда біз қолданатын ауызша кері байланыс үлгілері:

Оқушылар дұрыс жауап бергенде айтылатын сөздер

Оқушылар қате жауап бергенде айтылатын сөздер

Жарайсың! Керемет! Бұл дұрыс жауап! Өркенің өссін, бүгін тапсырманы жақсы орындадың! Жұлдызың жансын, өзің көп іздендің, жақсы жоба жасадың! Жақсы жұмыс істедің, дегенмен тақырыпты қайтала. Біраз ойлан! Бәріміз бірге ойланып көрейік!

Сауленің айтуы бойынша осылай, ал сендер қалай ойлайсыңдар? Сен біраз қателестің, ойлан, тағы бір рет тексеріп шық! Ойыңыздың бағыты дұрыс!

Кері байланыс ұйымдастыруда қолданылатын құралдар:

6-сыныпта «Жібек жолы» тақырыбы бойынша өткізілген сабақта біз қолданған кері байланыс түрлері:

1 «Бағдаршам» әдісі

Оқушыларға үш түсті белгілер беріледі.

Жасыл түс – « Мен мақсатқа қол жеткіздім. Менің көңіл – күйім тамаша.»

Сары түс- «Көңіл –күйім жақмы, сыныптастарымның көмегімен тапсырманы орындадым»

Қызыл түс –«Мен тапсырманы орындай алмадым, көңіл –күйім жоқ. Маған көмек керек.»

2 «Алма ағашы» әдісі

Сабақ басында екі түсті «алма» беріледі. Сабақ соңында оны алма ағашына ілу керек.

Жасыл түсті алма – «Сабақ өте қызықты, бәрі түсінікті болды, көңіл – күйім көтеріңкі.»

Қызыл түсті алма – «Бүгінгі сабақты меңгере алмадым, көңіл – күйім жоқ.»

8-сыныпта «Баламалы қуат көздері» тақырыбы бойынша сабақта қолданған кері байланыс түрлері:

«Жетістік тауы» әдісі

Оқушылар берілген стикерлерді тауға орналастырады. Таудың шыңы – түсіндім.

Таудың басы –түсіндім, дегенмен сұрақтарым бар.

Таудың беткейі – түсінбедім, маған көмек қажет.

7-сыныпта «Достық пен татулық» тақырыбын өткенде келесі кері байланыс түрін қолдандық.

1 «Екі жұлдыз, бір тілек»

Бұл әдіс оқушылардың шығармашылық, өздік жұмыстарын бағалауда қолданды. Оқушылар бір –бірінің жұмыстарын тексереді.

Екі жұлдыз – жұмыстың жағымды және тиімді жақтарын көрсетеді.

Бір тілек – жұмысты қалай жақсартуға болатындығы туралы ұсыныс айтады.

2 «Ішкі және сыртқы шеңбер» әдісі

Оқушылар ішкі және сыртқы екі шеңбер құрады. Бір –біріне қарама-қарсы тұрады. Тақырып бойынша бір –біріне сұрақтар қояды. Сыртқы шеңберде тұрған оқушылар ауысып өздеріне жаңа жұп құрады. Солай бір –бірін тексереді, жауабын толықтырады.

Кері байланысты тиімді ұйымдастыру арқылы келесі нәтижелерге қол жеткізуге болады:

- мұғалім мен оқушы арасында жылы қарым – қатынас орнайды;

- оқушы өзінің білім деңгейін, кемшіліктерін анықтайды және өз кемшіліктерін түзетуге ұмтылады;

- оқушылар өзінің және өзгенің әрекетіне талдау жасай алады, өзіндік көзқарасы қалыптасады;

- оқушылардың оқуға деген қызығушылығы, білім сапасы артады;

- оқушы мен мұғалім өз жұмыстарына түзету мен өзгерулер енгізеді

Жаңартылған білім беру бағдарламасы бойынша кері байланысты тиімді ұйымдастыру арқылы оқушыларымыз білімді, бәсекеге қабілетті, белсенді, өмірде өз орнын табатын, өз көзқарасы қалыптасқан азамат болатынына сенімдіміз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы «Жаңа әлемдегі жаңа Қазақстан»

2 Жақсылықова К.З., Тайтанова Н.К., Кемешова А.М. Қалыптастырушы бағалауды қолдану бойынша пән мұғалімдерінің кәсіби құзыреттілігін арттыру. - Алматы, 2016.- 44б.

3Тим Рассел. Навыки эффективной обратной связи. –Санкт –Петербург: Издательский дом «Питер» , 2002. -30б.

4. Белсенді оқу әдістері: Әдістемелік құрал.- Астана, Педагогикалық шеберлік орталығы. 2013.-81б.

ЖАМБЫЛДЫҢ АҚЫНДЫҚ ШЕБЕРЛІГІ

САРСЕНБАЕВА А. Ш.
мұғалім, Ертiс № 4 ЖОББМ, Павлодар облысы, Ертiс аудан

Ғасырлар бойы екшеліп, сұрыпталып, жетіле түскен халық өнерінің қайнар бұлағынан нәр алған Жамбыл өзінің совет дәуірі кезіндегі шығармаларында көркемдік биікке көткерілді. Ол ауызекі поэзиядан кәдімгі жазба әдебиетке жақын келді. Өлеңді жаңа түр, жаңа сапамен байытты деп айтуға болады. Ақындық шеберлігінің ұшталып, жетіле түсуіне жалпы совет мәдениетінің жоғары идеялық, көркемдік мақсаты әсер етті. Жамбылдың алғашқы өлеңдері негізінен адамдар жөнінде, олардың іс әрекеттері мен түрліше ауыл оқиғалары жайында болады. Байлар мен кедейлер арасындағы қайшылықтар да оның сана сезімінен сырт қалмайды.

Жас талаптың Жетісу өңірінің даңқты ақыны Сүйінбаймен кездесіп, батасын алуы оның ақындық бағын ашқан айтулы оқиға болады. Бірде 14–15 жастардағы Жамбыл жарапазан айтуды сылтауратып, Сүйінбай ауылына келеді. Үйінің сыртында ат үстінде тұрып, жарапазанға жалғастыра өз жанынан өлең шығарып, ұзақ жырлайды [1, 25 б.].

Ардақты үйдің иесі,
Бата бер менің жырыма.
Қуат бітіп үніме,
Көңілін тапсын елімнің.
Жар бол да, өзің жәрдем ет,
Жібер мені бір демеп,

– деп өтінеді жасөспірім ақын. Айтқандарына сүйінген Сүйінбай Жамбылды үйге шақырып, ұзақ отырып, өлеңін зор ықыласпен тыңдайды. Бала ақынның болашағынан үлкен үміт күткен көреген жырау: «Осы шабысыңнан тайма! Өлең-жырыңды дауылдата бер! Жолың болсын! Бақытың ашылсын, балам! Шындықты айт, әділдікті жырла! Кәне, тозығы жеткен жолға түспе, жаңа жол, даңғыл жолға түс! Өлеңің бүкіл халық сүйсініп, көңілімен иіліп тыңдайтын өлең болсын! Сенің көңіліңнің асылы патшаның казынасынан да бай болсын! – деп бата береді. Жамбыл да:

Менің пірім – Сүйінбай,
Сөз сөйлемен сиынбай.
Сырлы сұлу сөздері

Маған тартқан сыйындай.
Сүйінбай деп жырласам,
Сөз келеді бұрқырап,
Қара дауыл құйындай, –
деп, Сүйінбайдың өсиетін өмір бойы есінде сақтап, ұстазының есімін ардақтаумен өтеді.

Жамбыл ақындық айтысқа 17-18 жасында араласып, «Көрұғлы», "Өтеген" сияқты дастандарын да сол тұстарда жырлай бастаған. [1.66]

Ақын «Менің өмірім» шығармасында:
Топ десе он жетімде тартынбадым,
Семсердей майдандағы жарқылдадым.
Ақынды ауылға ермек басып озып,
Жұлдыздай көзге түсіп, жалкындадым, – дейді.

Ел таныған ақын болу үшін, әрине, сол өңірдің ақындарымен түгел танысып, өнер сынасу керек. Жамбыл да бұл жолды өтіп, ақындық сайыстарда үлкен табыстарға жетеді.

Байдың қойын бағып жүргенде он үштегі кезінде ұйықтап қалып, түсінен ақын болып оянған Сүйінбай ұстазы сияқты, Жамбылға да ақындық түсінде аян беріп қоныпты. Ол туралы Жамбылдың өзі: "Бір күні Жетісай жайлауында жылқы бағып жүріп, түс көріппін. Түсімде ақсақалды қария келіп: «Өлең аласың ба, көген аласың ба?» – деген. Мен: «Өлең!» – деппін. Оянып кетсем, түсім екен, көкірегімді бір толқын кернеп, алқымыма тығылғандай, дереу үйге жетіп, домбыраны ала салдым да, онды-солды төгіп-төгіп жіберіп едім, кеудем ашылып, орта түскендей болды», – деп еске алады.

Жамбыл жиырма жасында сол кездің атақты ақыны – Жаныспен айтысып, оны жеңеді. Өлгі «Менің пірім – Сүйінбай» деген өлеңін Жамбыл осы Жаныспен айтысқанда айтады. Жамбылдың "Жылқышы", «Пұшықтың ұрыға айтқань» сияқты белгілі өлеңдері сол шамада шығарылады. Атақты Айкүміспен айтысы» да осы тұста болады.

Жамбыл 35 жасында, яғни 1881 жылдың күзінде Іле бойында өткен бір үлкен жәрмеңкеде сол кезде орта жастардағы атақты ақын Құлмамбетпен айтысып, жеңіске жетеді. Сөйтіп, Жамбыл осыдан былай Жетісу өңірінің нөмірі бірінші ақынына айналады. Бірақ, айтыстан кейін де екі ақын бірін-бірі құрметтеп, ардақтап өткен. Атақты Бактыбай ақынмен кездескенде де:

Қаздай қалқып, ерінбей,
Өлең тердім жасымнан.
Майкөт ақын, Құлмамбет

Орын берді қасынан, –
деп, Жамбыл аға ақынның есімін құрметтеп, ардақтай ауызға алады. Жамбыл өлеңдері мен айтыстары әуелден халықтық арнадан бастау алады. Сондықтан оның туындыларынан әлеуметтік сарын молынан байқалады. Оның өмір қайшылықтарын ерте танып, олардың сырына ой жүгіртіп өсуі шығармаларын мәнді, салмақты етеді. Жамбыл – ұстазы Сүйінбайдың үлгісімен кім болса да: мейлі болыс-би, мейлі бай, манап болсын, мінін бетіне айтып, кедей-кемтардың, әлсіздің жоқшысы болуды ақындық мұраты еткен ақын. Жамбыл ақындық өнер жайында:

Ақын деген ат болмас, Қытығын таппай сұратпай.
Қандырмай мейір суатпай, Досың болса, күлдіріп,
Жыры болмай бұлақтай. Сүйсіндіріп жұтатпай.
Тұнығы болмай сынаптай. Жауың болса, бүлдіріп:
Алатаудан арындап, Домбыраң – берен,
Асқан судай құлатпай. Жырың – оқ,
Қыбыршыған көңілден Дәл тигізіп, сұлатпай, –
дейді. Жамбыл өзінің шығармашылық ұзақ ғұмырында осы

ұстанымынан танған емес.

Ақынның көп жырлаған тақырыбы – "Туғалы сөзі өтпеген, қолы есеге жетпеген, құлшылықтан кетпеген" жарлы мен жалшының азапты өмірі, кедейдің күйі.

Жаман көйлек жыртылып,
От басында итініп,
Әрі дімкәс, тамақ аш,
Әрі тұттай жалаңаш,
Аш бұралып, күн суық –
Жұрт соңынан жоқшылық
Көшке ілескен итше ұлып.

Аш, жалаңаш, ауру, суықта қалтыраған кедейдің аянышты тағдыры бар болғаны бір-ақ шумак – жеті жол өлеңге сыйып кеткен. Жоқшылықтың көшке ерген итше ұлуы туралы образ әрі түсінікті, әрі өте әсерлі. Бұл жерде ұлыған ит емес, жоқшылық. Демек, сөз көшке ілесіп ұлыған ит сияқты, жұрттың соңынан қалмай ұлып ілескен жоқшылық жайында. Ақын кедейдің күйін ұлыған аш иттің күйіне теңестіріп отыр.

«Кедей күйі» – деген өлеңінде жоқшылық тауқыметін тартқан кедей балаларының аянышты халі, кедей басындағы жоқшылық, шарасыздық шынайы бейнеленген.

Қайтіп жаның ашымас,

Неткен заман қатыбас.
Еткен еңбек, төккен тер
Қалай түкке татымас, –
дейді ақын күйзеліп. Жамбыл қысы-жазы тыным көрмей, бай малының соңында жүрсе де, ауыр азап, жоқшылықта өмірі өтіп жатқан кедей туралы «Жылқышыға» деген өлеңінде де қабырғасы қайыса, ашына айтады.

Сары түнге сарылып, кірпік ілмей,
Салқын күзде бір жылы үйді білмей.
Сахарада салақтап күндіз-түні
Бұралқы ит пен малшының сиқы бірдей.

Әрідегі Дулат, Сүйінбай, берідегі ұлы Абай сияқты, Жамбыл да өз кезінің билік басындағыларының халық қамын ойламайтынын, әділетсіздігін, парақорлығын, екіжүзділігін әшкерелеп, көптің алдында беттеріне басады. Мұндай өлеңдерінің тілі уытты, мысқыл, сатираға толы болып келеді. Мұндайда ақын талантының сыншылдық қыры ерекше күшті сипаттарымен көрінеді. Жамбылдың «Сәт сайланарда», «Шалтабайға», «Мәңке туралы», "Қалиға" сияқты өлеңдері – сондай шығармалар. Сәт болыстың елдің сорын қайнатқанын ел көзінше бетіне басса, старшина сайланып келген Көкімге:

Әлде бекіп келдің бе,
Арын сатып бетіңнің?
Бір тояйын дедің бе,
Ақысын жеп жетімнің? –

деп, жетім-жесір, жарлының ақысын жегіш, жемір етіп көрсетеді. Жамбыл дәлел, факт келтіріп жатпайды. Мұнысымен қиянатшылдық билік басына келгендерге ортақ сипат, даусыз шындық екенін білдіреді. Ал Қали байға:

Сойылынды соғып тұр,
Болысың мен орысың,

– деуінде көп мағына, үлкен шындық бар. Отаршылдар мен атқа мінерлер ауыз жаласып, екі жағы пара үшін байдың сөзін сөйлеп, сойылын соғады дегенге меңзейді.

Ұлық пен төренің, бай-болыстың халыққа көрсетіп отырған зәбірін Жамбыл «Әділдік керек халыққа» деген өлеңінде кеңінен айтады. Өлеңнің шығу тарихы былай екен. Ақын Ұзынағаш базарында Қиысбай деген бай бастаған ұлық, төрелермен кездесіп қалады. Олар Жамбылды жақтырмаған сыңай танытады. Ұлық,

төреге бұрыннан ызалы ақын олардың мына астамшылығына өлеңмен жауап береді. Бай мен ұлық, төрелердің әлсіздің ақысын жеп, халықты жоқшылыққа душар етіп отырғандарын, кедейлігі болмаса, олардың ешкімнен кем еместігін, олардың арасында неше алуан асыл азаматтар барын айта келіп, билік пен байлық иелеріне деген өзінің қатынасын былайша білдіреді.

Болыс төре жүрген жоқ, Болыс төре, билері,
Халықты қорлап, жылатпай. Кедейлерге теңдік бер
Шабарманы шаптығып, Қысы-жазы шулатпай!..
Барады елді шыдатпай.

Жырдың келесі бөлімінде билеуші әкімдерге халық мүддесін қорғап, сөзін сөйлейтін ақын тұлғасы қарсы қойылады.

Итгей көрем төрені
Тамаққа тойса үретін.
Халықтың ақын – перзенті
Ақтарып сырды беретін...
Айтқандары өтірік –
Ұлыққа кім бар сенетін.
Сыздауық жара секілді.
Денені сыздап керетін,
Жамбыл ақын сөйлесе,
Жарасы қалар жарылып,
Ел аңғарып көретін...

Үзіндіде халық сөзін сөйлейтін ақынға, оның өнеріне менсінбей қарайтын ұлықтың қылығы, оған деген өзінің жек көру сезімі ұтымды да әсерлі айтылған. Ұлықты денені сыздап керетін сыздауық жараға теңеп, ұлық қанша сызданғанмен, "Жамбыл ақын сөйлесе, жарылып", масқара болатынын ащы мысқылға айналдырады.

Араны байдың ашылған,
Барды жоқ деп жасырған.
Тебеген есек секілді
Тепкілеп орын бермеді,
Бос жатқан жер қасынан.
Көңілі қалды халықтың,
Хан, төре, ұлық, тақсырдан.
Қысым жасап халыққа,
Ары болды қанішер
Қойға тиген қасқырдан.
Өмір бойы осылар
Аяусыз елге қас қылған...

Жуан білек қамшымен,
Нашарларды қорқытып,
Мазалаған, састырған.
Мұнда хан, төре, ұлықтардың бейнесі, олардың халыққа көрсетіп отырған зәбірі, замана сыйқы көрініс тапқан.

Байлықтың түбі пайдадан,
Өтірік-қулық айладан.
Ұрлық-зорлық талаумен
Жүздеп жылқы, мыңдап қой
Байлар судай айдаған.
Жарлының көз жасынан
Жиналған малы зұлымның.
Тұншығып босқа тұманда,
Адасып талай халықтар
Төте жол таппай жасыған,
– деген жолдарда сол кездің өмір шындығын суреттей отырып, әлеуметтік қорытындылар шығарады.

Ақынның "Мәңке туралы" әйгілі өлеңінің шығуына мынадай жағдай себеп болыпты. Бір үлкен тойда Жамбылдың сәйгүлік аты күміс ер-тұрманымен жоғалады. Бұған Қаржау дегеннің қатысы бары анықталған соң, Жамбыл ол елдің болысы Мәңкеге шағынады. Болыс ұрыны жақтап, ақынға теңдік бермейді Сонда ыза болған ақын елдің алдында осы өлеңді айтады.

Жанғойлық болысы пысық келеді,
Мұрындары пұшық келеді.
Екі арадан ептеп жерінде
Көздерін қысып келеді.
Сөздерін ұзарта келеді,
Өңешін қызарта келеді.
Өнімі азырақ жерде
Үстіне тұз арта келеді.
Ыңыранып отырып алады,
Әр алуан қырға салады.
Ақыры, Құдай жарылқап,
Қалталарын толтырып алады.

Мұнда болыстың әділетсіздігі, екіжүзділігі мысқыл, ажуамен психологиялық шебер талдау түрінде бейнеленген.

Айкүміспен айтысы

Жамбылдың жастық шағының мұңды да шуақты сырына толы ақындық өнерін танытатын сұлу жыры – Айкүміспен

айтысы. Жамбыл Айкүміске «әуелден-ақ, болдың ойда», «құмары басылмаған албырт едім» – дей отырып, өзінің жүрек сырын, інкәр көңілін астарлап жеткізеді. «Жасшылық ұрындырды талай жарға» – деп, өкінішінен де хабардар ете сөйлейді. Жігіттің арманға, сұлу сезімге бөлеп айтқан сөзіне қыз да:

Асылға арсыдағы қол жетпей ме,

Ақылмен кимылдасаң аспай-саспай,

– деп, Жамбылға жөн, жол сілтей сөйлейді әрі өзінің де ішкі, жүрек тереңінде жатқан асыл сырынан хабар бергендей қалып танытады. Айтыс үстінде Жамбыл бойжеткен қыз тағдырының ауырлығын, бағы ашылмаса, бір жаманға қор болып кете барарын айта келіп:

Сол үшін жатсам, тұрсам арманым көп,

Жем болып кете ме деп жамандарға, –

дегенде, Айкүміс, айтыс салтына орай, әріптесіне тиісе сөйлейді:

Жамбыл-ау, күпсінесің неге сонша,

Құтқарып қыз біткенді қалған жанша.

Қолдағы қаршығаннан неге айырылдың,

Тұтқасы дүниенің сенде болса?!

Айкүмістің «қолдағы қаршыған»

– деп отырғаны Жамбылдың сүйген, ғашық болған құрбысы – Бұрым сұлу. Бұрыммен Жамбыл бір тойда танысып, айтысады. Бұрым өте сұлулығының үстіне тамаша әнші де, ақын да екен. Екеуі бұдан кейін де талай кездесіп, айтыса жүріп, бірін-бірі шын сүйіп, ғашық болады. Бұрым өзін айттырып қойған жаққа ұзатылатын күн тақағанда, Жамбылға білдіреді, Жамбыл қызды алып қашып, ағайындарына барып паналайды. Бірақ, екі ел арасы бұзылатын болған соң, Жамбылды өзіне жақын ұстайтын елдің беделді басшысы – Сарыбай болыс ақынды зорлап көндіріп, Бұрымды әкесінің үйіне қайтарады. Айкүміс «қолдағы қаршығаннан неге айырылдың?» дегенде, осы жағдайды меңзеп отыр. Бірақ, бұл үшін Айкүміс Жамбылды табаламайды, кінәламайды, «тұтқасы дүниенің» Жамбылдың қолында еместігін, жастардың теңіне, сүйгеніне қосыла алмайтын еріксіздігін айтады. Жамбылға: «Дітіңді білтелемей, білдіре айтшы», – деп қалжыңдайды. Жамбылдың ойнақы әзіліне орай

«Жақсы сөз жан семіртер» – деген бар ғой, Әдепті мінездерің жүрсін ойда, – деп, өзі де сыпайы ұстамдылықпен құрбының жан семіртер сөзін айтады. Бұл жауап тебіренеткен Жамбыл толғанып:

Айкүміс, амалым жоқ, хош, ендеше,

Кетелік сыр білдірмей жат пендеше.

Атыңды, ақ жүзіңді ұмытпаспын,

Кеудемнен қашан менің от сөнгенше,

– дейді. Жамбыл мен Айкүмістің бұл айтысын екі ақынның салғыласқан нағыз айтысы деуге болмайды. Сол себепті профессор М. Жолдасбеков: «Тіптен Жамбыл мен Айкүміс айтысқаннан гөрі, сырласқанға көбірек ұқсайды. Сондықтан да айтыста драмадан гөрі, лирикалық сыр басым», – дейді [2, 88].

Жамбыл айтыстарынан оның қиыннан қиыстырып сөз табатын, үлкен қоғамдық мәселелер көтеретін, халық мүддесіне табан тіреген хас шеберлігі сезіледі. Ол айтыстардың әрқайсысы табанда сөз тапқыштық, халықтың көңіліндегі арман, мұратты тауып айтқыштық сияқты сипаттарымен ерекшеленеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Садырбаев С., Сейдаханов КЖамбыл Жабаев Екі томдық шығармалар жинағы. Алматы: Жазушы. 1982, 440б

2 О. Жанайдаров Қазақстан ұлттық энциклопедиясы, – Алматы: Жазушы, 2002

ОҚЫТУ ОРЫС ТІЛІНДЕ ЖҮРЕТІН МЕКТЕПТЕРДЕ ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

СЕЙЛЬХАНОВА Ф. А.

мұғалім, № 7 ЖОББМ, Павлодар облысы, Ақсу қаласы

Мектептерде, оның ішінде орыс тілінде білім беретін мектептерінде қазақ тілін оқыту әдістемесіне қатысты мәселелерді, оның мақсаттарын, оқу мазмұны мен технологиясын, әдістемесін, психология, логика және тағы басқа ғылымдармен байланысын білу керек. Әсіресе оқу мазмұны әдістеменің өзекті мәселелерінің бірі бірін құрайтындығын ескерген жөн, өткені ол «Нені оқыту керек?», «Қалай оқыту керек?» деген сауалдардың жауабын іздейді. Сондықтан оқушы қазақ тілін оқытудың лингвистикалық, психологиялық, әдіснамалық компоненттеріне қатысты теориялық білімін жетілдіріп, жаңғыртып отырғаны түсінікті. Қазақ тілін оқытудың басты компоненті - лингвистикалық негізін қарап көрейік: қазақ тілін оқыту мазмұнын лингвистикаға сүйенбей анықтау мүмкін емес, өйткені лингвистика – тілдерді белгілі бір жүйе ретінде зерттеумен айналысатын ғылым. Адамдар тілдің

жүйесін бір – бірімен қарым-қатынас жасау үшін пайдаланады. Әдістеме болса, лингвистикада жан-жақты зерттелетін тіл жүйесінің мәселелерін қарастырады, өйткені қазақ тілін оқыту әдістемесі қазақ тіл біліміне сүйенеді. Тілді лингвистикалық феномен ретінде оқып-үйрену, тілдің жүйесін білуге, жүйені тілдесім мақсатында пайдалануға мүмкіндік бермейді. «Тілдің жүйесін – фонетика, грамматика, лексиканы – жеке-жеке оқытуға көңіл бөлінген шақта, оқушылар тіпті ең жеңіл деген қатысымдық міндеттерді шешуге өтілген грамматикалық ережелер мен сөздерді пайдалана алмайды». Сондай нақты бір тілдік жағдаятқа лайықталған дайын фразаларды үйрету де тіл меңгеруді қамтамасыз ете алмайды, өйткені тілді меңгеру – сөйлесім материалды игеру оқушыда тілдік жүйені қалыптастыруға қарай жүргізілсе, сонымен қатарол төз ойын сөзді түрлендіру, сөзді қолдану жағынан да ережеге сәйкес құрастырып, жеткізе алса ғана, мүмкін болмақ. Бұдан шығатын қорытынды: қазақ тілін оқытуды сөйлеуден тілге қарай жүргізу, сонымен қатар, тілдің жүйесін мақсатты түрде ұйымдастырылған тілдесім процесіндегі сөйлеу арқылы оқыту қажет. Қазақ тілін оқытудың лингвистикалық компонентіне тілдік материал – қатаң сұрыпталған фонетикалық, лексикалық, грамматикалық минимумдар мен сөйлеу материалдары, сөйлесімге қажетті сөйлеу үлгілері кіреді. Лингвистикада тіл және сөйлеу ұғымдарының ажыратылуы әдістеме үшін маңызды, себебі оқытуды осы екеуінің – тіл мен сөйлеудің – қайсысынан бастау қажеттігі ғалымдарды осы күнге дейін толғандырып келеді. Сөздіктерде «речь» – «тіл», «сөйлеу» деп аударылған, бірақ көбінесе «тіл» деген баламасы көп қолданады. Мысалы «родной язык», «родная речь» деген сөз тіркестері қазақша туған тіл (ана тілі) деп айтылады. Осылай болғанда да, тіл мен сөйлеу ұғымдарының арасында айырмашылық бар. Қазіргі лингвистикалық әдебиеттерде тіл мен сөйлеуге қатысты бір-біріне ұқсас пікір жоқ. Кейбір лингвист ғалымдар тіл мен сөйлеуді ажырату лингвистика теориясы үшін қажетті деп санайды.

Екінші ғалымдар бұлайша жіктеу жалпы лингвистика мәселелерін шешуге кедергі жасайды және оның дамуының негізгі тенденциясына қайшы келеді деп есептейді. Тіл мамандарының үшінші бөлігі тіл мен сөйлеуді ажыратудың мүмкіндігі мен пайдалы екендігін жақтап отырып, ажырату тіл мен сөйлеуді біріне-бірін қарсы қоюды білдірмейтін, «тіл мен сөйлеу біртұтас құбылыстың екі жағы, олардың табиғатына қайшылық емес, қайта өзара толықтырушы қасиеттер тән» екендігін айтады.

«Тіл – сөйлеу құралдарының қатаң қалыпқа келтірілген жүйесі, ал сөйлеу – ой мен сезімді жеткізуге арналған тілдің екеуара қатынасты әрекеттік қолданымы. Тілдің өзінде мағына-ой болмайды, ол тек ойды өрнектеуге арналған әр түрлі таңба-белгілердің жиынтығынан тұрады. Ал осы қордан сөйлеу үшін қажетті белгілі тілдік құралдар (дыбыстар, сөздер, сөз тіркесі, сөйлемдер, әуен, ырғақ, т. б.) іріктеліп алынған шақта ғана ой білдіру мүмкіндігіне ие боламыз», - дейді қазақ психологі С. Бап-Баба [1, 96 б.]. Тіл мен сөйлеудің екінші тілді оқыту әдістемесінде өзектілігін академик Л. В. Щерба да атаған: «Шетел тілдерін оқыту әдістемесімен айналысудан бұрын, біз алдымен сөйлеу және түсіну процесі ретінде тілді (яғни сөйлеу әрекетін) және қалыпқа түскен лингвистикалық тәжірибе түріндегі тілді (яғни тілдік жүйені)», ең ақырында, даяр фразалардың қандай да бір жиынтығы түріндегі (сөйлесім материалы) тілді мықтап ажырата алуымыз қажет» [2, 78 б.].

Л. В. Щербаның пікірінше, сөйлеуді меңгеру «сөйлеу материалы тілге айнала бастағанда, яғни тіл үйренушілерде грамматикалық және лексикалық ережелер қалыптаса бастағанда ғана мүмкін болады» [2, 78 б.].

Сонымен тіл мен сөйлеу ұғымдарының арасында теңдік белгісін қоюға болмайды. Сондықтан оларға берілетін анықтама да әр түрлі. Лингвистика білімінде тіл - қарым-қатынас үшін қажетті құралдардың және оларды пайдалану ережелердің жүйесі. Сөйлеу деп тілдік жүйенің нақты қарым-қатынас актілерінде жүзеге асуын айтамыз. Сөйлеу ұғымына осы процестің өзі және тілдік туындылар енеді.

«Тілдің сөйлеуден негізгі айырмашылығы мынадай: тіл – тілдік құралдардың жүйесі, ал сөйлеу – процесс және осы құралдарды (тілдік жүйенің элементтерін) қатысымдық мақсатта пайдалану нәтижесі» деген анықтама жоғары айтылғанды нақтылайды [2, 78 б.].

Тіл мен сөйлеудің өзара тең еместігі айтылды. Осыған орай әрқайсысының өзіне тән бірлігі болады.

Ғалым С. Ф. Шатилов өз еңбегінде «тіл бірлігіне сөзді, сөйлеу бірлігіне сөйлемді (фразаны) жатқызады» [3, 34 б.]. Г. В. Рогова, И. Н. Верещагина деген ғалымдар тіл бірліктерін былайша жіктейді: фонема, морфема, сөз, сөйлем, микро және макромәтін (мәтін синтаксистік деңгейдегі жоғары бірлік саналады). Бұлар – формальк – семантикалық белгісі бойынша ұйымдасады [4, 40 б.].

Мысалы, сөйлеу бірлігі ауа райына қатысты синопиктердің хабарламасы болуы мүмкін: Бүгін күн суық. Жел бар. Ауа температурасы – 28 градус. Келесі мысал, диалог не сұхбат:

- Абай Құнанбайұлы кім?

- Абай қазақ жазба әдебиетінің негізін қалаушы.

- Қандай шығармалары бар?
 - Оның қара сөздері, табиғат, білім, махаббат туралы өлеңдері бар. Осылай тіл мен сөйлеудің ара-қатынасын ажыратып алдық. Сондағы тіл мен сөйлеуді, оның бірліктерін ажыратудағы мақсатымыз: оқытуда қайсысы маңыздырақ: тіл ме, не сөйлеу ме? Сонда екінші тілді оқытуды неден бастау керек: тілді жүйе ретінде оқытудан ба немесе сөйлеуден, тілді қатысымдық мақсатта пайдалану процесінің өзінен бе? Екінші тілді оқытудың басты мақсаты – сөйлеуге үйрету, тілді қарым-қатынас құралы ретінде пайдалану, осы мақсат арқылы байлығы, білімділік, дамытушылық, тәрбиелік міндеттер шешіледі. Н. Оралбаева, Ж. Адамбаева, Ф. Оразбаева, Қ. Жақсылықова,

И. Кубаев, А. Рауандина және басқа ғалымдар өз еңбектерінде қазақ тілін оқытуда тілдің қатысымдық қызметіне назар аудару керек екенін атап көрсетті. Ғалым З. Күзекованың сөзімен айтқанда, «бұрындары біз «тілді оқыту», «сөйлеуді оқыту», «сөйлеу әрекетін оқыту» деп айтып келдік. Осының бәрінің қорытындысы «қатысымды оқыту» болып табылады». Профессор Ф. Оразбаева қазақ тілін қатысымдық тұрғыдан оқытудың

- тұтастық;
- сөйлем түрлерін меңгеру;
- сөйлемдегі басты ережелерді меңгерту;
- тақырыпты игеру;
- ынталандыру;
- орта мен жағдайды ескеру принциптерін ұсынады.

Осының бәрін қорытындылай келіп: қазақ тілін оқытуды қазақ тілінде қарым-қатынас жасауға үйретуден, айтылғанды түсінуге, қарапайым сөйлеуге үйретуден бастау керек екенін дәлелдейміз.

Қазақ тілін оқытуда лингвистикалық компонентінің бірлігі сақталғаны жөн. Тілдік материал мен сөйлесім материалын байланыста, бірлікте оқыту қай жағынан болсын ұтымды. Уақыттың үнемделуі оқушыға жан-жақты білім беріліп, оны ізденіске, байқампаздыққа, өздігінен саналы әрекет жасауға үйретеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 С.Бап-Баба Жалпы психология: Оқу құралы - Алматы, 2004. - 96 б.
- 2 Л. В. Щерба Преподавание иностранных языков: Оқу құралы - Москва, 2001. - 78 б.
- 3 С. Ф. Шатилов Методика обучения немецкому языку в средней школе: Оқу құралы – Ленинград, 1977, - 34 б.

4 Г. В. Рогова, И.Н.Верещагина Методика обучения английскому языку на начальном этапе в средней школе: Оқу құралы – Москва, 1989. – 40 б.

ҚАЗАҚ-ПАРСЫ ӘДЕБИЕТІНІҢ ҰҚСАСТЫҒЫ МЕН АЙЫРМАШЫЛЫҒЫ

САДЫКОВА Г. К.

мұғалім, Баянауыл аграрлық техникалық колледжі,
 Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, Баянауыл ауылы

СЕРИК Е. Қ.

студент, Баянауыл аграрлық техникалық колледжі,
 Павлодар облысы, Баянауыл ауданы, Баянауыл ауылы

Орта ғасырда, «түрік Оянушылығы» дәуірінде, әсіресе XIII–XIV ғасырларда Алтын Орда әдебиетінде үрдіс болған нәзира дәстүрі «кисса-хикаят», «кисса-дастан» жанрын тудырып, дамытты. Түрік Оянушылығы сол тарихқа қозғау салып, іле-шала қазақтың Көк Ордасының тігілуіне зиялы қауымды рухани жағынан дайындауға ат салысса, Оянудың әдебиеттегі көрінісі болған нәзира дәстүрі қазақ хандығы тұсындағы әдебиетте уақытша қажетсіну шеңберінен шығып кеткендей болды (Бейнелеп айтсақ: Сандық түбінде ұмыт қалған, молданың сұлулап қиған қауырсын қаламын елестетеді).

Парсы әдебиетінде XIII–XI ғасырдың бас кезінде классикалық даму үрдісі болды. Араб тілді әдебиеттің аясында мұсылмандық дәуірге дейінгі парсы мәдениетінің культтеріне деген қызығушылық оны жаңғыртушылық басталды.

Классикалық әдеби дәстүр – әлем халықтары мәдениеттері тарихының әртүрлі дамуы, қалыптасу кезеңдерінде байқалатын ықпалды арналар. Азия, Еуропа, Америка, Австралия, Африка құрлықтарында мекендейтін халықтардың бәрінде өздеріне тән ұлттық, әрі әлемдік ықпалдасу, араласу, сіңісу құбылыстарының болатынын көреміз. Әдеби дәстүрдің дамуы құрлықтардағы бірнеше халықтардың қолданылуында басым, белсенді қызмет атқаратын тілдерге де байланысты болды...

Парсы тіліндегі сопылық поэзия мен проза бастапқы тұлғаларының бірі – Абдоллах Ансари (1006-1086). Поэмадағы гуманистік бағытты дамытқан ақындар Омар Хаям (1040–1131) мен Низами болды (1141–1203). Бұлардың ішінде Ансари мен

Низами түрік нәзіраларының алдында ғана өмір сүрген немесе замандастары еді. Олардың түрік акындарына шығармашылық әсері зор.

Түрік әдебиетіндегі «қисса» жанрының дамуы тікелей осы нәзира дәстүрімен байланысты болды. Нәзіралық әдіспен жазылған шығармалар «қисса» деп аталады. Қиссаның тамаша үлгілері XIII–XIV ғасырдағы түрік әдебиетінде туды. Олар: «Әлидің» «Қисса Жүсібі», Хұсам Кәтибтің «Жұмжұмасы», Құтбтың «Хұсрау Шырыны», Рабғузидің қиссалары. Сондай-ақ, Сайф Сараидің «Гүлстан» да адамшылық мәселесін көтерген дидактикалық шығарма ретінде, кейінгі әдебиетке жол салды.

Аңыз бойынша, Мұхаммед пайғамбардан бір қызық қисса (әңгіме баяндау айтып беруді сұрағанда, ол өсиет-өнегеге толы әдемі бір әңгіме айтты дейді. Пайғамбардың бұл әңгімесі «Қисса Жүсіп» болатын). Түрік әдебиетіндегі Қисса жанрының басы – «Қисса Жүсіптен» басталатын себебін осы аңыздан іздегеніміз жөн сияқты [3, 45 б.] Жалпы, нәзира жанрын «қисса» деп атау да осыған байланысты шықса керек.

Қазақ хандығы тұсында тарих (XV–XVII ғ.) өрлік рухқа толы Қазтуған, Шалкиіз, Доспамбет жырларын туғызды. Отты жырлардан: жасқанбай, кеудесін кере сөйлеудің, елдік тірлік пен бірліктің ірілігін көреміз. Бұл уақыттағы әдебиеттің негізгі жанры «толғау» болды. Жыраулық поэзия дамыды. Іргесін жаңадан бекітіп жатқан тәуелсіз қазақ хандығының көкейкесті мәселелерін шұғыл жеткізіп отыруға қажеттілік әдебиетте өз жанрын туғызды.

XVIII ғасыр әдебиеті жыраулық поэзияның рухын сақтай отырып, бодандық мәселесін сөз ете бастады. Бодандық бұлты қоюланған XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап әдебиетте қазақтың ұлттық Оянушылығының бір көрінісі ретінде XIII–XIV ғасырлардағы нәзира дәстүрі қайтадан жедел дами бастайды. Нәзіралық әдеби тәсіл мен машықтың негізгі жанры қисса-дастандар болды. Ұлттық Оянушылықтың жан-жақты дамуының бір жағында Абай бастаған, ұлттық сананы жаңаша дамытудың бағыты тұрса, екінші жағында қазақи салт-сана мен имандылықтан айырылып қалмаудың жолын ескілікті дәстүрлерден іздеген акындар тобы жинақталады. XX ғасырдың бас кезінде көбейе түсті. Олар қазақтың ежелгі жазба әдеби үрдісін жақсы білетін, мифтік сюжеттер мен Құран хикаяларын, Әли мен Рабғузидің «Қисса Жүсіп», «Қисас-ул әнбиаларын» оқып көрген, Низами мен Құтбтың «Хұсрау-Шырынымен» таныс, Сағди мен Сәйф Сараи

«Гүлстанын» естіп-білген, «Мың бір түн», «Тотынама», «Шаһнама» оқиғаларын жаттап өскен акындар еді. Үлгі алған, оқыған мектебі дәстүрлі классикалық түрік, араб-парсы әдебиеті болған. Мысалы: Жүсіпбек Шайхұсламұлы (1854–1936), Ақылбек Сабалұлы (1880–1919), Кашафуддин Шаһмарданұлы (1840–1910), Шәді Жәңгірұлы (1865–1916), Әсет Найманбайұлы (1867–1922), Әріп Тәңірбергенұлы (1856–1924), Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы (1857–1931), Ақыт Үрімжыұлы, Кете Жүсіп Ешниязұлы (1871–1927), Мәулікей Жұмашұлы, Жүсіп Таубайұлы (1882–1916), Мансұр Бегежанұлы (1875–1933), Ораз молда, Молда Мұса, Мәделі қожа, Тұрмағамбет және басқа көптеген нәзірашыл қиссашы акындар шығармалары елеулі рухани қызмет атқарды. М.Әуезов: «... Олардан қалған мұра 120 поэма еді» (Әуезов М., 1946-34), – деп жазады. (шамасы, тақырыптық қайталауларды ескермеген болар). Ә.Жиреншин: «Б.А. Дорнның жазуына қарағанда, «Азия» баспаханасы 1801 жылдан бастап 1829 жылға дейін 91 атаулы кітап шығарған. Ал, профессор А.Ф.Катановтың жазуынша, 1800 жылдан 1956 жылға дейінгі мерзімде университет баспасынан 114 кітап басылып шыққан көрінеді. Сөйтіп, бұл кездегі екі баспахананың шығарған кітаптары екі жүзден асқан. Осы жерде ескертетін бір жай бар. Ол – 1824 жылы университет баспаханасының өртенгені. Сол апатта көптеген архив документтері мен бірсыпыра кітаптар өртенген. Сондықтан, Дорн мен Катановтың есебі дәл болуы ықтимал», – дейді (Жиреншин Ә., 1971–37).

Соңғы жылдардағы зерттеп қарастырудың нәтижесіне ой жүгіртсек, қисса-дастан ауқымының анағұрлым аумақты екеніне көз жеткіземіз. Бір ғана Ақылбек Сабалұлы Турабаев Семей облысы, Қарқаралы уезі, Ақбота болысының № 7 ауылында тұрып, Қазан университеті баспасының иесі Ш. Құсайыновқа 1913-1916 жылдарға дейін 106 қисса жазып тапсырған екен. Оның ішінде: «Ибраһим қиссасы», «Ысмағұл қиссасы», «Кесік бас», «Шаһнама», «Сұм заман», «Адам қиссасы», «Дандан ғашық», «Хикмет-Нығмет», «Қырық уәзір», «Марғұба қатын», «Ғабділкәміл мен Мәлике қыз», «Садуақас», «Махтубат сөзі», «Алтын балық», «Ахирет Ғали», «Ғажет тағуат», «Таһир-Зуһра», «Бозжігіт», «Хикмет», «Ғибратнама», «Ақылбек Сабал», «Баһауаш Жомарт», «Жағымпаз уәзір», «Саудагер», «Сұлу жігіт», «Ахтам-Сахаба» қиссалары бар. Оның бірнешеуі ғана басылып шыққан. Сондай-ақ, Қазаннан 1911 жылы басылған «Мағшұқ намесі» бар (Шафиғов М., Алманов Ә.). Бұған Шәдінің: «Балғам Бағұр»,

«Бәрсиса», «Хайбар», «Назым», «Чәһар дәуріш», «Хикаят Халифа һарон-ар-Рашид», «Қамұрұззаман», «Хатымтайдың хи-каясы», «Хикаят Уәрақа Күлше», «Харұнның жер жұтқан оқиғасы» киссаларын (бұлардан басқа қолжазба күйінде қалғандары да бар). (Келімбетов Н., 1974); Жүсіпбек Шайхұсламұлының: «Сал-сал», «Зарқұм», «Жүсіп-Зылиха», «Мұңлық-Зарлық», «Шәкірт-Шәкірат», «Дариға қыз», «Кербаланың шөлі», «Қасым-Жомарт» киссаларын коссак; Кашафуддин Шаһмарданұлының: «Қисса-и Жәмшид», «Қисса Бәдр», «Қисса-и Хикмет», «Шаһмахмұд», «Қисса-и ұхұд», «Хатымтай жомарт», «Абулхарис», «Дұхтар Гүләнда», «Сұлу қыз уа Хаммал», «Қисса-и Ахад», «Халуа Фұрұш», т.б. Еске алсақ, Ақыт қажының: «Әбият Ғақлия», «Қисса-и Жаһаншаһ Тамұзшаһ», «Тәржмә-и-Ақыт», «Ахуал қиямат» киссаларын, Әріптің: «Зияда Шаһмұрат», Мәшһүр Жүсіптің: «Гүлшат Шеризат», Әсеттің «Ер Шеризат», «Жамсап», «Перизат», «Ағаш ат», Шаһниғмет Шаһсейітовтың: «Хұршаһра қыз» т.б. толып жатқан киссаларды, Қытайдан шыққан «Қазақ киссаларының» 12 томын (Бейжин. 1986) қосайық. Сондай-ақ, Семей уезі Семейтау болысы 8 ауылдың Доланды стансасының тұрғыны Ілияс Ысмағұлұлы Молдажанов деген кісінің: «Ғибрат Нама», «Мұса нама», «Ақтам сөзі», «Жүніс киссасы», «Алтын киік», «Сәдуақас», «Жалғыз бас», т.б. киссалары бар екен. Ә.Жиреншиннің «Қазақ кітаптарының тарихынан» (1971) атты кітабынан қарағанымызда, тек Қазан университеті мен Кәрімовтер баспаханасының өзінен шыққан отыз шақты кітаптардың тізімін кездестірдік. Сондай-ақ, Н.Сәбитовтың «Қазақ әдебиетінің библиографиялық көрсеткіші» (1948), «Қазақ қолжазбаларының сипаттамасында» (1976) да біраз дүниелер қозғаусыз жатыр. Қазанда 1911 жылы басылған «Мағшұқ наменің» сыртында енді басылатын 21 кітаптың тізімі, «Қисса Тәмимдардың» соңында 41 киссаның тізімі берілгенін көрдік. Олардың ішінде: «Ақыт уәләд яғни Тамұзшаһ», «һамра Хұсрау патша», «Зейне-Зайыб», «Иран-дустан», «Қисса Қаһарман», «Қисса Тәжбахт», «Шаһзинда», «Ораз молланың жаңа баспасы», «Қисса Наунаруан әділдер» бар. Қазан, Тәшкент баспаларын түгендейтін болсақ, мыңға жуық мол дүние шығып қалуы мүмкін. Яғни, әдебиетіміздің бұл саласы – ұшы-қиырсыз, кең, мол рухани қазына.

XIX-XX ғасыр басындағы әдебиетте XIII-XIV ғасырдағы кисса-дастан дәстүріндегі әділ патшаны, тәуелсіздікті, адамшылықты, шынайы сүйіспеншілікті аңсау арналары ары қарай жалғасты. «Осындай Шығыс шығармаларын, сюжеттерін, варианттарын

қазақ топырағына әкелуші киссашы, дастаншылар жалғыз киссаны ғана қуып кетпей, өздері де ірі білімпаздар болып, сан алуан тақырыптарға қалам тербеді, халықты өнер-білімге шақырды. Ауыз әдебиетінің үлгілерін жинаушы, аудармашы, бастырушы және жырлаушы болды», – дейді Ө. Күмісбаев (1994–51). Осы дәуірдегі қазақ кисса-дастандарын жинақтай келгенде, оны жүйелеу мәселесі әлі бір ізге түспегенін көреміз. Қазақтың төл романдық дастандарынан арнайы жұмыс жазған Б. Әзірбаева үш топқа бөледі (1990–25):

1 Ислам дінін уағыздайтын дастандар: «Сал-сал», «Сейітбаттал», «Зарқұм».

2 Ертегілік-аңыздық және ғашықтық дастандар: «Сейфүлмәлік», «Бозжігіт», «Абдулхарис», т.б.

3 Шығыс сюжетіне жырланғанымен, қазақтың төл туындысындай болып кеткен дастандар: «Мұңлық-Зарлық», «Шәкір-Шәкірат». Ал, Ө. Күмісбаев «Киссалар және кәтаби ақындар» деген зерттеуінде төрт топқа жіктейді. Бірінші – дидактикалық-лирикалық дастандар: «Ләйлі-Мәжнүн», «Жүсіп-Зылиха», «Мұңлық-Зарлық», т.б. Екінші – діни бағыттағы дастандар: «Сал-сал», «Сейітбаттал», «Жүмжұма», «Зарқұм», т.б. Үшіншісі – қиял-ғажайып, фантастикалық шығармалар: «Шаһмаран», «Абушаһма», «Шәкір-Шәкірат». Төртінші – батырлықты, ерлікті жырлайтын дастандар: «Рүстем-Дастан», «Ескендір», «Қисса Бахрам», т.б. (XX ғасырдың... 1994-290). Жалпы алғанда, бұл мәселенің әлі бас-аяғы толық көрінбеген, нақты зерттелмеген, ауқымы анықталмаған. Сондықтан, біз XIX–XX ғасыр басындағы кисса-дастандарды: «Мың бір түн», «Тотынама» желілері, «Шаһнама» желілері және Орта Азиялық желілер деп бөліп қарастырғанды жөн көріп отырмыз. Сондай-ақ, «Бақтиярдың қырық бұтағы» туралы әңгімелері. Бұлайша бөлу XIX–XX ғасыр басындағы әдебиеттегі кисса-дастан сюжеттерінің төркіні мен қалыптасу үрдісін анықтауға септігі тиеді деген ойдамыз.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Қыраубаева А. Шығыстық кисса-дастандар. - Алматы: Рауан, 1997 -140 б.

2 Қыраубаева А. Қазақ әдебиетіндегі Шығыстық кисса-дастандардың түп-төркіні мен қалыптасуы: Филол. ғыл. докт. дис. - Алматы: 1997 -336 б.

3 Ахметов З. Қазақ әдебиетінің Шығыс әдебиетімен байланысы.- Алматы:Қаз.ССР Ғыл.Ақ.,1961 – 556 б.

4 Байпақов К., Нұржанов А. Ұлы Жібек Жолы және ортағасырлық Қазақстан. – Алматы: Қазақстан, 1992 – 208 б.

5 Бердібаев Р. Гүлстанның бұлбұлдары. – Алматы: Жазушы, 1970 – 237 б.

ҚАЗІРГІ КЕЗЕҢДЕГІ ҚАЗАҚ ТЕРМИНОЛОГИЯСЫ

СӘРСЕНБЕК А. Р.

магистрант, ПМПУ, Павлодар қ.

ШАҚАМАН Ы. Б.

ф.ғ.к., профессор, ПМПУ, Павлодар қ.

Қоғам өміріндегі өзара қарым-қатынастың ең басты құралы болып саналатын тілді әлеумет әрдайым өте жоғары бағалап, оның өзгеріс, өрістерін жіті қадағалап отырады. Тіл қоғамдық құбылыстың бірі ретінде сол қоғам құрылысын айнаға түсіргендей өрнектейді. Яғни қоғам өмірінде болған, болып жататын құбылыстардың бәрі тілден орын тебеді де, тіл көмегі арқылы халық қазынасына айналады.

Қоғам қашан да қозғалысқа, өзгеріске, дамуға бейім тұрады. Осыған орай тіл де дамиды. Алайда тілдің дамуы оның барлық қабатына бірдей тән емес. Оның белгілі бір қатпары өзгеріс, өріске онша мән бермейді (мәселен, тілдің грамматикалық категориялары, дыбысталу жүйесі т.т). ал оның қайсыбір қатпарлары жаңалыққа, соны мағыналық ұғым, түсініктер әкелуге бейім тұрады. Осы тұрғыдан алып қарағанда, дамыған, жетілген тілдің басты көрсеткішінің бірі оның терминдік жүйесінің саралануы болып табылады. Тілдің қоғамдық қызметі арта түсті, дамыды деп ауыз толтырып айтарлықтай дәрежеге жетсек, осыны айтқызатын, терминологиялық лексика.

Ұлттың қоғамдық-саяси, рухани-мәдени өмірінде болып жататын өзгерістердің барлығы оның тілінен көрініс табады. Тіл тек қатынас қралы ғана емес, халықтың танымы мен білімінің жинақтаушысы. Қазақ терминологиясының қалыптасу, даму тарихы термин шығармашылығының барлық уақытта бір қалыпты жүріп жататын үрдіс емес. Түрлі себептердің әсерінен белгілі бір мерзім аралағында терминдер қатары тез өсіп, терминологиялық лексиканың ауқымы молая түссе, келесі бір уақыт аралығында

ондай қарқындылық байқалмайды. Оның бірнеше себептері бар. Солардың ішіндегі термин шығармашылығына тікелей ықпал ететін ең басты факторларының бірі – ғылым мен техниканың дамуы болса, екіншісі – сол еде үстемдік етуші тіл саясаты.

Ғылым дамыған тұста көптеген жаңа ұғымар пайда болады, олар тілден өзінің таңбаланушысын табуды қажет етеді. Мұндай құбылыс арнаулы саланың барлығына емес, санаулы бір ғылым салаларына ғана тән болуы да мүмкін. Ұлт тілінің ғылым саласындағы қызметі, термин шығармашылығына қатыстырылуы сол тілдің қоғамда атқаратын рөлімен тікелей байланысты. Ал тілдің қоғамда қандай рөл атқаратындығын сол елдің тіл саясатына байланысты.

Термин дегеніміз – белгілі бір арнаулы салаға тән сөз, ал терминология сол арнаулы ұғымдар атауларының жиынтығы.

Терминологияның дамуы мен қалыптасуының өзіндік тарихы бар. Оны ғылым мен техниканың өркендеуінен, қоғам өмірінде болып жататын саяси-экономикалық, рухани-мәдени, тарихи-әлеуметтік өзгерістерден мүлде бөліп алып қарастыруға болмайды. Орыстың физикалық терминологиясының қалыптасуын зерттеген ғалым Л. Кутинаның:

«В истории терминов и терминологии отражается много разнообразных зависимостей и планов: развитие научной мысли, смены научных воззрений, связь и дифференциация научных дисциплин, культурные связи, степень и особенности развития языка, состояние лексической и стилистической системы языка» – деуі өте орынды пікір. Ғылыми-техникалық терминологияның қалыптасуына әртүрлі тілдік және тілден тыс факторлар әсер етеді.

Қазақ халқының ғылыми терминологиясының даму тарихына үңілер болсақ, оның қалыптасуына қоғам өмірінде болған өзгерістердің айқын із қалдырғанын көре аламыз. Жалпы терминологиялық лексика қорының жасалуы ғылым мен техника салаларының игерілуіне, дамуына тікелей байланысты, тәуелді. Сондықтан қазақ ғылыми терминологиясының қалыптасуы Қазақстан ғылымының даму тарихынан бөліп қарастыру мүмкі емес.

Қазақ тілінің терминологиялық лексикасының қалыптасуын бес кезеңге бөліп қарастыруға болады:

- 1) XIX ғасырдың екінші жартысынан XX ғасырдың 10 жылдарына дейінгі кезең;
- 2) 1910 жылдан 1930 жылға дейінгі кезең;
- 3) 1930 жылдар мен 1990 жылдар аралығындағы кезең;
- 4) Тәуелсіздік жылдары;

5) Қазіргі заман кезеңі.

Жалпы кез келген тілдің терминологиялық лексикасының түзілуіне негіз болатын екі көзі бар. Оның бірі – ұлттық тіл, ал екіншісі – өзге халықтардың тілдері. Алғашқысы – термин жасамның ішкі көзі, ал кейінгісі – сыртқы көзі деп аталады.

Қазіргі кезеңдегі қазақ терминологиясының қолдану аясы:

№ Қолданылуы Сипаттама Мысал

1 Ғылыми-техникалық терминология Дүние жүзі тілдерінің көпшілігінде, әсіресе жақсы дамыған тілдерде ғылыми-техникалық терминологияның негізгі бөлігін сол халықтардың өз тілдерінде жасалған терминдер құрайды. Сөздердің немесе терминдердің алмасуына тілдердің қоғамда алатын орын мен елдің саяси жағдайы және сол елдердегі ғылымның, техниканың даму деңгейінің тікелей қатысы болады.

2 Жалпы қолданыстағы сөздердің терминденуі. Қазақ тілінің терминологиялық лексикасын құрайтын терминдену тәсілімен жасалған терминдердің елеулі бөлігі – ұлттық әдеби тілдің құрамындағы жалпы қолданыстағы сөздер негізінде жасалады. Жалпы қолданыстағы сөздер терминденудің барлық жолдары арқылы терминдене алады. Күмбез, тозаң, шырай, ескек, перде, тау, т.б. сөздер

3 Аймақтық лексиканың терминденуі Қазақ тілінің аймақтық лексикасы, оның өзіндік ерекшеліктері мен әдеби тілге қатысы тілші ғалымдар тарапынан едәуір зерттелген мәселе. Тіл білімінің диалектология саласын арнайы зерттеген ғалымдар: С. А. Аманжолов, Ж. Д. Досқараев, Ш. Ш. Сарыбаев, Ә. Нұрмағабетов, С. Омарбеков, О. Нақысбеков, Н. Жүнісов, Ғ. Қалиев, Т. Айдаров, Ж. Болатов және т.б. Төп, құжат, ұйым, ұжым, үрдіс, т.б. сөздер

4 Көнерген сөздердің терминденуі Терминжасамның ішкі көзін құрайтын өзге лексикалық қабаттармен қатар, қазір өте сирек қолданылатын көнерген сөздер де терминдер қатарын молайтуға өзіндік үлес қосады. Кіреуке, сауыт, қол, жасақ, жекеауыз, самқал, т.б. сөздер

5 Кәсіби сөздердің терминденуі Терминдер қатарын толықтыратын лексикалық қабаттың бірі – кәсіби сөздер болып табылады. Кәсіби сөздердің терминдерге ұқсас жағы – екі топтағы лексика да белгілі бір әсіппен, арнаулы саламен шектеледі. Осы ұқсастықтарына сәйкес олар бір ғана арнаулы лексиканың шеңберінде қарастырылады. Арнаулы лексиканың құрамына

енетіндігі оларды жалпы қолданыстағы сөздерден, аймақтық лексикадан, жаргондар мен арголардан да ерекшелетін белгісі болып саналады. Тұқым жарнағы, қоза, тамыр-жеміс, т.б. сөздер

Қоғам дамуының іргеліте түсудің бірден-бір тиімді жолы ғылыми-техникалық прогресс болып отырған жағдайда, қоғамдық ғылымның үлесіне тиер шаруа аз емес. Искерлік, жауапкершілік, білгірлік, білімдарлық, шапшаңдық, қабілеттілік талабы күшейген қазіргі кезең, әсіресе, тілдің ең күрделі де бай қатпары – терминологиялық лексиканы реттеуді қажет етеді.

Қорыта келе, ғылым мен техниканың сала-саласына орай өрбіген, әрқилы мәні бар ұғымдарды пішіндеу әдеби тілдің арнайы саласы – терминологиялық лексикамыздың жасалып, қалыптасуына жол ашты.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Ө. Айтбайұлы. Қазақ тіл білімінің терминологиялық мәселелері. – Алматы: «Абал-ай» баспасы, 2013. – 400 бет.

2 Л. Л. Кутина. Формирование терминологии физики в России. – Москва: Л., 1966.

3 Ш. Құрманбайұлы. Қазақ терминологиясы дамуының кезеңдік сипаты. – Астан: Елорда, 2002. – 184 бет.

4 Ш. Құрманбайұлы. Терминтанушы құралы. Сөздік-оқулық. – Астана: «Педагогика-Пресс ИД», 2009. – 224 бет.

ЭТНОГРАФИЯЛАРДЫ АУДАРУДАҒЫ ЛАКУНАЛАРДЫҢ ОРНЫ

СУЛТАНАЕВА А.

аға оқытушы, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

ЖУМАНБАЕВА О.

магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Этнографизмдердің де зерттеу объектісі тек сөз ғана емес. Сөздердің табиғи бөлшегі болып саналатын неше алуан грамматикалық форманттар да, жеке сөзден тұратын тұрақты тіркестері де (мақал-мәтел, афоризм, жұмбақ, фразеологизмдер) нысаны бола алады. Бұлар да тілдік бөлшектер санатына енеді және құрамына енген сөздермен бірге өзгереді, ескереді, мағына, тұлға жағынан күнгірттеніп, түсініксіз элементтерге айналады. Тұрақты

тіркестердің жалпы мағына-мазмұнын айқындау үшін күңгірттенген сыңарларының тілдік табиғатын анықтау қажет болады.

Этнолингвистика мәселесі қазақ тілі үшін жанадан ғана қолға алына бастаған, бірақ қажырлы да ұлан-ғайыр еңбекті талап ететін, тілші, этнограф, фольклорист ғалымдар мен білікті де білгір қазақ зиялыларының ғалымдар мен білікті де білгір қазақ зиялыларының ат салыса шешуін талап ететін аса маңызды міндеттердің бастылары болып саналары да сондықтан. Этнографиялық талдаулар мақал-мәтел фразеологизмдердің тұрақталып, семантикалық монолитке айналуына себепкер болатын жеке компоненттерін айқындауға ғана емес, сонымен бірге олардың жалпы мазмұнын, жасалу уәжі мен этнолингвистикалық негізін, қисынды ойды бейнелейтін ұлттық бейнелердің ерекшелігін анықтауға бағыт береді.

Қазақ тіліндегі жеті түнде, түн баласына деген тұрақты сөз тіркестерінің фразеологизм болып қалыптасуының өзі олардың құрамындағы жеті мен бала сөздерінің біз үшін беймәлім сыры мен сипатына байланысты. Сонымен бірге шошқа тағалау, түйе үстінен сирақ үйіту, есек құрты мұрнынан түсу сияқты тұрақты тіркестердің құрамындағы сөздер бізге айқын бола тұрса да, олардың жасалу уәжін бірден дәлеуде мүмкін емес. Бұларды анықтау үшін де этнографиялық талдау әдістерінің араласуы қажет және ол зерттеудің әр түрлі тәсілін, әдісін талап ететіні сөзсіз. Этнографизмдердің қандай түрі болмасын, алдына қойған мақсаты, анықтауға тиісті деңгейі, зерттеу мөлшері, түбегейлі тұжырымы болуы шарт. Дегенмен этнографизмдер жалпы түркология көлемінде арнайы зерттеліп, тиянақты шешілген мәселе емес. Бұл жайында кейінгі 15–20 жыл беделіндегі әңгіме көбінесе түркі тілдерінің (жалпы) сөздігін және кейбір жеке (чуваш, тува, азербайжан, қазақ т.б.) тілдердің сөздерінің шығу тектік сипатына жасаған талдауларды атауға болады. Этнолингвистика тіліміздегі этнографиялық лексиканың байлығын кез келген дерекке байланысты емес, белгілі бір жүйе бойынша, мағыналық-тақырыптық топтарға бөліп, жіктеп, саралап барып зерттеуді мақсат етеді. Басқадай жағдайда әр қилы ұғымға байланысты өмірдің әр түрлі саласында қайталанып әр қырынан көрінетін сөзбен сөз тіркесінің тілдегі орны мен қолданыс аясы, мағына-мәні толық ашылмаған болар еді. Сондықтан да этнолингвистикалық зерттеулер тіл байлығын макрожүйелер мен микрожүйелерге бөліп алып, оларды табиғи жүйе бойынша жіктеп, топтастыра, өзара байланысты сала-салаға бөліп қарастырады. Соңғы кезде зерттеушілер әсер, ықпалды оның ішінде эстетикалық әсерді мәтіннің өзінен емес, мәтінді қабылдаушының

санасынан іздеу, әсер ету категориясын тілдік тұлғаның санасымен байланыстыру керектігі жөнінде пайымдаулар айта бастады. Әсер автор мен оқырман арасындағы байланыстан туындайды, ал мәтін оқырманның авторға «барар жолы». Оқырманмен байланысты күшейту үшін суреткер сөздің аралуандығына ерекше көңіл бөледі. Мәтіндегі сөз бірсарынды болып кетсе, оқырманмен арадағы байланыс әлсірей бастайды. Мысалы, күн ысып кетті, күн күйіп тұр, күннің көзі қайнап кетті дегендер екінің бірі айта беретін сөздер. Бұл – қалыпты нәрсе, норма. Суреткер сөзді бәрі айта беретіндей қолданса, яғни қалыптан, нормадан ауытқымаса, оқырманмен мәтін арқылы байланыс ойдағыдай болмас еді. Сондықтан суреткер қалыпты нормадан ауытқып отырады. Мысалы, жазушы біз сөз етіп отырған әңгімесінде «ыстық» деген ұғымды ыстық, күн ыстығы, күннің көзі күйіп тұр деген сөздермен бермейді. Аталмыш ұғымды берудің басқа тілдік тәсілдерін қарастырады: күн ұзын көлге шомылып жанын сақтады; шалқыған шаңқай түс кезінде адамның көлеңкесі де саяларға жер таппай, бауырыңа кіріп кетеді; қойшылардың өздері күнге күйіп, құрысып, кішірейіп, күпілері ғана өсіп бара жатқандай т.б. Сөз субъектісі коммуникативтік діттемін жүзеге асыру үшін (мәтін түзбес бұрын) алдымен адресаттың келесі белгілеріне тәуелді: а) тілдік біліміне; ә) дәстүрлі біліміне сүйенеді. Тілдік білімге автор қолданатын барлық деңгейдегі тілдік бірліктер: дыбыс, морфема, сөз, сөз тіркесі, сөйлем жатады. Ал дәстүрлі білім ақиқат дүниенің тілдік бейнесі, позитивті танымның нәтижесінде алынған ақпараттардың жүйеленіп концептілік құрылымға айналғаны. Бұлар автордың да, оқырманның да санасында бар, екеуіне ортақ білім болып табылады. Сонымен, сөз болып отырған мәтінде әкімнің зауыт салуға, газ құбырын жүргізуге жергілікті тұрғындарға уәде бергені айтылады. Зауыттың белгілі бір өнім шығаратыны, газ құбырын тарту арқылы отын-жылу жүйесінің жақсаратыны автор мен адресат санасындағы ортақ жалпы білім. Зауыт тауар шығарса, үйді-үйге жарық пен жылу келіп жатса, халықтың тұрмысы абаттанатыны да екі жаққа ортақ дәстүрлі білім. Дәстүрлі білім ортақтықтығы – адресант пен адресатты байланыстырушы фактор. Ендігі жерде автор өзінің діттемін, коммуникативтік стратегиясын жүзеге асыру үшін алдымен деректі ақпараттарды тандап, талғау арқылы адресаттың интеллектуалдық санасына әсер етуге тырысады: зауыт салынбай қалды, өнім жоқ, газ құбыры іске қосылмады, жол жөнделмеді т.б. Автор сонымен бірге әртүрлі цифрлар, беделді тұлғалардан дерек сөздер келтіруді ойластырады. Осылайша автор болашақ мәтіннің қаңқасына

фактуалды ақпараттарды орналастыра бастайды. Мұндай фактуалды ақпараттар оқырманды интеллектуалдық жақтан иландырудың аса күшті тәсілі болып табылады. Бірақ фактуалды деректер адресатқа әсер етудің бірден-бір тәсілі емес. Сондықтан автор өзінің коммуникативтік діттемің жүзеге асыру үшін адресаттың сезімдік (эмоциялық) санасына әсер ету жағын көздейді. Ол үшін автор:

1) тілдік бірліктердің парадигмалық межедегі бағалауыштық мәнге ие түрлерін талғап, таңдай бастайды: уәдеде тұрмады, жұмыс алға баспай жатыр, жұртты алдаусырату, былық, кадр саясатын қожыратты т.б.;

2) автор стильдік эффект тудыру үшін синтагмалық межедегі тілдік (яғни тілдік парадигмада жоқ, автордың өзіндік сөз қолданысына тән) бірліктерді ұйымдастыра бастайды: сергелденде жүрген халықтың жүйкесіне ши жүгіртті; әкім екі жыл, тоғыз ай қызметінде бізді небір тәтті арманға батырды т.б.;

3) сөздің әсер, ықпал жағын күшейту үшін прецедентті мәтіндерді, феномендерді пайдалану жағын да қарастырады: Әкім болғаннан гөрі тазша бала рөлін сомдаған үйлесетін тәрізді. Мұндағы тазша бала адресатқа күллі оқырмандарға белгілі прецедентті феномен;

4) автор адресатпен байланысты күшейту үшін күнделікті өмірдегідей әсер тудыру үшін сөйлеу тілі, қарапайым сөйлеу тілі элементтерін де пайдалану жағын қарастырады: әкесінен қалған мұрадай, мәз қылып қойды, бәлду-бәлду бәрі өтірік, әкімнің пысқырмайтын болғаны-ау шамасы т.б.;5) кітаби мәндегі сөздерді, кәсіби сөздер мен салалық терминдерді талғап, таңдайды: зауыттың қызығын көру бақыты бұйырмады.

Жоғарыда келтірілген тілдік бірліктердің құрамында сөйлеу тіліне тән қарапайым сөздердің (бәлду-бәлду, өтірікті соқтай дейсің, пысқырмайтын болды т.б.) прагмалингвистикалық тұрғыдан мәнді болғанмен, олардың талғамсыз жұмсалуды, сөз мәдениеті тұрғысынан орынсыз. Мәтін мазмұнын төмендетіп, тұрмыстық деңгейдегі, бейресми жағдайда сөзге ұқсатып жібереді. Бұндай элементтердің күнделікті тұрмыста, бейресми ортада қолдануы орынды саналады.

Автор өзінің мақсат міндетіне жету үшін индивидуумның ақиқат дүниедегі зат, уақиға, нәрселер жөніндегі біліміне байланысты рецепторлардың біріне қозғау салуды керек, ал ондай рецептор тілдік тұлғаның тезаурусы болып табылады.

Сөз актісінің вербалданған кезеңінде реципиент адресат тарапынан тілдік құрылым арқылы кодқа салынған а) фактуалды; ә) интеллектуалды; б) эмоциональды; в) мәдени-әлеуметтік ақпараттарды қабылдайды, яғни кодты жоғарыда айтқан коммуникатор мен реципиентке ортақ білім өрісі негізінде ашады. Лакуналар арқылы реципиент кодқа салынған ақпараттар жүйесін қабылдап, тіркеп қоятын салғырт субъект емес. Мәтіндегі ақпараттарды қабылдай отырып, оны зерделейді, ішкі белсенділігін күшейтеді. Сөйтіп, тілдік қарым-қатынасқа (коммуникацияға) белсенді қатысушы субъекті ретінде көрінеді. Реципиенттің санасында тіпті сөз субъектісінің моделі пайда болады: сөз субъектісінің білім өрісі (екі жаққа ортақ білім өрісінен басқа), әлеуметтік-мәдени бейнесі (әлеуметтік жасқа, топқа жататыны), психологиялық ерекшелігі т.б. Бұл айтылған сөз актісінің теориялық моделінің сөз мәдениетіне тікелей қатысты бірнеше жағы бар, соған сәйкес бірнеше қауіпті аймақ бар:

1 Тілралалық байланыстың қауіпті аймақтардың бірі коммуникатордың когнитивтік санасында реципиенттің әлеуметтік-мәдени бейнесінің дұрыс модельденбеуі. Егер коммуникатордың когнитивтік санасында реципиенттің әлеуметтік бейнесі айқын болмаса, тілдік қарым-қатынастың этикалық нормаларымен байланысты жағында ақаулар болуы ықтимал, яғни коммуникатор тілдік қарым-қатынаста қолданылатын этикеттік формулаларды реципиенттің әлеуметтік моделіне сай қолдана алмаса, этикеттік нормалардан уәжсіз ауытқуларға әкеп саяды.

2 Коммуникатор мен коммуниканттың ортақ білім өрісі болатыны белгілі, осымен байланысты коммуникатор коммуниканттың білім өрісін дұрыс бағдарлай білуге, яғни білім өрісінің моделін дұрыс жасай білуге тиіс. Өйткені коммуникатордың тілдік құрылымға салған ақпараттар жүйесі коммуниканттың білім өрісіне сай келмесе, онда коммуниканттың тиісті ақпараттарды қабылдап, қорыту мүмкіндігі шектеледі де сөздің ықпал ету әлеуеті төмендейді.

3 Коммуникатордың ой-пікірі, сезімі тілдік құрылым арқылы дәл берілуге, яғни ондаған мүмкіндіктің ішінен ең тиімдісін талғай білуге тиіс. Коммуникатордың тамаша ой-пікірінің тілдік жаракталуы ойдағыдай болмаса, сөздің ықпал ету әлеуеті де төмен болады. Көптеген сөз күнделікті тұрмыста кәдімгі лексикалық мағынасында жұмсалса, ғылыми қарым-қатынаста (ғылыми дискурста) арнайы ұғымды білдіру қызметіне төселіп,

яғни терминдік мәртебеге ие болады. Қазіргі қазақ әдеби тілінің жаратылыстану, табиғат ғылымы мен қоғамдық ғылым салаларында мамандандырылған лексемалардың саны жүздеп, мыңдап саналады. Жаңа пайда болған білімді атау үшін тұрмыста танылған ұғымды білдіретін сөз ғылыми дискурста ғылымда танылған ұғымды білдіретін арнайы қызмет атқарады. Сөйтіп, қазақ тілінің негізінде ғылым тілі қалыптасып, жұмыс істей бастады, ал тілдік бірліктердің (лексика, фразеология, сөзжасамдық бірліктердің) ғылыми дискурста мамандануы ғылыми стильдің пайда болуында негізгі факторлардың бірі болды.

Этностың рухани және материалдық құндылықтарынан, мәдениетінен мәлімет беретін этнографизмдер – ұлттың тұрмыс-тіршілігінің, салт-дәстүр, әдет-ғұрпының халық жадындағы белгісі, куәсі. Бұл ұлт психологиясымен, міне-құлық қырларымен, бейнелі ойлау, түйсіну, сезіну қабілеттерімен байланысты. Тіршілік иесі адам белгілі бір ортада, тілдік қауымда өмір сүреді. Өзінің концептуальды ойлау жүйесін жеке тәжірибеде де, жалпы ортақ түсініктік қалыпта да біліміне, ортаны түсіну, қабылдау дәрежесіне сүйеніп жетілдіреді. Бұл жалпы адамзаттық дағды, тәжірибе арқылы сарапталып отырады. Жинақталып түйінделеді. Бұл ерекшеліктер әр ұлттың тіл әлемі бейнесін қалыптастырады. Қазіргі қоғам тілді томаға тұйық қалыпта зерттеуге тарихи тұрғыдан мүмкіндік бергенімен, бүгінгі қалыпына бұл тәсіл жарамайды. Әлемдегі біртұтастық, бірігу – тілдерді байланыста, бір-бірімен сабақтастықта ғана зерттесе, өз нәтижесін беретіндігін анықтауда. Осы тұрғыдан алғанда, бүгінгі қазақ этнолингвистикасының басты нысаны – тілдегі этнографизмдердің әлемдік қолданыста белсенділігіне назар салу. Бұл оның аударылуы мен жалпы қолданысқа енуінің басты бағыттарын анықтауды қажет етеді. Ұлттың өзіне ғана тән, сол ұлттың танымындағы бар бояу мен өрнекті, болмысты білдіретін қазақ тіліндегі этнографизмдер аударылу және қолданысқа енгізуі жағынан ұлттық тіл заңдылықтарына бағынған тілдік қағидаттарды белгілеудің маңыздылығын ашады. Этнолингвистика жалпы тіл байлығын толық қамти отырып, этностың болмысына байланысты оның тілінде қалыптасып, тіл қабаттарының қойнауында сақталған этнографизмдерге тереңірек үңілуге бағдарлайды.

Тіл – ұлттың тарихы деген қағидатты негізге алып, этнолингвистика мен тарихи лексикологияның әлі де еншісі анық бөлінбеген тіл білімінің бір-бірімен жалғасты, сабақтас салаларына жатқызуға болады. Ғылым тілі ағылшын, неміс, орыс тіл білімінде

«арнайы мақсаттағы тіл» деп те аталады. Белгілі бір ғылыми дискурста терминдер қандай да бір ғылыми ұғымды ғана білдіріп қоймай, сонымен бірге маманданғандықты білдіретін ақпаратқа ие тілдік бірлік болып табылады, сөйтіп белгілі бір мәгінді біртұтас ғылыми тіл ететіндей тоғыстырушылық (интеграциялауыштық) қызмет атқарады.

Ұлттық тілдің функционалдық саласы болып табылатын ғылым тілінің негізгі арқауы – қазіргі тілдегі маңызды сала аударма. Басқаша айтқанда басқа тілмен «орталық» ұғым, түпқазық ұғымды табу. Қазіргі кезде мамандық тілінің тілдік, тілдік емес ерекшеліктері барған сайын күшейе түсуде. Мысалы, салалық ғылымдар тілінде формула, сызба, символ, схема, сурет т.б. бейвербалды таңбалардың қатары көбейе түсті. Тіпті ғылымның белгілі бір саласының өзінде әлденеше тармақтар пайда болып, олар өздерінің терминдік, терминдік элементтер жүйесі арқылы бір-бірінен алшақтай түсті. Бұл бағытты кәсібицентристік бағыт деп атауға болады. Сондықтан да аудармада түрлі әдістер де қолданылады. Аралас лакуналар жөнінде И. А. Стернинаның зерттеулерінде айтылады. Лакуналар арқылы аударманың келесі жағдайларын ескеру керек дейді:

- тілде басқа тілдің бірлігіне сәйкес келетін бірліктің мүлдем болмауы тиіс (абсолютті лакуна);

- немесе небір сәйкестік бар, алайда ол қисынсыз (қатыстық лакуна). Қисынсыз деп төмендегідей жағдайларды есептейді:

- анағұрлым жалпыланған мағыналарға ие бола отырып (яғни гипероним бола отырып), сөздің негізгі ядролық сараланған семемаларын жеткізбейді; мұндай лакуналар денотативті гипонимикалық ретінде белгіленеді – олар өздерімен гипонимдердің болмауын көрсетеді;

- құрамы бойынша анағұрлым нақты бірлік ретінде (гипоним ретінде) беріле отырып, қосымша ядролық сараланған семемаларды енгізеді; мұндай лакуналар денотативті гиперонимикалықтарға жатады (гипероним болмайды);

- бірліктің функционалдық және бағалау компоненттерін жеткізбейді (коннотативті лакуналар) немесе оларды күрт айырмашылықпен жеткізеді;

- функционалдық, басымды функционалдық-стилистикалық компонентті (стилистикалық лакуналар) жеткізбейді немесе оларды күрт айырмашылықпен жеткізеді.

Аталған шарттар әр түрлі тіркестерде болуы мүмкін, әрі бұл жағдайда аралас типті лакуналар туралы сөз қозғалуда [2, 47].

Кейбір сын есімдердің де салыстырмалы шырайдағы формалары жеткіліксіз болып табылады: қатандау (қатаң сөзінен), өрескелдеу (өрескел сөзінен), қызбалау (қызба сөзінен), сондай-ақ кейбір сын есімдердің асырмалы қарапайым шырайларының формалары: тым қатаң, аса қызба, тым жасқаншақ (жасқаншақ сөзінен). Әдеби нормалар шектіктеріне шығатын нұсқалар да лакунарлық болады да, бейтарап стилистикалық бірліктер құқығында жазбаша да, ауызша да нысандарды жіберілмейді (пушай, хотить, пекчись, иттить, ехай, едь типті формалар). В. И. Жельвис тілішілік лакуналардың ерекше түрлілігі ретінде түсінік бір сөзден асатын мағына бола тұрып, ұзақ уақыт бойы (немесе әрқашан) қолданылатын семантикалық компрессивтер деп есептейді (біз оларды универбальды лакунаалар деп атадық): темір жол; ауызекі тілдесімде бұндай тіркесу бірсөзді формаға оғай-ақ айналады – темірше. Салыст. «Әдеби газет»

- Әдебиетше, сорғыш қағаз – сорғытқыш [4, 141]. Соңғы жағдайда бірсөзді мағына (сорғытқыш) бірсөзді мағынадан асатынды басады, алайда бірсөзді мағынада «сызылып тасталған» сөз жасырын тұр.

Жоғарыда айтылғандай, тілішілік лакуналар латенттіктің жоғары дәрежесімен сипатталады да, оларды анықтау өте қиын, кейде тіпті мүмкін де болмайды. Орыс тілінің тілішілік лакуналарын анықтау әдістемесі әзірше жоқ. Лакунарлықты анықтау үшін жаңа лексемалар лакуналардың орнына әрдайым пайда бола бере ме, яғни олардың орындарын толтыра ма деген сауалы принципті маңызды болып табылады. Мұнда келесі сұрақ міндетті түрде туындайды – жаңа сөздердің туындауының негізқалаушы себептері қандай, сөздік құрамда жаңа бірліктердің пайда болуын шарт ететін қозғаушы күштер қандай, тілдегі жаңа бірліктер неліктен пайда болады. Тілішілік лакунарлық құбылысының жеткіліксіз зерттелуіне, оның жеке бірліктері мен түрліліктерінің анықталмауына байланысты алдымен лакуналардың қатыстығын, бұлыңғырлығы мен сыртқы ұстатпауын төмендететін параметрлерді анықтау, неологизмдер зерттеушілері қолданатындай олардың мазмұны мен шектіктерін нақтылау қажет. Қорыта келгенде, этнографизмдердің де зерттеу объектісі тек сөз ғана емес.

– сөздердің табиғи бөлшегі болып саналатын неше алуан грамматикалық форманттар да, жеке сөзден тұратын тұрақты тіркестері де (мақал-мәтел, афоризм, жұмбақ, фразеологизмдер) нысаны;

– тілдік бөлшектер санатына енеді және құрамына енген сөздермен бірге өзгереді, ескереді, мағына, тұлға жағынан күңгірттеніп, түсініксіз элементтерге айналады;

– этнолингвистика мәселесі, оны аудару қазақ тілі үшін жанадан ғана қолға алына бастаған сала;– бұл сала, этнографиялық материалдарды түгел жинап алып, жүйеге салу және таныту болып табылады;

– бұл материалдарды таза этнографиялық дерек ретінде емес, тілдік тәсілдер мен көмкеріліп, ұрпақтан ұрпаққа мұра болып ауысып келе жатқан этнолингвистикалық фактор ретінде жинап, аударылып зерттелуіне назар салыну қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Байтұрсынов А. Тіл тағылымы - Алматы: Ана тілі, 1992. – 443
- 2 Досмұхамедов.Х. Аламан. – Алматы: Ана тілі, 1991, – 176 б.
- 3 Тер-Минасова С. Г. Язык и межкультурная коммуникация. Учеб. Пособие – Москва: Слово 2000. С. 247
- 4 Верещагин Е.М., Костомаров В.Г. Лингвострановедческая теория слова. - М.: Рус. яз., 1980. – 320 с.
- 5 Быкова, Г.В. Лакунарность как категория лексической системологии – Благовещенск: БГПУ, 2003.
- 6 Гак В. Г. Контрастивная лингвистика – Москва: Прогресс, 1989. С. 279
- 7 Ожегов С.И. Словарь русского языка Москва: Словарь, 2007, С. 485
- 8 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі Т.4. – Алматы: Ғылым, 1983, – 672 б.
- 9 Қазақша-орысша сөздік // Редакциясын басқарған Р.Ғ.Сыздықова
- 10 Аханов К.Тіл білімінің негіздері. –Алматы, 2002. -664 бет.

М. Ж. КӨПЕЕВТИҢ ДІНИ ДАСТАНДАРЫНДАҒЫ КЕЙІПКЕРЛЕР ЖҮЙЕСІ

СҮТЖАНОВ С. Н.

ғылыми жетекшісі, ф.ғ.д., ПМПУ, Павлодар қ.

АХАТОВ Т. Қ.

магистрант, ПМПУ, Павлодар қ.

Шешен сөздің шебер атасы – Мәшһүр-Жүсіп өлеңдер мен жырлар ғана жазып қоймай, аңыз дастандар да жазған ақын. Көптеген аңыздар тарихи деректерге негізделген. Сондай-ақ, дастандарда әртүрлі тақырыптар, мәселен, батырлар жыры, салт-дәстүр, адамгершілік, адами қасиеттер әсіресе дін тақырыптары өмір мен өлім, жын-пері, шайтандар жайлы, нәпсі, періште, тозақ пен жұмақ, пайғамбарлар мен сахабалар, иман мен ислам тағы да сол сияқты көптеген тақырыптар қозғалған.

Рухани тәрбиенің қайнар көзіне айналған дін тақырыбы ақын шығармасында кеңінен орын алады. Сөзі орынды, жөн-жосығы келісті, шебер ақын Мәшһүр-Жүсіп діни тақырыптардың бірнешеуін бір дастанға сыйғыза біліп, өз шығармасын халықтың, әсіресе өрімдей-өрімдей өркендеп, көктеп келе жатқан жеткіншектердің рухани моральді тәрбиесіне арнаған адам. әр дастанда оқиғаның орындалу желісіне қарай көлемі ұлғайған сайын, тәрбиелік мағынасы зорая бермек, сонымен қатар дін тақырыбы да ұштаса береді. Мысалы: «Ібіліс шайтан хикаясы» дастанында дін тақырыбы Таблит, Жаблиттен тараған Ібілістің өр көкірегінің кесірінен ұшыраған кейпін баяндаған сайын Ібіліс негізінде кім әрі қандай іспен айналысатынын баяндаса, шайтан азғыруынан сақ жүріп, адамға салған қармағының кез-келген мезетте шалыс басқан адымың үшін іліп әкелері хақ екенін ескерткені рухани тәрбиеге негізделген. Ал, «Ақыреттің егіні» дастанында «қыстың қамын жазда ойла» демекші, өлімнің халін өмірді көзің көріп, дүниеде өзін билігің жүріп тұрғанында ойлауға шақырса, дін мәселесі қияметте қандай орын теберінді қазір шеш дегенге негіздейді. Сондай-ақ, «Яһуда, патрос әңгімесі» дастанында көбінесе дүние мен өмірдің жайы, ақыреттің қамы қарастырылған. Және дүние құмарлықпен, ашкөздіктен безінген Яһуде мен Патрос бауыры қарама-қарсы образда бейнеленген. Бұл дүниеде Алладан басқаға артқан махаббаттың бәрі жалған, әрі жауапсыз екенін дәлелдеген. «Опасыз әйел» атты дастаны шындығында көрдегі сүйген жарының моласын көздің жасымен күзеткен жігіт Ысқақтың Құдайдан сұрап, тірілтіріп алған әйелі нәпсіқұмарлықпен ойнас қуып кеткен опасыз болып шығуы, соңында Ысқақтың көрген азабы мен мазағы баяндалса, Құдайдың қылған

қалауы біз үшін қайырлы да артық екенін дәлелдеуі арқылы шайтан көңілге түспеу керек екенін тәрбие етеді.

«Әдһам диуана мен Ибраһим» дастаны нағыз дүние қайыршылықты, өмір мен өлімді, асып-тасушылық пен қанағатты бір-бірімен сәтті салыстырса, адамды өлген қыздың көрден тұруы арқылы Алланың құдіретін, Әдһамның тілеуін, Ибраһимнің образы арқылы Құдайдың шынайы құлы бола білуді сомдайды.

«Екі жігіт пен бір шал» атты аңыз дастан нәпсіні жеңдірген құмар ханшаның әрекеті өзіне де, өзгеге де зұлым болғанын, соңында шалдың ханшаны кешіруі, кешірімділікпен Тәубаға келушілік қасиетін сіңіруге баулиды.

Осы шамалы бірқатар дастандар рухани қасиеттерді жетелей келе дін мәселесін көтерген аңыздар ақын Мәшһүр-Жүсіп шығармашылығында қаншама. Құранда айтқандай «Ол сондай Алла, ізгі іс жүзінде қайсыларың жақсы, сынау үшін өліммен тіршілікті жаратқан. Ол тым үстем, аса жарылқаушы», (Мулк, 2) [13, 545 б.]. Алланың адамды құлшылық жасап, Алланы – құдай, өзін құл деп иану үшін жаратқан себебімен адам баласының осы дүниеде дұрыс ғұмыр кешіре білуіне және сол арқылы бақида бақыт тапсын деген мақсатпен Құран, пайғамбарлар арқылы хабар яғни хадис жіберген. Мәшһүр-Жүсіп дастандарының біршама оқиғасы да Аллаһ жолында ғұмырын сарп қылып, Құдаймен келісім-шарт жасап, жанын жәннатқа сатқан мұсылман жандар жайлы тарихқа да негізделген. Осы дастандардың ішінде дін мәселесін үш тақырыпқа бөліп төменде қарастырмақпыз.

Мәшһүр-Жүсіп дастандарындағы өмір мен өлім туралы айтқандары.

Он сегіз мың ғаламды, шартарапты, ғарыш пен әлемді, таулар мен тастар, ағаштар мен өсімдіктер, аңдар мен құстар тіпті адамдарға қараңыз, күллі заттың өздігінен бола салмағаны, сондай бір керемет Құдіреттің иесі жаратқанын аңғару қиын емес. әрбір заттың бір-біріне ұқсамауы, немес екі заттың бір-бірінен аумай қалуы, екі адамның егіз болғанымен бір ерекшелігінің болуы, өліден тірі шығуы немесе тірінің өлуі, ұсақтан зордың пайда болуы немесе зордың аяқ асты ұсақталуы тіпті бардың жоқ болуы немесе жоқтың бар екеніне бірден-бір ұлы дәлелдер. Ендеше, бұл ұлы Жаратушы және барлық заттың әрі күллі ғаламды басқарып, барлап, қажетімен қамтамасыз етіп, артығын қырып, артылғанын қылып отырған құдай – ол Аллаһ.

Қазақтың дарынды да дана ақыны Мәшһүр-Жүсіп Көпеев жырлағандай:

Көрінген көк пен жердің шамасы жоқ,
 Ақыл мен ойға сияр бағасы жоқ.
 Ойланып ой көзімен қараған құл,
 Өзіңнен бірлігіңе таласы жоқ.
 Дарияда асқар таудай жүрген жайын,
 Жетпейді күдіретіңе ешбір пайым.
 Соқтыққан толқын судай хасыл қылып,
 Забуржат, лағыл гауһар – бәрі дайын! [30, 31 б.].

Сол себептен тек бір Аллаһқа ғана сенеміз, керегімізді сұраймыз, соған ғана құлшылық қып, Аллаһты – Құдай, өзімізді – құл деп тануымыз әрбәр кеудесінде ыстық жаны, бойында қасық қаны бар тірі адам үшін парыз. Неге тірі адам үшін парыз? Ал өлілер ше? Себебі Аллаһ тек тірілерге ғана осы өмірде құлшылық қып, қылығының құнын арттырып, нәпсінің тізгінін артқа тарттырып жүруге мүмкіндік берген. Асарын асап, жасарын жасап «аһ» деп Аллаһтың алдына қайтқан адамдар жамныңың жазасын, жақсының сауабын алуға ғана мүмкіндік туып, оларды сұраған дұғасынан еш пайда болмайды. Сондықтан тірі кезде тірлігіңді қылып қалуың нағыз өзі.

Тірі адам тіршілігін істемес бұрын «мен кіммін?», «қайдан келдім?», «қайда барам?» деген сұрақтарға жауап іздеген дұрыс. Өлең мен өнерге құмар, қонағын қимай, құдасын құдайдай сыйлай білген қазақ халқы өз арасынан көптеген ақын-жыршылар, жазушылар мен шежірешілер, аңызшылар мен әншілер, тіпті тарихшылар, сол сияқты ғылым мен өнерді меңгерген адам тәрбиімен шығарған ұлы халық. Сол адамдардың арасында діндар, жақсылықтың жолын қуып, жамандықтың жолын жуып жүргендері де аз емес. Құдай деп құлдық ұрып, Құранды мұрындық қып жүрген ақылды да, данагөй, сәуегей шешен, жүрегінің сыры, тілінде жыры ағылып жатқандары да қаншама. Солардың бірі Қожа Ахмет Иассауи, Абай, Шәкәрім, Мәшһүр-Жүсіп тағысы тағы бар. Осы ақындардың шерткен шежірелері мен тартқан тарихтары аңыз-дастандарында тұнып жатыр. Яғни жоғарыда аталған «мен кіммін?», «қайдан келіп, қайда кетем?», «өмір мен өлім деген не?» деген сауалдардың жауабын өз аңыз-дастандарында дін мәселесін көтере айтып өткен. Біздің қарастырмағымыз, Мәшһүр-Жүсіп дастандарындағы өмір мен өлім мәселесі.

Қүдіреті күшті Аллаһ Адамды топырақтан жаратып, оған жан салды. Құранда ол жайында былай баян етеді: «Адамды топырақтан жаратып, оған жан салды!», (Бақара, 30). Адамға жан берген Аллаһ адамға әр нәрсенің атын үйретіп, оларды жәннатқа жіберді. Құранда

Аллаһ бұл тарихты өзі былай деп баян етеді. «Аллаһ Адам (Ғ.С) біртұтас атауларды үйретті...», (Бақара, 31). «...Әй, Адам! Сен де жұбайың да жәнната тұрыңдар, ерікті түрде қалағандарыңша жендер де мына ағашқа жоламаңдар. Онда жазықтылардан боласыңдар деген едік. Сонда шайтан екеуін ол жерден тайдырды. Ондағы нығметтерден де шығарды. Оларға: «Бір-біріне қас қылып түсіңдер. Сендер үшін жер жүзінде тұрақ және бір мезгілге дейін пайдалану бар» дедік», (Бақара, 35–36) [13, 6 б.]. «Ібіліс лағынның азғыруына алданып қалған Адам ата мен Хауа ана күнәсін кешіруді өтініп зар илеп жылағандықтан, Аллаһ оларға сынақ беріп, жер бетіне жібереді. Аллаһ өзі айтқандай жер беті адамға тұрақ үшін берілген мерзім, сынақ үшін жаратылған. Бұған дәлел: «Ол сондай Алла, ізгі іс жүзінде қайсыларың жақсы, сынау үшін өліммен тіршілікті жаратқан. Ол тым үстем, аса жарылқаушы», (Мулк, 2) [13, 545 б.] немесе «Ол сондай Аллаһ, сендерді жердің халифалары етті. Сендерге берген нәрселерде сынау үшін дәрежелерде бір-біріңнен жоғары көтерді. Күдіксіз Алла жедел жаза беруші және шынайы жарылқаушы, ерекше мейірімді» (Әнғам, 165) [13, 150 б.] деген Аллаһтың сөзі Құранда бірнеше сүреде аяттар келтірілген.

Қазақтың діндар, шешен, данагөйі ақын Мәшһүр-Жүсіптің дастандарында да өмір туралы әр қырынан түрліше сынап жазған өлең жолдары жетерлік.

«Ақыреттің егіні» атты дастанында Мәшһүр-Жүсіп өлім мен өмірді салыстыра жазған. Мұнда өмірдің жалған, құлшылық қылсаң да қанша осы өмірді көп сүруді қалап құлшынсаң да бұл дүниеде еш бір жан мәңгі тұрмасы жайында былай деген:

Баянсыз өтірікші дүние пәни
 Көп жасап өлмей кеткен бар ма қане, ей?
 Өлмесе Хакім Лұқман жүрер еді
 Көп жасап, аты шығып болған қари! [30, 19 б.].

Дастанда өмірді жалпы еткен сағымдай, қымқалығы қамшының сабындай екенін өлең жолдарынан көруге болады. Көзді ашып жұмғанша кім бар, кім жоқ оңыңнан солыңа қарап үлгерместен көрген түстей зу етіп өте шығары хақ. Ол жайында:

Бұл дүние қарап тұрсам сағымға ұқсар,
 Тынбастан күні-түні дүние қуар.
 Тиыштық бұл дүниеде тиянақ жоқ,

Жылы жүзбен мен мұнда мойын бұрар.

Дүние мың жыл жүрсең сағаттай біл,
Бар ма екен мұнан артық еш мысал бір?!
Дүние ойлап тұрсам түс секілді,
Бір баққа түнеп ұшқан құсша өтіп жүр. [30, 30 б].

Деп келтірген. Ал «Әдһам диуана және Ибраһим» аңыз дастанында ақын екі ауыз өлең жолымен бүкіл өмірдің ақыр соңды халін суреттеп, өмірдің жалған екенін тағы бір мәрте атаған:

Жалған, шіркін, өтеді жанды қинап,
Әуре болдық кім үшін бір мал жинап?! [30, 63 б.].

Деген ақын ұйқасынан тоқсан ауыз сөздің тобықтай көрінеді. Осы аталған аңыз дастанда Әдһам диуананың тіпті перілер сұқтанысып қараған сұлу да асқан ажарлы, көркін күннің көзі көрсе ұялған келбетіне өлердей ғашық болған патша қызына, жастайынан ажал жетіп қаза болғанда жерленген мәйітті зират басында күзетуге кеткенде зираттан «мені ал!» деген қыз дауысы шығып, ақыры көрді қазып, Әдһамға кебінен көйлек, қалдығын жаулық қып киген қыз әйелдікке некесін қидырады. Аяғы ауырлаған келіншек өз көркінен де ажарлы асықтай ұл табады. Оның есімі Ибраһим еді. Қыздың жұрты хабарды естіп Әдһамды патша, Ибраһимді патшалыққа мұрагер етіп сайлайды. әдһам патша мезгілі жетіп, мезеті келгенде ол да дүниеден өтеді. Патшалыққа ие болып қалған дархан даланың, тасыған дәулеттің патшасы Ибраһим құс салып, аң аулап жүргенінде жапан далада жалғыз келе жатып бір құланға көзі түсті. Астындағы жүйрігіне бастырта шауып құланды соғып алмаққа жуық жеткенде, ғайыптан дауыс естіледі. «Әлі күнге аң қуып арсалаңдап жүрсің бұл дүниеде не бітірдің?» деген сауал Ибраһимді қатты ойландырады. Сонда Ибраһимнің ойын мына өлең жолдарымен:

«Бұл дүниеде сүргенмен жүз жыл дәурен,
Қалам ба – деп – сөйткенмен ақыр өлмей?!» [30, 69 б.].

Ақын көркем суреттеген әрі жүз жыл өмірің әмір келсе ажал, шіркін, әп сәтте қияды да жібереді деген ұғымды сыйғызған.

Тағы да:
Ер басына не келіп, не кетпейді,
Күн – бүгінгі, ертеңге көз жетпейді.

Бұл жалғанды деймісің мәңгі бақи,
Күн мен жұма, ай менен жыл өтпейді?
Бір күн – семіз боларсың, бір күн – арық,
Отыз күндік бір айдың жарымы – жарық!
Өткен өмір, кеткен күн – белгісі жоқ,
Маған десең қырық жыл қыл патшалық! [30, 81 б.].

Деп ақын өмірдің өткінші бір өкініш, мейлі кедей, мейлі бай, мейлі – жарлы, мейлі патша бол, аққан өмір өзен өтеді де шығады, басқаға әмірің жүргенмен, өмірге үкімің жүрмейтініне және адам арасында өмір өзенді я тоқтатып, я кері қайтаратын Аллаһтан өзге құдірет күш жоқ екенін меңзейді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Ауд. Халифа Алтай. Құран Кәрім/ Ауд. Халифа Алтай. – Мәдине: 1991, 604б.

2 Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. 3 том. Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2003, 382б.

3 Ибрагим М. Параллельный мир/ М. Ибрагим, -Казань: 2004, 432б.

4 Умар Сулейман аль-Ашкар. Мир джиннов и дьяволов/ Умар Сулейман аль-Ашкар, - Москва: Умма, 2006, 284б

5 Жүсіпова. Г.Қ. Мәшһүртану белестері/ Г.Қ. Жүсіпова. Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2003, 303б.

АНАЛИТИКАЛЫҚ ТӘСІЛ АРҚЫЛЫ ЖАСАЛҒАН ЖАҢА СӨЗДЕР

СЫЗДЫҚ Ж.
магистрант, «Тұран-Астана» университеті, Астана қ.

Қоғамдық өмірдің маңызды салаларында қолданылу аясын кеңейтуді талап ететін мемлекеттік тілдің қазіргі жай-күйі, оның даму болашағы ұлттық терминологияның даму деңгейімен, оның қолданылу аясының ауқымымен тығыз байланысты. А. Байтұрсынов, Х. Досмұхамедұлы, Е. Омаров, Т. Шононов, Ә. Ермеков, Ж. Аймауытов, М. Дулатов, К. Кемеңгерұлы, Ж. Күдерин, М. Жұмабаев, Н. Төрекұлұлы сияқты ағартушы қазақ зиялыларының өкілдері өткен ғасырдың басында қазақ тілінде алғашқы оқулықтар

жазып, ғылымның кейбір салалары бойынша сол тарихи кезеңнің қажеттіліктеріне сәйкес терминологиялық атаулар жүйесін іріктеуді ғылыми негізде жүргізді. Ұлттық терминологияның қалыптасуына А.Байтұрсынұвтың еңбегі айрықша болғаны белгілі. 1926 жылы Қызылордада «Орысша-қазақша атаулары», 1927 «Пән сөздері», 1931 жылы «Атаулар сөздігі» деген терминдер жинағы шыққан. А.Байтұрсынұлы 200-дей қазақ тіл білімінің, 300-дей әдебиеттану ғылымдарының терминдерін жасаған. Сонымен қатар А. Байтұрсынұлы төл терминдерді және кірме терминдерді қазақ тілінің заңдылықтарына сәйкес қабылдау жолдарын көрсеткен ғалым [1, 8 б.]. Бүгінгі таңда да тіліміздегі неологизмдер де басқа тілден ені арқылы да тілдің ішкі сөзжасам тәсілдері арқылы да жасалып отырғандығын көреміз. Тіліміздегі неологизмдердің көпшілігі аналитикалық және синтетикалық тәсіл арқылы жасалып қолданысқа еніп отыр.

Мысалы, үлескер (дольщик); үшем; төртем; сұраным; таралым, т.б. Тілімізге енген кейбір неологизмдерге газеттен алынған мысалдар арқылы шолу жасайтын болсақ,

Трансұлттық – неологизмі аралас тәсіл арқылы жасалған. «Ұлттық және трансұлттық компаниялардың мемлекеттік сатып алуларындағы «қазақстандық үлестің» болмаған өсіміне қол жеткіздік».

-дық, -тық сын есім тудыруда өнімді жұрнақ арқылы жасалған.

Әртараптандыру- жаңа сөз болып табылады.

Экономиканы әртараптандыру – табыс кілті.

Инжиниринг орталығы және Конструкторлық бюро- неологизмдер.

Тақырыпаралық аспаптық орталық инжиниринг орталығы, зертханалық база және конструкторлық бюро болып табылады.

Мемлекеттің басым құқықтарын жүзеге асыру жөніндегі ведомстваралық комиссияның пайдалы қазбалар қорлары сараптамалық комиссиясының жер қойнауын пайдалану құқығын берумен байланысты оның қызметтері толық регламенттеледі.

Ведомстваралық, сараптамалық, регламенттеледі сөздері тілімізге енген жаңа сөздер болып табылады.

Инфрақұрылымдық – неологизм. Жобалық-сметалық-неологизм. Жоғарыда айтылғандар негізінде Үкімет «Каспий энергетикалық хабының» сыртқы инфрақұрылымдық құрылысы аясында автокөлік жолдары құрылысына жобалық-сметалық құжаттама жасақтау үшін бөлінген қаржыдан үнемделген 35,0 млн. теңге қаржыны қоса есептегенде, тағы да 300,0 млн. теңге қаражат

бөлуге немесе басқа да көздерден қаржыландыруға ықпал жасаса, аталған бағыттағы автожол құрылысын белгіленген мерзімінде аяқтауға мүмкіндік ашылар еді.

Қырман-элеватор- неологизм. Реплика- неологизм. Әңгіме желісі егіс алқабы – қырман-элеватор тізбегіндегі еңбекті ұтымды ұйымдастыру мен алдағы жылға астықтың қамын бүгіннен бастап ойластыру жайына ойысқан-да қысқа бірер реплика мен бірер ұсыныс айтып жіберді.

Жүрек талмасынан- неологизм. Сәл кешіккенімде, жүрек талмасынан құлайтындай жағдайда екенмі.

Атлетикалық манеж- неологизм. Биыл Шымкентте жабық жеңіл атлети-калық манеж пайдалануға беріліп, ашылу салтанатына Елбасының өзі қатысты.

Жаһандану - неологизм. Инновациялық – неологизм. Қазір жаһандану дәуірінде ғылымы қарқынды дамыған, әсіресе, мықты инновациялық жобалары бар елдер ғана бәсекеге қабілетті бола алады.

Саммитін- неологизм . Астанада ЕҚЫҰ-ның XXI ғасырдағы бірінші және әзірше жалғыз саммитін өткізді.

Үгіт-насихат – неологизм Осы жерде олар өздерінің үгіт-насихат парақшаларын таратып, базардағы бағаның жай-күйімен танысты.

Үміткер- неологизм Парламент Мәжілісі депутаттығынан үміткер ретінде тіркелген партия мүшелері 20-ға тарта кездесу өткізді.

Сайлауалды тұғырнамасына – неологизм. Жиналысқа қатысушы адамдар партияның сайлауалды тұғырнамасына қолдау білдіретіндігін, ауыл мүддесін қолдайтын бір партияның біздің қоғамымызға қашанда болсын қажет екендігін, сондықтан «Ауыл» партиясының ел Парламенті Мәжілісінен орын алуына ұмтылатындарын жеткізді.

Қондырғылар- неологизм. Асфальт жол салуға маманданған, оған керекті бар технология, қондырғылар, шағын зауыт, техникаларына дейін түп-түгел .

Кадрлық резервтері- неологизм

Ұжымның өз ішінде кадрлық резервтері бар.

Сараптау – неологизм. Сауалнама – неологизм. Жыл сайын біз кәсіпорындағы әлеуметтік-психологиялық ахуалды сараптау мақсатында сауалнама жүргіземіз.

Көпконфессиялы – неологизм. Сондай-ақ, тәуелсіздік жылдары елімізді әлемге ашық танытқан тұстардың бірі – көпұлтты және көпконфессиялы отандастарымыздың өзара достығы болды.

Экспорттаушыларға- неологизм

Мұның сыртында «Астық туралы» заң қабылданып, астық өндірушілерге, оны экспорттаушыларға мемлекеттік қолдау мәселелері заң негізінде шешілді.

Этномәдениет – неологизм. Облыстағы патриоттық акциялар, этномәдениет күндері, халықтық мейрамдар, танымдық-көпшілік шараларды бұларсыз елестету де мүмкін емес.

Сонымен, бүгінгі таңда қазақ тілінің даму үрдісін, тіліміздегі түрлі үдерістер мен құбылыстарды зерттеп отыру – қазақ тіл білімінің күрделі мәселелері қатарын құрайды. Тілдің қолданыс аясы кеңейіп, арнаулы салаларда қолданыла бастауы лексикалық қорға ықпал етеді. Тілде жаңа бірліктер ең алдымен аталым қажеттілігін өтеу үшін туындап жатады. Жаңа сөздердің жасалымы терең зерделеуді қажет ететін мәселелердің бірі болып табылады. Қазіргі қазақ тіліндегі неологизмдердің жасалымында сөзжасамдық тәсілдер белсенді қызмет атқарады. Адам күнделікті тілдік қолданыста өзінің бай тәжірибесі арқылы жинақтаған білім қорын кеңінен пайдаланады. Бірліктердің жасалуы тіл қолданушының өзін қоршаған әлем нысандарының тілдік бейнесін түзу мәселелерімен байланыстыра зерделеуімізді талап етеді.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Байтұрсынов А. Қазақ тіл білімінің өзекті мәселелері. Алматы, 2014 ж.

ҚАЗАҚ ТІЛІ САБАҚТАРЫНДА КОММУНИКАТИВТІК ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ АРҚЫЛЫ ОҚУШЫЛАРДЫҢ СӨЙЛЕУ ДАҒДЫЛАРЫН ДАМУ

ТИЗИКПАЕВА Б. М.

мұғалім, № 34 инновациялық үлгідегі ЖОББМ, Павлодар қ.

Бүгінгі таңда, қазақ тілін орыс сыныптарындағы оқушыларға меңгерту – басты мәселелердің бірі болып табылады. Орыс мектептерінде қазақ тілін меңгерту мақсаттары – оқушыларды дұрыс сөйлеу, сауатты жазу дағдыларын қалыптастырып, мемлекеттік тілді әр түрлі жаңа

технологиялар арқылы игерту. Мұғалім қазақ тілі сабақтарын мазмұны мен форма жағынан қызықты, тиімді етіп өткізу қажет.

Жас ұрпаққа сапалы білім беру, мектептің оқу үрдісін жетілдіру үшін инновациялық білім беру технологияларын пайдаланудың тиімділігін өмірдің өзі дәлелдеп отыр. Ендеше, қазақ тілін үйретудің басты мақсат – коммуникативтік бағытта оқыту деп санаймын. Осының бәрі оқушының жеке тұлға ретінде қалыптасуына әсер етеді, оқушы үшін өз ойын жеткізудің қажетті құралы болып табылады.

Коммуникативтік әдіс – оқушы мен мұғалімнің тікелей қарым-қатынасы арқылы жүзеге асатын, белгілі бір тілде сөйлеу мәнерін қалыптастыратын, тілдік қатынас пен әдістемелік категорияларға тән басты белгілер мен қағидалардың басты жүйесінен тұратын, тіл үйретудің тиімді жолдарын тоғыстыра келіп, тілді қарым-қатынас құралы ретінде іс жүзінде асыратын әдістің түрі. Құзыреттілік – шығармашыл тұлға қалыптастыруға бағытталған білім беру негіздерінің бірі .

«Құзырет» ұғымы білім алушының жетілуімен және оның еңбек міндеттерін орындауда тиімді әрекет жасауға және жоғары нәтижелерге қол жеткізуге мүмкіндік береді. «Құзырет» – бұл оқу үдерісінде жинақталған білімге, тәжірибеге, құндылықтарға, бейімділіктерге негізделген жалпы қабілет. Құзырет саналы іс-әрекет барысында қалыптасады. Құзыретті меңгеру студенттің белсенділігіне тәуелді. Құзыретке ие болу сол жағдайға өзінің бар білімі мен тәжірибесін бейімдеу. Білімді білім алушының нақты қоғамдық өмірде білімін қолдану, ол үшін оқыту үдерісінде құзыретті дамыту және қалыптастыру, нақты жағдайлар тудыру қажет [2].

Сапалы білім алған, танымдылығы жоғары, құзыретті, бәсекелестіктің қайсыбір мықты тегеурініне төтеп бере алатын білімгерлер ғана болашақтың кілтін аша алады. Еліміздің жаһандық дүниеде даралануы білімді, жігерлі, ұлттық санасы рухани бай жас ұрпақ арқылы іске асады.

Қазіргі кезде жалпы орта білім беруді жетілдірудің негізінде құзыреттілік тәсілін алу ұсынылып жүр. Қазақстан Республикасы 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында да білімге бағытталған мазмұнды құзыреттілік, яғни нәтижеге бағдарланған білім мазмұнына алмастыру қажеттілігі көрсетілген.

Құзыреттілік жаңа әлеуметтік-экономикалық жағдайда аман қалуды қамтамасыз етеді және олар бәсекеге қабілетті маманмен қамтамасыздырады.

«Құзыреттілік» терминіне алғаш анықтама беріп лингвистикаға енгізген американдық ғалым Н. Хомский.

Құзыреттілік ұғымы «білім», «білік» және «дағды» (ББД) сияқты ұғымдарды қамтиды. Бірақ бұл ББД-ның жаңаша жай ғана жиынтығы емес. Құзыреттілік оқыту нәтижесін (білім және білік) ғана емес, сонымен бірге ол білімгерлердің шығармашылық іс-әрекет тәжірибесі мен құндылық бағдарларының жүйесін де көрсетеді. Құзыреттілік – бұл алынған білімдер мен біліктерді іс-жүзінде, күнделікті өмірде қандай да бір практикалық және теориялық мәселелерді шешуге қолдана алу қабілеттілігі. Сонымен, оқытудағы құзыреттілік тәсіл білім беру нәтижесі ретіндегі оқыту сапасын қамтамасыз етеді, ал ол өз кезегінде кешенді әдіс-тәсілдерді жүзеге асыруды, оқыту сапасын бағалаудың біртұтас жүйесін құруды талап етеді. Демек «құзырет» және «құзыреттілік» ұғымдарын педагогикалық тәрбиеге енгізу білім берудің мазмұны мен әдістерін өзгертуді, іс-әрекет түрлерін нақтылауды талап етеді [5].

Құзыреттілік тәсіл бірінші орынға білімгердің хабардарлығын емес, нақты құбылыстарды танып білу мен түсіндіруде; қазіргі заманғы техника мен технологияны игеруде; практикалық өмірде; мамандық таңдау кезінде өзінің кәсіби білім алуға дайындығын бағалауда; еңбек нарығын бағдарлау қажет болғанда; өмірден өз орнын анықтауға; өмір салтын, кикілжіндерді шешу тәсілдерін таңдауға байланысты мәселелерді шешу қажет болғанда туындайтын өмірлік мәні бар мәселелерді шешу біліктілігін шығарады [1].

«Құзырлыққа бағытталған оқыту үрдісінде тәжірибелік жолмен мәселені шешу мүмкіндігі молаяды. Осы жағдай біліктілікті арттырудағы екінші үлгіге көшірудің негізі бола алады» деп жазады [6].

Қазіргі кезде қазақ тілін оқытатын мамандарға қойылатын талап жаңа технологиялық әдістерді қолдана отырып, оқушылардың сөздік қорын молайту, қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс оқып, айта білуге, сауатты жазуға, бір-бірімен сөйлесе білуге дағдыландыру, ойын қазақша жеткізе алатындай дәрежеге жеткізу, сапалы және терең білім беру. Өйткені, заман талабы педагог мамандардың оқушы құзыреттілігін арттыруына талап қойып отыр.

Ал енді сол «құзірет» және «құзыреттілік» деген сөзге тоқтала кетсек. Құзірет – дара тұлғаның бойындағы өзара байланысты сапалардың (білім, білік, дағды, іскерлік, әрекет тәсілі) жиынтығы. Құзыреттілік – адамның әрекетке, оның пәніне деген жеке қатынасын қамтитын сәйкес құрауыштарды меңгеруі. Мен өзім

сабақ беретін 6-сыныптарда оқушылардың коммуникативтік және тілдік құзыреттілігінің дамуына көңіл бөлемін.

1 «Коммуникативтік құзыреттілік» (латынның «competere» -қол жеткізу, сәйкес келу, сөзінен шыққан) –оқушылар және қоғам үшін күнделікті оқуда, қатысымдық міндеттердің тіл арқылы шеше білу қабілеттілігі; қатысымдық мақсатты іске асыруда оқушының тіл және сөз құралдарын пайдалана алуы. Егер оқушы сол тілде сөйлеушілермен тікелей немесе аралық қарым-қатынас барысында сол тілдің нормалары мен мәдени дәстүріне сәйкес өзара түсінісе алса, қатысымдық құзыреттілікті меңгергені [3].

2 Тілдік, лингвистикалық құзыреттілік: сөздерді фонетикалық, лексикалық, грамматикалық нормаларға сай қолдана білуі, сөздің дұрыс айтылу, жазылу ережелерін білуі;мәтін түрлерін құрастыра білу дағдылары қалыптастырылады. Әр оқушының ақыл-ой қабілеті әр түрлі, сол себепті олардың бағдарламадағы материалдарды қабылдауы да бірдей емес. Біреулері жақсы ұғынып, түсініп жатса, кейбіреулері үлгере алмай жатады. Бұл -оқушы құзыреттілігінің дамуы да әр түрлі екендігін білдіреді. Сондықтан оқушыларды білімге бірдей жетелеу үшін, сабақты меңгертіп, тілін, ой ұшқырлығын, құзыреттілігін арттыру үшін сабақ үдірісін түрлендіретін бір әдіс-ойын түрлері.

Қазақ тіліне байланысты ойын түрлері – грамматикалық ойындар, логикалық ойындар, коммуникативтік ойындар, рөлдік ойындар, салт-дәстүрге байланысты ойындар т.б болып бөліне береді. Әр сабақтың тақырыбына сай ойын түрлері де өзгеріп отырады [4].

Нәтижеге бағытталған білімді пәндік құзыреттілік тұрғысынан зерделесек, біз адамға тындау, түсіну, ойлау, пайымдау, тұжырымдау, пікірлесу сияқты тілдік коммуникативтік біліктіліктерді оқушының өмірлік қажеттілігіне айналдыруы үшін әдебиеттің маңызы зор екеніне көз жеткіземіз. Әдеби білім алған оқушы әдебиетті пән ретінде ғана біліп қоймайды, сол пәндік білім негізінде болмысты танып біледі, одан ақпараттық мағлұматтар алады, эмоциялық құндылық болып табылатын адами қасиеттерді бойына сіңіре отырып, мәдениетті, салауатты қарым-қатынасқа түседі, әдебиеттің жетекші қызметінің жүзеге асырылуына жол ашады [5].

Оқушыларға білім беруде, тілді оқытуда, тәрбие беруде олардың бойында коммуникативтік құзіреттілікті қалыптастыруда тіл үйретушінің алатын орны зор. Тілді меңгертуде жоғарыда қарастырылғын мәселелер ескерілсе, ісімізден нәтиже шығары сөзсіз.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Құдайбергенова К. Құзырлылық – тұлға дамуының сапалық критеріі (ғылыми-практикалық конференция материалдары) Алматы-2008
- 2 Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. Алматы-2008.
- 3 Пособие для учителей. «Введение в коммуникативную методику обучения языку» Оксфорд-пресс. 1997 г.
- 4 Ж.Мизамхан. Халық ойындары. Өлгий – 1982 ж.
- 5 Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы.
- 6 Б.А. Тұрғанбекова «Мұғалімнің шығармашылық әлеуетін біліктілікті арттыру жағдайында дамыту: теория және тәжірибе» Алматы-2005

ҚОРҚЫТ ТУРАЛЫ ЗЕРТТЕУЛЕР

ТОҚЖІГІТОВА А. Қ.

магистр, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

«Қорқыттың көріне» қатысты аңызды ең алғаш түрікмендерден бірінші рет жазып алған А. Г. Туманский. Оның ойынша, Қорқыт бір жағынан асқан алып ер, еш нәрседен сескенбейді, қорқуды білмейді. Сондықтан оған «Көр қазудың еш қажеті жоқ», – деп түсінген екен [1].

Аңыздарда ажал жылан кейпінде келеді. Осыдан халықтың өлімге деген көзқарасын, «ажал айтып келмейді» деген философиялық тұжырымның негізінен көреміз. Халық аңызы бойынша, Қорқыттың қасында отырған қырық қыз оны жақтап Қорқыт күйін тартты. Өздері де Қорқыттың соңын дүниеден көшті. Қырық қыздың күмбезі де Қорқыт күмбезімен бірге бір жерде еді. Олардың қасында Қорқыттың туған қарындасы да бар еді. Моланың қасынан өткенде ертелі-кеш қырық қыздың Қорқытты жоқтаған сарыны қобыздың дауысымен әлсін-әлсін естіліп тұратын көрінеді. Сөйтіп, қазақтың ғажайып, аңыздары бойынша, Қорқыт бар өмірін ажалмен, жан алғышпен аяусыз күресумен өткізеді. Бұл өлімге қарсы тұру мотиві түркі тайпаларының әфсаналарында ерте заманнан келе жатқан тарихи аңыздардың бір бөлігі. Ол исламда жоқ, тек ескі тәңіріге табынатын елдердің қария сөзінде кездеседі. Оны X ғасырдағы араб саяхатшысы ибн-Фадлан да айтып кеткен. Оның айтуынша, түркі тайпалары

исламның не екенін білмейді. Олардың өздерінше табынатын тәңірісі бар. Оғыз бен қыпшақ елдерінің түсінуінше, жаратылыстағы әрбір ғажайып нәрселердің иесі бар. Мәселен, адам иесі, жер иесі, су иесі, жылқы иесі Қамбар ата, түйе иесі Ойсылқара, сиыр иесі Зенгі баба, қой иесі Шопан ата т.б. Бұлардың барлығы исламнан бұрынғы аспанға, от пен майға, бөріге бас иетін түркі тайпаларының діни салтын суреттейді. Мұны XIX ғасырда Шоқан Уәлиханов та жазған. Шоканның «Тірі адам мен өлі адамның дос болуы», – деген мифтік әңгімесінде есік наным-сенімдер баяндалады [2, 37 б.].

М. Әуезов болса: «Ажалды тоқтату мүмкін еместігін мойындағысы келмеген Қорқыт Ата жұрттан безіп, жапан далаға, табиғат аясына кетеді, бірақ таулар да, жазықтар да, ормандар да оған өлім күтіп тұрғанын айтады» [3, 175 б.]. Қазақ халқы үшін Қорқыт Ата бейнесі өлімнен қашқан шаман емес, керісінше, өмір үшін күрескен, өлімнен құтылудың жолын қандай да бір құдіретті күштен емес, өнерден іздеген алып, рухани тұлға ретінде көрінеді. Кейбір зерттеушілердің айтуынша, өлімнен қашқан Қорқыт Ата әйгілі шумер эпосындағы «Гильгамеш туралы жырдағы», Гильгамеш әректімен ұқсайды. М. Әуезов болса, Қорқыт аңызын адамзатқа от әкеліп сыйлайтын Прометей туралы грек аңызымен салыстырады. Шынында, бүгінгі ғылымда Прометей мен Қорқытты типтік образдар ретінде тану қалыптасқан үрдіс. Дегенмен, осы кезге дейін айтылған пікірлерге қосатын өзіндік жаңалықтар да бар. Бұл тақырыптарды Ө. Марғұланның зерттеулері қамтыған. Қорқыт пен Прометейге ортақ сарын – сәуегейлік. Прометей грек тілінде «сәуегей» деген мағынаны білдіреді екен. Ол – Зевспен соғысқан ержүрек батыр әрі адамзат баласына бақыт әкелуші. Ежелгі грек ақыны Эсхилдің «Бұғауланған Прометей» атты трагедиялық шығармасында Прометей адамдарға от әкелуші ғана емес, оларға үміт сыйлаушы, ауруды емдеуші, жер қойнауындағы байлықтарды табушы, бал ашуды, әріп пен есепті, үйретуші болғаны кейіпкердің өз сөзімен баяндалады. Тіпті Крон патшаны биліктен түсіреді. Прометей осы әрекеттері арқылы адам баласын өлімнен құтқарушы болып шығады. Антикалық әдебиетті зерттеушілердің көбі екі образды қарастыру барысында көріпкелдікке байланысты жағдайлардан ғана ұқсастық табады. Мысалы, Прометей болжалдық жасап Зевс Фетидамен некелеспесін, кімде-кім Фетидаға үйленсе, одан туған ұлдың өктемдігі әкесінен артық болады деп Мойралар айтқан дейді. Фетиданы Пелейге берсе, Грекияда ұлы батыр туады деген. Прометей Мойралар айтқан сөзді тура айтады, яғни Фетида

мен Пелейден туған Ахилл ежелгі грек мифологиясындағы ұлы батырлардың бірі болып саналады. Бұл мифологияға сай жасалған көріпкелдік. Ал, Қорқыттың көріпкелдігі Осман империясын құраған қайы руының ұрпақтарының ақыр заман болғанша билікте болатынын айтумен байланысты көрінеді, бұл В. В. Бартольдтың аудармасында кездеседі [4, 73 б.]. Дрезден нұсқасын түрік тілінен қазақ тіліне тәржімалау барысында бұл жолдар алынып тасталған көрінеді. Қорқыттың туралы С. А. Қасқабасов: «Қорқыт өзінің алғашқы түрінде құл иеленуші мемлекетте бас Құдайға қарсы шығатын титандардан көне образ, олардың алдындағы тип. Ол архаикалық мифтерде тұңғыш адамдарды дүниеге келтіретін, алғашқы еңбек құралдарын, музыка аспаптарын жасайтын, адамдарға от жағуды, күн көруді үйрететін ілкі ата-демиургке, жасампаз қаһарманға ұқсайды, соларға сәйкес келеді» [5, 178]. Қорқыт образына байланысты ғалымдардың көбісі оны бақсы, жырау деп қабылдауды белгілі дәрежеде ұстанады. Кейір зерттеушілер болса Қорқытты бақсылық емес, абыз типінде тану қажет деп таниды.

Ғалымдардың көпшілігі В. В. Бартольд, Е. М. Мелетинский, В. М. Жирмунский, С. А. Қасқабасов, Ш. Ыбыраев Қорқыт образын жан-жақты дамытып саралағандар. С. А. Қасқабасов пен Ш. Ыбыраев болса, Қорқыт бейнесінде ислам дініне тән ештеңе жоқ деп жазды.

Шоканның суреттеуінше, казактар ерте кезден бақсылықты қадірлейді, бұрынғы өткен ғасырларда исламнан бұрын тәңірге сиыну заңдылықты болған. Ал, бақсылар сол қоғамда силы адамдардың бірі болған көрінеді. Бақсылар болашақтан хабар беріп, болжау айта алатын, ата-бабаларының елесі болып сөйлейтін тылсым күш иесі. Бақсыға бас иіп, оның жаратылыстан берілген күші бар екеніне сеніп, тәңірідей көру қазіргі қоғамда да кездесіп жатады. Шоканның зертеулеріне қарасақ, Қорқыт өмір сүрген қоғамдарда бақсылар тылсым күштеріне қарай ұлы және кіші бақсылар болып бөлінген екен. Ұлы бақсылар барлық ауруды жаза алады мысалы Қойлыбай бақсыны ұлы бақсылардың қатарына жатқызып екен. Ұлы бақсылардың өзіндік кереметтері де бар. Атап айтқанда, өз қарнын өзі жарып, қайтадан қалпына келтіре алады, бала туарда қиналған әйелдерді аман сақтап қалады, адамның соңынан түскен албастыны қуып шыға алады, қобыздың үні арқылы аруағын шақырып тілдесе алады. Бақсылардың тағы бір кереметтілігі қобызын тартып отырып, қылышты аузынан тығып ішіне кіргізеді, қызып тұрған ыстық

темірді жалайды, оның үстінен жалаң аяқ жүгіреді [2, 345]. Дәл осы сияқты «кереметті» өткен ғасырдың ішінде қазақ бақсылары Орынбор қаласында көрсеткен екен [6, 19]. Демек, мұндай бақсылар өмірде болған және сол бақсылар Қорқытты өздерінің ұстаздары санап пір тұтқан. И. А. Чеканинскийдің айтуынша, бақсылар алып күштің иесі, алыптай мықты болған темірді, ағашты, бармағымен сындыра алатын, жұдырықпен ұрғанда, тасты қақ бөлген. Жалаңаш аяғымен қызып тұрған темірдің үстімен жүріп, оны тілімен жалаған. Үй ішінде кітабын оқып отырып, киіз үйді орнынан жоғары өуеге көтере алған. Осындай істерді істегенде бақсылар Қорқыт әулие жасаған қобыздарына үн қосып, сарын айтып отырады. Қобыз тарту, онымен пірін шақыру бақсылардың ғасырлар бойы келе жатқан дәстүрінің бірі. Ойнаған кезде бақсының рухы көтеріліп, ойын сезім басып, түсі сұрланып, талып қалған кісідей төмен қарай құлайды, біраз талып жатып, ұшып тұра келеді, пірлерінің не айтқанын сөйлейді [7, 35]. Ш. Уәлихановтың суреттеуінше, бақсы тылсым жаралған білгіш, оның ой-санасы басқалардан, ол өзі ақын, өзі музыкант, өзі болашақты болжай алады әрі дәрігер де бола алады. Бұл қасиеттердің барлығы Қорқыттың бойында болған. Ежелгі гректерде де әулиелердің денесіне құдай немесе аруақтар кіреді деген сенім болған, мұндай кезде олар тура бақсылардың денесін жын бұғандағыдай жағдайға түсетін көрінеді. Көздері шатынап, бет-әлпеті бұзылып, қалшылдап, селкілдеп, терге түсіп жерде домалап жатып алады. Өзін осындай күйге түсірген құдайдың немесе аруақтың аузына салған сөзін түсініксіз болса да, айтады. Сөзін түгел айтып болғанда ғана сабасына түседі екен. Бұл Құдайдың таңдаулы пенделеріне ғана берілетін қасиет. Осындай деректерді айтып бір топ ғалымдар Қорқыт бақсы болған десе, кейбір ғалымдар қарсы пікірде Қорқыт бақсы болмаған оған ондай аттақты халық тудырған деген тұжырымға саяды. Осы жайтқа орай, Л. Я. Штернберг белгілі бір кезеңдерде абыздардың есімдерін айтуға тыйым салынғанын, олардың тұтынған заттарына қорқынышпен қарап, оларға қол тигізуге болмайды деген түсінік болғанын жазған. Қорқыттың шынайы өмірде бақсылық қасиетіде болғандығы нақты түрде дәлелденбей жатқанына бұл да бір себеп шығар.

Қорқыттың абыздық қасиеті жайында айтатын болсақ, «абыз» дегеніміз «әулие», сондықтан да көне түркі қағандарының ақылшысы болған Тоныкөк пен Қорқытты әулиеге теңейді. Қорқыттың абыздық қасиетін аша түсетін оның қолындағы қобыз. Қорқыттың қобызы – бақсыларға тылсым күшті аша түсу үшін,

басқа дүниемен жалғасу үшін қажет. Бұл ойыды М. Әуезовтің мынандай пікірі растайды: «Көп бақсының жын – перілермен қатынасқа түсетіні белгілі. Қобыздың сарыны күй, ән-жырдан бөлек. Сол заманда бақсы атуалының барлығы да қобызбен сарын келтірген. Сол себепті де, Қорқыттың қобызы сиқырлы, қасиетті саналған» [8, 165 б.]. М. Әуезов осы пікіріне арқа сүйей отырып, мынандай ғылыми түйіндердің қорытындысын жасайды:

- Біріншіден, Қорқыттың қара қобызы мен күйі – бақсыны басқа әлеммен ұштастырған.
- Екіншіден, «күңіренген, толғанған суық күйі» Қорқыттың жанын тыныштандырып, өлім жайын ұмыттырған. Күй мен сарын бақсының сүйеуі, қызулы толғақты халге жеткізіп, ерекше сезімге бөлеген.

Қоғамның әлеуметтік мәселелерін шешуде шарифат сияқты діни қағидалар емес, шамандық әрекетермен жүру сол қоғамдағы түрлі наным-сенімдерге байланысты туындаған. Қорқыт өмір сүрген қоғамда «көк тәңірге», «көк бөріге» сену сол қоғамның талабы еді. Кейін келе бұл құбылыс исламдық ұстанымдар мен Құранға негізделген шарифатқа ауысты. Сол дәуірде абыздар өзі өмір сүрген ортада ерекше құрметке ие болған, сол арқылы абыздар қоғамды ізгілікке тәрбиелеген. Абыздар мен ислам әулиелерін жақындастыратын діни негіздерде бір. «Абыздар ақ сөйлеп», елінің болашағы үшін қам жеген данышпандар. Абыздардың сәуегейлік қасиеті – интуитивтік сана-сезімнің жемісі. Бұл тұста Әбу-Насыр Әл-Фараби, Әбу-Хамид Мұхаммед Әл-Ғазали, Платон, Аристотель зерттеулер жүргізген. Олар: инстинкт, сана-сезім, кәсіптік сана-сезім, деп түрлерге бөліп, жалпылап – эстетикалық түйсік талғам деген атау береді. Иә, Қорқытта эстетикалық тәрбие жетіп артылары сөзсіз. Абыздарда болған сәуегейлік қасиет бүкіл адамзат баласымен жасап келе жатыр. Абыздар - көне түркілік мәдениетіміздің адамзат баласына тән сана-сезімдердің тәрбиелік қасиетін жалғастырушылар. Қорқыт мұрасын сақтауда ұрпақтан-ұрпаққа жеткізуші жырау-бақсылардан бастап, ақын, жыршы, жазушылар. Сондықтан Қорқыт Ата мұрасы абыздардың шығармашылық дәстүрі, бақсы, жырау, жыршылардың өнеге мирасы. Бұлай дейтін себебіміз, абыздың бойында: бақсыға тән қобызбен сәуегейлік жасау, аластау, ұшықтау сияқты қасиеттер кездесіп жатады. Сол себепті де, Қорқытты айтқанда «абыз», «бақсы» деген сөздер қатар айтылып жүреді. Сондықтан, Қорқытты тағы да жанашыл қырынан тани бастаймыз. Осыған орай:

- Біріншіден, Қорқыт Қазақ музыка тарихында күй жанрының алғаш қалыптастырған күйші.
- Екіншіден, жыраулар творчествосында елеулі орны бар жыршы және олардың ұстазы.
- Үшіншіден, қазақ халқының көне мәдениетінен орын алатын наным-сенімдерді уағыздаушы.

Қорқыттың рухани дүниетанымы жайлы Шәкір Ыбыраев: «Рас, Қорқыт көреген қасиетті, бақсы адам. Ол не айтса да, сол болады», - деген пікір айтқан [9, 310]. Міне, осы тұста Қорқыттың қасиеттілігін көре аламыз. Анығырақ айтқанда мұсылман әулиелеріне тән қасиеттер мен ескі шамандық қасиеттердің тұтастығын. Бір жағынан көрегендік – болашақты болжау. Ол ежелгі абыздарға, бақсыларға, ру-тайпалардың көсемдеріне ғана тән қасиет. Ру-тайпа ішіндегі ең беделді адам ғана көсем бола алады. Екінші жағынан, сәуегейлік қасиеттер мұсылман әулиелерінің де негізгі белгілері. Ескі абыз бен мұсылман әулиелерін қатар қою себебіміз, екеуінде де бар ортақ қасиет ол – сәуегейлік. Сәуегейлік қасиет – бұл интуитивтік сананың жемісі. Интуитивтік сан-сезімінің тарихи – теориялық қағидалары бойынша, ақиқатты таныған тұлғалардың бойында ғана болатын қасиеттің бірі. Көне түркілік дәуірден белгілі болған Қорқыт атаның сәуегейлік қасиеті – ең жоғары интуитивтік сана-сезім арқылы көзге көрінбейтін көмескі дүниені көзге көрсетуі. Ал, көмескіні болжау Ислам дінінде бірінші пайғамбарларға, әулиелерге ғана бұйырған айрықша белгі. Қорқыттың IX ғасырлардағы оғыз-қыпшақ ұлысы тұсында өмір сүргені барынша айқындала түсті. В. Бартольд пікіріде осы пікірмен ұштасады. Ол шығыс халықтарының тарихын зерттеумен айналысқан Жәми мен Розен сөздеріне сүйене отырып, Қорқытты X ғасырлардағы бүкіл Орта Азия халықтарының арасында дана, сәуегей болған дейді. В. Бартольд Қорқытты танып білуде үлкен еңбек танытқанын 1891 жылы Берлиннен В. Р. Розенге жазған хаттарынан көре аламыз. Сондай хаттарының бірінде В. Бартольд: «Мен Перчтың каталогын жақсылап қарап шықтым. Онда көрсетілген қолжазбалардың бірі - «Деде Куркуд» әңгімесі, оғыздарын ескі сөзі. Онымен Дрезден қаласында таныстым, тегіс көшіріп алу мақсатым бар. Бұл қолжазба сізге таныс па? Оның мазмұны, поэзия тілі өте көркем. Петерборға қайтқан соң, оны «Оғызнаме» шығармасымен салыстырмақ ойым бар. Бар уақытымды осы Қорқытқа жұмсаймын. Оны маған уақытша Ресейге бермейді ғой, сондықтан тегіс жазып алу керек. Оны маған марттың 20 дейін берді, оған дейін үлгеріп болармын. Қорқыт әңгімесінің негізгі

сюжеті оғыздардың Кавказға барғанда жасалған түрі», – дейді [10, 108 б.]. Қорқыт Орта Азиядағы түркі тайпаларының эпостық жырларының атасы болып табылады. Қорқыт жайлы деректердің әрқилы болғаны соншалық Қорқыттың барлық қырлары толықтай дәлелденіп ашылмай жатыр. Осыған орай Қорқыт исламды қабылдады ма, қабылдамады ма деген сауалға әр түрлі жауап беріліп жатыр. Осы орайда, Шоқан Уәлиханов; «Қорқыт – қазақтарды алғаш кобыз тартуға, сарын айтуға үйреткен ең бірінші шаман [2, 345 б.]]» десе, академик Әлікей Марғұлан «Ислам діні Сыр бойына жаңадан кіре бастағанда оған Қорқыт ата қарсылық көрсетпекші болады, бірақ оны ауызбен айтып жеткізуге ылажы болмай, тек қана кобыздың үнімен, жан тербейтін күйлерімен, мұнды сарындарымен сездіреді», – дейді [11, 8 б.]. Ал, жазушы Мұхтар Әуезов «Қорқыт - күй атасы, жер үстіндегі ән-күй атаулының атасы. Қорқыт өзі алғаш тапқан өнерімен халыққа қызмет етті. Оның өлмес-өшпестігі де осында, дей отырып, Қорқыт жайындағы аңыздың тақырыбы – күдаймен алысу»,- деген тұжырым айтады [8, 149 б.]. Ал, дінтанушы ғалымдар Қорқыт шаман дінін насихаттады деген пікірге келіспей, қарсы пікірлер айтуда. Белгілі профессор, дінтанушы ғалым Бақтыбай Айнабеков: «Қорқыттың тұңғыш кобызды жасағаны, оны алғаш өзі тартқаны да рас. Бірақ осынысы үшін өз кезінде бас уәзірлік қызмет атқарған дана Қорқытты тәңірге табынушылардың сәуегейі, бақыстардың пірі, олардың пайғамбары еді деуімізге негіз бар ма? «Мен Аристотель шәкірттерінің ішіндегі халыққа ең белгілісі едім, музыка өнеріне маһир (шебер) едім» -деп жазатын әл Фараби бабамыз да кезінде осы кобызды тартқан. Ол Арун-Рашид заманында Жанкенттен Бағдатқа барып осы аспаппен өз өнерін де көрсеткен. Сол үшін әлемнің екінші ғұламасы атанған данамызды бақыстар санатына қоса аламыз ба?! Қорқыт тарихта болған тылсым әлеммен байланысы бар аномальды адам. Ол жырау, жыршы, болашақты болжайтын сәуегей, елдің көсемі бола білген синкретті тұлға, дана абыз. Тарихта болғандығының дәлелі - Сыр бойындағы Жанкентте туылған. Мұны Абұлғазы-баһадүр өз шежіресінде: «Қорқыт - Аббас халифасының кезінде болған адам. Қорқыттың туып өскен жері Сырдарияның жағасы» – деп жазып кеткен. «Қорқыт жаратушыға, оның дініне қарсы шықпайды. Қайта оның дінін сүйіншілеп, қолдау танытып қалың бұхараны тура жолға салуға шақырады. Бұл сөзімізге Қорқыттың соңында қалған 12 жырдың қай-қайсысында да айтылатын «Алла таза діннен айырмасын», «Алланың досы, дініміздің егесі Мұхаммедке құрмет»

«Алла жар болсын» деген сөздері толық дәлел болса керек. Алланы ардақтаған абыз қашанда Исламды сүйіншілейді», – деген пікірін айтуда [12, 8 б.]. Қазақтың абызы болсын, би-шешендері мен батырлары және күйші жыраулары, халыққа үгіт-насихат беріп, елдің эстетикалық түйсік-талғамын тәрбиелеп, елін, жерін сүйіп, қастерлеуге шақырған. Әр нәрсеге байланысты аңыздар келтіріп, жұмбақтап жеткізген. Яғни, қазақ халқының әлемді танудағы дүниетанымы, мифологиялық түсініктермен қалыптасқан деп айта аламыз. Қорқыттың дүниенің төрт бұрышын кезуі – бұл рухани қажеттіліктен туындаған. Тәңіріні табу, онымен үндесу оңай шыға салатын жол емес, сондықтан да жиһан кезіп рухани азық іздеген. Интуитивтік сана-сезімнің иелері рухани жасампаздықтың иегері. Қорқыттың астындағы Желмаясын сойып, оның терісімен кобызды қаптауы, жаратқан иенің жолына астындағы жалғыз көлігі «Желмаясын» союы – тәңір жолына түсіп құрбан шалуы, оның жолына түсуі деп есептейтін зерттеушілер бүгінде көбейіп келеді. Бұл Ибрахим пайғамбардан қалған дәстүр. Тағы бір, айта кететін жайт, оның кілемі. Кілем Сүлеймен пайғамбардың заманындағы кілемді еске түсіреді. Қорқыттың кілемі де су бетінде батпай тұрады, оның үстінде Қорқыт жалғыз қалып тәңірімен сырласа алған. Қорқыт жайлы аңыздарда кездесетін Тәңіріден келген өлімге іштей келіспеушілік байқаймыз, бұл Алланы мойындаса да іштей өмірімен келіспеушілігін білдіретін сынайлы. Сондықтан, өлмес өмірдің дауасын өнермен ұштастыруы да үлкен мистикалық құпия жатыр. Көптеген зерттеушілер Қорқыт «шаманизмды» насихаттаушы болған дейді. Бұл деректер кейбір жағдайларда дәлелденіп жатады. Расында да, Қорқыт балалық кезеңі мен жастық шағында шаман дінін насихаттаушы болған. Көшпелі түркі тайпалары Қорқытты тәңірінің елшісі деп есептеген. Оны бала табарда қиналған ананы аман сақтап қалу үшін Қорқытты шақырып дем салдырған көрінеді. Бартольдтың суреттеуінше, Қорқыт шаман дінін насихаттаушы және басқа бақыстардың пірі. Қорқыт дәуіріндегі бақыстар шаман дінін насихаттау арқылы ислам дініне бет бұрған. Түркі тайпаларын аралап жүрген «аққу қанат тағынған, өзінен-өзі қағынған», бақыстардың ең мықтысы Қорқыт болса керек. 940 жылдары Қараханит дәуірінде Орта Азия мен Оңтүстік Қазақстандағы тайпаларды мұсылман дініне күштеп кіргізу басталды. Әсіресе, шаман дінін насихаттап жүрген бақыстар қуғын-сүргінге ұшырап, мұсылмандар оларды өлтіріп, мәжбүрлеген. Шамандар ислам дінін қабылдамаған тайпаларға қарай ығысып, Сырдың бойын бет алған

көрінеді. Кейбір аңыздарда, сол бақсылар Сыр бойындағы қалың тоғайды паналап күн көргендігі жайында айтылады. Мұсылмандар бақсылардың пірі, әрі пайғамбары болып саналатын Қорқытты өлтіруден сескеніп, оны ислам дініне жүгіндіруге түрлі айлалар жүргізгендігі жайында аңыздар бар. И.Жақыповтың деректері бойынша жыл санау «Қорқыт дәуірінен» пайда болды. А. Ю.Якубовскийдің деректері бойынша, көп жылдан кейін Сыр өңіріне қайта оралған Қорқыт туған жерінде халқымен бірге мұсылмандық жолға түседі. Оның айналасына ел-жұрт жиналып, құрмет тұтады. Әсіресе, бұқара халық Қорқытқа келіп, мұндарын айтып, әділ шешімін алып отырған. Қорқыт үлкен жиындарда сөз бастап, жаңа туған бектердің балаларына ат қою мәртебесіне ие болғанын жырларынан айқын көрінеді. Әсіресе, Инал ханның кезінде Қорқыт Оғыз мемлекетінің қайраткері атағына дейін көтерілген екен. Инал ханның оң қолы болған Қорқыт «Ата заң» жасаған. Аталық заңға көптеген әдет-ғұрыптар енген мысалы, тұрған мекенді «ұйық» деп атау т.б. Қорқыт туралы аңыздардың біразын Ә. Диваев жазып алып жинақтаған. Ол Қорқыттың моласын 1898 жылдары тауып, суретке түсіріп, көптеген деректерді ашқан. «Мола туралы бірер сөз» деген еңбегінде ол: Қорқытты қазақ халқының «көсемі» [13, 5] дейді.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Туманский А. Г. По поводу «Китаби Коркуд» т. IX, ЗВО, 1896. – с. 269-272.
- 2 Уәлиханов Ш. Қазақтардағы шамандықтың қалдығы Таңдамалы, 2-басылым. Алматы: Жазушы, 1985. – 560 б.
- 3 Келімбетов Н. Ежелгі дәуір әдебиеті. Алматы: Ғалым, 1980. – 120-130 б.
- 4 Бартольд В. В. Еще известие о Коркуде – ЗВО, 1910. – с. 73-77.
- 5 Қасқабасов С. Ажалмен айқасқан адам – Жұлдыз. 1989, №8 190-198 б.
- 6 Уәлиханов Ш. Алты шаһарға сапар – Алматы: Атамұра баспасы, 2006. – 117 б.
- 7 Чеканинский И. А. Баксылык// Следы древних верований казахов Записки Семипалатинского отдела Общества изучения Казахстана, т. I, Семипалатинск, 1929. – с.77.
- 8 Әуезов М. Әдебиет тарихы – Алматы: Ана тілі, 1991. – 240 б.
- 9 Бартольд В.В. Турецкий эпос и Кавказ – Язык и литература, 1930. – с.109-120.

10 Марғұлан Ә. Ежелгі жыр, аңыздар – Алматы: Жазушы, 1985. – 135 б.

11 «Ақиқат» журналы №7. 2013.

12 Қазақ ауыз әдебиеті туралы пайымдаулар – Шинжаң халық баспасы, 1984. – 80-82 б.

13 Диваев А. А. Несколько слов о могиле святого Хоркутата ЗВО, 1897. – с.10-13.

ҚАЗАҚ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ «АТАМЕКЕН» КОНЦЕПТІСІ

ТҮЙМЕБАЙҚЫЗЫ Ұ.

магистрант, «Тұран-Астана» университеті, Астана қ.

Өскелең ұрпақты жергілікті ақын-жазушылардың шығармашылық әлемімен таныстыру бүгінгі күннің сұраныстарының бірі. Ендеше Кереку өңірі де қазақ әдебиетінің тарихында өзіндік орны бар, халқымыздың сүйікті ақыны, XX ғасырда әдебиетке өшпес із қалдырған, өлеңін халқы әнге қосқан әдебиетіміздің аса дарынды өкілі Аманжол Шамкенов шығармаларының көркемдік ерекшеліктерінің зерттелуі өз алдына жеке қарастырылмауы жұмыс тақырыбының өзектілігін танытады. Туған ел әдебиеті мен өнерінің көркеюі үшін еңбек еткен ақын-жазушыларымыздың мұрасы еш уақытта назардан тыс қалмауы ақиқат. Тұлпар тағдырлы ақын мұрасы – халқымыздың рухани азығы, зор байлығы. Тума таланттың поэзиясы халықпен бірге жасайды. Ұлттық әдебиетіміздің көркемдік дамуына өзіндік қолтаңбасымен дараланып, қазақы сөз өнеріне өлшеусіз үлес қосқан А. Шамкеновтің өзгеше өрнекті, айырықша дарынды, сергек сезімді аңғартатын шығармалары алтын қорға қосылған қомақты табыс болып саналады.

А. Шамкеновтің ақындық зертханасы күрделі. Ақынның поэзия көгіне көз жіберсек бас айналады. Көздің жауын алатын жырларынан гөрі поэзия сиқырымен бойды баурайтын жырлары көп.

А. Шамкенов ақын шығармашылығында туған жер, адам қадірі, ананың ақ сүті, адалдық – ең жоғарғы нота тіліне айналады. Ақынның ана хақында жыр жазуы занды құбылыс.

Табиғат пен адамның жан дүниесі бірге өріліп, бірге қанаттасып жатыр. Сөз көбіне ойдың білінер-білінбес сыртқы қауызы сияқты

көрінеді. Ақынның құдіретті шабытымен кестелеген түпкі мағына сурет болып санаға еніп, сезімді билеп алады.

А. Шамкенов өлеңдерінде ақынның өмірге деген көзқарасы, оны түсіну, қабылдауы көрініс табады. Шығармашылық адамының еңбегі оның деңгейін, тұрпатын танытады. А.Шамкенов поэзиясынан өмірді біртұтас құбылыс, көрініс ретінде, адамды сол табиғат, жаратылыстың бір туындысы, бөлшегі деп қабылдайтын ақын келбетін, дүниетанымын байқауға болады.

Ақын поэзиясының шығармашылық шырайының көркемдік күш қуаты табиғи таланттан туындайды. Ақындық парасат пен парыздың жүгін тең арқалар суреткер поэзиясы өміршендік қадыр-қасиетімен құнды. Суреткер өлең технологиясының әдіс-тәсілдерін жете меңгеру арқылы тума таланттың көзін ашады, өлең-жырларына бедер береді. Ақын лирикасының тілі мен ойы құдіретті. Құдіреттілігі сол – ақын өлең-сөздің жиегін кестелі өрнекпен көркемдеуге шебер, яғни түйінді ой түйеді. Қаламгер шығармашылығына көрік берер тың теңеулер немесе бедерлі де бейнелі сөздер керуені оның жаңашылдық қырын танытады.

Ақын шығармаларындағы концептер кешені негізінде тұтас қазақ халқының дүниетанымының тілдік бейнесін тануға болады. Ақын шығармаларының концептуалдық негізін зерттеу барысында негізінен туған жерге, елге деген сүйіспеншілікке басым орын берілген.

Сабырмен тындап ел демін...
Толқыны тулап жарды ұрып,
Көбігін көкке атпаған.
Жапанды гүрлеп жаңғырып,
Жосыла жөңкіп жатпаған.
Сабырмен тындап ел демін,
Сабырмен алға атпаған.
Сан ғасыр салған өрнегін
Сары дала сырын сақтаған.
Қазына толы қолтығы.
Келеді дөңнен арылмай,
Момақан аққан толқыны
Салмақты қазақ жанындай.

Осы бір жолдарды оқығанда Арқаны өрлей момақан сырғып аққан ерке Есілдің көбігін көкке атып, жосыла мөңкіп тау өзендеріне ұқсамайтын сыпайы, сұлу бейнесі көз алдыңызға келеді. Ақын

оны ел демін сабырмен тындап, сабырмен ілгері жылжыған күйде көреді. «Жарды ұрған толқын», «сыр сақтаған дала», «ғасыр салған өрнек» метафоралары өлеңге ерекше рең беріп тұр. Сары дала сырын сақтаған момын толқынды қазақтың салмақты жанына балайды. «Момақан атқан толқыны // Салмақты қазақ жанындай» деген теңеу арқылы өз ұлтының бір керемет қасиетін көрсетіп тұр. Ақынның қолданған «сары дала», «аққан теңіз», «салмақты қазақ», эпитеттері табиғат көрінісін ғана сипаттамайды, туған жерге деген сүйіспеншілігін де танытады.

Ұлтының мұны мен сырын, бақыты мен келешек бағытын, өткені мен өтпелі дәуірлерін тұтас алып, жыр теңізін толтырған А.Шамкенов ақынның әлеуметтік лирикалық өлеңдері өз алдына үлкен әңгіме. Еліміздің егемендік алғанын жүрегі жарыла қуанышпен қарсы алады. Оның «Шашу» атты өлеңінде:

Жөнге келдік, ақырмай да шақырмай,
Егемендік! Шын ба, мынау, япырмай.
Қалтырап ек, бар байлықтан жұрдай боп,
Қайыршының қолындағы бақырдай,
Шіркін жүрек неге тұрсын, үлпілдеп,
Құрт, ірімшік, мейіз болып шашылмай,
Шашу, шашу – бұл қуаныш – шашудай!

Ақын сөзі өрелі, ірі үн қатады. Ұлт мүддесін сезіну, халқына төнген қауіпті тану, еліне өлшеусіз еңбек етуде ұждандылық дауысы қуатты шықты. Бұлар талғампаз, сыншыл оқырманның талап, қалауына аласа соққан жоқ.

Қазақ халқының атадан балаға мирас болып келе жатқан мұрасы – тілі. Ақын тіл жайында тебірене жырлайды.

Өлді бәрі, өлді бәрі өлмеген,
Тандайдағы тіл ғана,
Көмейдегі сор ғана, – дей келіп:
Ит болар деп асырама қасқырды.
Оның бәрі далбаса!
Қазақ болып жарытпайды қос тілді
Қазақ үшін жанын қияр болмаса.

Бұл үзінділерде ұлттық мүдде, ұлттық намыс А. Шамкенов жүрегінен ыстық қан боп шапшығандай әсер қалдырады. Қазақ тілі – қазақ халқының ұлттық мәдени игілігі, рухани қазынасы. Өйткені қанымызға сіңісті, жанымызға жұғымды, ой-санамызға нұрлы шуақ сыйлап, сілкіндіріп серпілтетін, марқайтып қанаттандыратын ана тіл

болып табылады. Тіл жанашыры ретінде ақын қос тілділік тек жыланға ғана тән дегенді меңзегендей. Тіл-діл мәселесі қазір де өзекті тақырып.

Елдің жайы, қоғамдық қозғалыс даму, ілгерілеулер, ірі істер, оны атқарушы еңбек адамының жай-күйі, арман, аңсары, жақсы мен жаман, ақ пен қараның мәңгі таусылмас арпалысы, адамның тірлікті сезініп ғұмыр кешуі – осының барлығы ақынның жүрегін жырға бөлейді. «Дихан туралы толғауда» жоқшылық, аштық уақытындағы нан қадірін дәріптеген. Бұл шумақтан этнографиялық детальды да кездестіреміз.

Келмеген бұл өнеге басқа жақтан,
Үйрендік нан қадірін – қас-қабақтан.
Данышпан, дәм сыйлаған халықпыз ғой,
Таспен атқан дұшпанды аспен атқан.

Аумалы-төкпелі заман өткенмен, қайратыңның барында қызмет қылу керек, еңбексіз адам баласының күні жоқ деген ойды ақын өлеңіне арқау етеді.

Еркінде! «Жоқшылық жыл, өтті күн» деп,
Еңбекті сыйлау бірақ – басты міндет.
Тер жауып, топырақты суғармаса,
Құдайдың құя салған астығы жоқ!

Бұл толғаудың мәні – сол мезеттегі әлеуметтік-тарихи оқиғалардың ақын жүрегіне із салуы. Дарын иесі оны шалқар шабыт, келісті тапқырлықпен жырлай білген.

Өз сыры өлең сырындай, өлең сыры өз сыр-сипатына айналып кететіндей еді. Тек сезімге тізгін бере отырып, өнер-өлең, тіл иірімдерін де сыр-сиқырын өзгеше сезімталдықпен меңгеретіндей еді. «Дәме» атты өлеңінде ақынның өлең сөз құрастырушыға талаптары тізбектеледі.

Көрейін жас арудың жымисын,
Сезейін қызыл-жасыл гүл иісін,
Қуантсын – қоса мені қуанышын,
Күйдірсін – қоса мені күйінішің...
Көрмесем, сезінбесем мұның бәрін,
Аулақ жүр, ағаламай, құлындарым.

Өлеңде сезім суреті, табиғат тербелісі, адам қимылы жанды көріністей болуы қажет. Онсыз өлеңнің құдіретін тану қиын. Мұны өзінен кейінгі өрендерге, ақын інілеріне аманат етеді. Шынында да, ақын шынайы талантты бағалаған. Нағыз дарын өз бағасын алуы керек деп есептеген.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Шамкенов А. Дала аңызы: өлеңдер мен поэмалар. - Алматы, 1986. ... 1 т. - 286 б., 2 т. - 286 б.

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕ ОЙЫН ЭЛЕМЕНТТЕРІН ҚОЛДАНУДЫҢ МАҢЫЗДЫЛЫҒЫ

ХАЛЕЛОВА Ш. Д.

мұғалім, Дарынды балаларға арналған № 8 лицей-мектебі, Павлодар қ.

«Келер ұрпақ алдында зор жауапкершілік жүгін арқалап келеміз», – деген Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың сөзі ұстаз қауымына үлкен тапсырысты артып отыр. Еліміздің болашағы көркейіп, өркениетті елдер қатарына қосылуы, бүгінгі ұрпақ бейнесімен көрінеді. Дүниежүзілік озық тәжірибелерге сүйеніп, оны жан-жақты дамыту керек. Қазіргі білім беру мазмұны жаңарып, жаңа көзқарас пайда болып, оқytудың жаңа технологиялары өмірге келді.

Жаңа технология түрлерін сабақ үрдісінде пайдалану, оқушының шығармашылық, зияткерлік қабілетінің дамуына, өз білімін өмірде пайдалана білу дағыдыларының қалыптасуына әкеледі. Ойын технологиясы дегеніміз – жұмысты ойын түрінде ұйымдастырудың әдістері мен тәсілдерінің жиыны. Ойын түріндегі жұмыстар сабақ үстіндегі қолайлы деген жағдайларда пайда болып, оқушыларды қызықтырушы құрал ретінде қолданылады. Сол себепті мұғалімдерге оқу үдерісі кезінде балаларға жай ғана ауызша түсіндіру, оқулықтағы ережелер мен жаттығуларды орындау, тақтада жұмыс жасату сияқты бұрынғыдай дәстүрлі жолдармен олардың назарын шоғырландырып оқыту қиынға соқты. Міне, осы кезде ойын технологиясы педагогтар үшін үлкен қолғабыс болады.

Зерттеудің өзектілігі: Ойын-оқу үрдісіндегі оқytудың әрі формасы, әрі әдісі ретінде дербес дидактикалық категория болып саналады. Оқушылардың оқуға деген ынтасын арттыратын құрал. Сол себепті ойын технологиясы білімді жаңаша беру мүмкіндіктерін ашу, білімді қабылдау, білім сапасын бағалау, оқу тәрбиесі үрдісінде оқушының жеке тұлғасын жан-жақты қалыптастыру үшін бойында мәдениетті, бағалау және тиімді қолдану қабілетін арттыру керек. Осы технологияның қыр-сырын танып, оның оқу үдерісіне тигізер ықпалын тереңінен зерттеу үлкен маңызға ие.

Берілген зерттеудің нысаны – қазақ тілі сабағындағы ойын технологиясын және оның пайдаланудың түрлі аспектілері болып табылады.

Зерттеудің пәні – қазақ тілі сабағында ойын технологиясын пайдаланудың оқу үдерісіндегі артықшылықтары.

Зерттеу жұмысының мақсаты мен міндеттері. Ойын технологиясының бүгінгі таңда білім жүйесінде алар орнын айқындау және қазақ тілі сабағында аталмыш технологияны пайдаланудың тиімділігін айғақтау. Осы мақсатқа жету үшін төмендегідей міндеттерді жүзеге асыру көзделеді:

1 «Ойын технология» түсінігіне анықтама беру, оны осы күнгі білім жүйесінде алар орнын зерделеу;

2 Қазақ тілі сабағында ойын технологиясын қолданудың аспектілерін зерттеп тану;

3 Пәнді игеруде мұғалім мен оқушылардың арасындағы ойын арқылы сабақтың маңыздылығын айқындау;

4 Қазақ тілі сабағында ойын технологиясын қолдану кезінде пайдаланылуы мүмкін әдіс-тәсілдер кешенімен танысу;

Зерттеудің ғылыми жаңалығы:

- ойын технологиясына жалпы анықтама беріліп, алдағы зерттеулер сараланды;

- қазақ тілі сабағында ойын технологиясын қолданудың түрлі аспектілері жан-жақты қарастырылды;

- ойын технологиясын пайдалану кезіндегі түрлі амал-тәсілдер және олардың оқу үдерісіне тигізер ықпалы зерделенді;

Зерттеудің теориялық маңыздылығы келесідей анықталады: «Ойын технология» түсінігі айқындалды; аталмыш технологияның оқу үдерісінде пайдаланудың артықшылықтары топтастырылды және қазақ тілі сабағында ойын технологиясын қолданудың тиімді тұстары жинақталып ұсынылды.

Зерттеудің ғылыми-практикалық маңыздылығы. Ойын технологиясын оқу-тәрбие үдерісінде пайдалану оқушының қызығушылығын арттырып, шығармашылық шабытын шыңдап, ғылыми көзқарасын қалыптастырады. Жаңа материалдарды бірігіп талдауда, әсіресе топпен жұмыс жасағанда маңызы зор.

Ойын оқушылардың оқуға деген ынтасын арттыратын құрал. Ойын түрлерін оқушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, күрделендіре отыра қолдану керек. Ең бастысы – оқушы ойын іс-әрекеті үстінде білімді қалай игеріп жатқанын, ал оқу үрдісінің қалай ойынға ұласып кеткенін аңғармай қалуы тиіс. Оқушылардың ойын кезіндегі белсенділігі көбінесе жарыс нәтижесін дұрыс есепке алуға байланысты. Оқушылар ойындағы өз жетістіктері мен кемшіліктерін біліп отыруға тиіс.

Педагогикалық ғылым тарихына көз салсақ, балалар ойынына қатысты мәселелерге соқпай кеткен ағартушы, педагог балмаған екен. Тұлғалы, кезіндегі прогрессивті ұлы педагогтар Я. А. Каменский, Ж. Ж. Руссо, И. Г. Песталоцций халықтық ойынға назар аударып, қолданып, халықтық ойындардың теориялық негізін жасауға талпынған. Ойынның балалардың денін сауықтыратынын, ақыл-ойын белсенді ететін және барлық ағзаларын икемді қозғалуға баулитын мәнін Я.А.Коменский дәріптеген. Ж. Ж. Руссо пікірінше білім алу ойынның ойынның балалар өмірінде кезектесіп, алмасып отыруы бір-бірімен сабақтаса байланысуы бала дамуындағы қажетті шарт болады. Қазіргі Қазақстан мектебіндегі жаңа өзгерістер әлемдік білім беру тәжірибелерін пайдалана отырып, баланың жеке-дара күшінің дамуын қамтамасыз ететін жаңа технологияларды іздестіру және оларды қолдануға бағытталған. Инновациялық оқу оқудың түсіндірмелі-иллюстрациялық түрінен әрекетшілдікке ауысу арқылы жүзеге аса отырып, оқушының оқу әрекетінің белсенді субъектісі болуына мүмкіндік береді. Оның өзі сабақты әртүрлі технологиялар бойынша жобалауды қажет етеді.

Ойындық технология мәнді өмір жағдаяттарын үлгілеу және оның шешуін іздестіруге құрылады. Ойынның ұйымдастырылу түрлері: іскерлік ойындар, рөлдік және оқиғалық ойындар, саяхаттық және білімдік ойындар. Келесі ойынның түрі – ұлттық ойындар. Ұлт ойындары отбасы тәрбиесінен бастап, мектептегі жеке пәндерді оқыту барысында, қосымша материал үшін баланың сол пәнге қызығушылығын арттыру үшін пайдалануға болады. Сабақ үрдістерінде ұлттық ойындарды ойнату - баланың тілін ширатады, ойын дамытады, зейінділікке, ұстамдылыққа, ойлылыққа, зерделілікке, мергендікке баулиды.

«Сықырлы қоржын», «Орамал тастамау», «Асық ойыны», «Сақина», «Ақ серке, көк серке», «Бәйге», ойындар балалардың ширақтық, қозғалғыштық, жинақылық сияқты жеке тұлғалық қасиеттерін қалыптастырып, және физиологиялық дамуын жетілдіре түседі деп ойлаймын. Оқушылардың психологиялық-физиологиялық ерекшеліктеріне сәйкес, мінез құлқы, темпераменті, қабілеті, қызығушылықтары да әртүрлі. Баланың дамуына отбасының әлеуметтік жағдайлары да әсер етеді және балалардың даму үдерісі де әртүрлі болады. Сол себепті, бастауыш сыныпта қарапайым ғана ойын түрлерін ойнатсақ, сынып жоғарлаған сайын, ойынның мазмұны да баланың жас ерекшелігіне сай пайдаланған дұрыс. Мысалы, буын үндестігіне бағынбайтын қосымшаларды бекіту тақырыбында «Сақина салу» қазақтың ұлттық ойынын жүргізуге болады. Мен бір

оқушының алдына сақина қоямын да «өнер» - деп дауыстаймын. Сақинаны алған оқушы «паз»- деп дауыстайды. Сонымен «өнерпаз» сөзі шығады. «Достасқан буындар» стратегиясы. Қатар отырған оқушылар ауызша орындайды. Орындау тәртібі бойынша бірінші оқушы –нда септік жалғауын айтса, екінші оқушы қай септік, сұрағы қандай екенін тауып сөз құрауы керек.

Балалармен болған әр кездесу, қоштасу жылулық шеңберінен басталады.

Жылулық шеңбері – бұл балалардың зейінін белсендендіретін және топта

Жағымды психологиялық жағдай қалыптастыратын тамаша әдістемелік тәсіл.

Балаларға шеңберге тұрып, бір-бірімен қол ұстасып амандасу, қоштасу бір-біріне сәттілік тілеу, хормен тақпақтар жаттау, қайталау, шағын әндерді айту, музыка ырғағымен билеу, саусак жаттығуларын ойнау сәті өте ұнайды. Осы әртүрлі қиыншылықтан жол таба білуге итермелейді.

Өзіңізді тексеріңіз: Бұл мәлімет ШЫНДЫҚ па немесе ЖАЛҒАН ба? Әдісі оқу үрдістерінде жана тақырыпты өткенде, өтілген материалды қайталағанда, білімді тиянақтау және тексеру кезінде, яғни сабақтың кез келген сәтінде оқыту әдісінің құралы ретінде пайдалануға болады.

Шығармашылық жұмыс ұсынғанда, оқушыға келесі факторларды тәртіппен қойыңыз, олардың құндылығы, маңыздылығы айқындау стратегиясы арқылы оқушының сын тұрғысынан ойлау қабілетін дамытуға болады. Қазақ тілі сабағында диспут, дебат түрлерін өткізуде, берілген тақырыпқа сай 5 сұрақ айту әдісі. Сұрақтардың әрқайсысы түрлі сұрау есімдігінен басталуы тиіс:

Не?

Кім?

Қашан?

Қайда?

Неге?

Қалай?

Егер ... болса, не болады?

Әр сұрақтың жауабына дәлелдеме келтіріп отырып, келесі топқа жоғары деңгейлі сұрақ қою арқылы өткізуге болады. Оқушылардың жылдам ойлау, шапшаң жауап беру, тапқырлығы дами түседі. Бала тек ойын ойнап қана қоймай, осы ойын арқылы білім алып, жан-жақты тұлға дамиды.

Детальдарын қосу. Командада жұмыс істеу кезінде сізге алынған білімдерін көрсету үшін сөйлемді кеңейтуіңіз қажет.

Бастапқы сөйлемнің мысалы:

Екінші дүниежүзілік соғыс 1939 жылы басталды.

Кеңейтілген сөйлемнің мысалы:

1939 және 1945 жылдар аралығында орын алған екінші дүниежүзілік соғыс, немістердің Польшаға баса-көктеп кіруінен басталды және Ұлыбритания Германияға соғыс жариялады. Оқушыларды заман талабына сай коммуникативті қасиеттері мен эстетикалық талғамы – сезімі жоғары, ұшқыр ойлы, белсенді, креативті, кез келген ортаға бейімделетін, өзін -өзі ұстай алатын, тарих пәнінен алған теориялық білімін қазақ тілінде тәжірибеде қолдана алатын функционалды сауатты тұлға қалыптасады.

Жадыны дамытуға арналған ойын. Бірнеше сабақ барысында меңгерілген жаңа сөздерді жаттау үшін, оқушыларға 2-3 минут беріледі: Жұпта/топта шектеулі уақыт ішінде бұл сөздерді еске алу қажет. Барынша көп дұрыс жауаптарға сыйлық тағайындалады – дұрыс сөз + жазу ережесін сақтау!

Бұл ойын қиялды дамытып, көңіл көтеруге итермелейді.

Заман талабына сай әр мұғалім өз сабағын жаңаша ұйымдастырып, шығармашылық ізденіспен өткізеді. Ойын дегенміз – жас ерекшелікке қарамайтын, адамның көңіл-күйін көтеретін, ойландыратын үрдіс.

Қорыта айтқанда, ойын арқылы оқушылардың коммуникативтік құзыретілігін арттыруда педагогикалық тұрғыдан ойын түрлерін дұрыс пайдалана білу оқушының сабаққа деген қызығушылығын арттырып, сабаққа деген ынтасын оятады, өз бетімен жұмыс істеуге, пікірталас ұйымдастыруға, проблемалық сұрақтарға жауап беруге, өмірмен байланыстыруға ықпалын тигізеді. Ал оқытушы үшін ол келесідей артықшылықтармен ерекшеленеді: мұғалім үздіксіз ізденіс үстінде жүреді, жеке тұлғаны қалыптастырудағы жауапкершілігі артады, инновациялық технологияларды қолдану іскерлігі артады, жас мамандардың қызығушылығын арттырады, ғаламтор жүйесі арқылы әлемдік деңгейде іс-тәжірибе алмасуды қалыптастырады және оқытудың түрлі әдіс-тәсілдерін игеруге қол жеткізеді, оқытушы сабақты қызықты, жүйелі түрлендіріп өткізуге машықтанады. Міне, сондықтан да оқу-тәрбие үрдісінде әртүрлі ойындар арқылы баланы жан-жақты дамыту ісіне ерекше көңіл бөлемін.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 «Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319 Заңы.

2 Қ.А.Ақпаева. – оқу орыс тілінде жүретін мектептерде қазақ тілін оқытудың кейбір мәселелері. Алматы: Рауан, 1997.

3 А.В.Петров Ойын әркеті арқылы белсенділікке баулу.- 2001.

4 К.С.Құдайбергенова. – инновациялық тәжірибе орталығы – педагогикалық технология көзі. Ғаламтордағы нұсқасы:

5 http://www.rusnauka.com/9_SNP_2015/Philologia/1_187867.doc.htm

ЭКСПРЕССИВТІ ТІЛДІК БІРЛІКТЕРДІҢ КӨРКЕМ МӘТІНДЕГІ КӨРІНІСІ

ШЫНЫКУЛОВА К. А.

магистрант, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

Тілдегі экспрессивтілікті жеткізуші құралдардың қатарына сөз жатады. Сөйлеу барысында сөз сөйлеуші эмоционалды-экспрессивтік ақпараттарды жеткізіп тұрады, қалыптасқан мағынасынан тыс қосымша мағыналарды жеткізуге қатысады. Сөз мағынасы нақты контекст жағдайында түрлі стилистикалық аспектіде көрініп, бағалауыштық, мәнерлегіштік, функционалдық т.б. экспрессивтік мағыналарды жеткізу құралына айналады. Демек, экспрессивті тілдік бірліктер көркем әдебиет стилінің құралы болып табылады. Әрбір қаламгер өзінің көркем шығармасында белгілі бір образ жасау барысында бейнелеу құралының осы түрін пайдалануға тырысады.

Ғылыми әдебиеттерде экспрессия және экспрессивтілік термині тек синоним түрінде ғана емес, сонымен бірге өзара алмаса алатын лексикалық дублет түрінде де қарастырылады. Бұл А. П. Горбунова, Ю. Д. Каражаева, А. Д. Кулова, И. И. Туранский, Л. М. Васильев және басқа ғалымдардың зерттеулерінде айтылады. Н.А. Лукьянова, В. Н. Цоллер, В. Н. Гридиннің еңбектерінде бұл ұғымдар өзара тең емес, екі түрлі ұғым ретінде анықталады.

О. С. Ахманованың «Лингвистикалық терминдер сөздігінде»: «Экспрессивтілік – экспрессияның барлығы... Экспрессия – кәдімгі тілден ерекшелендіріп тұратын және оған өзіндік үлгі мен эмоционалды бояу беріп тұратын сөздің айқын көркемдік қасиеті» [1, 524 б.].

Н. А. Лукьянова: «Экспрессив» - семантикада денотативті компонент (номинативті базис) пен коннотативті компонент (экспрессивтілік, эмоционалдылық және бағалауыштық) қатар қолданылған узуалды немесе окказионалды сөздерде және сөйленімде номинативтілік пен экспрессивтілік (көркем, прагматикалық) қатар қолданылған сөздерді атайды [2, 5 б.].

Тілдік экспрессия – дін, менталитет ұғымы белгілі бір ұлттың бойында ғасырлар бойы қалыптасып, әлемді қабылдауын көрсететін ұлттық дүниетанымдылық құндылықтарының жүйесі.

Қазақ ұлты діліндегі ерекшелік «сөз» қадірін «сөзге тоқтау», арқылы білдірген. «Сөз өнері» айрықша бағалап, оны күнделікті тұрмыста жүйелі қолдана білген. Сөз қоғам өмірімен ажырамас бірлікте қарастырылып, ағайын туыс, үлкенді құрметтеу, қонақ күту т.б. толып жатқан сөзді экспрессивті тұрғыдан қолданудың биік үлгісі қамтылып отырған.

Осындай экспрессивті тілдік бірліктер қатарына жан-жануарлар атаулары ұйытқы болған фразеологизмдерді жатқызуымызға болады.

Қазақ тілінде малға байланысты көрініс тапқан фразеологизмдер өте көп. Сондықтан ұлттық өмірдің айнасы болып табылатын фраземалардың әлемнің тілдік бейнесін жасаудағы орны ерекше болса, оны танымдық тұрғыдан талдау – қазақ өркениетіндегі ұлттық мәдениеттің табиғатын ашуда үлкен мүмкіндік береді. Қазақ тілінде «егіз қозыдай», «қой аузынан шөп алмас», «ат құйрығын кесісу», «ит пен мысықтай», «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман», «ат аласы-сыртында, адам аласы-ішінде» деген сияқты тұрақты тіркестер бар. Бұлардың барлығында да қазақ халқына тән ұлттық-мәдени сипатты беретін мағыналар бар екенін аңғару қиын емес. Осындай ұлттық-мәдени коннотациялық мәні бар зооморфизмдерді ойды нақты, әсерлі, көркем түрде жеткізу мақсатымен қолданылған нұсқаларын көркем әдебиетте молынан кездестіреміз. Олар белгілі бір тіркес құрамында астарлы мағына жүйесіне ілігіп, бірде жағымды мағына берсе, бірде жағымсыз мағына мазмұнын құрайды. Өзара ұқсас қасиеттерін салыстыру негізінде қалыптасатын ассоциация арқылы адамның орнына немесе белгілі бір құбылысты сипаттау мақсатында жануарлар атауларының ұшырасуы, яғни олардың өзіндік мінез-құлқына, пішініне, мүшелік белгілеріне, іс-әрекетіне т.б. ерекшеліктеріне байланысты метафоралық ауыс қолданылуы белгілі бір образ жасау, модальділік көзқарасын білдіру, әсерлігін күшейту мақсатын Мәшһүр Жүсіп шығармаларында шебер пайдаланылған. Ақынның адам мінезіне, сырт келбетіне, іс-әрекетіне, түрлі қасиетіне байланысты қолданылған жан-жануарлар атаулары ұйытқы болған фразеологиялық тіркестерінің семантикасы образдылық, бағалауыштық, эмоционалды, экспрессивтік мағына үстейді. Мысалы:

Полковник, һәм доверенный Шыңғыс аға,

Арғынға хандықпенен болдың жаға!

Түспеген тұғырынан ақ сұңқарым,

Тілінен гауһар тамған, ғақылы дана (Мәшһүр Жүсіп)

Бәйге алған тұлпарымсың шабысқанда, -деген сияқты өлең жолдарындағы ақ сұңқар, бәйге алған тұлпарымсың тіркестері ауыспалы мағынада қолданылып, осы тіркестердегі сұңқар, тұлпар секілді құс, жануардың атауларын білдіретін сөздердің номинативтік мағынасының бір семалық элементі ретіндегі – күштілігі, айбаттылығы, биіктігі, алдына жан салмас жүйріктігі ескеріледі. Сөйтіп, бұл зооатаулар жағымды эмоциялы образды сөздер ретінде қолданылған. Енді бірде ақын:

Болдым ғой өнерімді тауысқандай!

Мерт болдым, айға шауып арыстандай (Мәшһүр Жүсіп), – деп қолданады. Ақын «арыстан айға шауып, мерт болыпты» фразеологизмін өз ісінің ешкімге керексіз болғанын, халықтың надандығын қынжыла айта отырып қолданады және бір ғана тұрақты тіркес бойына үлкен ойды жинақтай білгендігін көрсетеді.

Ақ сұңқар аспандағы түсер торға,

Өрлеген өнерпаздар жығылды орға (Мәшһүр Жүсіп).

Ақын осы өлең жолдарында қазақтан шыққан зиялы қауымның жазықсыздан-жазықсыз жапа шегіп, қуғын-сүргінге ұшырағандары жайлы айтқысы келеді. Ақ сұңқар атауы жағымды образдың көрсеткіші болып табылады. Биік, таулы жерді мекендейтін бұл қыран құстың атауы – еркіндікті көксейтін, алғыр, мықты, биік мұрат иесі бейнелерін сомдайтын өте экспрессивті сөзқолданыс болып табылады.

Фразеологизмдердің қалыптасуына адам санасында қандай да бір ұғым тудыратын бейнелер себепкер болады. Соның бірі – зообейнелер. Белгілі бір фразеологиялық үлгіні жасауда сол жануардың бейнесі, пошымы, іс-әрекеті т.б. жайлы мәліметтер жинақталып, этнос мәдениетіне сай тұрақты тіркес туындайды. Зооним туралы мәлімет мұнда астарлы мазмұнға ие болады. Мәселен, ит сөзіне қатысты фразеологизмдерді қарастырсақ, ит – ырыс-байлық, молшылық; ит көйлекті бұрын тоздыру – жасы біраз үлкен адам; жаксы ит өлігін көрсетпейді; ит басына іркіт төгілген – ағыл-тегіл, молшылық болу сияқты тұрақты тіркестер баршылық. Сонымен қатар, жеті қазынаның бірі ретінде ит «жағымды» концептілер қатарына кірсе, екінші жағынан, иттің кейбір қылықтарына қарай бұл атау «жағымсыз» концептілерге

жататын фразеологизмдер қатарын құрайды. Мәшһүр Жүсіп өлеңдерінде де «ит» сөзі қатысқан бейнелі тіркестер өте молынан кездеседі. Мысалы:

Халық – жұрт өзі құмар қалың дауға,

Дау болса, екі ит шығар ырылдауға (Мәшһүр Жүсіп).

«Итше ырылдасу» фразеологизмі халықтың үй жануарларының қимыл-әрекет ерекшеліктеріне көңіл бөлуінен туындаған. Адекватты нышандардың негізінде аталмыш тіркес ассоциативті түрде адамға қатысты қолданылады. Ақын адамдар арасында болып тұратын-дау-жанжал кезіндегі адамдар бейнесін жасау үшін аталған фразеологизмді окказионал түрде қолданады.

Тоздырып, иттей қор қып, быт-шыт етті (Мәшһүр Жүсіп) немесе

Өтті ғой ит қорлықпен өмір шіркін (Мәшһүр Жүсіп), – деген сияқты өлең жолдарындағы фразеологизмдер халықтың басына түскен небір қыспалаң заманды көз алдыңызға әкеледі. Мұнда азап тарттыру, қиыншылық көрсету, абыройын түсіріп, қорлау сияқты ассоциативті мағыналар жатыр.

Қазақтарда ит образы тексіздікпен, жағымсыз қатынаспен байланысты. Оған төмендегі өлең жолдары дәлел бола алады. Ақын «ит» сөзінің қатысуымен жасалған тіркестер арқылы өте жағымсыз бейнелердің қасиеттерін ашып көрсетеді.

Қазақ халқы итті жаман жануар деп есептейді, өмірдегі жаман нәрселерді итке теңейді. Қазақтар жаман адамды «ит адам», ауыр, азапты өмірді «ит өмір», қатігез, қатал мінезді адамды «ит мінезді» дейді. Халық тілінде «Иттің етінен жек көремін», «иттің баласы», «иттен туған» деген жағымсыз эмоциялы фразеологизмдер де бар. Мәшһүр Жүсіп осындай жағымсыз мәнді атрибутты эмоционалды-экспрессивті фразеологиялық теңеулерді жасау үшін қолданады.

Жаның қалмас талай ит талағанда (Мәшһүр Жүсіп)

Құтырған ит аспанға қарап үргенменен,

Кеми ме ай мен күннің онан нұры (Мәшһүр Жүсіп)

Таққа мініп, басына тәж қойғанмен,

Иттің кетпес ойынан жерік асы (Мәшһүр Жүсіп), – деген өлең жолдарынан астарлы мағына арқылы берілген сыбайластық, жемқорлық, ашкөздік сияқты жиіркенішті қасиеттерді эвфемистік түрде бере білген. Кейбір итмінезді адамды қанша құрметтеп, асты-үстіне түссең де, үйреніп қалған өзінің жаман әдетін тастай алмайды. Ақынның айтуынша, жаман адамды өзгерту қиын.

Бұл тенеулік образдарда ит өзінің әрқилы тұрпатымен, әр түрлі сипатымен көрініп, өзі суреттейтін предметтің эмоциялық бояуын, экспрессивті әсерін күшейте түседі. Халық қамын ойлағансып, ел мүддесін көздегенсіп жүріп, шен-шекпенге ие болған әкімсымақтардың сұғанақтық жасауы, біреуден пайда көргісі келіп тұратын пиғылдары иттің іс-кылығымен ассоциацияланады.

Акын қолданысындағы ерекше тіркестердің бірі – «ит дүние» фразеологизмі. Ит дүние – қорлықпен өткен өмір.

Ит дүние, қарамайсың Құдайға сен! (Мәшһүр Жүсіп) немесе

Ит дүние, сен бір сәуірік айғырдайсың (Мәшһүр Жүсіп)

Акын дүние дерексіз ұғымын деректі ұғымға айналдырып, оны бірде құдайсызсың десе, бірде сәуірік айғырға теңейді. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде: Сәуірік айғыр – үйірге түсе қоймаған жас айғыр,- деген түсініктеме берілген. Мәшһүр Жүсіп терең мағыналы әрі бейнелі ғажап тенеуді жасайды. Жарық дүниенің асты толған қиянат пен күнә. Адам баласы, тіпті, өзінің бірге туғанымен де келісе алмай, өмір бойы араз болып өтуі мүмкін. Себебі, Мәшһүр Жүсіп айтпақшы, ит дүниеде реніш, араздасу сияқты әрекеттер болып тұратыны белгілі. Мәшһүр Жүсіп жасаған ит дүние фразеологизмінің эмоционалдығы мағыналық коннотациялығымен, экспрессивтілік сапа белгілермен астасып жатыр. Сырт қарағанда акын нормадан ауытқып кеткен сияқты. Себебі ит дүние мен сәуірік айғыр арасында мағыналық контраст бар екені айқын. Алайда тіркестен экспрессияның басым көрініп тұрғанын аңғарамыз.

Бозарған сұр жыландай, іші зәрлі,

Сүзектен тұрған жандай өңі сынып (Мәшһүр Жүсіп).

Жыланша жылтыратып сыртын ғана,

Табылса бір қапы жер, жаман шаққан (Мәшһүр Жүсіп).

Жыландай құр сыртымен жылтырайды,

Уменен кісі өлтірер толған іші (Мәшһүр Жүсіп).

Осы мысалдардан да қазақ халқының аң-жануарлардың сырын, қоршаған дүние сырын жетік меңгергендіктерін байқаймыз. Адамның келбетін, түсін, сикын, жақсы-жаман мінезін, қылығын айқындап көрсету үшін, оны жан-жануар мінезімен салыстырады. Мәшһүр Жүсіптің қолданысындағы «жылан» сөзінің қатысуымен жасалған аталған образдардың барлығы да жағымсыз мәнді эмоционалды-экспрессивті мағына үстеу үшін алынған.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Ахманова О.С. Словарь лингвистических терминов. – М.: Наука, 1966. – 603 с.

2 Лукьянова Н. А. Экспрессивная лексика разговорного употребления // Проблемы семантики. – Новосибирск: Наука, 1986. – 228 с.

3 Мәшһүр-Жүсіп Көпейұлы. Шығармалары. – Павлодар: ЭКО, 2007. – 485 б.

1.6 Қазақ тілі және латын әліпбиі

1.6 Казахский язык и латиница

ТІЛ ДАМУ ЖҰМЫСТАРЫНДА МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРДІ ҚОЛДАНУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

АБРАХМАНОВА А.

мұғалім, Жанқожа батыр атындағы № 70 мектебі,
Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті

Мақал-мәтел – әрі қысқа, әрі нұсқа айтылған сөз мәйегі, ой маржаны. Мақал-мәтел бір ғасырдың ғана жемісі емес. Мақал-мәтелдер – халық даналығының қазына байлығы. Олар ғасырлар бойы қалыптасып, сол халықпен мәңгі бақи бірге жасап, біте қайнасып кеткен дүние. Сондықтан да оны жұртшылық жадына сақтап, өзінің күнделікті өмірінде, өзара қарым-қатынасында пайдаланады. Мақал мен мәтелге бай халықтың бірі – қазақ халқы. Қазақ халқының мақал-мәтелдерінің шығу тегі жөнінде айтар болсақ, А. Байтұрсынұлы: «Мақал да тақпаққа жақын салт-санасына сәйкес айтылған пікірлер. Тақпақтан гөрі мақал маңызы шын келеді. Мәтел дегеніміз кесегімен айтылатын белгілі-белгілі сөздер. Мәтел мақалға жақын болады. Бірақ мақал тәжірибеден шыққан ақиқат түрінде айтылады. Мәтел ақиқат жағын қарамай, әдетті сөз есебінде айтылады», – деп көрсеткен болатын. Демек, мақалда тұрмыста қолданылып жүрген сөздеріміз шындықпен астасып келіп, мақалдап, шешен тілмен айтылатын сөздер болса, ал мәтелде тұрмыста қолданылатын сөздердің шындығы Олардың алғашқы үлгілері есте қалмаған ықылым заманда туып, өзінің қалыптасу, даму, өсу процесінде талай ғасырмен бірге жасасқан. Бұл жолда әр түрлі қоғамдық, таптық тілектерге сәйкес өзгеріп, жанарып отырған.

Мақалдар мен мәтелдерде айтылмайтын, сөз болмайтын өмір саласы жоқ десе де болады. Мақал-мәтелдерден халықтың ой-санасы, дүниеге көзқарасы, ақыл – өнегесі мол көрініс тапқан. Мақал-мәтелдер ой дәлдігімен, мазмұн тереңдігімен, түр жағынан ықшамдылығымен ерекшеленеді. Онда өмірдің сан алуан салалы құбылыстарына баға беріліп, ой түйінделіп, халықтың ғасырлар бойғы тәжірибесі негізінде пікір айтылады. Мақал менен мәтелдерде халқымыз жақсылық пен жауыздықты, адамдық пен арамдықты, еңбеккерлік пен еріншектікті, жомарттық пен сараңдықты салыстыра сөз етеді. Адамгершілік жолына нұсқан, мін келтіретін жамандық пен жауыздық қылықтардың барлығын батыл сынап, жиренте әшкерелеп, бүкіл жұртшылыққа адамгершілікке тән мінез, қылықтардың барлығын ұсынады.

Мақал-мәтел – халықтың өз перзенті, өзі жасаған баға жетпес қазынасы, өзіне жақын да, түсінікті де, сондықтан сүйікті де. Бұлар – сан ғасырлар бойы заман сынына өткен, керегіне жараған өміріне өнеге болған, қисығын түзететін таразы болған, болады да. Мақал – мәтелдің өн бойында поэзияға тән жинақылық, үнділік, саздылық, ұйқас, ырғақтылық байқалады. Онда басы артық сөз болмайды. Барлығы өз орнында, екшеленген, сұрыпталған, жымдаса біріккен, ой-өрнек ажыраспас туыстық тапқан, ішкі мазмұнына сыртқы формасы сай үндестік тапқан болып келеді. «Ер дәулеті - еңбек» деген мақалды талдап көрелік. Осындағы сөздердің бірін де өзгерту мүмкін емес. Мұндағы негізгі ой – еңбектің күдіретін, ол бүкіл бүкіл игіліктің көзі екенін білдіру. Ой қазығы «еңбек» деген сөз болған соң, «е» дыбысы ерекше естіліп тұр. Мақалға саздылық, үнділік беріп тұрған да – сол. «Дәулет» сөзінің мақал бітіміне кіруі де соған байланысты. Оның орнына «ырыс, байлық, молшылық» т.б. сөздердің біреуін де ала алмайсың. Сөздер сол бітімінде ғана үлкен ой жүгіне ие. Сөздерді ауыстырып қолдансақ, онда бұл мақал поэтикалық қасиетінен де, мән – мағынасынан да айырылады, мақалдық қасиеті жұтандайды.

Мақал-мәтелдердің тура және ауыспалы мағынасы болады. Мысалы, «Өнер алды – қызыл тіл», «Ер қанаты – ат», «Елін сүйген ер болады», «Жігітті намыс, қоянды қамыс өлтіреді» деген мақалдар ешқандай тұспалдаусыз тура мағынада айтылып тұр. Ал, «Қызым, саған айтам, келінім, сен тында», «Тоқпағы күшті болса, киіз қазық жерге кірер», «Не ексең, соны орасың», «Жауырды жаба тоқиды», т.б. мақал-мәтелдерде айтпақ ой тура

айтылмай, жұмбақтап, астарлы мағынада ишарамен білдірілетінін көреміз.

Мақал-мәтелдер-әр халықтың өз даму тарихында басынан кешкен алуан түрлі оқиғалары, өзі аңғарған табиғат құбылыстары, қоғам мүшелерінің өзара қарым-қатысы, мінез-құлқы, психологиясы жөніндегі жасаған қорытынды, тұжырымдарының түйіні, өмір тәжірибесінен жинақталған философиялық ойлардың ұтқыр да ұтымды, жатық та көркем көрініс фразеологиялық оралымдардың еңделіп, сырланып, әбден қалыпқа түскен тұрақты түрлері. Ол бір ғана емес ертеден бері қалыптасқан ой дәлдігімен, мазмұнының тереңдігімен ерекшеленетін ауыз әдебиетінің бір түрі. Ол айналадағы сыры мол дүние туралы білімнің сұрыпталған жиынтығы, халықтың өзінше шағын ауызша энциклопедиясы ғана емес, ұстаздық, тәлімгерлік роль де атқарады, адам бойындағы барлық жақсылықты асқақтатып, жамандықты жерлеп, бала тәрбиесінде ерекше орын алатын халық даналығы. Мұндағы ақыл-кеңестер қысқа да нұсқа, әрі тұжырымды болды. Халық даналығы ата-анаға ұрпақ тәрбиесі жөнінде өзінен бұрынғылардың моральдық-психологиялық, медициналық-гигиеналық, өнер-сайыскерлік ой-пікірлерін де шоғырландырып, бүкіл халықтың тәлімдік тәжірибесін мирасқа қалдырып отырды. Көшпелілердің сонау ерте дәуірінен-ақ бұларды көп біліп әрі оны ақылмен байыптай алатын адамды ерекше қастерлеуі тегін емес. Ондай адам ата-баба даналығының көзінде саналатын. Мақал-мәтелдер белгілі бір шешіммен істің дұрыстығын анықтайтын логикалық қызметтің эталоны тәрізді адамның ой-әрекеттерінде маңызды роль атқарып отырады.

Қазақ мақалдары мен мәтелдерінің тақырыптары әр алуан: туған жер, ел, еңбек, денсаулық, өнер, төрт түлік мал, егіншілік, денсаулық, өнер, төрт түлік мал, егіншілік кәсібі, ынтымақ, достық ерлік, батырлық, жақсы адам мен жаман адам т.б. Мақал мен мәтел құстың екі қанаты секілді бір-бірімен байланысты, бірақ олардың араларында аздаған өзгешеліктері мен айырмашылықтары болды. Мәселен, мақал сөзде адамның нәзік сезімдері мен терең ойлары ашық айтылады, дәлме-дәл көрсетіп, бейнелейді. Мысалы: «Білімді өлмес – қағазда аты қалар, ұста өлмес – істеген заты қалар», «Оқусыз білім жоқ, білімсіз күнің жоқ», «Ағаш тамырымен, адам жолдасымен мықты».

Ал, мәтел сөздің сыры: белгілі бір құбылысты астарлап, жұмбақтап, бейнелеп айтады. Мәтел сөзге бір мысал: «Сауысқан тоты боламын деп, жүрісінен жаңылыпты». Сөз сауысқан туралы емес; сауысқан тектес, әсіре қызыл, еліктегіш, әсершіл адамдарды

сынаған. Біреулер бар: өзінің дербес қасиеттерін жоғалтып, ықпалды адамдардың әуеніне төңкеріліп, соның көлеңкесіне тасаланады, өмірдің ағысынан өзін-өзі таба алмай әуре болады. Аталған мәтел сол образды бейнелеген.

Мақал-мәтелдер – сан ғасырлар бойы халықпен бірге өмір сүріп келе жатқан қастерлі қазына. Мақал-мәтелдер – ел аузында, сөйлеу тілінде қолданылатын мазмұнды салалардың бірі. «Сөз асылы – мақал» деп тегін айтылмаса керек. «Мақал – логикалық, образдық ойдың қос қанаттасқан ғажап табысы, тәжірибеден туған философиялық сөздер. Сөздің ұйтқысын ең алдымен мақалдан іздеу керек. Онда этикалық, философиялық, ұжымдық мазмұн бар. Мақалдың қорытындыларын халық еш уақытта теріске шығара алмайды», - дейді ғалым Ә.Қоңыратбаев.

«Тәрбие тілден басталады» дейтін халқымыз ана омырауынан ажырамаған кезден-ақ бөбегің ана тілінің ақ уызымен ауыздандыра бастау керектігін, ана тілі – адамның ғұмыр бойғы серігі, рухани қуаты, күрестегі құралы екендігін меңзеп отыр.

Мақал-мәтелдерде бала тәрбиесіне де үлкен мән беріледі. «Қызды асырай алмаған күн етеді, ұлды асырай алмаған күл етеді» деген мақал-мәтелдердің мәнісі – жас ұрпақты жақсылыққа баулу болмақ. Жастарға өнер-білім, тіл үйретуде мақал-мәтелдің мәні аса зор. Білім, өнер еңбектің бір түрі болса, аз сөйлеп, көп тындаған, көп оқып білімін байытқан бала ғана өмірден өз орнын алып, даналық сөздеріміз мақал-мәтелдерден өнеге алмақ.

Қазақтың халық педагогикасы – ғасырлар бойында қалыптасып, қорлана байып келе жатқан ғылым. Халқымыз «Мақал – сөздің мұнарасы» деп, халық ауыз әдебиетінің асыл бір жанрына осындай бағаны өзі берген. Мұнара биіктікке, асқарлыққа, парасат асқарына мезгейді. Мақал-мәтелдің озық-артықшылығы ойды сығымдап, нақышты әрі әсерлі, санаулы сөзбен әрі өткір, әрі мәнді айтып, суреттеуінде. Халық өзінің тәлімгерлік трактаттарын мақалдар мен мәтелдерге шебер сыйғыза білген. Бір естігеннен жадында қалады, тәлімгерлердің де, тәрбиеленушілердің де жаттауына оңтайлы, жеңіл. Және бір ғажабы, өмірдің өзі секілді желісі үзілмей, өркен жайып, жыл асқан сайын жемісін елге ұсынып отыратын даналық көзі мақал-мәтелдер өз қатарын қалыңдатып отырады. Жаңа дәуір талабына сай жаңаша туындайтын мақал-мәтелдердің иесі де, көнеден сақталып келе жатқан, сұрыптала, сұлулана түскен асылдарды сақтаушы да – қарапайым халық. Сонымен, өткен

замандарда жасаған сал-серілер мен ақылмандарымыздың бізге қалдырған ой-парасат, мирасы даңғыл жол сияқты екен.

Жас ұрпақтың тілін дамыту – қазіргі білім саласындағы оқу-тәрбие ісіндегі басты проблема. Тіл мен сөйлеу үрдісін дифференциалды қарастыра оқыту қажет, өйткені оқушының дұрыс сөйлей білуіне көңіл бөлініп отыр. Оқушыларға қазақ тілін оқытудағы басты мақсат - сөйлей білуге, өз ойын айта білуге, жаза білуге үйрету, сондықтан да коммуникативтік қарым-қатынас бірінші орында тұрады. Сондықтан қазақ тілі және әдебиет сабақтарындағы тіл дамыту жұмыстары оқушылардың жалпы ойын дамытуға бағытталады. Яғни, оқушылардың тілін дамыту мәселесі олардың ойлау қабілетімен байланыстырыла, сондай-ақ ойлау мен сөйлеу процесінің бірлігінде ұйымдастырылады.

Мақал – мәтелдер ғасырлар шежіресі. Мақал-мәтелдер ой дәлелдігімен, тереңдігімен, ықшамдылығымен ерекшеленеді. Онда өмірдің сан алуан құбылыстарына баға беріліп, үлкен түйін жасалады. Халық даналығы үлкен ойды аядай қалыпқа сыйғызып, асқан шеберлікпен танытқан. «Көп сөз-көмір, аз сөз-алтын» дегендей, мақал-мәтелдің өн бойынан поэзияға тән жинақылық, үнділік, саздылық, ұйқас, ырғақты кездестіреміз. Онда басы артық бір сөз болмайды. Барлығы өз орнында.

Оқушылардың сөздік қорын молайту жөнінде оларды дұрыс сөйлеуге үйрету жолында мынадай тәсілдер пайдаланған жөн:

- сөздік жұмыс (өңгімелеу, салыстыру, қайталау, сұрақ-жауап, анкеталар т.б.)

- көрнекі құралдар қолдану (сурет, бейне фильм т.б.)

Мақал-мәтелдің оқушыларға тәрбие берерлік жағы да, сөздік қорды толықтыру үшін теңдесі жоқ қазына. Мақал – сөздің мәйегі. Мәйек – бір қазан сүтті ашытатын (ұйтатын) ұйтқы, яғни қысқа да нұсқа айтылатын сөз, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйіні, сөздің ұйытқысы. Мақал дегеніміз халықтың ғасырлар бойы өмірден, табиғаттан көрген – білгенін бейнелейтін шағын шығармасы, сөз өнері... Мақал бейнелі сөз, тілі ұста, құрылысы тұрақты сөйлем. Сондықтан да ол жаттауға, есте сақтауға, пайдалануға оңай. Өйткені, қазақ мақалдарының құрылымы қысқа, өлеңге жуық, онда ұйқас бар, дыбыс үндестігі бар.

Тіл дамыту жұмысында ауызекі сөйлеу мен жазба тілінің бір-бірімен байланыста. Адам бір-бірімен сөйлеу тілі арқылы тікелей қарым қатынас жасайды. Сөйлеу тілі арқылы адам екінші бір адамның айтқан сөзін естейді, тындайды әрі онымен пікір

алысып сөйлеседі. Адам осындай сөйлеу барысында тілдің түрлі көркемдік тілдік құралдарын пайдаланылады. Мысалы, мақал-мәтел, теңеу, салыстыру, әсірелеу, сөзге екпін түсіріп айту, ымдау тағы да басқа әрекеттер арқылы сөйлеу үрдісінде екінші бір адамға ойын жеткізеді. Сондай-ақ ауызекі сөйлеу тілінде адам ойын жай сөйлемдермен айтуға бейім келеді, мысалы, сөйлемнің айқындауыш, оңашаланған мүшелерін, құрамдас сөйлем түрлерін қолдана бермейді. Тіл дамыту жұмыстары грамматикалық заңдықтармен байланысты жүргізілуі тиіс.

Морфологияны оқыту арқылы тіл дамыту жұмыстарын жүргізгенде жаттығу материалдарында мақал-мәтелдер, кеңінен қолданылады. Мысалы, сөздің грамматикалық мағынасына қатысты практикалық сабақта мақал-мәтелдерді пайдалану арқылы сөздердің лексикалық және грамматикалық мағыналарын тапқызу оқушының грамматикалық мағынаны түсінуіне әрі сөз байлығын арттыруға мүмкіндік береді. Немесе, берілген сөздерді (мысалы, ерлік, тәрбие, жүрек, ел, батыр т.б. грамматикалық көрсеткіштер арқылы түрлендіріп, сол сөздер туралы мақалдарды тауып жазғызу да оқушының морфологиялық тұлғаларды ажырата отырып, сөздік қорының жетілуіне әсер етеді.

Тіл дамыту- қазақ тілін және әдебиетін оқытудың, білім мен тәрбие берудің ең маңызды да салмақты мәселесі. Ол арқылы жасөскінді тіл өнеріне баулу, қазақ тілінің қыры мен сырын терең меңгеру, ойын жатық та көркем етіп жеткізе білу, мәдениетті де сауатты жаза білу іс-әрекеттері жүзеге асады.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Байтұрсынов А. Тіл тағылымы. – Алматы: Ана тілі, 1992.
- 2 Әлімбаев М. Халық – қапысыз тәрбиеші. – Алматы, 1976.
- 3 Қалиев С. Халық педагогикасы хақында бірер сөз. – Алматы, 2000.
- 4 Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақтың тәлімдік ой-пікір антологиясы. - Алматы, 1994.
- 5 Тұрманжанов Ө. Қазақтың мақалдары мен мәтелдері. – Алматы, 2007.

ЛАТЫН ӘЛІПБИІНЕ КӨШУ – ҚАЗАҚ ЕЛІНІҢ ҰЛТТЫҚ ТІЛІ МЕН РУХАНИЯТЫНЫҢ БОЛАШАҒЫ

ЗЕЙНУЛИНА А. Ф.

ф.ғ.к., профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ
ИБРАЕВА А. Т.

педагогикалық ғылымдарының магистрі, оқытушы, ПМПУ, Павлодар қ

Ұлттық тіл өзегі өз аясын сақтағанда ғана ұлттық сана мен тек, ұлттың рухани болмысы жойылмайды. Осыған Елбасы Н. Ә. Назарбаев тарапынан қазақ ұлтының жазу таңбасын жаңалау міндеттеліп отыр. Латын жазба таңбасына көшу мәселесі әр оқыған адам үшін тың, тосын жаңалық емес. Бұл тақырып Тәуелсіздік алған уақыттан бері мемлекет тарапынан көтерілген. Сондықтан Елбасының латын таңбасына көшуге қозғау салуы – әуелде көтерілген мәселенің жалғасы мен түйіні. Латын жазба таңбасына көшу мәселесін дүниетанымы қазақы қалыптасқан, сауатты, зиялы азаматтың ешбірі жатсынбайтыны анық.

Мемлекет басшысы «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласында 2025 жылдан бастап латын әліпбиіне көшуге кірісуіміз керектігін және болашақта барлық саладағы іс қағаздар мен оқулықтар да осы қаріппен жазылуы тиіс екенін қадап айтты. Сондай-ақ, Үкіметке қазақ тілін латын әліпбиіне көшірудің нақты кестесін жасауды тапсырып, уақыт ұттырмай бұл жұмысты қазірден бастап қолға алу қажеттігін атап өтті. Демек, көп кешікпей егемен еліміздің латын әліпбиіне көшетіні айқындалды.

Латынша жазу таңбасы қазақ тілінің танымдық сипатын, мазмұндық болмысын тұтас ашып жеткізетіндей етіп жүйеленсе, оның маңызы теориялық, ғылымилық, тәжірибелік, саяси жақтан да көрініс береді. Мәселен, теориялық жақтан алып қарасаңыз, қазақ тілі танымына сәйкеспейтін артық таңбадан арылу мүмкіндігі, қазақ тілінің дыбыстық заңының толық сақталуы, қазақша сөйлеу ырғағы мен айтылым ережесінің қадағалануы мен сақталуы, жазба тіл мен ауызша тіл заңдылығын, жүйелілігін қазақша сақтап арттыру сынды мүмкіндіктер туады. Ғылыми жақтан қарасаңыз, кірме сөздердің қазақ тілі заңдылығымен жүйеленуі, шетелдік ғылыми терминдер орыс тілі әсерінсіз қазақ тіліне тікелей енуге мүмкіндіктің болуы, ғылыми байланыс жасауда жеңілдік болуына ықпал етеді. Тәжірибелік жақтан әдеби тіл нормасының бұзылмауына мүмкіндік туады, қазақша сөйлеу мәдениеті артады.

Саяси жақтан түркі тілдес елдер арасында жақындық қалыптасып, еңбектестік, ынтымақ нығаяды, ғылыми, экономикалық, әлеуметтік ақпараттық алмасу жеңілдейді, тереңдейді, қазақ ұлтының өз ішінде

рухани даму кеңістігі өрістейді, ұлттық дүниетаным таза қалыптасып, қазақ болмысы сақталады. Сондықтан латын таңбасының тек қазақ ұлты үшін ғана қабылдануы мемлекеттің жеке дара дамуына өзгеріс береді. Бұл – латындық қазақша таңбаның саяси қызметі.

Латын жазуына өткенде негізінен «Бір әріп – бір дыбыс» қағидатына негізделген латын әліпбиі дұрыс деп ойлаймыз. Ахмет Байтұрсынов арабтың кадым жазуын қазақ тіліне бейімдеп төте жазу жасағанында дәл сол қағидатты басшылыққа алған еді. Халқымыз латыннан кирил жазуына еріксіз көшетін кезде ғалымдар бір дыбысты бір әріппен беру үлгісінен айнымай, жаңа әліпби жасады. Сөйтіп, орыс тілінде жоқ, тек қазақ тіліне тән дыбыстарды бейнелейтін ә, ө, ұ, ү, і, ғ, қ, ң, һ әріптері дүниеге келді. Бұл әріптер негізінен соларға ұқсас әріптердің үстіне, ортасына, астына нөқат, сызықша, құйрықша таңбаларын қосу арқылы жасалды. Енді латынға өтерде осы дыбыстарды және латын әліпбиінде жоқ ж, ш, ы дыбыстарын екі әріппен белгілейтін болсақ, жазуымыз қысқалығынан айрылып, тым ұзарып кетеді, соның салдарынан уақыт пен қаржы шығыны туындайды. Тағы бір кемшілігі, қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде үйренуші өзге ұлттар өкілдеріне жазуды игеруіне қиындық келтіреді.

Біздің ойымызша, академик Әбдуәли Қайдар бастаған ғалымдар 34 таңбаның негізінде жасаған 27 әріптен тұратын жаңа қазақ әліпбиі қолданысқа енгізілгені дұрыс болады. Латын әліпбиінің басым бөлігі фонетикаға негізделді, яғни, сөздің таза айтылуын сақтап қалды. Түркі дүниесіне ортақ заңдылықты сақтады. Біз енді сол үрдісті жалғастырып, заманға сай лайықтап Қазақ графикасы мен орфографиясының фонологиялық негіздері жөнінде зерттеу жүргізген ғалым Н. Уәлиев айтылған сөзді арнайы таңбалармен жазу мәселесін дыбыс – фонема – графема - әріп байланыстары арқылы түсіндіріп, инвариант – вариант тұрғысынан талдайды [11, 14 б.]. Сондықтан латын әліпбиіне көшу жұмыстарында дыбыс – фонема – графема - әріп байланыстарын терең түсінетін ғалымдар Ә. Жүнісбек, Н. Уәли, Қ. Күдерінова сияқты т.б. фонолог мамандардың сөзіне құлақ қойған жөн деп білеміз. Латын графикасына (таңбасы) негіздерген қазақ әліпбиін жасау ісінде тіліміз дыбыс жүйесіндегі төл дыбыстар мен өзге тілден енген кірме дыбыстарды жеке-жеке қарастырып, әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері мен жазу барысында туындайтын әр түрлі заңдылықтары ескерілуі тиіс. Сондықтан Әліпби жобасын жасау ісінде латын графикасын қазақ әліпбиіне икемдеу бағытында өзінің

салмақты ойлары мен ғылыми маңызды зерттеулерін көп талқысына ұсынып жүрген білікті ғалым Әлімхан Жүнісбек еңбектерінің маңызы зор деп білеміз. Қазіргі таңда Ә. Жүнісбек бастаған ғалымдар қазақ тілі дыбыс жүйесіндегі 28 фонеманы (9 дауысты, 19 дауыссыз) латын графикасымен таңбалап, жаңа қазақ әліпбиін дайындап отыр [12]. Бұған қоса, кірме сөздерді таңбалау үшін «в», «ф», «һ» әріптері де әліпбиге алынуы мүмкін. Себебі бұл әріптер 1938 жылы әліпбиімізге енгізгелі қазақ тілінде әбден орнығып, біздің еркімізден тыс 80 жылға жуық уақыт қазіргі сөйлеу тіліміздегі болып жатқан үдерістерді таңбалап жүр деген көзқарас бар. Сөйтіп, ғалымдар шамамен 31–32 әріптен тұратын әліпби жасауды нысана етіп отырған сияқты. Бұл бұрынғы 42 әріптің қысқарып, шамамен 10 таңбасы алынып тасталыныатын көрсетеді. Мысалы, бұрынғы әліпбиде «ашы», «тұшы» және өзге тілден келген «щетка», «щи» деген санаулы сөзді таңбалау үшін арнайы «щ» әрпі алынған болса, енді осындай әріптердің қысқаруы нәтижесінде кірме әріптерге қатысты 30–40 басы артық ереже өзінен өзі жойылып кетеді екен. Сондықтан қазір Ә. Жүнісбек, Н. Уәли сияқты ғалымдар қазақ әліпбиін латын графикасына көшіріп қана қоймай, бұл жұмысты одан әрі қазақ жазуын реформалау (қайта қарастыру) ісімен байланыстыру қажеттігін айтып отыр.

Қазіргі ұсынылып отырған латын әліпбиінің емле ережесі жобасының құрылымы 9 тараудан және осы тараулардың тармақтарынан тұрады. Ережедегі тараулар мынадай басты мәселелерді: қамтиды Емленің негізі

- дара сөздерде дыбыстың мағына ажырататын реңкін таңбалайтын фонематикалық ұстанымды;

- күрделі сөздерде түбірді сақтап жазатын морфологиялық ұстанымды басшылыққа алады.

Тіл үндесімі – бірінші буынның үндесіміне қараай бірыңғай жуан, не бірыңғай жіңішке айтылатын қазақ тілінің негізгі дыбыстық заңдылығы сақталады.

Жаңа емледегі жаңалықтар:

- барлық сөздердің графикалық бейнесі (кескіні) жаңарды (мысалы: Qazaqstan, memleket basshysy, táýelsizdik, rúhani jańgıruy, salamattu ómir salty, tushshy, ashshy). Жазу принциптер негізінен сақталғанымен, сөздердің жазба мәтіндегі кескіндері басқа – «латынша» түрпат алған

- бұрынғы жазылуы әртүрлі болып келген орфограммалар бір ізге түсіріледі (шегара емес, шекара; көгөніс емес, көкөніс, қырғүйек емес, қырқүйек; дауысы емес, даусы, ауылы емес, аулы);

- бірге жазылатын сөздердің емлесі жүйеленеді. Мысалы, -lyq (-lik, -dyq, -dik, -tyq, -tik) қосымшасымен келген қоғамдық, әлеуметтік лексика (ortaazıalyq, jerjuzilik, arampıgılydyq, búkilálemdik, jalpyhalyqtyq, birrettik);

- ar (-er) қосымшасымен келетін әдет-ғұрып, кәде атаулары (aúyzashar, atqaminer);

- lar (-ler, -dar, -der, -tar, -ter) қосымшасымен келетін ботаникалық, зоологиялық атаулар (ashatıuaqtylar, balyqqorektiler, jalańkózdiler, aǵashkemirgishter);

- qysh (-kish, -ǵysh, -gish) қосымшасымен келетін құрал-сайман және техника атаулары (kespekeskish, sabynsalǵysh, órtsóndirgish);

- ty (-ti, -dy, -di), -pa (-pe, -ba, -be, -ma, -me), -ys (-is, -s), -ǵy (-gi, -qy, -q) қосымшасымен келетін лексикаланған тұрақты тіркестер мен зат атаулары (sharǵabasty, nemketti, súkeisaldy) бірге жазылатын болады;

- атау сөз орнына жұмсалатын фразеологизмдер және олардың қосымшалы түрлері бірге жазылады: aqsaqal, aqsúiek, aqınet, aqınettik, aqkóńil, aqkóńildilik; kóshbasshy, dúneqońyzdaný, erjúrek, erjúrektik, janpıda, janpıdalyq, ataqonys; basqosý, atsalysý, atústi.

Ережеде күнделікті қарым-қатынаста аса қажет сөздердің, сол сияқты ономастикалық атаулар мен терминдердің ұлттық сипаттағы емле үлгісі ұсынылып отыр. Бұл үлгілер мындаған сөздердің сауатты жазылуына негіз болады. Сөйтіп, санада орнығады, ықшам, оңтайлы, креативті жаңа ұлттық жазудың негізі қаланады. Жаңа емле қоғамымыздың жазу мәдениетін арттыру арқылы мемлекеттік тілдің жазба коммуникациядағы қолданысын жеңілдетіп, ұлтымыздың рухани жаңғыруына, жаһандық үдерістерге үйлесе дамуына септігін тигізеді.

Соңғы бекітілген латын әліпбиіне ұсыныстар ретінде айтарымыз:

Бүкіл әлемдік стандартқа сай және қазақ тілінің дыбыстық үндестігін сақтайтын дұрыс латын алфавиті түзілу керек. Мысалы – 13- дыбыстан кейін 21 дыбыс.

Әлемдік тілдер жүйесінде У у дыбысы Uu болып жазылады. Ал бізде Ол Ұұ дыбысының еншісіне берілген. Сонда жұмыртқа, Ұлпан, ұлы сөздерін жұмыртқа, Улпан, улы деп оқиды ма? Сондықтан У у дыбысы Uu болып таңбалану керек.

Ұұ дыбысын 26-шы таңбамен, Үү дыбысын 29 таңбамен беру керек.

Ш дыбысын Sh деп берсек, Асхат сөзі Ashat, яғни Ашшат болып оқылады, сондықтан 31 орындағы және 9 орындағы х,h әріптерін дұрыс таңбалау қажет.

10 орындағы і дыбысы, 11 орындағы и,й дыбыстарының таңбалануы да бірдей, онда тай – tai, Иса, иіс сөздері Isa - ica, ііс болып оқылады ғой. Сөйтіп, қайсысы Іі, қайсысы И,Й екенін білмей отырамыз.

Дұрысталған әліпбиі пернетақтаға ыңғайлы, техникаға бағынатындай болу керек.

Үндестік заңын сақтайтын бірқатар орфографиялық және орфоэпиялық ережелер нұсқаулығы жазылуы қажет.

Қазіргі таңда латын әліпбиі үлкен беделге ие болып, қолданыс аясы да мүмкіндігі де зор екендігін танытып отыр. Латын әріптері графизация (әріп таңбалау) заңдылықтарына, яғни, «көру-қабылдау-тану» талаптарына да сай. Жер бетінде латын әліпбиі барлық салада қолданылатаны байқалады. Барлық дәрі-дәрмек атаулары, математика, физика, химия формулалары, көптеген терминдер, мамандықтарға қатысты ғылыми әдебиеттер т.б латын әліпбиімен байланысты екенін байқауға болады. Латын графикасын қолданатын барлық елдердің әліпбиіндегі әріп саны тілдегі фонемалар санынан әлде қайда аз болуы да оның жетістігі болып табылады. Латын әліпбиінде әр түрлі диакритикалық таңбалар (нүкте, қос нүкте, сызықша, айшық, дәйекші т.б), яғни қосымша белгілер арқылы көптеген елдің барлық фонемалары латынның 26 таңбасымен ғана белгіленуі жазу үнемділігін танытатын тиімді әліпби дәрежесіне жеткізіп отыр. Жазуға қойылатын басты талап лингвистикалық (тілді дәл жеткізу) бағытта ғана емес, техникалық жағдайларға (баспа ісі, компьютер, телефакс, интернет т.б.) да сай болуы керек., бейімдеп, ары қарай дамуына ықпал етуіміз қажет. Бүгінде әлемнің әр түкпірінде 5 миллионға жуық қазақ тұрады. Оның 80 пайызы латын әліпбиін қолданады. Демек, біз болашақта латын әліпбиіне көшсек, сол қазақтармен жақындаса түсеміз.

Біз ендігі кезекте осы мақсатқа жету үшін не істеу керектігін ойлануымыз қажет. Себебі, латын жазуына көшеміз деп айта салу оңай, ал оны жүзеге асыру үшін үлкен шараларды қолға алуымыз қажет. Ол үшін не істеу керек десек, біріншіден, латын графикасына өтудің оны мен солын саралап алғанымыз жөн. Соған талдау жасап, мәтіннің оқу әуезін, әдісін, заңдылығын меңгеріп алуымыз керек. Екіншіден, кейбіреулер компьютердің көмегімен барлық дүниені латын әліпбиіне көшіре салуға болатынын айтады. Менің ойымша, бұлай жеңіл жол іздеген дұрыс емес. Мазмұнды оқулықтар мен әдебиеттің барлығын 100 пайыз сауатты етіп аударып шығу қажет. Өйткені, кезінде араб әрпінде жазылған небір әдебиеттер әлі күнге дейін шаң басып жатыр. Себебі, біз оларды оқи алмай,

киналдық. Ал латын әліпбиіне көшетін болсақ, кешегі, бүгінгі рухани дүниелеріміздің бәрін сауатты қалпында аударып алсақ, кейінгі буын трагедияға ұшырамайды. Үшіншіден, латын әліпбиіне көшу үшін емле ережесінің сақталуына баса мән берген жөн. Яғни, бірізділік, ортақ қағида болуы шарт. Өйткені, латын графикасында жазғанның жөні осы деп әркім өз білгенімен әр түрлі танбаны қоя берсе, мұның соңы сауатсыздыққа әкеліп соғады. Осының алдын алу қажет. Төртіншіден, балабақшаларда, мектептерде, жалпы оқу үрдісінде латын әріптерін жазуды үйрететін пән – каллиграфия (жазу өнері) деген сабақты енгізу қажет. Мұны тез арада қолға алған жөн. Сондай-ақ, латын қарпін сауатты жазатын, оқитын мұғалімдер дайындау қажет. Осы бағыттағы жұмыстардың бәрін тез арада тиянақты атқара білсек, ұтарымыз мол болмақ.

Жалпы, тіл тазалығы, тіл білімі – үлкен ғылым. Қазір бір сөз бірнеше түрлі болып жазылады, айтылады. Осындай заңдылықтарды бірізділендіріп алу керек. Ол үшін латын әліпбиіне көшу науқаны аясында қазақ тілі туралы арнайы заң шығару қажет. Біздің елімізде тілдер туралы заң бар, бірақ қазақ тілі туралы жеке заң жоқ. Осы мәселені оң жолға қойып, қауһарлы заң қабылдайтын уақыт жетті. Өйтпегенде, біздің ғалымдардың өзі дауласып жататын сәттер жиі кездеседі. Жазу нормасының ішінде орфографиялық, орфоэпиялық заңды-лықтар бар, сондықтан нақты ұсыныстар жасауымыз керек.

Жазу – әрбір халықтың рухани, мәдени өсуін, даму деңгейін көрсететін әлеуметтік мәні зор құбылыс. Ол өткен мен бүгінді, бүгін мен келешекті жалғастыратын алтын көпір. Сондықтан жазу, алфавит адамзат тарихындағы құнды дүниелердің бірі ретінде ұрпақтан-ұрпаққа мирас етіп қалдыратын байлығымыз. егеменді Қазақ елі ретінде әліпбиіміз бен жазуымызға да мемлекеттік тіл дәрежесіндегі Қазақ тілін әлемге таныта алатындай жағдай жасауымыз қажет. Латын графикасы арқылы таңбаланған қазақ әліпбиі мен жазуы қазақ елін осы биіктерге бастайтынына көміл сенеміз.

Латын қарпіне көшу – өркениетке жақындаудың бір қадамы. Жазу - елдігіміз бен егемендігімізді айқындайтын, халықтың сауаттылығын танытатын көрсеткіш деп білеміз. Қазіргідей қуатты мемлекетте өмір сүріп жатқан кезеңде біз ұлт болып бұл жазуды қолдап алып кетпесек, өркениетті елдердің қатарына ілесе алмаймыз. Себебі латын әліпбиі әлемдегі ең танымал жазулардың бірі саналады, яғни, болашағы зор. Сондықтан Елбасының шешімін қолдап, оның ары қарай жүзеге асуына үлес қосуымыз қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Назарбаев Н.Ә. 2012 жылғы 14 желтоқсандағы «Қазақстан – 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына жолдауы.

2 Назарбаев Н.Ә. 2017 жылғы 12 сәуірдегі «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласы.

ҚАЗАҚ ТІЛІ ӘЛІПБИІН ЛАТЫН ГРАФИКСЫНА КӨШУДЕГІ – ҚАЗАҚ ТІЛІНІҢ БҮГІНІ МЕН БОЛАШАҒЫ

САХАБА М.
филология магистрі, аға оқытушысы, ИнЕУ, Павлодар қ.
ТУКАЙ Б.
мұғалім, ХББ Назарбаев Зияткерлік мектебі, Павлодар қ.

Қазақ елі төу етер төуелсіздігін алған сонау 1991 жылдан бері ақпарат майданы орыс тілді идеологияның ықпалында өмір сүріп келеді. ХХ ғасырдың басында жалғыз күнде тұтас бір ұлттың тілін латыннан кирилл қарпіне ауыстарған саясат үшін де халықтың төл жазуын құрту керек еді. Ұлттық тілдің өзіне тән әуезділігі мен үнін орфоэпия, орфография деген жеке-жеке ғылымның өз аясына тастап қойды. Дұрысында біз «құлын» сөзін «құлуун» деп айтсақ, жазылуы да солай болу керек еді. Кирилл таңбасының маңдайына тар келген дыбыстық ерекшеліктерімізді латын қарпімен қайтарамыз деген үлкен үміт бар. Бұл ең алдымен, орыс экспанциясының әлі күнге дейін рухани отары болып отырған ат төбеліндей қазақтың өзіне қажет.

1940 жылдан бері қоғамның барлық саласында қызмет етіп келе жатқан қазіргі дыбыстық таңба заманауи ІТ технологияларының қоғамда кең өріс алуына үлкен кедергі келтіруде. Орыс тілімен бірдей таңбаланатын ана тіліміз көлеңкеде, үлкен мінберлерде үні шықпайтын мәжбүрлі күйде өмір сүріп жатқаны қашанғы?!

«Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласында мемлекет басшысы Н. Ә. Назарбаев «Қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастауымыз керек», – деп, нақты тапсырма берген болатын. Латын әліпбиі туралы алғаш сөз қозғалғаннан бері ғылыми ортада латын әліпбиінің мүмкіндіктері мен оны қазақ әліпбиіне көшіру мәселесі жөнінде түрлі дәрежедегі талқылаулар

болып, көптеген ғылыми зерттеу мақалалар да, түрлі авторлардың құрастырған әліпбилері де жарияланды.

Латын әліпбиіне көшудің мақсаты – «балаларымыздың ағылшын тілі мен интернет тілін жетік меңгеруіне, ең бастысы – қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызу екенін» естен шығармауымыз керек. Қазіргі уақытта латын әліпбиіне көшуді әлемдік өркениет жетістіктеріне алып баратын негізгі жол деп есептеп, оның саяси мәні де зор екенін мойындаған жөн. Яғни латын әліпбиіне көшу арқылы Қазақ елі бүкіл түрік әлемімен бұрынғыдан да жақындаса түседі. Сонымен бірге шетелдерде тұратын қандастарымыз үшін өз атамекенімен қарым-қатынас жасауларын да жеңілдетеді. Ақпарат және телекоммуникациялық саладағы қолжетімділік те артады. Әліпби ауыстыру, бұл – ұлтымыздың тарихындағы ең маңызды бетбұрыс болып табылады. |||

«Қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызады» деп Елбасы атап көрсеткендей, қазақ жазуын латын әріптеріне көшірудің басты мақсаты - бұл қазақ тілін дамыту үшін жасалып жатқан шаралардың бірі. 2017 жылдың 26 қазанында қабылданған латын әліпбиінің нұсқасы алдағы уақытта ұлттық әліпбидің қызметін атқаруы керек. Компьютер пернелерінде уақытты да, қуатты да үнемдеуге мұрша беретін бұл жазу 2025 жылдан бастап жаппай қоғамдық қолданыста болады деп күтілуде. Әлемдік өркениетке үлес қосамыз, жаһанданудың жағымды тұстарын қабылдаймыз деген әсіре сілтеулер де аз емес, бірақ ең алдымен латын қарпі өзімізді-өзіміз құтқаратын жол болу керек. Осы тұста латын біздің төл таңбамыз деуден аулақпыз, таңбаның өзі біздің гендік фемомендегі жекеменшік емес екені айдан анық. Бүгінгі күні қазақтың рухани-мәдени қазынасының төбесінде еш шарықтатпай көлегейлеп тұрған орысшылдықтың «шөкпары» болған кирилл қарпі «мені орысша» жазшы деп тұрғандай. Біздің төл таңбамыз б.з. 5–6 ғасырда өмір сүрген Тоныкөктің «Тауғаш халқынан сақтан!» деп сан мәрте жазған балбал тасында қалды. Ол таңбаны қайтару тым кеш әрі шалағай дүниені жетілдіру революция жасаумен пара-пар деуге ауыз сияды.

Ағартушы-педагог ғалым Ахмет Байтұрсынұлы айтып кеткендей, «Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің ең қуаттысы – тілі» деген. Алаш қайраткерлері де латын әліпбиін жазу-сызуда қолданды. Бұл бізге таңсық дүние емес. Ал, тілші-ғалым А. Байтұрсынұлының жасаған төте жазуды қайта жаңғыртудың да маңызы шамалы. Сандық мәліметтерді солдан оңға, жазуды оңнан солға теріп отыру тым қолайсыз. Сан мәрте

талқылаудан кейін латын графикасына тоқталған зиялы қауым өкілдері бұл бастаманың қоғам өмірінде жаңашылдыққа бет бұрғызар басым тұстарын әлі де айтудан еш жалыққан емес. Тек осы тұста тіл жанашырларының «Етектен тарта бермей, ел болып еңсе көтеруге мұрша берейік» деген жан айқайы ойға оралады. Ал, бұл бағытта елімізге танымал ғалымдардың пікіріне жүгінсек, тұтас түркі еліне елеулі ғалым, Мемлекеттік сыйлықтың иегері М.Мырзахметұлы латын жазуына көшудің бес артықшылығын көрсетеді: «1-ден, қазақ тілі табиғи қалыпқа түсіп, жасандылыққа ұрынған артикуляциялық базасынан арылып, табиғи қалпына түсер еді; 2-ден, әріп сандары 42 әріптен 28–34-ке дейін қысқарып, жазу сыйымдылығы артып, машинкаға да, компьютерге де сыйымды болар еді. Интернетке де кедергісіз шығар едік; 3-ден, латын жазуына өтуге біздің тәжірибеміз де бар. Қазіргі аға ұрпақтың бәрі де латын жазуын қиналмай оқи береді. Ал жастар болса шет тілдерін оқығандықтан, латын әрпімен таныс болғандықтан, тез меңгеріп кетеді; 4-ден, біз латын әрпін біркелкі ортақ таңбамен алсақ, түрік халықтары бірін-бірі оқи алатын мүмкіндікке келеді; 5-ден, ең бастысы – санамызға күнде әсер етіп отырған кеңестік идеология мен дүниетанымның тұтқынынан босаймыз» -десе, Академик Ә. Қайдар «латын әліпбиіне көшу – өмір талабы, болашағы жарқын өркениетті ел болудың алғышарттарының бірі», – деп бағалады. Филология ғылымдарының докторы, профессор Ә. Жүнісбек өз ойын: «Бүгінгі қазақ жазуына, тек әліпби ауыстыру ғана емес, түбегейлі реформа керек деп жүргенім сондықтан. Реформа бір ғана әліпби ауыстырумен тынбайды. Реформа үш мәселені – дыбыс, әліпби және емле-ережені бірдей қамтиды: дыбыс – өзге тілдерден бөлектеп тұратын тілдің тұрпат-тұрқы; әліпби сол дыбыстың қауызы, басқаша айтқанда, қорғаны мен оққағары; емле-ереже – дыбыстардың басын біріктіріп, сөз құрап тұратын дәнекері.

Әліпби саясатын қолға алғаннан бері ел ішінде де, сырттан да жүздеген ұсыныстар түскен. Соның бірі «Қазақ тілі өте бай, оралымды, иірімді әрі бейнелі тіл. Бұл тілдің осыншама байлағы техника заманы үшін кедергі, сондықтан да жаңа әліпбимен қатар техника тілін жасап шығарайық» - деген жан шошырлық ұсыныстар да түскен. Біздің тіліміздегі тек сұлу деген мағынаны беретін ажарлы, көрікті, келбетті, әсем, жаңа туған айдай, шырайлы, ренді деген сияқты синонимдік қатарларды қайда жібереміз?!

Тілдің тұнықтылығы мен бай қорын сақтаумен қатар, әуезділігі мен үндестігін қамтамасыз ететін тәуелсіз жазуымыз

ұлттық бірегейлігімізді сақтайтын жаһандануға қарсы қалқанымыз боларына сенеміз. Мұндай сенімділік бірден батылдық танытып латын қарпіне көшіп кеткен бауырлас Өзбек, Әзірбайжан мемлекеттерінің тәжірибесінен туып отыр. Басында қай бастама болмасын қоғам тарапынан психологиялық шабуыл орын алатыны сөзсіз. Оның үстіне қаржылық жағын есептеп қойған статистикалық деректерді алға тартады... Кирилл әліпбиінің өзінде қалып отырған күйімізде әлі күнге дейін орыс тілінде дыбысталап жүрген жер-су атауларымызды өзгерте алмай отырған жоқпыз ба?

2019 жылдың ақпан-сәуір айларында Кереку өңіріндегі химия-биологиялық бағыттағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің қазақ тілі мен әдебиеті әдістемелік бірлестігі 9-сыныптар үшін латын әліпбиінде жаппай диктант жазу науқанын жоспарлап отыр. Науқан басталып та кетті. Сәуір айында алға қойылған облыс мектептері мен республикамыздағы барлық Зияткерлік мектептердің 9-сыныптарында жатжазу жазғызу үдерісі қолға алынып, жаңа әліпбиге бейімділік басталып кетері анық. Басында лингвистикалық проблема болады. Бірте-бірте емле ережелері мен жаңа дыбыстық таңбаның әлеміне ене отырып, латын әліпбиі қоғам дамуының ажырамас бөлігіне айналары хақ.

Сан түрлі қоғамдық құбылыстар мен идеологияларды бастан кешкен қазақ халқы үшін оқу-ағартушылық, рухани-мәдени мұраны екшеу мүмкіндігі туды. Латынға аудару арқылы қат-қабат болып жатқан керексіз ақпараттар ағымын тоқтатуға болады. Тек жарқын болашаққа жол сілтейтін, сұрыпталған еңбектер халықтың танымдық сана-сезіміне рухани жаңғыру әкелері сөзсіз.

Латын әліпбиінің қажеттілігіне біздің көзіміз айқын жетіп отыр. Әуелі тіліміздегі қазіргі жат дыбыстарды таңбалайтын әріптерді қысқартып, сол арқылы қазақ тілінің табиғи таза қалпын сақтауға мүмкіндік туады. Қазақ тілін оқытқан уақытта басы артық таңбаларға қатысты емле, ережелердің қысқаратыны белгілі. Ол мектептен бастап барлық оқу орындарында оқыту үрдісін жеңілдетеді. Уақыт та, қаржы да үнемделеді. Сондай-ақ латын әліпбиіне көшу қазақ тілінің халықаралық дәрежеге шығуына жол ашады. Қазақ тіліне компьютерлік жаңа технологиялар арқылы халықаралық ақпарат кеңістігіне кірігуге тиімді мүмкіндік туады. Және түбі бір түркі дүниесімен рухани, мәдени, ғылыми, экономикалық қарым-қатынасты, тығыз байланысты күшейтуге жол ашылады. Тұтастай алғанда, латын әліпбиіне көшуіміз – дұрыс таңдау. Жастар жағы латын әліпбиіндегі қазақ жазуын тез меңгеріп алады. Мектепте ағылшын

тілі оқытылатындықтан, олар латын әліпбиін тез қабылдайтыны сөзсіз. Жаңа латын әліпбиі қолдануға өте ыңғайлы, әлемдік жаңа технологияларға бейімделген, қазақ тілінің, сондай-ақ Қазақстанда тұрып жатқан басқа да сан ұлттың тілдік жағдайларын да қамтитын жақсы алфавит болып соңғы нқұсқасы құрастырылды деген ойдамыз. Жалпы алғанда латын әліпбиіне көшу Қытай, Монғолия, Өзбекстан, Ресей секілді көптеген мемлекеттерде мекен ететін қазақтардың ана тілі болып табылатын қазақ тілі бірыңғай латын әліпбиіне көшетін болса, өзара түсінісу, жазу тілін тану үдерісі анағұрлым ілгерілейді. Онсызда өзге елдерде тұратын қандастар бірі латын, бірі кирилл, бірі араб графикасымен жүрген жоқ па? Шекара бір бөлсе, рухани ақпарат алмасу таңбалармен тағы да шектеліп отыр.

Уақыт бәрінен мықты, алға қойылған келелі жоспардың қаншалықты ұлт болып ұйысуға септігі тиерін алда көрсете жатар. Ғылыми болжамның айтар сүйінші хабары көп, ендеше тіл болашағы үшін тәуекел демеске амал жоқ.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Н. Назарбаев. «Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру». Egemen.kz
- 2 Айталы А. Қазақ тіліне сұраныс жоқ елде, латын әліпбиіне сұраныс бола ма? «Жалын» журналы, №3, 2013.
- 3 <http://alashainasy.kz/halyktikemshi/latyin-alpbine-koshudn-jazu-sauattyilyigyin-arttyiruga-yikpalai-99840/>

ҚАЗАҚ ЖӘНЕ ӨЗБЕК МАҚАЛ-МӘТЕЛДЕРІНІҢ ЭТНОЛИНГВИСТИКАЛЫҚ СИПАТЫ

СИДИҚМЕТОВА З. Т.
мұғалім, Хамза атындағы № 108 ЖОББМ, Шымкент қ.

*«Адамның адамдық, ұлттың ұлттық
ең жоғарғы қасиеті – тіл өткірлігі
мойымасын, тіл сұлулығы кемімесін!»*

Байтұрсынов А.

Тіл халықтың қоғамдық, әлеуметтік өмірімен, саяси экономикалық жағдайымен тығыз байланыста дамиды, кемелденеді. Сондықтан да қоғам өмірінің даму қарқыны түрлі тарихи дәуірде түрліше деңгейде көрінетіні сияқты, әдеби тілдің де даму шеңбері бірде кеңейіп, бірде тарылып отырады.

Діні бір мәдениеті ұқсас тарихының түйісетін жолдары бар қазақ және өзбек халықтарының тілдеріндегі мақал-мәтелдер өлі күнге дейін ғылыми түрде салыстыра зерттеліп тұжырым жасалған жоқ. Сондықтан да қазақ және өзбек мақал-мәтелдерінің этнолингвистикалық құрылымды-грамматикалық лексика-семантикалық ерекшеліктеріне салыстыра отырып зерттеу, олардың ортақ ойларын тауып халықтың рухани мұрасы болған Мақал-мәтелдердегі құнды деректер мен мәліметтерді зерттеуге деген қажеттілік-осы жұмыстың өзектілігін айқындайды [1, 509 б.].

Мақал-мәтелдер – жекелеген өмір құбылысына нақты баға беретін халық мұрасы. Тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйінін айтатын мақал-мәтелдер аз сөзден жасалғанымен, көп мағынаны білдіреді. Қазақ және өзбек мақал-мәтелдері өзінің құрылым жүйесі, терең мағыналығы, бейнелілігі жағынан өзіндік ерекшеліктерге ие.

Бұл мақалада қазақ және өзбек мақал-мәтелдерінде этнолингвистикалық және морфологиялық талдау әдістері қолданылды.

Қазақ және өзбек тілдеріндегі мақал-мәтелдер тек сан жағынан ғана емес, сапа, мазмұн тұрғысынан алғанда да алуан түрлі. Оның басты себебі: ұлттық менталитеттің тілдегі ерекше мәнді де маңызды өрнегі болып саналатын мақал-мәтелдер қазақ, өзбек этносына тән дүниетаным мен тарихи сананың айқын айғағы, халық даналығы мен философиялық толғанысының, эстетикалық танымы мен тағлым-тәлімнің, өркениетінің, мәдениетінің – барша болмысының бұлағы. Мақал-мәтелдер сан ғасырлар бойы екшеленіп, қырланған мазмұны түрліше сан түрлі тақырыпты қамтумен қатар, адам өмірінде, тұрмыс тіршілікте, әр килы қоғамдық жағдайларды кездесетін құбылыстарға, тарихи мәні бар оқиғаларға берілген даналық баға [2, 2002 б.].

Қазақ және өзбек тілдеріндегі мақал-мәтелдерді салғастырмалы әдіс арқылы зерттей отырып, екі тілдегі мақал-мәтелдердің этнолингвистикалық, құрылымды-морфологиялық, лексика-семантикалық ерекшеліктерін ашу. Осы мақсатқа орай төмендегі міндеттер қойылды:

– қазақ және өзбек мақал-мәтелдерін жинақтап, бір жүйеге келтіру, мағыналық-тақырыптық топтарға бөлу

– қазақ және өзбек мақал-мәтелдерінің құрылым, мағынасы, шығу тарихы жағынан ұқсастықтар мен ерекшеліктеріне этнолингвистикалық зерттеу жүргізу.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы. Зерттеу жұмысы түркологиядағы қазақ және өзбек мақал-мәтелдерін өзара этнолингвистикалық тұрғыда салыстырған алғашқы жұмыс.

Екі халық арасындағы мақал-мәтелдердің орны, олардың өзара сипаты, сөздік, тақырыптық, теориялық түсінігімізді тереңдете түседі.

Қазақ және өзбек тілдерінің арнайы сабақтарына, тіл білімі т.б. пәндерге арналған семинар сабақтарында көмекші құрал ретінде пайдалануға болады.

Зерттеу болжамы: Мақал-мәтелдер халық тұрмысынан алынған жекелеген өмір құбылыстарына нақты баға беретін халық мұрасы. Олар аз сөзден жасалып, күрделі мағынада келеді.

– Мақал-мәтелдер атадан балаға мұра болғандықтан, халықтар арасындағы мәдени байланыстарды айқындауға тарихи материал болады.

– Мақал-мәтелдердің мағынасы әр халықтың өмір сүру ерекшелігімен, рухани өмірімен, шаруашылығымен тікелей байланысты.

Жалпы мақал-мәтелдер қысқа да нұсқа, бейнелі, мағынасы терең, шымыр логикаға (ойға) құрылады да, тыңдаушы көкейіне бірден қона кетеді.

Мақал-мәтелдер бүкіл бір халықтың рухани қазынасын бойына жинақтап сақтайтын, ұлттық рухтың табы сіңген рухани дүние [3, 31 б.].

Қазіргі түркі мақал-мәтелдерін салыстырғанда, олардың тақырыптары мен мазмұндарының ортақтығы, ой бірлігі сияқты жалпы түркілік сипаты сақталғаны байқалады. Мақал-мәтелдерді мынадай тақырыптарға топтастыруға болады.

Отбасы жайлы, адамгершілік туралы, еңбек және достыққа қатысты.

«Есек мінгеннің аяғы тынбас, Қос қатын алғанның құлағы тынбас». «Эшак минганинг оғи тинмас, Куш хотинликнинг кулоғи тинмас». «Адам аласы ішінде, Мал аласы сыртында». «Одам оласи ичида, Мол оласи тишида». «Түзсыз ас». «Ошнинг таьми туз билан». «Адам мен адам кездессе де, Тау мен тау кездеспейді». «Тоғ тоғқа қовушмас, Киши кишига қовушур». «Ер жігіттің екі сөйлегені, өлгені». «Эрнинг сузи битта».

Қазақ және өзбек мақал-мәтелдерінде айтылып тұрған ой бір. Тура мағынасы: есек мінген адамның тірлігі бұрынғыдан да көбейеді де, демалуға уақыты болмайды, ал екі қатын алғанның дау-дамайы үйінде. Күндестің күліне дейін күндес демекші, бұл екеуі ешқашан тату болған емес.

Отбасы демекші қазақ халқында «он үште отау иесі» дейді атам қазақ. Қазақ халқында жеті атаға дейін қыз алмау қатып қалған салт, сол үшін де ең таза қан қазақтың қаны. Қазіргі кезде замана жетісіп әйел мен еркек тең праволы болды. Әркім өзінің сүйгенін алады,

калағанына барады. Ал туыстас өзбек халқына келсек, өздеріне етене жақын бөлесімен де үйлене береді. Өзбектерде өздерінің жақындарына үйленгенді ұят көрмейді.

Отбасыға қатысты мақал-мәтелдер:

Қазақ тілінде:

- 1 Бір күн ұрыс болған үйден,
- 2 Қырық күндік береке кетер.
- 3 Өз үйім өлең төсегім.
- 4 Балалы үй-базар,
- 5 Баласыз үй-мазар
- 6 Келінді келгенде көр,
- 6 Себін жайғанда көр.
- 7 Жақсы қыз – жағадағы құндыз,
- Жақсы жігіт – көктегі жұлдыз.
- 7 Балаға іс бер,
- Артынан өзің жүгір.
- 8 Балалы үйде ұрлық жатпас.
- 9 Ананың көңілі балада,
- Баланың көңілі
- 10 Атаңның баласы болма,
- Адамның баласы бол.

Өзбек тілінде:

- Бир кун уриш булган уйдан,
- Қирқ кун барака кетар.
- Уз уйим, улан тушагим.
- Болалак уй-бозор,
- Боласиз уй-мозор.
- Келинни келганда кур,
- Сепини ейганда кур.
- Яхши киз – ёкадаги кундуз,
- Яхши йигит – кукдаги юлдуз.
- Болани ишга буюр,
- Кетидан узинг югур.
- Болалик уйда сир ётмас.
- Онанинг кунгли болада,
- Боланинг кунгли далада.
- Отанг боласи булма,
- Одам боласи бул

Қазақ және өзбек тілдерінде мағынасы бірдей, лексикалық құрамы, морфологиялық құрылымы бірдей жұмсалатын Мақал-мәтелдер қазақта: Тек жүргенше тегін істе, өзбекте: тек тургунча, текин ишла мақал-мәтелі құрамында екі тілге ортақ тұру, жұру, істеу етістіктері бар. Олардың берілу формалары да бірдей: қазақ тіліндегі –генше есімше тұрпатындағы жүргенше етістігіне, өзбек мақалында тургунча тұрпаттағы етістігі, қазақ мақал-мәтеліндегі бұйрық рай, II жақ формасындағы әсте етістігіне, өзбекше ишла деген сөз толық сәйкес келеді. Тіптен екі тілдің мақал-мәтел құрамындағы тек тегін, текин сөздерінің морфологиялық сипаты да бірдей [4, 176 б.].

Өзбек, қазақ мақал-мәтелдерінде еркек пен әйелді тең дәрежеде салыстырады. Бірақ екеуіне екі түрлі ер адамға өз алдына, ал әйел адамға өз алдына сипаттар беріледі. «Ер адам елдікі, әйел адам үйдікі», «Ер адам қайсарлығымен, әйел адам нәзіктігімен сүйкімді». «Еркекке – жүрек, әйелге – тірек керек». «Ер күшінен білінеді, әйел ісінен білінеді».

Ал өзбекте де тура осылай «Эркак тузники», «Эркакка – юрак керак, хотунга – тирак», «Биянинг югириги яхши, хотиннинг – эпчили», т.б. Яғни қазақ халқында қалай берілсе, өзбекте де солай

айтылады, бірақ дегенмен де кейбір кездері айырмашылықтар байқалып жатады. Өзбек халқында ер адамдары қазан-табақтың қасында, яғни ас үйде тамақ дайындап жүре береді. Ал қазақта ер адамның ас үйде жүргенін, тамақ әзірлегенін көрмейміз. Мұндай әдет қазақтар үшін өте ұят нәрсе болып көрінеді.

Кәрілікке қатысты мақал-мәтелдер:

- 1 Су ағады, тас қалады,
- Кәрі кетеді, жас қалады.
- 2 Бүркіт қартайса,
- тышқаншы болады.
- 3 Жас келсе іске,
- Кәрі келсе асқа.
- 4 Жастық-жалын, кәрілік-күл.

- Сув оқару тош қолар,
- Усма кетар, кош қолар.
- Бургут қариса сичқон овлар.

- Ёш келса – ишга,
- Қари келса – ошга.

- Ёшлик чоғим – олтин чоғим.

Қазақ, өзбек Мақал-мәтелдері негізгі мазмұны мен лексика-грамматикалық құрылысын сақтаған да, тек қана кейбір дыбыстық өзгеріске түскен. Қазақ тілінің ең басты ерекшелігі-дауысты дыбыстардың үндесу заңын-сингармонизмді сақтауы. Қазақ, өзбек Мақал-мәтелдерінің сөздік құрамы түркі тілдерінің туыстығын білдіретін ортақ сөздерден құралады. Оның үстіне Мақал-мәтелдердің лексикалық қоры көптеген ғасырлардың куәсі. Түркі сөздері сан ғасырлық оқиғаны басынан өткізсе де, өздерінің сөздік қорын сақтап қалған. Бұл – осы даналық сөздер.

Мақал-мәтелдердегі синонимдер.

Синонимдер түркі тілінде көптеген сөз табынан жасалады. Өзбекте: Ким бировга чукур қазса, унга узи йиқилади. Қазақта: Кім біреуге ор қазса, оған өзі түседі. Бұл мақал екі тілде де бір мағынаны береді: чукур (чокыр), ор сөздері синонимдес болып тұр, мағыналары жақын: шұқыр- тайыздау, ор-тереңірек қазылған шұқанақ. Мақал-мәтелдерде омоним де, антоним де кездеседі [5, 85–98 б.].

Мақал-мәтелдер өмірдің өзі сияқты өте күрделі; олар адам мен табиғат арасындағы қатынастарды толық қамтыған. Ескі, орта ғасырларда жазылып сақталған мақал-мәтелдерді қазіргі тілдермен салыстырғанда – дыбыстық, кейбір лексикалық ерекшеліктері ғана кездеседі. Олардың да өз заңдылықтары бар. Демек, қазақ, өзбек мақал-мәтелдері бір-бірімен тікелей қарым-қатынас жасауға, ескі әдеби, мәдени мұраларын толық пайдалануға мүмкіншіліктері бар.

Қорытындылай келе, бұл жұмыста лексика-грамматикалық құрылысы бірдей болған мақал-мәтелдерді салыстыруға тырыстым. Тағдырдың өзі қазіргі түркі тілдес халықтарды қайтадан табыстырып,

жақындата түсуде. Олардың жан-жақты байланыстары әлі де терендей бермек, өйткені зерттелмей жатқан ортақ қазыналары көп.

ӘДЕБИЕТТЕР

- 1 Қазақ тілі. Энциклопедия. Алматы: Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан даму институты, 1998. - 509 Б.
- 2 Дина Б. Қазақ тіліндегі мақал-мәтелдердің танымдық прагматикалық аспектісі. Ф.ғ.к. дисс. қолжазбасы. 10.02.02. – Алматы, 2002. – 110 б.
- 3 Атаханова Р.К. Туыс емес тілдердегі мақал-мәтелдердің этнолингвистикалық сипаты. Ф.ғ.к. дисс. автореф. – Алматы, 2005. – 31 б.
- 4 Қыдырбекұлы Б. Сөз төркінін танық//Түгел сөздің түбір бір. – Алматы: Қазақ университеті, 1993. – 176 б.
- 5 Қайдар Ә. Халық даналығы. – Алматы: Тоғанай Т, 2004. – 560 б.
- 6 Саримсоқов Б., Мақоллар / Ўзбек фольклори очерклари. 1-жилд. - Т.: Фан, 1988. – Б. 85-98

КӘСІБИ ҚАЗАҚ ТІЛІ МӘСЕЛЕЛЕРІ (ҚҰҚЫҚТАНУ БОЙЫНША)

ЫСҚАҚ Б. Ә.

ф.ғ.к., қауымд. профессор, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

ЫСҚАҚ С. Ә.

заң ғылымдарының магистрі, С. Торайғыров атындағы ПМУ, Павлодар қ.

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл Білімі институты 2018 жылы «Латынграфикалы жаңа ұлттық әліпби негізінде қазақ жазуын жаңғыртудың ғылыми-лингвистикалық базасын әзірлеу» атты жоба [<https://tbi.kz/>] әзірледі. Мақаламыздың міндеті – латыннегізді қазақ әліпбиі мен жазуына қатысты ғалымдардың атқарған еңбектерін таныстыра отырып, оның қазіргі қажеттілігімізге ғылыми тұрғыдан нұсқаулық бағытында қолдана алу мүмкіндігімізді баяндау. Себебі, қазіргі латыннегізді қазақ жазуына түрлі апробациялар мен тұжырымдарды зерттеушілер 14 жылдай қарастырып келеді және ол әлі де болса тартысты, таласты болып тұр. Осындай тұста, тек барды көрсетіп, жаңа емлені ғылыми бағытта түсіндірушілер еңбегін жинап-қолданып, дұрыс бағытталу ақпаратының өзі де өзекті болып отырғанын жасырмаймыз.

Атап айтсақ, жоғарыда аталған жоба аясында мынадай еңбектер дүниеге келіп, ұсынылғанын пайдаланушылардың бірі білсе, бірі білмейді деуімізге болады:

1 XX ғасырдың басындағы терминологиялық сөздіктер және латын графикасына көшу барысындағы ұстанымдар (тарихи-ретроспективті талдау);

2 Қазақ жазуын латын қарпіне көшірудің статистикалық негіздері;

3 Латын графикасы негізіндегі қазақ антропонимдерін транслитерациялау ережелері

4 Кирилл және латын графикаларындағы қазақ есімдері мен фамилияларының параллель анықтамалығы;

5 Қазақ графемаларының жиілік сөздігі;

6 Қазақ тілінің орфоэпиялық сөздігінің проспектісі;

7 «Қазақ тілінің тіркесімдер сөздігі» жобасы (а-к);

8 «Қазақ тілінің жарыспалы сөздер сөздігі» жобасы (а-к әріптері бойынша);

9 Қазақ тілінің жаңа латын графикалы ұлттық әліпбиі бойынша орфографиялаудың ғылыми-теориялық негіздері;

10 Қазақ орфографиясының анықтағышы;

11 Н. Уәлиев – монография (графика. орфография. орфоэпия);

12 Талдамалық анықтама.

ЖОО таңдау пәндері, оның ішінде өзіміз зерттеуге алған құқықтану бойынша кәсіби қазақ тілі мәселелерін шешу тәсілдерінде және мектеп, мекемелердің жаңа әліпбиге негізделген кезең-кезеңімен өтетін жоспарлы оқу-үйрену жұмыстарының әдістемесіне аталған еңбектер көп көмек етеді деп ойлаймыз. Оқу құралдары мен оқулықтар дайындауда жинақталған зерттеу еңбектерінің пайдасы бар және әрбір тіл орталықтарынан жүргізіліп жатырған іс-шаралар қарапайым жатжазу үрдісінде ғана болмай, осы еңбектердің қисындылығына назар аударып, жүйелілікте болуына мән беруіміз керек деп ойлаймыз. Мысалы, Қ. Есенова, Ә. Әмірбекова, Г. Мамырбекованың «Қазақ әліпбиін латын графикасына көшірудегі кейбір орфографиялық мәселелер», «Қазақ тілінің жаңа латын графикалы ұлттық әліпбиі бойынша орфографиялаудың ғылыми-теориялық негіздері» [<https://tbi.kz/wp-content/uploads/2018/12/>] атты еңбектері нақты дәлел бола алады.

Құқықтану саласы өзіндік термин, кірме сөздермен ерекшелігі бар, әрі латыннегізді қазақ жазуына «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты

Мемлекет басшысының 2018 жылғы 10 қаңтарындағы Жолдауына және «Білім берудің барлық деңгейлерінде 2025 жылға дейін латын әліпбиіне көшу кестесін бекіту туралы» № 183 бұйрыққа сәйкес нақты кесте бойынша 2022–2024 жылдар аралығында Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы, Қазақстан Республикасының Ішкі Істер министрлігі өтіп болады деп жоспарланып отыр. Сондықтан кестемен жоспарлы дайындалып өтетін мамандармен қатар, мамандану үрдісінде сол жылдары бітіретін түлектерде де кәсіби қазақ тіл мәселелері туындайтыны және оны шешу жолдары қарастырылатыны анық. Сондықтан алдымен, ақпараттық бірізділік, сауатты нұсқаулық қана жұмысты жандандырады деп білеміз және А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл Білімі институты дайындаған еңбектер жүйеленген нұсқаулықтар қатарынан табылады деген пікірдеміз.

Зерттеушілердің жалпы жұмыс ауқымынан байқағанымыз, жаңа әліпбидің емле ережесі мақұлданғанымен, түзетілімі қоса жүре береді. Мамандар дайындаған латын әліпбиіне негізделген қазақ жазуының емле ережесін арнайы құрылған ұлттық комиссиясы алдында жазу реформасының маңызды кезеңдерін жүргізу міндеті тұр. Бұнымен қоса ережені түсіндіретін анықтағыш жасалып, емле сөздігі әзірленуі тиіс. Сонда ғана жазу ортақ заңға бағыну үшін заңмен бекітілетін болады. Мысалы, бұрын қалай болды десек, мына жайтқа назар аударуымыз қажет екен: қазақ жазуының тарихын зерттеген Қ. Күдерінова еңбегінде, 1940 жылдан басталған кирилл әліпбиінің ережесі заңмен бекітілмей, 1957 жылы ғана қабылданғаны, халқымызда әдеби тілдің нормасы берік қаланғандықтан дұрыс жазу қалыптасқаны баяндалады. Тіпті бекіту жұмысы, Үкіметтің қаулысымен 1983 жылы ғана тиянақталған екен.

Жалпы, тіл мамандарымен қатар әдеби тіл түзуші шығармашылық адамдарының да пікірі құнды деп санаймыз, әсіресе түзету жұмысында негізді ой-пікірлерді де жүйелеу емленің дұрыс қалыптануына ықпал етеді деп санаймыз. Мысалы, жазушы Бексұлтан Нұржекеұлының «и» қазақ тілінің табиғи заңы болып саналатын үндестік заңын бұзатыны туралы баяндаған мақалалары да ой саларлық, сол сияқты емле ережеде тіл табиғатына жат деп көрсетіп, дәлеліне Халел Досмұхамедовтің «махаббат» сөзінің енуіне қарсы болғанын [<https://adebiportal.kz>] «махаббат» деп бір ғана «б» арқылы жазылуы керек екендігін назар аударғанын пікірлерін ескеру қажет. Әрі Қазақстан халқында бұрынғымен салыстырғанда әдеби тілдің нормасы берік қаланған ба, дұрыс жазу қалыптасып кетуі үшін тіл шұбарлығы мен мүлде қазақ

тілін білмеу немесе шала білу жаңа емлеге қиындық тудырып отырған фактілердің бірі ме, осы жағын зерделеу қажет деп санаймыз.

Сондықтан да, бүгінгі латыннегізді жазу емлеміз көпшілік көңілінен шығып, нақты сауаттылыққа икемделуі үшін практикада қолдана отырып, түзету жұмысы ілесе отыратыны даусыз болар деп ойлаймыз.

Қазіргі қолданыстағы сөздердің графикалық бейнесі сінгенін және Нүргелді Уәлидің пікіріндегі, когнитивті санада базалық норма болып қаланғанын ескеруіміз керек. Нақты айтқанда, Н. Уәли және латыннегізді графикалы қазақ тілін зерттеуші тіл мамандарының еңбектерінде сөздердің жазылуындағы үйренген дәстүрді сақтамай, жаңа әліпбиімен емлені түп-тамырымен өзгертіп жіберуге болмайтыны айтылып жүр. Себебін жаппай сауатсыздық пен қолданыс иесінде қорқыныш пайда болатынымен дәлелдейді. Осы зерттеушілер түйіндеген пайымдарды жинақтасақ: қай әліпбиді қабылдаса да, өзгермейтін базалық нормалар болуына мән береді. Мысал ретінде, қазақ халқы кезінде араб әліпбиін қолданғаны, қадым, жәдит жазуына көшкені айтылады және Ахмет Байтұрсынұлы төте жазудың әліпбиі мен емлесін жасағанда жәдит жазуының дәстүрін қалдыра отырып, ұлттық жазу жасаймын деген мақсаты болса да таңбалар мен емле нормаларын толықтай өзгертпегені түсіндіріледі: «...мысалы, қазақ сөзі ұяңмен аяқталмайтынын біле тұра, сөз аяғын «көб», «себ» деген сияқты «б» әрпімен жазды. Сіңісті болған жазу дәстүрін сақтап, ұлттық жазуды қалыптастырды. 1929 жылы А. Байтұрсынұлының 24 таңба, 1 дәйекшеден тұратын әліпбиі негізінде 29 таңбалық латын әліпбиі жасалды. Осы дәстүр кирилде де сол күйінде қайталанып, тек термин сөздерді жазу үшін қосымша әріптер енгізілді. Тілші-ғалымдар Ахан ұстанған жүйеден тайқымады» [www.astana-akshamy.kz].

Жаңа емленің дұрыс-бұрысына талдама жасау үшін оның қандай тәжірибелерге сүйенгенін де жинақталған қорытындыларға да мән беру маңызды деп санаймыз. 1991 жылы Түркияда өткен «Қазіргі түрік әліпбилері» атты I халықаралық симпозиумына ғалым Ә. Қайдар қатысып, бастамасын жасағанмен, сол кездегі Қазақстандағы әлеуметтік және тағы басқа ахуалымызға байланысты латынға көшуді кейінге қалдыруға мәжбүр болғаны түсінікті. Нақты әрекетке, зерттеуге кіріскен кезде зерттеуші ғалымдар Түркияда өткен «Қазіргі түрік әліпбилері» атты II халықаралық симпозиумына қатысқан және қазақ ғалымдары «Қазақ жазуы шетелден енген терминдерді сындырып жазуды бастап жатыр. Тіпті, кейбір кірме сөздерді ағылшынның орфоэпиясымен алдық» деп өз ұсынымдарын ортақ елекке салып,

олардың тәжірибесінде болған қателіктер арқылы ақылдасу дискурсын жасаған, нәтижесінде бізге ұсынылған жаңа емле даярланған.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Латынграфикалы жаңа ұлттық әліпби негізінде қазақ жазуын жанғыртудың ғылыми-лингвистикалық базасын әзірлеу. [Электронды ресурс]. А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл Білімі институтының ресми сайты: <https://tbi.kz/> [2018].

2 <https://tbi.kz/wp-content/uploads/2018/12>

3 www.astana-akshamy.kz

1.7 Орыс филологиясы

1.7 Русская филология

О СОЦИАЛИЗАЦИИ БИЛИНГВАЛЬНОЙ ЛИЧНОСТИ

АКОШЕВА М. К.

к.ф.н., доцент, Казахский агротехнический университет
имени С. Сейфуллина, г. Астана

Билингвальная личность проходит социализацию в двух обществах. Соответственно, она имеет представление о статусе, их стратификационных, ситуативных переменных, играет определенные социальные роли, усваивает социальные отношения, нормы первого и второго общества. Личность как член одного общества предстает как продукт общественного развития. Она происходит из социальной среды, ибо формируется в этой среде, оказываясь своеобразным фокусом, в котором преломляются многочисленные и противоречивые воздействия классово-имущественных, профессионально-групповых и социально-групповых, половых и возрастных, расовых и этнических, территориальных и прочих отношений.

Личность воспитывается своей эпохой, ее общественным сознанием, психологией, культурой, системой разрешений и запретов; включается в системы речевых функций, предписаний и ожиданий. С другой стороны, личностные качества есть объект внешних воздействий на личность. Личность предстает как активно действующий участник общественной, трудовой и познавательной деятельности, «субъект материального и духовного общения, осознающий свое место в мире людей, свое отношение к ним, их потребностям, мотивам, интересам и целям, осознающий и самое себя, свое» [1, с. 53].

Билингвальная личность, социализуясь во втором обществе, в процессе изучения второго языка также предстает как продукт общественного развития во втором обществе, так как в процессе социализации усваивает социальные нормы, входит в социальные отношения, имеющиеся в данном социуме, занимает определенные статусные и ролевые позиции.

И. П. Яковлев утверждает, что формами взаимодействия личности и общества являются 1) функционально-ролевые функции и роли, выполняемые в обществе; 2) статусные позиции (место, которое занимает личность в иерархической системе) [2, с. 66].

Личность, владеющая вторым языком, также может вступить в подобные формы взаимодействия, так как, владея вторым языком, он также включается в процессы социальной дифференциации места того языка, которое тот язык занимает в обществе. Если билингв владеет вторым языком на высшем уровне компетенции, то он может иметь достаточное представление о стилевой системе данного языка, владеть несколькими формами существования языка, его коммуникативным инвентарем, соответствующим определенным ролевым ожиданиям. Он также знает хорошо и коммуникативные системы функциональных стилей, языковые средства, которые отобраны в соответствии с целью и функциональным предназначением той или иной соответствующей деятельности. Все эти признаки можно отнести к явлениям активного билингвизма на втором языке.

Л. П. Крысин к существенным признакам активного двуязычия относит:

1) различие языковых кодов; 2) ситуативно обусловленное переключение с одного кода на другой; 3) интерференцию кодовых элементов в процессе коммуникации; 4) заимствование [3, с. 62].

Когнитивные характеристики билингвальной социокультурной личности связаны с формированием у билингва вторичного когнитивного сознания и вторичной когнитивной базы. «Когнитивное сознание – это продукт познания вещей и служит средством ориентировки с этими вещами» [4, с. 42]. Достоинством такого сознания является его истинность, которую можно проверить на практике, а также путем планомерного воздействия на вещи. Свободное от сиюминутных потребностей, но предусматривающее разнообразное использование, когнитивное сознание, стремящееся к полноте отражения своих объектов, открыто для всех дополнений и изменений, происходящих в связи с новыми фактами. В отличие от

- 2 Speech of the President of Kazakhstan N. Nazarbayev at the XXII session of Assembly of the people of Kazakhstan. Astana, April 23, 2015
- 3 Speech of the President of the Republic of Kazakhstan at Open 17th annual session of Parliamentary assembly of OSCE.r. Astana, June, 2008.
- 4 Nazarbayev N. A. In a history stream. Almaty: Atamura, 1999. 296 p. (20, 25).

5 Nazarbayev N. A. Kazakhstan on the way of the accelerated economic, social and political modernization. Message of the President of Kazakhstan. – Astana. – Elorda, 2005.

6 Abdrakhmanova G. K. Role of Kazakhstan in regional integration at the Eurasian space. – Almaty, 2009. p. 51

7 Kaliyeva R. M. Republic of Kazakhstan and modern world. – Astana: Elorda, 2010. 284s.

СРЕДСТВА СОЗДАНИЯ ОБРАЗНОСТИ В РОМАНЕ О. УАЙЛЬДА «ПОРТРЕТ ДОРИАНА ГРЕЯ»

ТУЛЕГЕНОВ Т. Т.

магистр педагогических наук, преподаватель, ШПУ, г. Павлодар

«Портрет Дориана Грея» (англ. The Picture of Dorian Gray) – единственный опубликованный роман Оскара Уайльда. Впервые напечатан в июле 1890 года в «Ежемесячном журнале Липпинкотта» (Lippincott's Monthly Magazine), а позднее изданный отдельной книгой в апреле 1891 года.

В романе очевидна экзотика изобразительных приемов, именно в этом проявляется и своеобразие эстетизма как литературного течения, и индивидуальность Уайльда как художника слова. Такого рода экзотика заметна в описаниях вполне, казалось бы, реалистических, лишенных каких бы то ни было примет фантастики; это, можно сказать, экзотика невымышленного.

Проявляется она и в употреблении наименований изысканных цветов, запахов, драгоценностей и т.д., с подобной «изысканностью» читатель уже встречался в уайльдовских новеллах конца 1880-х годов, в романе удельный вес ее резко возрастает. Таким образом, уже с первых строк «Портрета Дориана Грея» становится очевидным стремление автора к передаче разнообразных запахов, цветов и звуков; при этом осознанное тяготение к изображению изысканному заставляет писателя тщательно выверять значения различных слов, принадлежащих одному синонимическому ряду, что свидетельствует об изяществе слога автора и его тяге ко всему утонченному и красивому.

Страсть Дориана Грея к драгоценным камням изображена следующим образом: «He loved the red gold of the sunstone, and the moonstone's pearly whiteness, and the broken rainbow of the milky opal» («Он любил красное золото солнечного камня, жемчужную

белизну лунного камня, разбитую радугу молочного опала») – автор использует троекратную конструкцию в перечислении, употребляет красочные метафоры «pearly whiteness» («жемчужная белизна»), «broken rainbow» («сломанная радуга»), «milky opal» («молочный опал»).

Очень часто в романе встречается детальное изящное описание костюмов. Вот как, например, Дориан Грей описывает Сибилу Вэйн: «When she came on in her boy's clothes she was perfectly wonderful. She wore a moss-coloured velvet jerkin with cinnamon sleeves, slim brown crossgartered hose, a dainty little green cap with a hawk's feather caught in a jewel, and a hooded cloak lined with dull red. She had never seemed to be more exquisite» – «Когда она появилась в костюме юноши, она была совершенно очаровательна. На ней была бархатная куртка мхового цвета с тонкими вязаными рукавами цвета корицы, изящная зеленая шапочка с перьями ястреба, застрявшими в драгоценном камне, и плащ с капюшоном на подкладке красного цвета. Она никогда не казалась более изысканной» – перевод автора статьи, далее Т. Т.). В приведенном отрывке отчетливо видны черты дендизма, уравнивание понятий «быть» и «казаться».

Очень часты упоминания роскошных вещей в повседневной жизни персонажей – это также дань изящному стилю, дендизму и эстетизму.

«She had all the delicate grace of that Tanagra figurine that you have in your studio», – автор использует сравнение, приравнивая Сибилу Вэйн к изысканной статуэтке, употребляет эпитет «delicate» (в выражении «изящная грация» – Т. Т.) для того, чтобы дать читателю представление о том впечатлении, которое произвела на Дориана девушка.

Вместо того, чтобы просто написать «...the (...) ticking of the clock...» («тикание часов»), автор непременно вставляет «...the (...) ticking of the Louis Quatorze clock...» («тикание часов от Луи Куаторз»), вместо «...placed the book on the little table...» («...положил книгу на столик») он пишет «...placed the book on the little Florentine table» («...положил книгу на маленький флорентийский стол»). Автор вставляет неважные для фабулы романа, но совершенно необходимые для его стиля детали, без которых бы он утратил свое изящество и утонченность. Именно при помощи этих деталей автор ни на секунду не дает забыть, что все вокруг его персонажей изысканно и красиво.

Все это имеет вполне определенную цель: описать утонченность обстановки, в которую помещен его герой, и его дендистские вкусы.

К тому же предметный мир становится одним из способов передачи эстетической оценки действительности повествователем. Эпитет «exquisite» («изысканный») встречается в романе десятки раз и является одним из самых частотных. Во всех описаниях, строго говоря, нет ничего невероятного, но экзотичность описываемых предметов и явлений очевидна и более того – поразительна, как поразительны вариативность этой экзотики и то место, которое она занимает в тексте книги. Как уже упоминалось, слово «beauty» («красота») и производное от него «beautiful» («прекрасный») встречаются в тексте 98 раз, слова синонимического ряда «delightful», «marvellous», «fascinating», «wonderful», «charming», «subtle», «refined», «picturesque» с общим семантическим смыслом «прекрасный, великолепный» – в общей сложности 258 раз; также в романе находим 39 наименований драгоценных камней, 23 наименования музыкальных инструментов, включая весьма редкие.

Изображение изысканных цветов, их разнообразных ароматов, драгоценных камней, редких музыкальных инструментов является отличительной особенностью творчества Уайльда, выразившего таким образом свою тягу к прекрасному.

Экзотика невымышленного напоминает о себе и в изображении интерьера, будь то гостиная, библиотека или оранжерея.

Например, в описании библиотеки лорда Генри фигурируют красочные выражения: «panelled wainscotting of olive-stained oak», «a charming room», «a luxurious armchair», «cream-coloured frieze», «silk long-fringed Persian rugs», «a statuette by Clodion», «a copy of «Les Cent Nouvelles», bound for Margaret of Valois by Clovis Eve», «large blue china jars», что в переводе на русский соответственно означают: «обшивка панелями из оливкового дуба», «очаровательная комната», «роскошное кресло», «фриз кремового цвета», «шелковые коврики с бахромой», «статуэтка от Клодиона», «копия «Les Cent Nouvelles», автором которой является Маргарита Валуа от Кловис Ив», «большие синие китайские вазы», тем самым, все описываемые автором романа предметы являют собой атрибуты роскоши и изящества.

Особенно богата экзотическими описаниями одиннадцатая глава романа, где повествуется о довольно длительном периоде

жизни героя. Уже в первом абзаце главы наблюдаются странности натуры героя романа:

«He procured from Paris no less than nine large-paper copies of the first edition, and had them bound in different colours, so that they might suit his various moods and the changing fancies of the nature over which he seemed, at times, to have almost entirely lost control» – «Он выписал из Парижа не менее девяти больших бумажных копий первого издания и переплел их в разные цвета, чтобы они могли соответствовать его различным настроениям и изменяющимся фантазиям, над которыми он, временами казалось, почти полностью потерял контроль» (перевод Т. Т.).

Далее в романе говорится о том, как Дориан изучал действие различных запахов и секреты изготовления самых изысканных ароматов. В тот же ряд попадают изоощренные музыкальные увлечения героя и его коллекция уникальных музыкальных инструментов, страсть к редкостным драгоценным камням и интереснейшим легендам о них.

Что касается повествовательной манеры Уайльда-романиста, то она весьма традиционна и распространена в литературе XIX века: автор ведет свой рассказ от третьего лица и, если не принимать во внимание короткое предисловие, в романе он объективирован: «To reveal art and conceal the artist is art's aim» («раскрыть искусство и скрыть художника есть цель искусства») – этот тезис, заявленный в предисловии, получает в самом романе воплощение. Однако здесь Уайльд отнюдь не оригинален, в этом требовании он близок к своим антиподам в эстетике – натуралистам. Словом, ни пространственно-временная организация, ни метод повествования сами по себе еще не передают своеобразие уайльдовского эстетизма.

Уайльд умело использует различные стилистические приемы, которые придают его стилю изящество, а повествованию образность и метафоричность.

Например, очень часто автор использует прием сравнения с целью более точно охарактеризовать предмет или явление: «The dim roar of London was like the bourdon note of a distant organ». «Talking to him was like playing upon an exquisite violin». «Then it became louder, and sounded like a flute or a distant hautbois». «She makes them as responsive as a violin». В приведенных выражениях Уайльд прибегает к сравнению с музыкальными инструментами, так, например, шум Лондона он сравнивает с низкими звуками органа, характер беседы

с определенным героем – с игрой на изысканной скрипке, различные шумы на улице уподобляются звукам флейты и гобоя и т.д., и т.п.

Далее в романе даются примеры сравнения с цветами и сравнение самих цветов, что особенно характерно для Оскара Уайльда: «The tulip-beds across the road flamed like throbbing rings of fire» («Тюльпаны через дорогу пылали, словно пульсирующие язычки огня» – Т. Т.), «His nature had developed like a flower, had borne blossoms of scarlet flame» («Его характер развивался, как цветок, порожденный алым пламенем» – Т. Т.), «Her hair clustered round her face like dark lives round a pale rose» («Волосы обрамляли ее лицо, как темная вуаль вокруг бледной розы» – Т. Т.), «The huge sunlight flamed like a monstrous dahlia with petals of yellow fire» («Огромное солнце пылало, как чудовищный георгин с огненными лепестками» – Т.Т.), «A faint blush, like the shadow of a rose in a mirror silver, came to her cheeks» («Слабый румянец, словно отражение розы в зеркальном серебре, окрасил ей щеки» – Т.Т.), «Her body swayed, while she danced, as a plant sways in the water» («Ее тело в танце покачивалось, как растение качается в воде» – Т.Т.), «The curves of her throat were the curves of a white lily» («Изгиб ее шеи был похож на гибкую ветвь лилии» – Т.Т.), «She trembled all over, and shook like a white narcissus» («Она вся дрожала, как нежный нарцисс» – Т.Т.), «She flung herself at his feet, and lay there like a trampled flower» («Она бросилась к нему и упала у его ног, как растоптанный цветок» – Т.Т.).

Произведение пронизано метафорами с использованием драгоценных металлов, камней, цветов, птиц и зверей. Пример некоторых из них: «Don't squander the gold of your days...» – («золото ваших дней» – Т.Т.) – ассоциируется с богатством, что приравнивает оставшиеся дни молодости к богатству. «...as though it were sweeter than honey to the red petals of her mouth...» – слово «sweeter» употреблено метафорично в значении «приятнее», метафора «the red petals of her mouth» («красные лепестки» – Т.Т.) описывает красоту алых губ, она придает выражению экспрессивность и красочность, создает яркий образ. Следующему описанию метафора также придает объемность и выразительность: «...lights were still burning from three flickering jets: thin blue petals of flame they seemed, rimmed with white fire» – здесь «petals» употреблены в метафорическом значении «язычки пламени», применение оксюморона «rimmed with white fire» («язычки пламени, обрамленные белым сиянием» – Т.Т.) позволяет писателю дать более точное описание.

В следующих предложениях автор также употребляет слова в их метафоричном значении. «My heart shall never be put under thier microscope» – эта метафора основана на ассоциации микроскопа (microscope) с пристальным и тщательным изучением и сердца (heart) с тайными чувствами и мыслями человека. Другими словами, Бэзил Холлуорд хотел сказать, что его чувства не должны стать предметом для всеобщего рассмотрения и изучения. Модальный глагол «shall» («должен» – Т.Т.) наделяет высказывание категоричностью. Пример развернутой метафоры в диалоге из третьей главы:

«I'll back English women against the world, Harry», – said Lord Fermor, striking the table with his fist.

«The betting is on the Americans».

«They don't last, I am told», – muttered his uncle.

«A long engagement exhausts them, but they are capital at a steeplechase. They take things flying. I don't think Dartmoor has a chance».

«They don't last» – («они не выносливы» – Т.Т.) – в этом предложении и в следующем: «A long engagement exhausts them, but they are capital at a steeplechase» («на длинных дистанциях они скоро выдыхаются, но на коротких, с препятствиями, им нет равных» – Т.Т.) – выражения взяты из спортивного словаря, на первый взгляд кажется, что речь идет о скачках. Также создается представление, что разговор ведется в довольно-таки непринужденной манере. Рассуждение о женщинах, как о скаковых лошадях, основано на ассоциации брака с забегом, как не всякая лошадь может участвовать в скачках, так не всякая женщина выдержит брак. Диалог производит общее цинично-ироничное впечатление, он остроумен и образен.

Общеизвестное суждение писателя о том, что свой гений он вложил в искусство разговора, а в произведения – только свой талант, нередко вспоминается и при чтении романа. Наряду с чисто повествовательными фрагментами (такова, к примеру, вся одиннадцатая глава), заметное место в тексте занимает и диалог.

Для специалиста по лингвистике диалог в романе Уайльда, вероятно, может представить специальный интерес в нескольких аспектах, в том числе и типологическом: на материале «Портрета Дориана Грея» можно попытаться классифицировать разновидности диалога, включенного в художественно-прозаический текст. В романе есть диалоги, состоящие из пространных тирад его участников, как, например, диалог лорда Генри, Дориана Грея и

Бэзила Холлуорда из шестой главы, где лорд Генри формулирует теорию гедонизма, приверженцем которой был Уайльд.

«Pleasure is the only thing worth having a theory about,» he answered, in his slow, melodious voice. «But I am afraid I cannot claim my theory as my own. It belongs to Nature, not to me. Pleasure is Nature's test, her sign of approval. When we are happy we are always good, but when we are good we are not always happy». Уайльд использует прием олицетворения, говоря о природе («Nature»), как о живом существе, которое может чем-то владеть, испытывать человека и одобрять или не одобрять его.

«Ah! But what do you mean by good?» – cried Basil Hallward.

«Yes», – echoed Dorian (...), «what do you mean by good, Harry?»

«To be good is to be in harmony with oneself», – he replied (...).

«Discord is to be forced to be in harmony with others. One's own life – that is the important thing. As for the lives of one's neighbours, if one wishes to be a prig or a Puritan, one can flaunt one's moral views about them, but they are not one's concern. Besides, Individualism has really the higher aim. Modern morality consists in accepting the standard of one's age. I consider that for any man of culture to accept the standard of his age is a form of the grossest immorality». Здесь автор тоже использует прием олицетворения – индивидуализм («Individualism») употребляется в роли живого существа, преследующего какую-либо цель.

Часто в произведении встречается прием аллюзии – особой разновидности метафоры. Аллюзия – краткая ссылка на какой-либо литературный, исторический или мифологический широко известный факт. Автору нет надобности объяснять, что он имеет в виду, подразумевается, что читатель достаточно образован, чтобы понять аналогию между обсуждаемой в произведении темой и упомянутым фактом.

Вот примеры некоторых аллюзий из произведения. «Ah! Here is the Dushess, looking like Artemis in a tailor-made gown». Известно, что Артемида («Artemis») в греческой мифологии богиня – покровительница животных и охоты. При данной аллюзии можно предположить, что герцогиня была одета для охоты и выглядела величественно, как гордая богиня. «I must keep an opportunity for retreat». – «In the Parthian manner?» Парфянская стрела («Parthian manner») – замечание, фраза и т.п., применяемая к моменту ухода. Лорд Генри сравнивает намерения герцогини с тактикой парфян. «Greek meets Greek» («Грек встречает грека» – Т.Т.) – аллюзия,

означающая битву равных по силе противников, сказана лордом Генри в отношении словесной перепалки герцогини с ее мужем.

Оскар Уайльд возглавил в Англии эстетизм как литературное течение.

На наш взгляд, писатель является истинным эстетом, его привлекает красота и многообразие красок, оттенков окружающего мира. От обыденной жизни, где царит несправедливость, писатель отстранялся, уходил в обитель красоты, абсолютизированной им. Уайльд обнаружил в своем творчестве нежелание следовать реализму. Он утверждает, что действительность подражает искусству. Тем самым он ставит искусство выше жизни, предпочитая жизни красоту произведений искусства.

ЛИТЕРАТУРА

1 Гвишиани Н.Б. Современный английский язык. Лексикология / Гвишиани Н.Б. – М.: Академия, 2007. – 224 с.

2 Новейший англо-русский, русско-английский словарь / сост. С.Н. Крысенко. – М.: ИКТЦ «Лада», 2007. – 960 с.

3 Новый англо-русский словарь / В.К. Мюллер, В.Л. Дашевская, В.А. Каплан и др. – М.: Русский язык, 2001. – 880 с.

4 Longman dictionary of contemporary English / Della Summers. – England: Pearson Education Limited, 2003. – 1950 p.

5 Роман О. Уайльда «Портрет Дориана Грея» – оригинальный текст:

6 http://fictionbook.ws/prose_/prose_classic/oskar-uayld-the-picture-of-dorian-gray.html.

1.9 Қазіргі білім үрдісі және кәсіби-бағытталған басқа тілдік білімнің дамуы

1.9 Современный образовательный процесс и развитие профессионально-ориентированного иноязычного образования

ИНФОРМАТИКА ПӘНІН ОҚЫТУДА АҚПАРАТТЫҚ-КОММУНИКАЦИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ПАЙДАЛАНУ

АЗАМЕТОВА Н. Х.

мұғалім, Хамза атындағы № 108 ЖОББМ, Шымкент қ.

«XXI ғасыр – бұл ақпараттық қоғам дәуірі, технологиялық мәдениет дәуірі, айналадағы дүниеге, адамның денсаулығына, кәсіби мәдениеттілігіне мұқият қарайтын дәуір.»

Н. Назарбаев

Ақпараттық қоғамның негізгі талабы – оқушыларға ақпараттық білім негіздерін беру, логикалық – құрылымдық ойлау қабілеттерін дамыту, ақпараттық технологияны өзіндік даму мен оны іске асыру құралы ретінде пайдалану дағдыларын қалыптастырып, ақпараттық қоғамға бейімдеу. Білім беру жүйесін ақпараттандыру дегеніміз – берілетін білім сапасын көтеруді жүзеге асыруға бағытталған үрдіс, яғни еліміздің ұлттық білім жүйесінің барлық түрлерінде кәдімгі технологияларды тиімді және компьютерлік ақпараттандыру технологияларына алмастыру, оларды сүйемелдеу және дамыту, нақты жүзеге асыру шаралары.

Біздің қоғамымыз дамудың жаңа кезеңі – ақпараттық кезеңге толықтай көшіп келеді, бұл кезең, компьютерлік техника мен оған байланысты барлық ақпараттық коммуникациялық технологиялар мұғалім қызметінің барлық саласына кірігіп, оның табиғи ортасына айналып отыр. Қазіргі кезде білім кеңістігін заманға сай ақпараттық технологияларсыз елестету мүмкін емес.

Білімді ақпараттандыру күрделі де көп қырлы үдеріс болып табылады, оның сәтті жүзеге асуы білім мекемелерін компьютерлендіруге ғана емес, білім беруді ақпараттандыруды қамтамасыз ету әдістемесіне, ғылым мен тәжірибенің өзара байланысына да тәуелді. Бұл ғалымдар мен педагогтардың, психологтар мен әдіскерлердің, бағдарламашылар мен ақпараттық

- коммуникативтік технологиялар саласы мамандарының күш - жігерін жан - жақты жұмылдыру уақытының келгенін көрсетеді.

Елбасымыз Н. Ә. Назарбаев Қазақстан халқына Жолдауында «Біз бүкіл елімізде әлемдік стандарттар деңгейінде сапалы білім беру қызметіне қол жеткізуге тиіспіз. Қазіргі таңда ақпараттық-коммуникациялық технологиялар біздің елімізде де жоғары қарқынмен дамып келеді. Білім беруде жаңа технологиялық әдістермен қатар жаңа ақпараттық технологияларды да қолданудың мүмкіндігі жасалып отыр» деген болатын. Жас буынды жаңашылдыққа жетелеу деген сөз. Жаңашылдық – білім жүйесіне инновациялық технологияларды енгізе отырып, оқушыны заман талабына сай етіп дайындап шығару [1, 69 б.].

Оқушының өз бетінше білім алуына, ізденуіне көп мән берілуі тиіс. Олардың кәсіптік білім алуымен қатар іздемпаз, тапқыр, ой- өрісі жоғары, өз пікірін ашық білдіретін, жаңашыл ұрпақ етіп тәрбиелеу керек. Бүгінгі заман талабы- қоғамның дамуымен бірге болашақ жастарды жаңашылдыққа, іздемпаздыққа, еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу. Осы аталғандарды іске асыру үшін сабақта ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану маңызды болмақ.

Технологиялық оқыту білім алушыларды белсенді жағдайда қойып, оның субъектілігін қалыптастырады және шығармашылықты тудырады. Әсіресе, ақпараттық дәуірде технологияның қолданылуы ерекше. Білім сапасын жоғарылату, оны жеткілікті түрде арттыруда жаңа ақпараттық технологияларды қолданусыз, заманауи телекоммуникациялық құралдарды пайдаланусыз мүмкін емес. Озық әдістемелік технологиялармен қаруланған, заман талабына сай оқытудың жаңа әдістерін, яғни ақпараттық-коммуникациялық технологияларды толық меңгерген педагог қана білім алушының сапалы білім алуына мүмкіндік жасайды.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияға тоқталатын болсақ, коммуникация – ақпаратты тасымалдап жеткізу әдістері мен механизмдерін және оларды жинақтап жеткізу құрылғыларын қамтитын жалпы ұғым, ал оқытудың ақпараттық технологиясы-қазіргі компьютерлік техника негізінде ақпаратты жинау, сақтау, өңдеу және тасымалдау істерін қамтамасыз ету, білімді бүгінгі заман талабына сай жаңаша, ұтымды және тиімді түрде оқырманның санасына жеткізе білу, педагогикалық іс- әрекетке өзгеріс енгізу, білімді қабылдау, білім сапасын бағалау, оқу- тәрбие

үрдісінде оқушының жеке тұлға ретінде жан- жақты қалыптасуы үшін жаңашылдық енгізу деп түсінуге болады.

АКТ арқылы жалпы оқыту үрдісінің функциялары: оқыту, тәрбиелеу, дамыту, ақпараттық болжамдау және шығармашылық қабілеттерін дамытумен анықталады. Ақпараттық- коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы оқытушы оқушының интеллектуалдық, рухани азаматтық және басқада адами қасиетін қалыптастыруына игі әсерін тигізеді [2, 27 б.].

Ақпараттық технология еңбексүйгіштікке үйретеді. Сондықтан, бүгінгі компьютерлендірілген заманда ақпараттық - коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы ғылымның кез - келген саласын қарқынды дамытып, одан тиімді нәтиже алуымызға болады. Бүгінгі заман талабына сай жаңа технологиялармен сабақ жүргізуде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану өте тиімді. Сабақтарымызда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайданудың негізгі мақсаты:

Ақпараттық технологияларды қолдана отырып оқу- тәрбие процесінің барлық деңгейін жетілдіру, оқу-тәрбие жұмысына жаңашылдық енгізу: сабақты қызықты етіп өтікізу арқылы оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарын арттыру;

- білім сапасының көтерілуіне жағдай жасау;
- оқыту процесінің сапасын арттыру;
- пәнаралық байланысты тереңдету;
- қажетті ақпаратты іздеуді оңайлату және көлемін ұлғайту.

Оқушыны заман талабына сай жан- жақты дамыту, ақпараттық қоғамда өмір сүруге икемдеу, даярлау:

- коммуникативтік қабілеттерін дамыту;
- өздігінен ізденуге, шешім қабылдай білуге бағыттау;
- компьютерлік графика, мультимедиа технологиясын пайдалану, киноларды, видеороликтерді көрсету, сабаққа байланысты музыкаларды тыңдату арқылы эстетикалық тәрбие беру;
- пәнаралық байланыс орнату;
- ақпараттық мәдениетін қалыптастыру, ақпаратты өңдей білуге үйрету.

Ақпараттық-коммуникациялық технологиямен жұмыс істеу – компьютерді пайдалануға, модельдеуге, электрондық оқулықтарды, интерактивті тақтаны қолдануға, интернетте жұмыс істеуге, компьютерлік оқыту бағдарламаларына негізделеді.

«Ақпараттық-коммуникациялық технологияны оқу-тәрбие үрдісіне енгізудің оқытушы үшін тиімділігі неде?» деген сұраққа тоқталатын болсақ:

- жалпы компьютерлік желілерді пайдалана отырып сабақты тартымды түрде қызықты етіп өткізуге мүмкіндік туады;
- Оқушы өз бетімен жұмыс жасайды;
- аз уақытта көп білім береді, уақытты үнемдейді;
- білім – білік дағдыларын тест тапсырмалары арқылы тексереді;
- шығармашылық жұмыстар жасайды;
- қашықтықтан білім беру мүмкіндігі туады;
- қажетті ақпаратты жедел түрде беру мүмкіндігі жасалады;
- интернетте жұмыс жасау арқылы оқытушы өз білімін жан-жақты жетілдіреді;
- оқыту үрдісінде студенттердің танымдық іс-әрекетін тиімді ұйымдастырады;
- Оқушылардың танымдық қабілеттерін қалыптастырады;
- Оқушыны шығармашылық жұмысқа баулиды, өз бетінше жұмыс жасауға үйретеді;
- оқулықтантардан тыс, қосымша мәліметтер береді т.б.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану – педагогикалық іс-әрекеттердің мазмұны мен формасын толықтыру негізінде оқыту үрдісін жетілдірудің бірден бір жолы. Сондықтан компьютерлік желілерді, интернет жүйесін, электрондық оқулықтарды, мультимедиалық технологияларды, қашықтан оқыту технологиясын пайдалану оқу орындарында ақпаратты-коммуникациялық технологиялар кеңістігін құруға жағдай жасайды.

Өз сабағымда күнделікті жаңа тақырыптарды АКТ- ның желілік түрін пайдалана отырып түсіндіремін. Мысалы, электрондық оқулық, интерактивті тақта, интернет желісін күнделікті сабақта қолданамын.

АКТ-ны қолдану нәтижесінде оқушылардың өз бетімен ізденісі, қызығушылығы, белсенділігі, сенімділігі артады. Оқытуда білім технологияларын интеграциялау менің іс-тәжірибемнің дамуына үлкен үлес қосады деп ойлаймын. АКТ-мен жұмыс жасауда кездескен кедергілер мектептің техникалық базасы болды. Балаларға АКТ-ны пайдалануда қажетті жерде ғана, орнымен пайдалана білу, қауіпсіздік ережесін есте сақтау керектігін айтып отыру қажет. Интернетте отырған кезде де өзі туралы,

мекен - жайы, телефоны т.б. туралы мәліметтерді құпия ұстауды, яғни жеке ақпараттарды сақтауды үйрету қажет. Дарынды және талантты оқушылардың да білімін шыңдауда осы АКТ-ның қосар үлесі мол. Оқушылардың көшбасшы болуына да АКТ мүмкіндік береді. Өйткені оқушы үйінде басқа программаларды өздігінен меңгереді де оны сыныптастарына көрсетіп, қандай мүмкіндіктері бар екенін түсіндіре отырып, оларды үйретеді. Яғни АКТ-ны пайдалануда барлық әдістермен кіріктіруге болатынын байқадым. Адамзат ХХІ - ғасыр есігін - әлемдік жаһандану дәуірінде, ақпараттық – коммуникативтік технологиялардың өте жоғарғы деңгейде қарқын алып дамудың жағдайында – ашты [3, 143 б.].

Жоғарыда аталғандарды қорытындылай келе, мынадай тұжырымдама жасауға болады:

- Білім беру мекемелерінде қазіргі заманға сай жаңа ақпараттық құрал-жабдықтармен, интерактивті тақталар және мультимедиялық кабинеттерді пайдалана отырып, кез-келген пән бойынша электрондық оқулықтармен жұмыс жүргізу;

- АКТ-ны пайдалана отырып, оқушыларды өз бетінше ізденуге машықтандыру;

- Сабақты қазіргі заман талабына сай өткізу;

- Әр оқушының ақпараттық техника құралдарымен жұмыс жасауларына мүмкіндік тудыру.

Олай болса, қоғамның әрбір мүшесі ақпаратты сауатты, ақпараттық мәдениеті мен ақпараттық құзыреттілігі дамыған тұлға болуы қажет.

ӘДЕБИЕТТЕР

1 Ж.Досмұхамедов атындағы педагогикалық колледждің оқу үрдісіне ақпараттық-коммуникациялық технологияны енгізу / Құрманалина Ш.Х. // Орал.- 2003. – 69 б.

2 Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану арқылы білім беру деңгейін көтеру // Информатика негіздері №3. -2006. – 27 б

3 «Информатика негіздері» журналы №1, 2010.-24 б.

Мұхамбетжанова С.Т., Мелдебекова М.Т. Педагогтардың ақпараттық – коммуникациялық технологияларды қолдану бойынша құзырлықтарын қалыптастыру әдістемесі. Алматы: ЖШС «Дайыр Баспа», 2010.-143 б.

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫНДА САБАҚ БЕРУ ҮДЕРІСІНДЕГІ КЕРІ БАЙЛАНЫСТЫҢ ТҮРЛЕРІН ТИІМДІ ПАЙДАЛАНУ

ИСКАКОВА Ү. С., БЕЙСЕНОВА К. Р.
мұғалімдер, № 10 ЖОББМ, Екібастұз қ.

Болашақтың бүгіннен де нұрлы болуына ықпал етіп, адамзат қоғамын алға апаратын құдіретті күш тек білімде ғана. Қай ел болсын, өсіп-өркендеуі, әлемде өзіндік орнын алуы сол мемлекеттің біліміне, білім сапасына байланысты екенін ел Президенті Н. Ә. Назарбаев жыл сайынғы халыққа Жолдауында ерекше айтуы да сондықтан. Қазақстан Республикасының білім берудегі басты мақсаты-жан-жақты дамыған, білімді, өмір сүруге бейім, өзіндік ой-толғамы бар, адамгершілігі жоғары, бәсекеге қабілетті жеке тұлға тәрбиелеу. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін оқушыға білім мазмұнын терең игертудің тиімді жолдарын іздестіріп, шығармашылыққа жетелейтін қазіргі заман талабына сай ғылыми-әдістемелік біліммен қаруланған, білікті маман, шебер мұғалім дайындау қажет. Ал жаңа формация мұғалімі-оқыту технологиясының жүйесімен оқушыларды өмірге дағдыландыру құзырлығын айқындау бағытындағы әдіс-тәсілдерді жетік меңгерген тұлға. Білім мазмұнын жаңарту тікелей шығармашылық ізденістегі мұғалімнің кәсіби шеберлігіне байланысты.

Қазіргі таңда пәнді жақсы, терең білетін, күнделікті сабақтағы тақырыпты толық қамтитын, оны оқушыға жеткізе алатын, әр түрлі деңгейдегі тапсырмаларды білу іскерлігі, оқытудың дәстүрлі және ғылыми жетілдірілген әдіс-амалдарын, құралдарын еркін меңгеретін, оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыра отырып дарындылығын дамытудағы іздену-зерттеу бағытындағы тапсырмалар жүйесін ұсыну өмір талабы.

Білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты-білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериалды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әртүрлі құралдарын қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Оқу бағдарламаларындағы оқу мақсаттары оқушылардан шынайы проблемаларды анықтап зерттей білуді талап етеді. Негізінен жаңартылған білім жүйесі құзыреттілікке және сапаға бағытталған бағдарлама.

Ең біріншіден, тиімді жүргізілген кері байланыстың оқушылардың танымына әсерін айқын көруге болады. Яғни, оқушының сабақта жетістікке жетуі, өз-өзін реттеп, метатанымына әсер етуі. Кері байланыс арқылы оқушы өзінің қай деңгейде екенін біліп қана қоймай, қалай дамуға болатынын көре алады.

Кері байланысқа тек бір жақты қарауға болмайды. Тәжірибе көрсеткендей, оқушының өзіне, жолдастарына, мұғалімнің оқушыға берген кері байланысының маңыздылығы қандай болса, әр сабақтан соң мұғалімнің өзіне жасайтын кері байланысы да соншалықты маңызды. Ол мұғалімнің өз жұмысын дамытуы үшін де қажет. Жалпы, сабақта жүргізілетін кері байланыс қаншалықты маңызды болса, оны жүзеге асырудың ережелері мен әдістерін түрлендіріп отыру да соншалықты маңызды. Осы негізде кері байланыс оқушы эмоциясына ғана негізделіп қоймай, танымға бағытталуы керек. Оқушының сабақтан алған біліміне үңіліп, бағыт беру кері байланыстың түрлерін шығармашылықпен қолдана білуге үйретеді. Сонымен қатар оқушымен жұмыс жасауда кері байланыстың мақсатын нақты айқындап, түрлендіріп отыру нәтижеге жету жолы. Мысалы, оқушыларды мадақтау тәсілдері арқылы ойын жинақтауға үйрету, сөйлеу дағдыларын дамытуға, қарым-қатынасқа тарту, мінез-құлық ерекшеліктерімен жұмыс жасау, сенімділікті нығайту, зерттеуге бағыт беру, өзіндік жұмысты дамыту. Яғни, мұғалім оқушымен жұмыс жасау барысында ең басты кезекте кері байланысты оқушылардан ғана талап етпей, оқушыға өзі де үлгі бола білуі керек. Себебі, әр оқушының өзіндік ішкі әлемі бар. Сол ішкі әлемді тану үшін, оқушының ашылуы үшін оқушының кез келген жұмысына эмоциялық, танымдық кері байланыс ауызша, жазбаша түрде берілуі маңызды болмақ. Яғни, оқушының өз әрекетін түсінуге, жауапкершілігін арттыруға, мақсатты жұмыс жасауына, бағыт-бағдар алуға мүмкіндік беріледі.

Жалпы, кері байланыс – мұғалімнің әр оқушыны өз ортасында өмірге дайындауы, айналасында болып жатқан құбылыстарды түсінуге жетелеуі, өзіндік көзқарасын қалыптастыруы, сабақта алған білімін қоғамда пайдалана білуге, шешім қабылдауға үйретуі десек, бұл әр мұғалімнен ізденіс пен табандылықты, өзіне деген шынайылықты талап ететін қашанда түрлену, даму үстінде болатын үдеріс.

Кері байланыс оқушының оқыту үрдісі қалай өткені және қандай нәтижеге қол жеткізгендігі туралы ой-пікірін тыңдауға негізделеді. Кері байланыс сабақтың соңында ғана емес, сабақ барысында оқушылардың өз бетімен орындайтын тапсырмаларының

соңында жүргізіліп отыруы керек. Рефлексия мақсаты-еске түсіру, өзінің сабақ бойындағы іс-әрекетіне баға беру, талдау және мәселелердің шешу жолдарын іздестіру. Мұғалім оқушының кез келген кері байланыс парағын оқи отырып, жұмысының сәтсіз шыққан тұсын және сәтті шыққан қадамын, ендігі іс-әрекетін қалай жақсартуға болатынын алдын-ала біледі [1, 37 б.]. Сонымен қатар кері байланыс парағы арқылы оқушының үніне құлақ түріп, оқу мен оқытудағы кездесетін кедергілерді айқындап, келесі оқытуға бұдан да жақсырақ дайындалуына түрткі болады.

Рефлексия сөзі латын тілінен аударғанда reflexio – кейінге айналым мағынасын білдіреді. Бұл терминді Джон Локи 17 ғасырда енгізген. «Рефлексия- адамның өз істерінің мәнін түсініп, оны ойлану барысында өзіне- өзінің нені, қалай жасағаны туралы толық және анық есеп беруі.

Күнде кешкілік бүгінгі ісімізді, айтқан сөзімізді ойша шолып, есеп беріп, ертеңімізге жоспар құрып аламыз. Демек, «рефлексия» деп ат қойып, айдар тақпағанымыз болмаса, бұл әрекет қанымызда бар нәрсе. Бірақ соны қағазға түсіру немесе жүйелі күнделікті түрлендіріп, осы атпен сабақта қолдану болмағаны ақиқат. Осы бағдарлама бойынша білімді дайын күйінде беруден гөрі оқушыны өзі қорытынды жасауға ықпал ету және кері байланыс есебінде түрлі әдістермен рефлексия жасату тиімді екеніне көзіміз жетті. Кері байланыс жүргізу бір күннің іс-әрекеті емес, оған көп уақыт, ізденіс қажет. Мұғалім рефлексия арқылы алынған нәтиженің «дұрыс» не «бұрыс» болғанын дәлелдеп, қолданылған әдіс-тәсілдерінің тиімді не тиімсіз болғанын анықтап, орындалған іс-әрекетін зерделейді. Ең алдымен, мұғалім кері байланыс жасауға оқушыларын дағдыландырып алу қажет. Сонда ғана бұл оң нәтиже береді. Оқушылардың ой-өрісінің дамуы оқу үрдісі кезінде болады, ол оқушының өз бетімен толықтыруы мен өзін-өзі дамытуды қамтиды. Оқушы білім алудың мақсатын саналы түрде түсінсе ғана белсенді бола алады. Қолайлы оқу үшін адамдарға кері байланыс пен мадақтау қажет, сондықтан кері байланыс жүргізілуі тиіс. Ашық сауалдар, оқыту міндеттерімен алмасу сияқты әдістер оқушылардың өз біліміне белсенді қатысу қабілетіне әсер етеді. Оқушылар жұппен де, өз беттерімен де өз білім деңгейлерін бағалауға және оған жеткенін түсінуге мүмкіндіктер бар [1, 36 б.]

Рефлексияны әр түрлі әдіс-тәсілдермен сабақтың әр кезеңінде: тақырыптың соңында, сабақ бөлімдерінен кейін және тарау соңында жүзеге асыруға болады. Кері байланысты түрліше өткізуге

болады: топтық рефлексия түрінде, әңгімелесу түрінде т.б. Кері байланысты ауызша және жазбаша да жүргізуге болады.

Сабақтағы кері байланыстың үш түрі бар.

1 Көңіл-күймен эмоциялық жағдайды анықтауға арналған кері байланыс. Көңіл-күйді білдіретін әр түрлі суреттер, смайликтер және бояу түстерімен анықтау. Мысалы: «Ауа райы», «Бағдаршам», «Алма ағашы». Мысалы «Алма ағашы» әдісінде оқушыларға сабақ басында түрлі-түсті алма беріледі. Сабақ соңында оны алма ағашына ілу керек. Жасыл түсті алма – мен бүгін бәрін жақсы орындадым, сондықтан көңіл-күйім көтеріңкі, қызыл түсті алма – мен тапсырманы орындай алмадым, көңіл-күйім жоқ дегенді білдіреді. «Бір сөзбен» әдісі барысында оқушылар берілген сөздердің ішінен бүгінгі сабақтағы жағдайын сипаттайтын үш сөзді таңдайды. (куаныш, немқұрайлылық, шабыт, зерігу, сенімсіздік, сенімділік, рахаттану, аландау)

Ы. Алтынсариннің «Бақша ағаштары» әңгімесін оқытуда «Түзу. Қисық» рефлексиясын жүргіздік. Оқушылар жақсы тәрбие алса, жақсы адам болып өсетінін, қисық жолмен адам кетсе оны түзеу өте қиын сезінгенін және сыныптағы оқушылардың эмоциясына әсер еткенін айтты, ал қолмен тапсырмаларды орындағандарын жеткізді.

2 Сабақтағы іс-әрекетке байланысты кері байланыс. Мысалы: «Табыс сатысы» әдісінде кәдімгі сатының суреті беріледі. 1-ші баспалдағы Мен..... БЛЕМІН, 2-ші баспалдағы Мен ТҮСІНЕМІН, 3-ші баспалдағы Мен ЖАСАЙ АЛАМЫН.

«Салалас құрмалас сөйлем туралы түсінік» тақырыбындағы сабақта оқушыларға алған білімін жинақтау мақсатында «Бір сөйлеммен тұжырымдаңыз» әдісін қолдандым. Мұнда оқушылар жаңа тақырыпты қалай түсінгенін бір сөйлеммен (Мен бүгін салалас құрмалас сөйлемдердің жасалу жолдарын мысалдар арқылы нақты түсіндім) тұжырымдады.

«Таңдау» әдісінде бес пікір жазылған парақ беріледі.

1 Мен сабақ қызықты, қызықсыз болды деп ойлаймын.

2 Мен сабақта: көп нәрсені, үйрендім, үйренгенім аз болды.

3 Мен басқаларды мұқият зейінсіз тындадым.

4 Мен пікірсайыстарға жиі сирек қатыстым.

5 Мен сабақтағы өз жетістіктеріме ризамын риза емеспін.

Оқушылар өздерінің сабаққа қатысу деңгейі мен ынтасын білдіретін сөздердің астын сызады.

3 Оқу материалының мазмұнына берілетін кері байланыс. Бұрын мен білмеуші едім. Енді мен білемін деген сияқты ой-пікірлерін білдіру боп табылады. Мысалы: «Плюс, Минус, Қызықты». «Плюс»-он әсер еткен фактілерді, алған білімдері жайлы жазады. «Минус» – қолымнан келмей жатыр немесе түсініксіз болып тұр деген ойларын жазады.

«Қызықты» - деген бағанға өздеріне не қызықты болды соны жазады немесе не жайында көбірек білгісі келетінін жазады.

«Аяқталмаған сөйлемдер» әдісінде:

Мен бүгін білдім....

Мен бүгін сезіндім..

Мен келесі сабақта білгім келеді.....-деген сөйлемдерді аяқтап жазады.

8-сыныпта өткен М. Әуезовтың «Көксерек» әңгімесі бойынша «Маған 3 нәрсені айт» кері байланыс парағы берілді. Оқушылар Сабақта не өттік? Неден табысқа жеттім? Нені терең білгің келеді? деген сауалдарға олар «Көксерек» әңгімесі арқылы қасқырлардың психологиясын түсініп, оларға да қамқорлық керек екенін ұғынғанын және «Құндылық спектрінде» Құрмаштың өліміне кім кінәлі? деп ортаға тасталған сұраққа өздерінің ойларын еркін жеткізге білгендерін, тағы да қасқырлар туралы жазылған аңыз-әңгімелермен танысқысы келетіндіктерін ашып жазды.

«Мадақтау сэндвичі» 1-бөлік- не ұнады? 2-бөлік не нәрсені жақсарту керек?

3-бөлік- маған ұнады, бірақ келесі жолы Мұнда оқушылар сабақ соңындағы іс-әрекетіне баға береді. «Екі жұлдыз, бір ұсыныс» рефлексиясында оқушылар екі ұнаған фактор мен бір ұсынысын білдіреді. Қазақ әдебиеті сабақтарында көбінесе «Екі жұлдыз, бір ұсыныс» рефлексиясын жиі пайдаланамыз.

Жоғарыда келтірілген кері байланыс түрлері жеке оқушының жұмысына бағытталған. Сонымен қатар оқушылардан топтық кері байланысты алуға болады. Бұнда жеке өзінің пікірі емес, жалпы топтың пікірі, топтағы жұмыстардың нәтижесі алынады.

Топтық кері байланыс сұрақтары:

1 Жұмыс барысында топтағы қарым-қатынас тапсырманың орындалуына қалай әсер етті?

- Жұмыстың тиімділігін одан әрі арттыруға көмектесті;

- Жұмыстың жақсы жүруіне кедергі болды;

- Біздің қарым-қатынасымыз тапсырманы нақты орындауға мүмкіндік бермеді;

2 Топтағы қарым-қатынас әсіресе қай дәрежеде көбірек іске асты?

- ақпарат алмасуда;
- өзара қарым- қатынаста;
- Осы дәрежелердің бәрінде іске асты;

3 Жұмыс барысында қарым-қатынас жасаудың қай стилі басым болды?

- Бір адамға бағытталған стиль
- Тапсырманы орындауға бағытталған стиль.

4 Топтағы орындау барысында топта ауызбіршілік сақталды ма?

- Топта ауызбіршілік пен серіктестік қарым-қатынас сақталды;
- Топтағы бірлік, ауызбіршіліктің бұзылғаны байқалды;

Негізінен рефлексия адамның үш қасиетін: өз бетімен білім алуын, шешім қабылдай білуін, бақталастыққа түсе білуін қалыптастырады. Өйткені бұл – ХХІ ғасырдың талабы. Сонымен қатар кері байланыс арқылы оқушылар өз-өзіне есеп беріп, өз-өзін реттеуге дағдыланады. Оқушылар ойлауға, сөйлеуге, өзін-өзі дамытуға еркін қол жеткізе алады. Кері байланыс жасауға сабақтың белгілі бір уақытын бөліп, олардың ой-пікірлерін шыдамдылық танытып тыңдау қажет. Кері байланыс жасау арқылы бұрынғы сабақтарда енжар отыратын оқушының себебін анықтап, олардың белсенділігін арттыруға жол іздеуге болады. Кері байланыс оқушы үшін-өз жетістіктері мен қателіктері туралы ойлану, алға жылжу үшін ұсынба алу; мұғалім үшін өз қызметіне қажетті өзгерістер енгізу мақсатында алынатын ақпарат [2, 22 б.]

Кері байланысты жасағанда мына жайттарды есте ұстаған жөн: кері байланысты жұмысымызды жақсартудың ең тиімді нысаны ретінде сабырлылық таныту, кері байланыстың субъективті болатынын ескеру, кері байланыс жасалған істі бағалау емес, не жасалу керектігін көрсету. Сонымен бірге кері байланыс оқумен оқытудың қалай жүріп жатқандығын, оның сапасын анықтауға мүмкіндік береді.

Тест –ағылшын сөзі, аударғанда «байқау», «бақылау», «зерттеу» деген ұғымды білдіреді. Қазіргі таңда қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде үйрену-үйрету мақсаты көзделіп отырған кезде, оны жеделдетіп сауатты оқытудың әр түрлі жолдары қарастырылуда. Мұндай сұраныс алдымен мектептерге түсетіні айдан анық нәрсе. Жыл сайын тапсырылатын ұлттық бірыңғай тестілеу де қазақ тілін сауатты меңгеру, әсіресе, грамматикалық сауаттылыққа басымдылық беріп отыр. «ОЖСБ-ға сапалы

дайындауға арналған көмекші оқу құрал» жұмыс дәптерін құрастырдық. Бұл жұмыс дәптеріне ф.ғ.к., Резуанова Ф. Қ. пікір жазды. Осы жұмыс дәптер негізінде 9 сынып оқушысы Ушаков Александр электрондық оқу құрал құрастырды. Қазақ тілі пәнінен қалалық жобаның жүздегері, облыстық ғылыми жобаға қатысып, сертификат алды. Бұл құрал оқу орыс тілінде жүретін мектеп оқушыларын қазақ тілінен оқушылардың жетістігін сырттай бағалау (ОЖСБ) дайындауға арналған. Әдістемелік құралда пөнге байланысты грамматикалық материалдар, оның терминдер сөздігі, жалғаулар мен жұрнақтар анықтамалығы, сонымен бірге оқушылардың тілін дамытуға арналған материалдар жауаптарымен кешенді түрде топтастырылған. Бұл құрал оқу орыс тілінде жүретін сыныптардағы қазақ тілі пәні мұғалімдері мен оқушыларына арналған. Жұмыс дәптерінде қазақ тілінің салалары бойынша жаттығу-тапсырмалар, қазақша-орысша грамматикалық терминдер сөздігі, қазақша-орысша тұрақты тіркестер сөздігі енген. Әдістемелік құрал материалдарын құрастырғанда ҚР Білім және ғылым министрлігінің өзге тілді ұлт мектептеріне арналған білім беру стандарттары мен типтік бағдарламалары талаптары басшылыққа алынды. Ұсынылып отырған материалдар негізінен жауап үлгісі ретінде, сондай-ақ компьютерлік көпнұсқалы тест үлгісі ретінде де берілген. Материал жылда оқушылар тапсыратын тест үлгілері негізінде тандалып алынды. Сараптама көрсеткеніндей, 1 тест тапсырмаларының 9, 10 сұрағы – морфология, 5, 6 сұрағы – синтаксис, 4-6 сұрағы – лексикалық тақырыптар, 3, 4 сұрағы – фонетикадан да, мақал-мәтелдер-1, 2 сұрақ, лексикология-2, 3 сұрақтан құралған. Сонымен қатар, мұнда тұрақты сөз тіркестері мен мақал-мәтелдер оқушылардың сынаққа сапалы дайындалуын қамтамасыз ету мақсатында ұсынылды. «ОЖСБ-ға сапалы дайындауға арналған көмекші оқу құрал» жұмыс дәптерін жасағанда 5–11 сыныптар (орыс мектептеріне арналған, «Атамұра», «Мектеп» баспасынан шыққан) оқулықтары материалдары негізге алынды. Мен оқушыларды қазақ тілі пәні бойынша дайындағанда, алдымен фонетика, лексика, морфология, синтаксис бөлімдерінен өткен барлық материалдарды оқыту, талдау, сараптау, жазба жұмыстары, әр түрлі бақылау тәсілдері арқылы бағдарламаны толық меңгертемін. Грамматиканың 4 саласы бойынша лексика, морфология, синтаксис, сөзжасам түрлерімен тереңірек оқушыларға түсіндіру жолдарына көңіл аударамын. Оқушыларға осы көрсетілген грамматиканың әр саласындағы қиыншылық

тудыратын тақырыптарға тоқталдық. Мысалы фонетика саласы бойынша үндестік заңын дұрыс айыра білмеуі, синтаксис бойынша тілдік материалдарда лингвистикалық білімдерін қолдана білмеуі, құрмалас сөйлемнің түрлерін толық жан – жақты меңгерту, морфология бойынша әр сөз таптарға тоқталып, соның ішінде оқушыларымыздың қиындық тудыратын тақырыптары шылау сөздерге, одағай сөздерге, етістік тарауы бойынша мәліметтер берілді. Сөздердің байланысу тәсілдерін оқушыларымызға берілу, түсіндіру керек пе? Ол бағдарламада жоқ. Кейбір тест сұрақтары бағдарламамен сай емес. ОЖСБ-ға дайындық жұмыстары сапалы өтілуі үшін жүйе болу керек. Бұл жұмысты 1 сыныптан бастасақ та, артық болмас. Оқушыларды сабақта жеңіл-желпі тестер орындатып, уақытты дұрыс қолдануын үйретсек.

Әрбір оқушының білім сапасының қаншалықты нәтижелі деңгейде екенін білу үшін, апта сайын мониторинг арқылы сараптаймын, дәптерге әр тесттің қорытындысымен, диаграммасын сызып, жазып отырамын. Оқушылармен жеке, топпен коррекция (түзету) жұмыстары жүргізіледі. Әрбір оқушы коррекция (түзету) жұмысына арналған дәптерлерінде дұрыс жауап бермеген сұрақтардың жауабын өз бетімен іздестіреді, сұрақтарын жазып талдайды. Сыныпта оқушыларды үш топқа бөліп, ортадан спикерлерін таңдап, бес варианттан беріп, қиын сұрақтардың жауабын ортаға салып, талдау жұмыстарын жүргіземіз. Өзі оқи отырып, басқаны да оқытады, өзінің тырысу, іздену қабілеттері дамиды, белсенділігі, өзіне деген сенімділігі артады. Мұнда жекелеп, жұппен, топпен, ұжымдық, оқыту барысында ұстаз бен шәкірт, шәкірт пен шәкірт арасында достық қарым-қатынас туады. Екі жақтың да жауапкершілігі артады да және жан-жақты дайындықты талап етеді. Осының барысында оқушының өзін-өзі сынау, өз жетістігіне қуану, және өзгенің жетістіктерін көруге мүмкіндігі пайда болады.

Кесте 1

Аты-жөні	күні	нәтиже	баға	% білім сапасы	Жіберілген кателер	Коррекция жұмысы	ескерту
----------	------	--------	------	----------------------	-----------------------	---------------------	---------

Хандавлетова Наталья	15.10.2018	19 ұпай	5	100%	шылау сөздер	ережені жазу, жаттау, сөйлем- дердің ішінен тауып, талдау.	тақырыптық тесттер, кестемен жұмыс
-------------------------	------------	---------	---	------	-----------------	---	---

Тест жинақтарында берілген варианттарды жаттаудың ешбір қажеті жоқ. Жаттау арқылы нәтижеге жетем деушілік, уақытты бос өткізгенмен бірдей. Сондықтан пән мұғалімдері тақырып бойынша оқу материалдарын оқып, талдап, түсіну арқылы ғана білім сапасын арттыруға болады. Берілген білімнің қаншалықты меңгергендіктерін тексеру үшін оқушыларға жылдағы тест кітапшаларынан тақырыптық тесттер жасалып, сабақ барысында қолданып, әр тарауды өткеннен кейін міндетті түрде қайталау сабағы және сынақ сабағын өткіземін.

